Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты



«ҚАЗІРГІ ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР»

халықаралық қатысуымен республикалық
ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

I бөлім

23 ақпан 2017 жыл

МАТЕРИАЛЫ

республиканской научно-практической конференции
с международным участием

«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННЫХ ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ»

I часть

23 февраля 2017 года

Арқалық қаласы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

«ҚАЗІРГІ ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР»

халықаралық қатысуымен республикалық
ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

I бөлім

23 ақпан 2017 жыл

МАТЕРИАЛЫ

республиканской научно-практической конференции
с международным участием

«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННЫХ ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ»

I часть

23 февраля 2017 года

Арқалық қаласы

ӘОК 80/81 (063)
ББК 80/81
Қ 22

Бас редакторы / Главный редактор:
Мусабекова Г.А. – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты

Бас редактордың орынбасары / Заместитель главного редактора:
Рахметова Б.А. – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, қазақ, орыс тілдері мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., АрқМПИ профессоры

Редакция алқасы / Редакционная коллегия:
ф.ғ.д., профессор Аймұхамбет Ж.Ә. (Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ), ф.ғ.к., доцент Сарекенова К.К. (Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ), ф.ғ.к., Рахметова Б.А., ф.ғ.к., доцент Искакова Б.Д., п.ғ.к., доцент Колдасбаева З.Ш., ф.ғ.к., доцент Валиханов Ш.А., ф.ғ.к., Калиев А.К., ф.ғ.к., Даулетова А.С., ф.ғ.к., Дуйсебекова А.Е., пед. ғыл. магистрі, аға оқытушы Шакирова К.М., пед. ғыл. магистрі, аға оқытушы Абдуллина А.А., пед. ғыл. магистрі, аға оқытушы Ауезова Ш.С., пед. ғыл. магистрі, Айдарова Г.К., аға оқытушы Таутина Б.А., аға оқытушы Абдрашитова Р.А., гум. ғыл. магистрі, аға оқытушы Ибрагим А.Е., заң ғыл. магистрі, аға оқытушы Бермағамбет Р.Е., пед. ғыл. магистрі, аға оқытушы Алькуатова А.Л.

Басылымға жауапты / Ответственные за выпуск:
заң ғыл. магистрі, аға оқытушы Бермағамбет Р.Е.; аға оқытушы Таутина Б.А.; редакциялық-баспа бөлімінің бастығы Амирбеков О.А.; лаборант Карбозова Г.К.

Қ 22 **«Қазіргі филологиялық зерттеулердегі өзекті мәселелер» = «Актуальные проблемы современных филологических исследований»** халықаралық қатысуымен респуб. ғыл.-тәжіриб. конф. материалдары. I бөлім (23 ақпан 2017 ж.). - Арқалық: АрқМПИ, 2017. –331 б.- қазақша, орысша.

ISBN 978-601-06-3969-0

Бұл жинаққа Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының педагогика және филология факультетінің, қазақ, орыс тілдері мен әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен 2017 жылдың 23 ақпанында өткізген «Қазіргі филологиялық зерттеулердегі өзекті мәселелер» халықаралық қатысуымен республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушы ғалымдар, докторанттар мен магистранттардың ғылыми мақалалары енгізіліп отыр.

Конференцияға қатысушылардың мақалаларында филология ғылымындағы әр түрлі әдіснамалық көзқарастар және қазіргі тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының өзекті, теориялық және тәжірибелік мәселелері қамтылған.

Жинақ филология саласындағы зерттеушілер мен білім алушыларға, жалпы оқырман қауымға арналған.

ISBN 978-601-06-3969-0

УДК 80/81 (063)
ББК 80/81

© Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

АЛҒЫСӨЗ
Институт ректоры, г.ғ.д. С.Б.Қуанышбаевтың құттықтау сөзі

Құрметті әріптестер!
Құрметті конференция қонақтары!

«Қазіргі филологиялық зерттеулердегі өзекті мәселелер» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қош келдіңіздер!

Конференция тақырыбы қазіргі қазақ филологиясының өзекті мәселелеріне, сондай-ақ елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 100 нақты қадам – Ұлт жоспарын жүзеге асыру жағдайында білім беру кеңістігіндегі білім сапасына адамның даму үрдістері мен перспективаларына арналған.

Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев биылғы жылғы **«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»** атты Қазақстан халқына Жолдауында: «IT білімді, қаржылық сауттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек», – деп атап көрсеткен болатын. Ұлтжандылықты дамытудың негізгі құралы әдебиет пен тіл екенін ескерсек, қазіргі қазақ филологиясының алдында да зор мақсаттар мен міндеттер тұрғанын байқауға болады. Сонымен қатар Жолдауда елбасы Үкіметке тапсырма бере отырып, «Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді», – деп баса айтты. Бұл да қазақ филологиясына үлкен міндет жүктейді. Өйткені қазақ тілінің дамуы тіл білімінің дамуымен тікелей байланысты.

Елімізде «Үш тұғырлы тіл» бағдарламасы жолға қойылғаны белгілі. Ошақтың үш аяғы тең болуы үшін, қазақ тілі ағылшын, орыс тілдерінің тасасында қалмай, керісінше басым сипат алып, мемлекеттік тіл ретінде жетекшілік қызмет атқаруға тиісті. Ол үшін қазақ филологиясы, яғни қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдары ағылшын, орыс филологиясының даму деңгейіне жетуге тиіс. Қазіргі таңда қарыштап дамыған ағылшын және орыс филология ғылымының жеткен жетістіктерінен үлгі ала отырып, дамудың жаңаша, заманауи деңгейіне көтерілу қазіргі қазақ филологиясына қойылған негізгі талап болуы қажет. Осы тұрғыдан алғанда біздің бүгінгі конференциямыздың қазіргі филологиялық зерттеулердегі өзекті мәселелерге арналуы конференция тақырыбының өзектілігі мен маңыздылығын айқындап береді.

Ғылыми-тәжірибелік конференцияның республикалық статусын конференцияға еліміздің барлық облыстарынан келген ғылыми еңбектер мен конференцияға келіп отырған көрнекті филолог-ғалымдар айқындайды.

Конференцияға қатысушылардың мақалаларында филология ғылымындағы әртүрлі әдіснамалық көзқарастар және қазіргі қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының өзекті, теориялық және тәжірибелік мәселелері қамтылған.

Бүгінгі конференция материалдары қазіргі қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының заманауи үлгіде, жаңаша дамуына, мемлекеттік тіліміздің өркендеуіне маңызды үлес қосатын мұра болар деген сенімдемін. Сіздерге шығармашылық табыс тілеймін!

ҚАҺАРМАНДЫҚ ЭПОС ЖӘНЕ МИФ: КЕЙІПКЕРЛЕР ЖҮЙЕСІ

Ж.Ә. Аймұхамбет
ф.ғ.д., профессор
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,
Астана, Қазақстан
a_zhanat@mail.ru

«Алпамыс батыр» және миф дүниесі. «Алпамыс батыр» – қаһармандық эпостардың ішіндегі көнесі. Сондықтан да болар, оның сюжеттерінде мифтік сарын барынша айқын. Тұрақты мотивтердің бірі – бас қаһарманның ерекше, ғажайып жағдайда дүниеге келуі болса, «Алпамыс батыр» жырында Алпамыс дүниеге келердегі айрықша оқиға суреттеледі. Бір перзентке зар болған Байбөрі мен Аналық әулиеден әулиеге түнеп жүріп, Баба шашты Түкті Әзіздің түсінде берген аянын алып, дүниеге Алпамыс пен оның қарындасы Қарлығаш келеді. Алпамыстың бейнесі барынша «мифологияланған» – ол «отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын, атса оқ өтпейтін, шапса қылыш кеспейтін» жан. Оның қолдаушы «Ғайып ерен қырық шілтен» пірі бар. Мифтік белгісі бар кейіпкер Алпамыстың бұлайша суреттелуіне түпнегіз болған ежелгі мифтік дүниетаным. Мифтердегі ілкі ата, жасампаз қаһарманға тән белгілерді Алпамыс батыр бойына дарыту – ел қорғаған батырды биік дәрежеге көтеруге, эпостық суреттеуге тән «абсолюттік идеализациялауға» жеткізеді.

Сонымен, «Алпамыс батыр» жырында бір перзентке зар болған Байбөрі мен Аналық әулиеден әулие аралап, жаратқаннан бала сұрайды. Қанша әулиені аралап, ең ақырында «басында қара ағаш өскен, моласы, там жоқ, бір бұлақ аққан» жерді көреді. Сол жерге түнейді. Сөйтіп, осы жерде, эпостық кеңістік пен уақытта тірі пенделер мен о дүниелік әулие-аруақ кездеседі. Бұл кездесу, нақтылай түссек, бұ дүниелік жандардың о дүниелік жандармен «түс арқылы сұхбаттасуы», аян алуы – эпостық кеңістік пен мифологиялық кеңістіктің «тоғысқан» тұсы. К.Юнг айтқан «архетиптер әлемінің» яки «марқұмдар әлемінің» өкілі Баба шашты түкті Әзіз – барынша мифтенген тұлға. Діни-мистикалық дастандардың тұрақты кейіпкерлерінің біріне айналған Баба Шашты Түкті Әзіздің эпостағы сипаты мен әрекеті:

Көк есегі астында,
Ақ сәлдесі басында,
Сырлы асасы қолында,
Өзі хақтың жолында,
Бір диуана келді де,
Асамен түртіп оятты [1, 72].

Баба Шашты түкті Әзіздің тірілермен, яғни Байбөрі-Аналықпен аян-әңгімесі аффективті халде – «өң мен түстің арасында» өтеді.

Көкірегін оятып,
Бетіне бетін қаратып,
Есектен түспей тіл қатты:
«Ей, бишара мүгедек,
Жаныңызға не керек?
Дейсің ғой: «Маған ұл керек!»

Мифтік танымдағы адам рухының мәңгіліктігі туралы ұғым «о дүниелік» әулиелердің тірі пенделердің зарын естіп, олармен бірге қиналып, тілеуін бірге тілеуінен көрінеді.

Әулиені қыдырдың,
Жердің жүзін сыдырдың,
Маңдайыңа төбелеп.
Әрқайсысының әртүрлі
Мәртебесі бір бөлек.
Сен үшін бәрі қиналды,
Бір жерге тегіс жиналды.
«Бір ұл бер, – деп, – осыған»
Бір жаратқан Құдайдың
Дәргейіне жылады.
Мен де тұрдым ішінде,
Әулиенің күші де.
Жаратушы жалғыз-ақ,
Дәргейіне ұнады.
Ұнағанын сонан біл:
Бір қыз қосып сыйлады.
Сексен сегіз сәруар,
Тоқсан тоғыз мың машайық –
Бәрінің көңлін қимады.
Менің атым Шашты Әзіз,
Қыламын десең ықылас,
Жарылқады Жаратқан,
Ей, бишара, көзіңді аш!
Ұлыңның аты Алпамыс,
Қызыңның аты Қарлығаш,
Атса, мылтық өтпейді,
Шапса, қылыш кеспейді,
Қалмақтармен болар қас.
Түрегел де қолың жай,
Болады өзі өмір жас!» [1, 73]

Алпамыстың дүниеге келуінің өзі осындай ерекше жағдайда. Бұл эпостағы кейіпкерлер жүйесін былайша көрсетеміз:

Мифтік белгісі бар кейіпкер: Алпамыс;

Эпостағы мифтік кейіпкерлер: Баба Шашты Түкті Әзіз; Ғайып Ерен қырық шілтен; Мыстан кемпір.

«Алпамыс батыр» жырындағы мифтік кейіпкерлердің ерекшелігі – бұлар бізге діни дастандар арқылы таныс. Мифтік танымнан бастау алған тылсым жаратылысты жандар мұсылмандық сенімде жалғасын тауып, әулие текті Баба Шашты Түкті Әзіз бен ерекше адамдарға, яғни «құдайдың сүйікті пенделеріне» пір болатын Ғайып Ерен қырық шілтен сияқты персонаждар болмысы дараланды. Баба шашты Түкті Әзіз аян беріп, дүниеге келген Алпамыс батырдың пірі – осы Ғайып Ерен қырық шілтен.

Ғайып ерен қырық шілтен
Баланы қолдап-демеді [1, 113].

Оның қолдауы Алпамыстың мифтік сипатын айқындай түседі:

Сол уақытта батырға
Атса – мылтық өтпеді,
Шапса – қылыш кеспеді.
Ғайып-ерен қырық шілтен
Қолтықтан сүйеп, демеді.
Суға салса – батпады,
Ұйқыдан бала қайтпады [1, 113].

Алпамыстың дүниеге келетінін аян ететін Баба Шашты Түкті Әзіз – «Едіге» жырында бас қаһарманның әкесі, кейбір нұсқаларында арғы атасы болып айтылады. Діни-мистикалық баяндарда кездесетін сексен сегіз сәруар, тоқсан тоғыз машайық, Баба шашты Түкті Әзіз, Ғайып Ерен қырық шілтен – бағзы мифтік дүниетанымның діни ұғымға келіп сабақтасуының мысалы. Мифологиялық қаһармандар тобына жатқыза отырып, бұл аталған кейіпкерлерді шартты түрде «аралық кейіпкерлер» деп қарастыруға да болады.

«Едіге батыр» эпосы және миф дүниесі. Тағы бір қаһармандық эпос - «Едіге батыр» жырында да кейіпкердің «мифологиялануы» айқын. Миф пен тарихи оқиғаның бір-біріне кірігуі «Едіге батыр» жырынан ерекше көрінеді. «Едіге батыр» жырында бас қаһарман Едіге – атасы әулие, анасы пері қызы деп баяндалады. «Алпамыс батыр» жырында батырдың дүниеге келетінін аян ететін Баба шашты Түкті Әзіз «Едіге» жырында бас қаһарманның атасы, оны дүниеге әкелуші жан. Едігеге тән мифтік сипат – оның ерекше жаратылысы. Едігенің анасы делінетін пері қызы – мифологиялық кейіпкер болса, Баба Шашты Түкті Әзіз – барынша мифтенген тұлға. Ол – тылсым қасиетке ие жан. Едіге ғажайып жағдайда, әулие текті жан мен пері қызынан жаралады.

«Едіге батыр» жырындағы кейіпкерлерді мифке қатысы жағынан төмендегідей топтастырамыз.

Мифтік белгісі бар кейіпкер: Едіге;

Эпостағы мифтік кейіпкер: Баба Омар (Баба Ғұмар); Баба Шашты Түкті Әзіз; Перінің қызы

«Ерте заманда Баба Омар деген әулие бар екен. Он бесте әулиелік қылып кеткен екен. Сол уақытта бір қызға көзі тиген екен. Көзі тиген қыз буаз болған екен. Буаз болған соң ұғыл тапты. Ол ұғылының атын Баба Түкті Шашты Әзіз қойды. Жиырма бес жасқа келгенде әулиелік қылып жөнелді. Ағұн дариясына барды. Дария жағасында алтын шашын алдына алып тарап отырған қызды

көрді»[2, 9]. Сөйтсе ол су перісінің қызы екен. Баба шашты Түкті Әзіз қыз бен бірге дарияның түбіне шомады. Дарияның астында тұрған алпыс ақ отау – қыздың жұрты болып шығады. Пері қызымен қосылғаннан кейін оның айтқан шарттарын орындай алмай («етігімді шешкенде аяғыма қарама, көйлегімді шешкенде қолтығыма қарама, шашымды жуғанда басыма қарама» деп шарт қояды пері қызы), пері қызы ішінде алты айлық бала бар екенін, оны дүниеге келгенде Ніл дариясының басына тастап кететінін айтып, аспанға ұшып кетеді. Баба Түкті Шашты Әзіз баланы тауып алып, атын Едіге деп қояды.

Әубәкір Диваев жазып алған нұсқасында болашақ қаһарманның әкесі аққу кейпінде ұшып келген үш пері қызының кенжесі – Кенжекей сұлуға үйленеді. Мұнда да шартты орындай алмай, одан айрылып қалады. Пері қызы уәдесінде тұрып, баланы тоғыз жолдың торабына қалдырып кетеді [3, 45-47].

Жырдың басқа нұсқаларында да Едігенің анасы – пері қызы екендігі айтылады. Бұл – даңқты қаһарманның ерекше жаратылысын таныту үшін өте қажет анықтама. Адамдар мен перілердің некелесуі, кездейсоқ қосылуы мифтік баяндарда көп ұшырасатын мотив. Бір мысал: «Қорқыт ата кітабындағы» сегізінші жырда Аруз қожаның бір қойшысы пері қызын зорлап қосылып, одан Төбекөз дәу дүниеге келетінін білеміз. Ал, әулие текті адам мен пері қызының некесінен Едігедей даңқты қаһарман туады. Эпостық жырларға тән «ғажайып туу» мотиві Едіге туралы жырда осындай бағытта. Едігенің ұлт тарихындағы даңқты жолы фольклорлық поэтикада осындай «абсолюттік дәріптелу» арқылы ерекшеленеді және жай, қарапайым жан емес, жаратылысы ерекше адам ретінде танытылады. Мифтік дүниетанымның сакральдылығын ерекше болмысты қаһарманның жаратылысына ұштастыру – фольклор поэтикасындағы жетекші тәсілдердің бірі. Әлемнің үш қабаттылығы немесе «үш әлем» ұғымы миф дүниесінен бастау алады. Сол әлемдердің бірінің тұрғыны – перілер. Пері заты мен адамзат нәсілі арасынан дүниеге келетін қаһармандар – екі немесе үш әлемді де бағындыра алатын ерекше жан.

«Әулиелер де, перілер де адамдармен араласпайды... мифологиялық негізі бар осы кейіпкерлер адамзат қоғамындағы ұсақ-түйек тіршіліктен жоғары тұр. Олардың жалғыз жүруі киелілік, құдыреттілік, құпиялық, құдайлық қасиеттермен төркіндес» [4, 258-259] деген Ш.Ибраев тұжырымы мифтік және мифтік сипатқа ие кейіпкерлердің ерекше болмысын көрсетеді. Мұндай ерекше жаратылысты жандардан туған эпос қаһарманы да ерекше өмірге ие.

Біз қаһармандық эпос үлгілеріне, атап айтқанда, Алпамыс батыр», «Едіге батыр» сияқты жырлардағы кейіпкерлердің мифтік табиғатына талдау жасадық. Эпос қаһармандарының болмысындағы мифологиялық белгілердің кейіпкер тұлғасын даралаудағы қызметі айрықша екені белгілі.

«Алпамыс батыр» жырындағы Алпамыстың әулиелердің шарапатымен, Баба Түкті Шашты Әзіздің аянымен дүниеге келіп, Ғайып Ерен қырық шілтеннің демеуінде болуы оны «отқа салса – жанбайтын, суға салса – батпайтын, атса – оқ өтпейтін, шапса –қылыш кеспейтін» ерекше қасиетке ие етеді. Бұл – қаһарманның миф табиғатты бітімі.

«Едіге батыр» жырының қаһарманы да мифтік кеңістікке «араласып» кетеді. Миф кейіпкері – пері қызы Едігенің анасы болса, атасы – әулие текті Баба Түкті Шашты Әзіз. Едіге образына тән мифтік сипатты осы жаратылысы айтындайды. Оның даңқты батыр болуының алғышарттары алдын ала осылай қамтамасыз етілген.

Эпос кейіпкерлерін мифтік сипатқа ие және мифологиялық болып жіктелуі фольклорлық поэтикаға сай. Фольклорлық дәстүр мифологиялық ойлау жүйесіне негізделе отырып, дүниетанымдық бастаулардан көркемдік ойлау жүйесіне қарай жол ашады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Алпамыс батыр қиссасы // Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2006. Т. 34: Батырлар жыры. – 384 б.
2. Едіге жыры. 1905 жылы Санкт-Петербургтен шыққан Шоқан Уәлиханов жазып алған нұсқа // Бабалар сөзі: жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2006. Т.39: Батырлар жыры. – 2006. – 448 б.
3. Мырза Едіге батыр. 1922 жылы Ташкентте шыққан Ә.Диваев нұсқасы // Бабалар сөзі: жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2006. Т.39: Батырлар жыры. – 2006. – 448 б.
4. Ибраев Ш. Түркі эпосының поэтикасы мен типологиясы. Астана: «Сарыарқа» баспа үйі, 2012. – 336 б.

СИМВОЛДЫҚ МАҒЫНАДАҒЫ ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

К.Қ. Есіркепова
ф.ғ.к., доцент
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты
Қостанай, Қазақстан
kenzhe.1810@mail.ru

Аннотация. *Бұл мақалада Ғаламның бейнесі түсінігі (соның ішінде, ғаламның тілдік бейнесі) адамның әлем туралы көзқарасы, көрінісі туралы мағлұматтар берілген. Егер әлем – адам мен оның қарым-қатынас жасау ортасы болса, әлемнің бейнесі – адам мен орта туралы ақпараттарды өңдеу нәтижесі. Демек, әрбір тілдің ерекше ғаламдық бейнесі болады, ал тілдік тұлға айтатын пікірлерінің мазмұнын сол бейнеге сәйкес құрастыруы тиіс. Ғаламның тілдік бейнесін ашуда сөз-сиволдар мен фразеологизмдердің дүниетанымдық мәні қарастырылған.*

Түйін сөздер. *антропоцентризм, ғаламның тілдік бейнесі, символ, фразеологизм.*

Тіл – адамның әлем туралы білімін қалыптастыратын және жүзеге асыратын маңызды құрал. Адам түрлі әрекет үрдісінде объективті әлемді қамти отырып, сөздерде таным нәтижесін бекітеді. Бұл тілдік формада бекітілген білім жиынтығы түрлі концепцияларда «тілдік аралық әлем», «әлемнің тілдік репрезентациясы», «әлемнің тілдік моделі», «ғаламның тілдік бейнесі» (немесе «әлемнің тілдік бейнесі») деп аталып жүр. Кең таралуына байланысты біз соңғы терминді қолдануды жөн көрдік [1].

Әрбір тіл әлемді түрліше бейнелейді, яғни әрқайсысының әлемді концептілеуінің өз әдіс-тәсілдері бар.

Ғаламның бейнесі түсінігі (соның ішінде, ғаламның тілдік бейнесі) адамның әлем туралы көзқарасын, көрінісін зерттеуден тұрады. Егер әлем – адам мен оның қарым-қатынас жасау ортасы болса, әлемнің бейнесі – адам мен орта туралы ақпараттарды өңдеу нәтижесі. Осылайша, когнитивті лингвистика өкілдерінің пікірі бойынша, ғаламның тілдік бейнесі түрінде берілген концептуалды жүйе физикалық және мәдени тәжірибеге тәуелді және онымен тікелей байланысты.

Шынайы әлемнің көрінісі ретіндегі ғаламның бейнесі мен белгілі бір көріністің бекітілуі ретіндегі ғаламның бейнесі арасында күрделі айырмашылықтар бар. Ғаламның бейнесі кеңістік параметрлері (жоғары – төмен, оң – сол, шығыс – батыс, алыс – жақын), уақыт параметрлері (күн – түн, қыс –жаз), сандық параметрлер, этикалық параметрлер т.б. көмегімен көрініс табады. Оның қалыптасуына тіл, салт-дәстүр, табиғат, ландшафт, тәрбие, білім және өзге де әлеуметтік факторлар әсер етеді.

Ғаламның тілдік бейнесі өзге арнайы ғалам бейнелерін (химиялық, физикалық т.б.) қалыптастырып, олардың алдында тұрады, себебі адам қоршаған әлемді де, өзін де, адамзаттың және ұлттың қоғамдық-тарихи тәжірибелері бекітілген, тіл арқылы ғана түсіне алады. Тілдің айрықша ерекшеліктерінің барлық деңгейлерін анықтайтын да – ұлттың қоғамдық-тарихи, мәдени тәжірибесі. Тілдің ерекшелігіне байланысты оны тасушы адамның санасында белгілі ғаламның тілдік бейнесі қалыптасып, адам әлемді соның аралық әсерімен көреді.

Адам әлемді тану барысында жаңылып, қателіктер жіберуі мүмкін болғандықтан, ғаламның концептуалды бейнесі үнемі өзгеріп, «қайта салынып» отырады, ал ғаламның тілдік бейнесі көп уақыт бойы қателіктердің нәтижесін сақтайды. Мысалы, эмоционалды жағдайды *суреттеуде «жаным қалқыды», «жаны қалқу» (воспарить душой)* фразеологизмі қолданылады, бұл фразеологизм «адамды рухтандыратын субстанция – жан болады» деген архаикалық көзқарастармен байланысты, ғаламның мифологиялық бейнесінде адамның жаны бу ретінде суреттеліп, денеден тыс аспанға ұша алатын болған.

Яғни, белгілі тілдік ұжымдарда пайда болған мәтіндер мен олардың тәртібіндегі заңдылықтарда іске асатын өзекті менталды модел мен тілдің архаикалық және семантикалық жүйесінде айырмашылықтар пайда болады[2]. Ғаламның тілдік бейнесі адамның әлемге деген қатынас түрін қалыптастырады (табиғатқа, жан-жануарларға, өз-өзіне және әлемнің элементтеріне). Ол әлемдегі адамның тәртіп нормаларына жол сілтейді, оның әлемге қатынасын анықтайды. Әрбір табиғи тіл әлемді қабылдау мен ұйымдастырудың («концептілеудің») белгілі бір әдісін бейнелейді. Онда көрсетілген мәндер ортақ көзқарастар жүйесіне біріктіріліп, ұжымдық философияға айналып, тілді тасушылардың барлығына міндет ретінде мәжбүрленеді.

Осылайша, тілдің рөлі тек қана белгілі бір хабарламаны тарату емес, бірінші кезекте сол хабарламаға тиісті ақпараттарды іштей ұйымдастыру болып табылады. Тілде бекітілген әлем туралы білім мен нақты тілдік

қауымдастықтың ұлттық-мәдени тәжірибесінен тұратын «мағыналар кеңістігі» пайда болады[1]. Берілген тілде сөйлейтіндердің әлемі, яғни лексика, фразеология, грамматикада бекітілген әлем туралы білімнің жиынтығынан тұратын ғаламның тілдік бейнесі қалыптасады.

Ғаламның тілдік бейнесіне деген қызығушылық В. Гумбольдтың еңбектерінен бастау алады, ол өз зерттеулерінде «тіл – ұлттың ерекше ойлауы мен әлемді қабылдауының мүшесі» деп атап өткен болатын[3].

«Тілдік әлемтану» Гумбольдтік идеясы заманауи неогумбольдшыларда одан әрі дами түсті. Шынымен де, әрбір халық әлемді әр түрлі мүшелеп, әлемнің фрагменттерін түрліше атайды. «Құрастырылатын» әлем бейнесінің әр түрлілігі онда жеке, топтық пен ұлттық (этникалық) вербалды және вербалды емес тәжірибелер нақтыланауымен анықталады. Неогумбольдшылар ғаламның тілдік бейнесінің ұлттық өзгешелігін ұзақ тарихи даму нәтижесі ретінде емес, әуел баста берілген тілдің қызметі ретінде қарастырады. Олардың ойынша, адамдар тілдің көмегімен өздерін қоршаған ортадан бөлек өздерінің ерекше әлемін құрастырады. Айтушының ғаламдық бейнесі, расымен де, құбылыстарға, заттар мен олардың қызметіне берілген ғылыми көзқарастардан өзгеше, себебі ол «объективті әлемнің субъективті бейнесі» болып табылады. Алайда ғаламның субъективті бейнесін құрастыратын тілдің өзі емес[4].

Ғаламның бейнесі заттардың, үрдістердің, құбылыстардың т.б. қарапайым «фотосуреттерінің» жиынтығы емес, себебі тек қана бейнеленген объектілерден емес, бейнелейтін субъектінің позициясынан, оның объектілерге қатысынан тұрады, ал субъект позициясы – объектілердің өздері сияқты шынайылық. Адамның әлемді бейнелеуі бейтарап емес, әрекетшіл болғандықтан, объектілерге деген қатынас сол объектілердің өздерімен ғана туындамай, әрекет ету арқылы оларды өзгерте де алады. Нәтижесінде, әлеуметтік-типтік позициялар, қарым-қатынастар, бағалар жүйесінің ұлттық тіл жүйесінің таңбалық бейнесін тауып, ғаламның тілдік бейнесін құрастыруда қатысатындығы анықталды. Мысалы, қырғыз тіліндегі – *«есектің құйрығы жерге тигенде»* тіркесі, орыс тіліндегі *«шаян тауда ысқырғанда»* тіркесіне немесе ағылшын тіліндегі *«шошқалар ұшқанда»* тіркесіне сәйкес келеді т.б. Осылайша, ғаламның тілдік бейнесі толығымен де, маңыздылығымен де адам санасындағы әлемнің логикалық көрінісімен сәйкес келеді. Бірақ ғаламның тілдік бейнесіндегі жеке бөліктер сақталады, оның ішіне әр тілдің өзіне қатысты фразеологиясы да енеді[5].

Ғаламның тілдік бейнесін құрастыруда фразеологизмдер маңызды орынға ие. Олар – «ұлт өмірінің айнасы». Фразеологиялық бірліктердің мағынасы тілді тасушылардың фондық білімімен, тұлғаның өмірлік тәжірибесімен, сол тілде сөйлейтін халықтың тарихи-мәдени дәстүрлерімен тығыз байланысты. Фразеологиялық бірліктер объектілерге ғаламның бейнесі туралы ассоциация тудыратын сипаттарды жатқызып, толық дескриптивті жағдайды (мәтін) жобалап, оны бағалайды, оған деген қатынасын көрсетеді. Фразеологиялық бірліктер семантикасы адам және оның әрекетін сипаттауға бағытталады.

Фразеологимдер тудыратын ғаламның тілдік бейнесіне анализ жүргізе келе, келесідей белгілері анықталды – пейоративтілігі, антропоцентрлігі. Осылайша, ғаламның бейнесінің антропоцентрлігі оның адамға бағытталауында көрініс табады, яғни адам кез-келген нәрсенің өлшемі ретінде қолданылады: *жақын – мұрнының астында, қол жетім жерде, бауырында; тез – көзді ашып-жұмғанша т.б.*

Көптеген негізгі сөздер тізбегі және фразеологиялық бірліктердің мағыналары әлемді антропоцентристік түсіну негізінде пайда болған – *үстелдің аяғы, топтың басы т.б.* Мұндай номинативті бірліктер адамдардың тұрмысы мен пейілін, дәстүрі мен тәртібін, олардың бір-біріне, әлемге деген қарым-қатынасын суреттейтін ғаламның мәдени-ұлттық бейнесін құрастырады.

Фразеологизмдердің мағынасы ұрпақтан-ұппаққа, әлеуметтік және рухани бағыт болатын мәдени ұстанымдарды бүгінге дейін жеткізіп, әрі қарай жалғасын тауып отырады.

1. *Бұлт айналып,* ***басыңның тайды бағы***
*(**бақ** дегенің қашан да айнымалы),*
Әлгі достар сырт қарап, сонда сенен
Жанарын тайдырады ("Жалған достар. 58 б, Ф.О).

2. ***Тайдырса да басынан бақ шынарын,***
Жалғыздықтан сақта деп жас бұладым.

3. *Ойхой,*
Көңіл - құлыным
Қандай қызық қылығың.
Тастамасын ешқашан
Тағдыр саған құрығын!*("Сағыныш". 106 б, М.А)*

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер – тілімізде, халықтың рухани, мәдени өмірі мен салт-дәстүрі, наным-сенім, дүниетанымы негізінде туындап, көркем сөздің кең қолданылатын бейнелі де әсерлі құралына, сөз мағынасы мен мәніне эмоционалды-экспрессивті реңк беріп тұратын тәсіліне айналған тілдік құбылыс. Оның көптеген сыры этнолингвистикалық, этнопсихолопиялық, экстралингвистикалық факторларға да байланысты.

"Ұлттық реңктегі фразеологизмдердің идиоэтникалық ерекшелігі олардың құрамындағы реалийлердің болуымен ғана анықталмайды, жалпы мәдени ұлттық коннотация арқылы түсіндірілсе ғана ұлттық реңктегі фразеологизмдер болып табылады" [6,25-6].

Ақын өлеңдеріндегі ұлтгық мәнді білдіретін ***"тағдыр"*** және ***"бақ"*** ұғымдарын жете танып түсінудегі қазақтың ұлттық дүние таным ерекшеліктерін айта кетуіміз керек.

"Тағдыр" халықтың мәдени мәні бар ұғымдарының бірі әрі қазақ дүниетанымында басты орын алады. Ол – өзінің абстракциялық сипаттамасы бойынша өте күрделі және символдық мәнге ие.

Қазақтың танымында ***«Тағдырға»*** қанағаттанудан гөрі қанағаттанбаушылығы басым екендігі байқалады. Яғни, "тағдыр" өмірдің тұщысы мен ащысында да қолданыс табады [7]. ***"Асау тағдыр", "қатал тағдыр", «тағдыр тәлкегі», "тағдыр құрығы".*** Сонымен, ***«тағдыр***

құрығы», «бақ таю», "бақ шынары" авторлық фразеологизмдер қазақ дүниетанымында бір тұтас философиялық контексте ғаламның тілдік бейнесіарқылы ұлттықдүниетанымдық көрініс береді. Олар-бірін-бірі алмастырып, толықтыратын концептілік құрылымдар.

Символдың тағы бір өзіндік қыры – оның метафора, эпитет және фразеологизмдермен байланысы. Метафора мен символдың негізінде образ жатыр.

Символдарда бекітілген екінші реттік сезінулерде бейнеленетін әлем – кез-келген нақты ұлттың ғаламдық бейнесінің әмбебаптылығы мен ерекшелігін анықтайтын басты фактор. Түрлі ғаламның тілдік бейнелерінде ұлттық ерекшелігі мен әмбебап адами факторларды айыру маңызды болып табылады. Символдық мәнге ие сөздердің табиғаты ерекше. Өйткені сөз символдар танымдық, ұлттық мәдени, фондық мағынаға ие бола отырып, халықтық дүниені түйсінуімен тығыз байланысты болып келеді.

Мысалы, Фариза ақынның өлеңдерін оқи отырып талдағанымызда, сөз символдарды күрделенген метафоралар түрінде берген. Фариза өлендеріндегі сөздердің тізбегі символдық мәнде ***«мен»*** жіктеу есімдігі арқылы метафоралық тіркестер түрінде келген.

Мен әлі нүкте де емен, үтір де емен,
Қидаймын жаңбыр сайын түтіндеген.
Мен жез едім
Өмір өзі шыңдады алмас қылып
Отыра алмаймын қаперсіз малдас құрып.
Мен айдын, мынау дүнне тас қамалдай,
Қаламын кейде өзімді басқара алмай.

Өлең өріміне аса сақ қарайтын және ерекше мән беретін ақынның "Қоштасу" аталатын туындысында бірте-бірте күшейіп, күрделеніп, ұлғайған метафораның бірнеше түрін кездестіреміз.

Мен Атыраудың ақ маралы болғанда,
сен қырағы мерген ең.
Мен – өмірдің ләззатын сүйген балауса
назік гүл едім,
Қимайтының бар, семсерді неге сыйладың?!
Сен – Атыраудың ақ еркесі болғанда,
Мен - жағалауында жайқалып өскен балауса ем.
Арманымдай менің мөлдірсің өзің қашаннан,
Мен-жұрт айтып жүрген хор қызы сынды болсам да
Сұлулығыңнан сенен аса алман («Қоштасу» 55б, Ф.О).

Бір лирикалық туындыда осыншалық ой-образды әсерлі де әдемі ойнаткан ақын суреткерлігінің сымбатты жыр жиһазы қыздың жиған жүгіндей сұлулық өрнегін алдымызға жайып салады. Фариза лирикасындағы осыншалықты мол ою-өрнектердің кең қанат жайып өркендеу өрісіне ой тоқтатсақ, ежелгі ақын-жыраулар мұрасымен қатар Махамбет және Абай дәстүрінің шырайлы лебі еседі. Ақынның көп қолданатын ауыстыруларының көбіне өзіне тән ерекшелік шендестірумен байланысты. Өлең жолдарына мән берсек, жіктеу есімдігі **(мен)** тұлғасында жасалған метафораның мұншалықгы мол дәстүрін ақын Абай поэзиясынан да үйренгенін аңғаруға болады. Басқа ақын-қыздармен салыстырғанда өлең өлкесінде әйел жанын,

оның бұлқыныс атқан сезім сырларын салып, ақын "мені" мен лирикалық кейіпкер тұлғасы арасында көпір тұрғызған суреткер өте сирек. Ендеше, мағыналы сөздерді мегафора жасауда ақын сөз өрнегін өзінше құбылтып және де **"мен"** деп жіктеу есімдігін алуында, сөзден сурет бояу жасап, ақындық **"менін"** нақтылай түседі.

Яғни, атауыш мағынадағы сөз нақтылыққа, даралыққа ие болса, символдық мағынадағы сөз жалпылыққа, біртұтастыққа ие. Осы қасиеті арқылы ол дүниені біртұтастыққа байланыстырып, көз алдыңа бүтін сурет бейнесін елестетеді.

Символды тіл мен мәдениет сабақтастығында қарау негізінде оның астарынан халықтың терең дүниетаным, түсінік, ұлттық-сана мен парасат-пайым, эстетикалық көзқарас пен адамгершілік құндылықтарды ғасырлық тәлім-тәрбиені танимыз. Мұның бәрі қысқа да нұсқалы түрде тіл жүйесінде когнитивтік құрылым ретіндегі символдарда сақталған.

Әр түрлі тілде сөйлейтін адамдардың белгілі бір жағдайларда ғаламның концептуалдық бейнелері бірдей, ал бір тілде сөйлейтіндердікі әр түрлі де болуы мүмкін. Демек, ғаламның концептуалдық бейнесінде жалпы адами, ұлттық және жеке әрекеттер де өзара байланысты болады.

Ғаламның тілдік бейнесі түрлі бояулар арқылы қалыптасады, біздің көзқарасымыз бойынша, олардың ең жарқыны – мифологемалар, бейнелі-метафоралық сөздер, коннотитвті сөздер т.б. Біздің әлем туралы түсінігіміз ішінара ғаламның тілдік бейнесінің тұтқыны десек те болады. Кез-келген нақты тіл, сол тілді тасушылардың көзқарастарын анықтап, олардың әлемдік бейнесін тудыратын ұлттық, өзіндік ерекше жүйеден тұрады.

Тілдің мазмұндық жағында (грамматикасында азырақ) барлық мәдени стереотиптің бастамы болып табылатын белгілі бір этностың ғаламдық бейнесі көрініс табады. Оған анализ жасау арқылы, ұлттық мәдениеттер арасындағы айырмашылықтары, олар әлем мәдениеті деңгейінде бір-бірін қалай толықтыратындығы туралы түсінуімізге болады. Сондықтан, тілдің мәдени-ұлттық аспектілерін қарастыра отырып, тілдік бірліктердің әмбебаптылығын да ұмытпауымыз керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Маслова Ю.С. Введение в лингвокультурологию. –М.1996.
2. Воробьев В.В. Лингвокультурология (теория и методы). М., 1997, 331с 3. Гумбольдт В. Фон. Язык и философия культуры. М.:Прогресс, 1985,451
4. Аскольдов С.А. Концепт и слово // Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология. –М.: Academia, 1997. – С.271
5. Кубрякова Е.С. Об одном фрагменте концептуального анализа слова. Память // Логический анализ языка. Культурные концепты. Москва: Наука, 1991. – 191с.
6. Өмірәлиева Ж. Конвеционалды соматикалық фразеологизмдердің ұлттық мәдени ерекшелігі .канд.дисс.Алматы.2002.
7. Айбарша И. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті. Фил.ғыл.докт.дисс.автореферaты 2004.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨНЕРГЕН ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

Қ.Қ. Сарекенова
ф.ғ.к., доцент
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Астана, Қазақстан
sarekenova@mail.ru

Abstract. *Outdated set-expressions are those phraseologies of which meanings are identified through dictionaries and they are usually appear in literary pieces, i.e. in those historical literary works. In this article, we discuss these specific features of the phrasal unites, and carry out linguistic analysis to present their features.*

Keywords: *set expressions, active phraseologies, outdated phraseologies,, passive phraseologies, Literary work.*

Тіліміздегі сөз байлығымызда тек жеке сөздер ғана емес, құрылысы жағынан күрделі бірліктер де кездеседі. Олар: *ала ауыз, тайға таңба басқандай, төбе шашы тік тұру, қой аузынан шөп алмас, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған* т.б. Мұндай сөздер қазақ тілінде мыңдап кездеседі. Оларды фразеологизмдер немесе тұрақты тіркестер деп атайды. Тұрақты тіркес деп, кемінде екі сөздің, сонымен қатар бірнеше сөздің тұтас бір меншікті мағынаға ие болып, бір бүтін бірлікке айналуын айтамыз.

Фразеологизмдер қолданылу аясына қарай үш аспектіде қарастырылады:

1) тілдегі ең негізгі, өнімді жұмсалатын актив фразеологизмдер;

2) көнерген фразеологизмдер;

3) пассив фразеологизмдер.

Бұлар кейде көнерген фразеологизмдердің де есебінен толығып отырады. Соңғы екі түрі көнерген және көнеруге жақын фразеологизмдер стилистикалық интерпретация арқылы өз мүмкіндіктерін қолданыс аясында ғана көрсете алады. Пассив фразеологизмдер мен көнерген фразеологизмдердің арасында ғана нақтылы қолданыс кезінде бір-бірінен айырмашылықтары айқындалады.

Көне фразеологизмдер тілімізде көптеп кездеседі. Көне фразеологизмдер де лексика тәрізді «Көнеру сипаты мен тілдегі қолдану ерекшеліктеріне қарай көнерген сөздер архаизмдер мен историзмдер болып екі салаға бөлінеді.

Архаизмдер – халықтың күн көріс тіршілігіне, салт-сана тұрмысына, әдет-ғұрпына, дүние танымына қарай әр дәуірде өзгеріп, басқаша сөздермен ауысып отырған немесе ескіріп біржола қалып қойған сөздер.

Тарихи сөздер дәуірі өтіп, сол ескі заманның өзімен қоса жоғалған сөздер тарихи сөздер деп аталады. Тарихи сөздердің көнеруі тарихи атаулардың құрып бітуімен, біржола жоғалуымен байланысты болады» [1,180-182].

Қазақ тілінде архаизмге айналған фразеологизмдердің мынадай түрлерін айтуға болады:

1. Салт-сана, әдет-ғұрыпқа қатысты: *сауын айту; ұрын бару; жылу жинау; ат-шапан айып; ақ киізге көтеру; босаға аттар (күйеуден алынатын кәде); көрпе қиындатар; шаш сипату; қол ұстатар; күйеу аттандырар; қара байлау* т.б.

2. Діни ұғымға қатысты: *тәуап ету; азан айту; бармай тапқан қағба; үшкілсіз көйлек кию (о дүниелік болу); кыдыр дару; қыдыр қону, шаһид кешу* т.б.

3. Үй тұрмысына қатысты: *тал шарбаққа мад сақтау, тас қалаға жан сақтау, жылқышысын дойырлау, жылқыларын сойылдау; аузынан ас, қара көзден жас кету; құнсыз кету; ит түрткі көру; қара табан; кесік құлақ; ғарып болу; ат арты күң; айырбас сарай (айырбас, сауда жүргізілетін орын); төбесін тесу (жазасын беру); жеті атасынан қара көк; қаралы ер тұрман; есігінде жүру; аң білік (аңшы бұйымдар дүкені); құрама шапшақ көп қымыз (бір күбі қымыз); малы пышақтан кетпеу, қазаны оттан түспеу, дәулеті күнге артылу (баю, дәулеті молаю); ақ берен* т.б.

4. Мал атауына қатысты: *тоғынды сарты нар; табаны жалпақ тарлан (жүйрік ат); суын түсті жүйрік (тұлпар ат)* т.б.

5. Адамға қатысты: *қара мен төре; сөзі аузына сыймаған (шешен); қисық туу (мінезі нашар адам); алтын тонның жеңі болу (қадірлі, сыйлы); найзасының ұшы алтын кісі (ержүрек, батыр); жүрегінің басы, көз үстіндегі қасы (ең жақыны, ақылшысы); қара сирақ (тақыр кедей); көкірегі жаулы (ер жүрек); жуан жұдырық; ғарып мүскін (бейшара жан), атайман атану (мықтысы, күштісі); ауылнай басы; жауырына қонды көбе сыймау (ұрыста жеңілмеген)* т.б.

6. Көңіл-күйге қатысты: *көзін қамау (алдау); ақылды белден алдыру (ақылды тыңдамау); өкпесі торығу (сазайын тарту); желке терісі құрысу (ашулану); жүрекке сары су болу (уайымдау); мүйізі бұлтқа жете жаздау (қуану); топқа жаяу бару (қадірі кету); жағасына қол тию (зәбір көру); аттың басын тартпау (қаймықпау, жауына қарсы тұру); саусағын жерге түсірмеу (ұлмеу, асқақтау)* т.б.

7. Әр түрлі ұғымға қатысты: *арғымақ сайлау (жауға аттану); хан-талау қылау (үлесіп алу); кедейдің керінен сақта, жазған [жаппар] құлда жан [шаршау] бар ма?; дат тақсыр!; билердің көтен білігі (жөнсіз билік); алпыс ала балта сындыру (көп әскерді жеңу), артқы топтан адаспау (елден қол үзбеу)* т.б.

Тарихи фразеологизмдерді де бірнеше топқа бөлуге болады:

1. Тарихи кезеңдерге қатысты: *алты сан алаш; қарағай басын шортан шалу; ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама; Қасымханның қасқа жолы; Есімханның ескі жолы; Күл төбенің басында күнде жиын; құба қалмақ заманы* т.б.

2. Әскери атақ пен қару-жарақ қатысты: *ала балта; қара нөпір қол (көп қол, әскер); алты құлаш ақ найза; білтелі мылтық; жүз басы; түмен басы; ал білек оқ; дулығалы бас; қара мылтық; қоңыраулы найза; алдаспан ауыр қылыш; сары жүн оқ; толғамалы ала балта* т.б.

3. Кеңес тұсында пайда болған тарихи фразеологизмдер: *кедейлер комитеті; партия ұясы; қызыл отау; қызыл әскер; ақ банды; ұя хатшы; қара таяқ; қазынаға түсіру; ауыспалы қызыл ту; социалистік жарыс* т.б.

Көнерген тұрақты тіркестер. Бұлар, көбіне көркем әдебиет тілінде, оның ішінде тарихи шығармаларда қолданатындығымен ерекшеленеді.

«Идиомалық тізбектер талай ғасырдың жемісі болғандықтан, бұлар да дамиды, кейбіреулері ескіріп, ұмытылып қалады. Қоғамдық құрылыстың, экономикалық жағдайдың жайына байланысты жаңа идиомалар да пайда болады. Мысалы, «Ол бір алмас қылыш» деген жаугершілік заманда айтылса, осы күнде қолданылмайды», – деп жазылған 1954 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде [2,82].

Мұндай ұмтылып, ескіріп қалған, яғни лингвистикалық терминмен айтқанда, көнерген фразеологизмдер қазіргі сөйлеу тілімізде қолданылмайтындықтан, жоғарғы стильдік реңкке ие болады.

Қазақ халқы бүгінгі таңға дейін небір замандарды басынан кешірді. Бір тіл – бір ұлт дейтін қағидаға сүйенер болсақ, заман өзгерген сайын халықтың тілдік элементтері де өзгеріп отырады. Мысалы, XV ғасырда қазақ хандығы құрылды, одан кейінгі қазақтардың басынан өткен жоңғар шапқыншылығы, қалмақтар мен қазақтар арасындағы қырғын, хандар билік еткен заман, кеңес үкіметінің орнауы, Ұлы Отан соғысы, Қазақстанның Тәуелсіздік алуы мұның барлығы да тілімізге өз элементтерін қосып, ескіргені қалып, көне элементтерге айналып отырды. Ал осының барлығы «ғалымның хаты өлмейді» дегендей әдебиетіміз арқылы, тарих арқылы бізге жетіп отырды. Әдебиетпен ұштастырып, көнерген фразеологизмдерді уақытқа қарай саралар болсақ, онда былай бөлуімізге болады деген ойдамыз.

1. Ауыз әдебиетіміздегі көнерген фразеологизмдер
2. Ескі түркі жазба әдебиетіміздегі көнерген фразеологизмдер
3. XV-XVIII ғасырдағы ақын-жыраулар тіліндегі көнерген фразеологизмдер
4. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы шығармалардағы көнерген фразеологизмдер
5. Кеңес дәуірі тұсындағы көнерген фразеологизмдер

Міне, осындай бес дәуірге бөліп қарастырғандағы фразеологизмдерге мән берер болсақ, Е.Жұбановтың Эпос тілінің өрнектері еңбегінен «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының бірнеше нұсқасындағы көнерген фразеологизмдерге мыналарды жатқызуға болар еді:

Тазшамен ойнас болып жамандатты,
Күймеде Баян деген ***бақыты қараң***

Жасымнан ерке болып өсіп едім,
Жақпас қонақ ***келдесін кесіп*** *едім.*

Нетесің босқа сұрап Сарыбайды,
Сұрасаң Сарыбайды ***мәрғау кеткен.***

Бұл мысалдардағы, қазір қолданбайтын, яғни көнерген *бақыты қараң*-бақытсыз, *келдесін кесу* - басын алу және *мәрғау кету* - келмеске кету, өлу мағыналарын білдіреді.

Мінді де күреңшені кетті дейді,
***Жылында ат құйрығы жетті** дейді*

(Қозы Көрпеш-Баян сұлу)

Осындағы «жылында ат құйрығы жетті» дегеннің мағынасын біз тек ассоциация жолымен «ұзақ жүріп жеттің деп қана түсінбесек, қазіргі тілімізде кездеспейтін құбылыс [3,126].

Ал ескі түркі жазба ескерткіштерінде қолданылған фразеологизмдер «Шежіреде» қазіргі қазақ тілінде кездеспейтін сөз тіркестері де ұшырайды. Бұлар сан жағынан өте көп емес. Мысалы: «ештеңе дей алмайды (демеді)» деген мағынада «шежіреде» - «дем ұрмады» деген тіркес қолданылған. – *Ол кіші менің бу сөзім раст келгендін соң һеч **дем ұрмады**. Білекеч султан... **көз іліб йазмас** мерген екендур, арабаның ічінде Йатыб тік иүкүнүб туруб онлы уа соллы атғаныға **көз икермес** екендур.* Қазіргі қазақ тіліндегі «құралайды көзге атқан» немесе «көрінгенді қалт жібермейтін (мерген)» деген мағынада «шежіреде» «көз іліб йазмас» фразеологизмі, ал «көз ілеспес (шапшаңдық)» дегеннің орнына «көз икермес» тіркесі қолданылған [4,93].

Қазақ әдебиетінің тағы бір кезеңі XV-XVIII ғасырдағы ақын-жыраулар поэзиясында кездесетін тұрақты тіркестер жайлы Г.Боранбаева XV-XVIII ғасырдағы қоғамдық құрылысқа, әлеуметтік басқару жүйесіне байланысты және бұл күнде қолданылмайтын қару-жарақ, құрал-сайман атауларына қатысты фразеологизмдер қазір түсінікті болғанымен, қолданыста сирек кездеседі. Мысалы, *ала балта, ала білек оқ, дулығалы бас, боз орда* т.б. фразеологизмдер», – деп келтіреді өз диссертациясында.

Қазіргі әдеби тілде **тұл** сөзі қатысатын мынандай тіркестер бар: тұлан тұту – «ашулану», тұл қатын – «жесір әйел», тұл болу – «иесіз қалу» XVIII ғасырда Бұхар жырау тілінде ***жер тұлдану*** деген фразеологизм кездеседі.

Сегіз қиыр шартарап,
***Жер тұлданып** тұрмасқа.*

«Жер иесіз қалу, шапқыншылыққа ұшырау» деген тіркестердің образды түрі – XVIII ғасырда қолданылған ***жер тұлдану*** деген фразеологизм [5,104].

Ал енді XIX ғасырдың II жартысындағы ***хатқа тізілу*** – «айыпты адам ретінде аты жөні жазылып, есепке алыну» (Жігітектен отыз адам хатқа тізіліпті); ***бойын кездеу*** – «тұтқындалған адамның түр тұрпатын көрсететін белгілерді қою» (Болмаса сұр шекпенді кигізіп, бойын кездеп айтқанша тоқтаспасын); ***молда болу*** – «сауатты адам болу» (Балам, молда болдың ба?) деген етістіктер бұл күнде көрсетілген мағыналарда қолданудан шығып қалған сөздер. Бұларды жазушы кейіпкерлер аузына салып, сол тұстың сөйлеу үлгісін шынайы түрде берген», – деп түсіндіреді ғалым Р.Сыздық [6, 180].

Біздің смена жеңіс вахтасында тұрып, ***ауыспалы Қызыл туды*** *қолдан шығармай келеді* (Ә.Сатыбалдиев).

Осындағы «ауыспалы Қызыл ту» - кеңестік дәуірде жарыста жеңіске жеткен коллективке, жеке адамдарға берілетін ту. Бұл тіркес те осыдан 20-30 жыл бұрын ғана қолданылса да, қазіргі тілімізде көнерген элементке айналып отыр.

Ойбай-ау, тіпті ***қара қағаз*** *алғандар да отырған жоқ па. Саған не болған – сонша.* (Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі).

Осы мысалдағы қара қағаз тіркесі Ұлы Отан соғысы кезіндегі қаралы хатты білдірген.

Сондай-ақ, кеңес дәуірінде қолданылған мынадай фразеологизмдерді келтіруге болады*: арғы бетке өту* (ел тұрғындарының шет елге кетуі); *жаппай сауат ашу; қызыл отау; қырғи қабақ соғыс; ауыспалы қызыл ту; тың көтеру; мойнына ақша міну; комсомол комитеті; әйел теңдігі; Орталық комитет; бесжылдық жоспар* тәрізді тіркестер көнерген элементтер қатарына өтті.

Бұл көнерген элементтер қазіргі ауызекі сөйлеу тілімізде қолданылмағанмен Р.Сыздықтың айтқанындай белгілі бір жағдайларда кітаби фразеологизмдер ретінде қолданылады. «Көне сөздер олардың көнерген (архаизм) деп аталатын түрлері де бірнеше мақсат көздей жұмсалады. Көнерген сөздер бұл күнде қолданыстан қалып, мағыналары көмескі тартқандар, орнын өзге тұлғалар басқан сөздер, ал тарихтық сөздер бұл күнде қолданыстан шығып қалған заттардың, құбылыстардың, ұғым-түсініктердің атаулары, сондықтан бұлардың жұмсалуы тек қана зәрушіліктен тууы қажет. Ал зәрушілік туғызатын фактордың бірі – өмір шындығын дәл суреттеу принціпін ұстау [6,201].

Демек, заман шындығын танытатын көне элементтер: жеке атаулар, сөз жұмсау модельдері, сөз құрастыру үлгілері, көне жалғау-жұрнақтары мен ескіше сөз қосарлар тәрізді көнерген тұрақты тіркестер де көркем әдеби тіл нормасына сай түсетін, орынды қолданыстар болып саналады. Көркем шығармаларда өмір шындығын нақты көрсету үшін көнерген тұрақты тіркестердің қолданылу уақытына байланысты көркем шығармаларда қолданылуы орын қолданыс деп танылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
2. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ғылым, 1954. – 564 б.
3. Жұбанов Е.Қ. Эпос тілінің өрнектері. – Алматы: Ғылым, 1978. – 184 б.
4. Әбілқасымов Б. Әбілғазының «Шежіре-и-түркі» атты шығармасындағы тұрақты тіркестер // Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1983. – 82-97-бб.
5. Боранбаева Г.С. XV-XVIII ғ. Қазақ поэзиясы тіліндегі фразеологизмдер. Филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 1994. – 169 б.
6. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІНІҢ ӘДЕБИ-КӨРКЕМДІК МӘНІ

Б.С. Қорғанбеков
ф.ғ.к., доцент
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Аннотация. *Ценностный статус хикметов Ходжа Ахмеда Ясави постоянно менялся по времени. Несмотря на то, что оценка и научный взгляд на хикметов как на литературное наследие превалировали, есть много нерешенных задач и в этом плане. В настоящее время выясняется актуальность исследования их с позиции восточной и исторической поэтики. Так как хикметы ориентированы на устное исполение, появляется неоходимость выявить их соотношение с устной поэзией.*

Ключевые слова: *Ясави, хикмет, восточная поэтика, историческая поэтика, фольклорная поэтика, литературный жанр, индивидуальная устная литература.*

Abstract: *The valuable status of hikmet of Hodge Ahmed Yasavi constantly changed on time. In spite of the fact that assessment and a scientific view on hikmet as on the literary heritage prevailed, there are many unresolved tasks and in this plan. Now relevance of their research from a position of east and historical poetics becomes clear. As hikmet are focused on an oral execution, the necessity appears to reveal their ratio with oral poetry.*

Keywords: *Yasav, hikmet, east poetics, historical poetics, folklore poetics, a literary genre, individual oral literature.*

Бүгінгі таңда Қожа Ахмет Ясауидің ілімі мен мұраларының қазақ ұлттық дүниетанымы мен мәдениетінің негізі болғандығы жиі айтылуда. Шындығында да, соңғы жылдарда жүргізілген зерттеулер нәтижесі мұны растайды. Ал Ясауи мұраларының ішіндегі ең танымалы әрі ықпалдысы «Диуани хикмет» екені кәміл. Хикметтердің құндылықтық мәні өзінің пайда болған заманынан бастап, біздің заманымызға дейін түрлі сипат алып келді. Әуел баста ол Құранның мәні деп бағаланғандықтан, халық арасында қасиетті саналып, кие тұтылғаны анық.

«Диуани хикмет» Ясауи ілімін насихаттау мен халыққа сіңірудің басты құралы болды. Оның халыққа түсінікті тілде жазылуы, эстетикалық әсерлілігі, адресаттық ауқымдылығы, мән-мағыналық көпқабаттылығы ықпал ету қуатын барынша арттырды. Кеңестік кезеңге дейінгі қазақтың әрбір отбасында еңкейген кәріден бастап жас балаларға дейін Ясауи хикметтерін әуендетіп айтып жүрген. Хикметтерді толық меңгерген адамдарды жұртшылық «хафиз» деп атаған. Құранды түгел жатқа білетіндерге берілетін бұл атақ автордың: «Мени хикматларим фарман-субхан, Оқыб уқсаң hамма мағна: қуран» [1,428], – деген сөзінен туғаны күмәнсіз. Қазақ әйелдері хикметтерді бесік жыры ретінде айтып, нәрестелерін тербететін болған [2,98]. Хикметті жатқа білетіндердің көптігі Ясауи ілімінің жалпыхалықтық сипат алуының кепілі болатын.

Хикметтердің бастапқы атқарымдарының бірі – хал ілімінің насихат құралы, мектеп-медреселердің негізгі оқулығы болса, бертінірек ұжымдық, отбасылық рухани тәрбие құралына айналды. Ал кеңестік кезеңде оған философиялық және әдеби мұра сипатында көбірек назар аударылды. Әсіресе, оны әдеби туынды деп танудың басымдығы ғылыми

зерттеулерден байқалды. Түрік әдебиеттануындағы М.Ф. Көпірілінің, Н.Банарлының, К.Ерасланның, өзбек әдебиеттануындағы Э.Хаққуловтың, Н.Хасанның, Э.Рустамовтың зерттеулері сияқты, қазақ әдебиеттануындағы Қ.Жұбанов пен Ж.Жолаевтың, Х.Сүйіншәлиевтің, Р.Бердібайдың, М.Жармұхамедұлының, Н.Келімбетовтің, М.Мырзахметұлының, С.Дәуітұлының, А.Ахметбектің, А.Әбдірәсілқызының ізденістері де осы бағытта жүргізілген. Алайда бұл зерттеулердің дені хикметтерге кезеңдік поэтика тұрғысында қараған. Тіпті көпшілігінде хикметтердің көркемдік пішініне бүгінгі әдебиет талабына сай өлшеммен баға беріледі.

Хикметтердің көркемдік жетістіктері мен әсерлілік әлеуеті тарихи поэтика тұрғысында ғана толығырақ ашылары аян. Ал бұның кешенді әрі ұжымдық зерттеулермен ғана іске асу мүмкіндігі бар. Хикметтердегі қазірге дейін оқырманды сезімге бөлеу қасиетін жоғалтпаған тілдік-образдық құралдардан басқа тұрмыстағы жиі қолданыстың себебінен мұндай мүмкіндігінен айырылған түрлері де болуы мүмкін. Құндылықтық зор мәртебесіне орай, «Диуани хикметтің» жалпыхалықтық сөйлеу тіліне ықпалы күшті болғанын ескерсек, мұндай таптаурын күйге көшкен көркемдік құралдардың аз болмағанын болжай аламыз. Хикметтердің эстетикалық қуатын дұрыс бағамдауда осы мақсаттағы ізденістер өте қажет-ақ. Әрине, мұндағы әсерліліктің эстетикалық факторлармен, көркемдік құралдармен шектелмесі тағы белгілі. Хикметтердің ең күшті сезім оятарлық күші оның мазмұнына да, оны қабылдаушы санаға да көбірек қатысты. Жаратушы ұлықтығы мен өзінің әлсіздігін терең сезінген сана мен түйсіктің шығармадағы Иlаһи мазмұнды өзгеше күйзеліспен әрі өзгелер үшін тылсым ләззатпен қабылдары даусыз. Бұл – хикмет әсерінің уақыт пен кеңістіктік тұрғыда өзгермейтін жағы. Тек қана қоғамда мұндай сана мен түйсік өкілінің аз не көп болуына байланысты хикметтердің құндылықтық дәрежесі ғана өзгеріп отырады.

«Диуани хикметті» тек әдеби туынды сипатында қарастырғанда да, оның айқындалуы тиіс мәселелері әлі өте көп. Соның ең бастыларының бірі – жанр мәселесі. А.Әбдірәсілқызы өз зерттеуінде [3] хикметті симбиоз жанр деп көрсеткен. Алайда бұның күмән туғызатын тұстары жоқ емес. Мәселен, жанр атауы бір типтегі шығармалар тобының тікелей мазмұнына немесе пішініне қатысты атаулардан, нақтырақ айтсақ, туындының өзіне тән сипаттардан пайда болса, «хикмет» сөзі шығарма меншігіне тәуелді емес, «Жаратушыдан келетін ілім» деген одан тыс мағынаға ие. Сонда ол тіпті шығарма тұрмақ, автордың да шығармашылық еңбегіне тиесілі емес мәнде қабылданады. Оның үстіне, «Диуани хикметтің» жанрлық ерекшелігі әрісі Шығыс әдебиеті, берісі сопылық поэзия контексінде қарастырылуы керек. Ал бұл мәселелер тек қазақ әдебиеттануының ғана емес, әлемдік гуманитарияның нысаны болғандықтан, хикметті жанр ретінде зерделеу де осы деңгейде жүргізілуі қажет. Хикметті жанр ретінде мойындаудың әлемдік көлемде жүзеге шықпағанын ескеруіміз тиіс. Оның есесіне, Ясауидің Шығыс әдебиетінде бұрыннан бар көптеген жанрлар аясында жазған шығармаларын «хикмет» атауы аясында топтастырғанын көреміз. Ал жай ғана жинақталған шығармалар симбиоз бола алмайды. Симбиоз болуы үшін бірнеше түрдің ықпалдасуынан жаңа бір түр шығуы тиіс.

Ясауи жинағындағы хикметтердің дені Шығыс әдебиетіндегі жанрлар шеңберінде жазылған. Тіпті біз үнемі төл фольклорымызбен байланыстыратын «Пейіш пен тозақтың айтысының» да шығыстық төркіні байқалады. Шығыс әдебиетіндегі *муназара* жанры осы хикметтің басты сипаттарын қамтиды. *Муназара* – Таяу және Орта Шығыс елдері әдебиетінің поэтикалық жанры. Жанр атауы араб тіліндегі «талас», «пікірсайыс» деген мағынадағы сөзден шыққан. Онда әрқайсысы өзінің артықшылығын дәлелдеуге тырысатын қарсыластардың егесі бейнеленеді. Унсури сияқты ақындар муназараны өзінің қасидаларына қосқан. Ондағы сөз таласы мақтау арнаған тұлғаны дәріптеумен аяқталып отырады. Муназара парсы-тәжік әдебиетінде де көне замандардан бар. III-IV ғасырларға жататын «Драхт Асурик» атты шығарма – парсы-тәжік әдебиетіндегі муназараның ең көне үлгісі болып табылады. XI ғасырдағы шайыр Асади Тусидің қасидаларында да «Күн мен түннің таласы», «Аспан мен жердің таласы» сияқты муназаралары бар. XV ғасырдағы өзбек әдебиетінде Ахмадидің «Музыкалық аспаптар таласы», Яқинидың «Жебе мен жайдың таласы» атты осы жанрға жататын шығармалары белгілі [4,1017]. Зерттеуші А.Әлібекұлы айтыс үлгісін пайдаланудың Сайф Сараида да бар екенін айтып, ақынның «Байлық пен жарлылықтың пікірталасы» атты шығармасын муназара жанрына жатқызады [5,161].

Негізгі нысаны Жаратушы және рухани әлем болғандықтан, хикметтерде өмірлік, тұрмыс-тіршілікке қатысты мәселелер тым аз айтылады. Бірақ қарапайым халық хикметтерге аса құрметпен қарағандықтан, осы аз айтылған жайттарға да мұқият зер салған. Соның нәтижесінде, бұл мәселелер қазақ фольклордағы және авторлы ауыз әдебиетіндегі дәстүрлі тақырыпқа айналып, олар жанрлық сипат ала бастаған. А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы сияқты ғалымдар оларды жеке жанр ретінде қарастырған. *Мақтау, даттау, болжау, насихат сөздердің* дәстүрге айналуында хикметтердің ықпалы күшті екені анық. Ал *ғұмырнамалық, өмірбаяндық* тақырыптар көне түркі фольклоры мен әдебиетінде бұрыннан бар болғанымен, оның қазақ фольклоры мен авторлы ауыз әдебиетінде ерекше өркендеуіне ғұмырнамалық хикметтердің күшті әсер еткені даусыз. Бұл да Шығыс әдебиетінде бар дәстүр.

Шығыс әдебиетіндегі сияқты қазақтың ауызша әдебиетінде стильдік тәсілдердің жиынтығы, кейіпкерлер типтері, сюжеттер, жанрлар дәстүрмен бекітіледі. Дәстүршіл поэтика ықпалындағы автор өзінің шығармашылық еңбегін каноннның сыртында емес, ішінде жүргізсе де, ол канон оған жеткілікті дәрежеде өзін көрсетуге, сомдаған образының бойында белгіліні белгісізбен, дәстүрліні даралықпен үйлестіруге мүмкіндік береді. Алайда бұл мүмкіндіктер қазіргі әдебиеттегіге мүлде ұқсамайды. Осы тұрғыдан қарағанда Шығыс әдебиеті мен Ясауи хикметтерінде, сондай-ақ қазақтың ауызша әдебиетінде өзара ұқсастықтар мол. Осыдан келіп, бұлардағы жанрлар ұқсастығы да туындайды. Кәсіби жазба әдебиетте жанр құраушы элементтерден жанрды айқындаушы элементтер көбіне шығарманың пішінінен сараланса, Шығыс әдебиеті мен қазақтың ауызша әдебиетінде

бұл мәселе мазмұн аясында, әсіресе, тақырып тұрғысында айқындалады. Мәселен, ауызша әдебиетіміздегі *мақтау* жанры Шығыс әдебиетіндегі *мадхияға, даттау – мазаммматқа, жоқтау – мәрсияға жақын.* Бұл жанрдың бәрі, негізінен алғанда, дәстүрлі-тақырыптық тұрғыда жіктелген.

Өкінішке орай, қазақ ауызша әдебиетінің жанрлары бізде тереңірек тексерілмеген. *Толғау, терме, арнау* сияқты жанрлар арнайы зерттеу нысаны болғанымен, ауызша әдебиеттің тұтас жанрлар жүйесі толықтай қарастырылған жоқ. Олардың да шығыстық баламалары барлығы көп күмән туғызбайды.

Қазақтың ауызша әдебиетінің поэтикасы кәсіби жазба әдебиет сияқты көркем модальдылыққа емес, Шығыс әдебиеті сияқты дәстүрлілікке құрылған. Дәстүрлілік кие тұтылатын мұндай поэтиканы кейбір әдебиеттанушылар «эйдетикалық» деп атап жүр. Дәстүршіл бұл поэтиканың синкретизм дәуіріндегі (фольклорлық) поэтикамен ортақ тұстары да бар, сонымен қатар, одан елеулі айырмашылығы да бар. Оларға ортақ ең басты сипат – тепе-теңдік эстетикасы. Ал дәстүршіл поэтиканың алдыңғыдан (фольклорлықтан) ерекшелігі – мұнда автордың орны елеулі. Ал классикалық жазба әдебиеттен өзгешелігі – авторлық сезім, авторлық «мен» әлемнен дербес күйде көрінбейді. Бірақ бұл деген сөз авторлық тұлғаның түбегейлі жоқтығын немесе оның шаблонды екенін білдірмейді. Сондай-ақ «жаңаға» немесе «қайталанбас даралыққа» бағытталған қондырғының түбегейлі жоқтығын да көрсетпейді, бірақ бұл «жаңа» мен «қайталанбас даралық» басқаша ұғынылды және ол дәстүр мен канонға қарсы қойылмайды: жаңа нәрсе дәстүрдің ішінде, қайталанбас даралық канонның ішінде өмір сүреді [6,117].

Осы тұста тағы бір жайтқа көңіл бөлу қажет болады. Ол – Ясауи хикметтеріндегі кейіпкер мәселесі. Зерттеушілердің көбі оны «лирикалық кейіпкер» деп атап жүр. Бұл мәселені әлі де тереңірек қарастыру керек. Өйткені хикметтерде қазіргі лирикаға тән лиризм, әр түрлі көңіл-күй типтері, медитациялық бастау, экспрессиялық әсер, ең бастысы, поэзия үлгісінде жазылуы сияқты белгі-қасиеттер мол болғанымен, оны лирикаға толық жатқызбайтын ерекшеліктері де одан кем емес. Оның ең бастылары: хикметтер қазіргі лирика сияқты эстетикалық қабылдау үшін шығарылмаған және мұнда лирикадағыдай реалды автор мен шығармадағы бейненің (лирикада – лирикалық кейіпкер) арасындағы елеулі айырмашылық жоқ. Сол себепті хикметтердегі бейнені әрдайым «лирикалық кейіпкер» деп атаудың жөні келе бермейді. Әдебиет теорияшысы С.Н.Бройтман мұндай канондық жанрлардағы автор бейненленуші емес, бейнелеуші, сомдалушы емес, сомдаушы екенін тілге тиек ете отырып, «Сондықтан өзінің де, өзгенің де образын сомдауы мүмкін екендігіне қарамастан, ол *образ емес.* Бірақ автор образы мен тудырушы-автор – мүлдем бөлек феномендер. Тудырушы статусында автор өз шығармасына қатысты тек оның ішінде ғана қалып қоя алмайды: ол оған қатысты сыртқы өмірлік тұрғыны әрдайым ұстануы керек» [6,132], – дейді. Онда мұндай канондық жанрлардағы басты бейнені қалай атаймыз

деген сауалдың туындары сөзсіз. Бұған жауапты автордың өмірлік тұлғасы мен оның шығармадағы бейнесінің арақатынасын сөз еткен еңбектерден іздеген дұрыс. В.Е.Хализев осы мәселені А.С.Пушкин шығармашылығына қатысты қарастырған орыс философы С.Л.Франктың «Көркем шығармашылықтың негізінде жеке өмірдің эмприкалық тәжірибесі емес, рухани тәжірибе жатады», – деген сөзін келтіре отырып, шығармадан танылатын автордың реалды автормен бір емес, бірақ олар бір-бірімен тығыз байланысты, реалды автор мен автор бейнесін бір-бірімен байланыстыратын рухани тұлға деп есептейтін көзқарастың да өзіндік орны бар екенін айтады [7,65]. Сөйтіп осы концепцияларды негізге ала отырып, Ясауи хикметтерінен танылатын бейнені, ретіне қарай, «рухани тұлға» немесе «рухани қаһарман» деп атаған дұрыс сияқты. Өйткені бұл жерде көркем ойдан шығарудың үлесі мүлдем аз. Ал хикметтердегі медитация уақыттық айырмашылықтың ғана жемісі болуы мүмкін. Яғни Ясауи хикметтердегі көңіл-күйді сол сәтінде ғана емес, бір кезде өзі басынан кешірген ахуалды қайта есіне алып бейнелеуі мүмкін. Бірақ мұнда ойдан шығарудың мардымсыз, тек еске түсірудің ғана басты орында болатынын ұғыну қиын емес. Осыған орай, біз көп жағдайда «рухани қаһарман» атауын қолдануды дұрыс деп санаймыз. Ал бұған қатысты «лирикалық кейіпкер» атауын пайдалана қалсақ та, оны шартты түрде қолданған дұрыс сияқты. Өйткені кейбір хикметтерде автор өз-өзін сырттай бақылаушы, өз-өзіне баға беруші ретінде көрінеді. Сөз жоқ, мұндай сәттерде шығармашылықтың көркемдік қызметі белсенді болады.

Қазірге дейін көркемдік қуатын жоймаған хикмет пішінінің қатарында кейіпкерді, өлең құрылысын, кейбір ұйқас, құбылту, айшықтау, ажарлау түрлерін атауға болады. Бұл тұрғыда хикметтердің аруз өлшеміне құрылған шығыстық поэзиядан гөрі халық поэзиясымен туыстығы байқалады. Сондай-ақ шығыстық сопылық поэзияға қарағанда, мұнда символ, тұспал аз. Осы орайда, хикметтердегі адресатты есепке алып отырудың да көркемдік мәселелерін шешуге көп жеңілдік беретін жол екенін айта кеткен жөн. Ұлы сопының жаратқан Иесіне жалбарынған хикметтері бұрынғы сопылық поэзия үрдісімен үндесіп жатуы заңды. Ал күнәһар пенделерге, дәруіштерге т.б. нақты тұлғаларға арналған шумақтарда сопылық термин-атаулардың азырақ қолданылуы да түсінікті. Оның есесіне, мұндай туындылар халықтық дүниетаным мен тұрмыс-тіршілік көріністерін молырақ бейнелеуге мүмкіндік алады. Осы тектес хикметтердің халықтық поэзияға жақын болмағы да заңды. Осындай хикметтерде халық фольклорына тән формулалық түрлері де байқалады. Мысалы,

Қул Қожа Ахмад, хақ хизматида жан бермаса,
Дехһан ирмас кетман шапиб нан бермаса.
Ачилмағай гул ғунчаси нам болмаса,
Нечук ғилаж итаримни билмам, достлар [1,284], –

деген шумақтың екінші және үшінші тармағы фольклорлық тілдік формулаларды еске түсіреді. Жыр жолдарындағы негізгі айтылып отырған

ойдан мағыналық, мазмұндық жағынан оқшауланып тұру – тілдік формулалардың басты ерекшелігі [8,69]. Сондай-ақ мағыналық дербестігі бар жолдарды қолданып отыру – қара өлеңдердің де басты белгілерінің бірі. Қазақтың қара өлеңін фольклорлық жанр ретінде қарастырған Б.Уахатов оның 8 ерекшелігінің қатарында осы белгісін де: «Әр шумақтың алдыңғы бір не екі жолы негізгі айтылар оймен тікелей байланысты болмайды, сырт тұрады» [9,235], – деп атап өтеді. А.Сейдімбеков болса, осы пікірдің «байланысты болмайды» деген тұсына келіспеушілік білдіріп, «Қара өлеңдердегі ой-тұжырым көбінесе дедуктивті формада, яғни силлогизм тәсілімен айтылады. Мұндайда өлеңнің алғашқы екі жолындағы ой дәстүрлі ұғым жүйесі бойынша екінші бір ойдың образдық, символдық, емеуріндік айғағы немесе шендестірілген постулаттық негізі болып отырады да, сол ой-айғақ өлеңнің үшінші және төртінші жолында айтылар тоқ етер түйін идеяға қызмет етіп отырады» [10,67], – дейді. Жоғарыда айтылған хикмет жолдарының да негізгі оймен осылайша байланысып тұрғаны күмәнсіз. Бірақ мұндағы образдық салыстыру қарама-қарсы, яғни шендестірілген мәнде емес, қатар қойып, салыстырған түрде болып отыр, демек мұны параллелизм сипатында қарастырмақ ләзім.

Хикметтер мен қазақ фольклорында бейне сабақтастығы да мол. Халық эпостарындағы бала тілеп, әулие-әнбиелерді іздеп шыққан перзентсіз ата-ана бейнесі мен олардың тартқан азабы хикметтердегі дәруіштерді еске түсіреді. Екі шығармашылық түріндегі Қызыр-Ілияс, пірлер және метафизикалық бейнелер сомдалуы жағынан бір-біріне өте жақын. Бұл, бірінші кезекте олардың сыр түрінде бейнеленуінен байқалады. Сюжетті хикметтердің қазақ фольклорындағы діни және хикаялық дастандармен байланысы күшті.

Қожа Ахмет Ясауидің өз хикметтерін ауызша поэзия дәстүріне бейімдеп шығарғанын танытатын поэтикалық форманың бірі – дыбыс үндестігі. Хикметтерде ассонанс пен аллитерацияның *көлбеу* және *тік* түрлері аз кездеспейді. Дыбыстық негізде жасалған көркем тәсілдердің жазба әдебиеттен гөрі ауыз әдебиетінде жиі қолданылатын жөні бар. «Халық өлеңінде және халық ақындары өлеңінде дыбыс әуезі әнмен мінездес, онымен біте қайнасқан. Сөз өнері әу баста есту мүшесіне байланысты дамып өркендеген. Соған сәйкес өлең тармақтары тепе-тең, нақпа-нақ түсіп, тәртіпті түзіліс пайда болған (әуезділіктің өзі ырғақтылықта). Мұның арқасында өлеңнің дыбысталу жүйесі әсем әуенмен көмкерілген. Демек, әуелде өлең шығарудың негізгі әдіс-амалы ауызша айту болса, ауызша айтылған өлеңді белгілі бір өлшемге салып реттеуші – есту мүшесі» [11,79], – деген С.Негимов пікірі халықтық поэзияның негізгі ерекшелігінің пайда болу себебін көрсетіп тұр. Өлең әуезділігін арттырудағы ассонанс пен аллитерацияның орны өлшеусіз. Хикмет жолдарында «***Т***оқузимда ***т***олғанмадим ***т***оғри иолға», – дегендей аллитерация мен «***О***тиз иашда ***о***тун қылыб куйдирдилар», – деген сияқты ассонанс түрлері жиі көзге түседі.

Хикметтерде ішкі ұйқас өте көп қолданылады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін нақты мысалдар келтіріп, ұйқас түрлерін майлы және жай курсив ақылы көрсете кетейік: «Жафа *тартиб* яратқанға болды *кариб*», «Мадинага Расул *барыб* болды *ғариб*», «Кузи *иашлық*, халиққи *башлық,* кади калал», «Хақни ***табқан*** *узи* ***пинһан,*** *сузи* пинһан», «*Халим* ***хараб,*** *бағрим* ***кабаб,*** көзим ***праб***», «*Закир* болыб, *шакир* болыб, хақны табтым», «*Яман ишим, қылмышларим* хазир болса», т.с.с. Өзбек әдебиеттанушысы, филология ғылымдарының докторы Эргаш Рустамов: «Кейбір хикметтерді ғажайып ішкі ұйқастар әуенге бөлеп, әуезді етіп тұрады. Бұл да халықтың ауызша шығармашылығына тән» [12,33], - дейді.

Хикметтердің тілдік қолданысы мен ырғақтық өлшемі қазақ фольклоры мен ауыз әдебиетіне етене жақын. Бұл, әсіресе, фразеологизмдер мен концептуалдық мәні бар эпитет, метафора, символ түрлерінен және өлең ырғағындағы бунақтың таңдаулы орнынан анық көзге түседі. Хикметтер мен қазақ фольклорындағы 7-8 буынды өлең өлшемінің жауынгерлік рухқа қатыстылығы, оның «ләә илаһа илла Аллаһ» калимасымен ырғақтық сәйкестігі және бейнелеу құралдарында көшпелілер өмірі мен дала суретінің басымдығы – олардың мазмұндық-пішіндік туыстығының қалтқысыз дәлелі.

Қожа Ахмет Ясауидің кейінгі қазақ фольклоры мен ауыз әдебиетінде кең қанат жайған көне түркі фольклорындағы жанрлық белгілерді, көркем тәсілдерді, бейнелерді пайдалануы хикметтерді фольклорлық поэтикаға барынша жақындата түскен. Ясауидің айтыс үлгісінде хикмет жазуы, жоқтаудың кейбір композициялық құралдарын пайдалануы, дербес ойды білдіретін дидактика түрлерін термеге тән үлгіде біріктіруі, бейнеленуші тұлғаның жол қиындығын сезіндіру үшін тел оппозициялы ұғымдарды көркемдік тәсіл сипатында жұмсауы – соның жарқын мысалы. Хикметтердің мінәжаттық мазмұны фольклордағы бата жанрына және халық эпостарындағы жырлаушы мен кейіпкерлердің жалбарыну сөздеріне үлгі ретінде қызмет еткен. Біз өз зерттеуімізде [13] бұл мәселелерге кеңінен тоқталған болатынбыз.

«Диуани хикметті» өзінің көпсалалы атқарымы деңгейінде ғана емес, әдеби мұра сипатында зерттеудің де өзекті мәселелері өте көп. Атап өткеніміздей, оны Шығыс әдебиеті контексінде қарастырудың ділгірлігі бар. Сондай-ақ оның көркемдік құралдарын тарихи поэтика тұрғысында тексеру де тың жатқан мәселе. «Диуани хикметті» дербес күйде зерделеудің өзі оңай шаруа емес. Ал оның көптеген тылсымдары қазақ әдебиетінің басқа да аз зерттелген салаларын айқындаумен қатар ашылатыны аңғарылады. Мәселен, қазақ авторлы ауыз әдебиетінің жанрлары толыққанды сараланған жоқ. Бұл мәселе дұрыс шешілсе, «Диуани хикметтің» де әдеби дәстүрдегі орны нақтылана түспек. Атүсті қарағанның өзінде, қазақ авторлы ауыз әдебиетіндегі жанрлардың Шығыс поэзиясы мен көне түркі фольклорының синтезінен туғаны анық сезіледі. Бұл синтездің басы тағы да «Диуани хикметте» жатқаны күмән туғыза қоймайды. Осы тұрғыда хикметтермен қатар, қазақтың ауызша әдебиеті

жанрлары да терең зерделенуі тиіс. Демек бұл хикметтерге тереңірек ғылыми бойлаудың жекелеген ғалымдардың мүмкіндігі мен бастамашылдығына ғана емес, қазақ әдебиеттануының табиғи дамуына да тәуелді екенін көрсетеді.

Біз Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерінің тереңіне бойлаған сайын өзімізді де айқынырақ тани түсеміз. Тек кешенді тексерулер ғана емес, дербес ғылым саласы тұрғысындағы ізденістер де осы ізгі бағытқа үлес болып қосыла бермек. Белгілі ғалымдардың ясауитануды қазақ әлемін зерттеудің алғышарты деп қарауы да сол себепті екені даусыз[14]. Бұдан хикметтерді қай тұрғыда да талдаудың ғылыми ғана емес, мәдени, рухани, саяси маңыз алатыны белгілі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Йасауи Қ.А. Хикмет жинақ: Даналық сыр. – Алматы: Жалын, 1998.
2. Материалы по основным вопросам религии: в помощь лектору. Сборник – Астана: АДР РК, 2014.
3. Әбдірәсілқызы А. Қожа Ахмет Йасауидің ақындық әлемі (монография). – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007.
4. Краткая литературная энциклопедия: В 9 т. Т. 4 / Гл. ред. А.А. Сурков. Москва: Советская энциклопедия, 1967.
5. Әлібекұлы А. Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-қыпшақ әдебиеті (дамуы, әдеби өкілдері, өлең өлшемі). Монография. – Алматы: Арда, 2008.
6. Теория литературы: Учеб. пособие для студ. филол. фак. высш. учеб. заведений: в 2 т. / Под ред. Н.Д.Тамарченко. – т. 2: Бройтман С.Н. Историческая поэтика. Москва: Издательский центр «Академия», 2004.
7. Хализев В.Е. Теория литературы. Учебник. 2-е изд. – Москва: Высшая школа, 2000, с. 198-199.
8. Лорд А.Б. Сказитель. Пер. с англ. и коммент. Ю.А.Клейнера и Г.А.Левинтона. Послесл. Б.Н.Путилова. Статьи А.И.Зайцева, Ю.А.Клейнера. Москва: Издательская фирма «Восточная литература»» РАН, 1994.
9. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. Алматы: Ғылым, 1974.
10. Мың бір маржан (Қара өлең табиғаты). Ғылыми түсініктемесін жазып, қара өлең нұсқаларын жинап, құраст. А.Сейдімбеков. – Алматы: Өнер, 1989.
11. Негимов С. Өлең өрімі. – Алматы: Ғылым, 1980.
12. Рустамов Э. Ахмад Яссавий хикматларида тарих ва хаёт садоси//Хожа Ахмад Яссавий: хаёти, ижоди, анъаналари: тупловчи ва нашрга тайёрловчилар И.Хаққул, Н.Хасан ва Азиза Бектош; мас. мух. С.Рафиъиддин. – Тошкент: Узбекистон Ёзувчилар уюшмаси Адабиёт жамғармаси нашриёти, 2001.
13. Қорғанбеков Б.С. Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» және қазақ фольклоры//толықтырылып, екінші рет қайта басылуы. Монография. Астана: Сарыарқа, 2012.
14. Нысанбаев Ә. Қожа Ахмет Иассауидің дүниетанымы мен философиясы//Қазақ даласының ойшылдары (IX-XII ғғ.). Алматы: Ғылым, 1995. - 130 б.

SOME FACTORS WHICH ENABLE AND PREVENT KAZAKH STUDENTS AT UNIVERSITY

D.Baidrakhmanov
c.p.s., professor
L.N.Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan

Аңдатпа. *Бұл мақалада қазақ студенттерінің ағылшын тілін үйрену барысында қиындық тудыратын немесе жақсы оқуға мүмкіндік беретін факторлар қарастырылады. Сонымен қатар, студенттердің ағылшан тілін сәтті немесе сәтсіз үйрену себептері жөнінде оқытушылар пікірі де есепке алынады. Соңында, сауалнама және интервью қорытындылары беріліп, зерттеудің нәтижесі жан-жақты сараланған.*

Аннотация. *В данной статье рассмотрены трудности, возникающие у студентов казахских групп при освоении английского языка, и факторы, влияющие на успешное обучение. К тому же, изучены мнения преподавателей о причинах успешного или неуспешного освоения английского языка студентами. В заключении представлены результаты опроса и интервью, а также проанализированы итоги исследования.*

Key words: *language learners, language acquisition, failures, ability, effort, strategies*

1. Introduction

This research will assess the factors which enable and prevent Kazakh students at university to become successful language learners. The topic of this research has been chosen for two reasons: firstly, to understand hindrance and encouragement in learning English as a foreign language. The purpose of this paper is to understand: "Which characteristics seem to you most likely to be associated with success in second language acquisition in the classroom? Which do you think are less important?" (Lightbown and Spada, 2006: 54).

Secondly, I have met many situations with language difficulties among Kazakh students who came from rural areas and urban students who studied English from an early age, but still have problems; it is widely believed that to be a foreign language teacher, it is important to discover what takes place in English classes. I will try to identify foreign language difficulties amongst Kazakh students at the L.N.Gumilyov Eurasian National University, in Kazakhstan.

For Oxford (1992), understanding the learning conditions of students is the main factor and she believes that if teachers can understand what their students really need, this is the first step to success. She also adds that teachers should know the abilities of their students, their weak and strong sides, and after identifying the difficulties in learning a foreign language, teachers can work to improve the weak points of students.

The successful student is a learner who participates actively in foreign language learning (Ellis and Sinclair, 1989, Naiman et al., 1996). Conversely, an unsuccessful learner is a passive participant who has too little or none of the act of planning how to achieve in learning (Rees-Miller, 1993). However, Lightbown and Spada (2006) blame language teachers who speak in their native languages

when teaching a foreign language; according to their claim, not to speak in the target language prevents students from learning language successfully.

Both students, who studied English at school and those who did not, will be investigated thoroughly. It can be seen that the real reasons are from the words of students. Questions will be asked about students' opinions of their English lessons, from the everyday work experiences, and from problems which students meet in their classes. Students will participate voluntarily in a questionnaire and interviews and their confidentiality will be kept, so hopefully, all participants are able to give honest answers. This will lead our paper work and the focus of this research will, therefore, benefit both students and teachers.

The reason why paper was chosen is to understand how and why students who study English at school become demotivated and do not want to continue learning a foreign language, while novice students in English language, study successfully without school-based English language knowledge. The answers to these questions, hopefully, can be found doing this research.

2. The background

Many researches have been conducted about student learning of foreign languages (Rubin and Thompson, 1994, Naiman et al., 1996, Jallouli, 1996, Ehrman, 1996, Ehrman and DÖrnyei, 1998, Kenning, 2001, Gallagher-Brett, 2007, Jones, 2009). However, there are different opinions about the reasons for students' successes and failures in learning foreign languages; some scholars (Rubin and Thompson, 1994) consider that the main factors needed hard work and persistence, while others (Dornyei and Schmidt, 2001) believe that success and failure depend on teachers and environment. The third group (Williams, Burden and Al-Baharna, 2001) emphasise the role of cultural factors.

According to Rubin and Thompson (1994: 5), 'a good combination of talent and perseverance' is the key factor in learning language successfully. Nikolov (2001) maintains that perseverance, a willingness to study and every day work will lead to success on the basis of a study which he set up with Hungarian students. Hungarian language learners believe that perseverance and work with energy and effort are more important factors to be successful learners than natural ability, a feeling of interest or to learn a language at an early age. Rubin and Thompson (1994) also add that having good language learning aptitude helps to acquire language more quickly.

Weiner (1992) noted four reasons for both successful and unsuccessful students, such as 'ability, effort, task difficulty and luck', and he identified 'Intrinsic motivation, interest, teacher competence and mood' as the main factors which influence students to learn language effectively (cited in Williams et al., 2004: 19-20). However, Williams, Burden and Al-Baharna (2001) provide a piece of research and found that practice, support from family and teachers, exposure to the language and a positive attitude encourage students to learn a foreign language. In contrast, the following factors such as inadequate teaching methods, lack of support from family and teachers, and a negative attitude prevent learners from learning a language well.

Noels (2001: 55-56) points out the influence of teachers and parents, and environment including peer students, other teachers, and school heads, in becoming successful language learners. Ehrman and Dornyei (1998) also emphasise the importance of the peer group students in language learning. Similarly, Clement (1980, 1986) maintains that every day communication with peer students enables learners to succeed and to have the ability to acquire the language well (cited in Noels, 2001: 43-68). Others, however, believe that peer group influence is not the main reason for students' learning. Williams et al. (2004: 27) state, for example, that according to their research where they studied 285 school students in the UK who were French, German and Spanish foreign language learners, they were not influenced by their peer students much, just more than three per cent.

Ehrman (1996: 137) emphasises the role of 'anxiety' in preventing students from learning a language; it threatens directly, for example, with an unsatisfactory mark in the exam, or indirectly. He also adds that 'guilt and shame' lead to 'anxiety', and they altogether may prevent the learning process from working effectively. He also writes: "Another important element of motivation is that it is sensitive to success and failure" (Ehrman, 1996: 141).

Horwitz (1987: 124) noted that, according to her research, learners considered 'cultural knowledge and a second language environment as highly facilitative of language teaching'. In her study, she found that 94% of students think that the best way to master English is to visit a country where the English language is spoken; and 63% believed that knowledge of those countries' cultures play a leading role in learning the English language. In this study, students supported 'traditional learning strategies' for success in language learning, and more than 75% learners approved of listening activities, and 95% preferred more repetition and practice in other methods (Horwitz, 1987: 124).

The following two main questions will be explored in the present research:

1. What factors help Kazakh students to become successful or to fail in learning English as a foreign language?
2. What are teachers' opinions about their students' achievements and failures?

3. Method

3.1 Participants

Participants of this research will be first and second year Kazakh students at the L.N.Gumilyov Eurasian National University, in Kazakhstan, where I work as a teacher of English language. The participants will be aged between 17 and 19; some students enter university immediately after leaving school, whilst others after one or two years break and this depends on the United National Test results.

There will be approximately 480 students and 32 teachers in the group, both those students who learned English at school and starter learners who have not learned a foreign language before. Probably, the Language School and Kazakh-Turkish High-School leavers will be among the group who have studied English for 20 hours per week, and can speak a foreign language freely, and novice students who do not know English or even Russian, the language which

is usually helpful to learn a foreign language in Kazakhstan. The aim of the study should be explained to the students and they also will be asked to give their permission to take part in the questionnaire and interviews.

3.2 Materials

a *Questionnaires:* The questionnaire is a widely used and useful instrument for collecting survey information, providing structured, often numerical data, being able to be administered without the presence of the researcher, and often being comparatively straightforward to analyse (Wilson and McLean, 1994, cited in Cohen, Manion, and Morrison, 2000: 245).

The questionnaire will consist of three parts. In order to know the basic reasons of failure and success in learning foreign language, a questionnaire suggested by Williams et al. (Williams et al., 2004: 21) will be presented to students to answer. In order to provide students with an understanding of the English questionnaire, copies of translations from English into Kazakh and Russian languages will be offered. The questionnaire will consist of three parts, while there will be just two questions in the teachers' questionnaire.

Figure 1. Students' questionnaire

1. When I do well at learning English, the main reasons are:

(1)
(2)
(3)
(4)

2. When I don't do well at English, the main reasons are:

(1)
(2)
(3)
(4)

The same questionnaire will be given to the teachers (see Figure 2).

Figure 2. Teachers' questionnaire

1. When my students do well in English, the main reasons are:

(1)
(2)
(3)
(4)

2. When they don't do well in English, the main reasons are:

(1)
(2)
(3)
(4)

b Interview: A semi-structured interview schedule will be administered to the students. The general structure of the interview suggested by Williams and Burden (1999) will be used (see Figure 3). It will also be translated into Kazakh language

Figure 3. Interviews with students

- How well do think you are doing in English?
- Give me an example(s) of when you did well?
- What were the reasons you did well?

- Is doing well up to you or someone else?
- Do you ever not do well? Give me an example.
- What were the reasons?

3.3 Procedures

The researcher will visit the English classes and the questionnaire will be filled in by the students during class hours. The aim of the practice-based inquiry will be explained and students will be asked if they come voluntarily; their confidentiality will also be guaranteed. The process of the questionnaire with teachers will also be similar as mentioned above.

After English classes, students will be interviewed, with their permission, in English, but in some cases, the interview will be conducted in Kazakh for those who have poor listening skills and who cannot speak in a foreign language at the university. The interview will take approximately 7-12 minutes. A digital audio tape-recorder or digital camera will be used to record the semi-structured interviews.

As mentioned earlier, this practice-based inquiry will be based on such tools as a semi-structured interview and questionnaire, and Table 2 shows these types which will be used in this study, their aims, and the period of gathering data.

Table 2. Timetable with milestones.

Types	Aims	Period
1. Open-ended questionnaire (for students) 2. Open-ended questionnaire (for teachers) 3. A semi-structured interview	To understand the reasons for students' successes and failures in learning a foreign language	December, 2016 January, 2017 February, 2017

4. Ethical issues in inquiry

Participants' confidentiality will be the main issue in this practice-based inquiry, and before every questionnaire and interview, they will be asked if they would like to participate in the research. Students' and teachers' safety would be guaranteed in the inquiry and they can also be helpful and participate in further studies if they are safe and happy. I shall use data collection from the students' and teachers' interviews and questionnaire, and the whole research will be based on real conditions which take place on a daily basis. Trust between the researcher and participants will also enhance the work to make this practice-based inquiry successful.

5. Conclusion

The present research has investigated the factors what prevents students and what enables students in learning a foreign language by completing a questionnaire and an interview. Various data have been collected in order to establish the reasons for success and failure in student learning.

As the researchers and teachers with 20 years' experience of work, we are eager to find this paper helpful and the common problems which can be seen every day, so understanding the reasons is important. The researchers tend to understand the daily situations in English classrooms using this kind of inquiry

and methodological tools, particularly in Kazakhstan, where, for over 70 years, Russian has been taught as a second language. Questionnaires and interviews were taken as research instruments.

As this small-scale inquiry shows, there are many reasons for success and failure in students learning. The influence of cultural factors have been widely noticed in this study (10%). Learning strategies were also one of the main factors for success (30), and other students have considered 'anxiety' in learning a foreign language (10%).

From this research's perspectives, if the student is persistent, he or she can achieve success in learning a foreign language (40%). However, as a teacher of English language, I also highlight the need for 'teaching materials and methods' (Williams, Burden, and Al-Baharna, 2001: 178).

I support these findings, that 'shyness and inhibition' (10%) are factors which prevent students from learning a language successfully. It is widely believed that Kazakh students are quiet and shy by nature and they also dislike to speak in student groups so other factors are 'criticism' and 'being ridiculed' by their peer students. As my work experience shows, students who have not studied English before, have problems with writing, because they are not used to writing English letters. 'The peer group students' influence was not such an important factor in learning foreign language.

Students who took part in the interviews were chosen for a particular purpose, because it is clearer to understand when there is data collection from students of different levels: one of them is from a rural area who did not study English at all; the second comes from a language school where she had English classes for 10 hours per week. The third student studied at secondary school and learnt English twice a week, and finally, there are students from Kazakh-Turkish High Schools, who speak a foreign language well and had 20 hours of tuition per week. It was very interesting to understand their attributions for success and failure. Teachers' perspectives were also helpful, who are thirteen experienced teachers and nineteen young beginning teachers.

Teaching strategies are also a key tool in student learning, but it is widely believed that this depends on individuals: ability, age, sex, family background and so on. Teachers' training is very useful for students because before teaching, teachers should provide interviews or questionnaires in order to know students' abilities, which strategies are suitable for whom, and what is the best way to start the English classes.

Most students want to have relevant syllabuses and programmes in their English classes and suitable classroom activities which encourage them to learn hard and effectively. In most cases, learners' successes depend on teaching practice and classroom teachers who can provide appropriate strategies and support, and inspire students to work hard.

There are two research questions to answer, and I hope to achieve an understanding of the reasons for the prevention or enabling of students in learning a language using two recognised instruments: interview and questionnaire.

6. Implications

Through investigating other cultures' experiences in learning a foreign language, this research has assisted in finding reasons behind what both hinders and enables students to become effective learners. This work was useful for learners and teachers alike: learners may become more aware of their common problems and teachers can adopt a variety of teaching strategies appropriate for the learners' needs.

This paper directly relates to leadership and management, because when teachers teach students successfully they become leaders of students: facilitator, coach, mentor, trainer, curriculum specialist, creating new approaches, leading study groups'. It will also improve teachers' professional development, because professional development occurs when teachers have the opportunity to learn from theory and practice as part of their job. A teacher leader shows appropriate ways to students in learning, improves their achievement, and assists them in all difficult situations in order to succeed in both classroom and educational establishments. A teacher leader is a loved person who has warm interpersonal relationships with students, colleagues and the community. Good teacher leaders are supported and appreciated by both students and their colleagues, and even by students' parents and the whole organisation.

Why is it important to be leaders for teachers? It will assist them in developing all necessary personal and professional qualities. Some researchers state that there is a close link between leadership and management.

7. References

1. Cohen, L., Manion, L., and Morrison, K. (2000) *Research methods in education.* London: Routledge Falmer.
2. Dornyei, Z., and Schmidt, R. (eds.) (2001) *Motivation and Second Language Acquisition.* Honolulu: University of Hawai'i Press.
3. Ehrman, M. E. (1996) *Understanding Second Language Learning Difficulties*. California: Sage Publications.
4. Ehrman, M. E., and Dornyei, Z. (1998) *Interpersonal Dynamics in Second Language Education.* California: Sage Publications.
5. Ellis , G., and Sinclair, B. (1989) *Learning to Learn English*. Cambridge: Cambridge University Press.
6. Gallagher-Brett, A. (2007) 'What do learners' beliefs about speaking reveal about their awareness of learning strategies?' *Language Learning Journal* [online] 35 (1), 37-49. Available from <http://dx.doi.org/10.1080/09571730701315675> [5 November, 2009].
7. Horwitz, E.K. (1987) 'Surveying Student Beliefs About Language Learning'. In *Learner Strategies in Language Learning*. Eds. by Wenden, A., and Rubin, J. Cambridge: University Press, 119-129.
8. Jallouli, C. (1996) *A case study of a successful language learner: what can we learn?* Unpublished dissertation. Nottingham: The University of Nottingham.
9. Jones, C. (2009) 'Parental support and the attitudes of boys and girls to modern foreign languages'. *Language Learning Journal* [online] 37 (1), 85-97. Available from <http://dx.doi.org/10.1080/09571730902717349> [5 November, 2009).
10. Kenning, M. (2001) 'Language learning interests at university'. *Language Learning Journal*. 23 (1), 48-57. Available from <http://dx.doi.org/10.1080/09571730185200091> [7 November, 2009].

11. Lightbown, P. M., and Spada, N. (2006) *How Languages are Learned.* Oxford: Oxford University Press.
12. Naiman, N., FrÖhlich, M., Stern, H. H., and Todesco, A. (1996) *The good language learner.* Clevedon: Multilingual Matters.
13. Nikolov, M. (2001) 'A study of unsuccessful language learners'. In *Motivation and second language acquisition*. Eds. by Dornyei, Z., and Schmidt, R. Honolulu: University of Hawai'i Press, 149-169.
14. Noels, K. A. (2001) 'New orientations in language learning motivation: towards a model of intrinsic, extrinsic, and integrative orientations and motivation'. In *Motivation and second language acquisition.* Eds. by Dornyei, Z., and Schmidt, R. Honolulu: University of Hawai'i Press, 43-68.
15. Oxford, R. L. (1992) 'Research on Second Language Learning Strategies'. *Annual Review of Applied Linguistics* 13, 175-187.
16. Rees-Miller, J. (1993) 'A Critical Appraisal of Learner Training: Theoretical Bases and Teaching Implications'. *TESOL Quarterly* 27 (4), 679-689.
17. Rubin, J., and Thompson, I. (1994) *How to be a more successful language learner.* Boston: Heinle and Heinle Publishers.
18. Williams, M., Burden, R. L., and Al-Baharna, S. (2001) Making sense of success and failure: the role of the individual in motivation theory. In *Motivation and second language acquisition.* Eds. by
19. Williams, M., Burden, R., Poulet, G., and Maun, I. (2004) 'Learners' perceptions of their successes and failures in foreign language learning'. *Language Learning Journal* 30 (1), 19-29.

ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТАЛДАУ ӘДІСІ

Ә.Әбділманатқызы
докторант
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
Астана, Қазақстан
asemgul_abdilmanatkyzy@mail.ru

Аннотация. *В статье рассматривается структуралистический метод возникший в французском литературоведении 60-е годы XX века, совершивший лингвистический переворот в литературоведении. Анализируются теорий и концепций предшественников литературоведческого структурализма. Огромное внимание уделяется особенностям структруализма по структрурному анализу поэтики мифа Клод Леви Строса и повествования А.Ж.Греймаса.*

Ключевые слова: *литературоведение, методология, структурализм, поэтика, нарратология, инвариант, миф, повествование, синтагма.*

Abstract: *The structuralist method arising in the French literary criticism in the 60-ies of the twentieth century, which made the linguistic turn in literary criticism has been discussed in the given article. More over, the theories and concepts of the predecessors of literary structuralism are analyzed. Further more, the great attention is paid to the features of structuralism in structural analysis of the poetics of the myth of Claude Levi Strauss and the narrative of A. J. Greimas.*

Keywords: *literary studies, methodology, structuralism, poetics, narratology, invariant, myth, narrative, syntagma.*

Қазіргі әдебиеттану ғылымындағы әдіснамалардың барлығына әмбебаптық, бірнеше салада қатар қолданыс табу үдерісі тән. Формалистер негізін қалаған лингвистикалық структурализм әдістерін көркем мәтін поэтикасы үшін пайдаланып, әдебиеттану әдіснамасы ретінде туған құрылымдық әдіс жөнінде де осыны айтуға болады.

Әдебиеттанудағы структурализм (құрылымдық әдіс) XX ғасырдың 50-60 жылдары Париж семиотикалық мектебінің өкілдері Р.Барт, А.Ж.Греймас, К.Бремон, Ж.Женнет, Ц.Тодоров еңбектерінің негізінде пайда болды. Әдіснамалық бағыт ретінде құрылымдық лингвистиканың тілге байланысты қолданған идеяларын әдебиетке де екшеп келтіру, яғни, Фердинанд де Соссюр ілімін көркем әдебиетке пайдалану арқылы әдебиеттанулық структурализм өмірге келді, теориялық тұжырымдары түзілді. Құрылымдық әдістің мақсаты мәтіндегі екі деңгейді анықтау болып табылады: біріншісі – анық, екіншісі – жасырын, яғни анық емес, түпкі құрылымды табу. Сонымен, шығарманың түпкі құрылымын табу структурализм әдісінің нысаны болып табылады.

Әрбір әдістің эволюциясы, яғни тууы, дамуы, қанат жайып өркендеуі, полемикаға ұшырап, өшуі немесе оның басқа бір бағыттың тууына себепкер болатыны белгілі. Структурализм өзінің орнын алмастырған постструктурализмге дейінгі тарихында бірнеше концепциялар пайда болды. Солардың негізгілеріне тоқталып өтейік.

Француз структурализмінің көшбасшысы болып саналатын Клод Леви-Стростың Tristes Tropiques (1955), Structural Anthropology (1958), Mythologiques (1964), The Raw and the Cooked (1964), From Honey to Ashes (1966), The Origin of Table Manners (1968), The Naked Man (1971) еңбектері структуралистік әдіс теориясының жасалуына септігін тигізді.Ол ең алғашқы болып лигвистикалық әдісті американдық үндістердің өмірін, олардың мифологиясы мен туыстық жүйелерін зерттеуде қолданған. «Мифологика» 4 томдық еңбегінде американдық үндістердің 20 тайпасының мифологиясына талдау жасаған Леви-Стросс алғашқы ойлауда, алғашқы ойлаудың жемісі болып саналатын мифтерде бинарлық оппозициялық логика бар екендігін айтады [1]. Алайда бұл тұжырым Леви-Стросқа дейінгі француз антропологы Леви-Брюльдің алғашқы ойлау, ілкі дүниетаным логикалық байланыстарға қабілетсіз деп есептеген тұжырымына қайшы келді [2].

Леви-Стросс зерттеуінше ежелгі адам әлемді екіге қақ жарылған бәсекелес қарсылас (оппозиция) ұғымында түсінген. Мәселен, кеңістіктік /жоғары/төмен, алыс/жақын, оң/сол/, уақыттық /бұрын/жақында, кеше/бүгін/, сезінушілік /суық/жылы, жұмсақ/қатты, дымқыл/құрғақ/, естушілік /қатты/ақырын/, дәмділік /шикі/пысқан/, т.б. Осы қарама-қайшылықты ажыратып, түйсіну барысында ежелгі мифтер туындаған. Сөйтіп алғашқы ойлауға талдау жасау үшін Леви-Стросс лингвистикалық тіл жүйесінің фонетикалық деңгейінің элементтерін ажырату үшін тілшілер енгізген әдіснаманы пайдаланады.

Леви-Стросс өзінің жаңалығын «Миф құрылысы» еңбегінде Эдип туралы мифке талдау жасау арқылы дәлелдейді. Бинарлық қарама-қайшылық логикасын пайдалану арқылы Леви-Стросс Эдип туралы мифтің түпкі мазмұны адамның пайда болуымен байланысты сенім мен айғақтың арасындағы қайшылық деп түсінеді. Сонда мифтің түпкі мазмұны «адамның жерден пайда болуына сенім мен екі адамның бірлігінен пайда болды деген айғақты алға тарту болып табылады» деген шешім шығарады [3, 248-250].

Леви-Стростың құрылымдық талдауы тек мифологиялық материалға арналған деп табады ғалымдар. Себебі, көркем шығармадан тек Ш.Бодлердің «Мысықтар» сонетіне Леви-Стросс пен Р.Якобсон екеуінің бірлесе жасаған құрылымдық талдауы американдық ғалым М.Риффатердің сынына ұшырайды. Поэтикалық мәтінге құрылымдық талдау жүргізудің ғылыми мүмкіндіктеріне байланысты күмән тудырған ғалым М.Риффатер қос структуралистің Ш.Бодлер өлеңін талдай отыра жазған оппозицияларының көпшілігі зейін қойып оқығанның өзінде байқалмайтынын айтады. М.Риффатердің тұжырымы бойынша құрылымдық талдау шығарманы нысан ретінде қарастырады, ал өлең табиғи қабылдау үдерісінде, яғни оқыған уақытта ол өзінің мағынасын ретімен жүргізеді. М.Риффатер структурализмнің осал жерін феноменология аясында негізделген «шығарма тек оқылған кезде жүзеге асырылады» деген фактіні ескермегендіктен деп табады [4, 85].

Құрылымдық әдістің әдебиеттану әдіснамасындағы (методологиясы) жаңа тұрпаттағы ғұмыры - баянға құрылымдық талдау жасау әдісін туғызу арқылы жалғасын тапты. Бұл жаңа бір концепцияның басталуына негіз болып, қазіргі әдебиеттанудың аспектісіне айналған нарратология ғылымын туғызды.

Құрылымдық нарратология – баяндалатын шығарманың фабуласы құрылатын әмбебап объективті заңдар туралы ғылым. Париж семиотикалық мектебінің өкілдері нарратологияның мақсатын кез-келген баяндалатын мәтіннің негізінде жататын, универсалды құрылымды іздеумен байланыстырады.

Нарратологияның негізі Ролан Барттың «Баяндалатын мәтіннің құрылымдық талдауына кіріспе», /1966/ Цветан Тодоровтың «Декамеронның Грамматикасы» /1969/, Клод Бремонның «Баяндалатын мүмкіндіктер логикасы» /1966/, Альгирдас-Жюльен Греймастың «Құрылымдық семантика» /1966/ еңбектерінен бастау алады. А.Ж.Греймастың нарративті теориясы танымал орыс әдебиеттанушысы В.Я.Пропптың 1928 жылы жазылған «Қиял-ғажайып ертегілердің морфологиясы» кітабын зерделеу барысында туындайды. Жақтаушылары да, даттаушылары да жетерлік болған бұл монографияағылшын тіліне 1958 жылы, француз тіліне 1965 жылы аударылады. В.Я.Проптың «Қиял-ғажайып ертегілердің морфологиясындағы» ашқан жаңалығы біршама еуропалық структуралистердің назарын аудартты. Структуралистердің әрдайым формализмге жақындығын сынға алатындарға жауап ретінде Леви-Строс В.Проптың аталған еңбегін пайдаланып «International Journal of Slavic Linguistics and Poetics» журналының 1960 жылғы 7 наурыздағы

санында «La structure et la forme. Reflexions sur un ouvrage de Vladimir Propp» мақаласын жазып, құрылымдылық пен формалдылықтың ара-жігін ашып көрсетуге тырысады. Леви-Стросс мақаласында «Ертегі морфологиясын» (ағылшын тіліне осы атаумен аударылған – Ә.Ә.) формалистік деп санауымен қатар, В.Проптың ғалымдық қабілетіне де орынсыз шек келтіреді. Нәтижесінде туындаған полемикадан В.Проптың ертегі құрылымын зерттеудегі ұстанған әдісі мен теориялық тұжырымының туу үдерісін көреміз. [5, 133-135]

В. Пропп жүзден аса қиял-ғажайып ертегілерге талдау жасап, ертегілік баянның екі деңгейін анықтайды: анық, яғни баяндаушы, оқырманның кездесіп, байланысқа түсетін деңгейі және анық емес, яғни жасырын. Екінші деңгейдің «іс-әрекет иелері» және «қызметтер» (Пропша действующие лица және функции – Ә.Ә.) сияқты құрамдас бөліктері бар.

Іс-әрекет иелері Проптың тұжырымы бойынша барлық қиял-ғажайып ертегілерде қайталанатын персонаждар, ал қызметтер - іс-әрекеттердің инварианты, бір тәртіппен мәтіннен мәтінге қайталанатын типтер. Персонаждар жетеу: қаһарман, жалған қаһарман, қаскүнем, жебеуші, көмекші, ізделетін кейіпкер, жіберуші.

Қызметтерден ертегінің фабуласы жасалады. Пропп қызметтердің 31 түрін көрсетеді: қаһарманның үйден шығуы, тыйым, тыйымды бұзу, барлау, құрбаны туралы мәлімет беру, құйтырқылық әрекет немесе алдау, қолға түсіру, қаскүнемдік, делдалдық, қарсы әрекет, аттану, жекпе-жекке шақыру, қаһарманның қабылдауы, сиқырлы құралды алу, жол көрсеткіштік, күрес, таңбалау, жеңіс, бақытсыздықтың жойылуы, оралу, ізіне түсу, құтылу, танылмас кейіпте келу, негізсіз дәмелену, күрделі тапсырма, шешім, тану, антагонисттің әшкереленуі, қаһарманның жаңа бет-бейнесі, жазалау, үйлену тойы. Осы қызметтердің шеңберінде кез-келген орыс қиял-ғажайып ертегісінің фабуласы құралатынын орыс ғалымы эмпирикалық тәсілмен дәлелдеген. Бұл қызметтер синтагмалық түрде жүзеге асады. Ертегінің синтагматикалық құрылысына жасаған В.Пропп әдісінің реттілік жүйесін сипаттаған В.Д.Шинкаренконың [6], Л.В.Ярошенконың [7] талдау еңбектерінен байыптағанымыздай, ең алдымен қиял-ғажайып ертегілердің барлығында қайталанатын іс-әрекеттер анықталып, осы іс-әрекеттер, яғни қызметтер бірінің соңынан бірі қалыптасқан ретімен жүзеге асып, ертегінің құрылысын түзеді. Осы тұтас құрылым - ертегінің тірегі. Бұл құрылым негізінде келесі бір құрылым анықталады. Ол – персонаждар, яғни іс-әрекет иелері. Бұл жайында мифтанушы-ғалым Е.М.Мелетинский: «...В.Я.Пропп разработал две структурные модели – одну (временная последовательность действий) – более обстоятельно, другую (действующие лица) – более бегло. Отсюда и два различных определения В.Я.Проппа для волшебной сказки («рассказ, построенный на правильном чередовании приведенных функций в различных видах» и «сказки подчиненные семиперсонажной схеме») [8] деп жазады. Кеңес ғалымы В.Пропп еңбегі структурализм әдісінің дамуында әлем әдебиеттанушылары иек артқан бірден-бір еңбек болып қалуда.

С методической точки зрения чтение текстов как учебных, так и художественных, с установкой на последующее их аннотирование может быть использовано в учебном процессе в качестве эффективного средства обучения чтению и контроля понимания прочитанного на уроках литературы. Аннотирование способствует совершенствованию навыков письменной речи учащихся, выработке умения лаконично излагать мысли и при этом помогает усвоить правила построения языковых структур, поскольку они включены в активную речевую деятельность. Также необходимо отметить, что творческое переосмысление воспринимаемой информации при аннотировании и фиксация ее в письменной форме подготавливают учащегося не только к интерпретации содержания текста, но и к высказыванию с элементами оценки, а также к высказыванию более высокого типа – к обсуждению, дискуссии как в письменной, так и в устной форме. Наряду с этим, интонирование обладает и высоким контролирующим потенциалом. Правильно, грамотно составленная аннотация, основанная на адекватном понимании содержания текста, свидетельствует о способности ученика сосредоточиться при чтении, сохранять в памяти связь между частями текста, об общем читательском интересе, кругозоре и уровне владения языком.

При помощи аннотации можно контролировать: 1) понимание текста на разных уровнях (значения и смысла); 2) умение интерпретировать и обобщать информацию; 3) умение передавать ее в соответствующей сжатой форме.

Необходимо научить школьников действиям, которые способствуют правильному составлению аннотаций. Этим действиям соответствуют следующие умения и навыки: 1) прогнозировать и осмысливать содержание текста, выделять главное; 2) интерпретировать материал, который предусматривает реконструкцию логической структуры текста, делить текст на смысловые фрагменты, составлять план, группировать, обобщать, критически анализировать и формулировать собственное мнение; 3) сжимать информацию;

4) фиксировать сжатую информацию на письме – кратко излагать в виде аннотации, что предполагает определенную композиционную организацию сообщаемых фактов, навыки владения с краткими формами языкового выражения, умения вводить информацию с помощью речевых стереотипов, характерных для аннотаций, использование оценочных клише. Например, при сообщении об авторе произведения используется следующие речевые клише: работает в области; ему принадлежит; его первая книга в свет; им написано; в его творчестве привлекает. [2, с.48] При оценке произведения используются следующие слова и выражения: автор сумел показать (рассказать, осветить, раскрыть); талантливо и правдиво (ярко, образно, убедительно, достоверно, исторически точно); основные достоинства книги заключаются в том, что …. [2, с.49]

Основным принципом в методике обучения аннотированию должен быть, на наш взгляд, принцип постепенного перехода от простого к сложному, который детерминируется особенностями самого материала, текстов, предназначенных для аннотирования, и характером методических приемов, заданий и упражнений.

Рассмотрим на конкретном примере обучение аннотированию на уроке-практикуме.

Теоретические сведения об аннотации, полученные на факультативных и внеклассных занятиях, учащиеся используют на этом уроке. Учащимся предлагается задание: выяснить значение слова «аннотация» по словарю. В процессе беседы учитель фиксирует внимание учащегося на формы изложения, подчеркивает, что основное назначение аннотации – дать в предельно краткой форме представление о содержании книги, о ее целевом назначении и о том, для какой категории читателей книга предназначена. Чтобы ученики усвоили определение аннотации раздается готовая аннотация на исторические романы Я. Хамматова «Салават, Сырдария» и дается задание определить основные части аннотации.

Учащиеся анализируют текст аннотации и записывают основные части аннотации.

1. Исходные данные (книги, произведения).
2. Краткое содержание текста (книги, произведения).
3. Заключение, указывающее на назначение.

После чего учащиеся анализируют несколько аннотаций самостоятельно, прослушивают некоторые выступления, коллективно устраняют ошибки и оценивают результаты работы. Это задание закрепляет в памяти композицию аннотации.

Далее учитель предлагает учащимся три текста. Например: Библиографические данные (текст №1). Рецензия на книгу (текст №2). Аннотация на орфографический словарь (текст №3).

Необходимо определить, которой из этих текстов является аннотацией и доказать это. Ученики отмечают, что текст № 3 является аннотацией, потому что в этом тексте имеются все три компонента аннотации (исходные данные, краткое содержание, рекомендации). Цель этого задания – научить учащихся распознавать аннотацию среди других,

а также познакомить школьников со специфическими особенностями некоторых видов аннотаций на разные жанры произведений. Только сильные учащиеся сумели выделить индивидуальные особенности аннотации на словарь [2, с.19].

Следующее задание определить вид аннотации. Учитель предлагает три вида аннотации. После чтения и анализа, учащиеся устанавливают, что текст № 1 – специализированная аннотация, текст № 2 – рекомендательная, текст № 3 – описательная. Цель этого задания – научить учащихся определять виды аннотации по индивидуальным особенностям.

Выполнение тренировочных упражнений поможет учащимся лучше усвоить специфические особенности аннотации и использовать их на практике. Если текст (рассказ) по объему маленький, то его можно прочитать в классе. В следующем задании учащиеся должны ответить на вопрос – В каком предложении сформулирована основная мысль рассказа? Можно ли дать другое название рассказу? Выполнение этого задания требует от учащихся логического рассуждения и навыка находить в тексте основное. После чего учащиеся отмечают в тексте смысловые части: зачин, основную часть, концовку и устанавливают, что тип текста повествовательный. В рассказе события излагаются хронологически. Рассказ состоит из завязки, основной части, развязки. На вопрос: Как в рассказе достигается смысловая целостность? Учащиеся отвечают, что смысл целостности достигается единством действующих лиц, событий, глаголами со значением последовательности.

Важным этапом в обучении аннотированию является словарная работа. Отвечая на каждый вопрос и выполняя задание, учащиеся анализируют и усваивают содержание произведения.

Далее учащиеся находят в тексте ключевые моменты и составляют план, пересказывают рассказ по плану и отмечают основные пункты плана.

Перед тем, как написать окончательный текст аннотации, готовятся опорные слова, которые будут использованы при написании аннотации. Цель задания – научить правильно оформить начало аннотации. После чего учащиеся пишут аннотацию на рассказ [3, с.23].

Таким образом, полученные навыки писать сочинения в малых жанрах следует эффективно использовать в процессе изучения художественной литературы [4, с.10].

На уроках башкирской литературы можно активно использовать аннотацию для контроля за самостоятельной работой над произведениями, предназначенными для внеклассного чтения. Ученик в течение четверти делает в тетради для внеклассного чтения аннотации на прочитанные произведения. В конце четверти учитель на основании этих аннотаций делает выводы о самостоятельной творческой работе ученика.

В заключение следует сказать, что аннотирование текста дает широкие возможности проявления и развития творческих, литературно-художественных склонностей и способностей учащихся [5, с.12].

Использованная литература:
1. Аккужина Ф.А. К вопросу об информационной заметке. Международная научно-практическая конференция “Язык и культура: проблемы соотношения и взаимодействия”, посвященной 80-летию доктора филологических наук, профессора, академика АН РБ, заслуженного деятеля науки РБ Зайнуллина М.В. – Уфа: БашГУ, 2015: 15-19.
2. Хуснутдинова Ф.А. Обучение творческим письменным работам малого жанра. – Стерлитамак: СГПА, 2003.
3. Хуснутдинова Ф.А. Сочинения в газетных жанрах. – Уфа: БГУ, 2005.
4. Аккужина Ф.А. Лингвистические особенности публицистического стиля. Международная научно-практическая конференция «Современные парадигмы лингвистических исследований методы и подходы». – Стерлитамак: СФ БашГУ, 2015: 11 -14.
5. Аккужина Ф.А. Развитие творческой письменной речи. Всероссийской (с международным участием) очно-заочной научно-практической конференции «Тюркский текст в смысловом пространстве литературы и культуры». – Стерлитамак: СФ БашГУ, 2015: 9-12.

KAZAK EDEBİYATININ KURUCUSU ABAY KUNANBAYEV’İN KARA SÖZLERİNDEKİ (NASİHATLAR) FELSEFİ DÜŞÜNCELER

A.C.Türikpenova
Pamukkale üniversitesi
Türkiye, Denizli şehri
PhD doktora öğrencisi
Danışmanı: Bilge Özkan Nalbant
PAÜ Doç.dr
Aidilan_76@mail.ru

Андатпа: *Автор мақалада қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбаевтың қара сөздеріндегі философиялық ойларға тоқталып, қандай тақырыптарды қамтығанын қарастырады. Әрбір қара сөзінің негізгі идеясына тоқталып, тәрбиелік мәнін ашып көрсетеді.*

Кілт сөзі: *ақын, шығарма, проза, жанр, идея, тақырып.*

Аннотация: *В статье автор остановился на философских мыслях основоположника казахской литературы Абая Кунанбаева, словах назидания, рассматриваемых темах. Раскрывая основную идею каждого слова назидания, раскрывает сущность воспитательного значения.*

Ключевые слова: *Поэт, произведение, проза, жанр, идея, тема.*

Abstract: *In this article author pays special attention to the philosophical thoughts of the founder of Kazakh literature by Abay Kunanbayev, based on his “Қара сөздер”. Revealing the main meaning of each words edification, showing message of educational value.*

Keywords : *poet,work,prose,genre,idea, topic.*

Kazak halkının büyük şairi, aydını Abay hep milletini iyi yaşama sokmayı, onları aydınlatmayı düşünürdü. Abay’ın gözündeki halkın yaşamsal koşulları, kültürü, örf ve adetleri, iyi ve kötü düşünceleri yazıya döküldüğü görülmektedir. Onun halkına bıraktığı bol eserler mirası kazak kültürü ve yazı dilinin gelişmesini etkiledi.

Abay'ın Büyük şair olduğunu sadece şiir değil kara sözle, nesir olarak yazılan 'Kara sözler' adlı çıkarmalarından da göre biliriz.

'1890 yılından itibaren Abay'ın şiir formatındaki kazak toplumunu aydınlatma, bilimsel fikirleriyle besleme konusundaki yazıları yavaşça kara sözlere döner. 'Ğaqliya' adlı nasihat çıkarmaları 1890 ve 1898 yıllarında yazılır. Böylece Abay 1891 yılından itibaren şiir formatında söylemek istediği duyguları, düşünceleri ve hislerini kara sözle, yani nesirle verir. Bazen de Kara sözlerde anlatılan oylar şiire de dönüşür.

'Neyse ki son 10-15 sene içinde Abay Kara sözler adlı yeni bir tür bulup, daha çok zamanını ona ayırt eder' (1,364s).

Kara sözler Abay'ın söz sanatındaki sanatsal gücünü, felsefedeki dünya görüşünü gösterenklasik bir stilde yazılan nesir eseridir. Kara sözler, tamamıyla ayrı ayrı konuyu nasihat edici bir niteliktedir ve toplamda 45 sözden oluşmaktadır.

Büyük yazarımız M.Awezov, 'Genelde Abay'ın bu Kara söz adlı mirası kazak nesrinin en güzel örneklerini vermektedir. Onlar öykü eseri değil. Eski yazarlar kullanmış olan masal, anı yazısı da değil. İçeriği, stili özel ayrıntıya sahip olduğu için kara sözler sadece Abay'a ayıt edebiyat türüdür. Bazen de bu çıkarmalar adalet, medeniyet, insanlık ve adillik gibi meseleleri kapsayan iradeye benzer' der (2,210s).

Kara sözler 'Kazak halkının aydınlanması yönünde öğüt verici niteliktedir. Edebi tür olarak insanlara akıl, terbiye veren felsefeli ilmi denemedir. Konusuna, iddiasına baktığımızda Kara sözler şairin şiir formatındaki eserlerinin devamıdır. Şair şiirle veremediği duygu ve düşüncelerini Kara sözlerle vermiştir' diye açıklar profesör akademik Z.Kabdollov (3,37s).

Kara sözlerdeki dönem itibariyle Kazak halkının yoklukla, kötü idareyle ve toplumsal hayattaki eşitsizliklerle sınandığı bir zaman tarihi gerçektir. Şairin Kara sözleri küçük boyutlu, içeriği zengin, az sözlederin anlamın verilmesiyle farklı olmaktadır. Kara sözlerin eğitim konusu bilgiye ihtiyacı olan gençler için çok önem taşır. Abay adaletli davranmak, adil çalışmak, ziraat yapmak, ticaret yapmak, sanat öğrenmek, bilgi ve bilimi sevmek, toplumdaki insanların hareketi, ahlak, manevilik gibi çok meseleleri eserlerin söz konusu olarak uygular.

Abay Birinci Kara sözünde artık yerin ortası kadar yaşta olduğunu (45-55 yaş arası) ve bu yaşa kadar ne yapığını, neler yazdığını anlatır. Kendi düşüncelerini kâğıda yazmaya ve halk, dünya, ilim, manevilik, çocuk yetiştirmek konusundaki duygularıyla paylaşmaya karar verdiğini yazar. Birinci sözde şairin hayatıyla ilgili malumatlar verilir ve tüm eserlerine giriş yapılır.

İkinci Kara sözde Abay milletlerin her türlü farklılıklarını karşılaştırarak duygusal sonuca varır. Bizim bir düşünceye, ya da fikre ulaşmak için Avrupa'ya, Batı'ya seyahat etmemize hiç gereksiz olduğunu söyler. Yan yana yaşan Taciklere, Özbeklere, Sartlara, Ruslara baksak o bile bize yeterlidir. Çalışmayı seven halkların yanında Kazaklarda bulunan adaletsizlik, ahlaksızlık, medeniyetsizlik, tembellik, övünme, dedikoduculuk, yalan gibi olumsuz haller

Kara sözde eleştirilmiştir. Geçmişine saygı duyan geleceğine ümitle bakan Abay kendi halkının başka halklardan örnek almasını, kötü yoldan iyi yola geçmesini, bir biriyle uğraşmayıp, ilim almaya, bilim öğrenmeye istekli olmalarını uyarır. Kendi milletinin kötü hallerine canı acıyor ve onlara dik durmalarını, artık uyanmalarını önerir.

Üçüncü Kara sözde Abay hükümet (yönetim) konusundan bahseder. Kazak halkının hallerini iyi bilenler 'Hâkim iki ise, Dava dört olur' derlermiş. Abay kazak topraklarını yöneten yöneticiler, başkanlar, hâkimler, mahkemeler hakkında söz eder. Kazak halkının yoklukla, kötü idareyle ve toplumsal hayattaki eşitsizliklerle sınandığı bir zamandaki Rus yöneticiliği hakkındaki düşünceleriyle paylaşır. Velilerin millete çektirdiği zorlulukları ve onların ahlaksızlıklarını anlatır.

Dördüncü Kara sözde Abay bir cahilin ahlaksızlığına güldüğünde mutlulukla değil kızgınlıkla gül, çünkü cahillik bir derttir. İyi insanın ahlakına güldüğünde mutlulukla gül, çünkü ondan örnek alırsın der.

Beşinci sözde Kazak halkının bazı atasözlerini eleştirir. 'Bir Erin ve bir kurdun yemeği yolundadır', 'Öğlene vaktine kadar bile ömrün olsa bir günlük mal yığ', 'Zenginin yüzü parlak, Fakirin yüzü çarık' gibi atasözlerinde kazak halkı zengin olmaya kaygılanır. Ama mal bulmak için çaba göstermez, malı nasıl kazanacağını bilmez düşüncesini anlatır.

Altıncı Kara sözde Abay kazakların 'Sanat oluşturmak için birlik, rızkolması için hayatta hareket lazım' atasözüne filozof görüşündeki bir duygusal açıklama yapar. 'Şair akıl beraberliğinden bahseder. Onun çok yönü var. Örneğin, akıllı düşünmek, yani toplumun yararına çalışmaktır. Şairin yaşam felsefesi zengin olmak, mal kazanmak değil iyi olmak, anlayışlı olmaktır. Abay Onurunu, dürüstlüğünü, vicdanını satarak mal kazanmayı eleştirmişti' der filozof Ğ.Yesim (4,308s).

Yedinci sözünde 'bebek annesinden iki türlü davranışla doğar. Biri ise: yesem, içsem, uyusam İkincisi ise:görsem, bilsem ve öğrensem'. Şair gelecek nesli eğitime ihtiyaç duymaya, akıllı davranmaya, bilim ve ilim öğrenmeye yönlendirir.

Sekizinci Kara sözde 'Zenginin dini, Tanrı, halkı, yurdu, bilimi, vicdanı, her şeyi maldır' denir. Ama adalete, bilime, ilime, vicdana hiç ihtiyacı yoktur. Bu yüzden Abay gelecek nesli ilim öğrenmeye, bilimiyle mal kazanmaya çağırır.

Dokuzuncu sözde şairkendi ülkesinin milletine canı acıyor. Halkının istikbalini düşünüp kaygılanıyor. Halkının eksiklerini görse de görmez oluyor. O yüzden 'Ben hayatta olsam bile, bir yandan kendimi ölü hissediyorum' der.

Kara sözlerin onuncusunda ise hayatın anlamı, çocuk ve baba arasındaki davranışlar, gençlerin istikbali konusu söz edilir. Şair çocuk ve baba arasındaki davranışlar hakkında söz ederken onların arası böyle olmalı prensiplerinisavunmuyor. O hayatta yer alan nesiller arasındaki konuşmalar, kişisel sorumluluk konusunu gündeme getirdi.

On birinci sözde hırsızlık ve ahlaksızlık gibi kötü davranışları bırakıp, dürüst olma, iyi yolla yürüme tavsiyesinde bulunur. Abay o dönemin tarihi gerçeğini anlatarak zengin, zalimlerin tarafını değil, ezilenlerin, fakir milletinin tarafını tutar.

Şairin on ikinci, on üçüncü sözlerinde Tanrıya yalvarmak, inançlar söz konusu olur. Abay Müslüman dinini propaganda edip İslam şartlarıyla yaşamayı,

İnsanlık iradeleri korumayı tavsiye eder. İnsanlık adamı bir satır üstün edeceğini söyler.

On dördüncü sözünde Abay insanın akıllı olması çok önem taşıdığını anlatır. Halkın fakir hale düşmesi akılsızlığından değil akıllının sözünü dinlemediğindendir. Neslin garip hale düşmesine Abay çok kaygılanır. Ondan kurtulma yolunu arar. Ve bunun en iyi yolu halkın düşüncesinin değişmesi lazım olduğunu anlar.

On besinci kara sözünde Şair akıllı ve aptal insanının arasındaki farkı anlatır. Akılı başında olan kişi ne yapmalı, ne öğrenmeli onu söyler. Deli insanların ahlakları, davranışlarını güzel tanımlar. 'Eğer akıllı insanların arasında olmak istersen her günde bir, ya daher ayda bir defa kendine hesap sor! Bu hesabın bir öncekinden daha mı farklı, daha mı iyi? Yoksa tam tersi mi? Bir önceki zamanın nasıl geçti? İlim için, ahiret için, dünyaya huzur getiren neler yapa bildin? Yoksa zamanın nasıl geçtiğini anlamadın mı bile?' diyerek Abay insanın geçmişe göz geçirerek geleceğe adım atmalı olduğunu açıklar (5,36s).

Abay'ın on altıncı sözü sekiz cümleden oluşan bir metindir. Kara sözde kazak halkının Tanrı'ya ibadeti ve din konusunu önemsemedikleri anlatılmaktadır. Her şeye üstün bakmalarına rağmen kazakların iyi kalpli, iyi niyetli oldukları söylenmektedir.

On yedinci sözünde Abay gayret, akıl ve yürek hakkındaki düşüncelerine açıklama yapar. Bu üçü kendi aralarında tartışırlar. Hepsi kendi özelliklerini anlattıktan sonra ilim onlara cevabini söyler. On yedinci sözü analize eden filozof Ğ.Yesim şöyle bir fikir bildirir: 'Bu sözün bir farklığı: gayret, akıl, yürek ve ilim çıkarmadaki nesnel kahramanlar. Böyle bir yöntemi filozof Platon kullanmıştır. Gayret, akıl, yürek ve ilmi ayrı ayrı madde olarak kullanmak Doğu Felsefesinde oluşan bir gelenektir. Bu nedenle bu sözlerin anlamını Batı Felsefesinden aramaya hiç ihtiyaç yok. Buna İslami dünya görüşünde bilgi kuramı görünüşü denir' (4,324s).

Şair on sekizinci sözünde düzenli giyinmeyi, düzgün konuşmayı tavsiye eder. Ama fazla kibirli olanları eleştirir.

On dokuzuncu kara sözünde Abay insan doğuştan akıllı olmayacağınıher şeyi duyunca, görünce, elinde tutunca, tadına bakınca öğreneceğini söyler. Bilmeyeni öğrenmek kötü şey değil, tam tersi üşenmeden çalışıp, akıllı olanın sözünü dinleyen kişi akıllı ola bileceğini uyarır.

Abay yirminci sözünde insanın en kötü huylarından biri her şeyden sıkılmak olduğunu anlatır: 'Sıkılmak her şeyi gören, bilen, tadına bakan akıllı kişiden çıkar'. İnsan bütün gün çalışmayıp dinlenirse canı sıkılır. Canı sıkılırsa tembelleşir. Tembelleşince hoşnutsuz duruma düşer. Böyle bir hoşgörüsüz huydan nasıl kurtulmak mümkündür? Bu can sıkıntısı nereden çıkmıştır? Şair bu soruların cevabini arar. İnsanların gücü aynı değil, bazen sıkılır, bazen de tembelleşir. Bu nedenle ömrün asıl amacı ve anlamını düşünmek gerekir.

Şair yirmi birinci Kara sözünde köyde yaşayan şerefsiz zenginlerin, zalim idarecilerin kötü huylarını, hırsızlıklarını, aptal toplumun övünmelerini, boşuna konuşmalarını eleştirir.

Yirmi ikinci sözünde Abay şöyle der: ‘Şu anda tüm kazakların arasında kimi seveyim, kime saygı göstereyim diye düşündüm’. Böylece Şair kazak toplumundaki sosyal ayrıntıları açıklar. Toplumdaki insanların kimin kim olduğunu anlatır.

Abay yirmi üçüncü sözde hayattan değişmez kanıtlar getirir. Örneğin, ‘eğer yüz at yarışmaya katılırsa ve senin atın onuncu sıradan yer alırsa, buna çok mu mutlu olursun? Veya çok kişi ilim öğrenir. Ama sadece binden biri âlim olur. Bu nedenle kazakların ‘Ne yaşasak ta hep beraber’ atasözünün anlamı kaybolur. Ailede herkes hastalanırsa, hepimiz hastayız diye mutlu olmak iyi davranış mı?’ diyerek Şair kazak toplumunun kötü davranışlarını eleştirir.

Yirmi dördüncü sözde şair kazak halkının hayatını, geleceğini düşünüp kaygılanır. ‘Yüz kişiye iki yüz kişi mızrak atar. Bunlar bir birini öldürmeden duramazlar mı?’(5,50s) deyip Abay yüz kişinin arakasından iki yüz kişi koşarak hata aradığını, böylece bir birini yok etmeye çalıştıklarını söyler. Akıllı, güçlüler idareci, yönetici olmayı hayal edermiş. Abay’ın ‘devleti, milleti düşünen kimse yok. Herkes kendi derdinde’ diye kaygılanması ondandır.

Yirmi beşinci kara sözde halk arasından saygılı, dürüst, topluma fayda getiren idarecinin çıkması için Rusça öğrenmek lazım olduğu söylenir. Abay bu sözlerinde okuyan insan kendisi için değil, halkı için emek veren insan olmasını ister.

Abay yirmi altıncı sözünde: ‘Birini sinirlendirmek şeriatta haramdır, işe zararlıdır, akılla terstir. Birini sinirlendirmekten mutluluk duymanın veya birine o kadar sinirlenmenin bir anlımı var mıymış?’ der. Bu yerde Abay yersiz yere çocuk gibi davranmayı, kendini mutlu hissetmeyi eleştirir. Bu soruya insanlık acısından vakar.

Şairin yirmi yedinci Kara sözü sohbet, vasiyetnameye çok yakındır. Çok düşünceli olduğu için on sekizinci söze de benzemektedir.

Abay yirmi sekizinci sözünde: ‘İyilik ve kötülüğü yaratan Tanrıdır. Ama yaptıran değildir. Hastalığı yaratan tanrıdır. Ama hastalandıran değildir. Zenginliği ve fakirliği yaratan tanrıdır. Ama zengin kılan, fakir kılan değildir’ der. Abay insanoğlunun özgürlüğü Allaha değil kendine ayıt der. O yüzden insan özgürlüğünü her türlü faydalanmıştır.

Yirmi dokuzuncu Kara sözünde bir atasözü bir kaş anlamda kullanmak mümkün olduğunu anlatır. Abay bazı atasözleri yanlış sözlenmiş olan sözler diye eleştirir.

Abay otuzuncu kara sözünde övünme konusunu söz etmektedir. İnsanın övünmesi hiç hoş olmadığını güzel mecaz kelimelerle vermektedir.

Otuz birinci sözünde insanın ezberini nasıl güçlendirmek mümkün olduğunu anlatmaktadır. Örneğin, ‘İnsanın duyduğu her şeyi unutmaması için dört tane sebep vardır. Önce konsantre olması lazım. Sonra duyduğu şeyi akılından geçirmesi lazımdır. Üçüncü, duyduğu şeyi birkaç defa tekrar etmesi lazımdır. Dördüncü, akıl karıştıracak şeylerden uzak durmak lazımdır. Akıl karıştıran şeyler: gülmek, oynamak, kaygılanmak, hırslanmaktır. Onlar akıl ve ilmi yıpratmaktadır’(5,67s).

Otuz ikinci kara sözünde insan kıskançlık, ihmal etmek, hırslı olmak gibi kötü huylardan yararlanırsa ilmi akılında tutamayan, bilgiyi faydaya yaratamayan aptala döneceği konuşulmaktadır.

Otuz üçüncü kara sözünde meslek, adil çalışmak söz konusudur. Eskiden insanların huyu nasıl olduğu hakkında söz edilir.

Abay otuz dördüncü sözünde 'İnsanoğlu her zaman bir birine dosttur. Niçin dersen, hayattaki doğmak, büyümek, doymak, acıkmak, kaygılanmak gibi duygularımız ve vücudumuz, çıktığımız yer, gideceğimiz yer de aynıdır. Beş günlük bile hayatımız var mıdır, yok mudur onu da bilemeyiz. İnsan insana misafirdir. O yüzden bir birimizi kıskanmayıp, bir birimize kötülük yapmayıp dostlukta zaman geçirelim mi?'(5,74s) der. Bu kara sözde ömür ve ölüm felsefesi söz konusudur. İnsanın dünyaya misafir olduğu için kendinden geçmeyip başka insanlarla barışla, huzurla yaşamayı tavsiye eder.

Otuz beşinci, otuz altıncı sözlerde Abay kazakların din meselesini eleştirir. Şair Peygamberin vasiyetlerini söyleyerek din meselesinde dürüst olmaya çağırır. Böylece Abay insanlara ahlak felsefesini anlatır.

Abay otuz yedinci sözünde: 'Şansla kazanılan padişahlıktan akılla kazanılan gariplik daha iyidir. Sakalını satan yaşlıdan emeğini satan çocuk daha iyidir. Dostu olmayana dost olmak, Dostu çok olana saygı göstermek lazımdır. Kaygısızdan uzak dur, kaygısı olana destek ol'(5,79s) deyip mecaz anlamlarla insana akıl verip, yol göstermektedir. Artık bunlar ata söze dönüşmüştür.

Otuz sekizinci kara sözünde manevilik, Allah'ın hikmeti söz konusudur. Tanrı'ya inanmayı Abay insanlık iddialarıyla bağlamaktadır.

Şairin otuz dokuzuncu kara sözünde milli ahlaklar hakkında söz etmektedir. Şairin Kazak halkının atasözlerini çok önemsediğini görmekteyiz.

'Abay'ın kırkıncı sözü baştan sona kadar hiç anlamsız görünmesine rağmen tüm zihnimizle okuduğumuzda arka arkaya gelen çok önemli sorular olduğunu anlamaktayız' der Abayı inceleyen, ProfesörZ.Ahmetov(6,243s).

Halkın huyu kırk birinci sözde konuşulmaktadır. Abay bu kara sözünde şiirlerindeki konuları anlatmaktadır. O yüzden aklımıza 'Halkı eğitim öğretim düzeltirdi. Ama o yok' düşüncesi gelmektedir.

Kırk ikinci söz halkın fakir halinin, zorluluklarını, işsizliklerini anlatan eserdir. 'Çalışmayıp, boşuna gezmek, her zaman işsiz olmak insanın ve toplumun en büyük derdidir' gibi düşünceler Abay tarafından kanıtlanmaktadır.

Abay kırk üçüncü sözünde 'Biri kendi dışında olan olaylara önem verip, duyduğu, gördüğü şeylerden analize ederse, böyle bir insana akıllı deriz' (5,115s) deyip dikkatli olmayı tavsiye etmektedir.

Kırk dördüncü sözünde 'insanoğlu ya zeki, ya da zekâsız olmasına rağmen övünmeyi sever. Herkes birinin kendisini övmesini ister. Bu insanoğlunun eksik tarafıdır. Hâkim Abay bütün milletin boyundan bu eksikleri göre bilmektedir' denilen açıklama yapmaktadır.

Kırk besinci sözünde: 'İnsanlıktan önce aşk, adalettir. Onlar karışmadığı yer yoktur. Aşk ta, adalet Tanrıdandır. Atların arasında bile aşk hissi vardır. Kimin kalbinde aşk, adalet hisleri fazlaysa o adam âlim, akıllı olur. Biz Tanrı yaratığı gibi yeni şey, yeni nesne, yeni ilim doğuramayız. Çünkü Allah

büyüktür' (5,121s) deyip analize etmektedir. Abay felsefesine göre, Allah insanın yaratıcısıdır. İnsanın boyundaki insanlık, akıl ve sevgi Allah'tandır. Allaha inanıp onu kabul etmek, onun hikmetlerini hissetmek kendini tanımanın başlangıcı olmaktadır.

Abay kendi Kara sözlerinde sadece çıkarmanın güzelliğine değil onun ne kadar derin anlamlı olduğunu önemsemektedir. Böylece sanatsal beceri ve ilmi entelektüel felsefi bilincimizi birleştirmekteyiz. Abay'ın kara sözlerindeki insancılık, aydınlatma ve sosyal düşünceler kazak halkının bütün bir felsefi kavramını oluşturmaktadır. Abay'ın kara sözleri hepimize ortak değerli bir eser olarak kabul edilmektedir.

Kaynakça

1. Qazaq ädebïetiniñ tarïhı. Almatı, 1961y, 581s.
2. Äwezov M. Abay Qunanbaev. Monografïyalıq zerttewler men maqalalar. (Qurastırıp, baspağa äzirlegen N. Aqbaev). – Almatı: Sanat, 1995y, 320s.
3. Qabdolov Z. Arna. Zerttew-sın-ésse. – Almatı: Jazwşı, 1988y, 256s.
4. Esim Ğ. HakimAbay. – Astana: Folïant, 2012y, 400 s.
5. Abay. Qarasöz. Poémalar. – Almatı: El, 1993y, 272s.
6. Ahmetov Z. Abaydıñ aqındıq älemi. – Almatı: Ana tili, 1995y, 272s.

ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ж. Смағұлов,
ф.ғ.д., профессор
Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ
Қарағанды, Қазақстан

Уақыт пен кеңістік өлшемін ұлттық әдебиеттану ғылымына, оның тарихы мен дәуірленуіне, әдіснамалық мәселелеріне байланысты қарастырар болсақ, оларға лайықты деңгейдегі ғылыми ой-пікірдің кеңдігі, биіктігі, тереңдігі мәселесі туындайды. Бұл үш санат кез келген гуманитарлық ғылымдар саласының болмыс-бітімін танытады десек, артық айтқандық емес. Ал оларды ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихи өткен жолына сай таразыласақ, мән-маңызы жоғарылай түседі. Себебі, әр ұлт әдебиеті өзіне тән ғана ерекшелікпен қалыптасатын болса, оны тексеретін ғылым саласы да басқа елдің әдебиет туралы ғылымын қайталамайтыны сөзсіз нәрсе. Әдеби мұраны игерудегі жалпы заңдылықтары мен зерттеу әдіс-тәсілдері ортақ болғанмен әр ұлт өз әдебиетінің тарихы, теориясы, сыны, библиографиясы, текстологиясы мен тарихнамасын тек өзі ғана тексереді. «Бұл жерде әдебиеттану ғылымы белгілі бір дәрежеде жоғары елдің фолклорист және әдебиеттанушы ғалымдарының басқа ұлт әдебиетін зерттеген еңбектері сол елдің әдебиеттануына қосылған үлес болып табылмайтынын естен шығармаған абзал. Олардың ғылыми зерттеулері сол

өзі өкіл болып табылатын елдің әдебиеттануына қосылатын үлес болып табылады. Сондықтан тек ұлттық зерттеушілік таным-білік аясындағы ізденістерін белгілі бір дәрежеде саралап алған соң ғана барып әлемдік әдебиеттану табыстарына көз салатыны анық» [1, 440].

Ендеше қандай да болсын ұлт өзінің әдебиеттану ғылымы мен сынын қалыптастыруда әлемдік ғылыми-зерттеушілік әдіснамалық ізденістерден шет қалуы мүмкін емес. Қандай да болсын халықтың әдебиеттану ғылымы өзіне ғана тән ерекшелікпен туып-қалыптасатынын ескеретін болсақ, әлемдік ғылыми мектептер мен теорияларға қарама-қатысы анықталар еді. Себебі олар әдеби мұраларды зерттеуде өз кезінде кеңінен таралған әдіс-тәсілдерді қолдана отырғанымен, ешбір ұлттың әдебиет сыны мен әдебиеттану ғылымы басқадан үйреніп барып жасалмақ емес. Әдеби және фольклорлық мұраны жинап-жариялаудағы танымдық сипатта көрінетін қарапайым жұмыстардың өзі-ақ филологиялық мектептің әдіс-тәсілдерінің алғышарттары болып табылары анық. Егер әлемдік әдебиеттану ғылымының тарихына көз жіберсек, онда зерттеу бағыттары мен салаларына сай бірнеше түрлі теориялар мен ғылыми мектептердің қалыптасқанын байқар едік. Ең көп тарағандарын атасақ: а) филологиялық мектеп, ә) эстетикалық догматизм мектебі, б) биографизм, в) мәдени-тарихи мектеп, г) тарихи салыстырмалық мектеп (компаративизм), д) психологиялық мектеп, е) психо-аналитикалық мектеп (фрейдизм), ж) формализм мектебі з) социологиялық мектеп деген атаулармен белгілі. Ал теорияларға келетін болсақ, олар фольклортануда мифологиялық және ауысып алу теориясы деп аталады. Социализм дәуірі өз идеологиясы мен саясатының ықпалын жүргізу үшін маркстік – лениндік методология деген зерттеу әдістерін, социалистік реализм деген көркемдік әдісті қолдан жасап насихаттағаны да тарихи шындық. Осы мектептердің әрқайсысына немесе олардың қандай да бір үндестігіне сәйкес ерекше әдістер мен бағыттар туындаған.

Әдебиет туралы ғылым әдіснамасы салыстырмалы түрде әдебиеттанудың әлі де болса жас саласына жатады. Ал әдебиеттанудың жеке ғылым саласы сипатындағы белгілерін білу мәселесі және соған сәйкес оған тән зерттеу әдістерінің міндетін талдауды, баға беруді ғылыми анықтау - ғалымдардың назарын XX ғасырдың алғашқы ширегінде ғана өзіне аударды. Ғалым А.С.Бушминнің әдебиет теориясы мен әдебиеттану әдіснамасының өзіндік ерекшеліктері туралы: “Әдебиет теориясы мен әдебиет туралы ғылымның әдіснамасы бір-бірімен тығыз байланысты дегенмен өздерінің қызметтері мен міндеттері тұрғысынан ерекшеленетін теориялық әдебиеттанудың екі бөлім немесе екі аспектісі ретінде қарастырылуы керек. Әдебиет теориясы көркем әдебиеттің заңдарына және категорияларына қатысты болса, әдебиеттану әдіснамасы осы заңдар мен категорияларға сүйене отырып, нақты тарихи-әдеби процестегі олардың ғылыми зерттеу принциптерін анықтайды, - деп жазған болатын [2, 90].

Әлемдік әдебиеттанудағы ғылыми мектептер әдебиеттің дамуында аса зор рөл атқарады. Мәселен, қазақ әдебиеттануының жеке ғылым саласы

ретінде қалыптасып, даму жолында филологиялық, ғұмырнамалық (биографизм), формализм, мәдени-тарихи, эстетикалық догматизм, тарихи-салыстырмалық (компративизм), психологиялық, психоаналитикалық, социологиялық мектептердың әдіснамасы тарихи алғы шарт немесе дамытушы күш болып саналады. Осы мектептердің әрқайсысына немесе олардың қандай да бір үндестігіне сәйкес ерекше зерттеу әдістері мен бағыттар туындаған. «Әдебиеттанудағы бұл мектептердің өкілдерінің жеке табыстарын жоққа шығаруға болмайды, олардың жұмыстарында барлығы жарамсыз емес. Бірақ бұл құптарлық нәтижелер олардың таңдаған әдіснамасының дұрыстығын айғақтамайды. Олар әдіске тәуелсіз, кейбір кезде осы әдіс толық түрде дұрыс болмаса да, бақылаудың тар аумағында өзін жеке тәсіл ретінде ақтап, жоғарыда айтылғандай нәтижелерге жеткен» [2, 90].

Ешқандай да ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір осы әлемдік әдебиеттанудағы ғылыми мектептер мен теориялардың әдіс-тәсілдерінен тыс дамуы мүмкін емес. Осы тұрғыдан алып қарағанда, ұлт зиялыларының Қазан төңкерісіне дейінгі зерттеу мақалаларынан біз биографизм мектебіне тән әдістерді молынан кездестіреміз. Мысалы, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов және басқаларының мақалалары ұлт әдебиеті тарихын осы ғұмырнамалық зерттеулер арқылы зерделеуді бастады. Ал 1914 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған Р.Мәрсековтің «Қазақ әдебиеті жайынан», «Н» деген автордың «Әдебиетімізге көз салу» аталатын мақалаларында мәдени-тарихи мектептің әдіс-тәсілдері алғаш қолданды. Ең бастысы сол бұл зерттеулер сол кезең үшін маңызды болып табылатын «Бізде ұлт әдебиеті бар ма, егер болса оның ақындары кімдер?» сұраққа жауап іздеді де шешімді пікір түйіндеді.Ұлт көсемі Ә.Бөкейханов «Мұсылман сиезі» мақаласында қазақ тілінің тағдыр-талайы туралы ой айтқанда Абай, Шәкерім, Міржақып, Мағжандардан бастап 18 өлеңді мысалға келтіре келіп: «осындай ақындары бар бір дерде тізе қосып отырған 5 миллион қазақтың тілі қалай жоқ болады. Ғұмыр жүзінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар: Абай, Ахмет, Мір Яғқұп, Шahкерім, Тарғыннан hәм өзгелеріне бұл көрініп тұр ғой» деп жазуының сыры да осында жатыр [3, 284]. Алаш Арыстарының мақалалары мен зерттеулері әдіснамалық тұрғыдан жаңаша зерделенуі керек. Төңкерісшіл ақын – жазушылардың «пролеткультшылдық» теориясындағы ой – пікірлері мен Алаш Арыстары ұстанған «бірыңғай ағым» теориясы арасындағы көзқарастар қайшылығы тура осы кезде өтті. Бұл әдіснамалық тұрғыда терең де кешенді таразылайтын тақырыптардың бірі.

1918-25 жылдар аралығында төңкерісшілдер тарапынан ерекше даңғазаланған «пролеткультшылдық» теориясы Алаш арыстары тарапынан дами бастаған филологиялық, биографизм, мәдени-тарихи мектептаріне тән әдіснамалық ізденістерге барынша кедергі келтіргісі келгенімен олар жалғаса берді. Оған дәлел ретінде Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтің «Екеу» деген бүркеншік атпен жазған «Абайдан соңғы ақындар», М.Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі», М.Жұмабаевтың «Ақан сері» мақалалары мен «тарихи-сыншылдық очерк» деген анықтамамен жазған

С.Садуақасовтың «Қазақ әдебиеті», Х.Досмұхамедұлының «Мұрат ақынның сөздері» атты еңбектерінен басталатын аса зор әдіснамалық ізденістерді айтуға болады.

Пролеткультшылдық бағыттағы төңкерісшіл сыншы-әдебиетшілерді В.И.Лениннің «Біз қандай мұрадан бас тартамыз?», «Пролеткультшылдық мәдениет туралы» атты еңбектеріндегі әр ұлттың әдебиетінде екі түрлі яғни «буржуазияшыл - ұлтшылдық», «пролетарлық әдебиет» болатыны туралы пікірі қағидаға айналды. Бұл өз кезеңінде «тұрпайы социологизм» теориясын кеңестік әдебиеттанудың қазығына айналдырды. Осыдан соң-ақ Алаш Арыстарының бұқарашыл бағыт атанып жүрген әдебиетіне «ұлтшыл буржуазияшылдық» таңбасы оп-оңай басылды, ал төңкерісшілдер «пролетариат әдебиеті» болып екіге бөлініп шыға келді. Азаттшыл алаш әдебиетінің өкілдері «тап жаулары» ретінде танылғандықтан олардың ғылыми жұмыстары «бірыңғай ағым теориясы» ықпалындағы зерттеулер деп бағаланды. Ә.Бөкейхановтың атап тұрып жазғанындай оларға «баспасөз бен мектептерге оқу құралдарын жазудан басқа жол қалмады». Қазақ білімпаздарының І сиезінен кейін пролеткультшылдар үзілді-кесілді бас тартып, ал «тұрпайы социологизм» теориясы таптық тұрғыдан ғана бағалап жатқан бүкіл әдеби мұрамызды жинап-жариялаған, зерттеп-зерделеген осы «бірыңғай ағым теориясын» жақтаушылар болды.

«Пролеткультшылдық» теориясын жақтаушылардың «Қанішер Николайдың малайы – Пушкиннің, граф Толстойдың, орыс мұжығы мүлде ұқпайтын Чехов, Тургенов, нәзік жанды Буниннің бізге қажеті шамалы, оларды тарихтың қоқысына лақтырып тастау керек» деген нигилистік көзқарасына қарсы орыс әдебиетшілері «бірыңғай ағым теориясын туғызды. Алаш арыстарының алғашқы ұсталуында саяси көзқарастарына қоса басты айып болып табылған да осы «бірыңғай ағым теориясы» болды. Бұл не теория, оның ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңінде атқарған маңызы қандай, жетістіктері мен кемшіліктері неде еді деген мәселе әлі де болса жабық жатыр. Әзірге білетініміз – «бұл теория әдеби мұраны жақсы-жаман демей, социалистік құрылысқа қажет пе, қажет емес пе деп қарамай барлығын да пайдаға асыруды көздеді. Олардың таптық, халықтық тұрғыда мән-маңызын ашпады, барлығы да халық сынынан өткен классикалық шығарма, ал ақын-жыраулар ешкім тең келмес дүлдүлдер деп қарады» деумен келеміз. «Бірыңғай ағым теориясы» дегеніміз марксизмнің әдеби мұраға таптық идеология тұрғысынан қараған пролеткультшылдық пен «тұрпайы социологизм» теориясына қарсы тұрған бірден-бір әдіснамалық теория болды. Әр ұлтта бір ғана әдебиет болатыны, ол тапқа бөлінбей тұтас зерттелетінін айтып, маркстік-лениндік методологияға ашық қарсы шықты. Көзқарастар эволюциясының аяқ асты қалыптаса қоймайтын үрдіс екенін, оның әдіснамалық тұрғыдағы тамырлары мен тарихы бар екенін естен шығарып жүрміз.

Міне тура осы тұрғысынан қарағанда, бұл теорияны жақтаушылар ұстанған зерттеу әдіс-тәсілдеріне барлау жасасақ, олар филологиялық, биографизм, мәдени-тарихи мектептің әдіснамасы аясында бірталай

жұмыс тындырды. Білімпаздар сиезінің шешімімен жасақталған үш бірдей ғылыми экспедиция жұмыстарының нәтижесінде «Академцентр» құрылды. Алайда ғылыми біліктілікті былай қойғанда, филологиялық таным-біліктің жетісе бермеуі мен маман кадрлардың болмауы салдарынан жаппай жинаушылық тенденциясы басым болды. Сол себепті әдеби мұраның асылы мен жасығын айыра алмау, барлығы да классика деп тану көзқарасы басым түсіп жатты. Оған сол кездің өзінде Х.Досмұхамедұлы «бұл - өте жауапты жұмыс, оны кім көрінгенге тапсырып жүргізуге болмайды» деп ашық айтқан болатын. Бірақ амал жоқ, ойланып-толғануға, ғылыми таразылауға заман мүмкіндік бермеді. Сол орын алған кемшіліктердің барлығы «бірыңғай ағым» теориясының ықпалындағы әдебиетшілер қауымына күштеп таңылды, оның зардаптарынан әлі де арыла алмай отырғанымыз анық.

Тәуелсіздік алғалы жиырма жылдан асты кеңес дәуірінде Алаш арыстарының ғылыми мұраларына айып болып тағылған «бірыңғай ағым» теориясының еш қисынға да келмейтінін әдіснамалық тұрғыда зерделеу мүлде назардан тыс қалып отыр. Орыс әдебиеттануында болған осы теорияны «ұлтшыл-алашордашылар» атауына төңкерісшілдердің күштеп таңғанын ғылыми тұрғыда дәлелдеуге ешбір талап жасамауымыз - шынын айтқанда ұят нәрсе. Пролеткультшылдардың таптық тұрғыдағы көзқараста бұл теориядағы әдебиетшілерге таңған айыптауларын санамалап жату қажет емес. Қазір тарих өзі дәлелдеп отырғандай, «бірыңғай ағым» теориясы әдіснамалық тұрғыдан алғанда біздің әдебиет туралы ұлттық ғылымда тура орыс әдебиеттануындағыдай дәрежеде орын алған жоқ. Төңкерісшілдердің әдебиеттің таптығы мен халықтығы туралы солақай сыншылдығына қарсы айтқан ой-пікірлерінде тек белгілері ғана көрінді. Оны алаш арыстарының тәуелсіздік кезінде қайта жарияланған ғылыми мұралары дәлелдеп отыр.

Кеңес тұсындағы әдебиеттануда осы теорияны қате деп тауып, Алаш Арыстарын күстаналаған уақытымызда, «олар «бірыңғай ағым» теориясы ықпалында өздерінің ұлтшылдық идеяларын сыналап енгізгісі келді» деп жазғырғанда оның болмыс-бітіміне ой жіберген жоқпыз. Шетпұшпақтап айтқанымыз болмаса, одан әлі де арыла қойған жоқпыз. Бүгінгі таңда да оған әдіснамалық тұрғыда ғылыми талдау жасай зерттеу мәселесі кенже қалып жатқаны жасырын емес. Қазақ әдебиет туралы ұлттық ғылымының тарихы мен әдіснамалық мәселелерін зерттеуде профессор Т.Кәкішев айтқандай: «Өнегенің үлгісін көріп тұрып, содан үйренбеуіміз, шыр айналып совет әдебиетінің шындығынан кандидаттық, докторлық диссертация қорғап, атақ алуымыз, 1917 жылға дейінгі былай қойғанда, соғыстан әріге бара алмайтын ғылыми мүсәпірлікті, «социалистік реализм туы астында» деген ұранмен шапқылай берушілігіміз қазақ әдебиеттану ғылымының сорына шыққаннын енді ашық айтайық» [4].

Әр түрлі көзқарастар қақтығысындағы ғылыми ой-пікірдің даму эволюциясын әдіснамалық тұрғыда таразылауда Алаш Арыстары «былай деп жазыпты, мынаны жасапты» деп тамсана беруді қоятын уақыт жетті.

Енді ұлттық әдебиеттану ғылымының бастан өткерген тарихи кезеңдеріне сай олардың мақалалары мен зерттеулерінің әдіснамалық негіздерін зерделеу қажет. Жасыратыны жоқ, Алаш арыстарының еңбектеріндегі Плеханов пен Л.Троцкийдің ықпалын байқау қиын емес. 1920 жылдардың басында Л.Троцкийдің «Литература и революция» еңбегіндегі жаңа замандағы әдебиет туралы идеялары үстемдік құрды. Оның «творчество Демьяна Бедного есть пролетарская и народная литература, т.е. литература, жизненно нужная пробужденному народу. Если это не «истинная» поэзия, то нечто большее ее», - деген пікірі басында «демьянша жазу» ұранының тууына негіз болды. Ал Блокқа берген: «И все же «Двенадцать» – не поэма революции. Это лебединая песня индивидуального искусства, которое приобщилось к революции. Конечно, Блок не наш. Но он рванулся к нам. Рванувшись, надорвался», - деген бағасы блокшылдықтан бас тартуды туғызса, орыс әдебиетіндегі футуризмді сынаған ойлары «жанды адамды көрсету» қағидасының өріс алуына себепкер болды [5, 167]. «Бірыңғай ағым» теориясы осы Л.Троцкийдің «методы марксизма не методы искусства» деген тезисін ғылыми әдіснамада орын алуынан туғандығын, оны басшылыққа алғандарға сор болып шыққандығын саралау міндеті алдымызда тұр.

Орыс әдебиеттану ғылымындағы проф. В.Ф. Переверзевтің бұл идеяны жоққа шығарып, көркем образды ғана алған концепциясының әсері де сезілмей қалмады. Д.Бедныйша жазуға үндеу арқылы көркемдік дамудың заңды жолдарына тежеу салып, әдебиетті бір ғана таптың мүддесіне сай тар шеңберде ғана болуын талап ету, ақын-жазушы таптық ортаның жемісі екенін дәлелдеу басым болды. Профессор В.Переверзевтің концепциясына қарсы дискуссияда нәтижесі де қабылданды. «Только тот критик и историк близок к марксизму, который не отходит от точки зрения Плеханова» деген тұжырымынан кейін әдеби-теориялық ой-пікір «Плеханов ортодоксиясы үшін» деген қағиданы түсіндіру мен теориялық негіздеуге көшті.

Л.Троцкийдің «методы марксизма не методы искусства» тезисіне Г.Плехановтың бір жақты методологиялық теориялары, әсіресе, Толстойдың суретшілігі мен ойшылдығын бір-біріне метафизикалық тұрғыда қарама-қайсы қоюын, Е.Онегин туралы «жұмысшы адам бұл романның ішкі мазмұнын мүлде түсінбейді» деген секілді пікірлері қосылды. Ал В.Г. Белинскийдің ғылыми мұрасы туралы сол кезеңде біржақты көзқарас болып табылған пікірлерін маркстік-лениндік әдіснама көп ұзамай қатты сынап, «Плеханов ортодоксиясы үшін» ұраны заман талабынан шығып қалды. Орыс әдебиеттануындағы осы айтылған әдіснамалық жағдаяттардың туу дәуірін енді ғана бастап жатқан ұлттық әдебиеттанудағы болмыс-бітімін салыстырмалық тұрғыда саралау кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Ол бір жағынан ғалым Сантьягоның сөзімен айтқанда «Тарихтан тағылым алмаған ұрпақ сол тарихыты қайталауға мәжбүр болады» деген сөзіне келіп тіреледі. «Көженің қоюын қою, сұйығын сұйық» деп айтар болсақ», пролеткультшылдар нигилистік

танымда басы Абайдан бастап ұлт әдебиетін жоққа шығарып, ал «тұрпайы социологизм» теориясы таптық қағидамен бағалап жатқан кезде, ұлт зиялыларына осы «бірыңғай ағым теориясынан» басқа сүйенетін әдіснамалық тірек те болмады. Алашшыл ақын-жазушылар мақалалары мен зерттеулерінде «бірыңғай ағым теориясының» ықпалы амалсыздан «социологиялық мектептің» әдіс-тәсілдеріне байланысты бола тұрса да шынайы ғылыми әдіснама орын алды. Сондықтан олардың зерттеушілік әдіснамасы ұлттық әдебиеттанудың қалыптасу тарихындағы алатын орны мен маңызына сай кешенді түрде саралану қажет.

Ахаңның «Әдебиет танытқышы» еңбегінің ғылыми негіздерін әлемдік қай ғылыми мектептің әдіснамасы тұрғысынан қарастыру керек екеніне компаративистік әдебиеттануға сай герменевтикалық әдіспен зерттеу мәселесі назардан тыс қалуда. Қазіргі қазақ әдебиеттануының абызы Т.Кәкішұлының ғылыми мектебінің шәкірттерінің пайымдауынша «Әдебиет танытқышта» филологиялық мектеп, мәдени-тарихи мектептердің зерттеу әдістері жалғаса келіп, ұлттық әдебиеттануда тарихи салыстырмалық мектеп (компаративизм) негізінде зерттеп-зерделеудің іргесі қаланды. Рас, атақты Гете айтқандай «Кім ізденсе сол адасуға мәжбүр». Қателесуіміз мүмкін, алайда келешек ізденістер жасау мақсатында айтып отырмыз. «Ала қойды бөле қырқып келгенбіз», енді «өз қазанымызда өзіміз қайнай беруді» тоқтататын уақыт жеттті. Бір ғана мысал келтірелік. Алаш арыстары ұсталып, олар жазған орта жыне жоғары мектепке арналған оқулықтар мен ғылыми зерттеулері қолданыстан шығарылып тасталған кезде, 1930 жылдары басы Сәкен болып жазған оқулықтар мен зерттеулардің әдіснамалық сипаты қандай болды дегенге ой жүгіртетін кез жетті. Әлде сол баяғы бетпен маркстік-лениндік методологияның тар шеңберінде қарай береміз бе!? Немесе 1927-29 жылдар аралығында болған көркем әдебиет туралы айтыс барысында жарияланған елуден астам мақалалардағы әдіснамалық ізденістер сипаты туралы сөз қозғар уақыт жеткен жоқ па?

Жалпы алғанда ұлттық қазақ әдебиеттану ғылымының теориялық және әдіснамалық мәселелерін тереңдете қарастыру бағытындағы ғылыми ізденістер жасау қазір кенжелеп қалып отыр. Әзірге сүйенеріміз Т.Кәкішев, Ж.Смағұлов, С.Жұмағұлов, А.Ісімақованың қазақ әдебиеті сыны мен ғылымының тарихы туралы монографиялары мен оқулықтары ғана [6]. Оларда және ұжымдық «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (2008) атты екі томдық академиялық басылымда әдебиеттану әдіснамасының мәселелері тек шет пұшпақтап қана сөз болып, ең құрығанда арнайы тарау ретінде де қарастырылған жоқ. Әдебиеттану әдіснамасынан әзірге тілге тиек етеріміз қазақ тілінде Т.Кәкішев пен Ж.Смағұловтың «Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері» (2005) атты оқу-әдістемелік құралы, ал орыс тілінде жазылған Н.Жұбанышпековтің. «Проблемы сравнительно – тиологического изучения литературы» (1995), М.Маданованың «Путь Ауэзова в страну Бальзака» (1997), «Актуальные вопросы литературной компаративистики» (1999) атты еңбектері ғана. ҚР

ҒА М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты болса, «Әдебиет теориясы мен әдебиеттану методологиясы» бөлімін жауып тастап, «жамбылтану» бөлімін ашты. Сонда әдебиет туралы ұлттық ғылымының әлемдік әдебиеттанудың көкейкесті арналарының әдіснамалық талаптарына сай келелі мәселелерімен кім шұғылданады? Осыдан кім ұтты, кім ұтылды?! Айтты-айтпады осы бөлімнің ыждағатты бастамасымен жарық көрген «Мировая литературоведения» (2007, 2008) атты үш томдық еңбектің ұлттық ғылыми зерттеушілік ой-пікірдің әдіснамалық сипатта кемелдене түсуі үшін көмегі зор деп ойлаймыз. Онда әлемдік әдебиеттану ғылымы әдіснамасының жауһарлары жинақталған. Ал біз бір кезде ұлттық көркем әдебиетті Жамбыл шалдың шапанына орап тастағанымыз аздай, тағы жамбылтану ілімінің аясында тырбаңдап жүрміз.

Қорыта келгенде, әдебиет тулалы ұлттық ғылымның туу. қалыптасу кезеңдеріндегі мақалалар мен зерттеулерді әдіснамалық тұрғыдан зерделеу барысында сол кездегі ғылыми ізденістердің басты бағыттары ғана емес, зерттеу әдістері мен жаңа заман алға тартқан түрлі теориялардың ықпалына да байланысты саралау арқылы ғана тарихи шындық тұрғысынан бағалай аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Смағұлов Ж. XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы. Оқулық. - Алматы: ЖШС Эверо, 2014.
2. Бушмин А.С. Наука о литературе. - Москва: Современник, 1980.
3. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. - Алматы: Қазақ энцеклопедиясы, 1995.
4. Кәкішұлы Т. Мерей. Ғылыми-библиографиялық жинақ. - Алматы, 2002.
5. Троцкий Л. Литература и революция. - Москва: Наука, 1991.
6. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. -Алматы: Қазақ университеті, 1999, Ұлттық әдебиет тану әлемі, - Қарағанды: Болашақ баспа, 2005, Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы - Алматы, 2009, Жұмағұлов С. XX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы. (1956-1991 ж.ж).- Қарағанды: Гласир, 2008.

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ
(1980 жылдардағы зерттеулер негізінде)

С.Б. Жұмағұл
ф.ғ.д., профессор
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Қазақстан, Астана

Аннотация. *В статье анализируется исследование казахской литературы XIX века на основе научных материалов 1980 годов. Определены главные направления исследования национальной литературы в контексте развала советской идеологии тоталитарной системы.*

Ключевые слова: *история литературы XIX века, новые направления в литературоведении, партийные постановления по вопросам литературы и искусства, переосмысление духовного наследия.*

Abstract. *The study of Kazakh literature of the XIX century is analyzed in the article on the basis of scientific materials of the 1980s. The main areas of the study of national literature are analyzed in the context of the collapse of the Soviet ideology of the totalitarian system.*

Keywords: *history of literature of the XIX century, new trends in literary criticism, party decisions concerning the literature and art, redefining of the spiritual heritage.*

Қазақ әдебиетінің тұтас тарихын ұлттық мүдде тұрғысынан зерттеудегі басты кедергі партиялық қаулылар десек, әдебиеттануды маркстік-лениндік ілімдегі олқылықтардан арылтудың ең бір өзекті де түйіні мәселесі тұрғысынан ерекше маңызда еді. Сондықтан XX ғасырдың 30-50 жылдары қабылданған әдебиет пен өнер мәселелері бойынша идеологиялық қаулы-қарарлардың күшін жоюы әдеби-тарихи мән-маңызы зор оқиға болды. Онда Ресей отаршылдығына қарсылықтан туған XIX ғасырдағы «зар заман» ақындары, XX ғасыр басындағы қалам қайраткерлерінің шығармашылығын бағалауда орын алған қателіктер 50-жылдары бұл шығармаларға орыстарға қарсы, феодалдық құрылысты марапаттайтын кертертпа-ұлтшыл шығармалар ретінде қатып-семген сарындағы баға берілді. Аса көрнекті ақындардың өзіндік өрнекке бай творчествосы ұзақ жылдар бойы жөнсіз ұмыт қалдырылды» [1] деп көрсетілді. Ол қазақ әдебиетінің тарихын толымды зерттеуде орын алған «ақтаңдақтар» мәселесін байыптауға, идеологиялық қысым зардабынан жапа шеккен жекелеген дарындар шығармашылығын зерттеу, әдеби мұрасын игеру мәселесін ұлттық әдебиеттану ғылымының кемел арнасының басты өзегіне айналдырды. Міне, осынау ділгір мәселелердің әдебиеттану ғылымының өзекті тақырыбына алынуы тұрғысынан келгенімізде Дулат, Шортанбай, Мұрат мұрасын жаңаша танымда зерделеудегі Р.Сыздықова, М.Мырзахметов, Х.Сүйіншәлиев, К.Жүнісов, М.Қойгелдиев, С.Негимов, Р.Сағымбекұлы мақалалары айрықша аталады. Мәселен, Р.Сыздықова Дулат мұрасы зерттелуінің жай-күйіне, поэзиясының әдеби тілді дамытудағы маңызына тоқталып, ендігі кезекте

сөз зергерлерін әдеби дамудағы тарихи сабақтастық тұрғысынан обьективті зерттеу керектігіне ой салып: «Абайдың алдында қазақтың күшті дамыған, халықтың эстетикалық-рухани талғамын сан ғасыр бойы өтеп келген, ауызша тараған мықты поэтикалық мектебі тұрмаса, Бұхар, Махамбет, Дулаттар сияқты сөз зергерлері жасап өтпесе, Абай да мұндай шырқау биікке бірден көтеріле алар ма еді!» деп түйсе [2], М.Мырзахметов «Дулат мұрасы жартылай танылған «ақтаңдақ» қалпында қалып, аты аталса да әдеби жұртшылық арасында пікір таласында оқтын-оқтын қозғау да салып отырды. Бірақ ол жайында айтылар шындықтың толық, тұтас күйінде айтылмай, жартыкеш түрінде орныгуы себепті, тарихи-әлеуметтік өмір болмысына орай туындаған Дулат шығармаларының басты да туынды сарыны, яғни лейтмотиві ғылыми тұрғыдан ашылмай қала берді. Жалпы қазақ әдебиет тарихында бұл іспеттес «ақтаңдақ» күйін кешіп, түсі түстеліп, мағынасы ашылып, түгелденбей жатқан мұралар қанша ма?» [3,191-192] деп Дулат ақындығын, саяси-әлеуметтік поэзиясын отаршылдық дәуірмен байланыста алып қарастырды. Осы орайда «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы» (1985) кітабындағы Дулат шығармашылығына қатысты «...өмірге көзқарасы, идеялық позициясы жағынан феодал тобының тілек-мүддесінен, дүниетанымынан аулақ кете алмады» деген сипаттағы қате көзқарасты сын тезіне ала отырып, мұндай біржақты идеологиялық қасаң талаптың әдіснамалық негіздерінде орын алып келген басты теориялық олқылықтарды ашып берді. Соның ішінде ұлтсыздандыру, діннен айыру мақсатындағы Ресей империясының отаршылдық саясатының отандық тарих сол кездері әлі сәулесін толық түсірмеген беймәлім қатпарларына терең бойлап, құнды тарихи дерек көздерімен дәйектейді [3, 191-201]. Ал Х.Сүйіншілиев «зар заман» әдебиеті өкілдерінің мұрасын бағалау, шығармашылығын зерттеудегі идеологиялық қателіктерден туындаған ғылыми ағат көзқарастарды айта келіп, Мұрат өнерпаздығын тану бастауында тұрған Х.Досмұхамедұлының тарихи тұлғасын бұрмалаудағы қиястықтарды дұрыс көрсетті. «Мұрат ақынның сөздері» (1924) жинағындағы Халел пікірлерінің ғылыми маңызын зерделеп, ақын поэзиясындағы отаршылдық дәуір шындығының жырлануын жаңаша танымда зерделеген ғалым бодандық қыспақтағы ұлттың зар-шері, шерменде көңіл-күйінен туған отаншылдық аңсардағы «Үш қиян», «Сарыарқа», «Қазтуған», «Өттің бір қапы дүние» мұраларын елдік мәселелермен тығыз бірлікте қарастырды.

Қоғамдық өмірдегі рухани сілкініс пен саяси серпіліс талабына орай XIX ғасыр әдебиетінің кеңестік идеология тарапынан тиым салынып келген ақындар мұрасын жариялау ісі барынша жанданды. «Жыр шежіре» айдарымен «Қазақ әдебиетінде» Дулаттың «Шаштараз» дастаны (1987.4.XII), «Жұлдыз» журналында Көкбайдың «Сабалақ» (1990.№8), Жамбылдың «Сыздық сұлтанға» (1990.№9), Сүйімбайдың «Өтеген батыр» (1990.№11), Нысанбайдың «Кенесары мен Наурызбайды жоқтау» (1990.№12), Досқожаның «Кенесары қоныстан ауғанда айтқаны» (1991.№2), Шортанбайдың «Зар заман сарындары» (1991. №3), Мұраттың

«Еділді алды, елді алды» (1991.№4), Қашағанның «Жұттан кейін» (1991.№5), Кердері Әбубәкірдің «Замананың түрі» (1991.№11) мұралары жарияланды.

Сондай-ақ Базар жырау (1986), Бақтыбай ақын (1988), Молда Мұса (Мұсабек Байзақұлы) (1988) шығармалары жинақтарымен қатар Қ.Өмірәлиевтің құрастыруы, «Дулаттың дәуірі мен ақындығы» атты алғы сөзімен Дулат Бабатайұлының «Замана сазы» [4], «Жыр жүйріктері» атты Қ.Сыдиқов, Ш.Керімов алғы сөзімен Қашаған Күржіманұлы, Шынияз Шанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Насихат Сүгірұлы шығармалары топтастырылған «Алқаласа, әлеумет» (1991) жарық көрді.

М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1991), Х.Досмұхамедовтің «Аламан» (1991) кітаптарының ғылыми айналымға түсуі қазақ әдебиетінің тарихын тұтастықта әрі тарихи шындыққа сай қарастыру мен зерттеудің әдіснамалық негіздеріне өзгерістер әкелді. Сонымен қатар С.Асфандияровтың «Қазақстан - патшалық Россия отары» [«Қазақстан мектебі».1990.№10], Х.Досмұхамедұлының «Тайманұлы Исатай еңіреп өткен ер еді» [«Жалын». 1991.№3], С.Мұқановтың «Кенесары-Наурызбай туралы» [«Жұлдыз». 1991. №6], Е.Бекмахановтың «Қазақ халқының Кенесары бастаған азаттық қозғалысы» [«Жұлдыз».1991.№7,8,9,10] тарихи зерттеулері жарияланып, қазақ халқының тарихындағы ұлт-азаттық көтерілістердің маңызын ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырудың басым бағытын айқындап берді. Ал Р.Сүлейменов, Ж.Қасымбаевтың «Кенесары көтерілісі: көне шындыққа жаңа көзқарас» [«Қазақстан коммунисі». 1991.№3] мақаласында тарихи оқиға мен тарихи тұлға жаңаша танымды сараланды.

XIX ғасыр әдебиетінің өзге де айтулы тұлғалары шығармашылығының бұрындары өз деңгейінде обьективті қарастырылмаған ғылыми мәселелері жаңаша көзқараста зерделенді. Атап айтқанда, Ы.Алтынсариннің жарияланбай келген «Шариат уи-Ислам» кітабы А.Сейдімбеков алғы сөзімен жарық көрді [5]. Сондай-ақ қыр перзентінің ағартушылық қызметіндегі Ильминский сынды орыс миссионерлерімен күрделі қарым-қатынасының беймәлім болып келген қырлары проблемалық мақалалар өзегіне алынды. Ұлы ағартушының аталған діни тақырыптағы мұрасы Ш.Сәтбаеваның «Ұлы ағартушының айтулы еңбегі» мақаласына арқау болса [«Қазақстан коммунисі». 1991.№7], «Орыс миссионері Ильминскийді Ы.Алтынсаринмен дос қылып, ағартушы-қайраткер етіп көрсеткеніміз бар. Ал ол іс жүзінде қазақтарды құлдана түсуге құлшынған, орыстардың өзін мәдениеттендіруге қарсы болған адам. Қазіргі қайта құру кезеңінде осындай ақтаңдақтарды ашып, әрбір тарихи құбылыстың шыны мен сырын байыптауымыз керек» [«Қ.Ә».1987.25.XII] деген батыл ғылыми ұстанымда болған М.Мырзахметовтің «Ыбырай және Ильминский» мақаласы кезінде барынша дәріптеліп келген Ильминскийдің орыстандыру мен отаршылдық саясатта ұстанған ұстанымына өзгеше сипатта қарау керектігін көтеруімен құнды [«Қазақстан мектебі».1991.№9].

«Ыбырай Алтынсарин тағылымы» (1991) атты естеліктер, зерттеулер жинағына енген «Ыбырай және проф. Ильминский» мақаласында да «Ильминский мақсаты - Россия империясының орыстандыру саясатын қазақ арасында жүзеге асыруды қазақтардың өз қолымен істеу саясаты жағынан әлдеқайда сенімді жол болады деп білгендіктен, А.Алтынсаринді осы іске пайдалануды көздеген» [6,102] деп осы мәселедегі орыс отаршылдығынан өрістеген миссионерлік саясаттағы Ильминскийдің ұстанған бағытына соны көзқарста келді.

XIX ғасыр әдебиетінің тарихын тұтастықта зерттеуде үлкен мәнге шоқантану, абайтану ілімдеріндегі ізденістер барынша өрістеп, жаңа әдеби-тарихи деректермен толықтырылды. Ш.Уәлихановтың 150 жылдығының Одақ көлемінде аталып өтуі ұлы тұлға мұрасын жариялау, сан қырлы шығармашылығын монографиялық тұрғыдан қарастыру ісіне қозғау салды. Алматыда «Аса көрнекті ойшыл, ағартушы-демократ Шоқан Уәлиханов және оның ғылым мен мәдениетті дамытудағы үлесі» тақырыбында Бүкілодақтық ғылыми-теориялық конференция болып өтті. Онда З.Ахметов «Шоқан Уәлиханов шығармаларындағы қазақ халқының ұлттық мәдениетінің байлығы» баяндамасын жасады. Қазақстандағы ғылыми және мәдени іс-шаралармен қатар Өзбек КСР ҒА Шығыстану институтының мәжіліс залында ғылыми сессия өтіп, М.Хайруллаев, Ә.Каюмов, Ш.Сәтбаевалар баяндама жасады. Мерейтой қарсаңында Ә.Марғұлан басшылығымен Ш.Уәлихановтың орыс тілінде 5 томдық шығармалар жинағы басылып шықты (1984-1985). Таңдамалы шығармаларының қазақ тіліндегі I томы да жарияланып (1985), «Қазақ шежіресі», «Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінде», «Тәңірі», «Сот реформасы туралы жазбалар», «Сахарадағы мұсылмандық туралы», «Іле өлкесінің географиялық очеркі» сынды іргелі зерттеу еңбектері қамтылды. Егер де бұрынғы жинақтарда (1980) ұлтымыздың тарихи атауы «қырғыз», «қайсақтар» деп бұрмаланып берілген болса, жаңа басылымда олардың бәрі түзетіліп «қазақ» деп жазылды.

Ұлы тұлғаның 150 жылдығына орай қазақ, орыс тілдерінде басылған библиографиялық көрсеткіште Ш.Уәлиханов шығармаларының қазақ тілінде жарияланған және орыс тілінен аударылмаған шығармаларымен бірге оның өмірі, қызметі туралы жарық көрген 843 әдебиеттің тізбегі берілді. Сондай-ақ «Чокан Валиханов и современность» (1988) атты ғылыми мақалалар жинағы жарық көрді. Е.Букетовтың «Пути в незнаемое» (1985), С.Мұқтарұлының «Шоқан және өнер» (1985) кітаптары шықты. Ш.Сәтбаева «Ч.Ч.Валиханов и русская литература» (1987), «Шоқан Уәлиханов-филолог» (1987) зерттеулерімен шоқантану ілімін тереңдетті.

Ұлттық әдебиеттанудағы күрделі өзгерістер сипатын байыптағанымызда оның күретамыры іспеттес абайтануда жарияланған ғылыми мақалалардағы ділгір мәселелер қойылымының өзектілігін баса көрсетеміз. «Абайтану» курсын жандандыру, академиялық жинақтарындағы текстология мәселелері, шығармаларының бір қалыпқа түсірілген канондық мәтінін түзу сынды ғылыми мәселелер

М.Мырзахметов, Қ.Өмірәлиевтің «Абайды танып біттік пе?» мақаласында өткір көтерілсе, Г.Бельгер мақаласында ақын поэзиясының канондық мәтініне қатысты келелі ойлар талқыға салынды.

Г.Бельгер сөз зергері шығармаларының бір қалыпқа түсірілген канондық мәтіні жоқ екенін айта отырып, ақын жинағы кітаптарындағы («Жазушы». 1976). («Ғылым».1977) кейбір жеке сөздердің, өлең жолдарының екі басылымында екі түрлі беріліп, қым-қиғаш болып жүргені, тыныс белгілерінің жөн-жосықсыз, қалай болса солай қойылудағы ағаттықтарды Абайдың он өлеңін салыстыру негізінде тоқсан тоғыз сәйкессіздіктің орын алғанын саралады [«Қ.Ә».1985.9.05]. Ал Қ.Мұхаметханов «Түзетілгені» қане? «Түсініктері» қайсы? (Абай өлеңдеріне түсініктер жайында)» атты проблемалық мақаласында Абай шығармаларының екі томдық толық жинағында (1977) ақын қолданған кейбір сөздерге берілген түсініктердің ғылымдық дәрежесінің төмендігіне, дәйексіздігіне тоқталып, өлеңдеріне берілген мәтіндік түсініктерді түпкі және түрлі нұсқаларын салыстыра талдау негізінде толықтырды [«Қ.Ә».1986.10.10]. Өз кезегінде «Маржанды тозаң баспасын» мақаласында Г.Бельгер тарапынан көтерілген Абай шығармаларының текстологиясына орай ой бөлісіп, біріншіден, «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», «Қансонарда шығады бүркітші аңға» өлеңдеріндегі қате басылып жүрген, бұрмаланып беріліп келе жатқан өлең жолдарын нақты қарастырып, түзетілген нұсқасын соның ішінде Абай шығармаларының әр жылғы басылымдарымен салыстыра отырып, ең басты да негізгі нұсқаларды дәлелдей отырып ұсынды [7]. Екіншіден, «Ғылым» баспасынан шыққан (1977) екі томдықтағы «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Өлең - сөздің патшасы сөз сарасы», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Бай сейілді» өлеңдеріндегі қате басылған сөздерді сараласа, үшіншіден, «Ескендір», «Масғұт» поэмаларының мәтінінде 1909 жылғы жинақпен салыстырғанда кейінгі басылымдарда 19 сөз дұрыс берілмегенін, ал орыс ақындарының аударма өлеңдерінің 1909 жылғы басылымымен салыстырғанда сөз қайшылықтарының ұшырайтын саны 74 екеніне дәлелді түрде көз жеткізеді. Бұл ретте Абай шығармаларының жинағын шығаруға, мәтіндеріне үлкен жауапкершілікпен қарау керектігіне принциптілікпен келген ғалым Абай қара сөздерінің мәтіндеріне қатысты сөз қозғау бұл мақалада мүмкін еместігін ескертіп, тек жинақтардың бәрінде «Отыз бірінші сөз» деп басылып жүргені «Он тоғызыншы сөз» екеніне зерттеушілер назарын аударты [7].

Абайтанудағы маңызы зор жоғарыда қарастырылған проблемалық мақалалар ұлы ақын шығармашылығын кешенді зерттеу, шығармалар жинағын шығару ісіндегі жауапкершілікті еселеу мәселелерінде тұтас әдебиетші ғалымдар қолға алар, атқарылар түбегейлі тиянақтаудағы істерді қамшылай түскені анық. Ақынның екі томдық шығармаларының (1986), «Абайтану тағылымы» мақалалар жинағының (1986), «Абайтану. Библиографиялық көрсеткіштің» (1988), «Абайтануда жарияланбаған материалдар» (1988) жинағының, сондай-ақ М.Мырзахметовтің «Абай

жүрген ізбенен» (1985), қытай ғалымы Қабайдың «Абай және оның заманы» (1987. Пекин), М.Бейсенбаевтың «Абай және оның заманы» (1988), Г.Бельгердің «Гете и Абай» (1989) зерттеулерінің жарық көруі абайтану іліміндегі ілгерлеу жолындағы маңызды ізденістер аясын танытады.

М.Мырзахметов құрастыруымен ұлы ақынның 140 жылдығына орай қазақ және орыс тілдерінде басылған «Абайтану. Библиографиялық көрсеткіште» (1988) 1939-1985 жылдар аралағында Абай және оның мұрасы жайлы жарияланған мақала, зерттеу, монографиялық еңбектердің библиографиялық көрсеткіш, Л.М.Әуезова, М.Мырзахметов құрастыруларымен М.Әуезовтің абайтануда үлкен ғылыми мәнге ие Абай мұрасы жөнінде бұрын жарық көрмеген зерттеу материалдары топтастырылған «Абайтанудан жарияланбаған материалдар. Неопубликованные материалы по абаеведению» (1988) жарық көруі абайтанудың өрісті арнасына тән басты сипаттарды аңғартады.

«Абайтанудан жарияланбаған материалдарда» М.Әуезов мұражайы мұрағатында абайтану ілімінде жарияланбай қалған зерттеуші қолжазбаларын саралап, зерделі ой елегінен өткізген құрастырушылар жинаққа 97 қолжазбаның 63-ін енгізді. Оның 44-і қазақ тілінде, ендібір жуығы қазақ, орыс тілдерінде аралас жазылғаны анықталды. Соның барысында абайтану ілімінің негізін қалаған М.Әуезовтің ғылыми-шығармашылық зертханасының беймәлім тұстарын терең тануда соны қадам жасалды. Еңбектегі «Абай өмірбаяны», «Абай шығармаларының текстологиясы», «Абай мұрасының рухани көздері», «Абайдың ақындық дәстүрі (мектебі)», «Абайтанудың арнаулы курсы», «Баяндамалар, сөздер, пікірлер», «Абайтану жайлы еңбектерге пікірлер», «Абай жолы» эпопеясының жазылу тарихынан» атты тақырыптық жүйелеу абайтану мен Әуезовтану арнасындағы күрделі ғылыми мәселелердің тығыз байланысын тануға мүмкіндік береді [8]. Әсіресе Абай мұрасының зерттелуін таза саяси сипатта қарастырған С.Нұрышев мақаласына қарсы жазылған қаламгердің «Открытое письмо в редакцию «Литературной газеты» мақаласының қамтылуы идеологиялық қиястықтан туындаған сан мысалдың бір ғана көрінісі тұрғысынан маңызды. «Осы жалалы да зиянды мақаланың дауынан өзін ақтап қорғау үшін Мұқаң «Литературная газетаға» ашық хат жазып, қоғамдық пікірдің ара түсуіне мұқтаж болған» [8,364] деген түсінік Әуезовтанудың беймәлім беттерін терең де жан-жақты зерттеудің бастамасы болатын.

Ақын мұрасын, шығармашылығын филологиялық және әдеби-тарихи тұрғыдан тануда үлкен ғылыми маңызға ие А.Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны», М.Әуезовтің 1951 жылы жазылып түрлі себептерге байланысты жарияланбай келген «Көкбайдың ақындығы», Ж.Аймауытовпен бірге жазылған «Абайдың өнері һәм қызметі», М.Дулатовтың «Абай», «Хан Абылай», «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан», Ә.Бөкейхановтың «Абай. (Ибраһим Құнанбаев)» сынды құнды ғылыми мұраларының қайта оралуымен абайтану ілімі кемелдене түсті. 1990 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында Абайтану бөлімі ашылып, сөз зергерінің 150 жылдығы қарсаңында ақын шығармаларына «текстологиялық зерттеу жүргізу, сол негізде екі томдық академиялық

жинақ дайындауды, оның өмірі мен шығармашылығын зерттейтін жаңа еңбектер жасауды күн тәртібіне қойды» [9,233]. Оған Қ.Мұхаметханов, З.Ахметов, М.Мырзахметов, Ж.Ысмағұлов, Б.Байғалиев, Қ.Салғарин өзге де ғалымдар жұмылдырылды. «Осы топтың күшімен Абай шығармаларының мәтіні толық қайта қаралды. Ақын қолжазбалары мен барлық басылымдары салыстырылды. Шығармаларының ғылыми түсініктері қайта жазылып толықтырылды. Абай туралы естеліктер жинағы құрастырылды. Мұндай жинақ Абайтану тарихында бірінші рет басылып отыр» [9,233].

Түйіндей айтқанда, XIX ғасыр әдебиеті тарихының толық ғылыми жүйеде толымды жазылуы «Қазақ әдебиетінің тарихы» сериясымен жарық көрген Х.Сүйіншәлиевтің жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған «XIX ғасыр әдебиеті» (1992) оқулық және хрестоматиялық оқу құралында (1992) шешімін тапты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30-40-шы жылдар кезеңі мен 50-ші жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Комиссиясының қорытындысы//Қазақ әдебиеті. – 1989. – 15 декабрь.
2. Сыздықова Р. Дулат ақын//Қазақ әдебиеті. – 1987. – 10 июль.
3. Мырзахметов М. Екі күймек бір жанға әділет пе? Кітапта: Бабатайұлы Дулат. Тұнық тұма. Өсиетнама: өлеңдер мен дастандар (1 кітап); Дулат жырау тағылымы: сын-зерттеу, көзқарастар (2 кітап). Құрастырған Қ.Раев//Алғы сөзін жазғандар З.Ахметов, Қ.Раев. – Алматы: «Раритет», 2002. – 288 б.
4. Дулат Бабатайұлы. Замана сазы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 160 б.
5. Алтынсарин Ы. Шариат-ул-ислам/Дайындаған. А.Сейдімбеков. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 80 б.
6. Ыбырай Алтынсарин тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 320 б.
7. Мұхамедханов Қ. Маржанды тозаң баспасын /Қазақ әдебиеті. - 1985. – 21 июнь.
8. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. – Алматы: Ғылым, 1988. – 368 б.
9. Қирабаев С.Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. – 448 б.

ҚАЗІРГІ АЙТЫСТАҒЫ КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕР

А.Д. Әлтай
ф.ғ.д., профессор
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Қазақстан, Астана
akzol777@mail.ru

Аннотация. *В данной статье рассматриваются актуальные проблемы современного айтыса. В этом аспекте делаются выводы.*

Ключевые слова. *айтыс, национальное искусство, акын, импровизатор.*

Abstract. *In this article actual problems of modern aitys. In this aspect, the conclusions.*

Keyword. *aitys, national art, bard, improviser.*

Халқымыздың сан ғасырлардан бері ұлттық ерекшелігін айқындап, рухани тіректерінің біріне айналып келе жатқан қазынасы – Айтыс өнері. Ауыз әдебиетінің іргелі саласының бірі болып табылатын ақындар айтысы, сан қырлы, синкретті жанр болып табылады. Атамұра өнердің өн бойынан қазақ халқының шешендік, әншілік, күйшілік, театр өнері, жыршы-термешілік секілді бірнеше өнер түрлерінің сипаттарын аңғаруымызға болады.

Халықтың күйініші мен сүйініші, аңсар мұраты, ұлттық болмысы, әдет-ғұрып, саяси ұстанымы мен әлеуметтік хал-ахуалы, тарихи танымы мен ой-санасы – осының барлығы да айтыс өнерінің табиғатынан көрініс тауып отырады.

Айтыс – қай кезде де қоғамдық ой туғызып пікір қалыптастыратын идеологиялық қауқары күшті өнер саласы.

Тіпті кешегі Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында да сол кездегі Қазақстан Компартиясының бастауымен билік жүйесінің ақындар айтысына ерекше мән беруі жоғарыдағы сөзіміздің дәлелі болмақ. Яғни, ел еңсесі түскен соғыстың сұрапыл жылдарында тылдағы еңбек күшіне айналған қатын-қалаш пен бала-шағаның рухын көтеріп, еңбек майданындағы қарқынын күшейту үшін сол кезеңдегі Жамбыл бастаған Кенен, Шашубай, Нартай, Нұрлыбек секілді т.б. халық ақындарының қосар үлесі зор екендігін сол кездегі билік өкілдері де, зиялы қауым да жақсы сезінген.

1943 жылғы 4 желтоқсанда Алматы қаласында өткен республикалық ақындар айтысына Қазақстан Орталық партиясының бірінші хатшысы, Жоғарғы кеңес төрағасы, министрлер кеңесінің төрағасы түгел қатысып, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов бастаған әдебиет алыптарының айтысты ұйымдастыруға белсенді кірісуі осының айғағы. Себебі олар Шашубай ақынның тілімен айтқанда:

Өзім оқ, өзім бомба, өзім танк,
Өзім кен, өзім қазына, өзім алып – деген секілді халық ақындарының отты жырлары халықтың рухын көтеріп, бірлігін, елдік мұратын нығайта түсетінін анық аңғарды.

Айтыс өнерінің жаңаша сипатпен қоғамдық мән беріліп, тың серпіліс алып жарқырай көрінген, сөз бостандығына сәл де болса мүмкіндік берілген тұсы өткен ғасырдың 80-жылдарының ортасынан бергі уақытты қамтиды. Өзбекәлі Жәнібеков, Камал Смайылов, Мырзатай Жолдасбеков, Сағат Әшімбаев секілді сол жылдардағы идеологияның басында болған қайраткер ағаларымыздың қолдауымен, Жүрсін Ерман, Рахманқұл Бердібаев, Тұрсынбек Кәкішев, Мардан Байділдаев, Мүсілім Базарбаев, Мырзабек Дүйсенов, Мұзафар Әлімбаев секілді ақын-жазушылар мен ғалымдардың ұйымдастыруымен телевизиялық айтыстар қоғамда рухани серпіліс туғызып, бұрын-соңды болып көрмеген аса ауқымды аудитория жинап, халықтың ерекше ықыласына бөлене білді.

Халық ақындары Көкен Шәкеев, Манап Көкенов, Қалихан Алтынбаев, Көпбай Омаров сынды ақсақалдарымыздың көшін жалғастырып Әселхан Қалыбекова, Әсия Беркенова, Қонысбай Әбілов, Есенқұл Жақыпбеков, Шорабек Айдаров, Баянғали Әлімжанов, Ерік Асқаров, Құдайберлі Мырзабеков секілді ақындар легі айтыс айдынына шықты.

Біз айтыс өнерінің бүгінгі болмысын сөз еткенде сол кешегі аға буын өкілдерінің қосқан үлесін, жол салып берген ерен еңбектерін ескеріп, үлгі-өнеге ала білуіміз қажет. Әсіресе, айтысқа енді ғана қосылып жүрген жас ақындарымыздың алатын сабағы, тәрбиесі мол деп түсінем. Жоғарыдағы аттары аталған 1985-1991 жылдарда белсенді айтысқан аға-апаларымыз Арал мәселесі, Алаш арыстарын ақтау, ана тілі тағдыры, Семей полигонын жабу, қазақ мектептерін ашу, желтоқсан көтерілісі, елдің еркіндігі секілді ұлт тағдыры үшін аса мәнді, көкейкесті мәселелерді жан-жақты жырлап, қоғамдық пікір қалыптастыра білді. Және сол ақындар тарапынан айтылған сын пікірлердің шешімін тауып оң өзгерістер қалыптаса бастаған тұстары да аз болған жоқ.

Еліміздің тәуелсіздік алуы сөз бостандығы мен ой еркіндігіне есік ашып ақындарымыз өз ойларын еркін жеткізуге, небір көкейкесті мәселелерді ашып айтуға мүмкіндік алды. Тәуелсіздікке енді ғана қол жеткізген жас мемлекетіміздің қалыптасу барысындағы ел Президентін сайлау, Ата заң қабылдау, Көк байрағын көтеру, төл теңгесін шығару, сыртқы елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнату секілді үлкен оқиғалардың барлығын ақындарымыз сүйіншілей жырлап, ақпарат құралдарымен бірге халыққа жарыса жеткізіп отырды. Мырзатай Жолдасбеков ағамыз: «Тәуелсіздікті айтыс ақындарындай жан-жақты жырлаған ешкім жоқ» - деген сөзінің сыры осында.

Қазіргі айтыс өнерінің ерекше дамып, кемелденген, шырқау биігіне көтерілген тұсы 1997-2007 жылдар аралығындағы ұлт өнерінің қабырғалы қайраткері Жүрсін Ерман ағамыздың ұйымдастыруымен өткен айтыстар деп айтқан болар едім.

Оның бірнеше өзіндік себептері бар. Біріншіден: айтыс аренасына тоқсаныншы жылдардың басында келген Мэлс Қосымбаев, Ақмарал Леубаева, Мұхаметжан Тазабеков, Бекарыс Шойбеков секілді толағай талантты ақындарымыздың ізін суытпай. Оразалы Досбосынов, Айнұр Тұрсынбаева, Балғынбек Имашев, Дәулеткерей Кәпұлы, Айбек Қалиев,

Серікзат Дүйсенғазы, Бауыржан Халиолла, Жібек Болтанова секілді дарынды топ айтыс аламанында өз жемісін берді. Жаңа ғасырдың көшімен жарқ етіп келген Ринат Зайтов, Сара Тоқтамысова, Мақсат Аханов, Дидар Хамиев, Жандарбек Бұлғақов секілді жас таланттардың жарқырай көрінген тұсы да сол жылдардың еншісіне жатады.

Екінші себебі: 1997-2006 жылдарда болған айтыстардың мәтіндері «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Жас алаш» секілді ақпарат құралдарында үнемі жарияланып әрбір өткен айтыстарға ізін суытпай журналистік сараптау, талдаулар жасалып қоғамдық қызу пікірталастарға түсіп жатты.

Үшінші себебі: республикалық «Хабар» агенттігі мен «Қазақстан» ұлттық арнасы жүйелі түрде айтыстардың барлығын халыққа насихаттап көрсетіп отырды. Және көрсетілім барысында айтысты монтаждау Жүрсін мырзаның өз құзырында болды. Осы жылдарда айтысты ұйымдастыру барысында «Супер-дода», «Жекпе-жек айтыс» секілді жаңаша форматтағы тың жобалар іске асырылды.

Төртінші себебі: айтыс өткізудің географиялық ауқымы кеңейіп, интеграциялық сипат алды. Соның нәтижесінде ел тарихында тұңғыш рет шетелдердің Мәскеу, Париж, Анкара секілді қалаларында ақындар айтысы өткізілді. Осының барлығы да Амангелді Ермегияев, Өмірзақ Сәрсенов секілді жекелеген меценаттардың қолдауымен жүзеге асырылып отырды.

2007-2010 жылдар аралығында телеэкрандардан көрсетілмей бас иесіз, жүрісінен жаңылып, көрермен халықтан ажырап қалған айтысты еліміздің ең ықпалды, құзырлы да қабілетті «Нұр-Отан» партиясының өз қанатының астына алуы көңілге сәуле ұялатады.

Бірақ өкінішке орай бүгін айтыстың қордаланған проблемалары да, ақындарға айтар сын-ескертпелеріміз де жетерлік.

Бүгінгі айтыстың басты проблемасының бірі – ондағы ауызбірліктің, ортақ үйлестірудің болмауында. Айтыс ешкімнің қанжығасына байлап берген еншісі емес, ол қашанда халықтың ортақ қазынасы екенін естен шығармауымыз жөн. «Төртеу түгел болса төбедегі келер, алтау ала болса ауыздағы кетеді» дейді бабаларымыз. Ат төбеліндей ақындарымызды алаламай, айтысты ұйымдастыру мәселесін жан-жаққа тартпай, дұрыс жолға қоюға тиіспіз.

Жалпы бүгінгі айтыскерлеріміздің аяқ алысынан мынандай кемшіліктерді атап айтуымыз керек.

Біріншіден: ақындарымыз неге сақал қойғансың, мен сені алып қашам, неге үйленбей жүрсің? Неше бала туғыздың деген секілді елді әбден жауыр қылған жеңіл қалжыңдардардың шеңберінен шыға алмай жатады. Бұл кемшілік әсіресе қазіргі жас ақындарымызға тән.

Екіншіден, әлеуметтік, қоғамдық проблемаларды Әселхан, Әсия апаларымыз секілді, Бекарыс, Оразалы, Мұхаметжан, Мэлс бауырларымыз секілді жіліктеп айту, сараптап айту, кешенді түрде тереңнен толғап айту дәстүрі қазіргі жас ақындарда ізденудің, білімнің жетіспеушілігінен кемшін түсіп жатады.

Үшіншіден, ақындарымыздың рок музыканың, эстраданың әуендеріне салып әндетіп кету секілді кемшіліктер етек алып барады. Қазіргі айтыстағы мақам мен әуеннің жұтаңдығы да жоғарыдағы айтылған кемшілікке жол ашады. Бүкіл ақын жиналып айналдырған үш-төрт мақамның шеңберінен шыға алмауы жұртты жалықтыра бастағандай.

Төртіншіден, өзара келісіп алу, яғни жаттандылық кеселі күн сайын меңдеп бара жатқандай көрінеді. Әрине, үлкен айтысқа ақынның дайындықпен, багажбен, ойын жұптап шыққаны дұрыс, дегенмен айтыстың ең негізгі сипаты оның суырып салмалық импровизациясында емес пе, сонысымен де айтыс қызықты һәм ерекше болмақ. Бұл тұста да біз жоғарыда есімдері аталған аға буын өкілдерінен үлгі-өнеге алуымыз керек.

Бесіншіден, жыл бойы өткен айтыстардың барлығын жыл аяғында қорытындылап, ақындардың маслихатын өткізіп бағаланып, баяндамаларда сын-пікірлер, ұсыныстар айтылып, бағыт-бағдар беріліп отырылуы тиіс. Тіпті жас ақындарға саясаттанушылар, тарихшылар, әдебиеттанушылар, өнертанушылар, ақын-жазушылар тарапынан арнаулы дәрістер ұйымдастырылса да артық болмас.

Алтыншыдан, ой түйіні ретінде айтпағым ақындардың нені жырласа да, негізгі алтын қазығы, ұстанымы мемлекетшілдік, отансүйгіштік, елдік мақсат, ұлттық мүдде, ынтымақ пен бірлік аясында болуы тиіс. Жекелеген саяси күштердің, ағымдардың идеологиясына түсіп кетуден ақындарымыз сақ болуы керек, яғни ақын халықтың ғана сөзін сөйлеп, елдік мүддені мақсат тұтуға міндетті.

«Дүниедегі ең мықты мемлекет – Түркия мемлекеті, ең мықты халық – түрік халқы»,-деп Мұстафа Кемал Ататүріктің елдің рухын көтергені секілді, біздің бүгінгі ақындарымыз да «Ең мерейлі, болашағы мықты мемлекет – Қазақстан, ең талантты да білімді, рухты халық – қазақ халқы» деп сөйлеуге, жырлауға үйренейік, сонда ғана халықтың ұлттық санаға көтеріліп, жылауық құлдық санадан арылуына ықпал етеміз.

КӨРКЕМ МӘТІН АРХИТЕКТОНИКАСЫ
(Ғ.Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейне» хикаяты бойынша)

Қ.М. Байтанасова
ф.ғ.д., профессор.
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,
Астана, Қазақстан
Beka-talgat

Аннотация. *Многогранный характер эпического жанра, её художественное существо рождает многочисленные исследования. Имеющая различные черты в качестве жанра эта особенность прозы часто становится объектом исследований в науке литературоведения. В статье рассматриваются некоторые проблемы архитектоники художественного произведения.*

Ключевые слова: *эпика, архитектоника, фабула, эпизод, концепция.*

Abstract. *The Multifaceted character of the epic genre, its artistic essence bears a lot of researches. Having various lines as a genre this feature of prose often becomes an object of the researches in science of literary criticism. This article discusses some of the problems architectonic work of art.*

Key words: *jepika, arhitektonika, fabyla, jepizod, konsepsia.*

Көркем шығарма – автордың идеялық-эстетикалық ұстанымынан туындайды. Көркем туынды сыртқы орта жағдайын, оқиғаны баяндау арқылы берсе, ал ішкі дүниені ой, толғаныс (экспрессивтік форма) арқылы бейнелейді. Соның нәтижесінде оның ішкі және сыртқы жағы айқындалады. Шындығында бұл абстрактілі түсінік, негізінде туындының формасы мен мазмұны бір-бірінен ажырамайтын компоненттер.

Көркем туындыда тақырып, проблема, көркем идея, конфликт, пафос, сюжет, композиция, орталық және жанама кейіпкерлер, характерлер, кейіпкер бейнесін жасау тәсілдері, әрекет пен оқиға (сюжет жүйесінде), тікелей авторлық мінездеу, портрет, кейіпкерлердің өмір сүру ортасын суреттеу, психологиялық талдау, тілдік мінездеме, кейіпкерлер қатынасы, пейзаж, интерьер, көркем детальдар, көркем тіл көрінеді.

Көркем шығарманың архитектоникасы кейіпкерлермен, олардың іс-әрекетімен, бір-бірімен қарым-қатынас динамикасымен, жалпы, сюжет құрылым мәселесімен тығыз байланысты. Әрине, көркем туындының құрылымы түгелдей сюжетке тәуелді деу дұрыс бола бермейді. Кейбір шығармада фабуладан тыс тұратын баяндау эпизодтарының мәні ерекше болады. Сондықтан да болар әдебиеттану ғылымында сюжетологияға қатысты пікір алшақтықтары көп болған. Зерттеуші Е.Добин өзінің ертеректе жарық көрген «Жизненный материал и художественный сюжет» деп аталатын еңбегінде: «Сюжет – шынайылық ұстанымы. Тұтас көркем туынды секілді сюжет те шынайы өмірдің көрінісі мен суреткердің сол шынайылыққа көзқарасын береді»,-деген [1,115]. Әрине, сәл ұшқарылау айтылған пікірде сюжеттің мәні жоғарылап кеткен. Қазіргі кезде сюжеттің бұл функциясы бәсеңдеді. Себебі, көркем туындыдағы сюжетті талдаудың кеңеюі, талдау

тәсілдерінің күрделенуі, тақырып дамуының ассоциативтілігі сюжеттің өзіндік салмағын өзгерте бастады. Кейде әдеби шығарманы талдау барысында сюжеттің байланысы, шиеленісуі мен шешімі мүлдем басқа сипатқа ие болып жатады. Себебі, қазіргі оқырман автор ұсынған сюжеттік жүйе мен оның шешімін түгелдей қабылдай да бермейді.

Кез келген көркемдік жүйе тек сөзге ғана емес, заттық ұғымға, оның бейнеленуіне қатысты мәселеге де назар аударады. Сондықтан қаламгер әлемі деп аталатын дүние әлемді, болмысты бейнелеу жағынан ешкімге ұқсамайды. Заттық дүниенің берілген көркемдік жүйеде қаншалықты рөл атқаратыны маңызды. Осы «затқа қатыстылық» жағынан әдебиетте қаншама бағыттар (натурализм, символизм, акмеизм) пайда болды. Зат барлық көркемдік жүйеде: кейіпкердің мінез-сипатын ашуда, диалогта, әрекетте, оқиға желісінде қолданылады. Қаламгер әлемінде заттың қолданылуын қарастыру – оның көркемдік жүйесінің заттық деңгейін суреттеу деген сөз. Заттық ұғымдарды суреттеудің тәсілі алуан түрлі. Кейіпкерді қоршайтын заттық әлемнің өзіндік өзгешелігі бар. Олардың әрқайсысы адам характерін жанама түрде болсын сипаттауға дайын. Осы ретте, француз философы, И.Тэннің пікірі мынадай («Histoire de ia literature anglaise» (1864)): «Адамның сырт болмысында оның ішкі сипаты танылып тұрады. Біз адамның үйін, тұтынатын дүниесін, киімдерін байқай отырып, оның әдетін, машығын, мінезін танимыз» [2,78]. Бұл әдебиеттің барша бағыттарына тән әрі прозада басым мәнге ие. Біз шығарма архитектоникасын қаламгер Ғ.Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейне» хикаяты арқылы талдап көрейік. «*Шағындау ғана ақ отау ... байлық белгісі – көнетоздау, күн қақтылау көк ала батсайы шымылдық. Қызыл ала, торы ала ситсамен тысталған көрпе-жастық шын байлықтың ауылы алыстау екенін көрсетті. Ақ жарқын, қонақжайлық та байқалмайды. Үй иесінде бір абыржу бар сияқты*» [3,11]. Бұл үй ішінің суреті адамның сол тұстағы көңіл-күйімен үндескен. Отбасы бір алаңдаушылықты, өзгерісті күткен сыңайлы. Көнеріп, өңі кете бастаған шымылдық болмаса, әр түрлі матамен тысталған көрпе-жастық бұл үйден байлықтың алыстай бастағанын танытады. Үй иесі айтарлықтай психологиялық жүкті көтеріп тұр. Осы суреттеудің шығармада жалғасуы ақ отау туралы ақпаратты кеңейте түседі. Яғни, әрбір бейне, деталь арқылы автор оқырманды жаңа бір ойға жетелейді. «*Жас әйел бейтаныс қонағына бар ниетімен құрмет көрсеткісі келгені байқалады. Ол үйге кірсе, үй іші жарқырап кеткендей болады да, ол шығып кетсе қоңырқайлана қалады*» [3,21]. Осы үйге жарық сәуледей болып жүрген әйелдің бар әрекеті ұнасымды. *(«Кешкі шай да көңілді басталды. Ақ жарқын жас әйел шайды қаймағын қалқыта құйып, ара-тұра жеңіл қалжың айтады*»). Автор суреттеуінің көркемдік мақсаты да айқындала түседі. Бұл детальдар адам мінезін ашуға ықпал етеді. Бір-бірінен өрбіген ситуациялы көріністер адам болмысын, алуан түрлі мінездерін, ішкі қайшылықтарын ашуға бастап тұр. Қаламгер қолданған тәсілдің сәттілігі – адам болмысын ашуда жанама - заттық дүниені қолдануы. Осы арқылы оқырманды шығарманың құрылымына мән бере оқуға шақырады.

Көркем шығармадағы диалог – нағыз «табиғи», неғұрлым шынайылыққа жақын тәсіл түрі. Диалогта (немесе полилог) негізінен сөйлесуші тараптарға басымдық беріледі де, автор түсіндірмесі оны толықтырып тұрады. -Жігітім-ақ екен! Қатын-баланы құдайға тапсырып, соңынан еріп жүре *берейін бе! - Сөздерінде бір дұдамалы болсайшы! - Өзі алданса алданар, өзі ешкімді алдай қоймас!-десіп қояды* [3,12]. Пікір үндестігі бар кейіпкерлердің бір-бірін қостай, сүйсіне, жарыса тіл қатысуы нанымды берілген. Қаламгер Ғ.Мүсірепов шығармасындағы заттық әлем кейіпкерлерінің іс-әрекетін, мінезін, оның психологиялық өзгерісін сипаттауға құрылған. Автор кейіпкерінің болмысын ашу үшін тек айналасын қоршаған заттық әлемді немесе диалог түрлерін ғана қолданбайды. Жақындағы зат пен құбылыстан бөлек, одан да кең ареал – табиғат, жаратылыс құбылыстарын, жол, өзен, көл, аспан мен тау, құс, аң т.б. алады. «*Ана белдің астында деген қыстауды Қайсар әлі таба алмай келеді. Улыкөл де жоқ, Қисық там да жоқ. Түн қараңғылығы қоюлана түсті. Меңіреу дала бір дыбыс бермейді. Бір от жылт етпейді. Аспаннан да бір жұлдыз жылт етпей қойды*» [3,47]. Бұл пейзаж келе жатқан екі жолаушының суыт атқа қонып, тез арада жолға шығуын, асығыстығын, әлде бір нәрседен құтылудан туған әрекетке барғанын байқатады. Мәтінде қолданылатын ендігі бір тәсіл – кейіпкер мінезі, характері. Бұл көркем мәтіндегі әр эпизодтың динамикасын тудырады.

Әдеби дәстүрде фабуланы құрайтын әр эпизод оны дамытуымен ерекшеленеді. Бұл тұста эпизодтың көлемі, оның шынайы болмыспен қатынасы мәнді емес. Эпизодтың мәні – сюжеттік құрылымды жасауында, көркемдік жүйенің ішінде өзіндік қарым-қатынас орнықтыруында. Хикаят пафосты басталады: «*Жиырма төрт жасқа жаңа ғана шыққан жас ақын Еркебұлан айналасы үш-төрт айдың ішінде ел ойында қандай биікке көтеріліп кеткенін әлі де сезінген жоқ еді*» [3,9]. Шығармадағы әр эпизод фабуланы оқиға шешіміне қарай жылжытып отырады. Осыдан оның шығармадағы рөлі анықталады. Алғашқы эпизодтың көтеріңкі басталуы туынды құрылымында Еркебұланның бейнесін одан әрі де жоғарылатып, үнемі автордың баса назар аударуымен жалғасады. Әңгімеші немесе автор суреттеліп отырған эпизодтың фабулаға қатысты-қатыссыздығын өзі анықтайды. Эпизодты ұйымдастыруға қатысатын кейіпкерлер әрекеті мен заттық әлем белгілі бір автор ұстанымымен байланысты. Кей сәтте фабулалық тұрғыда кейбір оқиға, элементтер артық болуы да мүмкін. Алайда, оның әрқайсысы суреттелетін оқиғаның тұтастығына ықпал етеді. Фабулалық оқиғалар жалпы және нақты болады. Кейіпкердің өмірі жайлы, бастан кешкені туралы оқиға, басқа біреулердің сөзін араластырмай, «өз жағынан» айта отырып, автор кейіпкердің жағдайы туралы кейбірін қалдырып, кейін таңдап алып пайдалануға ерікті. Кейіпкерінң өмір жолынан ең бір мәнді тұстарын нақты таңдап, соны барынша толық баяндайды да, аралық оқиғалар қысқа беріледі. Эпизодтың тізбектей берілуінен шығарма құрылымының тұтастығы шығады. Автор «Кездеспей кеткен бір бейне» шығармасында Еркебұланның Ақлимамен кездесуінің екі эпизодын береді. Екеуі де мәнді. Екеуі де бір-біріне ынтық жандар. Осылардың арасындағы көркемдік жүйе сақталған. Көркем шығарма кеңістігінде баяндаудың бірнеше

түрлері бар. Бірінде автор жалпы әңгімелеу түрінде, кейіпкерлердің өзіне тән ерекшеліктерін өз атынан баяндап береді. Екіншісі кейіпкерлердің өздерінің баяндауы, өз характерлерін өздері ашуынан тұрады. Әрине, көркем мәтіндегі әрбір эпизодтың дәлелдемесі (мотивировка) болады.

Жазушы кейіпкерінің дербес сипатын беру үшін оның ішкі әлемін суреттейді. Әрине, әдебиет барлық дәуірде адамның ішкі ой-толғанысы мен көңіл-күйін бере алған жоқ. Мәселен, орта ғасыр әдебиеті қаһармандардың сыртқы әрекетін белгілі бір қалыптасқан үлгіде беруге ғана басымдық берді. Ұнамды және ұнамсыз кейіпкерлер үшін белгілі бір ереже, мінез-құлық, сөйлеу мәнері орнықты. Сол себептен де адамның ішкі болмысы оның әрекеті, қимыл-қозғалысы мен сөздері арқылы ашылды. Кейбір сентименталдық шығармаларда ғана адамның көңіл-күйіне басымдық берілді. Осы тұста қаламгерлерге көмекке адамды табиғат аясында суреттеу, жыл мезгілдерінің ауысуы, табиғаттың жекелеген құбылыстары: ай, күн, дауыл, найзағай ойнауы, боран алынды. Алайда бұлар адамның тұтас характерін емес, сол мезеттегі жағдайын, көңіл-күйін көбірек берді. Көркемдік амал-құралдардың алуан түрі оқырмандарға әсер етуді күшейту үшін қолданылады. Романтикалық кейіпкерлер үшін драмалық жағдайдың әрекет орны теңіз, құз суреттеліп, осыларды жеңу арқылы кейіпкердің болмысы ашылады.

Кейіпкердің ішкі дүниесін ашуда қолданылатын монологтің ерекшелігі адам өзінің күй-жағдайын өзі бақылайды, яғни сөз өзгенің төл сөзі арқылы беріледі де, ой мен сезім жанама формада көрінеді. Яғни, осы тәсіл арқылы адам жанының диалектикасы («диалектика души») ашылады. Зерттеуші А.П.Скафтымов бұл ұғымды былайша түсіндіреді: «Жан диалектикасының» негізі адам бұрындар соншалықты мәнді болған дүниенің жалғандығын біліп, содан арыла бастайды» [4,87]. Яғни, өзінің өмір жолында әрбір адам өз көңіл түкпіріндегі артық, жалған, көнерген дүниелерден арылады де, өзінің табиғи, гармониялық сипатына енеді. Адамның ішкі әлемін суреттеуде детальға, заттық әлемге, интерьерлерге көбірек жүгіну көркем мәтінді барынша терең талдауға әкеліп, мәтіннің психологиялық сипатын тереңдетеді. Кейбір қаламгерлерде психологиялық талдау туындының астары арқылы беріледі.

Кейіпкердің портреті мен психологиялық портреті басқа кейіпкерлердің немесе автордың көзімен берілуі мүмкін. Белгілі орыс әдебиеттанушысы А.Б.Есин барлық өнер түрінен тек әдебиет қана терең психологиялық талдауға бара алады дейді [5]. *«Сөйлеп тұрып жаңағы Беріш деп аталған адамның артындағы айтағы кімдер екенін абайлады. Кәнігі көз тани кетті: семізше келген, қызыл күрең жүзді, қара мақпалдан киген, қара елтірі бөрікті баса киген шоқпар бас - шоқпар бас адамдар екен. Көздері дамылсыз жүйткіп, бірінің қойнынан шыға келіп, екінші бірінің қойнына сып етіп кіріп бара жатқан ұсақ-ұсақ қара тышқанға ұқсайды. Жез ораған қамшы саптары алдарақ отырған Беріштi бірі санынан, бірі белінен түртіп-түртіп қояды»*. [3,14]. Бұл заттық ұғымдарды (бөрік, шоқпар, тышқан, қамшы) қолдана отырып берілген психологиялық жалпы портрет. Киген киімдері мен бет-пішіндері қандай ұқсас болса, мінез-сипаттары да бір-біріне жақын топ. Оның ар жағында ойға алғандарын бір-бірін айтақтатып, итермелей отырып орындайтын пиғылдары да байқалады.

Әдебиетте характерді ашуда қолданылатын маңызды тәсілдің бірі - кейіпкердің тілі. Мәселен, драмалық шығармада бірден бір тәсіл - сөз. Ал, эпикалық шығармада әдеби бейнені суреттеуде автордың бағасы мен мінездеуі қосымша рөл атқарады. Кейіпкердің болмысы мәтіннің өне бойында өзгеріп, автордың назары бір кейіпкерден екіншісіне ауысып отырады. Әдеби характер көркем мәтіннің деңгейінде қалыптасады: бұл кейіпкерге деген автордың қарым-қатынасы, психологиялық картинасы. Осы ретте, авторлық баяндау кейіпкердің әрекетіне қарай өрбиді. Көркем туындыда детальдің рөлі үлкен. Жекелеген сөздер, бөгде төл сөздер, онша маңызы жоқ жалпы жағдайлар, бас кейіпкердің характерін тереңдете түседі. «*Жоғары шық, Төке... Шайға жақында, шайға..., - деп жыбырлай бастады Отарбай. -Шай ішетін мен Қараөткелдің жатағы ма едім! Болса қымызыңды әкел! Төріңе де шықпаймын, құда түсе келгенім жоқ...»* [3,26]. Бұл эпизодтан кейіпкердің онша бейбіт жағдаймен келмегені көрініп тұр. Мәтінде оның есімі де атала қоймай «жырық ерін» деп беріледі. Осы диалогтар кейіпкерлердің жағдайын, психологиялық күйлерін аңғартады. Бұл «жырық ерін» кезінде Ақбалада көңілі болып, қалай әрекеттенсе де қолына түсіре алмаған. Сол бір кездегі ішкі қызылын дөрекі сөздерімен («*Жұт жылы жарты қап бидай, жалғыз бұзаулы сиырға сатылғаның өтірік пе»*) басқысы келсе, Ақбала да қалыспай («*Сонда да сенің аузыңа түсе қоймағанмын. Жырылып кеткенмін*»), жырық ернін мысқалдап, ащы тілін жұмсайды. Осы шағын эпизодтар шығармада біршама мәнді рөл атқарып тұр.

Кейде жаратылыстың ерекше көрінісі, оның әсемдігі кейіпкердің толқынысын, шабытын еселей де түседі. Бұл да қаламгер қолданатын тәсіл. Сөз өнері арқылы адамның көңіл-күйін, оны қоршаған заттық әлемді де суреттеуге болады. Ендеше, әдеби туынды айтылған, суреттелген құбылыстармен бірге, айтылмаған, меңзелген ұғымдарды да, үзік сөздер, мәтін бөлшектері, интонация, кідіріс – бәрі де айтылатын ойдың, сөздің орнына қолданыла алады. Әдеби мәтінде мәтін және мәтін астары болады. Екеуі де маңызды, себебі сезімтал оқырман мәтін астары арқылы автордың ұстанымын, әдеби ойын шартын, интонацияны түсіне алады. Әдеби шығармада монолог, диалог, лепті және сұраулы сөйлем ырғағы, көп нүктелік, ойдың жалғаспай үзілуі, ішкі ой, автор мен кейіпкерлердің психологиялық күйінің сөздік эквиваленті, үнсіздіктің, кідірістің алуан түрлі формалары, дыбыс ассоциациясы – осылардың бәрі әдеби шығарманың көркемдік бейнелілігін тудырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Добин Е. Жизненный материал и художественный сюжет.- М., 1967.
2.Введение в литературоведение. Учебное пособие. -М., 2012.
3.Мүсірепов Ғ. Кездеспей кеткен бір бейне. –Алматы, 2012.
4.Скафтымов А.П. Нравственные искания русских писателей.- М., 1972.
5.Есин А.Б. Психологизм русской классической литературы. -М., 1988.

ҚАЗАҚ БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ТІЛДІК ҚҰРАЛДАР

Б.М. Айтбаева
ф.ғ.к., профессор
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ
Ә.М. Мәуленова
магистр
Б.М. Мәуленова
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ
Қарағанды, Қазақстан
beibarys@mail.ru

Аннотация. *Казахский эпос – один из основных жанров фольклора. Героический эпос – это сюжетные поэмы, рассказывающие о героической жизни и подвигах батыров, обладавших необычайной силой, защищавших народ, спасавших народ от тяжелых бедствий. В эпосах мастерски характеризуются быт, нравы, обычаи, традиции народа.Героизм, мужество, нежная любовь, радость, восторг, комические моменты в положении отдельных героев отражены в высокохудожественной форме, отличается своими идейно-художественными особенностями.В поэме реальная действительность преобладает над фантастикой, гиперболами.*

Ключевые слова. *эпитет, гипербола,эпос, батыр,сюжет*

Abstract. *The Kazakh epos is one of the main genres of folklore. Heroic epic is a narrative poem that tells about heroic life and exploits of the heroes who possessed special power to protect the people, to save people's distress. "Masterful Epics describes the life, customs, and traditions.Heroism, courage, tender love, joy, comic characters are distinguished by artistic form reflects certain moments in the position of their ideological and artistic features."The reality today is dominated by the fiction of the poem, hyperbole.*

Keywords: *epithets, hyperbole,epic, hero,story*

Қай халықтың болмасын асыл сөз өнері басқа халықтардың әдебиетінен, ең басты айырмашылығы – өзінің образдар жүйесімен, сөз бейнелеу тәсілдерімен ерекшеленді. Әдебиеттегі образдар жүйесі және сөз бейнелеу тәсілдері-ұлттық болмыс-бітімімізді анықтайтындығы рас. Тіл – әдебиеттің құрылыс материалы, жер бетіне ауа тіршілік үшін қандай қажет болса, әдебиетке тіл де сондай қажет екендігі баршаға түсінікті.

Ауыз әдебиеті шығармаларының тіл кестесі, өлең құрылысы, құрылымы, образдар жүйесі, сюжет деңгейіндегі қарастырулар С.Қасқабасов, О.Нұрмағамбетова, Ш.Ыбыраев, Б.Әзібаева, Б.Рақымов және т.б. зерттеулерде жүзеге асқан. Аталған ғалымдар фольклорлық мұраларымыздағы сөз көркемдігіне арнайы тоқталып, оны жүйелей көрсеткен. Эпосты – әуезе, лириканы – толғау, драманы – айтыс деп жүйелеп, сала- салаға жіктеп әкеткен ғалым-теоретик, эстетик-сыншы А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде көріктеу (эпитет) теңеулерге негізгі дәлел батырлық жырлардан алынған еді [1, 353]. Осы бастама Е.Ысмайловтың «Әдебиет теориясының мәселелері», «Ақындар және Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» атты еңбектерінде

жалғасын тапқан. Батырлық жырлардан бейнелеу құралдарына қатысты мысалдар келтірілген. Одан кейінде халық ауыз әдебиетіне байланысты жарық көрген еңбектерде шолу түрінде айтылып, мектеп окулықтарында батырлық жырлардан үзінділер келтіріледі.Қазақ эпосына байланысты зерттеулер жасаған М.Әуезов және Л.Соболев, А.С.Орлов, В.Жирмунский, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, С.Садырбаев еңбектерінде де жырдағы дыбыстық кайталаулар, эпитет, теңеулер шолу түрінде айтылып отырған. Осындай зерделі еңбектердің негізінде XX ғасырдың 40 жылдарынан бастап, «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты көптомдықтар шығарылу көзделген еді. Алғашқы жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томында және кейінгі басылымдарда да батырлық жырларға қатысты тарауларда жырдың сөз көркемдігі, тіл өрнегіне қатысты мәселелерде ажарлаудың үлгілері қалыс қалмай көптеген мысалдар арқылы түсіндірілген. Сонымен коса, «Қазақ ауыз әдебиетінен» арнайы жоғарғы оқу орындарына оқулықтар дайындаған М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаев, М.Тілеужановтар еңбектерінен де эпостық жырлардан ажарлауға катысты мысалдарды табуға болады. Т.Қоңыровтың ажарлаудың бір түрі теңеулер жөніндегі зерттеу еңбегіндегі мына төмендегі пікірі дәлелді айтылған:«Қазақ теңеулерін лингвистикалық тұрғыдан зерттеу былай тұрсын, оны әдебиеттану тұрғысынан тексерген арнайы бірде-бір еңбек жоқ» [2, 3]. Шындығына келсек, бұл ажарлаудың бірі теңеуге қатысты жиырмасыншы ғасырдың жетпісінші жылдарынан кейінгі айтылған пікір екендігі даусыз. Жалпы қазақ фольклорының аса бай саласы болып табылатын эпостық жырлардың көркемдік күш-қуатын таразылау, ондағы бейнелеу құралдарының алатын орны, атқаратын қызметін зерттеудің негізі ғылымдағы үлкен жетістіктердің бірі болатындығына ешкімнің күмән туғызбайтындығы анық. Біз эпикалық жырлардағы ажарлаудың аса пәрменді көркемдеу, бейнелеу құралы екендігіне көңіл бөліп, осы мәселелердің негізінде ажарлаудың ассоциациялық мүмкіндіктері мен тұрақтылық сипатын, дыбыс үндестігі мен бояу үйлесімдігін анықтау, ажарлаудың жоғарыдағы аталған түрлерінің семантикалық құрылымы қандай, стильдік вариациялары мен эмоционалдық-экспрессивті сапасына назар аудару, сөйтіп, нәтижесінде ажарлаудың қолданыс аялары мен функционалдық негіздерінің мүмкіндіктері қандай деген сауалдарға жауап беру. Осы мақсатта ажарлауға қатысты дауыс ырғағы (интонация), дыбыс қайталаулар аллитерация мен ассонанс, эпитет (айқындау) пен теңеу ізденісімізге арқау болып, олардың эпикалық шығармадағы қызметін ерекшелеу алдынғы орынға шығады.

Жалпы алып қарағанда, қазақ халқының өлеңдік қоры, оның өзіндік ерекшеліктері дейтін мәселелер ерте замандардан айтылып келеді. Қазақтың даңқты перзенті Ш.Уәлихановтың бұл істе елеулі еңбегі бар екендігі әркімге жақсы таныс. Сонымен қатар, қазақ жеріне келіп, оның әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріне үңілген көптеген Еуропа ғалымдарының аса қызыға қарағаны тағы да халқымыздың поэзиясы екендігі мәлім. Ерте

кездің өзінде айтылған академик В.В.Радловтың мына пікірі соның дәлелі: «Қазақтың өз өлеңдерінде бағалы санайтын ертегілердегідей әлдеқандай бір жан түршігерлік және ғажайып дүние емес, ол өзінің сезімі мен талап-тілегін, қоғамның әр мүшесі аңсайтын арман-мұратты жыр етеді. Тыңдаушыларды сүйіндіретін қисынсыз ғаламат жайлар, керемет зор нәрселер емес, табиғи жайлар, айналадағы өмірдің ақиқат шындығы» [3, 9]. Сөз өнеріндегі көркем бейнелер, тіл шұрайы, көркемдік кестелер дегеннің өзі ұлттық ерекшеліктің ғажайып бір айғағы. Бұл әсіресе, эпостық шығармалардан айрықша танылады. Белгілі ғалым, академик З.Ахметов былай дейді: «Тілдің, сөз кестесінің табиғилығы мен қарапайымдылығы дегеніміз – халықтың көркем дүниетанымы, көркем ой -сезімі қоғамдық өмірімен нақтылы әлеуметтік -тарихи жағдайлармен тығыз байланысты қалыптасқандығының белгісі. Міне, сондықтан да тілінің қарапайымдылығы, көркемдігі мен тартымдылығы жағынан халық поэзиясы әрқашан да тамаша үлгі болып қала бермекші. Нағыз поэзиялық көркемдік шеберлікті танытатын халықтың өлең жырлары болса, халықтық тілдің тұнығынан алынған нелер асыл сөздерді де сол өлең-жырлардан табамыз» [429], - депті. Осы пікірдің жалпы эпостық шығармаларға қатысты айтылғандығын да байыптау қиын іс емес. Бір анығы өлең-жыр болсын оның күш-қуаты, сөздік нақышы алдымен айтушы шеберлігіне байланысты екен. Батырлық жырларды жырлаушы шеберлігін анықтау, ондағы сюжеттік ерекшелік пен образ жасаудағы мүмкіншіліктен ғана емес, соны қиыннан- қиыстырудағы сөздік қолданыспен де ерекшеленетіндігін ұмытпайық. Осы қисынның түп негізі- көркемдік ойлауға тіреледі. «Көркемдік ойлаудың табиғаты мен мәні –дүниені көркемдік тұрғыдан игерудегі рухани қабілет екендігімен анықталады. Образдық сезімділік тұрғыдан әлемді тану, адам болмысына үңілу, тіршілік-тұрмыс мәнісін бағалау, көңіл-күй құбылыстары және қиял ырқымен жүзеге асатын суретті, бейнелі ұғымдар синтезі көркемдік ойлаудың ерекшелігі болып табылады»-, дейді ғалым С.Негимов [5, 118].

Эпостағы көркемдік ойлаудың ең көне кезеңінің басты белгісі – ертегілік элементтердің мол ұшырасатындығында жатыр. Эпикалық шығармадағы батырлардың «суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтыны», оқ өтіп, қылыш кеспейтін қасиеттері мұны анық дәлелдеп тұрғандай. Батырлардың мінген пырақтары құстан жылдам, айшылық жерді алты сағатта алатындығы қандай ғажап.

«Көркемдік ойлау жүйелері шежіре (тарих) ретінде бірнеше сатылардан тұрады, ең алғашқысы – ертегілердегі мифтік тотемдік, фетиштік, магиялық ұғымдар (бұлар қазақ фольклористикасында, тіпті зерттелген жоқ), екінші сатысы – бәдік туралы ұғымдармен, ал, үшіншісі – жан-жануарлардың бабасы (жаратушысы) болады деген ұғыммен жалғасады. Күрделене барып, бұлар «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Алпамыс» жырларындағы көркемдік ойлу жүйелерімен жалғасады» [6, 150].

Батырлық жырлар мен ғашықтық жырлардағы негізгі өзекті мәселе – намыс. Міне, осыны биікке көтеру жолында бүкіл адамзат бойындағы күш-жігер, қайрат пен ақыл, адамгершілік асыл сезімдердің барлығы көркемдік ойлау жүйесі арқылы эпостағы негізгі қаһарманның бойына жинақталған. Келе-келе бұл тамаша дәстүрге айналған. Жырды айтушы тыңнан толғап, бейнелеу құралдарының түрлі-тәсілдері арқылы образды сомдауды барынша көркемдеген. Осы процестің едәуір ғасырларға созылғаны, жырдың көп нұсқалы болу себептерінен де көрінеді. Батырлық жырлардағы жар таңдау, жауға мінетін керемет пырақ ат таңдау, оның кездесетін жауының да осал болмауы-даралаудың дәлелі. Бұған назар аударған Ш.Ыбыраевтың төмендегі тұжырымы соны аңғартады: «Іс-әрекет әсерлі де ойнақы болу үшін жыр бұл жерде оқиғаны баяндап отырмайды, сол іс-әрекеттің сөз арқылы көзге елестетіп, көңілге ұялатарлықтай көркем суреттемесін жасайды. Осындай суреттеменің бел ортасында қаһарманның тұлғасы тұрады. Оқиға неғұрлым қалыңдаған сайын бас қаһарман да пайдалана түседі. Баяндалып отырған оқиға ұзарып, әрі ұлғайтылып, мыңдаған адам тағдыры түйісіп жатқанымен бәрібір ол батыр тұлғасын көлегейлей алмайды. Керісінше оның бейнесі халықтың идеалына сәйкес онан сайын асқақтай береді» [7, 274], - дейді.

Демек, эпостағы батыр бейнесінің жасалуындағы сөз көркемдігінің атқаратын қызметі айрықша екен. Жырдағы жойқын жекпе-жек, батыр астындағы пырағының жекелей алынуы, алынбас аса биік тас қамалдар,терең қазылған орлардың жан түршігерлік суреттері батыр бейнесін ерекшелеуден туған. Осының бәрі өнер тілімен, сөз құдіретімен ғана түсіндірілетін күшке ие. Бірақ мұндағы көркемдік ойлаудың негізі – ел қорғанышы болған адамды дәріптеу. Ел қамқоры, қорғаны болатын қаһармандарды жасау ертеден қалыптасқан. Қазақ эпосына елеулі еңбегі сіңген ғалым Р.Бердібаев былай деді: «Эпостың өзіне хас, қалыпты белгілері: онда белгілі бір халықтың эпикалық өткен дәурені суреттеледі, эпопея негізіне жеке бастың емес, ұлттық өмірдің аңызы алынады, мұнда бұрынғы мен қазіргінің арасында ұзақ уақыттық белестер жатады. Эпос –өмір оқиғаларының нақтылы талдауы емес, естелігі. Ал қандай да болмасын ұлттың эпикалық естелігі қайта өзгертуге, басқаша баяндауға болмастай қасиетті ұғым ғой. Ол жеке адамдардың өңдеуіне, әрлеуіне көнбейді, эпикалық аңыз өз келбетімен қызық, оның бағасы да беріліп, қорытындысы да шығарылып қойылған» [8, 45]. Осы пікірдің эпостағы көркемдік ойлау, қиялға немесе бейнелеу құралдарына да қатысы бар. Жырдағы дыбыс ырғағының белгілі үндестігі, дыбыстар заңдылығы, түр-түсті айқындап берулері мен батырдың мінез-құлқын (психологиясын), оның астындағы пырағының өзіне сай келуі, бойына асынған бес қаруының сайма-сайлығы көркемдік тұрғыдан көріктеудің алғашқы озық үлгілерін көрсетеді. Образды сөз жасауға айрықша қызмет етеді екен. Бұларсыз тіптен айтарыңды анықтау мен суреттеліп отырған құбылысты, затты нақтылау қиын. Олай болса ажарлау сөз өнеріндегі бейнелеу құралдарының пәрменді бір үлгісі. Қысқаша айтқанда, ажарлау – көркемдік ойлау мен қиялдың келісті бір көрсеткіші.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1. Байтұрсынов А. Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, пуб. мақалалар және әдеби зерттеу. /Құрастырған Р.Нұрғалиев. - Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.
2. Қоңыров. Қазақ теңеулері. - Алматы: Мектеп, 1978. -201 б.
3. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен. 1985. Спб. Том V. –с 8-9.
4. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. - Алматы: Мектеп, 1973. -212 б.
5. Негимов С. Әдебиет терминдерінің сөздігі. - Алматы: Ана тілі, 1996. – 118б.
6. Тілеужанов М. Ел әдебиеті. - Алматы: Ана тілі, 1992. -176 б.
7. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. - Алматы: Ғылым, 1993. -296 б.
8. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. Жанрлық және стадиялық мәселелер. - Алматы: Ғылым, 1982. -232 б.

ӨМІР ШЫНДЫҒЫ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК
(«Ай мен Айша» романы бойынша)

С.Ш. Айтуғанова
ф.ғ.к., профессор
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
Астана, Қазақстан
s-aituganova@mail.ru

Аннотация. *В статье рассматривается особенности проявления реальности в мемуарных произведениях. В этом аспекте анализируется художественная поэтика романа Ш.Муртазы «Ай мен Айша» и делаются выводы.*

Ключевые слова: *поэтика, идея, документальность, очерк, дневник, автор, художественный метод.*

Abstract. *The article considers the peculiarity of demonstrating the truth of life. With this aim, literal peculiarities of Sh. Murtaza's novel «Ai men Aisha» is analyzed.*

Keyword:*Poetica, idea, documentaryness, essay, diary, author, artistic method.*

Соңғы бір ғасырда жазылған қазақ мемуарлық романдарының саны біршама. Солардың арасында Кеңес үкіметінің қалыптасу кезеңінде жазылған мемуарлардың шоқтығы биік деуге болады. Оларға С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С.Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғ.Мұстафинның «Көз көрген», С.Көбеевтің «Орындалған арман» сияқты туындыларын жатқызуға болады. Бұл мемуарлардың оқиғалары тарихи-қоғамдық күрделі өзгерістер, аласапырандар кезіне сай келген-ді. Сондықтан олар ірі, кесек мәселелерді қозғады, сюжетті желілері мен шиеленістері де күрделі болды. Ал, кеңестік идеология күшіне әбден енген тұста жазылған мемуарларда осындай ірілік, кесектік байқалмады. Олардың авторлары өзі ғұмыр кешкен ортадағы қоғамдық-саяси оқиғалардың шынайы көрінісін бейнелей алмады. Дегенмен, олар сол кездегі тарихи оқиғаларды баяндауымен маңызды.

Қандай да болсын көркем шығарманың идеялық негізі көркемдік іргетасы шынайы өмір болып табылса, мемуарлық туындының қайнар көзі сол реалистік шындықтың өзі деп тұжырымдауға болады. Себебі, оның ең алдымен арқа сүйейтіні - деректілік. Және мемуарлық шығарманың қайсысы болмасын сол шындықтың ең маңызды, өзекті жақтарын көрсетеді.

Мемуарлық роман жазу қай қаламгерден де үлкен жауапкершілікті талап етеді. Әсіресе, мемлекеттік, халықтың тарихына қатысты оқиғалар туралы қалам тербеуде ең алдымен шыншылдық керек.

Қазіргі қазақ прозасындағы табиғаты жағынан алып қарағанда таза мемуарлық шығармалар мен мемуарға жақын болып келетін естелік туындылардың мазмұндық, идеялық-көркемдік ерекшеліктерін ажырата білу қажет. Естелік очерк, күнделік, ой-толғаныстар, хат және эпистолярлық, ақпараттық-деректік сипатта жазылған шығармалар қазіргі таңда өте көп. Олардың бәрінің де ортақтастығы - өмір дерегіне, нақты фактіге құрылуы. Қатардағы деректі туындыдан мемуар несімен ерекшеленеді дегенге келетін болсақ, алдымен олардың ұқсас жақтары бар ма, бар болса, қандай деген сұраққа жауап іздеген дұрыс.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жазылып, оқырман назарына ұсынылған көрнекті қаламгер Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» роман-эссесі жанрлық тұрғыдан мемуарлық шығармалар қатарына жатқызылады.

Шығармада оқиғалар желісі шағын тақырыптарға бөлініп баяндалады. Бұл оқиғалардың барлығы жинақтала келіп тұтастай бір заманның бейнесін танытады. Роман: *« – Сен қайдан келдің? – дегенде бір данышпан: – Мен балалық елінен келдім, – деген екен», –* деген сөздермен басталады. Автор сол балалық еліне сапар шегіп, қасіреті мен қақтығысы көп кезеңге тап келген балалық шағын сөз етеді. Әкесі Мұртазаны «халық жауы» деген жаламен ұстап әкеткенде Барсхан бес жаста ғана еді. Міне, сол кезден бастап үлкен өмірмен бетпе-бет келу, басқа түскен қиындықтар; жетімектерін жетелеп, жарының қайғысын азалаған Айша ананың қасіреті мен қайраты романның өзегіне алынған. Соғыс уақытындағы тыл өмірінде еңбек еткен әйелдер бейнесі Айша образы арқылы бейнеленсе, тура осындай еңбек өтінде жүрген жас балалардың халі, жайы шығарманың бас кейіпкері Барсхан арқылы көрінеді. Айша таңсәріден тұрып, егіс даласында күні бойы еңбек етіп, қас қарайғанда үйіне шаршап-шалдығып оралса, ұлының мойнындағы жүк те өз жасына қарағанда әлдеқайда ауыр.

Жала жабылып айдалып кеткен әкесінің сол қалпы қайтып оралмауы, шиеттей үш баламен тірідей жесір қалған шешесі Айшаның ауыр тағдыры, отағасынан айрылған отбасының бірінен соң бірі таусылмас озбырлыққа ұшырауы, қаншама қайғы-қасірет тартса да, мойымай, алға ұмтылып, күресте де жеңіліске ұшырай берген ұзақ жылдар – адамды барлық жағынан шаршатып жіберетін жағдайлар. Шығарма кейіпкерлері Айша да, жас бала Барсхан да ел қатарлы қиындықтарды, зорлықты көре жүріп, күндерін көреді. Бұл жолда олардың жеңістерінен гөрі жеңілістері көп. Жетім, жесір деп есіркемей, керісінше, үстемдіктерін көрсетіп, өмірлерін қиындата түсетіндер қай кезеңде де табылатыны белгілі. Мұндай өктемдік

жасаушы адамдардың романдағы өкілдері – Тасбет бригадир, Жуанқұл бастық, Олар Айша мен Барсханға әуелден теріс көзбен қарап, қырына ала береді. Ана мен бала таңның атысынан күннің батысына дейін далада колхоз жұмысында аянбай еңбек етсе де, бригадирдің көңілінен бір шықпайды. Осындай әділетсіз қиянаттың бірінде Барсхан оған айыр ала жүгіреді. Осы оқиғадан кейін зорлықшылардың жазасынан қорқып, Айша жалғыз ұлын нағашыларына жібереді. Ауыл жуандарының қорлығы әбден батқан соң, өзі де балаларын жетектеп, ұрланып көшуге мәжбүр болады. Алайда Тасбет оларды жай жібермей, арбаға жеккен өгіздерін тартып алып, өздерін далаға қаңғыртып тастап кетеді. Бұл олардың жағдайын одан сайын ауырлата түседі.

Барған ауылдарында да ұзақ тұра алмай, Әулиеата қаласына келеді. Ол жерде әйтеуір өлместің күнін көріп, соғыс біткеннен кейін ғана еліне қарай қайта бет алады.

Кейіпкердің бастан кешкен оқиғаларының қамтитын уақыты – он шақты жылдың көлемі ғана. Осынау қысқа кезеңде оның алдынан сан қилы тағдыр иелері, әр түрлі мінезді адамдар жолығады. Олардың ішінде өмірлері трагедиялық жағдаймен аяқталатындары да бар. Мәселен, өзі қатарлас Сүлеймен – құрт ауру. Құрдасына жаны ашыған Барсхан «шіркін, қымыз болса, жазылып кетер еді» деп армандайды. Осы ойдан арыла алмаған оның емдік қасиеті бар сусынды іздеп сандалуы логикалық тұрғыдан дәлелді. Жуанқұлдың әйелінен әрең сұрап алған қымызды жолда кезіккен Жуанқұлдың қамшымен тартып қалып, ақтарып тастауы – осы сюжеттің шарықтау шегі.

Барсханның нағашы апасы Зибаның да тағдыры Сүлеймендікіне ұқсас. Күйеуі ел қатарлы соғысқа кетіп, соңында аман-сау оралғанымен, оның басты трагедиясы – ауыр науқасқа душар болуында. Дерті айықпас емес, дұрыстап емделер болса, жазылып кетуге болатынын бала да болса Барсхан да түсінеді. Бәріне кінәлі – қолдың қысқалығы. Өмірге құштар әйелді құтқарып қала алмау бұл желідегі оқиғаның салмағын ауырлата түскен. Зибаның аузы аққа тисе ауыруынан сауығып кетер деген үмітпен, туысқандарына қосып қойған сиырын алып келуге Барсханды жұмсайды. Алайда жақындарының аузына келгенін айтып оны қуып жіберуі – оқиғаның түйінді тұсы. Бұл оқиғалардан туындайтын әлеуметтік қорытынды – қысылтаң кезеңде адамдардың пиғылының осылайша тарылып кететіндігі.

Романның бас кейіпкері жазушының өзі екенін байқау қиын емес. Шығармаға да өзі басынан өткерген шынайы оқиғалар арқау болған. Шығарманы оқып шыққаннан соң оқырманның ең алдымен түйетін ойы – жазушының балалық шағындағы оқиғалардың қоюлығы, бастан кешкен жайларының, өмір соқпағында ұшырасқан адамдарының алуан түрлігі мен молдығы. Өмір кеңістігіне енді ғана қадам басқан жас баланың алдынан ұшырасып, тағдырына араласқан әрбір адам өз алдына дара бір сюжеттің туындауына, бұрынғы айтылып келе жатқандарға ұқсамайтын жаңаша ойдың түйінделуіне себепші. Мәселен, мектепке барғысы келген Барсханды «халық жауының» баласы деп мектепке алмай қояды. Бұған

намыстанып үйіне жылап қайтып келе жатқанда алдынан шыққан комсомол қызметінде жүрген Ноха есімді жігіт көмектесіп, мектепке алдырады. Бұл білім алуға құштар жас бала үшін ұмытылмастай әсер қалдырған оқиға болады. 1941 жылдың күзінде соғысқа кеткен Ноха содан қайтып оралмайды. «*Осы күні қолымда бел ортасынан жыртылған суреті бар... Мен алпыстан асып, егде тарттым. Ол жап-жас, уыз жас. Үйленген де жоқ. Ұрпағы да жоқ*», - деп жазады автор осы кейіпкерінің трагедиялық тағдыры туралы.

Бір кейіпкердің тағдыры арқылы соғысқа аттанып, қайта оралмаған, соңында ізі қалмаған қыршындар өмірінен де хабар береді. Бас көтерер азаматтың бәрі соғысқа аттанған ауылдың да халі жақсы болған жоқ. Ауылдағы бар жұмыс бала-шаға мен әйелдерге қарап қалды. Олар өздері аш жүрсе де, тапқандарының бәрін майданға жіберіп отырды. Осындай ауылдағы ауыр жағдайды шығармадағы мына бір үзіндіден көруге болады: «*Шәй ішіп отырмыз. Дастархан жүдеу. Жарты таба нан. Айша көзінің қарашығындай сандыққа салып сақтап жүретін кішкентай қозы қарын майдан бір қасық қана алып мейманның алдына қойды. Оны менің көзім тесіп барады. Таба нанға май жағып жеу деген – арман. Қарындасым мен інім де жетісіп отырған жоқ. Бірақ шыдайсың. Айшаның айбарынан қорқамыз. Иә, бұлар нан жемегелі қашан. Үнемі қызылша пісіріп жейді. Айша кейде қос уыс бидай қуырып, үш баласына теңдей бөліп береді. Сол дәнді бұлар ауыздарына бір-ақ салмай, бір-бір талдап қытырлатып, неғұрлым ұзағырақ таусуға тырысатын. Қайтеді, жағдай солай*». Осылайша шағын ауылдағы қарапайым бір отбасының тіршілігі арқылы сол кездегі кез келген қазақ аулындағы өмір шындықтарымен танысамыз.

«Ай мен Айша» - өмірбаяндық романның жаңа үлгісін танытатын, адамның қалыптасуы мен қоғамның дамуын сабақтастыра суреттеген шығарма. Мұндағы адам тағдырлары сұрқай заман шындығы ойлантпай, толғантпай қоймайды. Автор адам жан-дүниесін көркемдік тұрғыдан зерттей отырып, кейіпкер мінезін ашу арқылы оның адам ретіндегі болмысын жан жақты ашуға тырысады.

Мемуарлық роман дегенде оқырманның есінде тұратыны – автордың бәрінің де әңгімені өзінің балалық шағынан бастап, оқиғаларды өмір белестерімен ары қарай өрбітетіндігі. Олар алдымен өздері өмірге келген ортаны, ата-тегін, одан кейін ата-анасы туралы мағлұматтарды келтіре отырып, өзінің балалық шағына барлау жасап алады. Сонан кейін жетілдіре отырып әңгімелеп кететіні – ес біліп, етек жапқан кездерінде бастан кешкен оқиғалары. Бас кейіпкердің автордың санасы ашылып, түсінік-танымы, өресі кеңейе түскен сайын жүрген ортасымен, қоршаған қоғамымен қарым-қатынасы да арта береді, өзімен қоғам арасындағы қайшылықты жағдайлар молая түседі.

Жалпы мемуар жазудың мұндай қалыптасқан қалпын өзгертіп, тыңнан тосын үлгі ұсыну қиындау. Өйткені адам өмірінің өзі бұлжымайтын, ешқандай да өзгертуге көнбейтін дәл осындай қалыпты белестерден тұрады. Мысалы, нәрестелік кезең, сәбилік шақтан бұрын

жеткіншектік кезеңнің болуы мүмкін емес екендігін сезіне білгендіктен, оқырман мемуарлық туындының осындай қалпына наразылық білдірместен, бой ұсынып, көркемдік қабылдауға дайын тұрады.

Дегенмен, әр жазушы шығармасын жазу барысында өз басынан өткізген оқиғаларды тізбектеп бере салмай, оларды көркемдеп, оқырманға қызықты етіп жеткізе білуге тырысады. Бұл тұрғыдан келгенде, «Ай мен Айша» романының да көркемдік табыстары аз емес. Ш.Мұртазаның өзіне тән шығармашылық ерекшелігі қысқа жаза отырып, салмақты ой айтатындығы. Автор бірыңғай баяндау, шылқымай суреттеу, орынсыз тәптіштеуге орын алдырмайды. Осы ретте романның қысқа-қысқа әңгімелерге бөлініп берілуі де сюжеттік желінің жинақы шығуын, композициялық бітімнің жинақылығын ойластырудан табылған көркемдік тәсіл деуге болады. Автор қаламына тән лирикалық әуен бұл туындысында барынша тереңдеген. Өзімен тұстас жазылған басқа да мемуарлық шығармалармен салыстырғанда лирикалық реңкі ерекше бұл роман-дилогиянының орталық кейіпкері – Барсхан. Сондай-ақ осы Барысханмен үнемі қосарлана, егізделе, тұтаса суреттелетін Айша, сағынышқа айналған Мұртаза, жұмбақ сырлы Ай шығарма оқиғасына нәзік сыршылдықты үстеген. Мұндағы Ай, кәдімгі қара түнді жарық қылып, әлемге нұрын шашқан Ай үлкен символдық мәнге ие. Шығарманың басынан аяғына дейін Ай Айшамен бірге қатарласып суреттеліп отырады. Сол кезеңдегі қытымыр заманның ызғарын сәл де болса жылытып, адамның жабырқау тартқан жанына жылу себетін осы Ай сияқты. Тағдыр тауқыметін тартып, көп қиыншылық көрген Айшаның да көңіліне желеу болар жалғыз жарық, жалғыз шуақ, жалғыз үміт те осы - Ай. Шығарманың басында Мұртаза ұсталатын түнгі ай суретіне назар аударайық: «Айша аспандағы топ-толық айға қарап:

- «*О,Жаратқан, басқа-басқа мына үрпек балапандай үш нәрестенің не жазығы бар еді? – деді.*

Толықсып тұрған Ай бір аунап түскендей болды.

Жаңа ғана жарқырап тұрған Ай бұлт ішіне сүңгіп кетті де, жетімдіктің алғашқы түні жан жақтан қаптап келе жатты». Ай суретін жазушы кейіпкерлерінің басындағы ауыр жағдайды шынайы жеткізуде ұтымды пайдаланған. Айшаның отбасына аяқ асты келген қиындық секілді жаңа ғана жарқырап тұрған Ай да қараңғылыққа сүңгіп жоқ болып кетті. Әділетсіздікті көре тұрып, шарасыздық танытқанына ұялғандай. Шығарма басынан осылайша көрінетін Ай аяғына дейін Айшамен қатарласа беріліп отырады. Мұртаза бар кездегі толы Ай, ол ұсталып кетіп, отбасы ауыр жағдайда болғанда жарты Ай болып беріледі. Ол әрдайым бұлт арасынан сығалап, олардың тіршілігін бақылап тұратындай.

Айша да үнемі Айға қарап, бір жақсылық күтетіндей. Шығармада беріліп отыратын Ай суреттеріне назар аударып көрелік:

«*Боран басылып, аспан ашылайын деді ме, терезеден ауру көздей Ай көрінді».*

«Батыстан Жабағылы тұсында қан қызыл Күн ұясына батып бара жатқанда Шығыстан құп-қу болып, өңі қашып тұрған Ай көрінді».

«Үйге кеш оралдық. Түнгі аспан ашық, жұлдыздар самсап, Ай толықсып тұрды. Мыңбұлақтан бүгін бұлт арылды».

«Батысқа көшкен жартыкеш Ай тым-тым бозарып кетіпті. Қылаңытып әрең көрінеді».

Қарап отырсақ, Ай бейнесі де кейіпкерлер өміріндегі оқиғаларға сәйкес өзгеріп отырады, солардың көңіл-күйін меңзейтіндей. Шығарма соңында Айшалар туған ауылына оралып келе жатқандағы Ай көрінісі тіпті бөлек: «*Қарашы, Барсхан, туған жердің Айы да бөлекше... Дұрыстап қара, мына жарықтық Ай бізге мейірін төгіп тұр ғой», - дейді Айша нұрын төккен Айға қарап.*

Иә, Айша ғана байқайды оны. Ай мейірленсе, қату заманның да жұмсара бастағаны».

Міне, мұның бәрі шығармада суреттеліп отырған уақыт, заман шындығын танытумен қатар Айшаның да жан толқынысын, күйінішін, сүйінішін тереңдете түсуге қызмет етіп тұр. Сонымен бірге романдағы негізгі оқиға мен адам тағдырына деген оқырман ықыласын да күшейте түсетін эмоциялық жүк арқалап тұрғанын айтуымыз керек. Бұл орталық кейіпкерлер бейнесінің сәтті шығуы шығарма концепциясын тереңдете түсу жолындағы жазушы ізденісінен туған көркемдік әдіс, көркемдік табыс деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Виноградов В.В. О языке художественной литературы. - Москва, 1959.
2. Ақшолақов Т. Шығарманың көркем айшықтарын талдау. - Алматы: Рауан, 1994. - 224 б.
3. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. -Алматы: Қазақ университеті, 2003.- 284 б.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТАРИХИ ТРАГЕДИЯСЫ

Л.А. Серғазы
ф.ғ.д., доценті
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
Астана, Қазақстан

Аннотация. *В статье говорится о первых образцах драматургических жанров и драматургических произведений. В казахской литературе драматургия сформировалась в начале 20 века. Сопоставляя события исторических традиций с историей независимого Казахстана, особое место уделяется процессу углубленного рассмотрения образа человечности духовности общества.*

Ключевые слова: *казахская национальная драматургия, историческая трагедия, историческое признание, историческая личность, смысл произведений.*

Abstract. *The article informs about the initial examples of dramaturgy and the genre of drama. The drama plays started to form in Kazakh literature at the beginning of the XX -th Century. Since that time the process of depicting human character, moral values started in the historic drama plays of independent Kazakhstan.*

Keywords*: the Kazakh national dramaturgy, historical tragedy, Cognition of history, historical individual, base of creative works.*

Драматургия (гр. *dramaturgia*)— қандай да бір халықтың немесе жазушының белгілі бір дәуір мен кезеңдегі драмалық шығармаларының жиынтығы. Драматургия шығармалардың алғашқы үлгілері Ежелгі Грекияда діни дәстүрлерден (Дионис құдайға табынудан) басталған. Олардың сюжетінің негізін құдайлар мен мифтік кейіпкерлер құрады. Ежелгі гректер драматургиясы құдайлардың әділеттілігі мен әлемдік тәртіп туралы ой толғады (Эсхил), адамның құқығы мен оны қайғы-қасіретке душар ететін жағдайларға қарсы наразылықты бейнелеп көрсетті (Софокл, Еврипид), адамдардың кемшіліктері мен кемістіктеріне, олардың бір-бірімен қарым-қатынастарына күліп, діни табынушылықтарына күмәнмен қарады (Аристофан, б.з.б. 445 — 385). Осылайша драматургияның комедия және трагедия жанрлары туды.

Ежелгі римдіктер грек драматургиясының сыртқы пішінін мұра етіп, оны өздерінің қоғамдық өмірінің қажеттілігіне сәйкес жаңа рухпен байытты. Олардың трагедиялары қанды оқиғаларға (Сенека, б.з.б. 47 — 65), ал комедиялары гротескке (Теренции, б.з.б. 195 — 159,[1] Плавт, б.з.б. 3 ғасырдың ортасы — 184) толы болды. Орта ғасырларда драматургия көпшілік ойын-сауық, пұтқа табынушылық дәстүрімен қайта жаңарды. Христиан діні Еуропа халықтарының негізгі сеніміне айналғаннан кейін (Y-YI ғасырлар) шіркеулерде литургиялық драма (X ғасыр) пайда болды. Қалалардың дамуына байланысты драматургияда Тәурат оқиғаларын суреттеген мистерия, фарс жанры пайда болды. Қайта өрлеу дәуірінде Испания мен Англияда драматургия өзінің “алтын ғасырын” басынан өткерді. Англияда У.Шекспир адамзат трагедиясын суреттесе, Испанияда Лопе де Вега мен Кальдерон (1600 — 1681) әлемнің қайшылығын көрсетеді. Қайта өрлеу дәуірінде трагедия мен комедия өз дамуының жоғары сатысына көтерілді. XYII ғасырда Францияда абсолюттік монархия орнағаннан кейін классицизм драматургиясы дамыды. Драматургияда ішкі композициялық үйлесім, бөлімдер арасындағы логикалық байланыс басты орынға шықты. Классицизм трагедияларының ішкі пафосы — адам сезімін қорғауға құрылды (П.Конель, Ж.Расин). Классицизм драматургиясы Мольердің комедияларында жоғары көркемдік биікке көтерілді. XYIII ғасырдағы ағартушылық дәуірінің өкілдері (Францияда Дидро, Германияда Лессинг) драматургияда өмірдің ақиқатын реалистік тұрғыдан бейнелеп, оны жанр, сюжет, мінез бен тіл жағынан бір қалыпқа келтіруге тырысты. Классицизм мен реализмге қарағанда ақыл мен сананы бірінші орынға қойған сентименталистер мен “штюрмерлер” (“Дауыл мен тегеуірін” драматургиясының өкілдері), сезімді өнердің ең басты өрісі деп есептеген романтизм өкілдері (Гете мен Шиллердің бастапқы пьесалары) ерте кездегі тарихты нақты суреттеуге талпынды (В.Гюго, А.Виньи, Байрон, Шелли, А.Дюма) Батыс Еуропадағы драматургияның дамуындағы жаңа кезеңді XIX ғасырдың II жартысында қоғамдық өмірде өте маңызды әлеуметтік-философиялық және этикалық мәселелерді көтерген Г.Ибсен реалистік драмамен ашты. XIX ғасырдың аяғында драматургияда да екі бағыт: натурализм және символизм пайда болды. Натурализмді негіздеуші теоретик Э.Золяның айтуынша, пьесада

кейіпкерлердің өмірін нақтылы түрде көрсету керек (Ибсен, Г.Гауптманның кейбір шығармалары). Ал символистер, керісінше, өмірді нақтылы түрде суреттеуден бас тартып, болмыстың мистикалық мәнін түсіндіруді көздеді (М.Метерлинк, Верхарн). XYIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Ресейде сыншыл реализм дамыды (Д.И. Фонвизин). А.С. Пушкин драматургияда әлеуметтік талдау жасап, өмірдегі қайшылықтар мәніне үңілді. А.С. Грибоедов әлеуметтік-сатиралық комедияны жалғастырды. Н.В. Гоголь, И.С. Тургенев, М.Е. Салтыков-Щедрин, А.В. Сухово-Кобылин, А.Н. Островский сыншыл реализм драматургиясының арнасын кеңейтті. Өмір шындығына терең бойлау, қоғам кемістіктерін сынау бағдары Л.Н. Толстой, А.П. Чехов драматургиясында әлеуметтік-философиялық мазмұнға ие болды. XX ғасырда драматургиядағы көркемдік бағыт-бағдарларға бай ғасыр болды. Сыншыл реализм де (Б.Шоу, Дж.Голсуорси, М.Горький, т.б.). сонымен қатар символистік драматургия (Метерлинк, Г.Д. Аннунцио, А.Блок, т.б.) одан әрі дами түсті. 1 дүниежүзілік соғыстан кейін реалистік драматургиямен (Францияда М.Паньоль, АҚШ-та Л.Хелман. А.Миллер, Англияда С.Моэм, т.б.) қатар, өмір шындығынан бас тартпай, бірақ шарттылық, фантастика, эксцентрика формалары қолданылған “сана драматургиясы” (Англияда — Шоу, Италияда Л.Пиранделло, Францияда — Ж.Жирору, Ж.Ануй, Ж.П. Сартр, Швейцарияда — Ф.Дюрренматт) өріс алды. XX ғасырдың 20-30 жылдары экспрессионалистік драматургия (Германияда — Г.Кайзер, В.Газенклевер, АҚШ-та — Э.Райс, т.б.) кең етек жайды. XX ғасырда дүниежүзілік соғыстар мен қоғамдық өзгерістер әсерімен үлкен әлеуметтік мәселелер көтерген жаңа көркемдік ізденістегі драматургия үстем болды.

Қазақ әдебиетінде драматургия XX ғасырдың басында қалыптасты. Қазақ жастары ұйымдастырған әдебиет, ойын-сауық кештері ұлттық сахналық өнер мен драматургияның бастамасы болды. Қазақстанның әр түкпіріндегі алғашқы сахналық талпыныстар Қазан төңкерісімен ілесе, ұлттық драматургияның дүниеге келуіне негіз болды. 1915 жылы К.Тоғысовтың “Надандық құрбаны” драмасы жеке кітап болып Уфада басылып шықты. Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Қ.Кемеңгеров, М.Әуезов, С.Сейфуллин, Ж.Шанин, т.б қаламгерлердің алғашқы драма шығармалары ұлттық драматургия жанрының негізін қалады.

Қазақ ұлттық драматургиясы – бүгінгі күні жан-жақты даму үстіндегі жанр. Арнайы зерттеу нысанасына алынып және жекелеген белгілі қаламгерлеріміздің шығармашылықтарын қарастыруда да бірнеше құнды еңбектер жазылған. Қазақ драматургиясы өзінің даму жолын, сатысын – әлем, батыс драматургиясының озық шығармаларынан үлгі алып, сабақтастырады.

Қазақ тарихы тәуелсіздік үшін жерін, елін, егемендігін сақтап қалуға ұмтылған күреске толы. Еркіндікті ежелден басты орынға қойған еліміздің, бостандық пен ар-намыс жолында ешнәрседен қайтпайтын қайсар халқымыздың тарихи өмір жолы қаншама қиын-қыстау сәттерді басынан өткерді. Ғалым С.Қирабаев «Көне замандардан бері әдебиет өзінің материалын тарихтан алып, оны көркем суретке айналдырып, өсіп, жетіліп

келеді. Әдебиет өзінің негізгі зерттейтін обьектісі – адамды белгілі бір дәуірде, тарихи ортада алып суреттеу арқылы сол кезеңнің шындығын да, бейнесін де ашады. Адам тағдыры арқылы тарихи сананың қалыптасуын көрсетіп, оқырманға өмір танытады, оны тәрбиелейді, адамгершілікке баулиды, тарихтың біз үшін қажет эстетикалық сабағы да осында» [1, 21] деген еді. Ұлттық санамызды қалыптастыруда төл тарихымыз бен әдебиетіміз негізгі функцияны атқаратын маңызды күш екендігін ескерсек, тарихымыздың төрінен орын алатын алыптарымыздың қайта оралуы рухани қазынамызды байыта түскені ақиқат.

Уақыт талабына сай әдебиет жанрлары жаңарып, жаңғыруына байланысты әдебиеттегі тарихи драма жанры да осы жалпы даму процесін басынан өткізді. «Ұлттық әдебиет – ұлттық идеяға, ұлттық ойға, халықтық дәстүрге, адамгершілік асыл мұраттарға негізделгенде ғана жаңа көркемдік кеңістікті игере алары анық. Ұлттық идея – тәуелсіздігімізді мейлінше нығайтуды көздеуі тиіс» [2, 456].

Еліміз еркіндікке қол жеткізіп, әлеуметтік дамудың жаңа белесіне көтерілгелі мәдениеттің, театр өнерінің өсіп-жетілген кезеңіне қол жеткізіп отырмыз. Бұл халқымыздың тарихи дамуындағы ерекше мәдени құбылыс.

Тарихты тану, оны көркемдік тұрғыдан меңгеріп, халықтың ой-санасына жеткізу – әдебиеттің, өнердің басты мақсаттарының бірі. Тарих пен әдебиеттің бір-бірімен тығыз байланысының негізінде әдебиеттің драматургия жанрында көптеген туындылар дүниеге келді. Егеменді еліміздің еркін дамуы сәтінде де драматургия саласында тарихты тану мен тарихи кезеңдерді жаңаша көзқараспен сипаттау, таразылау, сараптау бағытында тарихи драмалар өз биігінен көрініп, қазақ театрлары сахнасында қойылып келеді.

Тәуелсіз Қазақстанның тарихи трагедияларында тарих пен бүгінгі уақытты ұштастыра отырып, қоғамның адамгершілік-рухани бейнесін тереңдеп ашуға бағытталған үрдіс белең алды. Драматургтер тарих пен бүгінгі күннің маңызды мәселелерін бірлікте қарап, әлеуметтік-адамгершілік ірі идеяларды шығармаларына өзек етеді, жазушы өткен тарих оқиғаларын суреттеу арқылы қазіргі ұрпаққа ой салады.

«Тарихи трагедия тудыруда драматургиядағы үздік үлгілерде қалыптасқан оптимистік идея, ұрпақтар жалғастығы» [3, 192] қазіргі ұлттық драмалардан тың ізденіспен көрініс тауып келеді.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы он бес жылдықта тарихты тану мен тарихи тұлғаларды қайыра сараптау бағытында көптеген драмалық туындылар дүниеге келді. Мәселен, Ә.Кекілбайұлының «Абылай хан», С.Жүнісовтің «Абылай хан», «Махамбеттің өмірі-ай», М.Байсеркеновтің «Абылайдың соңғы күндері», «Кенесары», И.Оразбаевтың «Хайуандық комедия», «Күшігінен таланған», «Махамбет», Ш.Құсайыновтың «Томирис», Ш Құсайынов пен Қ.Ысқақтың «Қазақтар», Р.Отарбаевтың «Бейбарыс сұлтан», «Жәңгір хан», «Сырым батыр», «Бас» драмалары бірнеше ғасырларды қамтитын тарихи тақырыптарды өзек еткен.

Халық тарихының өткен кезеңіне арналған бұл туындыларда қазақ халқының басынан кешкен тағдыры, хал-күйі суреттеледі. Қай заманда да халықтың көкейінен кетпеген біртұтас ел болу арманы және сол арманға қол жеткізу жолында кешкен бейнеті баяндалады. Олар қазақ халқының ұлт болып қалыптасқан күнінен бастап, ел тұтастығы, егемендік үшін күресінің тарихын көтерді. Ел бастаған, оның мүддесін жоғары қойып, жорықтарға өздері бастап шыққан батыр, ел билеушілер, халықтың даналығын бойына жиған шешендер мен көсемдердің неше алуан бейнесін тарих шындығына сүйеніп ашты. Бұл мақсатта қазақ әдебиеті халық тарихын қайта тірілту, сол арқылы оқырмандар санасындағы тарихи таным мен тағылымды қайта жаңғырту, қайта ой елегінен өткізуде өлшеусіз еңбек сіңірді. Ұлттық құндылықтарымыз осылайша жаңа қырларымен көрермен-оқырмандарға жарық шашып, құлпыра түсті.

Театрдың тірегі – драматургия, драматургияның бір саласын тарихи драма десек, егемен елде жазылып жатқан драмалардың тарихқа қатынасы қаншалықты деген сұрақ туындайды.

Негізін шындық өмірден, тарихи оқиғадан алатын бұл жанрда «ең күрделі проблемаға, яғни көркемдік дамудағы тарихи сабақтастық ... мәселесіне айрықша назар аударған жөн» [4, 364]. М.Бахтин: «Сол немесе өзге саладағы мәдени шығармашылықты ғылым ретінде сол пәннің барлық күрделі әрі бүкіл қырларын, өзіндік ерекшелігін сақтай отырып қалыптастыру – жоғары дәрежелі қиындықтағы іс» [5, 26], – деген болатын. Яғни тарихи шындықты ашып көрсету қашан да оңай болмаған.

Қаламгерлеріміз халқымыздың аңсап келген арманы – бостандықты әдеби көркем тәсілдерге сүйене отырып көркем бейнелеу мүмкіндігіне ие болған кезде бүгінгі күні басты орында тәуелсіздікті нығайту, тарихи мүмкіндікті қолдан шығарып алмау үшін әркім үлес қосу міндеті тұр. Сондай-ақ әрбір азаматты мәдениеттілікке тәрбиелеп, отансүйгіштік қабілетін оятуда тарихи қойылымдардың мәні ерекше.

«Драматургия – қым-қиғаш интрига. Мұны В.Шекспир де мойындаған. Арбасқан көздер, қабақпен жан берісіп, жан алысқан әрекетті сөз, қара тасты қақ айырар отты да өткір тіл», – деген театр сыншысы Ә.Сығай «Осынау ауыр мехнатқа саналы түрде бас қойған кісіні ықылым заманнан драматург деп атап келеміз. Сонау көне грек ел-жұртынан тамыр тартқан күрделі жанр кім көрінгеннің жетегіне еріп, айтар ойынан айнып, алдына қойған нақтылы мақсатынан ауытқи қояр тайғанақтар кәсіп емес» [6, 130], – деп, кірпияз жанрдың қатаң талаптарын ескертеді. Осы қиын да күрделі кәсіптің басын ұстап, сол салға өз деңгейінде үлес қосып жүрген драматургтердің бірі Р.Отарбаев.

Р.Отарбаев қазақ халқының қазақ болып қалыптасып, дамуы, құлдырауы, жетілуі секілді басты тарихи кезеңдерді өз туындыларына жеке-жеке атау беріп, әртүрлі деректер мен аңыз-әңгімелер негізінде жазып келеді. Ол туындыларында бірнеше ғасырлық тарихи оқиғаларды көркем тілмен халық жүрегіне жеткізе баяндайды.

Р.Отарбаевтың «Бейбарыс сұлтан», «Жәңгір хан», «Сырым батыр» атты тарихи драмалары қазақ елінің басты-басты тарихи кезеңдерін арқау еткен туындылар. Автордың «Бейбарыс сұлтан» драмасы 1223-1277 жылдары өмір сүрген, түркі әулеті Бахриден шыққан, мәмлүктердің Египетті билеген төртінші сұлтаны Жамақұлы Бейбарысқа арналған. Тарихи деректерге назар салсақ, оның шыққан тегі – қыпшақ екендігі, бірақ қай жердің қыпшағы дегенге келгенде әр түрлі деректер айтылып, бірі – Хорезм, Дербент қыпшақтарынан десе, екіншілері маңғыстаулық еді дегенді айтады. Соңғы зерттеулер бұл дүдәмалдықтың түйінін шешіп, Бейбарыстың қыпшақ тайпасының Беріш руынан шыққан атақты әулеттің тұқымы екені анықтауға мүмкіндік берді.

Автордың Бейбарыс сұлтан туралы сөзбен салған суретімен танысқанда көз алдымызға шығарманың басты құндылығы бүгінгі-ертеңгі қазақтың мақтаны ғана емес, уағында күллі ислам дінінің қорғаны бола білген алып тұлғалы бабамыз келеді. Сахналық қойылымды көрсетуде берілген ақ желкен-перделер алыс сапардың, азат күндердің айшығын береді. Шығарманың әу басында құлдыққа сатылған бозбала күндердің күнінде билеуші тағына жайғасады. Өзін құлдыққа сатқан адамды, «дүние – кезек» дегендей, араға жиырма жыл салып, сұлтан сарайында тізерлетіп қояды.

Тарихи драмадағы оқиға желісі алдыңғы айтылған тарихи деректермен, аңыз-әңгімелермен ұштасып жатыр. Тарихымыздағы белді де беделді тұлғалардың бірі Бейбарыс сұлтанның өміріне, оның азаттық жолындағы жеңісті жорықтарына арналған драма өз елін құрметтеу, туған елін, жерін ұмытпау секілді философиялық ой-пайымдаулар негізінде жазылған. «Бейбарыс сұлтан» туындысы қарапайым болғанымен, ұмытылмас тарихымыздың қатпарларына кең құлаш сілтеген шығарма. Жанр заңдылықтарын еркін меңгерген драматург трагедияда бірегей композиция мен кейіпкерлер характерінің аса нәзік драмалық нақыштарын табады. Қазаққа тән жусан исі мен қымыз дәмін ұлттық түр-болмысымыздың бейнесі ретінде суреттей отырып, қазақ еліне, жеріне деген сағынышты көрсетеді

Азаттық жолы, тәуелсіздік жолы қандай ауыр, қандай қиын жол болғанын ата-бабаларымыздың сол сапарда «қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ» (А.Байтұрсынов) теңіз кешкенін, «тар жол, тайғақ кешулерден» (С.Сейфуллин) өткенін, «мың өліп, мың тірілгенін» (Ж.Молдағалиев) кейінгі ұрпаққа айту, түсіндіру, ұқтыру – парыз [7, 28].

Осы жолдардың бірі Абылай заманына барып тіреледі. Тәуелсіз Қазақстан драматургиясындағы тарихи тақырыпты қамтыған шығармалар Абылай заманын жан-жақты, толық суреттеді. Еліміз егемендік алған кезде Көкшетауда Абылай ханның 280 жылдығын тойлап, оған арналып ас берілуін белгілі қоғам қайраткері С.Әбдірахманов былай деп еске алады: «Сол тұстағы жұрттың көңіл-күйі әлі есте. Бұл егемендігін жариялап қоя салатын, соны місе тұтатын халықтың түріне онша келіңкіремейтін. Ертеңіне ұмтылған еліне ұлы бабамыз ақ батасын беріп тұрғандай» [8, 50].

Алты алашқа сауын айтып, Абылай ханға ас берудің астарында елдік мұрат, ата-баба армандаған азаттық пен бостандық, тәуелсіздік жолындағы күресте ұлттық намысты тағы да сынайтын аса жауапты сәт туғандығы аңғарылып тұрды. Абылай заманы оның саяси, қайраткерлік қызметі көп уақыт бойына тарихи сахнаға шықпай жатса, қазақ әдебиеті тарихында Абылай хан туралы біржақты, қаралайтын дүниелер берілді. Алайда соңғы жылдары Абылай хан әдеби зерттеулердің нысанасына айналды. Осы ретте Р.Бердібай өлең-толғаулар мен тарихи жыр-дастандардағы Абылай тұлғасына өзінің ой-тұжырымын білдірсе, ал Ә.Тарақов хан тұлғасына арнаған өзінің монографиялық еңбегін жарыққа шығарды. Ш.А. Уәлихан халық ауыз әдебиетіндегі Абылай бейнесінің сомдалуына сипаттама беріп, жаңа тарихи дерек көздерімен Абылай өмірінің шындығын ашты.

Драматург-жазушылар С.Жүнісовтің «Абылай хан» киносценарийі, Ә.Кекілбаевтің «Абылай хан» атты халықтық қаһармандық драмалық дастаны және режиссер-драматург М.Байсеркеновтің «Абылай ханның ақырғы күндері» атты халықтық қаһармандық тарихи драмасы дүниеге келді. Аталған сахналық көркем шығармалар республиканың әр өңіріндегі театрларда сәтті қойылып келеді.

Бұл шығармаларда Абылай хан заманы – қасіреті мол, қазақ халқы үшін жаугершілік зобалаңы көп кезең болып суреттеледі. Атақты елбасы, қолбасы, дипломант, терең ойдың иесі Абылай тарыдай шашыла қоныстанған қазақ халқының басын біріктіріп, тұтастықта ұстау үшін жарғақ құлағы жастыққа тимеген әрекеті шығармалардың негізгі оқиғасына айналған. Атақты алып тұлғаларымыздың бейнелерін уақыт, заман пердесі тұтып, қаншама көлегейлеп тастағанымен, кеңестік дәуір жазушылары Абылай заманын барынша бейнелеуге тырысты. Ал бүгінгі күні еркіндіктің арқасында ұлттық драмалық өзгерістер, жаңа бағыттар, өзіндік ізденістер көрініп келеді. сол ізденістердің бір нәтижесі – Ә.Кекілбаевтың «Абылай хан» атты ақ өлең үлгісімен жазылған драмалық дастаны. Драмада ұлы билеушінің тарихы мен тағдырын түгел қамту мүмкін емес болғандықтан, негізгі керек тұстарын ғана бөліп алып, біртұтас оқиға төңірегіне топтастырылады. Драманың соңында үміт пен сенім жеңіп шығып, таразы басы теңеліп, ертеңгі айбынды ел болар ғажайып заманына асығып бара жатқан қалың елді көреміз.

Егеменді ел болып, тәуелсіздікке қол жеткелі бері әлеуметтік-рухани дүниеміздің қайта түлеуіне жол ашылды. «Сондай ізденістердің бірі ретінде М.Байсеркеновтің «Абылай ханның ақырғы күндері» қойылымын атауға болады» [9, 4]. Бас аяғы үш кейіпкердің әрекетіне, үлкен тарихи құбылыстың желісіне құрылған сәтті драмалық туынды. Үш күннің ішінде өтетін оқиғаға автор Абылай заманындағы аласапыран қоғамдық қайшылықтың тарихи болмысын ашып, көркемдік таным биігінен көрінеді. Талай дүбірлі де шытырман, небір сойқан оқиғаларға толы күндерді, жақсы мен жаманды, жеңіс пен жеңілісті басынан кешірген Абылай сырқатының сыр беруі үлкен толғанысқа, іштей күйзеліске әкелген. Түптеп келгенде, бұл – қазақ халқының тарихи өмір белестерін, өткені мен болашағын психологиялық толғаныс үстінде бейнелейтін драма.

Пьесаның аяқталуы қайғылы көрінгенімен, оның оптимистік рухы төмендемеген. Пьесаның театр сахнасында қойылуы және көрермен ықыласына бөленіп, аса табысты өтіп жатуы – бүгінгі тірлігіміздің көкейкесті мәселелерімен астасып жатуында.

Қазақ драматургиясының қоржынында тағы бір Абылай – С.Жүнісовтің «Абылай ханы». Әртүрлі әдебиет және өнер жанрларында талай рет көркем бейнеленген белгілі тақырыптарды, белгілі сюжеттерді ала отырып, С.Жүнісов тарихи оқиға мен уақыт рухын өздігінше өрнектейді.

Бүгінгі күні қазақ әдебиетінің проза, драма жанрында өзіндік стилі, қолтаңбасы бар қаламгердің «Абылай хан» пьесасы – тарихи дәуірдің күрделі кезеңдерінің сахналық тартысында Абылай бейнесін тарихи заман тынысына сай, қолбасшы, саясатшы, қайраткер болмысында шынайы кескіндеуімен бағалы. Дастанның халықтық сипатының қуаттылығы, тарихи қарымының кеңдігі, тарихи дәуірмен үндестігі ішкі тартыстар мен оқиғалар драматизмінің композициялық құрылымымен тығыз қабысып, Абылай заманының толассыз күрестер мен қайшылықтарын көпшілікке сендіре алуында.

С.Жүнісов бұл пьесаны жазуда, фильм түсіру үшін режиссер қызметіне ыңғайлап, шығарма композициясына көп көңіл бөлген. Сондықтан бұл шығарманы кино өнеріне қатысты қарастыруға болады.

«Абылай хан» шығармасына арқау болған негізгі мәселелер – жоңғар шапқыншылығы кезіндегі халық қасіреті, бұл тығырықтан шығар жол іздеген Абылай (Сабалақ) тапқырлығы, алауыздықты тоқтату үшін Ресей, Қытай, Жоңғар хандығымен мәмілеге келуге ұмтылу әрекеттері.

С.Жүнісовтің «Абылай хан» шығармасының республика деңгейінде танымал болуы драманың тарихилық-халықтық, патриоттық, отаншылдық сипатының өткірлігінен. Дастан тілі дәуірдің нақты әлеуметтік мәдени сипатын сездіртеді. Абылайдың сөз саптауы шешендік өнердің ағып тұрған көрінісі.

Ә.Шапауовтың пікірінше, драманың кемшілігі де жоқ емес. Шығарма композициясында прозаизмге, шешендікке салынып кететін кездері болады. Дегенмен, С.Жүнісов көркем туындыны режиссер қызметіне ыңғайлап, оқиғасын Абылай хан төңірегіне жинақтап, композициясы, көркемдік шарттары кино жанры табиғатына толық жауап бере алатын драмалық шығарма етіп дайындаған. «Абылай хан» тарихи қаһармандық драмасы – бүгінгі күнмен идеялық сабақтастығы бар, ұлтымыздың ерлік, жаугершілік кезеңдерінің сахналық соны көрінісі әрі тарихпен тамырланған, көркемдік шешімі жоғары, патриоттық рухы қуатты шығарма.

1990 жылдан кейінгі кезеңде театр репертуары жаңа шығармалармен байып, әлемдік және қазақ драматургтерінің классик. шығармаларын көрермендер назарына ұсынды, кейбіреулерін қайта сахналады. С.Жүнісовтің “Кеменгерлер мен көлеңкелер” (1994), О.Сүлейменовтың “Жетінші палата ”, Иран-Ғайыптың “Шыңғысхан” (1994, режиссері Б.Атабаев), К.Гоццидің “Турандот ханшайым” (1994, режиссері Әл-Тарази), М.Байсеркеновтің “Абылай ханның ақырғы күндері” (1996, режиссері М.Байсеркенов), Р.Мұқановаңың “Мәңгілік бала бейне” (1996, режиссері Атабаев),

М.Жұмабаевтың “Шолпанның күнәсі” (1997, режиссері Қ.Сүгірбеков), М.Әуезовтің “Қилы заман” (1997, режиссері Рахимов), “Қарагөз” (1997, режиссері Ә.Мәмбетов), Шахимарданның “Томирис” (2000, режиссері Әл-Тарази), Ш.Айтматовтың “Ана – жер Ана” (2002, режиссері Ә.Мәмбетов), Г.Гаутман “Ымырттағы махаббат” т.б қойылымдарды мысалға келтіре аламыз.

Қазақстан Республикасы дербес мемлекетке айналған соң бұрын айтуға, жазып жариялауға жабық болып келген көптеген тарихи құбылыстар, ұлттың мақтанышы болған ұлы қайраткерлер өмірі мен қызметі драма шығармалар арқауына айнала бастады. Ысқақовтың **"Жан қимақ"**, И.Оразбаевтың **"Шыңғыс хан"**, **"Естайдың Қорланы"**, С.Сматаевтың **"Той үстінде топалаң"**, Б.Әбілдаұлының **"Төле би"**, О.Дастановтың **"Әзірет Сұлтан"**, А.Бекбосыновтың **"Соңғы сезім",** Таразидің **"Алатау сынды алабым"**, Шахимарденнің **"Томирис"** пьесаларында халқымыздың басынан кешкен сан қилы тағдыры тарихи дәлдікпен, ерекше көркемдік қуатпен бейнеленген. Ал А.Сүлейменов пен Б.Мұқайдың **"Заманақыр"**, Р.Мұқановаңың **"Мәңгілік бала бейне"** пьесалары экология тақырыбын, Семей полигонының қазақ халқына әкелген трагедиясын, ауыр зардаптарын бейнелейді.

Ә.Кекілбаевтың **"Абылай хан"**, С.Жүнісовтің **"Кемеңгерлер мен көлеңкелер"** , М.Байсеркеұлының **"Абылайханның ақырғы күндері", "Кек қылышы Кенесары"**, Ж.Әлмашұлының **"Сана дерті", "Абақты-ғұмыр", "Фрустракция"** драмалары – қазақ тарихының ақтандақ беттерін көркем шындықпен, айшықты тілмен сомдаған шығармалар.

Жоғарыда аталған шығармалардың барлығында дерлік егемендікті, тәуелсіздікті аңсау сарыны басым келеді. Қазіргі қазақ тарихи драмаларындағы тарихи шындық, азаттық, тәуелсіздік тақырыптарының тамыры тереңде. Тәуелсіздік таңымен бірге туған заманымыздағы әдеби, тарихи, ұлттық бетбұрыстар әдебиеттану ғылымының даму арнасын тың межеге көтеруде. Қазақ халқының тарихындағы ақтаңдақ беттерді жаңаша пайымдау – қазіргі драманың басты міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет.–Алматы: Ғылым, 2001.–448 б.
2. Әдеби өмір шежіресі. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2005. – 488 б.
3. Нұрғали Р. Драма өнері. – Алматы: «Санат», 2001.
4. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы.–Алматы: Санат, 1994.–448 б.
5. Бахтин М. Литературно-критические статьи. – Москва: Художественная литература, 1986. – 543 с.
6. Сығай Ә. Театр тағылымы. – Алматы, 2003. – 220 б.
7. Қайырбеков Ә. Ж. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясы: ізденістер, проблемалар (1991-2001): Ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферaты. - Алматы, 2004. – 25б.
8. Әбдірахманов С. Тәуелсіздік толғауы: 1991//Егемен Қазақстан. – 2001. - 22 наурыз .
9. Қараева Р. Алты алаштың айбыны//Жас Алаш. – 1996. - 14 мамыр.

С.ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН СЫНЫПТАН ТЫС САБАҚТАРДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРМЕН ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

К.Т. Медеубаева
п.ғ.к., қауымд. проф. м.а.
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан
medeubaeva_kt@mail.ru

Аннотация*. При развитии качеств как чувства ответственности, формирование эстетических качеств и познание жизни через художественные произведения нужно отметить важность интерактивных методов обучения. При использовании интерактивных методов в внеклассных уроках, можно развить навыки чтения у учащихся, достичь углубление программных материалов. В статье рассмотрена педагогическое значение использования интерактивных методов внеклассного обучения в произведениях выдающегося деятеля казахской литературы С.Торайгырова.*

Ключевые слова. *внеклассное чтение, интерактивные методы, педагогическое значение, художественная литература.*

Abstract. *With the development of qualities such as a sense of responsibility, the formation of the aesthetic qualities and the knowledge of life through the works of art should be noted the importance of interactive teaching methods. When using interactive methods in extra-curricular lessons, reading can develop students' skills to achieve deepening of program materials. In the article the pedagogical value of using interactive methods of extracurricular training in the works of the outstanding figure of the Kazakh literature S.Toraigyrov.*

Keywords. *extracurricular reading, interactive methods, pedagogical value, imaginative literature.*

Қазақ әдебиеті пәнінен сыныптан тыс оқыту көркем әдеби шығармаларды оқушылардың өздігінен ізденіп оқуын педагогикалық тұрғыдан ұйымдастыруға негізделеді. Сыныптан тыс оқудың негізгі педагогикалық ұстанымы – оқушылардың ой-өрісін дамыту, әдеби білімдерін тереңдету, халықтың бай мұрасын, мәдениетін, өнерін үйрету, әдебиеттің ғылыми-теориялық негізін жете түсіндіріп, оны өмірмен байланыстыра білуге ынталандыру. Сыныптан тыс оқуды интербелсенді әдістермен ұйымдастыру арқылы оқушылардың әдебиеттен алған білімдерін одан әрі тиянақтауға, жинақтауға, сөз мағынасын терең ұғындыруға, сауатты жазуға, тіл мәдениетіне баулуға, сын тұрғысынан ойландыруға, топта жұмыс істеуге төселдіре отырып, ұжымдық мүддені қолдай білуге, бүгінгі бәсекеге қабілеттілікті қажет ететін қоғамда өз ойын, пікірін ашық алаңда жеткізе алатын, көзқарасын қорғай алатын жеке тұлға қалыптастыру сияқты педагогикалық маңызды сапаларға қол жеткізуге болады.

Сыныптан тыс оқу жұмыстарының тиімділігі мен әсері, педагогикалық мәні мен маңызы жайлы педагогика ғылымдарының докторы, профессор Т.Қ. Жұмажанова: «Сабақ пен сыныптан тыс оқу жұмыстары өзара бірге байланысты болып, қатар жүргізілсе және сабақ мазмұнын қайталамай, оның логикалық жалғасы ретінде берілсе ғана

тиімді болады. Баланың көркем шығармаға деген қызығушылығына бағыт беру, эстетикалық талғамға тәрбиелеу, оны әрі қарай дамытып бекіту, қалыптастыру – педагогикалық маңызды проблеманың бірі», – деген ғылыми қорытынды жасайды. [1,137]

Демек, оқушылардың сабақ барысында алған білімін сыныптан тыс оқу арқылы жан-жақты толықтыру, кеңейту мектептегі біртұтас педагогикалық үдерістің ажырамас бір бөлігі болып есептеледі. Бүгінгі білім беру жүйесі жаңа өркениетті қоғамға қажетті білімді, қабілетті, өз ойын еркін білдіретін, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген шәкірт тәрбиелеуге бағытталған. Осыған орай, сыныптан тыс оқытудың негізгі педагогикалық мақсаты – оқушыны өздігінен іздендіру арқылы өзіндік қорытынды, тұжырым жасауға, қоғам мен тарих туралы ой түюге, ақын немесе жазушы шығармасында көтерілген өзекті мәселелерді тани білуіне қол жеткізу. Соның нәтижесінде баланың жан дүниесінің рухани жағынан толысып баюына ықпал ету.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, қайталанбас өзіндік қолтаңбасы бар дара тұлға С.Торайғыровтың поэма жанрындағы тұңғыш қадамын танытатын «Таныстыру» поэмасы екі адамның тілдесуі – диалог үлгісімен жазылған. Поэмада қазақ даласындағы ірі төңкерістен кейін «елді жаңа жолға бастайтын азаматтар кімдер?» деген сауал төңірегінде ой өрбиді. Ақын қара қазақ пен зиялы адамды сұқбаттастыра отырып, жоғарыдағы сұрақ негізінде өз көзқарасын ортаға салады. «Таныстыру» поэмасын оқушыларға жан-жақты таныту барысында сыныптан тыс жүргізілетін интербелсенді әдістің бірі – оқушылар конференциясын пайдалануға болады. Мектепте қазақ әдебиеті пәні бойын ша оқушылар конференциясының үш түрі тәжірибеде қолданылатыны белгілі. Соның бірі – ақын-жазушының шығармашылығын немесе жеке шығармасын таныстыруға арналған тақырыптық конференция. С.Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасын тақырыптық конференция түріндегі интербелсенді әдіспен оқытудың педагогикалық мақсаты оқушыларды шығарманы түсініп оқи білуге, ондағы қазақ зиялыларының тұлғасын танытуға, әр кейіпкердің ел алдындағы азаматтық, адамдық борышын үлгі-өнеге тұтуға негізделеді. Конференцияны өткізу барысында оқушылардың дайындығына біршама педагогикалық талаптар қойылып, олардың оқырмандық жауапкершілігінің артуы көзделеді. Атап айтқанда:

- шығарманың мазмұны мен ақынның айтпақ идеясын түсініп оқу, мазмұндау, әңгімелеу кезінде мысалдар келтіре сөйлеу;
- поэмадағы кейіпкерлердің мінез-құлқын, іс-әрекетін талдай білу, олардың өзіне тән ерекшелігін ажырата алу, әралуан қасиеттерін, іс-әрекеттерін бір-бірімен салыстыра білу, салыстыру жұмысын нақты мысалдар арқылы дәлелдей сөйлеу;
- шығарманың тіліне назар аудару, ақын қолданған көркем сөз айшықтарына көңіл бөлу, оны сөйлеу барысында қолдану;
- оқушылардың шығармаға өз тараптарынан пікір айтып, тұжырым жасап, бағалай білуі.

Конференцияда топтық жұмыс стратегиясын қолдануға болады.

1-топ «Зерттеушілер» деген атаумен топталып, әдеби-теориялық тапсырмалар орындайды:

1. С.Торайғыровтың өмір сүрген дәуіріндегі тарихи-әлеуметтік жағдайлар.
2. Ақын шығармаларының саяси тұтқындалу сыры.
3. С.Торайғыровтың әдеби мұрасынын зерттелу тарихы, ақын шығармашылығы туралы ғылыми еңбектерге шолу.
4. Автордың романдары мен поэмалары арқылы әдебиетке қосқан жаңалығы.
5. «Таныстыру» поэмасының тарихи-әдеби маңызы.

2-топ «Әдебиетшілер» деп аталып, көркем шығарманың мазмұнын қысқаша таныстырып, талдау жасайды:

1. Поэма оқиғасына арқау болған тарихи оқиғалар.
2. Поэманың мазмұнын көркем сөзбен мазмұндау.
3. Шығармадағы кейіпкерлер әлемі: жағымды кейіпкерлердің сомдалуы, марапатталуы. Ақын сынына іліккен жағымсыз кейіпкерлердің іс-әрекеттері, мінез-машықтары.
4. Поэманың тілі: көркем сөз айшықтары, нақыл, мақал сөздерді колдану шеберлігі.

3-топ «Тарихшылар» айдарымен топталып, шығармалардағы тарихи тұлғалар бойынша тапсырмалар орындап, шығарманың өмірмен байланысын ашу мақсатында сыни ойлау стратегиясын жүзеге асырады, поэмада аттары аталаған көрнекті тұлғалардың ел өміріндегі тарихи орны, елі мен халқы үшін сіңірген еңбегінің тарихи маңызы туралы шолу жасайды. Аталған интербелсенді жұмыс нәтижесінде оқушылар әдебиет пен тарихты бір-бірімен байланыстыра отырып, қазақ халқының зиялы өкілдерінің, оқыған азаматтарының, тарихи тұлғалардың әдеби шығармалардағы көркемдік тұрғыда бейнеленуімен танысады. Сонымен бірге, поэмада аттары аталған кейіпкерлердің тарихтағы орнына өзіндік баға беріп, пайымдау жасайды, ой қорытады. Көркем әдеби шығармаларды сыныптан тыс оқыту барысында пайдалануға ұсынылатын интербелсенді әдістің тағы бір түрі – *әдеби-танымдық кеш.* С.Торайғыровтың сыныптан тыс оқуға ұсынылған лирикалық өлеңдерін оқушылардың оқып, танысуына құрылған «Алаштың ардақты азаматы» тақырыбындағы әдеби-танымдық кеш өткізу ұсынылады. Кештің жоспары:

1. Өмірін өнер-білімге арнаған жас өрен
2. «Тағдырдың өзі берген куәлікті»
3. Алаш деп туған ардақты ер
4. Ақын рухы ақындарға жалғасқан

Кештің тек өлең оқумен ғана шектеліп, біржақты болып кетпеуі де ескерілу керек, ол үшін оқушылардың рөлдік ойындар арқылы өзара қарым-қатынасқа түсу белсенділігін дамытуға бағытталған интербелсенді әдіс ретінде ақынның атақты «Бір адамға» өлеңінің жазылу тарихынан сыр шертетін торайғыровтанудың негізін салған профессор Б.Кенжебаевтың

«Асау жүрек» атты ақын өміріне, шығармашылығына арналған еңбегінен «Егес» деректі әңгімесі сахналық көрініс түрінде көрсетіледі. [2, 26-32]

Сыныптан тыс оқуда қолданылатын интербелсенді әдіс – әдеби кештің педагогикалық маңызы:

- оқушылар сыныпта оқыған ақын туралы мағлұматтарын молайтып, таным-түсініктерін кеңейтеді;
- ақынның өмірі, шығармашылық мұрасы, білім алу жолындағы ізденістері жайлы тың деректермен танысады;
- ақынның балалық, жастық шағының жалпы өмірінің киыншылықпен өткенін, қиын да күрделі тағдырымен танысу арқылы өмірдің мәнін, маңызын түсінуге талпыныс жасайды;
- іштей болса да, өз өмірі мен ақын өмірін салыстыра білуді үйренеді.

С.Торайғыровтың «Кім жазықты?» романы бойынша сыныптан тыс оқуда «дебат» интербелсенді әдісін қолдану ұсынылады. «Дебат» (Debate) немесе пікірталас әртүрлі контекске орай сыни тұрғыдан ойлау немесе іскер ойын ретінде ұғынылады. Пікірсайыс – дидактикалық ізденістің маңызды саласы. Дебат бағдарламасы тыңдармандарды пікірталас үрдісіне тарту арқылы интеллектің даму технологиясын ұсынады. Дебаттың педагогикалық маңызы даулы проблемалар бойынша қандай да бір позицияны қорғап, өзге позицияны теріске шығаруды көздейді. С.Торайғыровтың «Кім жазықты?» романы бойынша ұйымдастырылатын «Дебат» мақсаты – роман кейіпкерлері – Тасболат пен Әжібай бейнесін талдау, салыстыру, баға беру.

1-топ. Тасболатты жақтаушылар.

Қарары: «Қыдыр дарыған дәулетті бай – Тасболат».

Дәйек:

1. Тасболат жұрттан асқан малды кісі.
2. Үйінен күндіз-түні ат кетпеген.
3. Сол жылы школға беріп еді Әжібайды.

2-топ. Бала тәрбиесіндегі кемшілігі үшін Тасболатты қаралап, Әжібайды жақтаушы топ.

Қарары: «Тәрбие жоқ қой қазақ арасында».

Дәйек:

1. Жасынан зейіні алғыр, тілге шешен.
2. Өлеңшілік бар еді жүрегінде.
3. Осындай зеректігін оқытпай, надандыққа қойды байлап.

Дебаттың қорытындысы: «Әйелдердің ауыр да аянышты халіне, Әжібайдың тәрбиесіздігіне кім кінәлі?» деген проблемалық сұрақ бойынша пікір қорғаумен аяқталады.

Сыныптан тыс сабақтарда пікірсайыс интербелсенді әдісін пайдаланудың педагогикалық маңызын былайша түйіндеуге болады:

- оқушыларды ізденуге, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі;
- өзіндік ой-пікірін жүйелі, дәйекті айта білуге, мәдениетті сөйлеуге баулиды;

⎪ шығармашылық қабілеті шыңдалады, шұғыл шешім қабылдай білуге үйренеді, кітапханамен байланысы нығаяды;

⎪ оқушылар сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптарға мән бере отырып, шешен сөйлеуге, шешендік өнерді үйренуге машықтанады;

⎪ ойын барысында өз ойларын келелі сөз, шынайы шеберлікпен, шешен тілмен жеткізуге тырысады.

Оқушылардың бойына ұлттық үрдісті сіңдіруде, баланы озық қоғамға сай етіп тәрбиелеуде дебат технологиясының берер пайдасы мол. Жаһандану заманында білім берудің озық үлгілерін пайдалана отыра нақты нәтижелерге қол жеткізу – бүгінгі заманның басты талабы. Оқушылардың көркем шығарма арқылы өмірді танып-білуі, эстетикалық талғамдарының қалыптасуы, жауапкершілікті сезіне білуі сияқты қасиеттерді дамытуда мұндай интербелсенді әдістердің педагогикалық маңызы ерекше болмақ. Сыныптан тыс оқуды бағдарлама бойынша өтілетін материалдармен байланыстыра жүргізу оқушының сыныпта алған білімін одан ары бекітіп, тереңдетіп, дамыта түсетіні профессор Т.Жұмажановаңың ғылыми зерттеу еңбектерінде жан-жақты сөз болады [3]. Сыныптан тыс оқу сабақтарында қолданылатын интербелсенді әдістер арқылы оқушылардың дербес оқу дағдысын дамытуға, бағдарламалық материалдарды терендетуте қол жеткізуге болады.

Оқушыларды заман талабына сай біліммен қаруландыру мәселесіне жан-жақты көңіл бөлініп отыр. Үстіміздегі жылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталатын халыққа арнаған Елбасы жолдауын талдау мәжілісінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ басқарма төрайымы К.Шәмшидинова енді оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауды, шығармашылықпен, топпен жұмыс істеуді үйрету керектігін баса айтты. [4] Сыныптан тыс оқу жұмыстарын интербелсенді әдістермен ұйымдастырудың педагогикалық маңызы өте зор, атап айтқанда, оқушылардың әдебиетке деген оқырмандық қызығушылығы оянады, әдеби сауаттылығы арттады, әдеби көркем тілмен сөйлеуге жаттығады. Баланың сыни тұрғыда ойлануына, ой-өрісін кеңейтуге әсерін тигізеді, көркем әдебиетті сүюге, оны ғылыми тұрғыда талдауға үйретеді, кітаппен жұмыс істеуге дағдыландырады, өз ойын, пікірін қысылмай, еркін айтуға машықтандырады, бәсекеге қабілеттілік белсенділігі жоғарлайды. Қорыта айтқанда, сыныптан тыс оқу біртұтас педагогикалық үдерісте оқу-тәрбие жұмысына да зор үлес қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмажанова Т. Оқушылардың оқырмандық қызығушылығын арттыру. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелері (Әдістемелік жинақ). – Алматы: Мектеп, 1992. 137б.
2. Кенжебаев Б. Асау жүрек. - Алматы: Рауан, 1995. 26-32б.
3. Жұмажанова Т. Кластан тыс жұмыстар арқылы оқушыларға патриоттық, интернационалдық тәрбие берудің жолдары. - Алматы, 1990.
4. Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік, 2017 ж. 5. Еспенбетов А. Уақыт өрнегі. Алматы, 2005.

5. Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. - Алматы: Ғылым, 1992.
6. Торайғыров С. Сарыарқаның жаңбыры. - Алматы, 1987.
7. Торайғыров С. Алаш ұраны. - Алматы, 2002.
8. Торайғыров С. Қамар сұлу. - Алматы, 2002.
9. Жұмажанова Т., Медеубаева К. Қазақ әдебиеті. Дидактикалық материалдар. - Алматы, 2009.
10. Қалелхан К. Дебат әдісін пайдаланудың тиімділігі//Ертіс дидары газеті. 18.04.2009.

«ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫНЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫ МЕН АУДАРМА ТІЛІНІҢ КӨРКЕМДІГІ

Е.С. Касенов,
ф.ғ.к.
Шет тілдер және іскерлік карьера университеті
Kasenov_erlan@mail.ru

Аннотация. *В данной статье рассматриваются особенности перевода поэмы «Кулагер» И.Жансугурова. Языковая особенность и всесторонняя художественность в вариантах переводов поэмы «Кулагер» на русский язык. Оценивается мастерство использования языка переводчиками. А также рассматриваются стилистические и экспрессивные особенности языка в оригинале и в текстах перевода.*

Ключевые слова: *безупречный перевод, методы перевода,образность, цель переводщика, поэтический перевод.*

Abstract. *This article discusses the features of a translation of the poem "Kulager" I.Zhansugurov. Language features and comprehensive artistry in translation for the poem "Kulager" into Russian. Ranked skill of using language translators. And also discusses stylistic and expressive features of the language in the original and in translation of texts.*

Keywords*: perfect translation, translation techniques, imagery, goal interpreter, poetic translation.*

Белгілі бір ұлттың рухани қазынасы болып табылатын көркем туындылар – сол ұлттың, сол этностың ғана емес, әлемдегі барша халықтың игілігі, жалпы адамзаттың рухани байлығы. Көркем туындылар – бір халықты екінші бір халыққа кеңінен таныстырып, өзара табыстыратын рухани мұра. Демек, белгілі бір ортада қалыптасып адамзат баласының ортақ игілігіне айналған туындылардың көтерер жүгі орасан.

Ұлт әдебиеті мұраларының адамзатқа ортақ әдеби қазынаға айналуының бастауы көркем аудармада жатыр. Қай кезеңде болмасын аударма арқылы әлемдік әдеби шығармалардың бір-біріне әсері, өзара тығыз байланысы, озық идеялардың қайта жаңғыруы, дамуы орын алады. Белгілі бір ұлт әдебиетінің құндылығы оның эстетикалық, көркемдік деңгейімен өлшенеді десек, орта ғасырлардағы Шығыс қиссаларының, әлем әдебиетінің озық үлгілерінің ұлт әдебиетінен түбегейлі орын алуы – аудармалардың көркемдігінде. Бұл ретте біз өзге ұлттың рухани мұрасын екінші бір ұлт тілінде сөйлетуші

аудармашылардың еңбегінің ерекше атап өткеніміз жөн. Себебі, «аудармашының мақсаты – түпнұсқаның стилистикалық және экспрессивті ерекшеліктерін сақтай отырып, басқа тілдің көмегімен оның мазмұнын біртұтас және нақты жеткізу» болғандықтан оларды бір ұлттың ұлттық болмысын, дүниетанымын тұтас күйінде жеткізуші шығармашылық иелері болып табылады [1, 7 б.].

Көркем аудармада әдеби шығарманың құрылым жүйесі, образдылығы, мазмұны, стилі, тілі секілді поэтикалық құбылыстармен бірге оның эстетикалық, лингво-мәдени, сондай-ақ психологиялық және семиотикалық, табиғатын түзетін көркемдік құбылыстар да пайымдалып, таразыланады. Сондай-ақ аудармада автор мен аудармашының шығармашылық шеберлігі, суреткерлік даралығы бір арнада тоғысып көрініс табады.

Көркем туынды авторы мен аудармашылардың суреткерлік даралығын анықтауда біз ақын Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасын алып, ондағы әрбір шығармашылық иесінің аудармасын салыстыра қарастыруды жөн санадық. Мұндағы мақсат – Ілияс Жансүгіровтің ақындық ерекшелігі мен тілдік кестелерін, сөз өрнектерін аудармашылардың жете түсіну, жеткізе білу қабілетін, болмыс-бітімін, табиғатын түпнұсқамен салыстыра отырып бағалау және ұлттық ойлау, бейнелеу даралығының аудармада берілу жолдары мен ерекшеліктерін анықтау.

«Жыр Құлагері» Ілияс Жансүгіров шығармаларының қазақ сахарасын еркін шарлап кеткеніне 80 жылға жуық уақыт өтті. Ілияс Жансүгіров туындыларындағы ұлттық болмысты өзге халыққа таныстырып, тарту жұмысының басында орыс аудармашысы Михаил Луконин тұр. Ақын Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасын алғаш рет М.Луконин 1957 жылы аударды. Ақын поэмасының алғашқы «Толғану» бөлімі мынадай жолдардан басталады:

Тасқында, тау суындай, көңіл жыры,
Қазақтың сусындасын ойы – қыры.
Бұрқырат бұлағыңды кең далаңа,
Бастырмай шөпке – шарға тоқтап құры.

Даланың той болғанда бүгін күні,
Жүйріктей бабындағы жүгір, міні;
Орай шап алдын, артын жиын жұрттың,
Жыр қыла бүгінгіні, бұрынғыны.

Шарықта шартарапқа қиял құсы,
Көңілдің кеп тұрғанда күнді алғысы.
Халқыңның қуанышын қанат қып қақ,
Қашан да қала берер ұяң кісі.

Шабытқа толы «Құлагер» поэмасының осынау жолдары орыс ақыны М.Луконин төмендегіше береді:

Вступление

Поэзия моей души потоками бурли!
Взгорий и степей жажду утоли!
Пусть реки степью распаленной мчатся, клокоча,
Не застаиваясь там, где стада прошли!
Наше время для степей – праздничные дни.
Как игреневый скакун, по степям гони,
Обгоняя весь народ, мчись, опережай!
О сегодняшнем и прошлом в песне прозвени!
Воображенью, птице светлых дней, сердце посвяти,
Пусть робкие плестись будут позади *(М.Луконин)*.

Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасын М.Луконин орыс тіліне тыңғылықты аудара отырып, қазақ поэзиясын жаңа белеске көтерді. Поэманың ішкі иірімдерін толық көрсетуде аудармашы орыс тілінің сөздік қорын барынша еркін қолданылып, мазмұн мен пішін арасындағы келісім мен бірлікті сақтаған. Аздаған кемшіліктеріне қарамастан аудармашы өлеңге Ілияс Жансүгіров мәнерін, сөз саптауын өз қалпында беруге ұмтылған. Бірақ, түпнұсқаның ішкі иірімдері әлсіздеу екені аңғарылады. Мұны біз орыс ақыны М.Лукониннің Ілияс Жансүгіров шығармашылығымен алғаш танысуы әрі алғашқы болып аударуында деп түсіндіреміз. Біздің бұл пікірімізді Саят Ілиясұлының: «вины М.Луконина в том, что его перевод «Кулагера» не самый лучший, нет. Во-первых, с творчеством Жансугурова поэт столкнулся впервые. Стихотворные строки приходилось складывать с подстрочника, подготовленного другим переводчиком (А.Сулеевым). Во-вторых, стихи писались Луконином в большой спешке, что не могло сказаться на их качестве. К тому же поэтический перевод с другого языка – процесс очень и очень сложный» – деген пікірі қуаттайды [2, 20 б.].

Қалай айтсақ та, орыс ақыны М.Лукониннің бұл аудармасы «Құлагер» поэмасын аударудағы алғашқы қадам. Сол себепті аудармада кемшіліктердің болуы да заңды. «Переводы – даже самые удачные – имеют обыкновение устаревать. Меняются времена, меняются вкусы, пристрастия, меняются отношения к тому, что некогда казалось прекрасным и безупречным. Именно этим обьясняется множество переводов Шекспира, Гете, Гейне, Пушкина, Абая» – деген Г.Бельгер пікірін ескерсек, шын мәнінде де уақыт пен кеңістікке тәуелді ***аударма жасы (Е.Қ.)*** болатыны аңғарылады [3, 17 б.]. Дегенмен, қандай аударма болмасын ол жеке дара шығармашылық сипат алады. Себебі, онда көркем туындыдағы сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы, көркемдік қуаты барынша толыққанды түрде ұлттық болмыс ерекшелігімен жеткізілуі мақсат етіледі. Көркем туындыда көтерілген қоғамдық мәселелер, идеялық мазмұн қашан да көркемдік пішінмен тығыз байланысты болғандықтан аудармашы ең алдымен сол ұлттың тілдік ерекшеліктерін жете меңгеруі тиіс. Осы орайда туындыдағы кейбір жекелеген тілдік элементтер ғана ескерілуі шығарманың молынан ашылуына кері әсерін тигізері хақ. Мұны

В.Г.Белинскийдің: «көркем пішінді бере алуға қабілеттілік, ол, әрине шығарманың рухына бойлау, сұлулықты сезіну сияқты қасиеттерден мақұрым қалмауға тиіс» - деген пікірімен айтуға болады.

«Құлагер» поэмасының негізгі ой-толғамдары мен сезім иірімдерін, көркемдік өзгешеліктерін жаңғыртып, жарқыратқан аударманың бірі белгілі аудармашы Берік Джилкибаевтың 2006 жылғы аудармасын атауға болады. Поэманың жарияланғанына 70 жыл толуына орай аударылған бұл аударма өзіндік көркемдігімен ерекшеленеді. Мысалы, ақын поэмасының алғашқы жолдары аудармада былайша өрілген:

Раздумья

Бурлит потоком горным сегодня песнь моя,
Неся прохладу в ближние и дальние края,
Вся родина охвачена солвами песни той,
Пьет влагу травка каждая, пригорочек любой.

Пришел наш день – праздника в ликующей степи,
Вперед, скакун мой – Песня! Людей поторопи!
Не оставляй спокойными, тревожь умы, сердца,
Чтоб прошлое и новое познали до конца.

Уходит в поднебесье крылатая мечта,
Купаясь в ласках солнца с улыбкой на устах,
Пари в просторе синем, не бойся высоты,
Народ не любит робких, так будь отважной ты!

(ауд. Б.Джилкибаев)

Қандай жағдайда болмасын түпнұсқа мен аударма тілінің тілдік ерекшеліктері сәйкес келе бермейді. Сондықтан түпнұсқа мәтін мен аударма мәтіннің оның функционалдық стилі аудармашыға ерекше талап етуді қажет етеді. Бірақ, аудармадағы басты мақсат – қос тілдегі тілдік бірліктердің бір-бірімен байланысуы мен мағыналарын дәл келтіру. Осы орайда, аудармашы Б.Джилкибаев түпнұсқаның мағынасын, әуезін әсте кемітпей жеткізеді. Оның аудармасы түпнұсқа орыс тілінде туғандай әсер береді. Аудармада өлең ырғағы, екпіні дәл берілумен қатар, ішкі формасы да толыққанды сақталған.

Поэзиялық туындыларда мәтіннің тілдік ерекшеліктерге тәуелділігі шығарманың тек мазмұнына ғана емес, сыртқы пішініне де әсер етеді. Сондықтан да Қалжан Нұрмаханов «Түпнұсқа және аударма» деген мақаласында өлеңнің аудармаларында ұлттық және тарихи колоритті сақтай отыра аударудың үлкен жетістік екендігін айтады [4]. Көркем туынды мәтінін аударуда көбіне калька, транслитарация, ауызекі, аналогия, дәлме-дәл, бара – бар, мағыналы аудару тәсілдері қолданылады. Жалпы әдеби жанрлардың аудармасында еркін аударма тәсілін қолданылу көркем туындының екінші бір тілде еркін көсілуіне септігін тигізері белгілі. Себебі, көркем туындының аудармасы оқырман қауымына түсінікті жеткізілуі тиіс. Міне, мұндай аударма қатарында Саят Ілиясұлының аудармасын ерекше атап көрсетуге болады.

Пролог

Потоком бурным низвергаясь с гор,
Мой стих родных просторов жажду утоли,
И тот родник, источник чистых вод,
Пусть каждый куст и травку оросит.

Пирует, празднует вся степь сегодня
Ликующих людей несчастье обойди!
И в той толпе всем дышится свободно,
Ведь счастье здесь тепер, а горечь позади.

Так песнь моя, как гимн, вознесись
Крылатою мечтою моего народа,
Идущего вперед, став на ноги свои,
Ступая гордо по земле свободной.
(У дел же слабых быть в хвосте событий.)

(ауд. С.Джансугуров)

Жоғарыда келтірілген Б.Джилкибаев пен С.Джансугуров аудармалары шығарманың мәтіні мен мән – мәтінін мейлінше терең түсінгендікті және соны қазақ ұғымына жат етпей, мейлінше жатық етіп бере білушілікті танытады. Мәселен, поэманың *«Тасқында, тау суындай, көңіл жыры, Қазақтың сусындасын ойы – қыры»* деген жолдарын М.Луконин *«Поэзия моей души потоками бурли! Взгорий и степей жажду утоли!»* деп тәржімелесе, Б.Джилкибаев *«Бурлит потоком горным сегодня песнь моя, Неся прохладу в ближние и дальние края»* деп аударып, аудармашылық жұмысына аса ұқыпты қарағаны байқалады. Осы жолдарды Саят Ілиясұлы *«Потоком бурным низвергаясь с гор, Мой стих родных просторов жажду утоли»* деп аударып, түпнұсқаға біршама жақын келген. Тіпті дәлме-дәл көшірмесі іспетті. Қалай айтсақ та, осы үш аударма да өз орнында көркем-ақ. Бірақ, түпнұсқаға соның қайсысы жуық деп сұрасақ, сөз жоқ, Б.Джилкибаев пен С.Джансугуровтың вариантары жуығырақ жатыр. Себебі, бұл аудармашылар аударма жұмысын мейлінше терең меңгеріп, оған сапалы түрде адал қарағандықтан ақынның ішкі творчестволық дүниесіне терең ене алған.

Сонымен, түйіндей келгенде жоғарыдағы аудармалар «Құлагер» поэмасында суреттелетін негізгі оқиға желісінен ауытқымағандығы әрі І.Жансүгіров көксеген ойды аудармашылар терең ұққандығы айқын сезіледі. Аударма өнеріндегі осындай озық тәжірибелер бүгінгі аудармаларға үлгі болумен қатар, оны байытып отыр. Сондықтан «Құлагер» поэмасының аудармасы бір ақынның ғана меншігі емес, әлем халқының рухани дүниесіне айналды. «Құлагер» аудармасы арқылы ақын І.Жансүгіров жырлаған ұлт тілі байлығы, мәдениеті өзгеге танылды. Ал аудармашылардың аударма мәдениетінің жоғарылығы «Құлагер» поэмасына әлем әдебиетінде өзіндік орны бар өшпес ғұмыр сыйлады.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1. Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика. – М.: Международные отношения, 1974. – 214 с.
2. Особенности перевода поэмы И.Джансугурова Кулагер// Қазақ және әлем әдебиеті журналы. - 2010. - № 6.– 32 б.
3. Бельгер Г. Этюды о переводах И.Джансугурова. - Алматы: Ғылым, 2001. С – 258б.
4. Ұлттық әдебиеттану ғылымының көкейкесті мәселелері: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2001. – 245б.

Ә.ТӘЖІБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Ж.М. Искакова
ф.ғ.к., доцент
oazis-jas@mail.ru
Н.Т. Тырнахан
магистрант
«Тұран-Астана» университеті
Астана, Қазақстан
nurgulya_tj@mail.ru

Аннотация. *В данной статье авторы делают попытку исследования творчества казахского поэта А.Тажибаева. На платформе ранних исследований твореств А.Тажибаева авторы статьи оценивают труды поэта в совремменой эпохе. Статья актуальна в изучении казахской литературы в после военные годы.*

Ключевые слова: *Абдильда Тажибаев, творчество, поэт, поэзия, сочинения.*

Abstract. *In this paper, the authors make an attempt to study creativity Kazakh poet A.Tazhibayev. On the platform earlier studies of A.Tazhibayev's creation the authors evaluated the works of the poet in the secured by modern era. The article is relevant to the study of Kazakh literature in the post war years.*

Keywords: *A.Tazhibayev, creation, poet, poetry, essays.*

Әбділда өлеңдері – қазақ өлеңінің ұлттық бояуы мен рухын ұстанды, оны түрлендіре байытты, сөйтіп қалың қазақ оқырмандарының жүрегіне жол ашты. Әбділда сыршыл лирикасымен өз оқушыларының жүрегіне жол тапты, оларды жақсы жырдың ләззатына қандырып, өзінің менімен адамзатқа ортақ ақиқатты жырлап, қалың оқырманның жүрегін баурады.

Ә.Тәжібаев: «Жырау – сөз жоқ, ақын. Ақын болмай, жұрт қадірлейтін жырау атану мүмкін емес. Ақындығы күшті жыраулардың жалынды жырлары үнемі жаңғырып, кейінгі ұрпаққа сиқын бұзбай көрікті күйінде жетіп отырады. Ал, жыраулық - ертеден келе жатқан халық поэзиясының үлкен бір дәстүрлі саласы» [1, 24], - деп, жыраулық дәстүрді әдебиетте орны бөлек жеке сала ретінде алып қарастырады.

«Әбділда тудырған шығармалардың жиынын үш айқын салаға бөлуге болады. Оның біріншісі – ұсақ түрдегі сыршыл өлеңдер. Екіншісі – поэмалар. Үшінші саласы – пьесалар болады» [2, 156], - деген пікір қалдырған Мұхтар Әуезов.

Ұлы ғалымның осы пікірін құптай отырып, ақынның шығармашылығын зерделей келе, оның сыршылдыққа толы келесі көркем туындыларын атауға болады: "Тараспен әңгіме", "Елден сәлем", "Күзет әні", "Ат үстінде", "Келіншекпен кеңес", "Қойшы жыры", "Достық жыры". Әбділдә Тәжібаев осы өлеңдерінде лиризмнің шыңына жеткен шебер ақын екенін көрсете білген.

Осындай өлеңдерін талдаған пікірлерге тоқталсақ.

Көп сыршылдық жырларының ішінде Әбділданың "Тақтақ" атты бір өлеңінде ақынның жекелік, дарашылдық сезімі мен әлеуметтік қарызы арасында болған орынсыз, теріс қайшылықта көрінеді. Ол өлеңде ақын өмірлік құрылыстан, балға мен тастың шақылдағанынан мезі боп, құлақ басып қашқысы келеді. Бұнысында буржуазиялық романтика үлгісіндегі дарашылдық күйін күйлейтін сыршылдықтан, советтік поэзияға қонбайтын қияс, теріс елес, көрініс бар еді. Бірақ совет ақыны өзінің сол ағаттығын сәулетті өмір туғызып жатқан шебердің қасына барып, әңгімелесу арқылы аңғарады. Өзінің адасқанын танып, тұманды аулаққа тартқан, бұлдыр сағымнан айығады. Өз ақындығының парызы өмірлік құрылысты құптауда, соған сүйсінуде, көмектесуде екенін ұғынып қайтады.

Әбділда шығарған поэмаларға келсек, жаңа тақырыпты, қазақстандық, бүкілодақтық тақырыпқа жазылған поэмаларды ақын ерте бастайды. Оның басы 1934 жылы шыққан "Олқылық" поэмасы болады. Аралықта, 1935 жылы "Құтқару" поэмасы, 1937 жылы "Екі жаһан" атты үлкен поэма жазылады.

"Олқылық" – ақын өзі бірнеше жыл араласып көрген Қарсақбай өндірісіне арналған поэма. Бұл шығарманың сюжеттік арнасы Қанұлы Бердібай сияқты өндіріске арам ниетпен араласқан жауларды көрсетеді және оларға қарсы шыққан қажырлы, қырағы большевик Жәнібектердің жаулармен алысып, жеңгенін баян етеді. Поэма – саяси-әлеуметтік, үгіттік жағынан жұмысшы коллективін өткір қырағылық сезімге баулимын деген тілекпен жазылған шығарма. Бірақ поэма жазу үлгісіне әлі төселіп жетпеген жазушы өзі алған тақырыбын жаулардың зиянкестік істерін көрсету арқылы баяндайды.

Әбділданың лирикалық шығармаларына келсек, олар 1936, 1939 жылдарда басылған "Таңдамалы өлеңдер" жинақтарына және 1942 жылы шыққан "Перне" жинағына кіреді. Соңғы кезде, ең соңғы жылдарда жазылған лирикалық шығармаларынан Әбділда жаңа бір жинақ топтап, әзірлеп жүр. Лирикалық қысқа шығармаларының бұрын Әбділда жазып жүрген өлеңдерден шыққан жаңа өрнекті, сырлы, күйлі өлеңі "Сырдариядан" басталады деуге болады. Бұл - ақынның өзі туған өлке, өзеніне, Сыр бойына арналған өлең. Сезіміне күйі сай, тақырыбына тілі сай, қысқа, әсем әндей шыққан анық көркем жыр. Бұл өлеңде Әбділда орыс, Украина және Европа ақындары: Пушкин, Шевченко, Гейне сияқты ұлы классик және шебер лирик ақындардың үлгісін алады. Солардың құлақ күйіне өзінің туған топырағынан сезімтал үн қосады. Осы шығармасының совет ақыны үшін ерекше ұнамды, орынды бір ерекшелігі

– Әбділда мұнда құр сарыншыл, драмашыл сезім ішіне өзінің ортасынан жырылып, жекеше шомып кетпейді. Жаңағы классик ақындардың лирикасында ұдайы жүретін реалистік пейзаж, өмірмен нық қабысқан шыншылдық және әсіресе бағалысы, әлеуметтік, өмірлік сарын ұдайы араласып отырады. Ақын өзі Шевченкодан үлгі алғандай, Сыр суы да Днепрдің энергия қуатын беріп отырған жаңа сапасын тапсын дейді. Осы Днепрден өнеге алсын, советтік заманда, ұлы құрылыс дәуірінде өзгере жаңғырып жасасын дегенді программдық талап етіп қояды. Бұл – лирик ақын үшін, оның революциялық мүдде-мұратын танытатын зор негізгі стильдік мәселе. Социалистік реализм стилінің сыршыл шығарма ішіндегі айқын өткен стилі боп сезіледі.

Сыршылдық шығармалардағы "Сырдариядан" басталған нәзік сезімді, нақысты күйді әлеуметтік үлкен армандармен біте қайнастырып отыратын, өнімді өлең құрылысы - Әбділданың жаңағы саналған сыршыл өлеңдерінің көбінде көрініп отырады. Ол еңбек адамдарының мал айналасында, сұлу табиғат арасындағы көңіл-күйін жырласа да, өзінің сыршылдығын әлеуметтік іргеден аулақтатпайды. Жеке-даралық мүлгуге, құр тамашалау қалпына әкетпейді. Табиғат көрінісі, адам тірлігі, еңбек рөлі әр кезде ақынның терең сезіммен сүйсініп шертетін саздары болып отырады. Бұл жағынан қарағанда, қазақтың күй өнеріне арналған "Оркестр" атты ұзақ өлеңінде де бұрын жалғыз-жалғыз жүрген, адасып жүргендей болған жеке домбыра, жеке қобыздарға "күнің енді туды" дегендей болады. Бытырап жүрген кедейлердің ұсақ шаруалары енді жаңа дәурен туғанда бірігіп, берекелі өмір құрғанындай, үлкен сырлы, күйлі берекемен қосылған қобыз, домбыраларды да жаңағы колхоздасқан елдей қостап, сүйсініп құттықтап қарсылайды.

Қоғамдық тақырыптарды сезім, санаға әсерлі ырғақтармен, күйлі сырдай жеткізіп беретіндіктен бұл алуандас саяси лириканың көпшілік санасына, сезіміне тез қонатын, сырластықтай өтімділік бағасы даусыз [3, 83].

Көріп отырғанымыздай ақынның шығармалары өзі өмір сүрген дәуірі талабынан сыналып, талданғаны белгілі, яғни социалистік реализм тұрғысынан. Алайда, осы өрнекті өлеңдері мен көлемлі поэмалары сол кезеңдегі өмірді жанды суреттей отырып, өз кезеңіндегі түрлі әлеуметтік, саяси мәселелерді өз деңгейінде көтеріп, қоғамдық өмірге белсене араласқан ақынның позициясын және көркемдігін байқау қиын емес.

Әрі қарай ғалымдардың талдауларына зер салсақ.

"Құтқару" поэмасы да тақырып жағынан қарағанда бүкілодақтық совет әдебиетінің қызықты, қымбат санаған, геройлық тақырыбына жазылған. Бірақ поэма челюскиншілерді құтқарудың қаһармандық жорығына арналса да, сюжеттік, композициялық және көркемдік құрылыс жағынан сапалы шығарма бола алмаған. Мұнда ерлердің әлемге әйгілі болған қайраттарын көркем етіп көрсетудің орнына чукоттар жайы, лагерьде жас баланың туу жайы, Каманиннің әңгімесі деген және летчик пен жас қыз арасындағы бұл тақырыпқа қонымсыз махаббат мотиві, қысқасы, қосымша, көлденең, бөгде тақырыпшалар көп орын алып келеді. Нағыз ерлердің өз

образдары, іс пенен мінез, әрекеттері де, адамгершілік, советтік қаһармандық бейнелері де айқын танылмай, қағас қалып отырады [4, 73].

"Екі жаһан" поэмасы капиталистік өмір мен социалистік өмірді қарама-қарсы қойып, көп шындықтардың бетін ашқан елеулі поэма десек те, кей жерлерінде ойланбай айтыла салатын, өзіне-өзі қайшы келетін қаталықтар да ұшырап отырады. Ақын Гитлерді "құтырған ит", "адам етін жейтін қорқау", "малғұн" деп дұрыс суреттеп отырады да, екінші бір жерінде "осы күні екі адам бар" деп, алдыңғы өз пікіріне өзі қайшы келіп, оқушылардың ой-санасына бекіген Гитлердің жауыздық, сұмырайлық бейнесін жете түсіндіруде олқы соғатын жерлері де бар. Осы тәрізді қаталық басқа адамдардың аттарымен байланысты ұшырап отырады [5, 133].

"Толғау" – қазақтың фольклорында кездесетін кең тыныстық, жыраулық сарынымен, ерекше жыр өлшеуімен жазылған поэма. Бұнда неміс тевтондарына ертеде соққы берген, орыс халқының қаһарман қолбасшысы Александр Невский образы мол кейіптеледі. Жырдың кіріспесі мен қорытындысында Отан соғысы кезіндегі барлық бауырлас халықтардың және, әсіресе ұлы орыс халқының баяғыдан бергі батырлық салтын бейнелейді. Халық әдебиетінің салтынша ауызша жыр нақысына түсіп, бүкіл Совет Одағынан аттанған батырлардың жорық салтанатын сипаттайды. Совет батырларының және социалистік Отан халқының жеңімпаз, отаншылдық бейнесін ірі намыскерлікпен, жалынды ызамен қажырланып жырлайды. Барлық Отан ұлдарын әділ ашуға, кек сапарына ширықтыра аттандыратын тасқыны бар шын жалынды сөз шығады.

Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазған: "Біз жеңеміз", "Ленинград" атты шығармалар және бұдан бұрынғы жылдарда ақын туғызған "Орыс халқына", "Грузия", "Украина" деген өлеңдер және осымен қатар Шевченконы, Горькийді, Фурмановты атап, арнап жыр еткен шығармалардың барлығы да Әбділда үшін кездейсоқ тақырыптар емес.

Әбділданың тағы бір топ поэмасы тарихи тақырыптарға, тарихи аңызға сүйеніп жазылған: "Абыл", "Тарас", "Аққу". Соңғы екі шығармасын драмалық поэма деп атауға болады. Пушкиннің кіші трагедиялары деп аталатын шағын көлемді дастан-драмалары үлгісінде жазылған.

"Абыл" поэмасы – Әбділда жазған поэмалар ішінде анық романтикалық және құр сарындамашылық үлгісінде жазылмаған, оптимистік жарқын сезімді, әсем сырлы көркем поэма.

Осы алуандас романтикалық және ішкі сезімдерге көп көңіл бөлініп жазылған мағыналы, ойлы драма-дастан "Тарас" болады. "Аққу" атты драмалық дастан да ақынның сырлы, күйлі етіп шығармақ болған қысқа шығармаларының бірі. Бұл поэмадағы адамдардың тартыстары мен тағдырлары аңыз дәрежесіндегі болмысқа, шындыққа сай суреттелгенмен, жазушы шын мәніндегі реализмге жетерлік терең өрісіне бара алмай қалған. Хан образы жеткілікті дәрежеде батыл сыналып, жиреніште жауыздықпен және шығыста болған тираниямен суреттелмейді. Қатал хан өзінің тоқалы Аққу үшін кек алушы ғана болып кейіптеледі. Ол істеген

жауыздық, өмірлік салттық жағынан белгілі дәрежеде оны ақтауға болатындай халдерге, тартыстарға сайып отырады.

Әбділдә Тәжібаевтің шығармаларына бірнеше талдауды ұсына отырып, ақынның шығармашылғын зерттеу уақыт өткен сайын толастамағанын көреміз. Әрине шығармашылық болған соң, оған айтатын сын түрлі болуы заңды. Десек те, ақынның поэмалары және өлеңдері Ұлы Отан соғысы, адам және табиғат, өнер сияқты өз өзектілігін жоғалтпайтұғын тақырыптарды қамтиды.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін келесі пікрге ден қоюды жөн көрдік.

Ә.Тәжібаевтің шығармашылығында Сырдария өзенінің бейнесі үлкен орын алады, кейіннен ол Рейн өзенін жырлаған Гейне, Днепрді жырлаған Шевченко сияқты ол өзенді символға айналдырады. Қаһарлы соғыс жылдарында ақынның лирикасы жанрлық ерекшеліктерін тереңдете, молыға түседі. Соның бірі «Аралдар» атты жыр жинағы.

Әбділда дәуірдің әрбір кезеңінен кесек-кесек көріністерін елестетіп, ірі ойлы топшылауларға құрылған философиялық сипаты бар поэма жасауға ұмтылуда. Оның «Портреттері» соның айғағы. Бұл шығармада ағын заман талабына сай адамдардың қиын тағдырлары, уақыт алдындағы жауапкершіліктері туралы мәлімдеген. Ә.Тәжібаевтің өлең-жырларының қайнар көзі – туған жер [4, 45].

Табиғат көріністерін әрдайым өз өлеңдеріне арқау еткен ақынның бірер өлеңдерінен мысал келтірсек. "Кімге кім" атты өлеңінде Әбділда Тәжібаев ел тіршілігін еңбекпен байланыстыра отырып, табиғаттың көркемідігін қоса жырлайды:

Әне асатын асқар бел,
Әне сулы жаңа көл,
Қозғалды ауыл, бет бұрды,
"Бәрекелді" дескендей.
Шаншылған туда бір жұлдыз,
Шұбырған соған жалғыз із,
Сол ізбен ел көшеді! [5, 139]

Ә.Тәжібаевтің «Аралдар» атты жинағы ақын шығармашылығын еселей түседі. Бұл жинаққа енген әр өлеңі табиғаттың түрлі көріністерін шеберлікпен жыр етеді. Атап айтқанда, «Теңізге тілек», «Жаңбы», «Қиналма жалғызбын деп» сияқты өлеңдерінде адам мен табиғаттың сырласу өрнектері молынан кездеседі. Бұл жинақтың ерекшелігі - пафостық көңіл-күй, махаббат лирикасы, асқақ әуен.

Ақынның өлеңдерінде туған жерге, кір жуып кіндік кескен елге, дархан далаға, байтақ Отанға деген оттай өршіл махаббаты тайға таңба басқандай айқын сезіледі, қуаныш құштарлығы байқалады.

Өсе бір түсіп тауларым,
Таси бір түсті көлдерім.
Кеңейе түсіп аспаным,
Көгере түсті жерлерім.

Бұлтсыз күннің шұғыласы
Жайнатып көркін ғаламның,
Даламда тыңнан күй туын,
Көңілін ашты адамның.., - Қазақстан дабылы өлеңі [7, 88]

деп ақын жырлағандай әр адамның ошағының түтіні сөнбегені қандай тамаша. Бұл «Қазақстан дабылы» жыры да азаматтық пафосқа, туған елге деген ыстық ықыласқа құрылған.

Ә.Тәжібаевтың «Жылдар, ойлары», «Есімдегілері» «Жылдар, ойлар» сияқты эпистолярлық, ғұмырнамалық туындыларды жазуы оның шығармашылық зертханасын толықтыра түсетіні сөзсіз. Ақын жырларында заманы мен елінің тұрмыс-салты, өнері мен мәдениеті, мүддесі, арманы айқын көрінеді. Біз шағын зерттеуімізде Әбділдә Тәжібаевтің шығармашылығына тоқтала отырып, жыршының өзіндік даралығын ерекшелеуге тырыстық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық /З.Ахметов. – Астана: Фолиант, 2002. – 408 б.
2 Мұхтар Әуезов энциклопедиясы - Алматы: Атамұра баспасы, 2011.
3 Тәжібаев Ә. Аралдар өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Атамұра корпорациясы, 2005. – 259 б.
4 Қирабаев С. Шындық және шығарма. Сын мақалалар, зерттеулер, портреттер. - Алматы: Жалын, 1981. - 252 б.
5 Тәжібаев Ә. Жылдар, ойлар (Естеліктер мен толғаныстар). – Алматы: Жазушы, 1976. - 472б.
6 Қазақ ССР Қысқаша энциклопедиясы. Т.IV. – Алматы: Ғылым, 1989.- 850б.
7 Тәжібаев Ә. Жыр жауһары – Алматы: Атамұра корпорациясы, 2005. – 259б.
8 Жұмаділов Қ. Таңғажайып дүние ғұмырнамалық роман. - Алматы: Тамыр, 1999. -624 б.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР

Л.Н. Навий
п.ғ.к., доцент
Д.К. Омарова
магистрант
Ш.Уәлиханов атындағы КМУ
Көкшетау, Қазақстан
Dinara_Omarova_1982@mail.ru

Аннотация. *В статье описывается важность применения мультимедийных программ в дошкольных учреждениях.*

Ключевые слова: *информационных технологий, мультимедийные программы,возможности обучения, мышления, внимания,памяти, принятия, способности воображения, управляемой через сенсорный экран проекционный, платформа мультимедийных языковых лабораторий, интерактивных досок, видео стен, программное обеспечение.*

Abstract. *The article describes the importance of using multimedia programs in preschool education.*

Keywords: *information technology, multimedia programs,training opportunities, thinking, attention,memory, acceptance, imagination ability is controlled through the touch screen projection, platform, multimedia language laboratories, interactive boards, video walls, software.*

Ақпараттық технологияларды білім беру жүйесіне енгізу оқу процесін ұйымдастырудың тиімді технологияларын таңдау мүмкіндігін береді. Оларды таңдау кезінде технология баланың жеке игеру қабілеті мен нақты пәннің ерекшеліктеріне сәйкес келуіне көңіл бөлінуі тиіс. Мультимедиялық технологиялармен жұмыс істеу кезінде балалар басынан бастап, қызықты танымдық әрекеттерге араласа алады. Осындай процесс барысында балалар білім алып, оны іс-жүзінде қолданып қана қоймай, сол ортадағы қосымша мәлімет көздерімен қажетті деген құралдарын өздері таңдап ала алады.

“Мультимедия дегеніміз не?” – деген сұраққа сан түрлі жауап алуға болады. Ұсынылып отырған Қоғамымызда компьютер маңызды әрі көрнекті орын алып отырған осындай сәтте компьютерлік технологияларды оқыту жүйесінде пайдалану еліміздің болашағын барлық ғылым салаларында жаңа идеяларды ұсынып, оларды жүзеге асыра алатын сауатты ұрпақпен қамтамасыз ете алады.

Қазіргі заманғы ақпарат алмасудың жоғары жылдамдығы, жан-жақтан түсіп жатқан түрлі форматтағы мәліметтер ағыны білім беру саласындағы мамандарды да мультимедиялық құралдарға мұқият зер салуға шақырады. Зерттеу аясына лайықтап айтар болсақ, мультимедиалық кешен құрамына балалармен жұмыс барысында оқытудың тиімділігі жоғары техникалық құралдар кіреді: сенсор арқылы басқарылатын

проекциялық экран, мультимедиалық платформа, тілдік зертхана, интерактивті тақта, видео қабырға, бағдарламалық жасақтама. Мультимедиа компьютерді мәтінмен ғана емес, сонымен қатар, дыбыс, жоғары сапалы бейнелер, видеофильмдерден құралған мәліметтер қорымен жұмыс істеуге ыңғайлы құрал ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Сәйкес бағдарламалық өнімдермен жұмыс сапасы мен деңгейі тез әрекет етуге, компьютердің жадында сақтау көлеміне, дыбыстық сипаттамаларға және қосымша жабдықтардың соның ішінде CD-ROM-ның болуына тәуелді. Мультимедиа бағдарламалары - ғылымды қажетсінетін және қымбат бағалы өнім, өйткені оларды әзірлеуде пәндік саладағы мамандар, педагогтар, психологтар, бағдарламашылардың, сонымен қатар, суретшілер, дыбыс операторлары, сценаристер, құрастырушылар мен басқа да мамандардың күштерін біріктіру қажет. Көптеген елдерде қытай аналогиясы бойынша білім берудің түрлі деңгейлерінде оқыту бағдарламалары, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламалары әзірленуде. Осындай білім беретін электронды бағдарламалардың келешегі алда[2,12].

Мектепке дейінгі ұйым тәжірибесіне енгізілетін ақпараттық технологияларға «Сөйлейтін қалам» мен«Дыбыстық карталар»таңбалық - белгілік технологиялар да жатады. Олардың оқыту мүмкіндіктері, ойлау, зейін,ес, қабылдау, елестету қабілеттерін дамытуға әсері зор.Бұл технология мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес. Оқытудың танымдық мазмұнына «Сөйлейтін қаламмен» бірге өлеңдер, әңгімелер, шығармашылық жобаларды орындауға арналған тапсырмалар жинағы енеді. «Сөйлейтін қалам» қалам түріндегі кіріктірілген акустикалық, дербес қуаттандыру және ақпараттарды сақтау элементтері бар сымсыз құрылғы. «Сөйлейтін қаламда» белгілерді сәйкестендіру және санау құрылғысы бар.

Балалар көрнекі түсініктерімен қатар, басқа тілді білікті дыбыстық сүйемелдеуін алады. «Сөйлейтін қалам» балаларды оқытып қана қоймай, ата-аналар мен тәрбиешілерге де қажет, өйткені балалармен жеке жұмыс істеу барысында шетел тілінің оқытушысын немесе маман-педагогтың көмегін күтіп отырмайды. Сөйлейтін қаламы бар «Даналық әліппесі» Интерактивті оқу-әдістемелік «Даналық әліппесі» кешені балаларға, отбасы тәрбиесіне арналып әзірленді. Құрамында әдістемелік нұсқаулығымен бірге, 12 кітабы бар: «Қобыз үні», «Домбыра күйі», «Бесік жыры», «Халық әні», «Халық аңызы», «Халық ертегісі», «Халық тағылымы», «Халық жыры», «Нақыл сөз», «Билер сөзі», «Аталар сөзі» және «Бабалар батасы», «Сөйлейтін қалам» бар.

«Сөйлейтін қалам» қағаздағы мәтінді дыбыстайды, қолдануда қарапайым және ыңғайлы. Кешен мектеп жасына дейінгі балаларға, сонымен қатар, жоғары және орта деңгейдегі оқу орындарында оқитындарға арналған. Халық өнері мен шығармашылығының озық үлгілерін қолдану арқылы ұлттық және ұлтжандылыққа тәрбиелеуді қайта

жаңғыртып, таратудың бірегей жолы. Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Даналық әліппесінің» алғы сөзінде: «Интеллектуалды технологиялар негізінде әзірленген«Даналық әліппесі» сіздің ой-өрісіңізді кеңейтіп, біздің халқымыздың асыл мұраларын меңгеру арқылы шешендік шеберліктеріңізді дамытады, рухани әлемін байыту үшін құнды құрал ретінде қызметететеді деп есептеймін»,-деп атап өтті[2,6-9].

«Зерек»сөйлейтін қаламмен бірге дамытушы ойын топтамасы Озық технологияларды қолдана отырып, компания Қазақстан нарығына балаларды дамытып, оқыту үшін жаңа өніммен шықты. Жоғары технологиялық өнім педагогтардан, балалар психологтарынан, дизайнерлерден құралған шығармашылық топтың көп жылдық жұмыс нәтижесі болып табылады.

«Зерек» дамытушы ойын топтамасын әзірлеу барысында қолданылған әдістемелер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен қолданды.«ZEREK» қаламы – арнайы әзірленген кітап беттерінен ақпаттарды оқуға және кіріктірілген динамик арқылы дыбыстауға мүмкіндік беретін электронды құрылғы. Бұл топтама 3 жасқа (2-3жасқа, 4-5жасқа, 6-7 жасқа) арналған кітаптар сериясынан, қаламның өзінен, 2Гб есте сақтау картасынан, MP3 плеерінен тұрады. Плеердің көмегімен компьютерден алдын-ала жазылған музыканы,ертегілермен бесік жырларын тыңдап, жұмбақтар шешуге болады. Сонымен бірге топтамаға алфавит, файлдардың сақтаулы көшірмесі бар диск кіреді. Кітап бетіне берілген ақпаратты есту үшін «ZEREK сөйлейтін қалам» сканерін сол беттегі қызықтырған бөлігіне апарып жүргізу қажет, сонда кіріктірілген динамик арқылы дауысын шығарады. Берілген электронды құрылғы дыбыстарды дұрыс айтуға, әріптерді атауда, сөйлемдерді оқуда, санауда, сұрақтарға жауап беруде және білімдерін тексеруде көмек көрсетеді. Бұл баламасы жоқ отандық өнім. Компанияда 3 тілде (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) оқыту әдістемесі әзірленіп,енгізілуде. Бұл құрылғыны қолдануда тіліндегі кемістігі бар балаларда жақсы нәтижелерді көрсетті. Логопедтер тілінде кемістігі бар балаларға қолдануды ұсынады.

Дамытушы технологияларға «E-Blocks» бағдарламасы да жатады. E-Blocks – білім беру технологияларының үздігі Positivo Informatica компаниясынан әзірленген ғажайып білім беру өнімдерінің бірі. E-Blocks бағдарламасы көптеген ұлттық және халықаралық марапатқа тағайындалып, марапатталды. 2005 жылы E-Blocks Біріккен Ұлттар Ұйымының электрондық оқытудағы озық шешімі үшін WSA премиясын жеңіп алды.

E-Blocks – инновациялық сенсорлық оқыту әдісі, ол теория мен тәжірибені тұтас үдеріске біріктіреді. E-Blocks бір ортада мультимедиалық бағдарламамен жасақтама мен алақан өлшемімен бірдей текшелердің көмегімен 3 жастан бастап 6 жасқа дейінгі балаларды тілдерге, қисынды ойлауға, математикалық түсініктерін қалыптастыруға керемет жағдайлар жасайды.

Бағдарлама мазмұнының міндеттері:

- дыбыспен, суреттермен және анимациямен сүйемелденетін интерактивті тәжірибелік тапсырмалар;
- өлеңдер мен әндер бойынша жаңа білімдерді қолдану және тапсырмаларды орындау;
- ойын арқылы қайталау.

Бағдарламада классикалық текше ойынының оқытудың интерактивті әдістемелері мен үйлесімділігі, яғни, мультисенсорлық оқыту жүзеге асады. E-Blocks адамның ақпаратты қабылдауда барлық сезімдерін қолдануға бағытталған. Бала естігенін, көргенін және қолымен жасағанын қабылдап, есте сақтайды. Тілді үйрену барысында қол қимылдарының, есту және түстерді қабылдауын дамытуға жағдай жасайтын бағдарламалық қамтамасыз ету қарастырылған бағдарлама тілді дамытуға, тілдерді үйретуге, қоршаған ортамен таныстыруға көмектеседі. Балалардың белсенді танымдық іс-әрекеттеріне сүйене отырып, «E-Blocks» балаларға сөздік пен үйренетін тілдің құрылымына белсенді араласу мүмкіндігін ұсынады, балалардың ақпараттық тәжірибелері мен білімдерін жинақтауға жағдай жасайды.

Мультимедиялық құралдар арқылы оқыту балалардың қызығушылығын арттыруға және қабілеттері, бейімдері әр түрлі балаларға берілер ақпаратты қалауына сәйкес ұсына алуға мүмкіндік беретін бірден-бір ыңғайлы, қолайлы оқыту әдісі болып саналады. Білім берудің мазмұны жаңарып, оларды технологиялық-педагогикалық тұрғыдан жетілдіру қажеттігі туындауда. Білім беру деңгейіндегі озық технологияларды пайдаланудың мақсаты: үйрете жүріп, үйрену[3,122].

Мультимедиялық құралдарды пайдалану білім беру саласын, оқыту үрдісін айтарлықтай жақсарта алады. Бұл зерттеу мидың ақпаратты қалай өңдейтінін түсіндіре алатын мультимедиялық құралдардың тиімділігін түсінуімізге барынша ықпал жасады. Осы зерттеу мультимедиялық құралдарды оқыту мақсатына пайдаланудың тиімді, тиімсіздігін көрсететін бірнеше қағидаларды айқындады. Мультимедиялық құралдарды пайдаланатын оқыту барлық мәселелерді шешпегенімен, XXI ғасырда қолданылып жатқан (қолданылатын) оқыту құралдарының ішінде өзіндік маңызды орнын алары айқын. Зерттеулерге сүйенсек, мультимедиялық оқыту құралдары балаларды сабаққа ынталандырудың және оқытудың ең маңызды құралы болып саналады.Заман талабына сәйкес компьютердің өмірлік практикада пайдалануы және ондағы программалардың қажеттігі бүгінгі күннің әлеуметтік-экономикалық өзгерістері көрсетіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. - 2007 ж.
2. Еркебаева Г.Ғ.Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру жүйесінің міндеттері, бағыттары мен мазмұны//Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. - Шымкент, 2011.
3. Смирнова С.А. Педагогика: теории, системы, технологии. –М., 2006.

ҮШ ТІЛДЕ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

А. О.Тоқсамбаева
ф.ғ.к., профессор,
aiman-63@mail.ru
А. Е.Болесова
магистр
Шәкәрім атындағы МУ
Семей, Қазақстан
gabit_azhar@mail.ru

Аннотация. *В данной статье рассматривается методы преподавание казахской литературы в трехъязычных школах. Говориться важность полиязычия, то есть сравнивается произведения в казахской, русской и английском языках.*

Ключевые слова. *Язык, литература, трехъязычие, художественная литература.*

Summary. *This article describes methods of teaching literature in trilingual schools. Considered the importance of studying multilinguism. Compares three language literature.*

Key words. *Language, literature, three languages, art literature.*

Қазақстанның жедел дамып отырған адамзат қоғамының көшінен қалмай, қазіргі заманға лайық биіктен көрінуі, Мемлекет басшысының Жолдауында атап көрсетілгеніндей, ұлттық білім беру жүйесінің деңгейіне байланысты. Елдің ертеңгі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірмен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет [1,23].

Көп тілде оқыту қазіргі тұлғаны қалыптастыру негізі. Бүгінгі күні қалың жұртшылық назарына ұсынылған «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» осындай заман талабынан объективті себептерден туындаған дүние. Аталған құжатта Қазақстандық жас ұрпақтың үш тілді білу мақсаты айқындалып отыр. Бұл бағдарлама «Үш тілде оқыту» экспериментінің жүйелі және толық өтуін қамтамасыз етуге бейімделген. Көп тілде оқытудың өзектілігі білім мазмұнын жаңарту арқылы келешекте кез-келген ортаға бейімделе алатын көптілді меңгерген тұлғаны қалыптастыру. [1,48]

Ағылшын тілі – XXI ғасырдың тілі. Әлем әдебиеті деген нәрсе шартты ұғым. Көркем әдебиет – әлемдікі, өзгенікі, біздікі деп бөлінбейді. Ешқашан да бөлінген емес. Көркемдікке құштарлық баршаға ортақ сезім. Бүгінгі күні өнер мен өзге гуманитарлық салалардың барлығында құндылықтарды «қайта бағамдау» кезеңі жүріп жатыр. Мұндайда шығармашылық байланыс та тоқтайды. Жалғыз сүйеніміз – көркем шығарма. Әлемдік көркем шығармалардың озық туындыларымен өзіміздің ұлттық туындыларымызды салыстырып оқыту арқылы меңгертуіміз керек. [2,56]

Бүгінде өзгелермен тереземіз теңесіп, өркениетті елдер қатарынан көрініп келе жатқан біздер үшін ұлттық дәстүрімізді терең меңгеріп, ұлттық болмысымызды сақтап қала отырып, әлем әдебиетінде меңгеруге тырысуымыз қажет. Көркем әдебиет – әлемдікі, өзгенікі, біздікі деп бөлінбейді. Ешқашан да бөлінген емес. Көркемдікке құштарлық баршаға ортақ сезім.

Белгілі жазушы, қоғам қайраткері Шыңғыс Айтматов «Өзінің және басқа халықтың даму тарихын білмеген адам қоғамның алға даму тарихынан тыс қалып, бір күндік қана өмір сүреді» деген. [2,74] Қазір дүние жүзі елдері жаһандану дәуірін бастан кешіріп жатыр. Біз де әлемдік өркениеттің заманауи жетістіктерін өзімізге қабылдай отырып, әлемдік даму жолына түсуге ұмтылыс жасап жатырмыз.

Тіл – ұлт болмысының бір көрінісі. Ұлттық ой-сананың өлшемі, сондықтан да ұлттық тіл мен ділдің бір-бірімен байланысы өте күрделі. Бұл байланыстың қыр-сырын танып білу, дұрыс түсіну, зерттеп зерделеу қажырлы еңбек пен терең ізденісті қажет етеді. «Қазақстан халқы дүние жүзінде үш тілді бірдей пайдаланатын ел ретінде көрінуі тиіс. Бұлар – қазақ тілі, яғни, мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынастар тілі және ағылшын тілі – әлемдік экономиканың сәтті қолданысындағы тілі» делінген Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында.

Үш тілде оқытудың негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік анықтауға қабілетті мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. [1,72]

«Тілі бірдің – тілегі бір», «Тіл тағдыры – ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі – тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету парыз. Ендеше жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып-білуге деген қызығушылықтары мен ұмтылыстарын арттыру арқылы олардың Отанға деген махаббатын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу – басты міндетіміз болмақ. [1,96]

Әдебиет сабағында әр елдің көркем шығармаларындағы үндестіктерді салыстыра оқыта отырып, оқушының білім дәрежесін көтеріп, жаһандану дуіріне үлкен қадам жасаймыз. Мысалы: ағылшын жазушысы Марк Твен, орыс жазушысы Николай Носов және қазақ жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларындағы байланысты салыстыру нәтижесін ұсынамыз. [3,17]

Ағылшын жазушысы Марк Твеннің ерекшелігі - ол әзіл- сықақтың теңдесі жоқ шебері. Қазақ әдебиетінің тарихында Бейімбет Майлин, Оспанхан Әубәкіров сынды ақын-жазушылар болған. Бейімбет әңгімелерінің бірер сөйлемін, Оспанханның бір-екі шумақ өлеңін оқысаң, шегің үзіліп кететіндей, ішіңді басып күлесің – зиялы оқырман мұны жақсы біледі. Марк Твеннің әңгіме, повесть, романдарын оқыған адам сондай күй кешеді!

Біздің елімізде Марк Твеннің «Том Сойердің басынан кешкендері» және «Гекльберри Финнің басынан кешкендері» хикаяттары оқырмандарға кеңінен таныс. Бұл екі шығарма да екі баланың өміріне арналған, осы

кейіпкерлер және олардың өмірі, дүниетанымы арқылы сол кездегі, яғни XVIII ғасырдағы Америка Құрама Штаттарындағы шағын қалашықтар тұрғындарының күнделікті тұрмыс-тіршілігі, қарапайым адамдардың, діни қызметкерлердің психологиясы, болмысы, түсінігі көз алдыңа келеді. Кейбір тұстардағы суреттер біздің ауылдағы өмірді елестететіндей әсер берединеді. Басты кейіпкерлер Том Сойер мен Гек Финн кейде біздің Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасындағы Қожаны көз алдыңызға келтіреді.Ол кезде Америка құл иеленуші мемлекет болғаны тарихтан белгілі. Негрлер, сондай-ақ аралас қаннан жаралғандар ақ адамдардың бөркі, көйлегі секілді меншікті затымен бірдей болған. Бұл жағдай озық ойлы, рухани таза жанды зиялы азаматтарды, оның ішінде ақын-жазушыларды қатты толғандырды. Міне, солардың қатарында Марк Твен де бар еді. Оның біраз шығармаларында адам баласының тарихындағы барып тұрған ең сұмпайы қоғамдық құбылыс - құлдық трагедиясы аса шеберлікпен суреттеледі. [3,98]

Еркіндік аңсаған құл Джим мейірімді, жанашыр, өзі сенген, жақсы көрген Гекті өз баласындай жақсы көреді. Бұл арқылы жазушы құл да ақ нәсілді адамдар секілді адами қасиеттер иесі екенін көрсетеді. Ал ақ нәсілділер арасында да кароль мн герцог секілді алаяқтар болатынын жазушы асқан шеберлікпен көрсете білген.

Орыс жазушысы Николай Носовтың «Дымбілместің айға саяхаты» атты шығармасын қарастырайық. Бұл ертегінің басты кейіпкері - бойлары қиярдай ғана ергежейлілер әлеміндегі Гүл тұратын, ашық түсті киімдер киюді ұнататын, ештеңе істемейтін, ештеңе үйренгісі келмейтін, ертелі-кеш өтірік айтудан жалықпайтын, кейде тіпті өзінің айтқан өтірігіне өзі сеніп қалатын Дымбілмес деген балақан (екінші кітапта ергежейлі). Өзінің мінез-құлқының арқасында неше түрлі оқиғаларға тап болып жүреді. Үш рет саяхат та жасайды: біріншісінде - көрші жолдастарымен бірге Жасыл қалаға саяхаттайды; екіншісінде - достары Кір Қожалақ, Түймешік үшеуі Күн қаласына барады; үшіншісінде - бұзықтығы үшін Айға ұшпайтынын білгенде, көршісі Томпиды үгіттеп ракетаға жасырынамыз деп абайсызда Айға ұшып кетеді. Соңғы кітабында социалистік елдің тұрғандары үшін Ай тұрғындарының мысалымен капитализмге аздаған шолу жасалады. [4,20]

Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасы балалар әдебиетінің озық туындысы. Ол орыс, украин, француз, литва, латыш, өзбек тілдеріне аударылды.Бұл повестте кішкентай Қожаның мектеп жасындағы бастан кешкен әр түрлі қызықты оқиғалары жайлы баяндалады. Ол қанша бұзықтық жасаса да жақсы адам болуға талпынысы бар. Қожа өзінің мінезін, тәртібін өзгертуге тырысады. Қожа – есер емес, есті тентек. Бір көрген адамға «жаман бала», «қиын бала» болып көрінгенімен, кейін мүлде өзгеріп, жақсылардың қатарына қосылып кететін балалар аз емес қой...Шығарманың басты мақсаты: жақсылыққа тәрбиелеу.

Сонымен бұларданда басқа прозалық шығармаларда мына шығармаларды бір бірімен салыстырса. «Өлі жандар», «Мартин Иден», «Көксерек», «Жүз жылдық жалғыздық», «Ағайынды Карамазовтарды», «Парасат майданын».

Поэзияда Абай, Пушкиннің, Лермонтовтың т.б. шығармаларын салыстырса. Мысалы Абайдың жылдың төрт мезгіліне жазған өленderімен Пушкиннің жыл мезгілдеріне жазғанын айтуға болады. [4,63]

Осы шығармаларды қандай теориялық категорияларға байлап қоя аласыз?! Шынайы көркем туынды – бір тақырыппен не идеологиямен шектелмейді. Тіпті, ол мазмұнға да, формаға да, жанр не стильге де байланып қалмайды. Мысалы: Классикалық дүниелердің бірінші қасиеті – көркемдік бүтіндік. Бұл термин барлығын да қамтиды (тіл байлығы, ой байлығы, түр байлығы, т.с.с.), тіпті автордың өзін де. [5,41] Демек, әдебиет пәні сабағында ұлттық шығармаларымызды әлем әдебиеті шығармалаымен салыстырып, ағылшын тілінде оқыту – әлем әдебиетін меңгерту – Қазақстан мемлекетінің болашағы мен жастары үшін пайдалы...

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.А. 2013 жылғы Жолдауынан бастау алған тіл саясаты туралы //Мәдениет – 2014. – №6.
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы №5, 2015 ж
3. Ақшолақов Т. Мектепте әдеби шығарманың компоненттерін оқыту. А:,1974.
4. Бітібаева Қ. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері. – А, 1994
5. www.massaget.kz

АТАМЕКЕНДЕГІ АТОМ БОМБАСЫНЫҢ ЗАРДАБЫ ХАҚЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАЛАР

Р.М. Мұқажанова
ф.ғ.к., доцент
Raushan-09@mail.ru
А.Х. Қиықбаева
студент
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті
Семей,Қазақстан
aigera_love1993@mail.ru

Аннотация *В статье рассматривается произведений казахских писателей XX века в которых раскрывается вся правда нашей родной земли, о страшных последствиях полигона который сильно изменил судьбы многих людей. Автор приводит примеры из произведенийписателей Р.Мукановой, А.Алтая.*

Ключевые слова. *писатель, произведение, исследование, жанр, судьба.*

Abstract. *In the article the works of Kazakh writers of the twentieth century in which the whole truth of our native land is revealed, the dire consequences of the landfill which has greatly changed the fate of many people. The author gives examples of proizvedeniypisateley R.Mukanovoy, A.Altaya.*

Keywords.*literature, history, research, written language*

Жетесіз дүние!
Қазақтың жеріне келіп сыналдың!
Крестен басқа түк өспей,
Топырағым іштей тынады

О.Сүлейменов

Қолына қалам ұстаған кез-келген жазушы қандай да бір шығарма жазар алдында, ол шығарманы жазуға арқау болатын өмірдегі қақтығыстар, түрлі жағдайларға кезігіп барып, санасына ерекше әсер қалдырған, жан-тәнімен сезінген, жанына өте жақын дүниелерді қағазға түсіретіні анық.

Әңгіме– әсем жанр. Әңгіменің бір әсемдігі – жинақылығы. Жинақылық – мұқият мықтының ісі. Әңгіме келелі тақырыпқа жазылуға тиіс.[1,99] Сол тақырыптың бірі біздің туған даламызда болған сонау заманғы соғыс, жаугершілік заманы болса, одан кейін сол соғысқа пара-пар болған атом бомбасы болып отыр.

КСРО заманында Қазақстан аумағында атом бомбалары сынақтан өтті. Ол үшін арнайы 18 млн га жер бөлініп, Семей ядролық полигоны ашылды. Бастапқысынды адамдарға, жануарлар мен табиғатқа тікелей зардабын тигізген ашық сынақтар жасалды. Сосын оларды жер астына жасай бастады. Атом бомбаларының жарылыстары сұмдық ауыр болды. Семей маңындағы радиациялық әсер аймағында тұратын 500 мыңдай адам осы сынақтан азап шекті.1949 жылдан 1963 жылға дейін жер бетінде жасалған сынақтардың зардабы әсіресе мол болғаны рас. Бұл аймақтағы аурулардың есеп-қисабы 1990 жылға дейін мұқият жасырылып келді. Облыста онкологиялық, жүрек-қан тамыр, жүйке және психикалық аурулар саны күрт өсті. Азап шегіп, өлім құшқан адамдар қаншама. Отбасыларында кемтар балалар көбейді. Бұның өзі қазақ ұлтының келешегіне төнген зор қауіп болатын. 1980 жылдардың аяғына қарай халықтың төзімі таусылып, шегіне жеткен еді. Басқа ядролық державалармен салыстырғанда, Қазақстан аумағында қиратқыш әлуеті жағынан орасан зор ядролық арсенал болды.[4]

Бір тұтас халықтың тура да, ауыспалы да мағынада өмірін улап, бүгінгі күнге дейін сол зұлматтың зардабын тартқандар аз емес. Уақыт өтіп, жылдар жылжып жатса да, санасында, жүрегінде мәңгі жазылмас жара болып қалатын бұл сұрапыл дүниенің әсерінен туған қос шығармаға тоқталғым келеді.

«О, жарық Ай, мүсіркеме сен мені. Мен күнәсіз қыз боламын. Сезімім бүтін, ақылым дұрыс. Бірақ мынау тіршілік дүниесінен безінген жұдырықтай жүрегім кек пен қасіретке толы. Мен өзіме адам сияқтымын, басқаларға адам емес, адам пейілін тәубаға түсіретін мүгедекпін. Қарауылдың адамдары мені көрген сайын: « Мұны алла-тағала адамдар тәубасына келсін, қол-аяғының саулығына, он-екі мүшесінің дін амандығына шүкір етсін деп жаратқан-дейді.»[2,4]– деген Ләйләның монологы. Роза Мұқановаңың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінде осы полигонның әсерінен өмірге мүгедек болып туылған Ләйләның тағдыры туралы баян

етіледі. Шығармада автор Ләйләның бейнесін жасы жиырмадағы ересек қыз болса да, өспей қалған, сырт кейпі бес жасар қызды танытатын мүсәпір пендені суреттеген. Ләйләның жалғыз сырласы өзі атап шақырғанындай «Жарық ай!». Ләйлә жетім, оның өзі де, көңілі де жалғыз. Оның жан дүниесін ешкім түсінбейді.

Ләйләмен тағдырлас жан өзге автордың қолынан туған шығармада өмір сүреді.

Қаншама жыл отау құрып, бірге тұрып жатқандарымен Аққазы мен Моншақтың жаялық кірлетер кішкентайлары болмайды. Құрсағына біткен екі бірдей нәрестесінен айырылып қалған Моншақ, осы баланы Алладан өзі тілеп алған. Құрсағына бала бітіп, дәрігерлерге көрінгенінде Семей мен Өскеменнің қазақ-орысы аралас дәрігерлері оған «дені дұрыс бала таппайсың, ішіңдегі құбыжық іспетті бірдеңе, жаныңның аман қалғанын қаласаң «жасанды түсік» жасату керек» деген. Бірақ Аққазы мен Моншақ олардың дегеніне көнбей, өлісінде де, тірісінде де бұл баладан айырылмауға бекініп, ауруханадан қашып, ауылына бірақ келеді. Әйелінің толғағы келіп, дүниеге сәби келер сәтте Аққазы өзі ғана болады. *«Ол жарының шатын жарып келе жатқан құлынның қос тұяғын көріп еді... Содан шошына тұрып кеткен. Ішінен « Бісмілла!» деп күбірлеп те жіберді. Ол жіп-жіңішке, торы түкті шырыш-шырыш сирақтарды біріктіре ұстап, еппен ғана ептеп тарта бастады.»[3,110]* Бұл Асқар Алтайдың « Кентавры». Басты кейіпкер Басарыс атты құлын денелі жігіт. Оның басы кеудесі түгел адамдікіндей де, белінен төмен аяқ орнына тұяқ жаратқан. Бұл шығармада ұрпақ сүйгісі келіп, асығып жүрген қос мұңлықтың ауыр тағдырына құлын денелі сәби береді. Әрине, ата-анасына өз ішінен шыққан сәбиі қай кезде де ыстық. Бірақ бұл жерде тағы да сол бір атом бомбасының кесірі тиген Ләйлә тағдырлас Басарыстың да адамдар көзіне оқыс көрінетіні, оның мына тіршілік иесінен өзгеше жаратылысы кейбір адамдардың одан үрейін туғызса, біріне ол жемтік болып елестеген еді.

Ләйләны барлығы есінен адасқан, есуасқа баласа, Басарысты жабайы жануарға теліді. Олардың сырт бейнесімен ғана санасқан тіршілік екеуінің ішкі дүниесіне үңілген жоқ. Тіпті оның барына да сенбеді. Табиғат тартқан жаза емес, қатігез адамдардың өз қолымен жасаған қасіретінің жазасын екеуі ғана тартты. Екеуі де сол себепті өздеріне деген пананы даладан іздеді. Ләйлә « Жарық аймен» тілдессе, Басарыс тау-тасты аралап, аң-құспен дос болды. Қайраты мен күші тасыған балғын жігіт сол табиғат ананың құшағында жүріп өзін еркін сезінетін. Ал Ләйләның өзі жасап алған құпия әлемі бартын. Ол әлемде қыздың жүрегін елжіреткен тап-таза махаббатта өмір сүрген. Алайда, сол өзгеше жаратылған тіршілік иесін адамдар еш қабылдай алмады. Көрген жерде қорлап, мазақ етіп жас қыздың санасына « сен мүгедексің!» дегенді құйып тастаған. Айналасындағы адамдардан қолдаудан гөрі қорлау көрген ол, өз-өзін расында еш дәрменсіз, бейшара санайтын. Ләйлә қасіретке толы кеудесін ақыры ақтара алмай, жалғанның күйігі болудан шаршап, көз жұмды. Ал Басарыс тау баласы, тау бауырында жүріп, қаніпезер аңшылардың қолынан қаза тапты. Бірақ ол санасыз аң сияқты емес, нағыз

азамат болып көз жұмды. Себебі, ол жазықсыз оққа ұшқан қорбаңдаған қос қонжықты қорғады. Бәлкім табиғат оны әдейі құлынденелі етіп жаратқан болар, мына пасық адамдардың жаман ниетінен мақұлық аңдардың қорғаушысы болсын дегені болар мүмкін. Оққа ұшқан аю ананың жетім қалған қонжықтарын саналы адам аямағанда, Басарыстың бұл қылығын кім құптар.

*Шер толы жүрегі тулаған, қан толы көкірегі қинаған құнан-адам қыл шашақты құйрығы мен шашасын жел көтеріп, қасат үстінде тыныш тапты.»[3,124]. « Ал жан тапсырған төсектегі қыз суретін ұзақ аймалаған Ай биіктеп, жылжып кетті, мәңгілік қоштасып кетті. Екі тіршілік.» [2,17]*Осылайша, қос кейіпкердің де мына жапан далаға сыймай, ақыры бейіштен тыныш тапқандарын, сонымен бірге өмірдегі бар жамандықты өз бойларына бүркеп алып кеткендей сезіледі. Түгел болмаса да, бір жамандықтың жолын кесіп, шамын өшіріп кеткендері рас.

Ләйлә шын өмірде «Еңлік» атты қыз. Қазіргі таңда Семей қаласындағы мұражайда оның мүрдесі әлі күнге сақтаулы. Автор сол бейнені көргеннен соң, осындай шығарма жазуға бел байлаған.

Асқар Алтайдың кейіпкері өмірден олай қорлық көрген жоқ, қайта оның басқа адамдардан күші, қайраты жағынан артық, батыр тұлғалы ұлды бейнелеген. **Кентавр** - ежелгі грек аңыздарында жартылай адам, жартылай жылқы тәрізді бейнеленетін мифологиялық кейіпкер.[5] Әрине, полигонның кесірінен тура осындай жартылай жылқы денелі адам тумасада, екі басты, төрт аяқты немесе бір көзді адамдар дүниеге келді. Қаламгер осыны біраз романтикалық образ етіп алды. Ол автордың қиялынан туған, десе де автор ойын оқырманға түсінікті жеткізе білген көркем шығарма.

Түйіндей келе айтарым, маңайымызда болып жатқан қаншама қайғылы оқиғалар, қиын жағдайлар мен қасіретті күндер өтуде. Бұл бір ғана қаланың, не бір ғана отбасының қайғысы емес, бүтін бір ұлттың тағдырына жазған ауыр қарғыс десе де болар. Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекет болып, алдымыздан сан қилы мүмкіндіктер, жолдар ашылып жатқан уақытта сол бақты бағалау үшін өткен күнді ұмытпаған дұрыс болар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Зейнолла Қабдолов «Жебе». - Алматы: Жазушы, 1977.
2. Роза Мұқанова « Жарық дүние». - Алматы: Жалын, 1994.
3. Асқар Алтай « Казино». - Алматы: Атамұра, 2008.
4. http://bes-asyl.kz/
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы:Дайк-Пресс, 2008

ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҒҰМЫРНАМАСЫ

Н.Қ.Тлебалдина
п.ғ.к., аға оқытушы,
Е.А. Насыров
магистрант
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті
Семей, Қазақстан

Аннотация. *В этой статье рассказывается о творческой биографии Шерхана Мұртазы. Уделена внимание написанию романов как «Қызыл жебе», «Қара маржан», «Ай мен Айша». Автор рассматривает так же в статье раннее творчество писателя.*

Ключевые слова: *творчество, наследие, исследование, литературоведение, роман*

Abstract. *This article describes the biography of Sherkhan Mұrtazy. Paying attention to writing novels as a "Kyzyl zhebe", "Kara Marjane", "Ai changed Aisha". The author considers as the article writer's early work.*

Keywords: *creativity, heritage, research, literature, novel*

Шерхан Мұртаза Қазақстан тәуелсіздігі тұғырының берік болуына қаламымен де, қайратымен де атсалысып келе жатқан танымал тұлғалардың бірі. «Шерхан Мұртаза – ұлттың ұяты, өмірлік тайталастың тарланы», – деп жазды академик Зейнолла Қабдолов [1].

Шерхан Мұртазаның анасы Айша бесік жыры, ертегі, қисса, аңыз-әпсанамен сусындап өскен, қазақы ұлттық тәрбиені тал бесіктен татып өскен жан. Есей деген бай кісінің Құлыхан деген екінші әйелінен туған қыз. Өнегелі, дәулетті отбасының адал тәлімін алған Айша жас күнінен қазақы салт бойынша ойын-тойда өлең шығарып, айтысқа түсіп, өнерге жақын болып өседі.

«...Айша Өскенбаймен өзгеше амандасты. Басқа қатындар сияқты: «Ой, айналайын, қол-аяғың аман-сау келдің бе?» деп жалпаңдамай, аузынан сөзі, қойнынан бөзі түспей, аспай-саспай, әндетіп сәлем берді. Құданың құдіреті, «қол-аяғы сау солдатты өкімет ауылына қайтарушы ма еді. Қып-қызыл майдан кезінде. Айша осыны ескертті. Менің есімде қалғаны бір-ақ шумағы:

– Өскенбай, қайным, әрі нағашым-ай,
Жігіттің жаннат ішік жағасындай.
Қияметтің қырғынынан тірі келді,
Батыр болып Бауыржан ағасындай.

Тағы біраз айтты. Жарақатың жазылар, жаныңның қалғаны олжа деді. Басқалары: «Қайран, Айша, көптен бері ән салмай, үні естілмей кетіп еді, жатыр екен ғой, бар екен ғой өнері» – десіп, қауқылдасып, күлісіп, мәз-мейрам болды.

Сөйтсем, біздің Айша әрі ақын, әрі әнші екен. Ес білгелі естігенім осы. Заманның түзуірек кезінде, Мұртаза барда, жиын-тойда, боза жорада айтысқа түскен екен» [2, 455 б.].

Қазақ әдебиетінде 60-жылдар бедерінде келген талантты жас буынның балалық шағы еліміздің талайлы тағдырлы 1937 жылдарына, Ұлы Отан соғысы кезеңіне тап келген еді.

Жазушының шығармашылыққа келуіне негізгі түрткі болған, шығармашылық жолда алғаш бағын сынап, қаламын ұштауына себепші болған материалдық қажеттілік болғаны туралы: «Мен Мұстай Кариммен тым ертерек, сонау елуінші жылдардың басында таныстым. Өзімен емес, шығармасымен. Тек оқырман ретінде ғана емес, аудармашы ретінде таныс болдым. Москваның стипендияға ғана сүйенген студенті едім. Бірде қаржыдан қатты қысылғанда республиканың сол кездегі басшыларының біріне арыз айтып, баспадан аудармаға кітап алуыма көмектесуін өтіндім. Бұл арыздың нәтижелі боларына аса сене қоймасам да, әйтеуір, үмітсіз шайтан дегендей хал еді. Көп кешікпей Алматыдан пошымы өзгешелеу көк конверт келді. Бұл менің ресми кеңседен бірінші алған хатым еді. Шекесінде: «қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы» деген тасқа басқан жазуы бар. Ашсам, қысқа ғана: «Сізге башқұрт жазушысы Мұстай Каримнің «Радость нашего дома» деген повесін аударуға ұсынамыз», – деп жазылыпты. «Кітапханаға бардым. Башқұртшасын, орысшасын тауып алдым. Сол менің шығармашылық жұмысқа араласуымның бірінші қадамы. Содан кейін «Хоттабыч қартты» аудардым» [3, 6 б.], – деп жазған өз пікірі ойымызды нақтылай түседі.

Ш.Мұртазаның шығармашылық өнерге студент кезінде бірнеше көркем әңгімелерді қазақ тіліне аудару арқылы қадам басқанын көрдік.

Шерхан Мұртаза естелігінде: «Менің жастық дәуренім «Лениншіл жаста» өтті, ол газетке мен 1956 жылы келдім. Оған дейін бір жыл қазіргі жазушы баспасында жұмыс істедім. Ол кезде «Қазақ көркем әдебиет баспасы» деп аталатын. Сонда редактор болдым. 1956 жылы Бауыржан Момышұлы Алматыға келді. Сол үйдегі Жамал апамыз «Лениншіл жаста» істейтін. «Лениншіл жастың» жігіттері сол үйге үнемі келіп тұрады. Жаңағы Жамал деген апамыз жақсы адам болатын. Баукеңдердің жақыны ретінде мен де барып тұратынмын. Сөйтіп жүріп, сол жігіттермен аралас-құралас болып кеттік. Сонан кейін олар айтты маған: «Әй, сен шалдардың ортасында неге жүрсің? Сен жассың. Ел көруің керек. Республиканы тануың қажет. Жазғаның жөн» деп, өздеріне шақырды. Барлығы – керемет жігіттер. Шетінен жазғыш. Ал, мен баспадан бір кітапты алып, соның қатесін шығарып, мыжып отырамын. Сөйтіп, «Лениншіл жасқа» ауысып кеттім» [4] - деп жазады.

1957 жылы Шерхан «Лениншіл жас» газетінің Қарағанды, Қостанай облыстары бойынша меншікті тілшісі болған күннен бастап қайнаған өмірдің қалың ортасында жүрді. Еңбекші халықтың өмірін, ұлтымыздың мұң-мұқтажын ерте зерттеп, көкейге түйген ойлары мыңдардың көкейіне ұялап жатты. Жазушы Тахауи Ахтановтың Шерхан туралы жазған мына

бір естелігінде былай дейді: «Шерхан Мұртазаевпен 1957 жылы Қарағанды қаласында таныстым, «Лениншіл жас» газетінің Қарағандыға жуырда келген тілшісі, жиырмадан жаңа асқан жас жігітпен жиі кездесіп, әңгімелесіп жүрдім. Шымыр танау, пісте мұрынды, ат жақты қараторы жігіт жастығына қарамай тым салмақты көрінді... Шерхан да жастайынан қайнаған өмірдің қалың ортасында болды. Көтерілген тың, Қарағандыда салынып жатқан алып Магнитка Шерханның көп аралап, көзі ғана емес, көңілі қаныққан дүниелері. Жазушы жолының газеттен басталуы да – өзеннің құнарлы бұлақтан басталғаны іспетті» [5,339 б.] – деп жазады.

Жазушының алғашқы әңгімелері «Әңгелек», «Әмеңгер», «Қырық бірінші жылғы келіншек», «Бұлтсыз күнгі найзағай», «Белгісіз солдаттың баласы» әңгімелері жазылып, жарыққа шықты.

Жазушы өміріндегі ең елеулі кезең 1956-1969 жылдар аралығын қамтыса, 1963-1970 жылдары «Лениншіл жас» газетінің бас редакторы қызметін атқара жүріп, еңбек адамдарының өмірінен көптеген әлеуметтік, портрет очерктерін, өндіріс тақырыбындағы проблемалық мақалаларын жазды. Оның болашақ шығармаларының да материалын жинай жүруіне себеп болды. Нәтижесінде, «Құрылысшы Дәку» (1958) атты алғашқы очерктер жинағы, ең алғашқы «Табылған теңіз» (1964) атты повесінен кейін, іле-шала «Бұлтсыз күнгі найзағай» (1965), «Белгісіз солдаттың баласы» (1966), «Мылтықсыз майдан» (1969) шығармалары тап осы тұста жарық көрді.

Ш.Мұртаза «Миллиард толқынында», «Ақық дария алқабында», «Тебіренген теңіз» тағы басқа очерктері мен «Дән тасқыны», «Поездар заулайды» тәрізді мақалаларында тың өлкесінің абыройлы еңбеккерлерін көрсетті. Ал, 1970-1989 жылдары жазушы қаламынан «Өскелең мәдениет жаршысы», «Жасампаздық жолымен», «Абай сәулесі», «Алтын күрек», «Таушымылдық», «Отан даңқын асырайық», «Адал еңбек», «Не жетпейді?», «Жат жұрттан іздемейік пайғамбарды» тағы басқа публицистикалық туындылары жарық көрді. Шерхан Мұртаза мақалаларында көбінесе адамгершілік, парасаттылық, тәрбие, өнер мәселелері жиі жазылды. «Жат жұрттан іздемейік пайғамбарды» атты мақаласы ең өткір, ойлы, жұртты толғандырар қиянат мәселелердің бәрін тұжырымдайды.

Ш.Мұртазаның «... Халық жазушысы атандым. Жазғанымның бәрі алтын дей алмаймын. Бірақ солардың көбі және дәмділері, тек балалық шақтың нәрінен, балауса балғын шақтың әсерінен туған. Өсе келе, көпті көрдім, дүниенің шартарабын араладым. Бірақ соның бәрі мені балалық шағымдай байыта алмады» [2, 7 б.] – дегені суреткер танымының тарихи тереңі қайда қайда жатқанын аңғарта түседі.

Ш.Мұртазаның редактор болған жылдарында қазақ баспасөзінің ахуалы туралы ғалым Ш.Елеукенов былай деді: «Шерхан Мұртаза 1971-1972 жылдары «Жалын» альманағына басшылық жасады. Осы екі жыл ішінде басылым тиражы бастапқы 24 мың данадан 52 мың данаға бірақ ырғыды. Екі еседен астам. «Жұлдыз» журналындағы редактрлығы 1973-1975 жылдардың аралығын қамтиды. Бұл жолғы тираж 1975 жылы 211 мың данаға жеткен. «Жұлдыздың» биылғы, 2002 жылғы таралымымен

салыстырып көріңіз. Жұлығынан келмейді. Небары – 4120 дана. «Қазақ әдебиеті» газетінде 1980-1984 жылдарында редакторлық еткен уақытта бұл басылымның тиражы 45 мыңнан 86 мың данаға дейін шырқаған» [6,385 б].

Журналист Ш. Мұртазаның өмірлік ұстанымы халықтың жоғын жоқтап, ұлтының мүддесін көздеуден тұрады. Бұл туралы қайраткер Ә.Кекілбайұлы былай деп ойға алады: «...Шерхан қабырғасы қатып, буыны бекігелі халықтан бір елі ірге ажыратпай келеді. Қолына қалам алғалы халықтың сөзі сөйлеп келеді. Қатардағы тілші кезінде халық бітіріп жатқан ерен істерімен қоса халық көріп отырған ересен тауқыметтерді де жаза білді.

Қаламымен бірге қанаты да қатайып, ақпарат төріне шыққанда да сол ұстанымынан бір сәт айнып көрген емес. Айналасына халық сусап отырған әңгімені айта алатындар мен олардың аузына қақпақ болмайтындарды жинады. Алпысыншы жылдардағы азғантай жылымықтың тұсында сірескен тоң жібіп, астынан қаулай көтерілген әлсіз көкті қайтадан аяз жалап, суық үріп кетпеуіне қолынан келгеннің бәрін жасады. Ұлтсыздық пен ұятсыздықтың бірдей меңдеп «Қазақы мал мал емес, қазақы бала бала емес» деген түсінікке қарсы күресіп, арпалысып, жолбарыстай жағаласа алған жалғыз редактор Шерхан болғанын да көзімізбен көргенбіз» [7].

Ұзақ жылғы шығармашылық ізденіс өз нәтижесін берді. «Қызыл жебе», «Қара маржан», «Ай мен Айша» сынды романдар оқырмандарының жүрегінен орындалып, рухани қазынаға айналды.

Шерхан Мұразаның қоғадық болымысын танытатын тағы бір қыры – тәлімгерлік. 1960 жылдары идеологиядағы жылымықтың тұсында қайраткер қазақтың беделді баспасөзіне сол кездегі жалынды, талантты, дарынды жастарды М.Шаханов, О.Бөкеев, Ф.Оңғарсынова, Б.Нұржекеұлы, Ә.Кекілбаев, Д.Исабеков, Т.Медетбеков, С.Елубай т.б. жинап, журналистік өнерге баулып, шеберліктерін шыңдады, тәрбиеледі.

Егеменді еліміздің тәуелсіздігін баянды ету жолында өмірін арнаған, қоғамдық қызметімен танымал тұлға, қазақ халқының Халық Жазушысы, қайраткер – Шерхан Мұртазаның рухани өмірімізден, тарихымыздан алар орны ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Өмірлік тайталастың тарланы//Егеменді Қазақстан. - 2002. – 27 қыркүйек.
2. Мұртаза Ш. Таңдамалы. 6 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2002. – 5 т. – 455 б.
3. Ергөбек Қ. Сәбит Мұқанов Жазушының шығармашылық әлемі. – Алматы: Санат, 2000. – 320 б.
4. Нұрғалиев Р. Сырлы сөз. – Алматы: Қазығұрт, 2000. – 417 б.
5. Ахтанов Т. Керуен. – Алматы: Жазушы, 1969. – 339 б.
6. Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: Жазушы, 1997. – 385 б.
7. Кекілбай Ә. Адамстанға саяхат//Егеменді Қазақстан (жазушы Төлен Әбдіков алпыста). – 2002. – 18 қыркүйек.

АБАЙ ШӘКӘРІМ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҮНДЕСУІ

Ғ.Р. Акманова
п.ғ.к.
Альбекова Асия
магистрант
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті
Семей, Қазақстан

Аннотация. *В этой статье рассматривается поэзия выдающихся поэтов Абая и Шакарима. Автор сопоставляет ранние и зрелые поэзии поэтов, уделяет внимание историю написания некоторых произведений. Так же в статье уделена внимание исследованию произведении Абая и Шакарима.*

Ключевые слова. *творчество, наследие, исследование, литературоведение, поэзия*

Abstract. *This article focuses on poetry vydayushihsya poets Abay and Shakarim. The author compares the early and mature poetry, poets, story writing focuses on some products. The same attention is paid to research work of Abai and Shakarim.*

Keywords. *creativity, heritage, research, literature, poetry*

Еліміз тәуелсіздік алған дәуірде отаршылдықтың темір қақпанына түсіп, сөзін оқымақ түгел, атын атауға тыйым салынған ойшыл тұлғалардың даналық сөздері мен ой-толғамдарын танып білуге мүмкіндік туды. Қаншама уақыт қараңғы қапаста жатып, «тас құдықта» құндақталса да, егемендіктің арқасында небәрі XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарына таман ғана халқымен қайта қауышқан «өзі өлсе де, сөзі өлмеген» қазақ елінің біртуар арыстарының бірі – Шәкәрім. Шәкәрім Құдайбердіұлы егемендігіміздің арқасында әдебиетіміздің ақтаңгері болып қайта әдебиет алыптарының қатарына қосылды. Ақынның мол мұрасын жан-жақты зерттеп, қарастыруға, насихаттап жазуға мүмкіндік туды.

«Шәкәрімнің қай шығармаларын алып қарастырсақ та, айдыны да, арнасы да кең дүние! Өзінің жарты ғасырдан астам уақыт кеңестігіндей шығармашылық жолында ол әдебиеттің барлық жанрына еңбек етті. Салмақты да сүбелі туындылар тудырды. Абай талантының алтын бесігінде ер жеткен Шәкәрім ақынның мұралары өз заманының үнін көтерді, тынысын таныттты»,- [1] шәкәрімтанушы ғалым Б.Әбдіғазиев «Асыл арна» еңбегінде ақын шығармаларының маңыздылығына ерекше мән береді.

«Шәкәрім 7 жасынан бастап 72 жас ғұмырында Абай тәрбиесінен, өнегесінен нәр алып, ұлы ұстазына, қандас туысына үлкен жүректің зор сүйіспеншілік сезімін білдіреді. Айрықша алғыспен сүйіне де, күйіне де тағзым етеді, тәңір тұтады. Онысында бауырлық елжіреуді де, шәкірттік кішілік құрметті де, пір тұтқан сыйыныс та, мұң шаққан сыйластық та, мақсатты мақтан да, танымдық тұрғыда толассыз жарыс жарастығы да бар. Шәкәрімнің қазақ әдебиетінің тарихында алатын орны, Абайдың тәлімін алған талантты шәкірті, оның Абай негізін салған реалистік әдебиеттің дәстүрлерін жалғастырудағы рөлі жайында тұңғыш ғылыми пікір айтқан Мұхтар Әуезов: «Абай

ақындығының айналасы» атты мақаласында Абайдың дәл өз тұсында, өз дәуірінде өмір сүрген ақындар туралы айта келіп: «Мұндай ақын-төртеу, - дейді. - Оның екеуі – Ақылбай, Мағауия –Абайдың балалары... Қалған екеуі – Көкбай, Шаһкәрім. Осы төрт ақын Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері, Абайдан аталық, ағалық, ұстаздық тәрбие алудан басқа, оның өлең мен қара сөздерін оқушы әрі таратушы, бағалаушы, тұтынушы болудан басқа, бұлар Абай басшылығымен өз жандарынан осы мақаладай нұсқауымен өздері де әр тақырыпқа жырлар жазған... Абай оларға тақырып беріп, өлеңдерін сынайды, түзейді, қалай түзеудің жолын айтады. Дәлін айтқанда, мыналар Абайдың ақын шәкірттері есепті де, Абай алды оларға жазушының мектебі сияқты болды». - [2] деп өзінің ғылыми тұрғыда бағалағаны анық. Шәкәрімнің Абай туралы ойын, абайлық әлемге деген көзқарасын және жеке басына деген қан жақындық, жан жақындық ыстық сезімін оның Абай атын ашық атаған өлеңдерінен («Жастарға», «Жолама қулар, маңайға», «Адамдық борышың») көреміз. Ақын Абайды жете танып, биіктен көреді, көріп қана қоймайды: ар, ақыл, адалдық, жүрек, еңбек туралы Абай ойларын өзінің ішкі жан дүниесімен ұштастырады. Абай бастан кешірген орта, орта адамдары қажытқан хал – күйді өзі де басынан кешкен сәтте:

Жолама қулар, маңайға.
Не қылмадың талайға?
Кім жағады сендерге
Тартқызған азап Абайға
Ақылы дария Абайдан
Таусылмас қоры кен қалар.
Жақсыдан қазына пұл қалар,
Солмайтын жасыл гүл қалар.
Сендердей арсыз қулардан
Желге ұшатын күл қалар -, деген шумақтарға толы удай ащы көңіл шындығын, ашу – наласын мен ішкі жан толғанысын аямай ақтарады. Шәкәрім Абайдың өмірін, қуаныш – қайғысын, жеке бас тағдырын ғана паш етпейді, ең кереметі, Абайдың терең ойшылдығын өмір, тағдыр, қоғам, оның адамдар туралы пәлсапалық көзқарастарын білдіреді. Шәкәрім өз заманындағы заман дертін анық көріп отыр. Абайдың көңіл – күйі, жан толқыны, ашу – ызасымен қатар өзінің де көңіл толқынын реніш, ашу - ызасы көрініс береді.

Мені арбайтын сен емес,
Көнетін саған мен емес
Ақылың сенің – маған тұл,
Дертімді жазар ем емес.
Жәдігөй, арам, сайтаным,
Сырыңды түгел білгемін, - деп өмір шындығынан туындаған шынайы шындықты ашына жырлайды. Келер ұрпаққа кімнен тәлім – тәрбие алудың, оның терең ойлы өміршеңдігінің қандай болмақ екендігін ұрпақ зердесіне тапсырады. Өйткені, ақынның «Жолама қулар, маңайға» [3] атты өлеңінде Абай есімі анық аталады.

Шәкәрімнің Абайдан тәлім алған талантты шәкірті екендігін, ұлы ақын дәстүрінің тұңғыш жалғастырушысы болғандығын және шығармаларының негізгі тақырыптарының сарындас, үндес екендігіне оқушының көзін жеткізу. Абай түсінігінде тұлға, азамат болудың шарты – нұрлы ақыл, ыстық жүрек пен қайратты қатар ұстауда болса, Шәкәрім азаматы «арлы» адам. Тақырып мазмұн жағынан да екі ақынның шығармалары үндесіп жатады.

Абай "Ғылым таппай мақтанба," "Болыс болдым, мінекей", "Құлақтан кіріп, бойды алар", "Адамның кейбір кездері", "Әсемпаз болма әрнеге", "Жүрегім менің қырық жамау" өлеңдерінде өзі өмір сүрген ортада жұртшылықтың санасындағы кейбір жағымсыз кертартпа мінез-құлықты әшкерлеп сынға алады. Осы сияқты Шәкәрім шығармаларында да "Ескіден қалған сөз теріп,"Еріншек", "Сәнқойлар", "Құмарлық" сияқты өлеңдерінде де сол қоғамдағы адамдардың бойындағы, ой-санасындағы ірлі-уақты кемшіліктерді сынайды. Бұл тұста тағы да ақын шығармаларының Абай шығармаларымен үндесігін көреріміз анық. Абай өз заманында жас ұрпаққа "көкірегі сезімді, көңілі ойлы" адамдарға үміт артып, олардың жүрегіне нәр беріп, оларды өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға бар ғұмырын арнады. Жастардың ғылым мен білімді игеріп,қажырлы еңбек етіп, дүниеге "кірпіш болып қалануын" арман етті. Мысалы, "Ғылым таппай мақтанба" өлеңінде адам болудың қағидаларын талдап көрсетеді. "Адам болам десеңіз: Бес нәрседен қашық бол: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ. Бес нәрсеге асық бол: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой.-бес асыл іс көнсеңіз "- деп адамгершілік жайын қозғайды және адам болудың ізгі шарттарын саралап көрсетеді.

Шәкәрім өлеңдері де Абай өлеңдері тәрізді уағыз, ақыл-кеңес, насихат түрінде келеді. Жас ұрпақты рухани адамгершілікті тәрбиелеуде ата-бабамыздың асыл-мұраларын, өсиетті сөздерін, ғибраттарын, педагогикалық-психологиялық тұрғыдан жайып салады. Абай Шәкәрім жырлары бүгінгі ұрпақтың "бойтұмары" болмақ. Ол адамгершілік, ар-ұятты жоғары қояды. «Талап пен ақыл» өлеңінде: талаптың орынсыз жерге ұмтылмайтын алты түрлі ноқаты бар деп, оның қызметін жайып салады.

"Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан
Анық төмен болмай ма хайуаннан.
Ынсап, рақым, ар - ұят табылмаса,
Өлген артық дүниені былғағаннан!", - деп кемел адамға қажетті жекелеген қасиетерді санамалап көрсете келе, ақын осы аталған қасиеттердің адам өміріндегі әрқайсысының мән-мазмұнын жан-жақты түсіндіре келіп, осындай асыл қасиеттерді бойына жинаған адам ғана мұратына жететінін нақтылайды. Шәкәрім ақынның «арлы азаматы» - жақсы мен жаманның жігін ажыратып қоймай, сөз бен істе түзу, әділ жолдан аумайтын, орынсызды айтпайтын намысшыл азамат.

Ақылды сол- ынсап пен ар сақтайды,
Арсыз сол- арамдықпен жан сақтайды.
Адал сол- таза еңбекпен күнін көріп,

Жаны үшін адамшылық ар сатпайды.
Жалған айтып, біреуге жалынбалық!
Біз, сірә, үлкендердей қағынбалық!
Наданға өлсек – тағы бағынбалық!

Өтірік, өсекке еріп сабылмалық,- деп ұрпаққа арнаған өсиет тақырыбын «Жастарға» деген шығармасында жырлай келіп, туған елінің өсіп-өнуін армандаған, келешек ұрпақты тәрбиелеу тәсілдерін іздеп, оған жол табу негізін педагогикалық тұрғыдан қарастырады.

Д.Әшімханов Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары жайлы зерттеулерінде: «Әдебиетіміздің тарихында ұзақ жыл орны ойсырап келген, елге ежелден белгілі болған ақын-жазушыларымызды еске алғанда, ең алдымен Шаһкәрімді атауымыз орынды деп білемін. Өйткені, ол-Абайдың нағыз мұрагерлерінің бірі, бірі болғанда – бірегейі. Олай дейтініміз, Шәкәрім әрі лирик, әрі прозаик, композитор, музыкант, тарихшы, философ, орыс шығыс классиктерімен қазақ оқушыларын таныстырған шебер аудармашы, терең ойшыл, сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаз, сонымен қатар мәдениет қайраткері», – деген құнды пікірі ақынның өмірдегі және өнердегі жолын адамгершілік асыл қасиеттерін, ақындық құдірет дарының, азаматтық ісімен халқына еңбек еткен халық ұлының ұлағатты шығармаларының тұңғиық сырын ашқандай [4].

Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов «Екеу» деген бүркеніш атпен «Абайдан соңғы ақындар» [5] атты мақалада жаңа әдебиетіміздің атасы болған Абай туралы пікір айта отырып, Абайдан соңғы ақындардың өнері, өлең өрімі, тіл айшықтарын екшелей келе, сол тұстағы әр ақынның өзіндік ерекшелігін саралай келе оларға үш мін тағып, үш жікке бөледі:

«Біздің ойымызша, қазіргі жазылып, шығып жүрген өлеңдерде мына сияқты міндер бар:»

Бірінші міні- табиғаттың әр түрлі түрімен сырласып, мұңдаса алмайды; Екінші міні- сыршыл еместігі; Үшінші міні- тілдердің шебер кестелі еместігі;- дей келіп, өлеңдерінің сыртқы түрімен қалпына қарап, қазіргі өлеңшілерді бірнеше жікке бөлуге болады:

Бірінші жіктің өлеңшілері- сезімге әсер берерлік суретті өлеңдер көбінесе, Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт.

Екінші жіктің өлеңшілері- Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Дөнентаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Бекет Өтетілеуов.

«Сыртының сұлулығы, тақылдақтығымен Ахмет пен Сәбиттің өлеңіне Шәкәрімнің өлеңі ұқсайды. Бірақ, терең мағыналы сөздерді өлеңмен келтірем деп сөзін созыңқырап, шұбатып, оқушына тез жалықтыратын қалпы бар. Шәкәрім көбінесе өлеңін халыққа ұғымды болуын көздейді және өлең арқылы халықтың ақылын да тәрбие қылып жетілдіргісі келеді. Осы күнгі ақындардың ішіндегі Абайға өлеңнің сыртымен болмаса да, ішкі мағынасымен еліктеген кісі – Шәкәрім. Мінді, кемшілікті айтқанда жерлеп, кекеп – шенеп отырмайтын Шәкәрім өлеңінде шаншып алушылық бар», - деп бағалайды. [6] Демек, Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов өз мақалаларында Шәкәрім шығармашылығының

мәні мен мақсатын анықтауға қадам жасай отырып, ақын өлендерінің құрылысына қарай халық ақындарының тобына жататындығын, мазмұны жағынан ағартушылық бағытта екендігіне баға беріп, өлеңдерінің, халықтық тәрбие тұрғысында жырланатындығын, көрсете келе, Шәкәрімді Абайдың заңды, тікелей, нағыз, ізбасары деп таныған. Мұндай салиқалы пікір бүгінде өлең құдіретіне үлкен талап қояры сөзсіз.

Шын мәнінде Абай мен Шәкәрім арасындағы қаламгерлік тамырластық аса терең. Өз заманының келелі мәселелерін, қоғамдық шындықты қозғауда екі ақын да ерекше қуат танытқан. Абай тәрізді Шәкәрімнің лирик ақын ретінде өсу эволюциясының өн бойында жеке адамдағы ұсақ-түйек міндерден бастап сол кездегі саясат сияқты күрделі ұғымға дейінгі мәселелердің бәрі қамтылған. Ол заңды да. Өйткені ақын қашанда өз дәуірінің перзенті. Қандай ақынның болсын поэзиясында өзі ғұмыр кешкен кезеңнің сыр-сипаты, ақыл-ойы мен болмыс бітімі тұжырым табады.

Шәкәрім есімін биік арнаға көтерген ұлы мектеп Абай негізін қалаған жаңа сипаттағы әдебиет дәстүрі. Шәкәрім шығармаларындағы Абай өнегесінің ықпалы оның реализмінен, сыншыл да сыршыл өлеңдерінен көрінеді. Абай, Шәкәрім шығармаларының үндесуі бүгінгі ұрпақтың адамдық жолына түсуде арамдық пен алдаудың, қулық пен сұмдықтың зиянын әшкерелей отырып, білім мен ғылым үйренудің кереметтілігін түсіндіреді. Сол арқылы өз заманының бейнесін жасайды. Сол бейнені талдап, талғай отырып, бүгінгі ұрпақ бойында сынаптай болса да, жақсылық жасауға, адамгершілік ар-ұятты жоғары қоюға тәрбиелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдіғазиев Б. Асыл арна. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 128 б.
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев монографиялық зерттеулер мен мақалалар.- А.:Санат, 1995.-320б.
3. Шәкәрім . Өлеңдер мен поэмалар. - Алматы "Атамұра" 2003,-294б.
4. Әшімханов Д. Бес арыс. – Алматы: Жалын, 1992. – 544б.
5. Екеу. Абайдан соңғы ақындар// Абай . 1995. № 5. Б. 48-52.
6. Шәкәрімұлы А. Менің әкем, халық ұлы – Шәкәрім//Шәкәрімтану

АҚЫН Б.ТӘЖІБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЕЛ-ЖҰРТ, ТУҒАН ЖЕР КӨРІНІСТЕРІ

Ж.С. Сұлтанғалиева
ф.ғ.к., доцент
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
Ақтөбе ,Қазақстан

Аннотация: *В этой статье будет идти речь о творчестве поэта Б.Тажибаева*
Ключевые слова: *поэзия, искусство, гармония, поэт, лирик.*
Abstract: *The article will talk about the work of the poet B.Tazhibayev.*
Keywords: *poetry, art, harmony, poet, lyrikist.*

Поэзиялық шығармаларға тән айрықша қасиет – өмір құбылыстарын терең эмоциялық сезімталдықпен қабылдап, соған сәйкес әсерлі, тартымды көркем бейнелеу.

Орыс әдебиеттанушысы В. Г. Белинский «Поэзия - тұтас өнер, онда үн де, сурет те, айқын айтылған пайымды сурет те бар. Ол бар өнердің ерекшелігін бойына жиып, бүкілінің ұйытқысы болады» - дейді. Ғалым ендігі бір сөзінде «поэзия өмірдің әрі мен нәрі, қайнап қорыған жамбысы. Поэзия - сәбидің күнәсіз ажары, жарқын жанары, күміс күлкі, жанды қуанышы. Поэзия - көрікті қыз жүзінің ұялшақ, албырт қызғылты, теңіздей көгілдір, аспандай тұңғиық көзінің ынтықтық сәулесі, әйтпесе оның қара көзіндегі өткір от, мәрмәр иығына төгілген бұйра шашының толқыны, торғын кеудесінің демігіп тыныстануы, күміс үнінің гармониясы, сиқырлы сөзінің музыкасы, тал бойы сұңғақ сымбатының мінсіз мүшелері.

70-жылдары қазақ әдебиетіне өз үлесін қосуда бар жан дүниесімен беріліп, барынша қызмет еткен, бар қабілетін сарқа жұмсаған Бәкір Тәжібаевтің әдеби мұрасын бүгінгі ұрпақ аз білетінін жасыруға болмас.

Б.Тәжібаевты ауызға алғанда көпшілік қауым «Ақбұлақ», «Әлия», «Бозторғай», «Гүлсің-ау», «Елігім-еркем» сынды әсем сазды ән өлеңдерімен танитынына дау жоқ. Б.Тәжібаев шығармаларының шоқтығы биігі де – ән-өлеңдері болып табылады. Ақын артына аса бай мұра қалдырды. Өзі туған жер – Ақбұлақ туралы ән күллі Қазақстанды шарлап жүр. Шарлай бермек. Бұл да елі мен халқы алдындағы ақ парызын өтеудің қасиетті белгілерінің бірі емес пе?! Жастайынан өнерге құштар жігіт бойындағы қабілет-қарымы

мен табиғи талантын бар салада көрсете білген.

Бәкір Тәжібаев философиясы халықтық мәні бар мәселелердің мәйегіне айналады, қазақтың халық ауыз әдебиетінің кәусар бұлағынан сусындап, қазақ даласындағы билер, шешендер мектебінен дәріс алады да, бүгінгі өмір шындығын өз көңілімен қорытып, сезімімен саралай түседі. Ақын жырлары ежелгі ел дәстүрімен етене араласып бүгінгі күннің жоғын жоқтай біледі, ұлт ұғымымен үндесіп, заман зердесінен нәр алады.

Баспа бетінде Бәкір шығармалары туралы айтылған пікірлер өте көп. Байқап отырсақ, солардың бәрі бірінен-бірі онша алшақ кетпей, бір арнаға

құйылып жатыр: Бәкір Тәжібаев – қазіргі қазақ әдебиетінің майталман шебері, классигі. Мәселен, Бәкір шығармашылығы жөнінде академик С.Қирабаев: «Туған жер туралы толғаныста оның тарихы, салт-дәстүрі, халықтың жақсы мінездері жайлы ойларымен ұштастыруда Бәкір Тәжібаев тың ізденістері өте бағалы. «Дала жолдары», «Жыр жолаушы», кітаптары қазақ тағдыры жайлы ақынды тебіренткен ойлардың біздің бүгінгі өмір тіршілігіміздің мән-мақсатын сезінуге бастайтынын көреміз. Ол шындыққа, құбылыстың сырына, дала тарихына ой көзімен қарауға үйретеді» - десе, академик З.Қабдолов: «Енді турасына көшсек, мүбәда қазақ поэзиясына осы ғасырдың орта тұсына көшсек, мүбәда қазақ поэзиясына осы ғасырдың орта тұсынан өте беріп, соңғы отыз жылда тек қана өзіне тән өзгеше мазмұнын ашқан, тек қана өзіне тән өзгеше пішінін тапқан шын мәніндегі шынайы талант екеу болса – бірі, біреу болса – өзі » - деп оның өлеңдерін, поэмаларын аса жоғары бағалады [1.664].

Есімін ел білетін жүлделі жүйрік, қаламы мен домбырасын қатар тербеткен, қашанда халқының аяулы ұлдарының бірі болған қаламы қарымды ақын Бәкір Тәжібаев халқы үшін аянбай еңбек етіп, елі үшін жүрегінен ақтарылған жырларын халқына тарту етуге қашанда даяр. Ол өміршең өлеңімен де, әсерлі әнімен де халқына қызмет еткен азамат.

Мен дағы жүре алмаймын сырым бөлмей,
Сен дағы жүре алмайсың жырың бермей.
Ел үшін жаратылған беу жүрегім,
Күндіз-түні тыпыршисың тынып көрмей.
Жолаушы-жыршы атанып мен жүр едім,
Жолықсаң жақсылыққа елжіредің.
Халық үшін – қолда барым сыйым болсын,
Сөйлей бер ел алдында, ей, жүрегім! – деп өзі жырлағандай ақынның адалынан ақтарылған жүрегінің тек елім деп соққандығын көреміз.

Бәкір Тәжібаевтің шығармашылығымен тереңірек танысқан шақта оның мөлдір поэзиясын ерекше сөз еткен жөн. Ақын таланытынң, дарын табиғатының көрінісі осы бұлақтай мөлдір поэзиясынан көрінері анық. Ол поэзияға шын беріліп, шынымен тәнті боласың!

Бәкір Тәжібаев – ел-жұртын, туған жер топырағын ақындық шабытпен қастерлеумен қатар туған елдің наным-сенімін, ой-түсінігін бойына сіңірген таланты иесі. Сондықтан да халқымыз ақын жырын өз жырындай қабылдап көкірегіне сақтайды. Ақынның жырлары негізінен туған жер, өскен ел, достық, махаббат тақырыптарын қамтиды. Сонымен қатар, ақын өнер туралы да толғаныс-ойларын ортаға салады. Жалпы, қай ақын болмасын, ең алдымен осы туған жерін, елін шабыттана жырлап, туған жерін, кіндік қаны тамған жеріне деген ыстық махаббатын, сүйіспеншілігін өрелі өлеңімен білдіреді. Бәкір Тәжібаев та өз туған жеріне, елінің тау-тасын, өзен-көлін беріле сүйіп, қоршаған ортаның ғажап сұлулығынан нәр алып, сан алуан бояулармен буырқандырып, өз өлеңдерін ғажап суреттеп береді.

Бәкір – сыршыл лирик ақын. Ол айналадағы құбылыстың бәрін жан жүрегімен сезіп, нәзік сезіммен ұғынып, дархан даланың кеңдігін сұлу көзбен көреді. Ол толқынды теңізбен тілдесіп, құзбенен кеңеседі.

Тынбай кезіп адамдай кен іздеген,
Тілдескенмін толқынды теңізбенен.
Кеңескенмін жақын кеп мен құзбенен,
Тел өскенмін қашанда кең дүзбенен.
Қасиетіңнен өзіңнің айналайын,
Жүрегімнің жыр отын сөнгізбеген.
Жыр жолында тыншымай аяңдадым!
Қиырыңды кезуден аянбадым.
Отырғанда қонақтап аяңда күн,
Алтын құстай кейпінен жай аңдадым.
Қажет десең, уа жұртым, алдарыңа
Кеудемдегі жиһаздың жаям бәрін! - деген ақын, жүрегіндегі жыр отын жандырып, жалындатып, оқырман қауымның ішкі дүниесіне өз өлеңдерін еріксіз саялатады.

Бәкір Тәжібаев – ең алдыменен, лирик ақын.

Ақын Бәкір Тәжібаевтің қаламына тән сыршыл да нәзік лирикасын мынадай тақырыптарға топтауға болады:

- Табиғат лирикасы;
- Туған жер тақырыбы;
- Махаббат лирикасы;
- Ән өлеңдері;

Кең даланың сұлулығын тамашалап, махаббат сезіміне бөленсе де, азаматтық ар-ожданымен ой түйетін Бәкір Тәжібаевтің поэзиясы көрегендігімен ерекшеленеді.

«Біздің көріп, сезіп, біліп тұрған айналамыздағы нәрселердің бәрі табиғат ісінен шыққан жасалынды нәрсе»[2.341] - деп Ахмет Байтұрсыновтың қоршаған ортаға берген анықтамасындай, күнделікті көріп, сезіп-біліп жүрген бұрыннан белгілі табиғат пен таныс даланың келбетін тамаша талғаммен әрлендірген, жұмбақ әлемді әдемі суреттей білетін ақын поэзиясының дені – табиғат лирикасы. Ол туған өлкесінің табиғат көріністерін: тау-тасын, орман-тоғайын, сай-саласын, тіпті құмын да сары алтынға теңеп, ерекше сипаттап көрсетеді.

Бір жағында болатын,
Ақ селеулі қыры бар.
Бір жағында болатын,
Сары алтындай құмы бар.
Ағашында жейде өскен,
Ақ шаңқадай жары бар.
Ши түбінде жуа өскен,
Ақ тоғайы тағы бар.
Шағылынан миуа өскен,

Ақ қояны қашатын.
Аршынынан асырмай,
Құмай тазы басатын.
Бөкенбайдың сайында,
Ақбұлақтың бойында,
Дүниеге келіппін..., деп ақын шыр етіп дүниеге келген туған топырағын әсем суреттеумен құлпыртып өрнектейді. Ақынның «Мен туған жер», «Туған өлкем», «Жем-Сағыз», «Ойыл туралы ода», «Темір» т.б. өлеңдерінен туған жеріне деген шынайы махаббатын көруге болады. Жалпы ақынның туған жер өлеңдерімен бірге өмірбаяны өсіп отырады:

... Бөкенбайдың сайында
Ақбұлақтың бойында
Дүниеге келіппін...
Немесе:
Күндіз-түні бір тынбай
Дала кезген шапқылап.
Құмар едім өзіңе,
Бала кезден Ақбұлақ, - деп жырлаған ақынның балалық шағы осы Ақбұлақтан басталып, одан әрі:

Талай татқам дәміңді Шұбарқұдық,
Қойдың мені өзіңе құмар қылып.
Сенің далаң қашанда ыстық маған,
Сенің шамың самсаған тұрар күліп.
Маған қымбат қаласы Темірімнің
Сонда өткен жастығы өмірімінің.

Ақын өзінің ұмытылмас жас кезеңдерін өткізген Шұбарқұдық жеріне адал жүрегінен ағылған өлеңін арнайды.

Дүрілдетіп ел-жұрты той-тойлайтын,
Ақтөбеден бүгетін сыр болмайтын.
Домбырамды күйімен күмбірлетіп,
Кезім келді аянбай бір толғайтын...

Енді қойнауында қазынасы мол атақты Ақтөбенің кең өлкесін жырымен шарлап, паң даласын аянбай толғанады. Ақын айтулы Ақтөбені мақтан тұтады. Кеудесін шабыт кернеген ақын Ақтөбенің Елегін, Қобдасын, Ырғызын, Ойылын жырына арқау етіп, Ақтөбені алыпқа балап, шат күйін шалқыта ақтара түседі.

Еркесі бұл аймақтың Ырғыз деген,
Жайнаған ұл мен қызын жұлдыз дер ем.
Құшағын кеңінен ашып жайраңдайды,
Алыстан қонақ келсе жыр іздеген.
Бұл мекен неткен кербез, керім еді,
Көзіме жақындай боп көрінеді.
Бір-бірін Ырғыз-Торғай ізден тауып,
Сұлудың бұрымындай өріледі.

Көрдің бе мұндай әсем бай даланы?!
Жанымды әсем әуен аймалады.
Киіктер қойдай өріп құба белде,
Аққулар айна көлді айналады.

Ырғыз табиғатының көркем бейнесін шебер суреттеп береді. Ырғызды осы аймақтың еркесіне балап, «Бабыңды әнмен тапсам, арманым бар ма?!» деп көңілінің алаң екенін танытады. Ұлы мен қызын жұлдызға теңейді. Нәзік сезіммен жырлап, оқырман көңіліне ұғынықты тілмен жеткізеді. Шын жүректен шыққан сөз жүрекке қонатындай, ақын жүрегінен ақтарылып шыққан сөз оқырманның жүрегінен пана табары анық.

Ақын Ырғызды осы аймақтың еркесі етіп жырласа, енді ол «жәннәттің дәл бір өзіндей, ойылым – ойдың көзіндей», - деп Ойылын аңсап келеді. Ақын көктей көлбеген жазиралы жерін, қыр менен ойын көргенде бойын шалқыған шабыт кернейді. Ойылды дүниенің жәннәтындай көреді.

Сырыңнан сенің әр қилы,
Жаныма шәрбәт нәр құйдым.
Алдымнан шығып шылқиды,
Шалғыны шүйгін жер деген.

Енді бірде:

Паш етер сені ғаламға
Маржан сөз іздеп табам ба! – дейді.

Ақынның туған жер тақырыбындағы қай өлеңін алсақ та, туған еліне деген адал жүректен ақтарылған, нәзік сезіммен құрылған, таза махаббаттан туған деп айта аламыз. Бұған жоғарыда айтылған өлеңдерін мысал етуге болады. Ақын осы өңірдің жерлерін жүрегіне жақын тұтып, өзен-көлін, тау-тасын қастерлі етіп бағалай біледі. Ақынның туған даласының табиғатын жырлайтын өлеңдері ерекше ықыласты сағыныштан туған.

Бәкір Тәжібаевтің өлеңдері, әрине, тек туған жерінің ғана табиғатын суреттеумен, туған жерге деген сағыныш сезімімен шектелдмейді.

Ақынның табиғатты бейнелеудегі өлеңдерінің ауқымы кең. Ақынның өлеңдерін оқи отырып, барша Қазақстан жерін тануға болады. Ақын өз өлеңдері арқылы Қазақстанның географиялық көрінісін жасады десек те болады. Ақын енді, Ақтөбе өңірімен шектеліп қалмай, оңтүстікке қарай бет алады. Яғни, Бәкір ақынның сыршыл лирикасы Сырдариянның саздарына, Алматының әуенді кешіне, Талғардың тамаша табиғатына, Көкшетаудың кербез көріністеріне, Жезқазғанның жезді тауларына, Тоқырауынның толқындарына ұласады.

Бәкір – негізінен ұлттық ақын. Ұлттық ақын болғанда қазақ халқының ақыны. Оның туған халқының арғы-бергі өмірі, тіршілігі туралы (бүге-шүгесіне дейін) жазған өлеңдері өте көп. Сол өлеңдерінің барлығы жинақтап айсақ, қазақ халқы өмірінің көркемдік шежіресі, әдебиеттегі образды тарихы деуге де болады. «Бабамыздың шоқ басқан табанымен» атты ел аузында жатталып кеткен атақты өлеңінде ол қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасып қалған ұлттық әдет-ғұрпын, мінез-құлқын,

психологиясын, экономикалық, әлеуметтік, саяси бейнесін тарихи шындыққа сай үлкен көркемдік шеберлікпен суреттеп берді. Ақын – тарихи оқиғалардың айы, күнін көрсетіп, айла – амалдарын анықтап, байлам – болжамдарына баға беріп жатпай-ақ, тарихи шындықты жинақтап жеткізе, көркемдеп, қорыта білуде ұлттық ұғымдар мүмкіндігін молынан пайдаланады.

Қазақ халқының тұтас тарихының тірі куәсі – данагөй дала. Даналық әліппесін үйреніп, даралық дәстүрін қалыптастырған да – дала. Тіпті қазақ ұлтының прототипі – дала. Бәкір Тәжібаев қазақ даласының кешегі, бүгінгі бейнесін тұтас бедерлеу арқылы ұлттық көркем ойлау жүйесін кеңейтіп, ұлт өмірінің біртұтас поэтикалық полотносын салуға тырысады. Ақын суреттеп отырған табиғат құбылыстарын лирикалық кейіпкердің алуан әрекетімен астарластырып, қилы көңіл-күйімен қанаттастырып, бас-аяғы бүтін дүниеге айналдырады. Қоршаған ортаның көркем суреттері ақын қиялына қанат бітіріп, табиғат тіршілігіне табиғи тұрғыдан қарауға мүмкіндік береді. поэзиясындағы сілем-сілем сұлу суреттерді бір-бірінен бөлек алып қарастыру мүмкін емес. Себебі олар бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі жетілдіріп, бірін-бірі жетелеп, бірін-бірі іздеп, бірін-бірі жоқтап тұрады. Ақынның әртүрлі жинақтарында табиғаттың бір құбылысы туралы жырлар бірнешеу болғанымен әрбірінің бояуы бөлек, бедері бөтен, өрнегі өзгеше. Әр жинақ, әр тараудағы табиғат құбылыстары тілдесе келіп, тұтастық тұғырына қол ұстаса көтеріледі де қазақ даласының біртұтас поэтикалық жағрафиясын түзеді, табиғатты түсіну, түйсіну, көру, қабылдау қасиеттері қауымдаса келіп, қазақ поэзиясының көркемдік көшін ілгерілетеді, шеберлік шеруін ширатады. Ақын табиғаттың қилы құбылыстарын бейнелеуде көркемдеу құралдарының қажеттісін, өлең ырғағының ыңғайлысын таңдай біледі, сыралғы суреттер сырын ұлттық тілдің мол байлығын мейлінше ұтымды, барынша байыпты пайдаланады, сонымен бірге қоғам қажетінен, заман зердесінен туындаған жаңа сөздерді де жатырқамай бауырына басып, табиғат тіршілігінің тізгінін ұстатады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы: Қазақ университеті, 1992жыл
2. Байтұрсынов А. Ақжол. –Алматы: Жалын, 1991жыл// Ақтөбе газеті. - 1998. - 28 ақпан
3. Тәжібаев Б. Жүріп келем. -Алматы: Жазушы, 1976 жыл
4. Тәжібаев Б. Дала жолдары.- Алматы:Жазушы, 1980жыл

БАЛАМЕР САХАРИЕВ ҒАБИДЕН МҰСТАФИННІҢ «ДАУЫЛДАН КЕЙІН» РОМАНЫ ТУРАЛЫ

Ш.А. Валиханов
ф.ғ.к., доцент
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық, Қазақстан

Аннотация. *В статье идет речь об анализе романа Г.Мустафина «После бури», составленный известным литературоведом Баламером Сахариевым, а также рассматриваются писательская культура, концепция, авторская позиция Г.Мустафина.*

Ключевые слова: *роман, Г.Мустафин, авторская позиция, гражданская позиция, образ.*

Abstract. *This article deals with the novel by G. Mustafin "After storm", which was written produced by famous writer Balamer Sahariev. The writing culture, conception and author's position of G. Mustafin are considered in this work.*

Keywords: *novel, G. Mustafin, author's position, civil position, character.*

«Дауылдан кейінді» мейлінше айқын мәнде ұғындырған сын мақаланың бірі Баламер Сахариевтің роман жарық көре сала жазылған пікірі болды. Сыншы «Дауылдан кейіннің» мәнін қысқа тоқтамдармен қайырып отырып, бірталай ойлы, астарлы жайларды қозғайды. Б. Сахариев жазушының кеңестік дәуірдің Қазан төңкерісінен кейінгі жаңа экономикалық саясатының қазақ даласындағы өту жайын адамдар арасындағы қилы ситуациялар арқылы, қоғамдық-әлеуметтік аяда ашу бағытындағы елеулі көркемдік табысын айқын ауқымда ашады. Жазушының өмірден ойып алғандай кейіпкерлерінің жан-күйі, іс-әрекетін жеткізудегі тарихи негіз, қилы психологиялық иірімдерге тартып отырып баяндау шеберлігін нақтылы мәнде Баламер Сахариевтің атап-атап көрсетуі – Ғабиден Мұстафиндей дәуірлік құбылыстарға адамтанушылық, қоғамтанушылық зердемен, соншалықты көркем тәсілдермен келген шығармашылық өрісінде саралайды. Сыншының мына бір құбылыстарға көңіл бөлуі қаламгер Ғабиден Мұстафиннің авторлық мұрат, азаматтық ұстанымының көркемдік негізі мығым болғандығын және бір қырынан аша түскен. Сыншы шығарманың тарихи дүмпулердің саяси сырт мазмұндамасы емес екендігі туралы ойға қарай бұрады.

«Октябрь революциясы қазақ әдебиетінің қолына билік әперіп, ауыл өміріне алуан түрлі жаңалық енгізді. Бірақ ел басқару ісінде бұрын-соңды тәжірибесі, дәстүрі жоқ қазақ кедейіне бұл жаңалықтарды тосырқамай, бірден игеріп әкету оңайға түскен жоқ. Көзі ашық, оқыған азамат деп, Мақаш бидің баласы Сайлаубекті болыстық ревкомның председателі етіп сайлап еді, «көн құрысып, қалпына тартты» да», ол әке жолына түсті, халықпен істесе алмады. Ата-бабасынан бері қарай мал бітпеген кедей Шалабайдың қолына аз күн биліктің тізгіні тигенде, ол қонаққа да винтовкасын ала барып: «Әуелі

сен же, қара құдай. Саған берілген ас. Маған берсе, баяғыдан бері қайда жүрген», – деп мылтығын табаққа сұғатын солақайлық, асыра сілтеушілік мінездеріне бола таяқ жеді де ақыры, Шәкен сияқты байлардың азғыруымен кісі өлтіріп, қашқындық жолға түсті. Неге? Бұл жолға оны не нәрсе итермеледі? Әрине, заман» [1, 108-б.].

Б.Сахариев Шалабай, Әдхам, Байболдарды өмір ағысында жол іздеген, дәуірлік ситуациялар аясындағы адасқан адамдар мәнінде «Дауылдан кейіндегі» шынайы суреттелу жөнін жазушы табысының бірі деп бағалайды.

«Тағы бір тақыр кедей Әдхам болыстық ревкомға бастық болысымен, партия саясатына түсінбей, байларға қырғидай тиіп, олардан қорқытып, пара алып, мал жинай бастады да, Шәкендей қалталы байдың тізесіне шыдамай, түрмеге түсті» [1, 108-б.].

Жаратылысынан бұзық емес еді олар. Аласапыран дүниеден бірдеңе үйреніп жарытарлықтай да болмаған. Қашан да, қай заманда да қалталының жолы жүріп тұратыны тайдырды оларды тура жолдан. Кедейден шыққан көпшіліктің қолына тізгін тиген өкілдері жаңа заманның әккі саясатын ұғынып болмаған. Олар қайдан ұғынсын. Олар түгілі идея жолына мейлінше даярлықпен келдік дегендер де дағдарыста қалды емес пе?!

Сыншы Б.Сахариев мәселені мейлінше қазбалағанымен, Шалабай туралы айтуында қаламгердің ой түкпіріндегі құбылыстарға сыншылық өзіндік меңзеуін қосады. Шалабайдың Аманға берген жауабынан таратып өрбіген ойға назар аударалық.

«Дүние шіркін, қашаннан да күштінікі ғой. Әділет, теңдік, құдай жолы, халық жолы дегендердің бәрі жай сөз. Әлі келсе, әлімжеттік істемеген адамды көргем де, естігем де жоқ. Сондықтан мен де біраз қиғылықты салдым. Әрине, біреу дөрекі, біреу сыпайы, біреу ашық, біреу жабық істейді. Менікі – дөрекісі, ашығы болар. Айырмасы тек осы ғана. Білем, жұрт көзінде мен құтырған қасқыр. Құтырсам, қорлықтан құтырған болармын. Жыртық үйде, жабағы жөргекте өстім. Қарным ашып тамақ сұрағанда кедейлікке кейіп шешем зекіді. Тезегін теріп, бұзауын бақсам да, бай зекіді. Тұщы етіме ащы таяқтар, жас жаныма шаншу сөздер беріш болып байланды. Ауылда жарымаған соң қалаға тарттым. Қайда барсам да, қорлықтан, жоқшылықтан құтыла алмай қойдым. Сөйтіп зығырданым қайнап жүргенде «құтқарам» деп Совет өкіметі келді. Қолыма қару, астыма ат берді. Мен алдымен жұрттан кек алуға кірістім. Ашқан қарнымды тойғызып, үстімнен ескі шоқпытымды тастадым. Осыдан басқа түк жазам жоқ. Совет соңыма түсті. Ақыры, міне, ұстады», – дейді ол.

Қандай ағынан жарылған әділ сөздер, жолын таппай адамшылықтан шығып кеткен, бірақ қандай қайратты өжет адам» [1, 108-б.].

Б.Сахариев Қазанғап бейнесі – жазушы табысы деген бірауызды пікірлер өрісін ұзата түсер өзіндік байламдар жасайды. Аман бейнесіне қатысты осы қалай болар екен дегендей бірнеше ойларын ортаға тастайды. Шәкенді кешегі Игіліктердің жалғасы деп түйеді.

Жазушының стилін айқындап жатар қысқа да қарапайым, шағын сөйлемдер туралы айтады. Шығарма құндылығын әр қырынан тарата баяндай келіп, сыншы мынадай тоқтам жасаған:

«...Дәл осындай шым бояумен жасалған шынайы шығарманы Ғабиденнің бүгінгі шыққан биігі деп тану қажет. Оның көп жылғы творчестволық бай тәжірибесін жұмсап жазған бұл романы – республикамыз тарихының белгілі бір кезеңінің шежіресі деуге лайық, нағыз реалистік көркем туынды» [1, 113-б.].

Әрине, бұл мақалада заман ыңғайы, уақыт ауанымен айтылған жалпылама ойлар да бар. Сонымен бірге «Дауылдан кейінде» ішке бүгіп жатқан тарихи, көркемдік құндылықты айқын сезіну, сол мәнді қалың оқушыға жеткізу бар.

«Дауылдан кейін» 1959 жылы жарық көрді. Әйгілі хрущевтік «жылымықтың» екпінін пайдаланып, өткеннің бүкпесіз ақиқаты туралы айтамын деп жазуға отырған зор тәуекел, қаламгерлік жаңа бағыттың айғақ ағыны болып келді ол қазақ әдебиетінің көркемдік кеңістігіне.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Сахариев Б. Ғ.Мұстафиннің жаңа романы жайында//Жұлдыз. – 1959. - №12. – 107 -113б.

ЖІГІТТІҢ СҰЛТАНЫ ЕДІ-АУ ӘБДІҒАПАР НЕМЕСЕ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ АҚИҚАТЫ

А.К. Қалиев
ф.ғ.к., АрқМПИ профессоры
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық, Қазақстан
ajbek.nurbek@mail.ru

Аннотация. *В статье затрагивается проблема патриоческий правды поэты Файзоллы Сатыбалдыулы в поэме «Әбдіғапар хан»*

Ключевые слова. *поэт, правда,поэма*

Abstract: *In this article considers the problem of historical truth of writer Phaizolla Satybaldyly. In the novel « Abdigapar khan».*

Key words. *writer, truth, novel.*

Кеңестік кезеңде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы көптеген шығармалар, оның ішінде проза, поэзия, драма жанрларындағы шығармалар жазылды. Бұл шығармалар авторларының арасында Торғай ақындық мектебінің өкілдері де баршылық. Атап айтқанда, Омар Шипин, Нұрхан Ахметбеков, Күдері Жолдыбаев, Сәт Есенбаевтар Торғайдағы көтерілістің куәгерлері ретінде бұл тақырыпқа көбірек қалам сілтеді. Алайда кеңестік цензура олардың тарихи шындықтан ауытқуына әсер етпей қойған жоқ. Аталған ақындар шығармаларында Амангелді мен

Әлібидің бейнесі ғана сомдалып, көтеріліс көсемі Әбдіғапар мен Оспан бейнелері жағымсыз етіп көрсетіледі немесе мүлде аталмайды. Біздің қолымызға 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тақырыбына арналған Файзолла Сатыбалдыұлының "Әбдіғапар хан" деп аталатын поэмасы тиді. Бұл поэма біздің шамалауымызша Файзолла Сатыбалдыұлы сотталмай тұрғанда – 20-жылдардың аяғында жазылған. Поэма негізгі төрт бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім кіріспе, екінші бөлімде көтерілістің ұйымдасуы, үшінші бөлімде көтерілістің шарықтау шегі – Күйік, Доғал, Татыр шайқастары туралы айтылады. Ал, төртінші бөлімде қорытынды берілген.

Ақынның бұл шығармасы сол кезеңде 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс тарихын бұрмалап көрсетушілерге жауап ретінде жазылған. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Амангелді өліміне Әбдіғапарды кінәлі етіп тауып, оған және Кейкі батыр Көкембайұлына жалалы қара күйе аямай жағылған болатын. Жалған жалаға шыдамаған ақын ақиқатын айту үшін қолына еріксіз қалам алған. Кіріспе бөлім негізінен оқырманға арналған.

Бұл заман – байқасаңыз жұмбақ сапар,
Айламен жақсыларды болды матар.
Ел ұстап, тұлпар мініп, ту көтерген,
Есімнен кетпей қойды Әбдіғапар.

Патшаға екі ғасыр болдық отар,
Дәміміз осы болар әлі татар.
Хан болған 13 болыс, үш Торғайға,
Жігіттің сұлтаны еді-ау Әбдіғапар.

Еске алсам елжірейді жүрек, бауыр,
Дүниеге сирек келер ондай тәуір.
Сабырлы ақыл иесі, білімге бай,
Ерекше бір белгісі – мінезі ауыр.

Кісі еді тұратұғын ішін бермей,
Жұпыны жүретұғын кеуде кермей.
Жан еді хан да болса, қарапайым,

Күн кешкен ұсақ-түйек, жел сөзге ермей [1] – деп басталатын кіріспе бөлімде Әбдіғапардың жан дүниесі көрсетіледі. Терең ойлы, кемеңгер тұлғаның қарапайымдылығы жөнінде тарихшы ғалым М.Қозыбаевтың "Әмір Әбдіғапар" атты мақаласында да айтылып, мысалдар келтірілген [2].

46 жастағы Әбдіғапар ағаштан түйін түйетін. Ел оны жадына халық шежіресін хаттаған, байсалды, аз сөйлеп, көп іс тындыратын, еліне елеулі, халқына қалаулы азаматы деп танитын. Ендеше Әбдіғапардың есімі аталып, ақ киізге көтеріліп, хан сайлануының осындай негіздері де бар-ды. Әбдіғапар "хан" деген атақты Шыңғыс әулетінен шыққандарға ғана тән дәреже екенін жақсы білетін. Сондықтан да қарадан шығып хан болғанына ризашылығын білдірді де, өзін "әмір" атауды жөн көрді [2].

Алайда қарапайым халық Әбдіғапарды "әмір" деп емес, "хан" деп атап кетті.

Ақын Әбдіғапар өлгеннен кейін "кей есуастардың" шындыққа көз жеткізбей, жазықсыз күйе жағып, бекер кіналап жүргендігін айта келіп, бұл дастанда тек өз көзімен көрген ақиқатты келер ұрпаққа жазып қалдырып бара жатқанын мәлімдейді:

... Жазамын көзімменен көргенімді,
Тексеріп анық сөзін, білгенімді.
Ғазал ғып қалдырайын ақ қағазға,
Біреулер қарар бір күн еңбегімді.

Қоспаймын өтірік сөз арасына,
Әр істің көшкен сауап – расына.
Тарихтың тегеріші айнымалы,
Қарасын кім де болсын шамасына...

... Туыс деп мен бұларға бұра алмаймын,
Ақиқатты және айтпай тұра алмаймын.
Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам,
Дәлелсіз жалған сөзге көне алмаймын.

Қулықпен келген байлық – білсең арзан,
Ал, шындық су түбінде жатқан маржан.
Көрсетті көп тарихты боямалап,
Қарамай обалына Ыбырай, Әлжан.

Кешер ме қос арыстың аруағы,
Білінер о дүниеде, кімнің ағы.
Үндемей өтірік сөзді қостап кетті,
Жанкүйер туысыңыз Әли-дағы [1].

Мұндағы Ыбырай, Әлжан дегендер – Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісте мыңбасы болған, көтеріліс тарихынан естелік, мақала, әңгімелер жазған Ыбырай Атамбеков пен Әлжан Қарабаев. Ал, Әли деп отырғаны – Әліби Жангелдин. Алланың ақ жолында жүрген құранқари Файзолла ақын жалған сөз бен өтіріктің үлкен күнә екенін шариғат және хадис қағидаларымен дәлелдеп, жұртты ақиқатқа жүгінуге шақырып, кіріспе бөлімді мына шумақпен аяқтайды:

...Артқы жас кетпес үшін тегінде азып,
Бірліксіз, берекесіз шілдей тозып.
Көзбен көрген жайларды білгенімше,
Ақ қағазға белгі ғып кеттім жазып.

Екінші тарауда ақын 1916 жылғы патша жарлығы туралы, оны Торғай қазақтарының қалай қабылдағаны жайлы сыр шертеді. Патша жарлығынан кейін ел ішінде толқу басталады. Торғайдағы жеті баулы арғын рулары – Ақташы, Тағышы, Байтәжі, Таз, Қараман, Қырықмылтық, Төлектің атқамінерлері бас қосып, тығырықтан шығудың лажын

қарастырады. Мәжіліс "патшаға әскер бермейміз" деп шешім шығарады. Және де, қоңсы отырған қыпшақ руларымен хабарласып, маңайдағы он үш болыс елдің бәрін жиып, тізе қосып қимылдауға бел буысады. Бұл кезде Торғайдың батыс жағындағы арғын рулары да бас қосып Оспан Шолақұлын "хан" сайлап, көтеріліске дайын отырған болатын. Жан-жаққа хабаршылар аттанып Торғайдағы арғын, қыпшақ, найманның баскөтерер азаматтары жиналып Жалдама өзенінің бойында жиын өткізеді.

Патша өкіметінен түңілген халық тығырыққа тірелді. "Шешінген судан тайынбас" – деп, тәуекелге бел байлаған ел, оның басшылары құрылтай шақыруды жөн көрді. 1916 жылы қараша айының 27-інде Жалдама өзенінің бойында 13 болыстың өкілдері жиналды. Құрылтай маусым жарлығына қарсы көтерілген халық шешімін мақұлдады. "Ел ағасыз болмайды, тон жағасыз болмайды" – деп халық айтқандай, алты болыс арғын, алты болыс қыпшақ, бір болыс найман елін басқаратын елбасы – хан сайлауды мақұлдады. Ел басына күн туған кезде батылдығымен, парасатымен, пайымдылығымен, әділдігімен көзге түскен, ертеден елге танымал Әбдіғапар есімі жеке дара аталды. Құрылтай осымен қатар ата дәстүрін де бір сәт еске алды. Абылай дәуірінде қыпшақ тайпасына көсем болып, би аталған Ниязды Абылай "хан" дәрежесінде ұстаған-ды. Сондықтан да қыпшақ өңірі Ниязды хан деп атап кеткен. Әбдіғапар, міне, осы Нияз бидің – Нияз ханның ұрпағы еді. Әкесі Жанбосын елде ерте есейіп, ауылдағы ақсақалдың қарасақалды ағасы атанған жан болатын. Оның үстіне Әбдіғапар қыпшақтардың Тілеулі атасынан өрбіген, өскен тұқым, үш мың түтінді іргелі елдің өкілі [2].

Сонымен Жалдамада өткен құрылтай Әбдіғапарды "хан" сайлайды. Сонымен бірге осы жиында әскербасылар да бекітіледі. Амангелді жиналған қолдың сардарбегі болып жарияланады.

... Демеңіз кез болады пәле қайдан,
Асынған елдің көбі қару-сайман.
Арғындардың бұл жолғы жиынына,
Риза болды тегіс Қыпшақ, Найман.

Бастады сонда сөзді Мұхамеджан:
Хан тұқымы Қапар бек болсын деп хан.
Сардарлыққа ұйғардық Аман ерді,
Жолдарыңа құрбандық мал менен жан [1].

Аталған құрылтай ақ патшаға елші жіберуді де естен шығармайды. Орталарынан қаржы жиып, Төкенің Смағұлын Санкт-Петербургке патшамен жолығып істің мән-жайын біліп келуге аттандырады. Төкенің Смағұлының атақты адвокат Плевакомен тамырлығы бар, Торғайдағы көзі ашық, білімді кісілердің бірі еді.

...Кез болдық па деп тегі қазған орға,
Я болмаса, айламен құрған торға.
Жиналған ел жөнелтті қаржы беріп,
Смағұлын Төкенің Петерборға.

Айтты халық: – Смағұл, барып қайт! – деп,
Жолың болса, жолығып ақ патшаға,
Бір жауабын кесімді алып қайт деп.

Бұл сапар қатері көп, болса да ауыр,
Өтініп сұраған соң туыс-бауыр.
Жолдасы Плеваконы қуат көріп,
Жолға шықты, сөз айтпай ер Смағұл [1].

Бас сардар Амангелді жиналған қолға әскери жаттығулар өткізіп, қару-жарақ дайындауға кіріседі. Әр жерден жиналған жасақтар әскер тәртібімен мыңдыққа, жүздікке бөлінеді. Негізгі мыңбасылар болып Кейкі Көкембаев, Өмен Мұсабаев, Қосжан Манабаев, Әлжан Қарабаевтар бекітіледі. Сарғаскер болып Ырысбайдың Әбіші, хан атасы Шымберген қажы, елбегі болып Құндызбайдың Әбжаны белгіленеді.

Ақынның бұл тараудағы тағы бір сюжеті назар аударарлық. Торғайда губернатордың келуіне байланысты, бір жағы патшаның "маусым" жарлығына байланысты съезд өткізіледі.

...Бір күні болады деп үлкен сиез,
Торғайдың қаласына шақырды үйез.
Губернатор сөзіне қарсы шығып,
Көрсетті Әбдіғапар бөлек мінез.

Бермейміз! – деді, – әскерге бір де бір жас,
Іс қылып отыр патша ойға қонбас.
Қазақтан әскер алмау заң болатын,
Анттан тайған деген бар, патша оңбас.

Алмайсың бізден жігіт! – деді, – өлмей,
Бұл жарлыққа халық тұр тегіс сенбей.
Губернатор қылса да түлкібұлаң,
Сөзіне Әбдіғапар қойды көнбей.
"Есіреді япырмай, мынау қайдан,
Қорықпайтын кім еді Николайдан"
Деді ішінен сол сәтте губернатор,
"Орнатармын басыңа бір зор майдан!"

Бейнет деген бұйырар әрбір жайдан,
Шуақ кетер бұлт басса, күн мен айдан.
Губернатор жіберді 700 қол,
Жазалауға бұларды Қостанайдан [1].

Қазақтың тұңғыш кинотуындысы "Амангелді" фильмі екендігі белгілі. Біз жоғарыда келтірген үзінді сол фильмдегі бір эпизодты айнытпай қайталайды. Тек қана кейіпкерлері басқа. "Амангелді" фильмінде губернаторға қарсы шығып сөйлейтін Амангелді болса, біз келтіріп отырған үзіндіде – Әбдіғапар. Тарихи шындық пен тарихи құжаттар бойынша соңғысы шындыққа жақын [3,74 б.]. Бұдан туындайтын тұжырым – кеңес

заманында Әбдіғапар жасаған істердің көпшілігі Амангелді мен Әлібиге телініп келген. Бұл әсіресе көркем әдебиетте анық байқалды.

Үшінші бөлімде ақын Әбдіғапар әскерлерінің патша әскерлерімен шайқасын суреттейді. Мұнда 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің негізгі майдандарының бірі – Доғал соғысы сипатталған. Соғыстағы Әбдіғапардың көрегендігі, Амангелдінің қолбасшылығы, Кейкінің құралайды көзге атқан мергендігі, Өмен, Ідіріс, Әлжан, Жағыпар батырлардың ерлік істері ақын тілімен шебер кестеленген. Мұндағы Өмен, Ідіріс, Жағыпар сияқты батырлардың азаттық үшін жан қиған сәттерін көзге жас алмай оқу мүмкін емес.

Соңғы бөлім – қорытынды бөлімде ұлт-азаттық көтерілістің негізгі мақсаты, көтеріліс көсемі әмір Әбдіғапардың арман-мүддесі айтылады. Сонымен қатар автордың негізгі айтпақ идеясы да осы бөлімде анық аңғарылады:

... Қапардың арманы еді – жеке ел болу,
Орыстан қанап келген ірге бөлу.
Сөзіне қазақ ермей ақырында,
Дертіне таппай өтті ол да дәру.

Елім деп еңіреген қайран Қапар,
Әруағы бір қозғалмай қалай жатар.
Өтті ғой өле-өлгенше зар еңіреп,
Орысқа боласың деп мәңгі отар.

Шынында отар болып қалып қойдық,
Өтірік бос сөзіне әбден тойдық.
Алданып арбауына ел бола алмай,
Қапардай асылдардың көзін жойдық [1].

Файзолла ақын өзі де көтеріліске қатынасушылардың бірі, Әбдіғапардың көмекшілерінің қатарында болған кісі. Көзі ашық, көкірегі ояу ақын ақ патша құлап, кеңес өкіметі орнағаннан кейін де өмірінің соңына дейін орыс отаршылдығының зардаптарын айтып зарлап, азаттықты аңсап өтті. Ақынның жан дүниесіне терең бойлау үшін ақынның "Әбдіғапар хан" поэмасының түйін-сөзін ұзақ та болса келтіре кеткенді жөн көрдік. Себебі сол заманда, тіпті тәуелсіздігімізді алған осы күннің өзінде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің ақиқатын дәл осындай ашып айтқан шығарма жоқ.

...Бұл жырым келешекке жетер ме екен,
Жоқ, әлде, бір оқылмай кетер ме екен.
Қазағым үн шығармай бодан болып,
Бір күні әбден құрып бітер ме екен.

Саясат тұрса осылай болады бұл,
Қазақтың аты, заты қалады тұл.
Жеріңді алып, содан соң тіліңді алып,
Бір заманда бұл қызыл қылады құл.

Кәпірге қатын болып кетер қызы,
Жігітін әтек қылар келер кезі.
Енді орыстың қалғаның табанында,
Жарылқар күн тумаса құдай өзі.

Ел болмай жеке, дара мемлекет,
Еш ұлтқа келмек емес һәм берекет.
Орыстың еш елде жоқ зымияндығы,
Ісінде толып жатыр не бәлекет.

Қалайша тұра аламын жазбай мұны,
Еске ұста, үлкен аға, кіші іні.
Ел болмай, жеке, дара, бодан болған,
Еш ұлттың болған емес әммә құны.

Арманы Қапар ханның – еді Теңдік,
Сол үшін өлгенін де көзбен көрдік.
Қазағым, айтқаныма көнбеп едің,
Көргенің болмақ енді ылғи кемдік.

Атқызған Қапар ханды Әліби-тін,
Кетпейді көз алдымнан менің сол түн.
Қапар хан шәйіт болды бостандық пен
Теңдікке жеткізем деп қазақ халқын.

Сондықтан оны халқым жау демеңдер,
Әруағын қорлап текке, тілдемеңдер.
Соғысты дербес мемлекет болу үшін,
Жан еді ақылды, ойшыл, шын кемеңгер [1].

Кеңес заманында ұзақ жылдар бойы қызыл комиссарлар Амангелді Иманов пен Әліби Жангелдиннің көтерілісі аталынып келген көтерілістің ақиқаты осындай. Жай ғана демонстрация емес, бүткіл Орталық Қазақстанды, Ақтөбе мен Сыр бойының біраз бөлігін қамтыған ұлт-азаттық көтерілістің ұйымдастырушысы, көсемі, еткен еңбегі мен ерлік істері өзгеге таңылып келген Әбдіғапар Жанбосынұлының тағдыры Қазақстан тарихындағы ақтаңдақ беттердің бірі. Қазіргі тәуелсіз еліміздің азаттыққа жетуіне әмір Әбдіғапардың да қосқан үлесі зор. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысты жаңа көзқарас тұрғысынан қарастырушыларға Файзолла Сатыбалдыұлының "Әбдіғапар хан" поэмасындағы деректер мен дәйектердің тигізер септігі мол.

Төсінде талай тарихтың таңбасы сайрап жатқан Торғай жерінде, бүтіндей арқа өңірінде Файзолла Сатыбалдыұлының есімі жақсы таныс. Өз дәуірінің озық ойлысы, замана құбылысына көзқарасын тайға таңба басқандай етіп білдіріп отыратын Файзекеңнің жыр-дастандары ел ішінде жатқа айтылады [4, 107 б.].

Ақылдылар, тілегім қарғай көрме,
Алдамшының сөзіне ыңғай берме.
Түйгенімді өмірден өлең қылдым,
Айырарсың бір күні, жез бе, зер ме?

Болса да көкірегім алтын көмбе,
Мен де бір бағы жанбай кеткен пенде.
Асығыс ғайбаттама не істеген деп,
Боларсың қысым көрсең мендей сен де.

Дүниеге ойлап тұрсаң адам қонақ,
Болғанда біреу ұста, біреу олақ.
Менің де өлеңдерім зармен жазған,
Күндердің күндерінде болар сабақ, – деп өсиет қалдырған алаш тілекті, абзал жүректі ақын Файзолла Сатыбалдыұлының шығармашылығы қазақ әдебиеті тарихының жарқын беттерінің біріне айналарына сеніміміз мол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сатыбалдыұлы Ф. Әбдіғапар хан//Торғай таңы. 1992 - 12 қыркүйек.
2. Қозыбаев М. Әмір Әбдіғапар//Торғай таңы. 1994. - 11 маусым.
3. Сүлейменов М. Әбдіғапар хан. – Арқалық, 1996. – 250 б.
4. Кенжалин Ж. Шындықты шырақ етіп ұстаңыз. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 235 б.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІНЕ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

А.Е. Дүйсебекова
ф.ғ.к., АрқМПИ профессоры
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық, Қазақстан
aisaule_duisebekova@mail.ru

Аннотация. *Нововведения в современной системе образования доказывают эффективность использования интерактивных методов обучения.*

Задавать вопросы при использовании интерактивных методов – один из важных навыков. Это способствует студентам формировать навыки свободно передавать свои мнения, собирать необходимый багаж знании.

В данной статье рассматриваются методические особенности образования студентов в вузах через интерактивные методы обучения.

Ключевые слова. *интерактивный, методика, детская литература, медитация, проблемный вопрос.*

Abstract. *Innovations in modern education system prove the efficiency of the use of interactive teaching methods.*

Ask questions if you are using online methods is one of the important skills. This helps students to develop the skills to transmit their views, gather the necessary Luggage of knowledge.

This article describes the methodological features of education of students through interactive teaching methods.

Key words. *interactive methods, children's literature, meditation, problem question.*

Бүгінде дайын білімге негізделген оқыту басымдылыққа ие болған білім беру жүйесі Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасын мазмұнындағы жеті модуль ұстанымында шешімін тапқан. Бағдарламаның басым бөлігі сындарлы оқыту теориясына негізделіп, ол оқушылардың ойлауын дамыту – тұлғаның алдыңғы білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен (мұғалімнен, оқулықтан, достарынан) алған білімдерімен өзара алмасу арқылы жүзеге асады деген тұжырымға негізделген.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі түбегейлі өзгерістер интербелсенді әдіс-тәсілдерді пайдаланудың тиімділігін алға тартуда. Бұл әдістемені пайдалану барысында топтық жұмыстар мен диалогтық оқыту үрдісі жүзеге асады. «Диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейлерінің өсуіне үлес қосады» - деп атап көрсетеді Мерсер мен Литлтон (2007).

Мен бұрындары топтық жұмыстардан гөрі дәстүрлі сабақ үлгілерін жиі пайдаланатынмын. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасын оқу курсынан соң, «Дәстүрлі» стиль арқылы алынған білім оқушылардың еркін ойлануына, өзіндік шешім қабылдауына, сапалы білім алып, өмірде қолдана алатын дағдыларды игеруіне толыққанды ықпал етпейтінін түсіндім. Сондықтан да өз сабақтарымның құрылымына түбегейлі өзгеріс жасадым. Интербелсенді әдістерді қолдануда сұрақ қою – маңызды дағдылардың бірі. Студенттерге сабақты меңгерту барысында ашық сұрақтарды кеңінен пайдаланып, олардың қажетті білім қорын жинауына, еркін сөйлеуіне, өз тұрғыластарына құрметпен қарап, ұсынған пікірлерін соңына дейін тыңдау дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету мүмкіндігі пайда болды. Осыған орай интербелсенді әдістер негізінде «Балалар әдебиеті» пәнінен өткізілген дәрістік сабақ үлгісін ұсынып отырмын.

*Дәріс тақырыбы:*Қазіргі балалар поэзиясы

*Топ:*5В010100-«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының 2,3 курс студенттері

*Дәріс түрі:*Проблемалық дәріс

Дәріс жоспары:

1. Қазіргі балалар поэзиясының көрнекті өкілдері жайлы мәлімет
2. Балалар поэзиясының мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіндегі маңызы

*Сабақ мақсаты:*Студенттер оқытушының қойған проблемалық сұрақтарына жауап іздестіру мақсатында, қазақ балалар поэзиясының көрнекті өкілдері жайлы біліммен танысады, балалар поэзиясының мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіндегі орнын айқындайды, талдайды, өзіндік түсінік қалыптастырады, практикада қолдану мәселелерін қарастырады.

*Алғышарттар:*Осы сабақтағы білімді терең игеру үшін студенттерде қазақ балалар поэзиясы, мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесі туралы түсініктері болып, олар оқытудың интербелсенді әдістерін («Атаулар туралы үш сұрақ», «Бірін-бірі оқыту», «Кластер», «Позиция таңдау», «Қос жазба күнделігі», «Бестармақ», «Шығу парағы») қолдана алып, өздігімен және бірлесе жұмыс жасай алуы қажет.

*Қажетті материалдар:*Сабақта дәріс мәтіні, А-4 форматындағы қағаз, маркер, плакаттар, дыбыстық құрылғылар, видео жазбалар қолданылады.

Уақытты меңгеру: «Проблеманы айқындау» кезеңі – 10 минут.; «Проблема шешу» кезеңі- 25 минут.;«Проблема шешімін қолдану» кезеңі – 15 минут.

Слайд №1. Сабақ тақырыбы «Қазіргі балалар поэзиясы»

I. «Проблеманы айқындау» кезеңі. Топқа бөлу. Студенттерді 9-дан тұратын шағын топтарға арнайы тапсырма негізінде бөлу.

Медитация. Білім

Слайд №2.«Атаулар туралы үш сұрақ» әдісін пайдалана отырып**,** жаңа тақырып бойынша үш терминді тақтаға жазып, студенттерге осы атауларға қатысты келесідей сұрақтарға жазбаша жауап беру тапсырылады (*балалар поэзиясы, көрнекті өкіл, тәрбие*)

1-сұрақ: Бұл терминдерді Сіз бұрынырақта естідіңіз бе және мәнін түсіндіре аласыз ба? *(Слайд №3).*

Оқытушының кіріспе сөзі

- Қазіргі балалар поэзиясының көрнекті өкілдері жайлы мәліметтер келтіру *(Слайд №4).*
- М.Әлімбаев видеоролигі көрсетіледі*(Слайд №5).*
- Қ.Мырзалиев видеоролигі көрсетіледі*(Слайд №6).*

2-сұрақ: Осы ақындардың өлеңдерін жатқа білесіз бе? Дәлелдеңіз *(Слайд №7)*

3-сұрақ: Балалар ақындары өлеңдерінің мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіне ықпалы бар ма? *(Слайд №8).*

Түсіну

Студенттерге лекция мәтіні таратылып, оны топ ішінде оқу және талқылау тапсырылады. *«Бірін-бірі оқыту» әдісі көмегімен – «Үйрете отырып, үйренемін»*қағидасы жүзеге асырылады (Слайд №9).

Лекцияның әр бөлігінен кейін студенттер алдын-ала белгіленген кезекпен оқытушы рөлінде келесідей амалдарды орындайды:

1) Оқытушы рөліндегі студент лекция бөлігі аяқталғаннан кейін лекцияда айтылғанды қасындағыларға қорытындылап шығады;

2) Одан кейін оқытушы рөліндегі студент қасындағы студенттерге лекция мазмұны бойынша екі-үш сұрақ қояды, оның бұл жерде студенттер арасында кішігірім пікірталас тудыруы да ықтимал;

3) Оқытушы рөліндегі студент өз тобындағы студенттердің туындаған сұрақтарына жауап беріп, лекцияның қиын жерлерін түсіндіреді.

II. «Проблема шешу» кезеңі.Қолдану.«Кластер» әдісі арқылы идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындау мақсатында топтарға жазба кестелер құрастыру тапсырылады. Тапсырманы орындап болған соң студенттер орындаған тапсырманы демонстрациялап көрсетеді (Слайд №10).

Талдау.

Студентерге «Қазақ балалар поэзиясы мектеп жасына дейінгі балаларға неше жастан бастап нәтижелі тәрбие бере алады? Не себепті?» және «Қазақ

балалар поэзиясының мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудегі ерекшеліктері қандай?», «Қазақ балалар поэзиясы арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің жолдары бүгінгі күні өзекті мәселе ме? Неліктен?» деген проблемалық сұрақ қойылады*(Слайд №11).* .

«Позиция таңдау» әдісі арқылы осы сұрақ төңірегінде әр топ проблеманы шешудің жолдарын ұсынады. Осы проблемалық сұрақтың шешімі табылғаннан соң, *«Қос жазба күнделігі»* әдісі арқылы әр топ лекцияда өзінің назарын тоқтатқан, немесе ерекше толғандырған (келісетін, келісе алмайтын, қызықтырған, т.б.) үзінділерді «Үзінді» бөліміне, қағаздың оң жағы «Түсіндірме» (немесе (Комментарий») бөліміне студент сол жақта келтірген жазбаларының түсіндірмесін келтіреді: неліктен ол бұл үзінділерді жазып алды, оның себебі қандай? *(Слайд №12.*Бұл баған сол жақтағыға қарағанда маңыздырақ болғандықтан, көлемді түрде тұтас сөйлемдерден тұруы керектігі студенттерге хабарланады.

Лекция бөліктері арасындағы үзілістерде студенттер жұптасып, жазғандарымен бөлісіп, талқылайды, пікірлеседі.

III. «Проблема шешімін қолдану» кезеңі.Синтез.«Бестармақ» әдісі арқылы берілген 11 сөздің көмегімен студенттер топпен өз ойын қорытындылау үшін бес тармақ өлең жолдарын құрастырады (*Слайд №13).*

*Бағалау.«Венн диаграммасы»*әдісі арқылы ақындардың ұқсастығын, ерекшелігін айқындау мақсатындағы тапсырма орындалады.

«Шығу парағы» әдісі арқылысабақ аяғында студенттер бірнеше сұраққа (2-3 сұрақ) жазбаша немесе ауызша жауап береді*(Слайд №14).* Ол сұрақтар (немесе тапсырмалар) сабақты қорытындылап, сабақтың қалай өткендігін бағалайды:

- Бүгін не үйрендіңіздер?
- Сабақ бойынша қандай сұрақтарыңыз бар?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?
- Сіз үшін сабақтың құнды жәйттері қандай болды?
- Бүгінгі үйренгеніңіз Сіз үшін болашақта қажет болады деп ойлайсыз ба?
- Осы тақырып бойынша тағы да не білгіңіз келеді?
- Сабақтың өту барысы бойынша қандай пікірлеріңіз/ұсыныстарыңыз бар?

Оқытушының қорытынды сөзі. Тапсырма беру.

Саралай келгенде жоғары оқу орындарындағы кредиттік оқыту жүйесінде интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану оқытушылар жұмысына өте оңтайлы. Себебі, бұрындары дәрістерді баяндап, түсіндіріп, дәлелдеп өзімізді физикалық тұрғыда шаршатсақ, тәжірибелік сабақтарда арнайы тақырып бойынша студенттер оқып келгендерін бірсарынды баяндап шығатын. Естігеніміз бен көргенімізді ғана бағалап қоятынбыз. Ал, топтық жұмыстарда «студенттердің белсенділігі мен өз бетінше ізденуге, білмегенін іздеп табуға деген құлшынысы оянады ма?» деген ойға келдім. Себебі, әр топ мүшесі өз ортасындағы жауапкершілікті ұғынған сайын олардың ізденушілік танымдары жетіле бастайды. Бәсекеге қабілеттіліктің барысында білімдерін толықтырып, ғылыми бағытта өсу қажеттігін түсінеді әрі пайдалы білім қорын іздеп тауып, реті келгенде кәдеге жаратады.Сондықтан да болашақ

педагог мамандарды кәсіби тұрғыда даярлауда аталмыш үрдісті жетік меңгеріп, тәжірибеде нәтижеге жету – аса маңызды іс. Данышпан Абайдың: «…Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» - дегеніндей, студенттерге болашақ маман ретінде: кәсіби деңгейі жоғары, зияткерлік, шығармашылық әлеуеті мол тұлға болуды түсіндірумен қатар, жаңа бағдарламаларды, инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгерту қажет.

Әдебиеттер:
1. Қабатай Б. Балалар әдебиеті. Оқу- әдістемелік құрал – ҚазҰПУ, 2010.
2. Асхат Әлімов . Интербелсенді әдістерді ЖОО қолдану ,. Алматы, 2009ж.
3. Құнанбайұлы А. Шығармаларының толық жинағы.А.,2004.

ШЕРНИЯЗ – ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІКТІҢ ҰРАНШЫСЫ

Ш А. Шортанбаев
аға оқытушы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Алматы, Қазақстан
shokhan.shortanbaev@gmail.com

Аннотация. *В статье рассматривается творчество одного из казахских одухотворенных поэтов Шернияза Жарылгасулы, жившего в XIX веке, активно участвовавшего крестьянской восстании предводителейИсатая и Махамбета и ставшего великим сказанником. Он также выделился благодаря огромному вкладу в развитие исконно - казахского искусства "суырыпсалма" и его совершенствованию. Произведения Шернияза, описывающие состояние и положение эпохи с идейно-эстетическими особенностями и политическо-социальной чертой, внесли лепту в обагащение духовного богатства казахской литературы.*

Поэзия Шернияза оценивается как воспевающая истуну настоящего, обдумывающая прошлое и заинтересовавшая будущее своей страны.

Ключевые слова: *поэт, поэзия, национальная идея, единство страны, стих, сказанник восстания, эстетическая.*

Abstract. *The article considers acreative writing of one of the inspiredkazakh poets ShernijazZharylgasuly, who lived in the XIX century and actively participated in peasant movement of Isatai and Makhambet, and became the teller of that time. He is alsonotable for his enormous contribution to the development of native Kazakh art "suyrypsalma" and it's improvement. Works of Shernijaz, describing the state and situation of thatperiod with ideological and aesthetic peculiarities and political-social features made a huge contribution to Kazakh literature.*

Shernijaz's poetry is evaluated as aglorifying the truth of the present, contemplating the past and motivating the future of the country.

Keywords: *poet, poetry, national idea, the unity of the country, the verse, the teller of uprising, aesthetic.*

XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ қоғамында да күрделі өзгерістер орын алғаны тарихтан белгілі. Ресей патшалығының және Қоқан хандығының, Хиуа бектерінің елді отарлау саясаты халықты ашындырғаны анық. Ел билеушілерінің де қысымы, көрсеткен зәбірі де ушыққан кезең еді. Езгіге түскен ел-жұртының қамын жеген сөз өнері иелері өз өлең-толғауларында заманның қайғы-қасіретін, мұң-шерін, арман-тілегін жырлады. «Зар заман ақындары» деген атауға ие болған бұл топтың ішінде Шернияз Жарылғасұлының да аты аталады.

Шернияз Жарылғасұлы – XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың арқалы ақындарының бірі. Ақтөбе облысы, Ойыл ауданында 1807 жылы дүниеге келіп, алпыс жыл өмір сүріп, өмірден өткен. Исатай-Махамбет бастаған шаруалар көтерілісіне белсене қатысып, оның жалынды жыршысына айналған. Исатай мен Махамбеттің айнымас досы, серігі болған. Ол қазақтың ежелден келе жатқан суырыпсалмалық өнерін мейлінше жетілдіруге, кемелдендіруге зор үлес қосқан ақын ретінде де ерекшеленеді. Он бір буынды өлеңді де еркін, кең қолданған. Ақынның Баймағамбет сұлтанға айтқан өлеңдері бұл сөзімізге дәлел бола алады.

Заманның халін, күйін айтқан Шернияздың шығармалары идеялық-көркемдік ерекшеліктерімен, саяси-әлеуметтік сипатымен қазақ әдебиетінің рухани қазынасын байытуға үлес қосты. Отаршылдық езгіні сынады, халықтың қасіретін шын ұғып, шынайы жырлады. Елі үшін ерлік іс атқарған Исатай, Махамбеттей ерлердің әрекетін құптап, ісімен де, өлеңімен де жігерлендірді. Халқының саят-санасын, әдет-ғұрпын, баянды күндерін жырлады. Елінің ертеңгі күніне үміт артып, келешегінің кемел болатынына сенді.

Шернияздың ата-тегіне, өскен ортасына ақындық мұрасына қатысты алғаш пікір білдіріп, орнықты ой айтқандардың бірі – Халел Досмұхамедұлы. Ғалым зерттеулерінде өзге де ақындармен қатар Шернияз есімі ілтипатпен аталып, оның өлең өнеріне, өріміне қосқан үлесін әдеби тұрғыдан талдап, зерделейді. «Шернияздың әзілқойлығы, біреудің міні табуға, не көзге мақтай қоюға шеберлігі, қысылған жерде сөз тапқырлығы, күлдіргі сөзге ұсталығы таңданарлық нәрсе», [1,121б.] – деп, оның бойындағы қасиеттерді тізбелеп, ақындық, адамдық болмыс-бітімін ерекшелеп көрсетуге тырысады.

Шернияз Жарылғасұлының шығармалары әдебиет тарихында өзіндік орны бар, шынай, өткір туындылары ел арасында ерте жайылып, халқының жүрегінен орын алғанын айтуға тиіспіз. Тауып айтуға шебер, сөзді ойнатуға құмбыл, тайсалмай сөйлейтін шешен болғаны ақын атын ерте танытып, атағын алаш жұртына жайғаны мәлім. Тіл қолданысындағы өзіне тән ерекшелік, өлең өріміндегі, құрылымындағы өзгешелік, стильдік, көркемдік ерекшелік Шернияз өлеңін өзгелерден айрықшалап, өзіндік үнін айқын аңғартатынын алаш әдебиеттанушыларынан бастап айтып келе жатыр. Әдебиеттегі арнау өлеңдерді, сатира дәстүрін де кеңінен дамытқанын, сарай ақыны емес, халықшыл бағытта ұстанғанын да ұмытпауымыз керек.

Ия, шынында, Шернияз өзіне дейінгі әдеби дәстүр үлгілерін мансұқтаған жоқ, оны тиісінше игеріп, меңгеріп, өлеңдеріне халықтық сипат, ұлттық рух дарыта алды. Жай, жалаң ұрандамай, бостандықты, ерлікті жырлауда ерекше үн қатып, дидактикалық сарынды азаматтық, реалистік сипатқа ауыстыра алды.

«Махамбет, Шернияз өлеңдерінің идеялық мазмұны хан, сұлтан, би-феодалдардың халықты езіп отырғандығын әшкерелеуге, халықты соларға қарсы күреске үндеуге арналса, олардың қолданған сөз образдары поэтик тілін, жалпы сөздіктерінің халық көпшілігіне түсініктілігін керек етті. Олар өздерінің мағынасы тұжырымды, дәл, анық және образдарының өмір шындығынан алынуына, жұртшылыққа мейлінше түсінікті болуына алдымен көңіл бөлді». [2, 278 б.].

Заманы арқалатқан жүктің ауырлығын, жауапкершілігін айқын сезініп, еркіндік үшін алысуға, бостандық үшін күресуге басын бәйгеге тікті. Ерлікті дәріптеді, ерлердің ісін үлгі етті. Бұрынғы өткен дәуірдегі тыныштықты аңсады, келер замандағы бостандық күніне тезірек жетуді қалап, өлеңдеріне қосты. Ол өлеңдер өзгеше өріммен өріліп, жеке бастың халін көрсету деңгейінен шырқай көтеріліп, елдік мүдде, халықтың сипат баса айтылды. Шернияздың шерлі өлеңінен халықтың мұңы көрінді, арман-тілегі айтылды.

Жұрт теңгеріп тұруға,
Әділ төре, хан керек;
Ханның көркін сұрасаң,
Қара орман ел керек.

Ел ішінің алатайдай бүлінгеніне алаңдап, ел-жұртын уысында ұстайтын, ішкі-сыртқы дұшпанға алдырмайтын басшының осалдығына күйініп, жұртты теңгеріп ұстап тұруға әділ төре, адал хан керек деп есептейді. Сонда ғана қара ормандай халқының берекесі кіреді, іргелі ел бола алады дегенді меңзейді.

Жұр жабылып ішетін,
Айдын-шалқан көл керек;
Ел үстіне жау келсе,
Көк бөрідей ер керек, -

деп ежелге жыраулық поэзия дәстүріне салып төкпелегенмен, ақынның ойы анық, айтары айқын.

«Өйткені, олар (билеушілер) – өз сүйіктестерінің ар-абыройын, жер жайлауын, мүлік-мүкәмалын малға, мансапқа аяусыз сатушылар. Махамбеттің «қабырғасын бір-бірлеп сөксе де, қабағын шытпас» қайсар, қайтпас ымырасыздығының бір түйткілі осында. Хан – әділетсіз, би – жалақор тұста ол жалғыз нәрсені – «бір бойында бес еркектің буы бар», «елге етене батырлықты ғана марапаттауға мәжбүр» [3, 100 б.].

Ата-бабадан мирас болып келе жатқан жазиралы өлкені, айдын-шалқар көлді, көкорай белді, кең сахараны сақтап қалуға, болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдыруға тиіспіз, ал ол үшін, мынадай қиын-қыстау кезеңде көмекке келер, ел шетін жаудан қорғар ерлердің орны бөлек екенін, мұндай міндетті атқаруға бел шеше кіріскен Исатай, Махамбеттерге дем

беріп, қолдау керек дегенді ашық айтады. Басыңнан ұшса дәулетің, айналып қайта оралмайтынын сезеді.

Көмексіз болса, ер жігіт,
Жалғыз теңдік таба алмас.
Жалғыздың ісі оңалмас,
Көптің ісі жоғалмас,-

деп жырлаған ақынның айтар ойы анық та қанық. Жауға жалғыз шабатын көзсіз батырлардың заманы өткенін, бірігіп қана жауды жеңуге болатын меңзеп, ел азаматтарын ерлік іс қылуға, көп болып, жұмылып, әрекет етуге шақырады. Исатай, Махамбеттердің аз, жалғыз екеніне алаңдап, тізе қосып ұмтылуға, кеңесіп, көп қол болуға үндейді. Елінің ертеңіне алаңдар, болашағына қам жер азаматтарды үлгі етіп, алаштың басын қосар күнді ойлайды. Ел бүтіндігін сақтауда, іргесін нықтауда ерлердің ісі әрдайым көпке үлгі болатынын ескеріп, ел үмітін ақтар ерлердің орны бөлек екенін жырға қосады. Ел болып қалудың, ертеңгі ұрпаққа аманаттар жерге ие болудың көбіне-көп ер-азаматтарға байланысты екенін шынайы жеткізеді**.**

Ақын Баймағамбетке өз қайғысын айтқандай болып көрінгенмен, өлеңдерінде елдің үні, халықтың мүддесі басым түсіп жатады. Ел басындағы ауыр халді айтып қана қоймай, ел тарихының арғы кезеңдеріне де тоқталып, дәл осы күнгідей бүлінбегенін алға тартып, іріткі салуды қоймаса, ел ертеңінің бұлыңғыр екенін ашық айтып, бетіне басады.

Быт-шыт болып бөлінген қазақ жұрты,
Заманға ұшырадық «бұл күн»деген.
Төре кетіп, төбеде төбет қалып
Туып тұр ел басына «бұл күн» деген.

Ел басына түскен қайғы-қасіреттің салмағының қаншалықты ауыр екенін сездіріп тұр емес пе? Ата қоныстан, жайлы жерден айрылған елдің күні, ертеңі не болмақ? Тоз-тоз болып, тарыдай шашыраған ел-жұртының қамын кім ойламақ? Осындай ауыр сауалдар тек Шерниязды ғана емес, дүйім жұртты толғандыратыны анық.

Қазақтың қара жұртын быт-шыт қылған,
Төре емессің, төбетсің, дым білмеген, -

десе, Шернияздың бұл сөздерді тектен-текке айтпағаны. Сұлтанды итке теңеп, кіжінуі, қатынға теңеп, төмендетуі де ашынғаннан шыққан сөз. Ел ұстап, жұрт билейтін қылығының қалмағанын бетке айтудан тайсалмаған ақынның жеке бастың, сарайдың мүддесін көздеуден оқ бойы озық тұрғанын дәлелдеп тұрған жоқ па?!

Кешегі ел ұстаған ата-бабаларының аманатын аяқм асты етіп, кең көшіп, ен жайлаған қалың қазақтың бүгінгі күніне жауапты екенін бетіне басып, «кеуірден түршіккен соң, толықсыған» қалпына риза еместігін шіміркпей айтқан Шернияздың ел еркесі ғана емес, серкесі бола алғанына да сенеміз.

«Байеке, күнім қайда баяғыдай, Байлардың шетке шықтым саяғындай», - деуінен-ақ, бұрынғы өмірді, ескі заманды аңсайтынын, тоқты қоздап, тай құлындап, бірі мың болып, ел қысы-жазы еркіндікте өмір сүріп жататын жайлы күндерден көз жазып қалғанына өкінетінін аңдатады.

«Баласы алты алаштың сізді тілеп,
Ақ патша шақырғанда дұға қылдық», - деп емеурінін ашық білдіреді. Ақын арманы – бар байлығынан, жерінен, малынан айрылғалы отырған халқын қайткен күнде отаршылдық езгіден аман сақтап қалу. Құт мекеннен, ен қоныстан айрылудың қандай екенін тұспалдап, етек-жеңді жиюға, бірлікке, ынтымаққа шақырады. Ата-бабадан жеткен аманатты болашақ ұрпаққа табыстаудың қаншалықты маңызды екенін түсінеді. Ел болып өмір сүрудің қамын ерте ойлаған бұрынғы би, хандардың, сұлтандардың өмірін, ұстанымын үлгі етіп, олардың аманатын ертеңге шашау шығармай жеткізудің қажет екенін батыл айтып, бас имей, қасқайып өткен ақынның айтқаны көп, айтары мол еді.

«Поэзияда оқушыны сүйсіндіретін өзгешелік саяси бағытының айқындығы, көркемдік бояуының ашықтығы, сұлулығы. Поэманы оқи отырып, Шернияздың бөгетсіз ақындығына, бұлақтай тасыған пікірін тамаша тапқырлықпен, аса көркем сөзбен беруіне мейірің қана сүйсінесің» [4, 172 б.].

Осынау аласапыран шақта ақын өткенін ойлап мұңаяды. Қас дұшпанға қарсы тұрып, ерлік көрсеткен батырларын еске алады. Елін жауға бермей, халқын қалқан болып қорғаған хан, билерін сағынады.

Не жайсаңдар өтпеген,
Озған жүйрік тобынан.
Неше шешен ақындар,
Жау жүректі батырлар,
Жас басынан қағынған.
Шалқыған заман бар еді,
Іздегенің табылған...

Ақынның өткенді аңсауы тек торығу ғана емес, бабалар даңқын жоғары көтеру, еске алу арқылы қайта тіктелу, ширығу сипатында көрінеді. Ел тыныштығын бұзғандардың ісінен түңіліп, ертеде өткен жақсы мен жайсаңдардың өнегелі ісін жалғастырар, үмітін ертеңге жалғар ер-азаматтардың рухын көтеру, батырлық, ерлік қарекеттерін дәріптеу т.с.с. болатын ақын арманы. Елін сақтар ерлерді үлгі ете отырып, олардың ерлік ісін жалғастырар ұрпаққа ұран тастау, ерлік күрес пен елдік мүддені ту етер ұландарды бостандық үшін, тәуелсіздік үшін күреске шақыру, рухын ояту, намысын жану болатын. Осы аңсау арқылы халықтың шерін қозғау, ертеңнен үміт үзбеуді шақыруды ойлаған Шернияз ақынның арманы асқақ, ұстанған бағыты айқын екенін байқаймыз.

Шернияз шырайлы, құнарлы тілмен замана шындығын жырлап, ел өткенін екшеп, болашағына көз тіккен ақын ретінде санамызға сіңіп, орнықты. Елдің тыныштығын ойлап, болашағының баянды болуына атсалысты. Өленderінде туған елдің өткеніне, келешегіне деген көзқарасы анық танылып, өткенді үлгі тұтып, үлгілі жақтарын болашақ ұрпаққа аманаттады. Ұлттық рух пен намысқа қайралған поэзиясында ұлт өмірінің шынайы көрінісі бедерленіп, ұрпақтың тағылым алар тұсы анықталып, ой түйер, сабақ алар сәттері қаперімізге салынды. Ел бірлігі, ұлт тұтастығы дейтін құндылықтарымызды қадірлеуге, асыл қасиеттерімізді қастерлеуге

үйретті. Ұлтымыздың бойынан кездесер кемшіліктер тізбеленіп, сараланып, болашаққа бірге барар, серік болар құндылықтарымызды сараптауға септігі тиетін өлеңдер қалдырды.

Ақын өлеңдерінің тағылымды, түйінді тұстарынан бүгінгі ұрпақ та рухани азық алып, байып, нәрленіп, келешекке күмәнсіз көз тіккенде қажетіне жарар рухани қазынамен табысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Досмұхамедұлы Х. Қазақ әдебиетінің бастаулары. –Алматы: Ана тілі, 1998.- 256 бет.
2. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Орал: Ағартушы, 2010. – 436 бет.
3. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2001. – 336 бет.
4. Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиеттің тарихынан очерктер. – Алматы, 2002. – 172 б.

ҚАЗАҚ ЭПОСТАРЫНЫҢ ТАРИХИЛЫҒЫ

А.Б. Анасова ,
магистр
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты
anasova_ainash@mail.ru
Д.С. Сапанова ,
№15 орта мектебінің директоры
Dilnara1978@mail.ru
Қостанай, Қазақстан

Аннотация. *В данной статье рассматривается вопрос об историчности казахских эпосов и об использовании их как исторического источника*

Abstract. *In this article the question of historicity of the Kazakh eposes is considered*

Ключевые солова. *Батырлық жыр ,эпостық жырлар, тарихи дереккөз, эпостың тарихилығы қызылбастар, қалмақтар.*

Әр халықтың батырлық жыры ең алдымен сол халықтың басынан кешірген сан қилы тарихи оқиғалармен тікелей байланысты. Бұлардың барлығы да ел тарихына, жер тарихына, ғасырлар бойы қазақ даласында қоныс тепкендердің рухани дүниесіне үңіліп, елінің, жерінің тарихынан хабардар болғысы келетіндер үшін ой саларлық жырлар.

Эпостық жырлардан біз қазақ халқының тағдыр-талайын, тарихи және көркем ойлау ерекшелектерін, сонымен қатар рухани - интеллектуалдық деңгейін де байқаймыз.

Қазақ эпостану ғылымында батырлық жырлардың табиғатына байланысты зерттеулер, ғылыми-ізденістер аз болған жоқ. Эпостық мұрамыздың жиналып, жарияланып зерттелуі Ш.Уәлиханов, Э.Диваев, Г.Потанин, В.Радлов, Ә. Бөкейханов, М. Әуезов еңбектерінен бастау алып, одан бергі кезеңде түрлі танымдық белестерге көтеріліп келеді.

Эпостық жырлардың тарихилығын зерттеу, оларды тарихи дереккөз ретінде бағалау Т.А. Гуриев, В.Я. Евсеев, А.М. Линевский, И.Б. Молдобаев, Ж.Ш. Хошниязов еңбектерінен анық байқалады. [1,107б] Соңғы ондаған жылдар көлемінде сонау бір жылдары ғылыми оралымнан шығарылып тасталған бұл бағыт қазақ эпостану ғылымынан да орын алып, күн тәртібіне қойыла бастады. Соның бірі – эпостың тарихилығы қаһармандық жырлардың өмірде болған оқиғаларға қатысы және эпосты тарихи дереккөз ретінде пайдалану мәселесі де осы ғылыми арнамен сабақтасып жатады.

Осындай шығармалар қатарына қазақ халқының ертеден келе жатқан мұралары Қара Қыпшақ Қобыланды батыр, Алпамыс батыр, Ер Тарғын, Едіге, Қамбар батыр жырларын жатқызамыз. Осы шығармаларды негізге ала отырып, олардың тарихи негіздерін айқындау, жырлардағы қазақ тарихының кейбір мәселелерін қарастырып ашу бүгінде кезек күттірмес мәселелердің бірі болып табылады. Бұл шығармалар қазақ әдебиеті саласында көркемдік ерекшеліктерімен қандай құнды болса, тарих үшін де айрықша мәнді.

Батырлар жыры көбінесе Отанын сыртқы жаулардан қорғау, өз елін басқа- ларға тәуелді етпеу тілегін қамтиды, сол идеяны берік ұстайды. Қазақ эпостары- ның қай-қайсысын алсақ та, қыпшақ, ноғайлы қазақтары қызылбастарға, қалмақтарға қарсы күреседі. Бұл жырлардың көпшілігінде ноғайлының жерін қалмақтың жаулап алмақшы болуына байланысты үлкен оқиғалар көрініс тапқан.

«Едіге» жырындағы негізгі оқиғалар өрістейтін мекен - Алтын Орда мемле- кетінің шегі. Негізгі кейіпкерлер өмірде жасаған, өз кезінде кеңінен танымал нақты адамдар, бұлардың жырға өзек болған іс-әрекеті араласқан оқиғалары - тарихи шындық ауқымында.

«Едіге» батыр жыры туралы кең де кемел пікір айтушылардың бірі күрескер ақын, әрі қоғам қайраткері С.Сейфуллин болатын. Алдымен жырдың қандай тарихи дәуір туындысы екеніне жауап айтылған: «Қоспа ертектерін жапсырма «кереметтерін» былай тастағанда қазақтың ескі ел әдебиетіндегі бұл Едіге батыр әңгімесінің Алтын Орда іріп-шіріп бастаған кездегі заманның оқиғаларына бірсыпыра меңзейтін жәйттері көрінеді», - дейді [2,185б] ол.

С.Сейфуллин Тоқтамыс пен Едігенің дау-таласында елдің Едігенің тілеулісі болуының себебін де тарихи оқиғалармен дәлелдейді. Зерттеушінің пайымдауынша, ноғайлардың бір бөлігі хандар зорлығының салдарынан Қырымнан жер ауып, Еділ мен Жайыққа босқаны, сол үшін үстем билеушілерге кекті болуы себепті олар Едігенің күресін барынша қолдаған.

Ал, «Қобыланды батыр» жырындағы оқиғалар қыпшақтар мен қызылбастар, қалмақтар арасында болды.[3,78б] Келтірілген эпостағы жер аттары, қыпшақ елі, бәрі де тарихи деректер. Демек, бұл жағынан жыр мен тарих арасында еш қайшылық жоқ. Бұл жырда аталған кез, ондағы оқиғалар шындыққа сәйкес келеді.

Олай деуімізге бірнеше дәлел келтірейік: «Қобыланды батыр» жырының Марабай, Мергенбай, Біржан, Досжан жырлаған нұсқалары қыпшақтар мен қы- зылбастардың арасында көп заманға созылған қарым-қатынастарды, талас-тар- тыстарды көрсетеді. Қыпшақтардың Қобыланды бастаған батырларының шетелдік жау қызылбастарға қарсы жүргізген ерлік күресі суреттеледі. Сонда қыпшақ еліне бірінші болып ұрынатын қызылбастың Қазан ханы болады.

«Қобыланды батыр» жырына арналған сын мақаласында Ә.Бөкейханов оны Тоқтамыстың тоғыз батырының бірі ретінде атап, XIV ғасырда өмір сүрген деп мөлшерлеген. Эпостық жырдың арқауында ежелгі ру - тайпалар тарихы жатады деген ойды М. Әуезов еңбектерінен де аңғарамыз.

Эпос ноғайлы, қыпшақ, қырғыздар бір ел болып жүрген кездері туған деген ғалым халықтық топонимияға сүйеніп, Қобыландыны тарихта болған адам деп біледі. Жалпы қазақ эпосындағы батырлар тұлғасына келгенде М.Әуезов олардың бәрі «Ертеде туғандары да, кейінірек шығарылғандары да - анық тарихи оқиғаларға негізделген ал басты - басты кейіпкерлері тарихта болған адамдар». [4,426 б]

Қазақ эпосының тарихилығына қатысты ой «Қамбар батыр» жыры тұсындағы Н.С.Смирнова пікірлерінен де кездеседі. Ғалымның жырдың тарихи арқауы ноғайлы, өзбек ұлысына енген тайпалар ортасынан іздеуі соны байқатады. [5,253б]

Жырдың барлық нұсқаларында да қалмақ ханы Назымды алам деп ноғайлы еліне шабуыл жасан, оларды бүліншілікке ұшыратып отырады. Ал, Қамбар ноғайлы жұртын қорғайды. Қалмақ ханының әскерімен соғысып, оларды жеңеді. Жырда жағымды образдардан: Қамбар, Назым, Алшыораз, жағымсыз кейіпкерлердің қалмақтың ханы Мақтым жырланады. [6,86 б]

Қазақ халқының эпикалық шығармаларының ішіндегі жақсы үлгілерінің бірі келесі жыр-Алпамыс туралы жыр қазақ, өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт, алтай халықтарында бар.

«Алпамыс» жырының қазақша нұсқаларында XVI-XVIII ғасырлардағы азаттық идеясы-қалмақ хандарымен күресу, олардың шабуылынан қорғану идеясы пайда болады. XVIII ғасырда, әсіресе XIX-XX ғасырларда жыр бірқатар жаңа идеялармен толыға түседі. Бұл кезеңде шыққан жырды ру басының өз жерлестеріне, туған халқына зорлық-зомбылық жасауына, олардын бейбіт елді жаулап алуына қарсылық күшейе түседі. Сондықтан да «Алпамыс» жырында Қоңырат руының билігін қолына алған Ұлтан мен Алпамыс арасындағы тартыс тақырыбы терең суреттеледі. Бұл дәуірде ислам дінінің халық санасына ықпалын тигізу нәтижесінде «Алпамыс» жырында діншілдік идеялар көріне бастайды.

Басқа жырларға қарағанда, «Ер Тарғын» жырының нұсқалары көп емес. Ел аузында айтылып жүрген «Тарғын» жырының оқиғасы жағынан ең толығы да, мазмұны, көркемдігі жағынан ең құндысы да Н.И.Ильминский бастырған нұсқа.

Қазақ эпосымен оның тарихи негізіне қатысты ой-ұшқындары Қ.Досмұхамбетовтың «Қазақ халық әдебиеті» атты еңбегінде кездесіп отырады. Ол Ер Тарғынды Алтын Орда мен Қазақ хандығы тұсында өмір сүрген, бір-ақ келе - келе есімі аңызға айналған тұлға деп біледі.

Сонымен, қорытындылай келе батырлар жыры тек әдебиеттік мұра емес, қазақ халқының өткендегі тұрмысынан, экономикасынан, қоғамдық-тарихтық болмысынан бағалы деректер бере алатын құнды материал. Әрине, тарихи мәліметтерге ел-қиялы қосқан қоспа жайларда араласады. Шындық өмір елесімен қатар ертегілік әсерлеу де басым болады. Соған қарамастан, қазақ тарихының кейбір мәселелері жайлы құнды деректер алуға болады.

Бүгінгі күннің талабы халқымыздың осы мол мұрасын өткен тарихымызды зерттеуде дерек ретінде пайдалануға бола ма, болса қалай пайдаланамыз деген мәселелерді алдымызға қоюда. Бұған біз дерек ретінде пайдалануға толық болады деп айтар едік. Бұл деректердің артықшылығы бар: оларды халықтың өзі қалдырғандығында.

Бұл реттен белгілі эпостанушы Ш.Ыбраевтың: «Эпостың негізі - тарихи шындық. Әсіресе, ол эпосты тудырған ортаға, халықтың жер - су атауларына тікелей қатысы бар» - деген пікірінің маңызы зор.

Қазақ эпостары - қазақ тарихының келелі кезеңдері оқиғаларынан хабар, дерек бере алатын рухани қазына.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Гуриев Т.А. Исторические основы некоторых антропонимов в осетинском нартовском эпосе // Фольклор и историческая этнография. – Москва,1983. - 107 с. Хошниязов Ж.Ш. Историко-фольклорная характеристика каракалпакской версии эпоса Алпамыш Т. 1978.
2. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. – Алматы, 1932. - 185 бет.
3. Қобыланды батыр. Казахский героический эпос. - Москва: Наука, 1975. - 78 с.
4. М.Әуезов. Әдебиет және уақыт. – Алматы, 1962. - 426 б.
5. Смирнова М.С. Основные версии Камбара. – Алматы, 1959. -253 б.
6. Батырлар жыры Қамбар батыр. – Алматы, 1986. - 186 бет

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІ ЖӘНЕ АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қ.Бажикеев
оқытушы, магистр
Қарағанды экономикалық университеті
Р.Абдирова
мұғалім
М.Жұмабаев атындағы №39 мектеп гимназия
Қарағанды, Қазақстан
Kurmet_enbek@mail.ru

Аннотация. *В статье речь идет о развитии одного из разделов казахского литературоведения – абаяведении в годы независимости. Анализируются и рассматриваются труды таких абаяведов-ученых, как Т.Журтбай, Ж.Ысмагулов, М.Мырзахметов, З.Ахметов и другие.*

Ключевые слова: *литературоведение, годы независимости, Абай, 150 лет, абаеведение, абаеведы*

Abstract. *In the article the question is about development of one of divisions of Kazakh literary criticism – study of Abai in the years of independence. The works of such specialists in study of Abai-scientifics as T.Zhurtbai, Zh.Ysmagulov, M.Myrzakhmetov, Z.Akhmetov and others are analysed and examined.*

Keywords: *literary criticism, years of independence, Abai, 150 years, study of Abai, Abai-scientifics.*

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы тамырын тереңге жайған, сала-сала бұтақтары тарамдалған алып бәйтерек іспетті. Әдебиеттің тарихы, сыны, теориясы әрқайсысы өз алдына дамып, бағытын айқындап, жетілу үстінде.

Сол сияқты бүгінде жалпы әдебиеттану ғылымының аясында әрқайсысы өз алдына жеке-жеке сала ретінде қалыптасып, дамып жатқан Абайтану, Әуезовтану, Сәкентану, Мағжантану, Шәкәрімтану, Жүсіпбектану, Бейімбеттану т.б. ілімдер де жаңа зерттеу, соны еңбектермен толығуда.

Әсіресе, бүгінгі Абайтану мен Әуезовтану ілімдерінің ахуалынан-ақ қазақ әдебиеттану ғылымының өсу өрісін аңғаруға болады. Елуінші жылдары «Абайдың ақындық мектебі бар» деген әдебиетшілердің басы үлкен дауға қалып, қуғынға ұшыраса, кейін Абайтану әдебиеттанудың ішіндегі іргелі салаға айналып, жоғарғы, орта мектептерде жеке пән ретінде оқытылатын болды.

1995 жылы Абайдың туғанына 150 жыл толуы ЮНЕСКО-ның шешімімен әлемдік деңгейде аталып өтті. Осы айтулы оқиғаға байланысты «Абай» (1995), «Абай елі» (1995) энциклопедияларымен қатар көптеген зерттеу мақалалары, кітаптар жарық көрді.

Тәуелсіздік тұсындағы Абайтануға жаңаша ғылыми сипат берген «Абай және қазіргі заман» (Өмірі мен әдеби мұраларының жаңа қырлары.1994), «Абайды оқы, таңырқа...» (1993), «Абайдың ақын шәкірттері» (1993), З.Ахметовтың «Абайдың ақындық әлемі» (1995),

Т.Әлімқұловтың «Жұмбақ жан» (1993), Т.Жұртбайдың «Күйесің, жүрек... сүйесің!..» (Абайдың жан бостандығы... немесе рухани тәуелсіздік. 2001), А.Машановтың «Әл-Фараби және Абай» (1994), М.Мырзахметұлының «Абай және Шығыс» (1994), «Абайдың адамгершілік мұраттары» (1993), «Абайтану тағлымы» (1993), «Әуезов және Абай» (1997), Қ.Өмірәлиевтің «Абай афоризмі» (1993), Р.Сыздықованың «Абайдың сөз өрнегі» (1995), Ж.Ысмағұловтың «Абай: ақындық тағлымы» (1994), А.Көбесовтің «Абайтану дәрістері» (2000), Б.Байғалиевтің «Абай өмірбаяны архив деректерінде» (2000), т.б. монографиялық зерттеу еңбектері соңғы жылдардағы қазақ әдебиеттану ғылымының татымды табыстары қатарынан саналады.

Абай даналығынан сусындау, оның тереңіне бойлау – ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса беретін міндет. Себебі, ұлтының тарихи дамуына, әр кезеңнің ұрпағына бағыт-бағдар беретін Абай ақиқаты – ескірмейтін ақиқат. Шындығында абайтану қазақ әдебиеттану ғылымында жеке сала болып қалыптасып, ең көп зерттелгендіктен, ұлы ақын мұрасының айтылмаған сыры, танылмаған қыры жоқ сияқты көрінуі мүмкін, алайда олай емес екен. Қайта Абай зерттелген сайын зейінді тарта түседі, танылған сайын тереңдей түседі.

Т.Жұртбайдың «Күйесің, жүрек... сүйесің» (Абай «Жан бостандығы...» немесе рухани бостандық) атты еңбегі осының айғағы. Зерттеуші Абайдың өзі өмір сүрген кезеңнің саяси-әлеуметтік, қоғамдық-мәдени өміріне қатынасын, оның азаматтық ұстанымын шығармалары негізінде айқындауды көздейді. Ұлы ақынның отарлау саясатына, рухани бостандық, идеологиялық тәуелділік, дін мәселелеріне, миссионерлік әрекеттерге көзқарасын әр ойына, әр сөзінің астарына мән бере отырып зерделейді. Сондай-ақ ол Абай мұрасын әрбір өзгерген заманның ырқына ыңғайлап бұрмалап түсіндірудің «оның мұраларын түсіну тәмсілін мүлде жадағайлап жіберуі мүмкін» екендігін ескертеді [1, 52].

Зерттеуші Абайдың пәлсафалық толғаныстарына аса зор мән беріп, оның көне қытай, ислам, Монтень, Ницше философияларымен ой сабақтастығын саралайды. Еңбектің танымдық маңызды тұсының бірі – Абайдың миссионерлікке көзқарасы. Бартольд, Семенов-Тяньшанский, Щербина, Алекторов, Ильминский, Ядрынцев сынды XIX ғасырда қазақ әдебиеті мен фольклорын жинақтап, зерттеу ісіне, яғни қазақ мәдениеті аясының кеңеюіне «мол үлес қосты» деп ғылым тарихында аттары құрметпен аталатын ғалым-миссионерлердің түпкі ойларын, ұлтсыздандыру, сөйтіп барып, орыстандыру саясатын қалың қазақ арасына сыналап таратушы негізгі тұлғалар екендігін нақты деректер, жазбалар мен олардың эпистолярлық мұралары негізінде қызықты әрі дәйекті жазады.

Ғалым Ж.Ысмағұловтың «Абай: ақындық тағлымы» аты зерттеуінде ақын мұрасын тың көзқараспен барлап, жаңа қырынан тануға, бұрын көлегейленіп келген соны сырларын ашуға талпыныс жасайды. Еңбектің ерекшелігі - өлеңдегі әрбір сөздің астарын ашуға, әр тіркестің мәнін айқындауға, әр тармақтың бір-бірімен байланысын байыптауы. Кітаптағы

негізгі желі – Абай шындығы. Оны зерттеуші «Болмыс шындығы», «Парасат шындығы», «Сезім шындығы», «Әсемдік шындығы», «Даналық шындығы» деп жеке-жеке тақырыптарға бөліп, қоғам мен табиғат құбылыстарынан, адам жанының ішкі иірімдерінен Абай таныған шындықты танытуға ден қояды.

Айталық, ғалым «Болмыс шындығы» атты тарауда «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Мәз болады болысың» т.б. өлеңдеріндегі ақын өмір сүрген кезеңнің әлеуметтік-қоғамдық сипатын ашып, қазақ халқының басына түскен жағдайды көрсетеді. Зерттеуші Абай өлеңдерінің түпкі мәніне, сөз астарында жататын мағынасына үңіледі. Сондай-ақ Абай өлеңдерін талдағанда зерттеуші оған дейін жасаған ақын-жыраулардың қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді арқау еткен шығармаларымен салыстыра талдап, осы тақырыптағы Абай сонылығының мәнін ашады [2, 44].

Адамгершілік мораль мен парасатқа жетелейтін өлеңдерін «Парасат шындығы» тарауында «Балам закон білді деп» қуанып отырған ата-анаға баласының шариғаттан шала болып қалмауын ескертеді. Бұл жерде де терең мағына жатыр Ақын оқыған баланың тек дін жолынан ғана кемшін қалу қаупін айтып отыр ма, әлде бүкіл ата дәстүрінен, ұлттық сана-сезімнен, ана тілінен қол үзіп, солардан жатырқап кетпеуін ескертіп отыр ма – оған ой көзімен үңіліңкірей қарау керек»,- деп ғалым бүгінгі заманда ұрпақ тәрбиесінің өзекті мәселелерін Абай ұлағатымен ұштастырады [2, 95].

Кітаптағы «Сезім шындығы» атты тарауда ақынның лирикалық өлеңдеріндегі қазақ әдебиетінде Абайдың өзі ғана бейнелей алған сезім көріністерін әр сөзіне мән бере отырып талдаса, «Әсемдік шындығында» саз өнеріндегі Абай тағылымына ден қояды. Автор «Даналық тағылымында» ақынның адам мен табиғат, өмір мен өлім жайлы терең толғаныстарын дарынды суреткерлігімен ұштастырады [2, 166].

Абайдың шығыс мәдениетіне қатысын зерттеп, танып-білу бағытында жүргізіле бастаған ғылыми жұмыстар БК(б)П ОК 1949 жылы тарихи мұраларды зерттеуге байланысты қаулыларынан кейін мүлде тоқтап қалды. Абай шығармашылығының тарихи тамырын тану соңғы кезге дейін Абайдың нәр алған үш бұлағы туралы М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Бөкейхановтың ғасыр басында жазып қалдырған ойларын ескерместен, жалпылама тұрғыда сөз болса да тереңдей зерттелмей келді. Ал кейінгі жылдары, әсіресе тәуелсіздік алып, қазақ ұлттық мәдениетінің тамырын көне шығыс мәдениетімен, түркі өркениетімен байланыстыру белең алған сәтте, Абай мұрасын шығыс әдебиетімен байланыста зерттеу өзекті мәселе қатарына шықты. Осы бағытта 1994 жылы М.Мырзахметовтың «Абай және шығыс», А.Машановтың «Әл-Фараби және Абай» атты еңбектері жарық көрді.

Аталған еңбектің алғашқысында Абайдың шығыс әлеміне қарым-қатынасын, белгілі бір ғылыми жүйеге түсіре отырып, жаңа таным тұрғысынан қайта қарастырады. Абай лирикасындағы, әсіресе, махаббат лирикасындағы шығыстық сарындар, өлең құрылысындағы шығыстық белгілер, Абай дамытқан назирагөйлік дәстүр, Абай-Низами, Абай-Әл-

Фараби мұралары арасындағы үндестік сараланады. Сондай-ақ Абайдың имандылыққа, мораль философиясына қатысы сөз болса, екінші зерттеуде Абай мұрасы, әсіресе, философиялық ойының қалыптасуындағы ұлы ұстаздың ықпалы, Абай мен Әл-Фарабидің арасындағы рухани сабақтастық мәселесі жан-жақты талданады [3].

«Абайтану тарихы» атты М.Мырзахметовтың оқу құралында ұлы Абай мұрасы, оның зерттелуі туралы жазылған құнды деректер мен мұрағат қазыналары егжей-тегжейлі екшеліп, Абайтану тарихының қалыптасуын кезең-кезеңге бөліп қарастырылады. Енбекте абайтанудың жүз жылдық тарихы, яғни Абайдың 1889 жылы жарық көрген «Семей уезі Шыңғыс елінің қазағы Ибраһим Құнанбаевтың Бақанас өзенінде Көпбейіт деген жерге қонып жатқандағы түрі» («Жаз») және «1888 жылғы май айында Ақшатау деген жерде Семей облысы мен Жетісу облысының төтенше съезі болғанда бір уездің ел билеушісінің түрі» («Болыс болдым мінеки») атты өлеңдеріне Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Дала уалаяты газетіндегі» (1989 ж.) білдірген сыни пікірінен басталып, Кәкітай, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, С.Торайғыров сияқты Абай мұрасын насихаттаушылар еңбегімен жалғасады және ақын мұрасына қатысты ХХ ғасырдың соңындағы ірі-ірі монографиялық еңбектерді (З.Ахметов «Абай и Лермонтов», С.Құспанов «Переводы Абая», Ә.Жиреншин «Абай және орыстың революционер-демократтары», М.Мырзахметов «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары»т.б.) зерделеумен аяқталады [4].

Аталған еңбектерде Абайдың мұраларына бүгінгі тәуелсіз сана, еркін ой тұрғысынан тұжырым жасалып, әлемдік әдебиеттің контекстінде зерттеушілік байқалады. ХХ ғасырдың басында Алаш ардақтылары бастау салған Абайтану саласы ХХІ ғасырдың басында осындай құнды зерттеулермен толықты. Осының өзі Абай мұраларының қай кезеңде болса да өзектілігін жоғалтпайтын өміршеңдігін айқындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұртбай Т. Күйесің, жүрек... сүйесің (Абай Жан бостандығы... немесе рухани бостандық). - Астана: Санат, 2001. - 408 б.
2. Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағлымы. - Алматы: Ғылым, 1994.–280 б.
3. Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. - Алматы: Қазақстан, 1994. – 208 б.
4. Мырхаметұлы М. Абайтану тарихы. Алматы: Ана тілі, 1994. – 192 б.

Қ.ЖҰБАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ФОЛЬКЛОРДЫҢ СИНКРЕТТІЛІК СИПАТЫ ТУРАЛЫ ОЙ-ТҰЖЫРЫМДАР

Ә.Ж. Ұлықпанова,
аға оқытушы, магистр
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ,
Ақтөбе, Қазақстан
aliya_030471@mail.ru

Аннотация. *В статье рассматривается выводы К.Жубанова о многогронности фольклора, а также идеи других фольклористов.*

Ключевые слова: *фольклор, фольклорист, синкретизм.*

Abstract. *In the article K.Zhubanov's conclugions about folklore's variety,and Edeas of folklorists arre Considered.*

Keywords: *Folklore, folklorist, syncretism.*

Бүгінгі заманға жеткен Құдайберген Жұбановтың санаулы болса да, сапасы мықты еңбектері білгір ғалымды «фольклор зерттеушісі» деп танып, батылдықпен сөз сөйлеуімізге еріксіз мәжбүр етеді. «Қойған мәселесі, жазылған стилі мен тілі, азаматтық пафосқа толы сипаты жағынан аса бағалы «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» сияқты аяқталмай қалған мақаласы мен «Төңкеріс және ұлт тілі», «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жайлы», «Қазақ тіліндегі күрделі сөздердің жасалуы» тәрізді еңбектері автор біліміннің кең диапазонын танытады» [1, 137.], – деп баға берген ғалым Р.Сыздық: «Құдайберген Жұбановтың қаламынан шыққан дүниенің бір қатары өз кезінде жарыққа шығып үлгерді, ал бірсыпырасы, оның ішінде аса бір құндылары, баспа бетін көрмей, мүлдем жоғалып та кетті, енді біраз жазбалары мемлекеттік архивтерде ғана сақталып қалғаны анықталып отыр» [2, 6.], – дейді.

Қазіргі қазақ фольклористикасында «фольклорды кешенді түрде зерттеу керек» деп келелі мәселе болып көтеріліп жүрген проблемалар Қ.Жұбанов зерттеулерінде анық айтылған. Синкретизм табиғаты таңбаланған «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жайлы» зерттеу мен орыс фольклористерінің еңбектерінен ғылыми үндестіктің ізін анық байқауға болады. «Фольклор – халықтың ауыз әдебиеті» деген пікірдің өміршең еместігін орыс ғалымдары да аз айтқан жоқ. Фольклор мен халық поэзиясының айырым-жігін анықтаған В.П.Аникин «Руский фольклор» оқулығын ғылыми жұртшылыққа ұсынса, бұл мәселені А.Н.Веселовский, В.Лесевич, Ю.М.Соколов, Н.Г.Боготырев, В.Е.Гусев, Ю.В.Бромлей, т.б. да арнайы қарастырды.

Фольклордың синкреттілік сипаты туралы зерттеуге Қ.Жұбанов та жайдан-жай бара салмаған. Ол 1929 жылдан Ленинградта аспирантурада оқып, алдыменен Шығыс тілдері институтында түрік тілдері мамандығы бойынша білім алса, 1930-32 жылдары СССР Ғылым Академиясының Тіл және ойлау институтында ғылымды зерделеген. Міне, осы кезеңде

Ресейдегі ғылым байлығының ортасында жүріп, орыс фольклористикасында белең алған зерттеу бағыттарын назарынан тыс қалдырмаған. Бүгінгі таңда фольклор ұғымының жан-жақтылығы және мағыналық көкжиегі өз алдына сан түрлі сауалдарды туындатуда. Бұл жерде негізгі екі фактор: объективті (мәдениет аясынан реальды қалыпта өмір сүріп жатқан, қоғамда әбден орныққан ерекше орны бар, іштей біртұтас құбылыстар жүйесін бөліп шығару ешқашан оңай болған емес) және субъективті (ғылымның дамуы, түрлі мектептер мен бағыттардың туындауы, трлі көзқарастар мен тәсілдердің қарама-қайшылығы) шешуші роль атқарады. XX ғасырда ғылымның бар мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жан-жақты дамуына, түбегейлі зерттелуіне кей жағдайларда таптық мүдде мен мемлекеттік талаптар кедергі келтірді. Кеңестік фольклористикадағы методологиялық монизмнің бастауын біздер XX ғ. 20-30 жылдар айрығынан табамыз, қазіргі заман тарихшысының сөзімен айтқанда: «шығармашылық ізденістер үстінде, түрлі идеялар мен көзқарастар күресінің нәтижесінде, буржуазиялық тарих, мораль, мәдениет пен өнерді таптық-пролетарлық сана жеңіп шықты». «Академиялық ғылым, халық ағарту ісі, баспасөз бен басылымдар, театр, әдебиет және өнер – барлығы қалай болғанда да жаңа мемлекеттік құрылымда өздерінің лайықты орындарын таппаған жағдайда, құрдымға кетпек». Фольклористика өзге де гуманитарлық ғылымдармен қатар осы тағдырды бірге бөлісу керек болды. Төңкеріске дейінгі орыс ғылымында «фольклор» терминіне қатысты түбірлі көзқарастар да туындамай қойған жоқ. В.Лесевич фольклор аясын «халықтың бар даналығы, танып-білгені, ғасырдан ғасырға жеткізген әңгімелері» деп ұқты. «Фольклор – халықтың ішкі және сыртқы жан дүниесінің тармақталған иірімдері көрініс тапқан жалпы, әрі кең ұғым. Бұл ұғымға мысалдар, ертегілер, аңыздар, әпсаналар, әндер, жұмбақтар, балаларға арналған ойын өлеңдері, емшілік, балгерік, той туралы, т.б. салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа қатысты шығармалар, мақал-мәтелдер, аспан денелері жайындағы: ай мен жұлдыздар, күн тұтылу жайындағы және басқа да діни сипаттағы әңгімелер, – бір сөзбен айтқанда, атадан балаға ауызша тараған барлық мұрасы». В.Лесевич фольклорды этнографиямен байланысты қарастырды. Ал этнографияны қоғам туралы ғылымның тарамдалған бір бұтағы деп есептеді. 1926 жылдан бастап орыс фольклортанушысы Ю.М.Соколовтың Ресейде «Хужожественный фольклор» атты жылнамасы жарық көре бастады. Ол дәстүрлі орыс ғылымында қолданылып жүрген «халық поэзиясы», «ауыз әдебиеті», «халық әдебиеті» терминдерін «көркем фольклор» («хужожественный фольклор») атауымен алмастыруды ұсынды. Осы орайда айта кеткен жөн, Ю.М.Соколовтың «ауыз әдебиеті» термині – тар мағынадағы қолданыс деген пікірінің дұрыстығын жоққа шығаруға болмайды. Синкретизм заңдылығына бағынсақ, халықтың әндері мен билерін, басқа да көркемдік дәстүрлерін бір ғана «ауыз әдебиетінің» бағында байлап ұстауға болмайтын-ды. Ю.М.Соколов төңкеріске дейінгі кезеңде жалпы этнологиялық зерттеудің әлсіз дамығандығын атап өтіп, орыс

фольклорына этнологиялық тәсілді қолданудың орасан пайда әкелетіндігін баян етті. Зерттеуші-ғалым фольклорды тек «сөз өнері» аясында ғана емес, «... тіл мен әдебиетті оқытушылардың, өнертанушылардың, музыканттардың, көркем әңгімелерді шебер оқушылардың, ән айтушылардың күштерін пайдалана отырып зерттеу қажеттілігіне» – [3.] баса назар аударды. Автордың идеясы фольклортанудағы кең көлемді зерттеулерге бағыт болып, тың ізденістердің көзін ашты. Фольклорды тану өрісінің табиғаты кеңейіп, Батыс зерттеушілерімен: Дж.Фрэзер, Б.Малиновский, А.Вн-Генеп, Л.Леви-Брюль, т.б. тығыз қарым-қатынас орнай бастады. Редакция алқасы бұл альманахта халық поэзиясына ғана емес, халық әндеріне, халықтың сәулет, сурет, мүсін, ою өнеріне де молынан орын берді. Әйтсе де, бұдан кейінгі жылдары «фольклор» табиғатын күрделі ұғымда қабылдап, зерттеу қажеттілігі ғылым көгінен біртіндеп ысырыла берді. Ю.М.Соколовтың 1931 жылы жасаған «Значение фольклора и фольклористики в реконструктивный период» баяндамасында «фольклордағы синкреттілік» идеясының ізі де қалмады. Бұл баяндамада Ю.М.Соколов былай деген болатын: «Фольклор – одна из важнейших областей поэтического творчества, а фольклористика – одна из важшейших частей марксистско-ленинского литературоведения. К изучению фольклора должны быть применены все те основные методологические установки, которые применяются к литературоведению и искусствоведению вообще... Актуальные задачи современного рабочего и колхозно-пролетарского фольклора – те же, что и актуальные задачи полетарсской литературы» [4, 15.].

1931 жылы Ленинградта өткен ғылыми пікірталаста «фольклор мен әдебиет құрылымы жағынан бірдей поэтикалық туынды болып табылады, айырмасы тек қана түрлі шығармашылық әдіс-тәсілдердің қолданылуында ғана» деген қорытынды жасалып, «фольклор – халық ауыз әдебиеті» деген қағидамен болашақ баспалдағын бекітті. Сонымен, «Фольклор – сөз өнерінің бір бөлшегі, ал фольклористика – әдебиеттану ғылымының бір саласы» деген анықтама фольклор аясының синкреттілік сипатын мүлдем жауып тастады. Бұндай көзқарас 1938 жылы жазылған Ю.М.Соколовтың «Русский фольклор» оқулығына таңылды. Оқулықтың бас тарауына зерттеушінің 1926 жылы жазылған мақаласы негіз болғанымен, ол жылдардағы фольклордың – феномендік құбылыстарының сөзден басқа санатын мүлдем ауызға алушылық болмады. Бұл оқулық автордың «сүзгісінен» мықтап өткен еді. Батыс еуропалық зерттеушілердің фольклорды – этнография, өлкетану, жертану салаларымен теңдестіру керек деген қағидаларына мүлдем қарсы шыға отырып, Ю.М.Соколов бір жағынан: «фольклор деген уақытта жалпы қалың көпшіліктің ауызша шығарған поэтикалық шығармашылығы», «әдебиеттің ерекше бір саласы деп түсіну керек» – деген қорытындыға келеді. Жоғары оқу орындарына арналған бұл оқулықта фольклордың синкреттілігін – халық ауыз әдебиетінің өзге өнер салаларымен байланысы деп ұғу керек деген тұжырым басты назарда болды. «Фольклор – сахналық өнердің,

хореаграфиялық өнердің құрамындағы дара тұрған сала» деп қараған Ю.М.Соколовтың пікірін отызыншы жылдары зерттеуші біткеннің бәрі бірдей қолдай қойған жоқ. Жалпы методологиялық кеңістік көлемінде оған М.К.Азадовский қарсы шығады: «Если раньше было неправильн безоговорочное объедение фольклористики и этнографии, то также ошибочно видеть в первой только один из разделов литературоведения... Тесная спаянность фольклора и литературы ни в коев случае не должна означать разрыва с этнографическими изучениями, наборот, дальнейшее угубление генетических проблем немыслимо вне связи с последними... Развитие исследований в области фольклора в советский период все более ведет к выделению их в опирающуюся на этнографию» [5, 72-б.]. Сол тұста фольклорды этнографиямен теңдестіру, бірге қарастыру тенденциясы белгілі зерттеуші-ғалымдар В.Я.Пропп, И.И.Толстой, П.Г.Богатырев, Д.К.Зелениндердің еңбектерінде де көрінді.

Фольклордың синкреттілік сипатын танытатын белгілерді орыс фольклортанушысы А.Н.Веселовский «Синкретизм древнейшей и начала диффреренциации поэтических родов» мақаласында атап көрсеткен болатын. «Синкретизм» сөзі – «бір құбылыстардың о бастағы тұтастығы» деген мағынаны береді. Фольклордағы синкретизмді – тарихи даму процесінің ең алғашқы дәуіріндегі халық өнерінің жіктелмей тұтастанған құбылыстарының бірігу қасиеті деп білуіміз қажет. Синкретизм термині көп жағдайда, өнер әлеміне қатысты айтылады. Әсіресе, сөз бен саз, би, драма аталатын өнер түрлерін тұтас қамтиды. Белгілі ғалым А.Н.Веселовский фольклордағы синкретизм құбылысын «ән мен саздың, қимыл мен сөздің бір ырғақпен үйлесім табуы» деп түсіндіреді. Синкретизм құбылыстарын танып білу өнер атаулының шығу тегі мен даму жолын анықтауда көптеген шешілмеген сұрақтарға жауап береді. Ғылымдағы «синкретизм» – лирика, эпос, драма секілді поэтикалық тектердің түп төркінін шешудегі абстракт-теориялық шешімдерге қарама-қарсылықтан туындады. Эпос – лирика – драма жүйесін бірізділік қатармен құрған Гегельдің қателігі секілді, осы құрылымда лириканы бастапқы орынға қойған Ж.П.Рихтер, Бенар, т.б. қате көзқарастарға ұрынды. XIX ғасырдың орта тұсынан бастап, бұл жүйе буржуазиялық эволюционизм табыстарына сүйенген «синкретизм» теориясына орын берді. Гегельдің ұсынған жүйесін қолдайтын Каррьердің өзі поэтикалық тектердің іргетасының ажырамай, біртұтас күйде тұру сипатына көңіл аудара бастайды. Осы тектес пікірлерді Г.Спенсер де ұсынды. Синкреттілік идеясын ұстанған авторлар қатары күннен күнге толыға түсіп, бұл ретте Шерердің аты алда тұрды. Әйтсе де, Шерер синкретизмнің поэзияға қатыстылық дәрежесін аса көп мандыта қоймады. Синкретизм құбылысын жан-жақты зерттеуді А.Н.Веселовский алдына мақсат етіп қойды. А.Н.Веселовскийдің «Три глави из исторической поэтики» еңбегінде «синкретизм» теориясы тың деректерге негізделіп айқын талданған жаңа сипатқа ие болды. А.Н.Веселовскийдің «синкретизм» теориясындағы бірізділік жүйе төмендегідей сипаттарымен көрінеді: туындау дәуірінде поэзияның өзі текке (лирика, эпос, драма) жіктелмеген еді, тіпті біртұтас синкретті құрылымда аса маңызды роль атқара

да қоймады: синкретті өнерде ең негізгі күшті – би, қимыл («пляска») иеленді. «Би, қимыл – ән мен сазбен сүйемелденген ырғақты қозғалыс» [6.] – деді А.Н.Веселовский. Әннің мәтіні алғашқыда табан астынан, импровизацияланған түрде пайда болды. Синкретикалық қозғалыстар сөздік мағынадан гөрі қимылға көбірек негізделген еді: кейде сөздің қатынасынсыз да ән айтылды, ал ырғақ барабанның соғуынан да пайда болып жатты, сол уақытта сөздерді бұзып айтқан дыбыстар да шығып, ырғаққа айналып жатты. Кейінірек, рухани және материалдық қызығушылықтардың әсерінен болған даму процесінің арқасында тілдің де ролі өзінен-өзі айқындала берді. «Күшті леппен шыққан үн мен мағынасыз сөздер талғаусыз, әрі еш мағынасы жоқ болса да, жиі қайталанған сайын, әуенге, әуезді сөзге тірек болып, одан тұтас мәтінге (текст) айналып, поэтикалық эмбрион осылайша дүниеге келді». Алғашқы мәтіндердің дамуы аяқ астынан ыңылдаумен өзі-ақ пайда болып жатты, біртіндеп, сөз тәрізді дыбыс араласқан бұл ыңылдар тұтас әнге айналды. Құр әуенді ыңылдан сөз де арасын ажырата бастады. Әйтсе де бидің ықпалы әлі маңызды орында еді. Хормен орындалған ән-ойындардан нақты бір діни ырымға негізделген тұтас әдет-ғұрыптардың көріністерін байқаймыз. Сөйтіп, әуені аралас поэтикалық шығармалардың дамуы, түрлі мифологиялық шығармаларды өмірге әкелді. Алайда Веселовскийдің айтуынша, ырым-жораларға байланысты туған әндерден тыс жұмысшылардың салтанатты сарында айтатын шығармалары да бар. Осы құбылыстардың қай-қайсысында да өнердің әр түрлері: музыка, би, поэзия қатар кездеседі. Кейіннен өлең сөз қара сөзден іргесін аулақтата бастады (көркем лирика – көркем эпикадан бөлектеніп, ерекшелене берді). Ал драмаға келсек, Веселовскийдің өте әділетті атап көрсеткеніндей, бұл жанр тікелей синкреттілік іс-әрекетпен байланысты болады. Поэтикалық өнердің кейінгі дамуы ақын мен әншінің арасын ажыратты. Бұдан соң, әрине, поэзияның тілі мен прозаның тілі бір-біріне ықпал жүргізе отырып, жекешелене берді. А.Н.Веселовскйдің синкретизм жайындағы ой-пікірінде өте әділетті тұжырымдар бар. Ең алдыменен, ол поэзия мен поэтикалық тектердің тарихи шығу төркіні мен дамуы жайында дұрыс идеяларды ұсынды. Синкретизмнің өзге де белгілері яфетикалық теорияның негізін салушы – академик Маррдың еңбектерінде зерттелген. Адамның сөйлеуіндегі көне дәуірдегі ым мен қозғалыстың қызметтерін растай отырып, академик Марр сөздің шығуын дыбысталумен қатар, магиялық қозғалыстарға негізделген үш түрлі өнердің – би, ән, музыканың қызметімен байланыстырады. Бұлардың әрқайсысының коллективті түрде атқарған еңбек пен шаруашылықтың табысқа жетуіне әсерлері күшті болды деп біледі.

Ал фольклордың синкреттік сырын ашқан, болмаса, ашуға талпынған зерттеулер біздің тарихымызда болмады ма деген заңды сауал туындайды. Болмады емес, бұндай зерттеулердің басы біздің ғылым тарихында әрине болған. Бұндай жаңа көзқарасты ұстанған ғалымдарымыздың бірі – Құдайберген Қуанұлы Жұбанов еді. Қоғам мен заманның әдебиет ісіне белсене араласуынан фольклор мұрасына «жікшілдік» көзқараспен қарау қалыптастып, өткен дәуірдің қазынасына

үстем таптың жиып кеткен мүлкіндей жатырқай қараушылық фольклордан халық ауыз әдебиетін аулақ әкету тенденциясын орнықтырды. Фольклорлық мұраның жойылып, жілікке түсіп шағылу қаупі төнген тұста қоғам қыспағына қарамастан Қ.Жұбановтың «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жайлы» зерттеуі өмірге келген. Мәдени парасаттылықты бойына жиып, оның бар тағылымдық мәнін таратқан Қ.Жұбанов бұл еңбекте өскелең ұрпаққа әдебиет пен өнердің терең тамыры халықта жатқандығын тағы бір танытып өтті. Ол адамзаттың тылсым күштермен арбасатын құралы ретінде өмірге келген фольклор – есте жоқ ескі дәуірлердің өзінде-ақ өн бойына магиялық еңбектің бірнеше түрін: сөз, ән, би, күй – жалпы халық даналығы тудырған дүниесінің баршасын тұтастыра сақтаған синкретті өнер болған деп дәлелдеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыздықова Р. Қ.Жұбанов – қазақ тілі біліміндегі аса зор тұлға//Қ.Жұбанов. – Алматы: Өнер, 1990. – 208 б.
2. Сыздықова Р. Құдайберген Жұбанов – тіл біліміздің классигі//Қазақ әдебиеті. - 1964 жыл. - №52 (727). Жұма, 25 желтоқсан,
3. Соколов Ю. Работа по русскому фольклору за революционный период//Этнография. М., 2007.
4. Соколов Ю.М. Значение фольклора и фольклористики в реконструктивный период//Дискуссия о значении фольклора и фольклористики в реконструкивный период. ФиЭ. 2001.
5. Азадовский М.К. Советская фольклористика за 20 лет//Советский фольклор, 1999.
6. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Едиториал УРСС. 2004 г.

АСҚАР АЛТАЙ – ПРОЗА ЖАНРЫНЫҢ ШЕБЕРІ

Г.К. Тәңірбергенова
оқытушы, магистр
Ш.О. Құдасова
студент
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
Қазақстан, Ақтөбе
gulkatan@mail.ru

Аннотация. *В данной статье излогается о новых художественных жанре рассказов Аскар Алтай, о национальных описаниях в произведениях и тематическом направлении жанра рассказов. Так же раскрывается идея художственного, тематического и, стилистического развития и обновления казахских рассказов.*

Ключевые слова: *жанр рассказов, тема, художественный конфликт, характер.*

Abstract. *This article considers a new artistic genre stories Askar Altai, on the national descriptions in the works and the matic direction of the stories of the genre. The article describes a new artistic meth ods, types in the genre of short stories, descriptions of national descriptions in works.*

Keywords: *stories genre, theme, artistic conflict, character.*

Қазақ әдебиетінде өз орны бар, шығармаларында қоғамдық проблемаларды қарастырып жүрген қаламгер А.Алтайдың тұңғыш жинағы «Қыр мен қала хикаяларына» (1998 ж.) енген «Қара бура», «Қаладағы құтпандар» хикаяттары жазылу формасы соны, тұщымды туындылар.

Көркемдік мазмұн мен авторлық идея арасындағы қарым-қатынасты, байланыс пен айырманы жан-жақты зерттеу, талдау жасауға үлкен мүмкіндік береді. Қаламгердің «Сібір офицер» атты шығармасы бес бөлімде жазылған. «Сібір офицері» – құрылымдық ерекшелігі мен көркемдік бейнелеу құралдары, тақырыптық-идеялық мазмұны ерекше шығарма. *«Бұл оқиға 1986 жылғы Алматыдағы аты шулы желтоқсан күндерінен соң, алыстағы Сібір орманы ішінде болды. Арада жеті күн өткеннен кейін, ешкім күтпеген жай еді... Ақиқатында, желтоқсандық жай ой-санасын емес, жан дүниесін астан-кестең етті» [1,30]...*

Көбінесе желтоқсан оқиғасы тақырыбында жазылған әңгімелердің көпшілігінің оқиға желісі желтоқсан зардабынан жапа шеккен Желтоқсанға қатысқандардың өмірін суреттеуге, сол қанды оқиғадан бір үзік сыр түюге құрылатын. Ал, аталмыш әңгімеде жағдай мүлдем басқаша суреттеледі. Әңгіме желісі Бурахан мен Александра арасындағы отбасылық байланыс тұрғысынан бастау алып, өрби **түседі. Бурахан – есімді офицердің тағдырының тәлкекке ұшырауын шеберлікпен бейнелей білген жазушының бұл туындысында кейіпкердің өмірімен көрініс табады.**

«*Александра жеңіл көтеріліп барып, төргі үйден телефон сымын шұбалтып алып келді. Кезекші офицер екен, Бураханға гарнизонға тез жетуді бұйырды. Бүкіл гарнизон аяғынан тік тұруда: «ЧП» деді. Бурахан әскери офицерге тән қимылмен «аға лейтенант» шенді кителі мен шинелін іле салып, Александраның бетінен сүйместен аттанды. Новосібір қаласының шетіне таман орналасқан әскери қалашық пен әскери гарнизон бір алапта еді. Желтоқсанның ызғар қарыған ауасын қасқырша қауып, танауынан буы бұрқырып, жүгіре басып жеткенде, өзге де офицерлер асығыс келіп жатыр екен»* [1,30].

Автордың мақсаты қазақ елінің басынан өткен желтоқсан оқиғасын қозғап ғана қоймай, өз ойын, отбасылық жағдайды қозғай отыра, проблемалық тұрғыда жеткізу деп ойлаймыз. Осы орайда әңгіме шиіленісе түсіп, ары қарай сюжеттік көрініс табады. *«Көк төріндегі түнгі ызғардан сүңгіленіп жеткен ұшақты Алматы тұнжырап қарсы алды. Мұздай қаруланған сұсты әскер Сібірдің суығын ала келгендей, жай күнде оңтүстіктің жылымығына жусайтын қала іші сақылдап тұр екен.Ұшақ табалдырығынан түскен бойда әскери көліктер күтіп алып, астаналық алаңнан бір-ақ шықты. Бұлар кешігіп жетіпті»*[1,34]. Одан әрі желтоқсан сюжеті қосылғаннан кейін қыза түсті. Негізгі бөлімде реалды өмір көріністерін енгізеді. Әңгімені оқи отырып, жан дүниеңіз түршікпеуі мүмкін емес, себебі желтоқсан оқиғасы мұз жүректі ерітер ыстық су секілді. Автор әңгімені оқырманға баяндап ғана қоймай, оқиға желісін көз

алдыңызға көркем жеткізе білген. Желтоқсан оқиғасы туралы қаламы ұшталмаған, тебіренбеген жазушы жоқ шығар, сірә.

Асқар Алтай өзіндік стилі қалыптасқан, өзіндік жазу стилі бар қаламгер. «Бөрідей боп білек сыбанып кіріскенде, екі жағы да ашу-ыза мен тепкі соққы әсерінен жындары қозып, көздеріне қан толып кеткен еді» деп жастардың бойындағы ұлтжандылық, қайраттылық пен намысшылдықты бөріге теңеп, оқырманды елжандылыққа, үлгі алуға шақырады. Тәрбиелік мәні тереңде жатқан туындының идеясы да өзекті. Елге мен жерге деген адалдықты өзек еткен туындыдан тәуелсіздіктің бізге оңай келмегендігін сезініп, түсінуге болады.

«Мұны байқап қалған Станислав деген офицер: «Сен немене, қазақтарға жүрегің ауырып тұр ма? Ә, қазақтығың ойыңа түсті ме?!» деп қыжырта тиіскен. Бұл бірақ оны елемеуге тырысты. Дегенмен жүрегі шаншып-шаншып қалғаны бар. Аяқталмайтындай көрінген алаңдағы «мұз қырғыны» да тыным тапқан. Айналдырған екі күнде бұл екі ғасырды бастан кешкендей болды... Соңғы күндері тұйық, ашуланшақ боп кетті. Үш күннен кейін Новосібірге ұшақпен қайтып келе жатқанда да көңілі құлазып, жүрегін әлдене жаншып тастағандай күйге енді. Есіне үйде қалған жас жары Александра түсе берді»[1,35].

Бураханның орнында кез-келген қазақ қазақты жықпас еді, тек сол уақыттағы қолдың қысқалығы саясаттың әміріне қарсы тұра алмағанымыз, әттең саясат. Оқиғасы келісі Бурахан мен Станислав *арасындағы диалог іспеттес көрініс табады. Шығарма желісінде үшінші, төртінші бөлімде әңгіменің басты тұлғасы Бурахан болып қала береді. Осы орайда орыс офицері мен қазақ офицерінің мінез-құлқы, портреті т.б. қосалқы жайларға дейін баяндалады. Әңгіменің үшінші бөлімінде бастапқыша көрініс табады, бірақ идея мен ой, оқиғасы желісі басқаша байланысады. «Мұның ақыры не бүк, не шік болатынын екеуі де түсінді. Александраға кешке қарай барам деп қойып, Бурахан әлдебір іске белін буды. Казармадан айналсоқтап шықпай қойды. Кезекші прапорщик екеуі жауынгерлермен бірге қару-жарақ бөлмесіндегі қаруларды тексеріп, бәрін тазалатып, майлатып шықты»* [1,12] Бұл жолы Бураханның қызметтік жұмысының соңғы күні еді. Жазушы офицерінің бейнесі арқылы тарихқа шолу жасап ғана қоймай, тұрмыстық-проблемалық жағдайға құралған. Әңгіме баяндау бағытында жазылғанымен, оқырманды жалықтырмай қызығушылығын арттырады. Автор кейіпкерді немесе оқиғаны емес, ықшамдылық пен жинақылықты, әсіресе сюжеттік принциптерді ерекше ескерген. Бір әңгіме желісі екінші әңгімеде көрініс табады. Кейіпкерді даралап, есте қаларлықтай етіп сомдайды. Сөз мақамы мен қимыл-қозғалыстарды, көркемдік құралдарды, персонаждардың өзін-өзі сипаттауы Асқар Алтай жиі қолданатын әдеби стиль, әдеби тәсіл ерекшелігі.

Негізгінен оқиға желісі Бурахан тағдырының ізімен жазылғанымен, автор ретті тұстарда уақыт сарынын таныту үшін әр түрлі жағдайларды көрсетеді. Бурахан мен Александра арасындағы қарым-қатыныстың

салқындауы, офицердің өлім туралы ойға келу, екеуара байланыспен яғни төртінші және бесінші бөлімдерде диалог түрінде келтірсе де, көркемдік деңгейі жоғары болған сайын оның туындысының сюжетінің қайталанбастығы мен дербестігі айшықтала көзге ұрып тұратындығын көреміз. *«Бурахан шығып кетісімен, Александра көз жасын тыйып алды. Өз-өзін қайрап, «Діні қатты, қыпшақ!» деп күбірлеп, жуынып-шайынып жатып қалды. Көзі ілінбей біраз дөңбекшіді. «Осы біреуге қайдан тап болып едім? Өзіме де сол керек!» деп іштей кінәласып, кірпігі айқасып қалғанын сезбеді»* [1,21]. Әңгіме өрби түсу үшін автор кейіпкерді фантастикалық әлемге сүйрейді, Александра түс көріп, осы өмірді жанама тұрғыда түс арқылы жеткізіп көрсетеді. Қаламгер әңгіме желісінде өмір, соғыс, сатқындық, өлім, ұлтшылдық, сенім мен махаббат бырлығын ұштастырады. Кейіпкер бойындағы бірнеше мінез арқылы қоғамның көрінісін суреттей отырып, түрлі амалдарды, суреткерлік құралдарды қолданып отырады. Шығарма желісінің қоғамдық мәні – негізінен тәрбие, жігерлікке, ар-ұятқа, үлгі-өнеге, көркемдікке сүйеніп, «ұлт» түбірінен тарайды. «Сібір офицері» әңгімесі шағын болғанымен, оқиғасы шиеленіске толы[2,121]. Мазмұны тереңде. Ал тәрбиелік мәні мен қоғамдық сипаты өміршең. Қаламгердің ойы оқырманға нақ қалпында жетіп, тұңғиықтан түйін түйеді.

«Ұзын жол үстіне көз жіберді. Кешегі желден кейін ұлпа: қар мен боз қырауын төгіп тастаған көк бұйра орман күн көзінде қалғып кетіпті. Қос қапталын қалың шырша көмкерген қара қасқа жол үстінде тірі жан белгісі жоқ. Кейде ғана жол үстінен жемтік айыратын жетім қарғалардың қарқылы тыныштықты бұзады» [1,23]. *Аталған шығарма арқылы кісенді қоғамның зорлығын, аңқау офицердің әмірлі биліктің құрбанына айналғандығын, партиялық бұйрықтың қаталдығын, кеңес саясатының екіжүзділігін көрсеткісі келгендігін байқауға болады.* Олай дейтініміз Бурахан осы жағдайларддың бәрінен қажып, өмірден баз кешуі. Ар сотының азабына шыдамай, өз-өзіне қол салуымен бар оқиға тамам болады.

Кейіпкер мәңгілік уақыт пен кеңістікке асығады. Десе де, оның өмірге деген құлшынысы *біраз детальдардан байқалады: «Биіктен мертігем деп сескенбеген Бурахан сілеусінше секіріп кетті. Тоң жердің жүзін жапқан жұқа серенің үстіне былғары етігінің басымен майыса түсті. Түк етпеді. Тып-тыныш төңіректе өз жүрегінің дүрсілін ғана естіді. Көңілім орнықсын деп қары тазаланған алаңқайда ары-бері жүрді.Бурахан не істерін білмеді. Еріксіз шинелі үстіне отырды. Сонда ғана көңілі бір қалыпқа түскендей болды»* [1,25].

Шығарма соңыда жазушы басты кейіпкердің не ойлағанын суреттеп жеткізбейді, керісінше өмірмен арпалысын, өмірден алыстауға сезімталдықпен дайындалғанын өрнектейді. Бураханның жанкештілігі мен күйзеліске толы аз ғана ғұмыры қайғымен, азаппен шегіне жетеді. Өзегіне қарсы шапқан, түбірін ұмытқан Бурахан сияқтылар қанша жерден шен мен атаққа ие болса да, тұтас бір ұлтты азапқа салып

қоймасы анық. Ұлт ол тірі организм. Оның көз жасы бар, оның ақысы бар. Ал оны жоямын деген осы киелі ұғымдарды атап өтуі керек.

Қаламгердің әңгімесін оқи отырып, желтоқсан ызғары мен желі қазақ сынды сан ғасырлық тарихы бар ұлтты мұқалта алмағандығын түсінгендей боламыз. Оған қарсы шапқандар, яғни түбіріне балта шапқысы келетіндер ар мен ұяттың азабын тартып, тіпті өлім құшуы мүмкін. Міне, автордың айтпақ болған негізгі ойы осы.

Қорытындылай келе айтарымыз, Асқар Алтай – өз заманының үздік жүйрігі. Шығармаларынан дүние мен болмысты танып көркемдеуінен оқырманын баурап алатын, оны бей-жай қалдырмайтын ой-өрнегін, түйінді байламын көреміз. Ұлттық нақышы мол, бояуы қанық. Нендей мәселені сөз қылса да, оқырманын әсерге бөлеп, оларды терең толғанысқа жетелей бермек. Сол себепті, жазушы мұрасын зерттеп, тану уақыт еншісінде деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Асқар А. Киллер сауысқан. - Алматы: Қазақстан, 2008.-154б.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 10 том. Тәуелсіздік кезеңі (1991-2001 жж). – Алматы, 2006.
3. Жұмабек С.Е. Сын әуені: Әдеби ой-толғаныстар. - Астана: Елорда, 2001.- 288 б.

Ә.ТАРАЗИ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЕЛТАНУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Г.К. Тәңірбергенова
оқытушы, магистр
Е.К. Ажбенов
студент
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
Ақтөбе, Қазақстан
gulkatan@mail.ru

Аннотация. *В статье рассматривается история нашего народа рассказах А.Тарази*
Ключевые слова: *автор, голод, описание, событие.*
Abstract. *The article deals with the history of the Kazakh peoples in stories of Akim Tarazi.*
Keywords: *author, famine, description, accident.*

Өткен ғасырдың отызыншы жылдары ел тарихында ауыр азапты болып жазылды. Қазақ даласы бұрын соңды құлақ естіп, көз көрмеген зұлматқа тап болды. Халықты қара шыбындай қырған, қолдан жасалған қылмыс – ашаршылық келді. Аталған жылдардың аянышты бейнесі тарихымызбен қатар, әдебиетімізде де ізін қалдырды.

Сол жылдары дүниеге келіп, ел тарихында болған ауыр трагедияны көркем тілмен жеткізген жазушылардың бірі – Әкім Тарази. Негізінен, автордың қай шығармасында болмасын, одан уақыт таңбасын, заман шындығын анық көреміз. Кезінде қынадай қырылған қазақтың басындағы

қасіретті бейнелеген «2999999+1» әңгімесі ұлтымыз бастан кешкен сол тарихи оқиғаны жадыңда қайта жағыртады.

«Әңгіме – қиын жанр. Алдымен көлемі шағын. Ол жазушыдан барынша жинақы болуды талап етеді. Содан соң, оқырманды бірден үйіріп әкету үшін сол шағын көлемді өмір эпизодының өзі соншалық тартымды, сюжет желісі қызғылықты болуға тиіс» [1,302], – дейді Зейнолла Қабдолов. Ал шағын сюжет тұрмақ адам санасына симайтын, том-томдап жазсаң тауысылмас, қазақ даласының сол кездегі сұмдық жағдайын шағын әңгімемен жеткізу қиынның қиыны. Ал жазушы осындай батыл қадамға барды. Шеберлігі мен ізденісінің рәтижесінде.

«Ең бірінші тақырыбы туралы ойланбасқа болмайды. Неге бұлай? 2999999 шартты түрде аштан өлген адамдардың саны болсын дейік, ал оған қосылып тұрған 1 кім? Бастан кешкенін әңгімелеген Абыз аға ма? Сыртым бүтін болғанмен, ішім өлген дегенді айтқаны ма? Әлде аштықтын «сүйгенінің» етін жеп, өзі, Абыздың қолынан қаза болған Қосан ба? Әлде социалистік конвейер қоғамның қанды шеңгелі жанын азаптап, шығарма соңында өртеніп кететін Омар ма? Жоқ, әлде, сол 2999999-дың өліміне бір ғана кінәлі социалистік жүйе, сол үшін 2999999-дың ажалы соның мойнында дегенді тұспалдау ма? Міне, бұл жұмбақ.» – деп жазады Ұларбек Нұрғалымұлы[2,1].

Шығарма шағын эпизодты болып келген. Жасы сексен беске келген Абыз қарттың аузынан, осыдан елу бес жыл бұрын болған оқиғаны өз шәкіртіне баяндауымен өрбиді: *«Мен болып, Торғайдың үлкенді-кішілі текешіктері болып, әйтеуір көп ұзамай үш мың жылқысы бар, бес мың жылқысы бар оқыған азаматтерды Жайық жақа жер аудардық қой! Екі ғашықты некелеп қостық. Облыстық ақын Шалабайды Астанаға шақыртып, өз үйіме жатқызып: «Қосан мен Гүлғайша» деген поэма жаздырдым»*[3,223].

Жас бәлшебек зұлмат оқиғадан екі жыл бұрын бұл ауылға патшалық империяның «бай кедейді теңестіреміз», «әйел теңдігі», деген сырты сұлу жымысқы саясатын жүзеге асуыруға келген болатын. Сол сапарында Абыз «Екі әйел ескілктің сарқыны» деген ұранмен, аузы дуалы Күрең бидің тоқалы Гүлғайшаны тартып алады да, «ғашықпыз, теңдік әпер» деген жаттанды сөзді желеу еткен Қосан серімен табыстырған болатын. Кейін екі ғашыққа арнап поэма жаздырған.

Әңгімеде мынадай үзінді келтірсек: *«Алтауы бірігіп тажал аузына бет алды. Алтауы Үлкен Тажалдың өзіне хат жазбаққа серттесті»* [3,226]. Бұл алтауы кімдер? Тарихымыз бен әдебиетімізде «Бесеудің хаты» деген атпен Т.Рысқұлов бастаған алаш зиялыларының бастарын тәуекелге тігіп, Сталинге жазған хатынмен байланысы бар ма? Әлде, алаш үшін аза тұтқан, бізге белгісіз, жазған хаты жетпей жатып, жаншылған немесе бас көтермей жатып құрбан болған арда азаматтарымыздың тобы ма? Қаны қарайып тұрған, қылышынан қан тамған, Ресей шеңгелінен шыға алмай, өле-өлгенше өкінішпен тілін тістеп кеткен жандар ма?

«Абыз айтты: «Мақұл, келістім, Бірақ менің мінезімді білесіңдер. Өз көзіммен көрмей... Көретін не бар? – деді алтаудың біреуі. «Алматының көшесінде теңкиіп-теңкиіп, мәйіттер жиналмай, сасып жатқан жоқпа!? – Сонда да! Елге барып келейін! Биік қызметке жүремін ғой, маған рұқсат береді»[3,226].

Оқиғаның өрбуі Кеңестік саясаттың тұманына тұмшаланған, өз көзімен көріп тұрған шындығына сен алмайтын, партияның арбауына байланып қалған Жас бәлшебектің ел жайымен танысып келуге аттанғанымен жалғасады. *«Қостанайдан Бетпаққараға дейін жолдың екі жағы... Арқаның азынай соққан екпінді желі апталап қуса да, айлап қуса да тазалап кетіре алмаған күлімсі исі, қолқа қапқан қоңырсы исі; соңғы үш тәулік бойы көктем лебін аңқыта келген Алтынкүрек те қолқа қапқан сасықтан құтқара алмады бұларды. Қайта Алтынкүрек тозақтың есігін айқара ашып тастаған тәрізді»* [3,226]. Кісі шошырлық жағдай, тіпті адам айтса нанғысыз тірі пенде шыдап тұр алар жағдай ма? Шынында да тозақ. Арғы дүние тозағы мынау жалған дүниеге ауып келді ма дерсің! Осы жағдаймен таныса бастағаннан-ақ, бітер жері белгісіз қараңғылыққа имене аяқ басқан жандай күй кешесің.

Жазушының суреткерлігіне, талантына шек жоқ, әрине. Дегенмен, зұлматтың зұлым көрінісін оқып отыры, сол азаптың ішінде жүргендей денең түршігіп, өн бойың дір етеді. *«Алба-жұлба киімдердің жұрнақтары, ағарып кеткен арық сирақтар, көкке қарай созыла түсіп түйіліп қалған жұдырықтар, көкке қарай созылы түсіп ашылып қалған алақандар, ана төсін аймалап жатып көз жұмған сәбилер, ата-анаға өкпелеп жарық дүниеден көңілі қалып, етпеттеп жатып, етпеттеп жатыр жер құшқан нәрестелер! Құшақтасып жатып жан тапсырған ғашықтар»* [3,226]. Мынау нағыз ақырзаман емес пе? Бүкіл әлемде тек қазақтың ғана басына түскен мұндай масқара жағдайға душар еткен кім? Қандай күш? Бүкіл өмірін Сарыарқада сайраңдап өткізген, ешкімге жаттығы жоқ, қастығы жоқ, момын қазақтың бұл дәрежеге түсуіне не себеп? Кетпені мен күрегі қолынан түспейтін қарапайым шаруаның жазығы не? Шаңырағының түтінін түтетіп, күйбің тірліктің қамымен жүрген әйел не жазыпты? Тым болмаса анасының ақ уыз сүтін тойып ішу бақыты бұйырмай кеткен сәбидің нендей күнәсі бар еді? Зарлы ана, шерлі әке мен пәк сәбидің көз жасын кім көтермек? Мұндай зардаптың ақиқаттығына мүлдем сенгің келмесі анық. Алайда бұл тарихымызда бітпес жара боп қалған нағыз шындық еді.

Абыз қазір екі жыл бұрынғы оқиғаларды ой елегінен өткізіп, ОГПУ қосып берген атшы Николаймен бірге жұрт жайын өз көзімен көріп келеді. Ел тып-типыл. Жазушы шығарма барысында атшы Николайға патшалы Ресейдің бар болмыс-бітімін, сұм саясатын, астыртын пиғылын сыйдырып қойғандай. *«Ал, осы арада қуығыңды босатып ал, бастық! «Мына ит те мені өліктің ең бір қалың тұсына әдейі кезіктіріпті-ау! Осы араға әдейі тоқтаған ау!» деп түйді Алматыдан келе жатқан дөкей. «Бұл өлкенің қожасы сендер ме, біздер ме, өзің түсін, түсініп ал!» дегені анық* [3,229]. «Бастық» деп жақына Николай санасында мұндай зымиян ойдың орын

алғаны қолға ұстатқандай анық көрінеді. Тіпті оның мысқыл күлкісі «Көрдің бе өліктен көше алмай қалған даланды. Сендер кім едіңдер? Ұлы орыс халықына сендерді жойып жіберу сөз бе? Шын мәнінде кімнің кімге қожайын екенін енді көрдіңбе?!» деп сайрап тұрғандай.

Сұмдық ойдан Абыздың жүрегі шым етті. Тізесі дір етті. Буындары босап жүрелей құлады. Бұл сүмелек сезім бұрын да көңіл қақпасына талай мәрте мысықтабандап, ұрлана бас сұқпақ болған. Қуып салатын. Маңайлатпайтын. Жергілікті текешіктер ғана сондай. Мәскеу. Кремль ондай емес!» дейтін [3,229].

Әрине ондай емес. Кеңестік саясат санасын әбден шырмап, көзін байлап, құлдық қамытын желкелете салған адам үшін ғана. Олардың құлданған санасы үшін Мәскеу әркез ақ, әркез хақ! «Ақ ордасына» күмәндәна қарау олар үшін – күнә. Жазушы осындай ойды білдіре отырып, сол кездегі мінбеде тұрып иегінің астында болып жатқан сорақылықты көрсе де, көрмегендей боп, басын бұғып қалған талай «Абыздың» жағдайларын суреттейді. Орыстың сойылын соғып, өз халқына қас болған атқамінер қазақтарды сынға алады. Өз ұлтына жаны ашымастың нақ бейнесін көріп, әбден жерисің. Және де мұндай опасыздардың әлі талай ұлтқа кесірі тиетінін сезіп, қиналасың, қынжыласың.

«Аштық не жегізбейді» деген халқымыздың сөзін есітіп жүрсекте, адамды адам жиді деген кино ленталарына ғана тән көрініс деп ойлайтынбыз. Алайда, мұндай сұмдыққа біздің де сары даламыз куі болған екен. «Осы ауылда. Шолақсу ауылында адам жейтіндердің бандасы бар. Соларды бір шолып өт деп еді бастығым [3,233] .

Адамжегіштер? Олардың болуы мүмкін бе? Неліктен атшы олардан шошитын кісіге ұқсамайды. Керісінше қызыға, құмарлана іздейтіндей. ОГПУ қызметкерінің «ауыл» деп ауыз толтырып айтқаны – ауылдың екі жақ шетінде шашырай түскен бес-алты тоқа там екен. *«Тізе бүк, хайуандар! Кімнің алдында тұрғандарыңды сезесіңдер ме? Қазақстандағы ең мықты бастық Голощекин жолдас екенін білесіңдер ғой? Білсеңдер, бұл кісі сол кісінің оң қолы! Көздеріңді ашып қараңдар*» [3,226].

Николайдың бұлай мүләйімси, жағымпаздана сөйлегенінің астарында қазақтарды мазақ ету, табалау жатыр. Үйдегі үшеуге мұны таныстыра отырып, өз халқына араша бола алмаған жас бәлшебектің дәрменсіздігін мысқылдай бетіне басу бар. Абызды ар алдында қара бет ету, намысына жаншып, рухын, езгілеу байқалады. Көмекші орыс күллі Ресей империясының атынан бәлшебектің ғана емес бүкіл қазақтың абыройын табанға сап таптап, лажсыздығын күлкі етеді.

Пеш түбінде тұрған үшеудің көзі бітиіп кеткен. Беттері бытиып кеткен. Желкелерін май басқан... Жүк ағашқа жиырма шақты көрпе жиналыпты. Көрпелердің ар жағына арқан керіліпті. Арқанда қақталған ет. Жіліктер. Жамбастар. Сүбелер. Көп ет» [3,230].

Азғын саясат халықтың басын қайда соқтырмады? Ең ақыры осындай адам етін «сүрлеп» жеген нағыз сорақылыққа да апарды. «Көр азабын тірідей тартқан» заманға жеткізді. Опасыз орыстың озбырлық ісі

біздің хайуаннан да төмен халге душар етті. Ертеңгі ұрпақ өткенінен жеріп, түбірінен безіну үшін жасалған сорақы саясат өз дегеніне жету үшін, соншалықты аяусыздыққа барады деп әсте ойламайсың ғой. Алайда, барыпты. Күллі адамзат алдындағы иман мен ар сотының жауапкершілігін аттап, жабайы хайуанның өзі жасай алмайтын әрекетке барыпты. Әсте көршіден мұндайды қазақ ешқашан күтпеген болар...

Абыз да жиркеніште жайға шыдамай жүрегі лобып, құсып жатып, алдында семіздіктен көзі жұмылып кеткен, кезінде әнші, сері, ақын болған, сол өзі поэма жаздырған, бай тоқалын тартып алып берген Қосан серіні тануы оны біраз есеңгіретіп тастайды.

«Николай оларды үй сыртына шығарып үшеуді әрірек апарады да, еш қиындықсыз атып салады.

– Зачем нам личный груз? Солай ма, нәшәндік? – Мынау бізге айғақ үшін қажет. Мынау дегені – Қосан. Түсінікті» [3,236].

Николайдың бұл ойы шында да түсінікті. Қазақты жабайы, бірінің етін бірі жеп жатқан канибалдыр деп көрсету. Ал бұл халықты мұндай халге жеткізген кім? Қандай үкімет? Неғылған құдірет? Деген сауал ешкімнің көкейіне келмейді. Бұл ойды анақ аңғарған Абыз қаны қарайды. Николайды тоқтатып, Қосанды жол шетіне апарды тапанша тақап тұрып басып қалды. Бұл да манағы екі сері құсап жалп етіп құлай түсті. Жас бәлшебектің бұлай жасауына қазақтың қанына біткен қайсарлық, намысшылдық себеп болса керек. Тірілей өтін алса да қас алдында илікпей өткен бар қазақтың намысын бір азғын үшін дұшпан алдында жығып бергісі келмеген секілді. Бұл ойын Абыздың «Үш милион сүйек жиналмай қалғанда, үш қарғаны құны қанша», – деген сөзінен байқауға болады.

Әңгіме соңы жоғарыдағы оқиғадан соң, елде үш ай төсек тартып қалған жас бәлшебектің және социалистік жүйенің құрығынан құтылып шығып, ақиқатты айта алмай кеткен шәкірт өкінішімен аяқталады.

Шығарма байқағаныңыздай шағын эпизотты. Жазушы сол бір ғана ауыл көрінісімен, бір ғана оқиғамен, халық тарихындағы ауыртпалықты көрсете білді. Нақ қалпыда, боямасыз, дәл, анық көрсетті. Кешегі Кеңес салған келеңсіз кезеңнің суретін айқын танытты. Сонау алмағайып замандағы биліктің шоқпарына айналып, өз ұлтына жаны ашымаған азаматсымақтарды сынады. Аузы дуалы, елінің қамын жеген іргелі байларды құдалап, жер аударып, тәркіген, оларды еліне жау етіп көрсеткен отарлау саясатын ашына суреттеді. Солақай саясаттың салдарынан болса керек, әлі күнге санамызда бай атаулының бәрі құбыжық, бәрі жексұрын деген адасушылық бар. Ақиқатында жазушы суреттегендей, қараңғы еліне жарық болған небір бақуаттылардың болғаны даусыз.

Автор өз мақсатына жетті. Оқырманынына тарихта болғанды айнадан дәл көрсетті. Кеңес үкіметінің жайбайы халық деп көзге түрткен, хайуанмен тең санаған қорлығын көрсетті. Шындықты айта алмай қылғынып, орыстың озбырлығынан жапа шеккен жазықсыздардың обалы туралы жазды.

Кейде біз өткенімізді ұмытып, ұмытқансып, өзгелерге – тағдырластарымыз деп жатамыз. Бәрін ұмытуға да, кешіруге де болар. Дегенмен, отыз екінің ойраны мен отыз сегіздегі сергелдеңді саналы ұрпақ қабылдай алар ма екен? Басына белгі тұрмақ, әр сайда сүйегі жиналмай, құраған қаңқасы құм болып, талай асыл ит пен құсқа жем болды. Азаптың мұңы жеңілдер, өзектегі өкініші сейілер. Біздің айтпағымыз, мұндай зұлымат өткеннің еншісінде мәңгіге қалса болды.

Қорыта айтарымыз, жазушы Әкім Таразидың бұл әңгімесі – ең алдымен оқырманды баурап алатын өзіндік қолтаңбасымен құнды. Тарихтың ақтаңдақ беттерін парақтап, бұрынғыны еске салып, жадыңда жаңғыртуымен мәнді, мағыналы. Халықтың басынан өткенін шынайы қалпында суреттеуімен бағалы.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2007.
2. Нұрғалымұлы Ұ. Қазақ болмысының құлын дауысы және жазушы жаны//Әдебиет порталы.09.09.2015. http:adebiportal.kz
3. Тарази Ә. Ауыл шетіндегі үй. – Алматы: Атамұра, 2006.

М.МАҚАТАЕВТІҢ «РАЙЫМБЕК, РАЙЫМБЕК» ПОЭМАСЫНЫҢ ТАРИХИЛЫҒЫ»

С.О. Тәжіғалиева
магистр
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
Ақтөбе, Қазақстан

Аннотация: *В этой статье будет говориться о исторических ценностях поэмы М.Макатаева «Райымбек, Райымбек».*

Ключевые слова: *поэма, поэт, легенда, чувство, лирика.*

Abstract: *This article will talk about the historical value of the poem M.Makataev "Raiymbek, Raiymbek".*

Keywords: *poem, poet, legend, feeling, lyrics.*

Терең оймен, ыстық ықылас сезіммен, халық сүйген жүректен жазылған Мұқағали шығармаларының бірі – «Райымбек, Райымбек» поэмасы. Есімі Албан ұранына айналған, Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен Райымбек сынды қазақ батырының өмір жолы, тағдыры өз халқының тағдырымен бірге, бірлікте алынып суреттеледі.

Поэма үш бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде ақын қазақ елінің басына түскен ауыртпашылықты, елінен, жерінен айырылған халықтың мұңы мен зарын, ауыр тағдырын сезініп, жүрек қанымен жазғандай әсерде жырлайды.

Екінші бөлімде халық қайғысын көтерер, қара түнді айықтырар кім бар деген сұраққа Қабай жырау арқылы жауап іздейді, жас бала Райымбектің елім деп соққан жүрегінің лүпілі, жастықтың жалынды оты баяндалады.

Үшінші бөлімде Албанның жас батыры Райымбек танылып, ел басын біріктіруге талпынып, қолбасшылыққа қолы жетуін ұлы мақтаныш ретінде бағалап асқан үнмен суреттейді.

Міне, үш бөлімнен тұратын поэманың негізгі желісі осындай. Өмірінде әулие атанған Райымбек – талай аңызға арқау болған тұлға. Ел тарихын танып, қастерлеп өскен ақын тек сезімді ғана емес, халқымыздың өткен өмір белесін жырлауда да қаламынан жаңылмайды.

Көне әдебиеттен халық эпосы негізінде тамырын тартып, ауыз әдебиетінде батырлар жырынан өріс алған «поэма - өлеңді повесть, өмірде болған не болуға тиісті күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан-алуан адам тағдыры мен заман шындығын көлемді, желілі, эпикалық не лирикалық сипаттағы өлеңмен зерттеу».

Мұқағалидың «Райымбек, Райымбек» поэмасы да – XYIII ғасырдың тарихи оқиғасын көлемді де желілі түрде суреттейтін туынды.

Әрбір шығармасынан тарихи шындықты арқау еткен ақын өзі өмір сүрген дәуірден екі ғасыр бұрын болып өткен оқиғаны нағыз ақындық шеберлікпен жандандыра, шалқыта, күйіне келтіре шабыттана жырлайды. Өз заманынан алыс мұнардай көрінген ел еркіндігінің, бостандығы мен азаттығының жыршысы, бірлігі мен ынтымағының тілекшісі болады.

Ақынның халқын сүйген адал жаны бірде Қабай жырау боп толғанса, бірде Райымбектей батырдың тұлпарына айналып, еркін даланы кеңінен жосылтады. Мұқағали Мақатаев халқының ерлігін, елдігін, асыл қасиеттерін, жан сұлулығын, қайырымдылығы мен мейірімділігін, имандылығын жыр жолдарына түсіріп, ерекше екпін, шалқыма шабытпен жырлады. Сол үшін де бар қазақтың жүрегіне жол тапты. Ақын жүрегін жарып шыққан сөздері арқылы ұлтымыздың ұлы істерге жұмылдырып, шыбын жаны шырқырап шындықты айтып, көзімізді ашып, көңілімізді көтеріп, санамызды саралап, жанымызды аралап, жақсылығымызда даралап, жамандығымызды қаралап, халықтық қасиетімізді қастерлеуге үндеп отыр.

Ал енді бірде мүлде бөлек кейіпке еніп, дарқан даланың нақ өзіне айналады. Сезім мен шабыттан нәр алған Мұқағали ақындығы осындай керемет поэманы дүниеге әкелген. Болашағына, елдің ертеңіне сенген ақын еш қателеспейді. Сондықтан да өз шығармасында ел рухын аса бір асқақ кейіпте суреттейді. Дала мен қазақ деген халықтың тірлігін қоса алып жырына арқау етеді.

Ел басына түскен қайғы, ауыртпалық ақын жанын да күйзелтеді.

Толғана жырына қосады.

... Көш келеді боздатып боз даланы,
Көз ұшында боз сағым қозғалады,
Әлдекімнің естілсе созған әні,
Әлдекімдер аңырап жоқтау айтса,
Әр кеудеде бір шемен қозданады.

Әр қазақтың естіліп боздағаны.
Қайда барып, қалжырап жатар екен?!
Қандай сордың сортаңын татар екен?!
Көр болса да болса екен қазақ жері,
Қазақ жері болғасын - Атамекен.

Осы жолдардың өзінен-ақ оқушының көз алдына «ақтабан шұбырынды», еріксіз елінен, жерінен айырылған қайғылы қара күн, туған халық елестейді, олардың зары мен мұңы құлағына жеткендей болады, ақынмен бірге оқырман да күйзеліп, күңіренеді... Топырақтың туған жерден бұйыруын тілеген ақын үлкен тебіреніспен өз ойын әдемі де шебер жеткізе білген. Осы жолдарға қарап отырып-ақ, қазақ деген халықтың өткенін, арманды күндерін, шерменде күйін, шемен боп қатқан шерлі өксігі мен сан ғасырлық қасіретін бағамдап, тағдыр талайын, таразыға, тартысқа түскен тірлігін көруге болады.

Ақын поэманы:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Қара жорға шайқалып, бос келеді.
Қара күнді жамылып, қара қазақ
Қара қайға көрсетпей ештеңені,
Қара жауы қанатын кескен еді, - деп әдемі бастаған. Бұл бастама барша қазақ халқына таныс «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманында дүниеге келген халық әнімен астасып жатыр. Ақын көпшіліктің көңілінде жатталып қалған сол әнге өзінше өң беріп, түрлендіре түседі.

Қазақ – кетпес байлығы, кең пейілі, байтақ жері бар кемелді ел. 1723 жыл қазақ халқының тарихында ең ауыр, қиын кезең болып саналады. Бұл жыл тарихта әйгілі «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен белгілі. Қазақ халқының ата жауы қалмақтар 1723 жылы ел жайлауға көшкен жайма шуақ кезеңде тұтқиылдан шабуыл жасады. Осы қиын сәтте бұрын кер маралдай керілген арулардың бетінен нұры, үстіне киген шытырма көйлегінің өңі қашты. Бұлалықпен күн кешкен мырзалардың басына екіталай күн туды. Жау еліміздің айдарлысын құл, тұлымдысын тұл етті. Жаудан бас сауғалаған халық жан-жаққа тарыдай шашылды. Халықтың біраз бөлігі жақын жекжатын іздеп, енді бір бөлігі орман кезіп, қайыңның сөлін сорып күн кешті. Осы кезде халық ұғымында «қайың сауу» деген тіркес қалыптасты. Ал «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атаулының да өзіндік тарихы бар болатын. Бұл тіркес туралы да түрлі пікірлер қалыптасты. «Алатау» атты еңбегінде Балғабек Қадырбекұлы бұл жөнінде былай сипаттама берген: «Ақтабан аталу себебі: халық ұзақ жүрді, осы кезде күш табанға түсті. Әбден шаршаған соң табан іріңдеп, ағарып кетеді. Табандағы іріңдер әр жерден тесіліп, аға бастайды. Осыны сауып тастау керек. Халық қолданысындағы «табанынан сауып отыр», «табаныңнан сауғыр», - деген ұғым осылай қалыптасқан. Бұл – халық ойынша қарғыстың ең ауыр түрі.

«Алқакөл» аталу себебін кейбір тарихшылар Алқакөл деген көлге байланысты,-дейді. Қазақ жерінде осындай көл болуы да мүмкін. Бірақ халық басынан кешкен ол қиын кезеңді қоғалы сулар, қом көлдермен шатастырмау керек.

Алқа – омырау, яғни «халық жылай-жылай алқасы сұлады», - деген мағынада.

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасына байланысты халықтың сол замандағы елдің ащы зарын, көкірек шерін бейнелейтін «Елім-ай» әні дүниеге келді.

«Елім-ай» – елін сүйген қыз жүрегінен шыққан зарлы мұң. «Елім-ай» – халық тарихын бейнелейтін әнұран.

Бұл әннің авторы атақты Толыбай сыншының баласы Қожаберген жырау екені бүгінгі таңда белгілі болып отыр.

Жоғарыда атап өткеніміздей, осындай ел тарихындағы ауыр күннің зарлы күйін жеткізген «Елім-ай» әні Мұқағалидай ақынның айтулы поэмасында ерекше көрініс тапқан.

Қаратаудың басынан көш келеді.
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айырылған жаман екен,
Қара көзден мөлтілдеп жас келеді, - деп халық тарихының мәңгілік шежіресіндей болып қалған осы бір ән бізге үлкен қасіретті оқиғаның хабаршысындай. Ел басына төнген зұлматты да, қуанышты күйді де ең алдымен оның нәзік жанды ақыны байқайды. Қожабергендей ел ақыны да сол бір өткен қасіретті күнді дөп басып жеткізе білген. Енді міне «Елім-ай» әні арқылы біз сол кезді өзімізше елестете аламыз. Жалпы XYIII ғасырдағы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама апаты» оқиғасын «Елім-айсыз» елестету мүмкін емес.

Поэмасына осы тарихи оқиға тудырған ерлікті, Райымбектей халық батырын негіз етіп алған Мұқағали да осындай ойды қуаттаса керек. Өйткені поэма ә дегеннен осы әннің мақамындағы, бірақ өзгеше түрленген күйдегі шумақтармен басталады.

«Елім-айдағы»:

Мына заман, қай заман, бағы заман,
Баяғыдай болсайшы тағы заман, - деп келетін жолдары елдің өткен бақытты күнін аңсаса:

Шұбырғанда ізіңнен қар борайды,
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман, - деген тармақтар үлкен бір қасіреттің бетін ашады.

Жалпы қазақ тарихына үңілген адам осы бір әнді XYIII ғасырдың өлеңмен, зарлы күймен жазылған, халықтың өзі жеткізген тарихи шежіресіне балайды.

Халықтың тәуелсіз болуы-үлкен бақыт. Қазақ халқы – осындай бақытты аңсаған, сол жолда талай рет «мың өліп, мың тірілген» халық.

Арманды күнге талпынған халықтың ауыр күнін, қайғылы халін бұлжытпай жеткізген «Елім-ай» әні сәл өзгертілген күйде поэманың беташары болуы тегін емес.

Қара таудың басынан көш келеді,
Қара жорға шайқалып бос келеді.

Ақын қалың қазақ басындағы қасіретті тарихи шындықпен ұштастыра отырып, оны бір ғана «қара» сөзімен мән-мағынасын тереңдете түседі. Өлеңде «қара» сөзі жорға, күн, түн, қайғы, жау секілді ұғымдармен тіркесіп келеді.

Ақынның халқын сүйген адал жаны бірде Қабай жырау боп толғанса, бірде Райымбектей батырдың тұлпарына айналып, еркін даланы кеңінен жосылтады. Ал енді бірде мүлде бөлек кейіпке еніп, дарқан даланың нақ өзіне айналады. Сезім мен шабыттан нәр алған Мұқағали ақындығы осындай керемет поэманы дүниеге әкелген. Болашағына, елдің ертеңіне сенген ақын еш қателеспейді. Сондықтан да өз шығармасында ел рухын аса бір асқақ кейіпте суреттейді. Дала мен қазақ деген халықтың тірлігін қоса алып жырына арқау етеді.

Ел басына түскен қайғы, ауыртпалық ақын жанын да күйзелтеді.

Толғана жырына қосады.

Әр тіркесте анықтаушы міндетіндегі «қара» сөзі бірнеше қырынан көрінеді. Бүкіл бір тарихтың ауыр жүгін арқалаған поэманың тілі көркем, тартымды. Табиғатына тән айбарлылық пен асау сезімнің жан тебіренісі ақынның төл туындысынан көрінбей қалмайды емес, көрінеді. Түсіне білген адамға сөзбен салған Мұқағалидың әр сурет - өлеңі тарихқа толы. Жүрегіне от тұнған Мұқағали әр өлеңіне жауапкершілікпен қараған, оның үлкен тақырыпқа зер сала, зерделей келуі де сондықтан. «Қара тастан да мейірім күткен ақынның» зерек зердесі еш нәрсені де қалтарыста қалдырмайды [3].

Ақынның халқын сүйген адал жаны бірде Қабай жырау боп толғанса, бірде Райымбектей батырдың тұлпарына айналып, еркін даланы кеңінен жосылтады. Ал енді бірде мүлде бөлек кейіпке еніп, дарқан даланың нақ өзіне айналады. Сезім мен шабыттан нәр алған Мұқағали ақындығы осындай керемет поэманы дүниеге әкелген. Осы жылдары жазылған Мұқағали Мақатаевтың әр тақырыпқа қалам тербеген поэзиялық туындылары да қазақ поэзиясында бұрынғы бар дәстүрді жалғай отырып, өзіндік ізденістерімен қазақ поэзиясының абыройын онан әрі асқақтата түскен. Ақынның өзгеге ұқсамайтын дара қолтаңбасы әсіресе, поэзиялық туындылардағы көркемдік құралдарды игеру, оқырманды образды ойлауға ұмтылдыру барысында ақынның тосын теңеу, ерекше эпитет, мазмұнды метафоралармен бірге, басқа көркемдегіш бейнелеу құралдарының сәтті қолданыс тапқандығына.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2002.
2. Мақатаев М. Соғады жүрек. I том. – Алматы: «Жазушы», 1982.
3. Мұқағалидың «Райымбек, Райымбек» поэмасы//Қонысбайқызы Т. Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1992. - .№ 7-8.
4. Поэма жанрының ерекшелігі туралы//Балтоғаева Ж. Ізденіс. – 2002. - №1.
5. Мақатаев М. Өмір өзен: Өлеңдер мен толғаулар. – Алматы, 1979.

CREATIVITY OF JAMES FENIMORE COOPER IN CRITICISM

Ж. Е. Есполова
ст.преподаватель, магистр
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
Уральск, Казахстан
zhanee@mail.ru

Аңдатпа*: 19ғ.басындағы Джеймс Фенимор Купердің шығармашылығының өркендеуі. Американдық жазушы Купердің тек өз еліне емес, сонымен қатар бүкіл Европа немесе басқада елдерге қарқынды түрде таралуы, танымалдылығы.*

Түйін сөздер: *әдебиет тарихы, шығармашылықты талдау, англоамерикандық қайшылықтар, сыни көзқарас.*

Аннотация: *В начале XIX века Купер стал одним из популярных писателей в мировой литературе. Данная статья об американском писателе Джеймсе Фениморе Купере, его жизни и творчестве и успехах как у него на родине, так и в других странах.*

Ключевые слова: *История литературы, рассуждения о творчестве, англоамериканские противоречия, критика.*

Literature about the American writer James Fenimore Cooper, his life and work, extensive as in his home country and in other countries. Cooper - a classic of world literature, his fame and popularity with huge reader. He immediately became the focus of attention and criticism has always been one of the most widely read authors. His novels were read all over Europe, making it a truly world-wide fame. This fame reached his homeland, although not always at home he paid homage.

At the beginning of the XIX century, Cooper was one of the most popular writers in the world literature. Cooper Works published European publishing house, writes about this in his memoirs S.Morze: "In any big European city, wherever I have been, Cooper's works occupy a place of honor in the windows of every bookshop. They were published in various parts of Europe, as soon as he finishes them "[16]. After the death of Cooper published an article by well-known historian and writer Francis Parkman "Works of James Fenimore Cooper": "Of all the American writers Cooper is the most original and most typically national. ... The most talented and original American writers. "

Cooper's work has received a positive assessment of the progressive people of the time. It is known that his books are highly valued M. Lermontov, B.G.Belinsky, P.A .Vyazemsky, A.S.Pushkin. Belinsky closely followed the work of Cooper. Russian critic admired the way Cooper of "apparent simplicity works great and boundless ... and gives the whole a special imprint of New Land." About the only serious conversation with her Lermontov, Belinsky wrote: "I was unconscious when he said W. Scott Cooper mentioned that he has more depth and artistic integrity" [10]. In response to those critics who felt Cooper "imitator and disciple" Walter Scott, V.G. Belinsky wrote:

"... Cooper - writer completely independent, original, and the same great, as much genius as a Scottish novelist. One of the few number of first-rate, great artists, he created such persons and such characters, who will remain forever artistic types. " He wrote about it as well-known critic and literary historian A.V.Druzhinin. The great Russian humanist Maxim Gorky liked Cooper's novels about the Leather-Stocking Tales and admired their hero, "Natty Bumpo everywhere excites sympathy honest simplicity of his thought and the courage of the acts of his ... An illiterate Bumpo is almost allegorical figure, becoming the ranks of the true friends of humanity, whose suffering and feats so richly adorn our lives "[10]. Cooper was included in the Russian school in reading courses and studied in the public schools. His collected works published in Russia in 1927-1928years.

Abroad creativity Cooper waited the same enthusiastic reception. Honore de Balzac "roared with delight," reading Cooper's novels. He especially liked the novels, the hero of the Leather-stocking - Bumpo Natty. He believed that this character is great and original, even excellent, and novels about him will live, "while living literature" [1]. "I do not know if there is an unusual work of Walter Scott image so grand as this hero of savannas and forests," - notes the French writer. George Sand wrote that "some of Cooper's novels are an excellent scene from all pages, which only made our literary age." G.Longfello, U.Tekkerey, Victor Hugo, I.Gete also spoke enthusiastically about his novels. Washington Irving repeatedly spoke of Cooper's novels [7]. He notices the dialectical unity of old and new. In one of the introductions in 1822. he argued that the world is determined by the writer that he "brought up on the literature of the Old World, from childhood was bound historical and poetic connection with certain places, manners and customs of his country."

But in the second half of the XIX century, attention to the work of Cooper sharply reduced. In the book "The history of US literature" [15] The author of the essay on the Cooper V.N.Sheynker explains the role of the whole revaluation of romantic literature and those new challenges that confronted the American literature of the second half of the XIX century.

In 1926 an article was published in the American R.Spillera "An American in England." Arguments about the work of the author Cooper continued later in the book "Fenimore Cooper: critic of his time", which was published in 1931. Starting with these critiques, opinions about Cooper as a writer of adventure novels subject to revision. Critics are beginning to pay attention to the social issues of the writer. They note the contradictory nature of his creative manner. The first is to have V.Parrington "" Fenimore Cooper is one of the most enigmatic figures of his generation. In its complex nature it embodied what can be called nothing but a lump of contradictions. In their attempts to understand it - was confused and his generation and future "[13]. On the one hand, it was seen as the author, who was able to penetrate deeply into the past of the country, on the other hand, assigning him the role of the inventor of false stories, entertaining novelist. From this point there is an allocation of two trends in the criticism of Cooper - one is the author of adventure novels, the second - the social writer. But those and others recognize the low esteem creative manner Cooper, for example, a complete mismatch between form and content.

About Cooper wrote many Russian and Soviet researchers: Elistratova A.A., Boborova M.N., Nikolyukin A.N., Eyshiskin N., Alekseev M., Y.Kovalev, A. Startsev, Zhantieva D. Work Elistratova provides insight about Cooper as a social criticism. Stages of career and social problems L.Sokolova works analyzes, emphasizing nationality Cooper, paying attention to the change in his outlook. Savurenok A.K., referring to the analysis of creativity Cooper devotes his dissertation research: "American historical novel in the light of the Anglo-American contradictions"[14].

Bobrova M.N.rightly emphasizes that "Cooper romantic Europeans presented a poetic image of America, American exotics; mysterious and incredibly beautiful world of forest untrodden paths unfamiliar lakes and huge waterfalls, colorful and original life of Indians, their songs, rituals and stories, humor, and pathos, lyricism and breathtaking adventure "[2]. Literary A.Nikolyukin detailed analysis of novels about the Leather stocking in the article "American romanticism and modernity"[11]. Also very meaningful are the preface A.Aniksta. Some works are devoted to the problem of constructing a historical novel Cooper and W. Scott, the problem of the hero, in a descriptive manner. Researcher Yuri Kovalev says Cooper importance as the creator of the historical novel, "One of the first Cooper was able to capture the needs of the growing national consciousness of Americans. He realized that the historical novel - a genre that can satisfy the interest of the readers to the heroic past of America and at the same time to give an expression of patriotic feelings of pride in the young country, which by their example, as it seemed to contemporaries, opened a new page in the history of mankind. These considerations prompted Cooper to literary experiment, which brought him instant fame"[8].

The most significant contribution to the understanding of the creative heritage of the writer did V.N. Scheinker in his doctoral dissertation and numerous article [15]. He not only analyzes historical novel Cooper in the context of the development of American literature, but also deeply explores all the writer's work, revealing its cultural and historical significance and value. He explored the origins and originality of the historical novel Cooper, interweaving new and traditional features in the novel "Ranger", the characteristics of the characters in the novel "Red Corsair", the poetics of the novel "The Spy".

Russian literature has put forward the development of a number of major problems [4, 5, 6], and came to the study of the ideology of Cooper and its reflection in the work of a writer with a new methodological position, accumulated a large new material in connection with the changing social perception Cooper.

Literature:

1. O. Balzac. Collected works in 15 volumes, Moscow, 1951-1955.
2. M.Bobrov. Romanticism in American literature of the XIX century, Moscow, 1972.
3. Bobrova M.N James Fenimore Cooper. Essay on the life and creativity. Saratov, 1967.
4. Elistratova A.A. James Fenimore Cooper. The history of American literature. M .; L .: Publishing House - the Academy of Sciences of the USSR, 1947. pp 149-186.
5. Elistratova A. A. European Romanticism. 1973.

6. Zverev A.M. American Romanticism. // History of US literature.
7. Irving B. History of New York. Moscow, 1968.
8. Y.Kovalev. American Romanticism: chronology, topography method. // Romantic tradition of American literature of the XIX century and the present. M, 1982.
9. Cooper D.F. American Democrat. // Make our beautiful day. Reading American Romanticism,1990.
10. Literary Encyclopedia. Moscow, 1931.
11. A.N. Nikolyukin American romanticism and modernity. Moscow, 1968.
12. A.N. Nikolyukin History of New York Washington Irving B. // History of New York. M .: Science, 1968-363 p.64.
13. Parrington B.J. The main course of American thought. M.: Foreign Literature, 1962.
14. Savurenok A.K American historical novel in the light of the Anglo-American contradictions: Abstract diss. . cand. Philology. Sciences. -A. 1948.
15. V.N Scheinker James Fenimore Cooper. // History of US literature. Under. Ed. Y.N Zasursky. M .: The Legacy, 1990. Vol.2.
16. Lounsbury Th. R. James Fenimore Cooper. N.Y .; Boston: Houghton, Mifflin, 1883.

АҚАННЫҢ АҚЫНДЫҒЫ

А.Абдуллина
аға оқытушы, магистр
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық, Қазақстан
ardak.abdullina@mail.ru

Аннотация. *В статье речь идет о литературном наследии Акана Нурманова. О поэтическом творчестве его свидетельствуют отдельные стихотворения. Это видный писатель, оставивший после себя богатое литературное наследие.*

Ключевые слова: *казахская литература, автор, талант, литературное наследие, неопубликованные стихотворения, литературное произведение.*

Abstract. *The article considers Akan Nurmanov's literary legacy. Akan being sensitive, kindhearted person wrote poetry as well. There are some poems which evidences him as a talented poet. Akan Nurmanov is considered as a writer whose literary legacy is immortal.*

Keywords*: Kazakh literature, writer, talent, literary legacy, unpublished poems, literary work, immortal legacy.*

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары қазақ әдебиеті көгіне қуатты дарын бір топ «таланттар шоғыры» қосылды. Олар Мұхтар дәстүрлерін дамытып, әдебиеттің қыр-сырын жақсы меңгеріп, өзіндік үнімен, сара жолдарымен келді. Осынау таланттар шоғырының сапында Жайсаңбек Молдағалиев, Рамазан Тоқтаров, Әкім Тарази, Сакен Жүнісов, Сайын Мұратбеков, тағы басқалар болды. Әдебиеттегі бұларға жалпы ортақ қасиет қуатты дарын еді. Солардың ішінен кезінде бәрі де мойындаған, оқырмандары жазушылық талантына тәнті болған қаламгер Ақан Нұрмановтың есімін арнайы атау ләзім.

Қазақ жастарының прозадағы жетістігі, әдебиеттің өсу жолдары, болашағы әңгімелене қалса, Ақан Нұрмановтың да есімі таланттар тізімінің алдыңғы шебінде аталар еді. Прозадағы А.Нұрмановтың қаламгерлік таланты кезінде бастастарының дені мойындаған, әдебиет сыншылары саралаған шындық болатын. Жазушы қаламынан отыз шақты әңгіме повестері, өлеңдері және ең басты туындысы - «Құланның ажалы» романы қалды. Автордың өз замандастары туралы жазылған шағын туындыларында нәзік лиризм басым, роман кейіпкерлері болса, іс әрекет үстінде суреттелетін характерлі бейнелердің көптігімен ерекшеленеді.

Жазушы Ақан Нұрмановтың туындыларында лирикалық, психологиялық сарын басым жатады. Адамның жан дүниесіндегі драмалық сезім құбылыстарын ашуға бағытталған әңгіме, повесті қашанда оқушысын бей жай қалдырмайды. Шынайылық Ақан шығармашылығының негізгі табиғаты.

Автор өз замандастары туралы көбіне – көп тебірене, шешіле жазады. Ақанның әдеби мұрасының мәні де құндылығы да осында,өшпес мұра.

Ақан шығармаларының атаулары да жыр болып, төгіліп тұрады: «Арайлы таң», «Күзде ашылған гүл», «Аққу шоғыры», «Айлы түнде», «Күн ертеңге ауып барады».

Ақын жанды, сезімтал, нәзік жүрек Ақан өлең де жазған, Ақанның ақындығына сенімді куә болатындай артына қалдырған шығармашылық мұрасында бірнеше өлеңдері де бар. Қостанай облыстық «Коммунизм таңы» газетінің 1958 жылы 13 сәуірдегі санында Ақанның төмендегі екі өлеңі жарияланыпты. Өлеңдерде табиғат көркі, дала сыры, кеш келбеті шебер суреттеледі. Ақан Нұрмановтың шығармашылық мұрасының бірі – жарияланбаған өлеңдеріне тоқталып өтсек,

«Қырда»

Даланың сұлу жары, күткен көптен,
Сылаңдап келді, міне, құтты көктем.
Ағызып кәрі қыстың суық жасын,
Жүргізді ең далаға құқын өктем.

Тер ақты шекесі күнмен қызып,
Бұлқынды асау өзен сеңді бұзып.
Таң атса мамырлаған ақша бұлттар,
Көшеді бауырымен жерді сызып.

Секілді тоғай аппақ шоқ желегін,
Жамылды күнгей жота көк жібегін.
Аспанда бозторғайлар шырылдайды,
Паш етіп жырға толы өз жүрегін.

Көкпеңбек көк күмбезі неткен тұнық,
Тазартып сұлу көктем кеткен жуып.
Даланың төскейінде сұлу үн бар,
Тұрғандай шүйгін шөбі леппен тұнып.

Тартылған оқтай түзу көп боразда,
Сызғандай шебер қолмен көк қағазға.
Осынау плугтардың салған ізі,
Жалғасып жатқандайын осы жазға.

«Кеш»

Батар күннің қызғылт толқын,
Келтіріп кең даланың нұрлы көркін.
Аялап сипап жердің жасыл шашын,
Жұпар лепті самал жел еседі еркін.

Қоңыр желмен қағады түн қанатын,
Баяулап беттен өбіп лебі салқын.
Қайта – қайта аймалап жер дидарын,
Қызыл күн балқып тұрады жүзі жарқын.

Қара қанат бейне алып қыран құсап,
Жерге төніп мақпал түн жайды құшақ.
Биік көктен қызғанып ай қарайды.
Ақ дидары бір бозғылт мұнар бусап [1,3б.].

Ақанның ақындығын тағы бір куәсі «Арнау» аталатын өлеңі. Өлеңнің жазылу тарихы туралы талантты журналист Ділдабек Қорғанбеков былай деп баяндайды: Аманкелді ауданының бір топ өнерпаздары көршілес Жанкелдин ауданына барып, сөз зергері Ғабит Мүсіреповтың «Ақансері – Ақтоқты», «Қозы Көрпеш – Баянсұлу» пьесаларын және концерт қоймақшы болады. Спектакльдердің басты рольдерінде ойнайтын және концертті жүргізетін де Ділдәбек Қорғанбеков екен. Қызықты кештерді өлеңмен ашуды өнерпаздар лайық санайды. Қапелімде Ақаннан басқа ақынжанды қаламгер қолға түсе қоймайды. «Спектаклдердің беташар өлеңін жазып беріңіз», – деп өнерпаздар Ақанға қолқа салады. Ақан – ақын. «Арнау» аталатын өлеңін сол жолы жазып береді.

«Арнау»

Толықсып дәулеті асқан қансынан,
Жарқырап маңдайының бағы ашылған.
Әкелдік Сіздерге, біз ыстық сәлем,
Халқынан, Аманкелді даласынан.

Айт,- деді батыр,- сәлем өрендерге,
Бауырлас бірге туған көп елдерге
Айт, -деді және сәлем ауыл қала,
Толқыны ән - күй төккен өзендерге.

Тамсантып таң қалдырған табысыңыз,
Әлемге әйгі болған дабысыңыз.
Мәз қылып бауырыңды қуантады,
Өрлеген шыңнан - шыңға әр ісіңіз

Бәйтерек бұтағындай сараланған,
Жері жоқ тұтастықтың алаланған.
Жанкелдин,Аманкелді қатар шықтық,
Күннен – күн өміріміз жаңаланған.

Мақтанса табысымыз мақтанғандай,
Шат тұрмыс, дәулетті өмір атқан таңдай,
Шыңына коммунизм шырқап біздер,
Ұшуға бейне қыран баптанғандай.

Жол салған жұлдызға елдің жастарымыз,
Білмейміз еш қиыннан жасқану біз.
Шырқатып жастық жырын,шаттық әнін,
Аттаймыз еңбек, білім асқарын біз

Қуантсын өнеріңіз бар достары,
Мінекей, шаттық қызық той басталды.
Шығыңдар, топ алдына, өнерпаздар,
Шырқайық, ал ,кәнекей « тойбастарды» [1,3 б.].

Ақан Нұрмановтың бірге өсіп, біте қайнасқан досы,ауданда жастар жетекшісі болған Орынбасар Тұрашев «Ақанның ақындығы» деп аталатын естелігінде «Нұр жүзді Нақия» атты өлеңі туралы әңгімелейді. Әке құрығын алып, шопандыққа шыққан Нақия туралы газеттерінде очерк, суреттемелер көптен басылып жатса керек, бірақ бірде – бір жергілікті ақын жас шопанға жыр арнамайды. Осы олқылықтың орнын толтырайықшы деген комсомол ұйымының хатшысы Орынбасар Тұрашевтің қолқасымен Ақан Нақия туралы өлеңді табанда жазыпты. Кейін өлең аудандық газетте жарияланады.

«Нұр жүзді Нақия»

Биікке сілтеп құлаш асқаралы,
Көтерді жас та болса бастаманы.
Құрығын әкесінің мұра қылып,
Қорғанып қиындықтан жасқанбады.
Жайқалтқан қалың қойды бүгін шопан,
Нұр жүзді құрбы ішінде бейне шолпы,
Өр кеуде Нақиядай қыздарымның
Еңбегін бағалаған бүгін оның [3,7б.].

Өлеңнен замана тынысы, ақынның замандастарының іс-қимыл, еңбек тынысы сезіледі. Ақан ақындығымен де өз замандастары туралы жырлаған сыршыл да шабытты суреткер қалпында қалған. Ақанның ақындығы бір қыры ол дос-жаран, қатар-құрбы, әріптестеріне әзіл-оспақ арнаудың да шебері болған. Ақанның әзілдері - өзімен редакцияда қатар қызмет атқарған дос-жарандары Сәбит Досанов, Кәкімбек Наржанов, Тұраш Ержанов, Қабжәлел Мұқатов, Жақсылық Бірмағанбетов, Қазтай Ахметжановтарға арналған екен.

Ақан Нұрманов ақындық да сырларын жете меңгерген қаламгер. Біз санамалап, әңгімеге желі еткен Ақан өлеңдері баспасөз бетін көргендері ғана, көпшілік жадында жатталғандары қаншама... Ал, Ақанның ақындық мұрасы да жинақталмай келеді. Қарт қаламгер Бөгетбай Әлмағанбетов болса, осы орайда: «менің құжаттарымның арасынан Ақан өлеңдері, әзіл-қалжындары табылуға тиіс», – деп жазады [4,54б.]. Журналистика саласындағы Ақан еңбектері тіпті де сөз болмай жатыр. Ақан Нұрманов журналистік жолын Аманкелді аудандық «Социалистік шаруа», Қостанай облыстық «Коммунизм таңы» газеттерінде бастаған. Демек, журналист Ақан қаламынан шыққан әңгіме, очерктерді де сол кезеңнің баспасөз тігінділерінен іздестірген орынды. Қалды, Ақан қысқа ғұмырында «Құланның ажалы» романы мен отызға тарта повесть, әңгімелер жазған. Жоғарыда сөз болғандай әлі де баспасөз бетін көрмегендері қаншама?!

Қорыта келгенде, көрнекті жазушы Ақан Нұрмановтың артында әдеби өміршең мол мұра қалдырған қаламгер. Жазушы шығармаларының өн бойынан тарихи тұлғалармен өз замандастарының әр қилы тағдырлары мейлінше шынайы, мейлінше шынайы, мейлінше ыстық қалпымен оқырманын өзіне тартып тұрады, туған жері мен өскен елінің көркем суреті баурайды. Шымыр да сырлы сөздерімен оқырмандарына ой сала баяндайды, кейіпкерлерінің жан дүниесін нәзік сезіндіреді. Демек, Ақан Нұрмановтың әдеби туындылары мәңгілікке жалғасар өміршең мұра.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Коммунизм таңы газеті//1958 жыл. - 13 сәуір, 3 бет
2. Коммунизм таңы газеті//1958 жыл. - 13 сәуір, 3 бет
3. Тұрашев О. Ақанның ақындығы//Торғай таңы газеті. - 1993 жыл. - 13сәуір.
4. Әлмағанбетов Б. Тұңғиық,терең,сырлы қаламгер//Жас өркен - Қостанай журналы. - 2003. - № 6 – 54 б.

ҚАЗАҚ ЖОҒЫН ЖОҚТАҒАН

А.Абдуллина
аға оқытушы, магистр
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық, Қазақстан
ardak.abdullina@mail.ru

Аннотация. *В статье описывается вклад в развитие казахской письменности Ахмета Байтурсунова, основателя казахского языкознания, литературоведа, тюрколога, талантливого поэта, переводчика, общественного деятеля. До 1929 года арабскую графика использовалась только в казахской письменности. В свое время ученые - языковеды называли такое письмо байтурсуновским. Сам Ахмет Байтурсунов называл его казахским письмом.*

Ключевые слова: *государственный деятель,независимость, просветительство, казахская писменность, арабская графика, богатое наследие.*

Abstract. *The article reports the creative work made to national writing by Ahmet Baitursynov the founder of the Kazakh Language, linguist, scientist, literary critic, translator, poet, public figure .*

Keywords*: State figure, independence, enlightment, national writing, alphabet, arabic sings, immortal world, immense heritage.*

Осынау ғасырдың басында – ақ Ахмет Байтұрсынов: «Қазақ - жоқшы, іздеген қуғыншы. Қуғыншы қандай болса, мал қайтпақшы», деп жар салған екен. Мұндағы Ахаңның жоқтағаны - қазақ тілі, іздеушісі қазақтар болмақ еді[1,67б.]. Ахмет Байтұрсынов асқан көрегендік жасады, сол жоқты әлі де іздеудеміз, толығынан таппай жүрміз.

Қазақ жоғын жоқтаған ірі ғалым-лингвист, әдебиет зерттеушісі, тюрколог, дарынды ақын, аудармашы, қоғам қайраткері, Ахмет Байтұрсынұлының туғанына биыл 145 жыл толды. 1928 жылы А.Байтұрсынов Алматыда жаңадан ашылып жатқан қазақ университетіне профессорлық қызметке шақырылады. Сонда ол өмірбаянына былай деп жазады: «1919 жылдың мартында Кеңес өкіметі жағына шығып, Москваға кеттім. 1919 жылғы 24 шілдеде РСФСР Халық Комиссиалар Кеңесі мені Қазақ Әскери-революциялық комитетінің мүшесі етіп тағайындады» [1,73б.].

А.Байтұрсынов кеңестер жағына шығады. Алты жылдай Коммунистік партияға мүше де 1920-26ж болады. Кеңестердің алғашқы съездеріне қатысады. КазЦИК-ке мүшелікке де сайланады. Казнарпрос жанындағы Академиялық орталықтың төрағасы болып,А.Байтұрсынов Қазақ республикасының шаңырағын көтеріскен мемлекет қайраткері болды.

Осы орайда А.Байтұрсынов қандай жағдайда да Қазақстанның елдігін сақтауға тәуелсіздікке жеткізуге күш салады. Солай болды да, А.Байтұрсыновың белсенді араласуымен Қазақ елінің шекарасы анықталды. Ресей қаласынан астанасы Қызылордаға ауысты. Қазақстан жеке Республика болып танылды. Кемеңгер А.Байтұрсынов Ел тәуелсіздігі жолындағы күресте коммунистік бағытты да осылайша орынды пайдаланған. Жоғарыда сөз болған өмірбаянында Ахаң «Алаш»

қозғалысына араласқанын да, ашық жазады. «1917 жылдың соңынан 1919 ж дейін Алашорда ұйымында істедім» - деп жазған сол большевиктерге еріксіз қазақ елі тәуелсіздігін мойындатуға елдесі бірден-бір ықпалды ұйым – алашорда күш болды [2,114б.].

Торғай уезі Тосын болысының бесінші ауылының қазағы А.Байтұрсынов 1886-1891 жылдары Торғайдың қазақ-орыс училищесінде оқиды. 1891 жылдан 1895 жылға дейін Орынбор қазақ-орыс училищесінде оқыған.Кейін Торғайдың ауыл мектептерінде оқытушы болады.

1909 жылы Қарқаралыда екі класты училищесінде меңгерушісі болып жүргенінде Семей губерниялық жандармы «үкіметке қарсы насихат жасап жүр» деп А.Байтұрсыновты ұстап, түрмеге жабады. Сәбит Мұқанов «ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті» атты кітабында «Шыңғысұлы Тәттімбет дейтін жандарымда қызмет қылатын адам «патшаға қарсы» деп көрсетіп Ахметті абақтыға» жапқызғанын жазады [3,137б.]. 1909 жылдың шілдесінен 1910 жылға 21 ақпанға дейін түрмеде болған Ахмет Орынбор қаласына жер аударылды. Осы жылдардан бастап А.Байтұрсыновтың ғылыми-ағартушылық, журналистік қызметі басталады. 1913 жылы «Қазақ» газетін ашып, 1917 жылға дейін сонда редактор болып істейді.
Қазақ газетінің ел арасында ағартушылық ықпалы үлкен болады. Газетте Міржақып Дулатовпен иықтаса қызмет жасаған А.Байтұрсынов үкімет тарапынан қуғын көреді, редакцияны жауып, айып та салып тұрады. 1917 жылдан Ахмет Байтұрсыновтың «Алашорда» ұйымындағы қызметі басталады. Қазақ газеті 1917 жылғы 21 қыркүйекте «Алаш» партиясының бағдарламасын жариялайды. Бағдарламаның бірінші тармағында Ресейдің демократиялық федеративті республика болуға тиістігі, тегі, діні, жынысына қарамай сайлау тең өткізілуі жазылған, депутаттардың тікелей, жасырын дауыспен сайлануы айтылады. Осы бағдарламада Қазақ автономиясын дала облыстарынан қосылып, басқа халықтармен қатар Ресей Федерациясына кіреді делінген. 1917 жылы 5-13 желтоқсанда өткен екінші жалпы қазақтың съезінде Қазақ автономиясын жариялау мәселесі сөз болады. Съезд 25 мүшеден тұратын «Алашорда» атты уақытша халық кеңесін құрады.

А.Байтұрсынов халық кеңесі құрамына ұсынылмайды. Ол оқулықтар жазу жөніндегі комиссияға айналады. «Алаш» дегеніміз – «ұлтшыл, қазақтың басына қайтадан хандықты орнатқысы келген. Қазақстанды Ресейден бөліп әкетуді мақсат еткен партия» деп коммунистер жауып тынады. Ұйымның дем берушілерінің бірі Ахметке тура тиісе алмайды. Елдегі А.Байтұрсынов беделінен де жасқанса керек. Кеңестердің Бүкілресейлік съезінде ВЦИК мүшесі болып сайланған А.Байтұрсынов Казвоенревком төрағасы С.Песковскиймен бірге В.И.Лениннің қабылдауында болып, ел тәуелсіздігінің келелі мәселелері бойынша кеңеседі. 1920 жылғы 3 маусымда ВЦИК Президиумының Указымен бұрынғы «Алашорда» мүшелерінің «контреволюциялық қызметтеріне» кешірім жариялағанымен қылмыс жасуды одан әрі жалғастыра берді деген айып тағылып ішінде – Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек

Аймауытов, Мырзағазы Есполов, Халел Ғаббасов, Дінмұхамед Әбілов,Ғазымбек Бірімжанов, Ахметсапа Юсупов бар 14 адам ату жазасына кесіледі. Кейін 1931 жылғы 13 қаңтарда Ахмет Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Есполов, Ғ.Бірімжановқа берілген ату жазасы 10 жыл концлагерге қамаумен алмастырылады.

1937 жылы А.Байтұрсыновтың алдына бұрынғы «кінәлілары» қайыра қойылып, жазасын өтеп келген соң қайыра айыпталады. 1937 жылы 8 желтоқсанда А.Байтұрсынов Алматыда атылады. «Ғасырлар бойы езгіде келе жатқан қазақ халқына азаттық әперу жолында» қайран А.Байтұрсынов жазықсыз жапа шегіп кете барды. Артында «қазақ жоғын жоқтаған» асыл мұралары қалды. «Қазақ халқының Ахаң Кемеңгері болған жан» дейтіндей Егемен елі бар.

Жоғарыда біз Ахаңның қоғам қайраткері ретіндегі асыл бейнесін ашып беруге күш салдық. Ахмет Байтұрсынов шынында да өз тұсында туған халқының рухани көсемі болған, өз сөзімен айтар болсақ, халқына «Адамдықтың тұқымын себуші», парасатты перзенті. А.Байтұрсынов бір өзі бүгінгі ғылыми бір институт атқаратын жұмысты, бір өзі болмаса, ондаған автордың ісін атқарған ғалым. Сол кездегі жас ұрпаққа ұлттық жазу жасап берген жаңашыл реформатор қазақ балаларын ана тілінде оқуына күш салған қоғам қайраткері. Жастарды ұлт тілінде оқытуға арналған көптеген оқулықтардың авторы «Әліп-би», Тіл-құралы сынды талай тамаша , оқуға жеңіл оқулықтарды жазған. Қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы-лингвист ғалым. Ана тілін оқыту әдістемесін жаңа сипатта ұсынушы-жаңашыл ұстаз. Қазақстан ғалым академиясының іргетасын қалаушы, қазақ ғылымын ұйымдастырушылардың бірі. Қазақ сөзінің құдіретін танытқан сөз зергері. Өзі «Көсем сөз» деп танытқан жанрдың көш бастаушысы – ірі публицист. Халқының ән-күйін жақсы білген – өнер иесі.

Ең бастысы қазақ жоғын жоқтаған - А.Байтұрсыновтың ұлттық жазу мен оқу-ағарту ішіндегі тарихты теңдесі жоқ қызметі болар. 1929 жылға дейін республикамыздааараб таңбаларын пайдаланған ұлттық қазақ жазуы болатын. Кезінде бұл жазуды тіл білімі ғаламдары «Байтұрсынов жазуы» деп атаған. А.Байтұрсыновтың өзі болса, «Қазақ жазуы» деп атаған [4,79б.]. Араб алфавиті қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріліп, жаңаша түзілген. Қазақ тілінде жоқ таңбалар шығарылып тасталған мүлде жаңа Әліпби болды. Таңбалардың ұлттық тілдің дыибыс жүйесіне сай келуіне және оны Әліпбимен жазудың дұрыс тәртібін, емле ережелерін жақсы түсіндірді.1912 жылдан бастап А.Байтұрсынов «Айқап» журналы мен Қазақ газеті беттерін де ұлттық әліпби түзудің жолдарын ұсынып, жөн-жосығын, ұсыныстарының дәлелін жариялап отырады.

Осы орайда А.Байтұрсынов ғалым зерттеуші ретінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен таңбалайтын әріптері жайындағы пікірлерін ұсынды. Ең үлкен жаңалығы- өз Әліпбиіне «дәйекші» дегенді енгізеді. Сөздің оң жақ шекесіне қойылатын дәйекші белгісі сол сөздің тұтас жіңішке оқытылатының белгісі. Қазақ тіліндегі үндестік заңы - сингармонизмге икемдеу амалы ашылады. Соған орай А. Байтұрсынов – «Жіңішкелік үшін

жалғыз ғана дәйекші белгі алып, 43 түрлі дыбысты 25 белгімен дұрыстап жазуға болады»-дейді. А.Байтұрсынов түзген араб таңбаларында әріптер саны аз. Соған қарамай олар қазақ тілінің барлық дыбысын таңбалай алады. А.Байтұрсынов түзген әліпбиді көпшілік бірдей қабылдайды. 1915 жылдың өзінде бұл жазумен баспадан 15 кітап шығады. 1913 жылдан бастап мұсылман медреселері мен орыс-қазақ мектептерінде осы әліпбилер қолданыла бастады. А.Байтұрсынов 1919 ж жазу таңбаларын түсіндіретін «Баяншы» атты оқу құралдарын шығарады. Кейін «Әліпби астары» жарық көреді. 1914-15 жылдардан бастап «Оқу құралы», «Тіл құрал» оқулықтарын ұсынады. Араб таңбалары негізінде түзіліп, қазақ тіліне лайықталған «Байтұрсынов жазуы» 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде талқыланып, ресми түрде қабылданады. Ресейде 1929 жылы жаппай латынға көшкенде жиын-жиналыстарды А.Байтұрсынов пен М.Дулатов араб таңбалы қазақтың ұлттық жазуын сақтап қалуға күш салады. Бірақ, кеңестік саясат дегенін істетін кезеңде оған қарсы тұрар қайран жоқты.

Сөйтіп А.Байтұрсынов түзген «Қазақ жазуы» Қазақстанда 17-18 жылдай жақсы қолданылып, енді тұрақтай бергенде жабылып тынды. Жоқ, мүлде құрып кеткен жоқ. Қытай мен Иран, Ауғанстан қазақтары әлі де «Байтұрсынов жазуын» пайдаланады. Шыңжандағы туысқандар осы жазуды еркін пайдаланып келеді. А.Байтұрсыновтың тер төккен еңбегі – «Қазақ жазуы» ұлттық жазуымыз. Қазақтың өткендегі жазба дүниелері осы әріппен басылған. Көптеген кітап пен журнал, газеттерде осы әріппен басылып тұрды. Сондықтан да, көне мұралардың белгісі, оқығысы келгендердің бұл әліпбиді оқыса қазірде артықшылығы жоқ. Мешіттер жанындағы мектептерде қазірде осы Байтұрсынов жазуы оқытылады. Осы әріппен «Шалқар» газеті шығады.

Қалайда, Байтұрсынов жазуы атты мәдени дүниеміз ұлтымыздың өшпес дүниесі екенін әр кез есте ұстанған абзал. Есте ұстанып, қана қоймай өмірде пайдалансақ артық емес.

Жазықсыз жапа шеккен Ахмет Байтұрсынов еңбегін ардақтау оның артында қалдырған мол мұрасына жасалған құрметтен көрінбек.

Қазақтың жоғын жоқтаған кемеңгер ғалым, асыл азаматтың тапқан жоғын тамаша пайдалана білу де бізге мұрат болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. - Алматы: Жазушы,1989.
2. Байтұрсынов А. Ақжол. - Алматы: Жалын, 1991.
3. Бес арыс. Естеліктер. Эсселер және зерттеу. Мақалалар. - Алматы: Ана тілі, 1991 7
4. Қазақ ССР энциклопедиясы. - Алматы: Жалын, 4- том, 1989.

Қ.САТЫБАЛДИН ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ СУРЕТТЕУ

К.М. Шакирова
аға оқытушы, магистр
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық, Қазақстан
katira_ 1971@mail.ru

Аннотация. *В статье речь идёт о литературном таланте Капана Сатыбалдина. В ней рассматриваются его работы и анализируется стиль их написания. Текст дает ценную информацию о портретной характеристике героев в его стихах и пьесах. Основной идеей статьи являются творчество и социальное образование в работах Капана Сатыбалдина.*

Автор знакомит с разнообразием словосочетаний в произведениях К.Сатыбалдина, показывая виртуозное владение художником богатством народного языка, разных языковых пластов.

Ключевые слова: *характер языка, стиль, художественность, образное слово, портрет героев, лексический запас*

Abstract:*The article is concerned with the literary talent of Kapan Satybaldin. It deals with his works and analyzing his writing style. The text gives valuable information about his describing portraits of heroes on his poems and plays. The main idea of the article is creativity and social educations of KapanSatybaldin`s works.*

The author introduces the variety of phrases in the works of K. Satybaldin featuring virtuoso artist wealth of popular language, different language layers.

Keywords: *character language of nature, style, fiction, characterising word, portrait of heroes, vocabulary stock.*

Әдебиетке сонау бір қысталаң кезең, отызыншы жылдары келген қаламгер Қапан Сатыбалдин алғашында поэзиялық туындыларымен танылды.

Ұлтын сүйген, отаншылдық сезімі орасан қаламгер әдеби шығармашылықтың бар саласында қолтаңбасын қалдырды. Әдеби өмірдің бар ағысына араласты. Өз дәуіріндегі әдеби даму үрдісінде оның шығармалары публицистік жалынымен, өршіл отансүйгіштік сезімімен, биік мұраттарға беттеген рухани қуатымен ерекшеленді.

Көркем очерк саласында да өнімді еңбек еткен қаламгер очеркті көркемдік деңгейі жоғары, әдеби шығармадай қызыға оқылатын етіп жазған. Көпшілік қаламгерлердің әдеби туындысына өмірден көрген, бастан кешкен жай-күйлері арқау болып отыратындығы – шығармашылық заңдылығы.

Қапан Сатыбалдиннің көркем прозадағы, драматургиядағы жеңіл, нақты, қарапайым өмір суреттерін қамтып жазу қолтаңбасының қалыптасуында оның очерк жанрында төселу машығының өзіндік ықпалы бар деуге болады.

Қаламгер очерктерінің тілі көркем, сюжет құрылымы шымыр, жинақы. Деталь ойнатып отырып, портрет жасап отырып, табиғат көріністерін көзбен шола кетіп көкейге қондырып жазу шеберлігі айқын.

«Жамбылмен жиырма тоғыз күн» очеркінің көркемдік кестесі өз алдына, бұл очерктің қазақ поэзиясының жампозы Жамбыл туралы тағы бір көз көрген адамның әсерге толы естелігі, Жамбыл ақын өмірінің басқаға беймәлім сәттерінің тағы бір ақиқаты.

Халықтың ұлы жырауы Жамбыл бейнесін тірілте түсер оңтайлы өмір детальдарын жазушы қаз-қалпында түсіре қояды. Байқампаз. Сол тұста жас қаламгер Қапан Сатыбалдин жыр жырауы дейді Жәкеңді. Оның аузынан шыққан әр сөз, әр қимыл, әр сәтіне, шығармашылық болмысына әр қырынан аса байқампаздықпен көз тігеді. Жәкеңе ет жеуге болмайды. Дәрігер әйел етті майдалап қана аздап жеуге рұқсат еткен. Әр кез зілсіз юморы әзір Жәкең былай дейді: «– Мына қызым мені торғайға айналдырды-ау деп күледі бұл мезетте Жәкең».

Жамбылдың, жүз жасаған қарт жыраудың, қай сәті болса да мағынаға толы ғой. Қапан Сатыбалдин өзі куә болған сонау бір алыс жылдардың қазақ баласына қашан да ыстық, сағынышқа айналған Жамбылмен байланысты тарихи сәттерін тірілтеді, суретін сызып көз алдыңызға әкеледі.

«Жәкең екеуміз бір купедеміз. Қазақ өлеңінің қарт атасы Жамбылға қарай берем. Жәкең көбінесе терезеге қарап, жер көріп отырады. Жасы жүзді алқымдап жүрсе де, жай қарамай, сергек, кейбір қарттар секілді көп қисая бермейді. Қолмен ұстаған әсем таяғын ақырын тықылдатып, ыңылдап өлеңдетіп отырады. Жамбылдың жаратылысынан ақын екені, өлеңсіз өмірі жоқ, күні жоқ екені байқалады, ермегі де, өлең екені байқалады. Ағып тұрған өлең. Бір минут өлеңсіз отырмайды. Оны-мұны өлеңдетіп, қолма-қол ұйқастырып отырады. Аузынан өлең кетпейді. Әттең, жасы ұлғайып кеткеніне өкінесің. Әйтпесе, Жамбылдан лириканың жеті атасы шығар еді» [1, 70 б.].

Жамбылмен жақын болған күндер туралы очерк аяқталмай қалған. Соның өзінде тарихи тұлғаның тағдыр белестерінің бірінің шуағын сезініп оқисыз.

Қаламгердің «Сырдария тасыған шақ» лирикалық повесі де – жазу өнеріне аса жауапкершілікпен қараған, үлкен ізденістен туған еңбектің бір үлгісі. Шығарма бірінші жақтан баяндалады. Мұның өзі – кейіпкердің ішкі жан-сезім күйін аша түсудегі оңтайлы бір жазу тәсілі.

«Сырдария тасыған шақ» – бойжеткен қыздың атынан баяндалатын шығарма.

Бұл повесте қаламгердің төселген, ширақ жазу тәсілі бірден көзге ұрады. Баяндауға тіршілік суреттерін кіріктіре жазғаны жатық, аса нанымды. Әсерлі. Тіршілік динамикасын қалт жібермей, кино кадрына түсіріп алғандай шебер ұтқырлық анық, айқын.

«Поезд бір өкіріп, бір бақырып, ен даланы басына көтеріп тартып келеді. Бірақ жүргенінен тұрғаны көп. Сау желіске салған салт аттыдай кәдімгідей жүйткіп келе жатқан ол көрінген разъезге тыныс алуға тоқтай қалады. Кейде жарты сағат, кейде тіпті сағаттай танауы пысылдап, өкпесі өшкен адамдай ысылдап тұрғаны сол. Олай да былай ағылған басқа поездарға жол береді. Тағы да тоқтай қалады. Жалғыз үйлі разъезде тұрмыз. Айналамыз бой тасалар бүдірі жоқ азынаған шөлейт дала. Әлден уақытта артқы жақтан қарақошқыл шуда түтіні шұбалған ұзын состав көрінді. Жүрісіне көз ілеспейді. Ол анадайдан «жол бер, жол бер!» дегендей өктем өкіріп, қасымыздан құйындатып өте берді» [1, 56 б.].

Сыр өзенінің ағысын суреттеуде жазушы көп айтылған, көп жазылған дарияны басқалар байқамаған бір қырынан көріпті.

«Айналамыз мидай жазық, тайтерідей тып-тықыр шөлейт дала. Солтүстік батысқа қарай созыла тартқан темір жолдың оңтүстігінен анда-санда Сырдария бір көрініп қалады. Байтақ далада ақбөкендей жалтарып иреленделеп ағатын ойнақы мінезді ерке өзен бір мезет бері қарай бұрылғандай болады да, кенет бірденеден үріккендей немесе олай қарап аққысы келмегендей шұғыл ойысып, оңтүстікке беттейді. Қашан Аралға құяр-құйғанша Сыр жарықтық осы құбылмалы ағысынан бір танбайды» [1, 56 б.].

Атап айтуымыз керек, соғыс уақытының жайын жазған қаламгер аз емес. Соның ішінде Қапан Сатыбалдинннің осы повесінде қазақ ішіндегі соғыс сызы, ол әкелген тұрмыс-күй мейлінше нақты көрініс тапқан нанымды суретке толы. Вокзал басында қызған айырбас сауданың апыл-ғұпыл, жедел, асығыс сипатын жазушы жанды әрекет, табылған сөзбен тым дәл көрсетеді. Басы артық ұғындыру да жоқ, ұйыстырма көп сөз де жоқ. Бәрі де дөп айтылып, иландырады. Вокзал басында поезд тоқтаған сәт қашан да қарбалас. Соғыс кезеңі ме, бейбіт уақыт па бәрібір. Ал енді соғыстың екпін ызғары ол қарбаласты тіптен қауырт, тым жылдам күйге түсіретіні жазушы баяндауында анық ашылады. Қаламгердің портрет жасаудың да өзіндік оңтайлы тәсілдерін тауып кетіп отыратындығы шығармада әр сәт көрініс береді. Купедегілер тыныстап сыртқа шығысымен орнына қонжиып отырып алған дәудің келтіре сомдалған бейнесін көріп отырғандай әсерде болып, оқушы еріксіз езу тартады.

«Желкесі қыртыстанған май басқан адамның не қаласа да бір дырау екені байқалады. Үстінде сұр елтірі жағалы көнетоздау сары былғары тон. Планшеті соған сайма-сай. Бір мезет тоны түстес сары құлақшынды қолына алып, бильярдтың тасындай жып-жылтыр, арбыздай дәу, доп-домалақ үлкен басын шаң-тозаңнан тазартқандай сипалап қойды» [1, 58 б.].

Қапан Сатыбалдин табиғат суреттерін, жер жағдайын, адамның кескін-келбетін көрсетуде өмірдің өзінен ойып алғандай шынайылықты игерген қаламгер болғандығы аталған повесінде жан-жақты көрінгендігін айтар едік. Көп айтып, орағытып, қоспалап әрлеу, қызыл сөз, қысыр сөз жоқ, нақпа - нақ өмір көріністері оқушыны еліте түседі. Жымы білінбей өрілген кестелі тіркестер тіршіліктің лебімен тыныстап жататыны – қаламгердің сөз қадірін білгені, халық тілінің қайнарынан қанып ішкен, тілдік қабаты қалың суреткер болғандығы.

«Бұл ауданда тура тартып қасқиып жататын даңғыл қара жол болмайды екен. Атызарықтың арасымен қырық құрақ аңыздарды жүлгелеп келеміз. Күнбатыс жақ талауратып, тозығы жеткен құрым кигіздей жырым-жырым қара қоңыр бұлттар желсіз аспанда жусап, тұнып тұр» [1, 69 б.].

Шығарма – бір деммен жазылған, сырға толы туынды. Сырдария туралы сыр, оның жағасынан нәпақа тапқан еңбекқор жандар туралы сыр. Марал атты бойжеткеннің атынан баяндалған бұл шығарма жан жылуына, өмірдің қызуына толы. Соғыс кезеңіндегі ауыл өмірін жазған шығармалар қазақ әдебиетінде баршылық. Бұл повесть – өмірдің ақиқатын көркемдік

биігіне көтеріп көрсеткен табысты туындының бірі. Оқушы жадында Оразай қарттың бейнесі соғыс күндеріндегі ащы шындыққа суарылған кейпімен сақталады. Ауданға астанадан өкіл болып келген студент қыз Маралдың әр әрекеті нанымды, жағымды, жасандылық жоқ. Қилы мінез, алуан оқиға, сан түрлі бояуға малынған табиғат суреттері, оқиға желісі, шығарма шешімі сол бір зобалаң уақыттың үміт үзбей сенімге оранған, сынағы ауыр күндерін қаз-қалпында көрсете алуымен маңызды. Ел басынан өткен ауыр күндердің адам баласы арманға ұластырған ақиқатын ашып, айтып беруде Қапан Сатыбалдиннің осы туындысындай шынайы шыққан шығарма көп емес екендігін айтар едік. Повестің соңында ел ортасында қайғыны да, қазаны да, қуаныш, тойды да аз-кем күн бірге бөліскен Марал Сырдариямен сырласып кетеді.

«Сыр маған сыр ағытты. Мен ынталана құлақ тостым. «Мен – өзенмін, мен адал еңбек адамына құтпын, еріншекке, жалқауға жұтпын. Еңбек сүйген адамға пейілім дұрыс, жағалауым ырыс. Бойкүйезге бөле жарып берерім жоқ. Кімде-кім кетпен сілтесе, ала жаздай ағынымды жетелеп аңыздарға қаптатса, мен соған ғана жомартпын. Көктем кезіндегі арыным басылды. Енді мен өзімнің баяғыдан белгілі бағытыммен, атамзаманғы арнаммен тарта берем, тарта берем. Байлыққа, берекеге молыққың келсе, адам, сен еңбек ет, еңбек ет, еңбек ет. Ерінбе, жалықпа, ерінбе, жалықпа...» деп жатты. Сырдың сынаптай ауыр толқындары» [1, 125 б.].

Повестің тіл кестесі туралы қарапайым да қуатты сөз оралымдарының мол екендігін, әсіресе, жазушы тілі үздік теңеу, салыстыру, астастыруға бейім келіп отыратындығын тағы бір мәрте айтар едік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сатыбалдин Қ. Қараторғай: Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1968. – 364 б.
2. Ақшолақов Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғаты. – Алматы: Ғылым, 2001. – 338 б.
3. Құрманова Ж. Қазақ прозасындағы ұлттық идея және кейіпкер болмысы. Алматы: Ғылым, 2007. – 150 б.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ АРҚЫЛЫ КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Г.К. Айдарова
аға оқытушы, магистр
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық, Қазақстан
aydarova_1969@mail.ru

Аннотация. *Статья посвящена определению теоретических основ формирования у студентов профессионально-методических знаний через посредство самостоятельной работы. Выявлены педагогические условия данного процесса.*

Ключевые слова: *самостоятельная работа, профессиональный, экспертиза, познавательных потребностей, исследовательская работа*

Abstract:*The article is devoted to the definie theoretical bases and formation of students' professional and methodical skills through independent work. Pedagogical conditions of a given process are cleared out.*

Keywords: *independent work, professional, expertise, cognitive needs, research*

Елбасы Н.Ә.Назарбаев “Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін” Жолдауында келешекте қай салада да көшке ілесе білу ғана емес, нағыз бәсекелестік қабілеттілікті дамыту керектігін айрықша атады. Бұл орайда, әрине білім беру саласына, кәсіптік мамандар даярлауға назар аудару қажеттігі анық. “Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте анық білімдік деңгейімен анықталады. Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз. Бұл үшін оқушыларды жоғары сатыда оқытуды көздейтін білім беруге көшу қажет” деп жолдауда ерекше атап көрсетілген [1,14].

Қазіргі мұғалім қоғамдағы болып жатқан тез өзгеріп тұратын әлеуметтік - экономикалық, педагогикалық, ғылыми өзгерістерге тез төселгіш, жаңаша ойлау жүйесін меңгерген жеке шығармашылық кәсіби түрде оқушылармен ортақ тіл таба алатын педагогикалық үрдісте жүйелі, бағыттармен жұмыс істей алатын болу керек. Студенттердің дербес шығармашылық қызметі кезектесе, сатылап өтетін мазмұнды еңбек. Бұл еңбектің биік деңгейі студенттердің мәселені өзі қойып, оны шешудің, ұтымды жолдарын өзі табуынан көрінеді. Студент тәжірибелік жұмыстарда оқытушының көмегімен түрлі әдіс-тәсіл, құралдармен өмірде болатын жағдайлардың шартты үлгісін жасап, оны шешу жолдарын табуы қажет [2, 212].

Өзіндік жұмыс – тек жекелеген пәндерді меңгеруге ғана емес, сонымен қатар оқу, ғылыми, кәсіби іскерлік, жауапкершілікті сезіне білу, дербес жұмыс істеуге үйрену. Дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыс білімді тереңдетуге, толықтыруға, дағды мен іскерлікті қалыптастыруға, танымдық әрекетке қызығуға, танымдық қабілетінің дамуына, студенттің дербес жұмыс істеу мәдениетін көтеруге, шығармашылықпен жұмыс істеуге және ғылыми

жұмыстармен айналысуға мүмкіндік жасайды. Өзіндік жұмыспен бекітілмеген білім адамның рухани байлығына айналмайды. Сол себепті де жоғары оқу орнында оған үлкен мән беріледі. Өзіндік жұмыстың тәрбиелік жағы да басым. Ол адамның жеке басының қасиеттерінің (мақсат қоюшылық, ізденушілік, қызығушылық т.б.) қалыптасуына әсер етеді. Өзіндік жұмыстың мақсаты мен мәнін, маңызы мен қажеттілігін саналы түрде, бар ынта-ықыласы мен түсінген студент қызығушылықпен орындайды. Өзіндік жұмыстар студенттің ақыл-ой еңбегінің жоғары сатыда болуын қамтамасыз етіп, біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру нәтижесінде оқу үрдісінде жоғары нәтижелерге жетуге көмектеседі. Өзіндік еңбек студенттің бойында ұйымдасушылық, тәртіптілік, еріктілік, мақсаткерлік, іздемпаздық, белсенділік қасиеттерін дамытады

Студенттердің өзіндік жұмыстары әрі күрделі, әрі жан-жақты. Танымдық іс-әрекеттің балық жағдайын қамтиды: мәселен,жүйелі түрде оқылатын дәріс курсын тыңдау және дәріс материалын жетілдіру, дипломдық жұмысты дайындап, дипломды қорғау, қажет әдебиеттерді іздеу, өз бетімен оқылатын сұрақтарды түсіне білу,проблемаларды қоя білу және оларды шығармашылық түрде шеше білу. Бұл студенттердің әртүрлі жағдайларда аудиторияда, кітапханада, лабораторияларда, архивтер мен мұражайларда т.б орындайтын жеке жұмыстары.

Жоғары оқу орындардағы оқу-танымдық жұмыстарды педагогикалық шарттары мен ерекшеліктеріне қарай 5 топқа жіктеуге болады:

1. Жаңа теориялық білімді игеруге арналған өзіндік жұмыстар;
2. Жаңа эмпирикалық және практикалық білім алуға арналған өзіндік жұмыстар;
3. Білім және дағдыны қалыптастыруға арналған өзіндік жұмыстар;
4. Шығармашылық бағыттағы өзіндік жұмыстар;
5. Алған білімдерін бекітуге және жүйелеуге арналған өзіндік жұмыстар.

Кәсіптік түрде бағытталған және педагогикалық тұрғыда ұйымдастырылған өзіндік жұмыстар студенттердің кәсіби дайындығын дамытуға тиімді жағдайлар жасайды.

Өзіндік жұмыс оқу үрдісімен тығыз байланысты болғандықтан, оны екіге бөліп қарастыру керек:

1. Дәрісханалық өзіндік жұмыс;
2. Дәрісханадан тыс орындалатын өзіндік жұмыс.

Дәрісханада орындалатын өзіндік жұмыстарға дәрістік, тәжірибелік және зертханалық жұмыстар кіреді. Ал дәрісханадан тыс орындалатын өзіндік жұмыстарға дәріс материалдарын толықтыру, семинар сабақтарына дайындалу, реферат жазу, курстық, диплом, жұмыстарын жазу т.б. жатады. Өзіндік жұмысты бұлай бөлуге тиімді. Өйткені, өзіндік жұмыстар дәрісті тыңдау және оны жазу, мәтінмен жұмыс істеу, тезис, конспект жазу, семинар сабақтарына дайындалу, үйірмелерге қатысу, ғылыми жұмыстармен айналысу .

Қазіргі білім бен ғылымның ертеңі – бүгінгі студент. Ал сол студенттің бүгінгі бастамасы оның болашағына арқау болып, өзінің ғылымдағы орнын табуына әсер ететіндігі шындық. Сондықтан да кез келген студенттің өз бетімен орындаған жұмысы оқытушылар тарапынан үнемі қадағалауды, бағыт – бағдар беріп, дұрыс ұйымдастыруды қажет етеді. Алайда, өз бетімен білім алу, білімін жетілдіру әр түрлі факторларға тәуелді. Алдымен ол студенттен пәнге қызығушылықты, танымдық қажеттілікті, тұрақты ерік-жігерді, жинақылық пен белсенділік және жоғары саналылықты қажет етеді. Бұл жөнінде Ф.А.Дистервергтің пайымдауынша, адамның дамуы мен білім алуы оның өз бетінше белсенді әрекет етуі мен күш – жігеріне байланысты Студенттің өздік жұмысы (әрі қарай СӨЖ) – оқытушының пәннен берген тапсырмалары бойынша студенттің өз бетінше ізденіп, кәсіби-теориялық білімін тереңдетуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге ұмтылған мақсатты әрекеті. СӨЖ болашақ маманның өз кәсібінің қыр-сырын жан-жақты меңгеруін, күрделі мәселелерді өз бетімен шешуге талпыныс жасауға мүмкіндік береді, кәсіби-практикалық дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді [3,45].

Студент алғаш рет зерттеу жұмыстарына, экспериментке жүгініп, жиналған материалдарды жүйелеу, қорытанды жасауға ұмтылыс жасайды. Ғылыми терминдер қолданып, ғылыми бақылау негізінде ой тұжырымын жасауға үйренеді. Сондай-ақ пән бойынша алған білімін тереңдетіп, оны бекітеді, білімін дағды, біліктермен байланыстырады.

Жоғарғы оқу орындарында студенттердің өздігінен білім алу мәселесін С.Архангельский, П.Пидкасистый, И.Лернер, В.Беспалько т.б. ғалымдар қарастырды. Ғалымдардың зерттеулерінде студенттердің өзіндік жұмысы келешек маманның шығармашылық ойлауын, ғылымға қызығуын, кәсіби қарым – қатынас қажеттілігін туғызатын оқыту әдісі, таным үрдісі, студенттің өз бетінше жасайтын іс-әрекеті, дербес әрекеттің сипаты және оқу үрдісінің негізі, студенттің өз бетімен білім алуға дайындаудың жолы ретінде сипатталады. Жастардың өз бетінше оқып, білім алуы мен дүниетануын жетілдірудің методологиялық негіздері М.А. Данилов, Ю.К. Бабанский, М.Н. Скаткин және т.б. ғалымдардың еңбектерінде жалпы педагогикалық аспектіде қарастырылған. Соңғы 10-15 жылда студенттің өздігінен білім алу мәселесі ғылым объектісіне айналып, проблеманың зерттеу шеңбері ұлғайып барады. Мәселен, Ю.К. Бабански, П.Я, Гальперин, Р.Г. Лемберг, М.И. Махмутов, П.И. Пидкасистый және басқа ғалымдар өз еңбектерінде оқушылардың өздігінен білім алу мәселесіне зерттеулер жасаған. Аталған зерттеулерде өздігінен білім алудың мәніне, рөліне, құрылымына талдау жасалып, оған қызықтыру жолдарын іздестіру, жетілдіру, шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыру тәжірибелері қарастырылған.

Жоғарыда аталған ғалымдардың бір тобы студенттердің өздігінен білім алуын сабақ кезіндегі міндетті түрде орындалатын жұмыстар мен сабақтан тыс қосымша тапсырмалар беру арқылы өз бетінше орындалатын дифференциалау арқылы жүргізу керек десе, екінші тобы бұл жұмысты студенттердің қабілетіне, біліктілігіне байланысты оқулық бойынша,

ғылыми және қоғамдық жұмыстар деп бөліп негіздеген. Демек, дидакт-зерттеушілер де, педагог-практиктер де студенттердің өз бетінше білім алуы өте маңызды процесс екенін анықтауға, оны зерттеп, өзіндік мәнін ашуға, өздігінен білім алуды айқындауға өз үлестерін қосты.

Р.Г.Лемберг: “өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру мына шарттарға байланысты: оқушының істейтін жұмысының мақсатына айқын түсінуі; жұмыстың жемісті аяқталуына; оның алдыңғы нәтижесіне қызығуы; жұмысты өз еркімен, қалауымен орындауы”, - деп жазды. Г.П. Семеновтың пікірінше, өзіндік жұмыс оқытудың ұйымдастыру формасы да, әдіс-тәсілі де емес, өзіндік жұмыс алдын – ала берілген бағдарлама немесе нұсқау арқылы оқытушының қатысуымен орындалатын әрекет [4,13]. В.Б. Бондаревскийдің пікірінше, өзіндік жұмыс болашақ маманның шығармашылық өзіндік ойлауын, ғылыми қызығушылығын және арнайы білім алуын қамтамасыз ететін жоғары оқу орындарындағы оқыту әдісі деп түсіндіреді.

“Өзіндік жұмыстың мағынасын анықтауды студенттердің оқу сабақтарына арналған және өзіндік дайындығына кеттетін қосымша уақыттарға жіктейтін жоғары оқу орындары үрдісінің құрылысынан қарастыру керек”, - дейді С.И. Архангельский [5, 27].

Оқыту үрдісі екі жақты үрдіс болғандықтан, студенттердің өзіндік жұмысы оқытушының басшылығымен, сонымен қатар студенттердің дербестігін, олардың қызығып, өз ықыласымен жасайтын әрекетін де керек етеді. Өзіндік жұмыс істеу шеберлігі мен дағдылары өзінен-өзі пайда болмайды, ол мақсатты оқу қызметінің нәтижесі және шығармашылық сипаттағы әр түрлі тапсырмаларды орындау үрдісінде қалыптасады. Сондықтан өзіндік жұмыс жоғары оқу орындары оқу үрдісінің құрамына кіріп, педагогикалық пәндер бойынша кәсіптік білім алуының шарты, құралы және нәтижесі түрінде бой көрсетеді. Студенттердің өзіндік жұмысы – болашақ мамандарды даярлаудың аса маңызды жолдарының бірі, жас тұлғаны жан – жақты жетілдіріп, қалыптастырудың міндетті шарты және құралы болып табылады.Сонымен, студенттердің өзіндік жұмысы дегеніміз – олардың интеллектуалды, жігерлі және кәсіптік қасиеттерін дамытатын, оқу бағдарламасында қарастырылған, оқу материалының мазмұны мен керекті көлемін игерудегі оқу жұмысының жан – жақты түрлерін игеру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бейсембаева З. Өзіндік жұмыс-кәсіби біліктілік көзі//Қазақстан мектебі. – 2003. - №9. - 14б.
2. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы. – Алматы,1999. - 212б.
3. Әбиев Ж. Педагогика тарихы. – Алматы, 2006.-45 б
4. Веселов В Чтобы повысить эффективность НИРС//Вестник высшей школы. - 1990. - №2.-13б.
5. Архангельский С.И. Учебный процес в высшей школе его закономерности, основы и методы. - М.: Высшая школа, 1980. - 27б.

ЖҰМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КЕЙІПТЕУ ТӘСІЛДЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Б.А. Таутина
аға оқытушы
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық, Қазақстан

Аннотация. *В статье анализируется поэзия Ж.Нажимеденова. Расматривается как через образные средства изображения природы раскрывается мастерство поэта.*

Ключевые слова. *Поэт, природа, образность, поэзия*

Abstract. *In the article is analysed poetry of Zh. Nazhimedenov. Considered how the author through imagenary means of picture of nature showed the mastery of a poet.*

Keyworbs. *Poet, nature, imagery, poetry*

Табиғат көрінісін адамның көңіл-күйіне, психологиясына жанастырып, жанды бейне ретінде беруде шеберлік танытқан ақындар қазақ әдебиетінде молынан кездеседі. Әдебиеттанушылардың «Поэтикалық бейнелеу құралдары жағынан қарар болсақ, суреткерлер өздері үшін ғажайып болып көрінгенді де, сұрықсыз көрінгенді де әсерлілік қуатын әлсіретпей жеткізуге себі тиетін көтеріңкі сарындағы сөздерді жасайтын тәсілдердің алуан түрін бірдей пайдаланады» [1,50] – деген тұжырымдарын негізге ала отырып, ақындардың табиғаттың тылсым сырлары мен сұлулығын жер бетіндегі тіршілік атауларының өмірімен, олардың іс-әрекетімен байланыстыра суреттейтінін байқауға болады.

Табиғаттың қайталанбас сұлулығын әдемі үйлесім тапқан ұйқастар арқылы әсерлі бейнелей білген ақындарымыздың бірі – Жұмекен Нәжімеденов. Ол – ақындық тапқырлығымен, ойының нақтылығымен танылған ақын. Табиғат суретін де дәл бейнеде айнытпай поэзия тілімен суреттейді:

... Ақ саусақ билейді, билейді,
Кәдімгі ақ мата үстінде.
Көк жіпті сұр ине сүйрейді,
Көк ала кестелер түсті де.
Кестелер кенеттен тіріліп,
Ну орман өсті де, жетілді.
Көк жиек сол нуға сүрініп,
Асып кеп құлаған секілді -
Көл ұйықтап көгалдың шетінде,
Маңдайын жартасқа тірепті.
Осынау айдынның бетінде,
Тастар да толқыды, дір етті ...
... кестені жап-жаңа тігілген,
Кер-дала жамылып барады ...
... Осылай туған жер үстінде,
Саусақтар билейді, билейді [2,16] – деп дала келбетіне

сұлу сөзбен кесте тігеді. Табиғат құбылысын қимылға келтіріп, жанды бейнеде суреттеу үшін ақын көбіне кейіптеу әдісін қолданады. «Тіл көрнекті болу үшін дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның сана-саңылауына келіп түсерлік дәрежеге жетуі керек. Қалыпты түріндегі сөз ондай дәрежеге жету үшін түрлі әдістер қолданылады» [3,25].

... Бұталар арасымен аңдып, аңдап,

Жүр, міне, ақ самайлы таң қылаңдап ... [4,16] – деп, сібірлеп атқан таңды *«аңдып, аңдап, қылаңдап»* деген көсемше арқылы жасалған етістікті синонимдер адамға тән қылықтармен суреттейді.

... Мезгіл-әже көтерді күн табағын,

Кетті сәуле жапырақты пышақтап ... [2,8],

Немесе:

...Келе жатыр сәуле – сұлу жалаңаш ... [2,9],

Сондай-ақ:

... Күн көзімен жалт етті де, құшты кеп,

Алатаудай кәрі шалды әлгі қыз ... [2,9], – деп *«Алатаудай кәрі шалды құшағына алып»* сәулесін маңайға түгел төккен күн сәулесін қылықты *«сұлуға»* балап әсерлі бейнелейді. Енді бірде:

... Кенеттен ағараңдап ақ балтыры,

Күн – сұлу шықты кешіп бұлт батпағын... [4,18] – деп, бұлт арасынан жарқ етіп шыға келген күннің көзін жан бітіре тірілтеді.

Ақындар поэзиясында символдық бейнеге айналған «самал жел», әсем гүл», «көк тастар» да Жұмекен шумақтарында:

... Жетті, міне, жігіт – самал албыртып,

Бойжеткен – гүл бола қалды ұялшақ ... [4,8],

Немесе:

... Жүйрік жел баса алмай аптығын,

Бұтаға сүйенді солықтап... [2,7] – деп, «албыртқан жігітке», «ұялшақ бойжеткенге» айналып шыға келеді.

... Түйсігі бар тастың да

Тас та кейде жұлқынар ... [4,14],

... Бұл жердің ойға бөккен әр бұтасы,

Бұл жердің *гүлі ұялшақ, арлы тасы* ... [4,23] – дегенде тасқа да жан бітіре, қимыл-қозғалысқа келтіріп суреттейді.

Ымырт үйірілген кешкі мезгіл мен түнгі тыныштықты ақын:

... Бір ымырт пердесін түсіріп,

Мүлгіді, мызғыды кәрі ағаш .

Ақ бұлақ көрпесін ысырып,

Қой тасқа ұйықтады жалаңаш ... [4,8] – деп, өзіндік ғажайып стилімен әсерлі жеткізеді. «Мүлгіген», «мызғыған», «ұйқыға кеткен» түнгі тылсымды:

... Түк түсінбей тұр білем мынау аспан, мынау жер,

Жымың-жымың етеді жұлдыздардың кірпігі... [4,37] – деп, бір сиқырлы әлемге жетелейді. Өз қиялын табиғат құбылыстарымен шебер байланыстыра білетін ақын түнгі пейзажды жасауда сөз мүмкіндіктерін

барынша қолдануға, өрнекті тіркестерді пайдалана отырып, тілдің эмоциональды бояуының қанықтығына мән береді. Ақын табиғатқа тіл бітіре, адамша сөйлетеді:

... Қыс келгенін, мұз басқанын даланы,
Суық жел тұр құлағыма сыбырлап.
«Бұрынғыдай иығыңды керме» - деп,
Өн бойыма ызғар шықты өрмелеп.
«Кешке жақын жанай өтіп көрме» - деп,
Боз қырау тұр қыз әйнегін перделеп ... [2,10] – деген шумақтарда «суық жел құлағына сыбырласа», ызғар өн бойыңды шымырлатып өктем сөйлейді. Әрі қарай:

... *Аяз - жеңгем қориды сол қызды анық* - деген жолдар арқылы «құлағын жазықсыз шымшыған» аяз да жанды бейненің қимыл-әрекетін көзге елестетеді. «Ақөзектегі айлы кеш» өлеңінде:

«Ақөзектің» пәк жүзін жымыңдатып,
Бұлт-бұлт етіп барады құлын батып
Құлын батып барады
Жас сұлудың
Жауырынына кетіпті бұрым батып...
... Бұлт ойнады аспанда түртіп Айды,
Ай астында боз бие шұрқырайды [4,64]- деп туған жердің айлы кешін әсерлі баяндайды. Ақынның әсершіл сезімінен туындап жатқан көңіл – күй құбылыстары, қуаныш пен мұң сияқты тебіреністері:

... Мен де бір емен жанымда
Жел үзген жапырақ үркіп жүр.
Сілтенген балта тамырға
Бұтақтарымды қырқып жүр ... [4,40],
... Даңқтың, даудың, дақпырттың
Ық жағын алып келгенмін.
Бейне бір шөкім ақ бұлтпын,
Қуаламашы, жел, мені [4,44],
... Бәлкім, мұңды хал шығар –
Тал көз жасын іркіп тұр.
Көзі шатынап тамшылар
Әлденеден үркіп тұр [4,103],
... Қарт Алатау сақалына қатқан қарды лақтырды,
Соған қарап мына менің самайыма ақ кірді [4,37], - деп алма-кезек ауысулар арқылы элегиялық сарын танытады. Адам өмірі мен табиғат құбылыстарынының арасындағы үндестікті бар жан-дүниесімен сезінеді. Әдебиеттанушы Қ.Алпысбаев өз еңбектерінде былай түсіндіреді: «Тірліктегі қарабайыр, жұпынылықтан құтқарған қуат көпке аян, ал түйсік пен сезімдегі жүдеу нүктеден адам баласын қозғап жіберген ұлы күш – сөз өнері. Түйсік пен сезімді астастырып, адам мен табиғаттың мәңгі бөліп, мәңгі табыстырған да – сөз құдыреті. Ойлап отырсақ, сөз бен сезім, тіл мен түйсік жаратылыс жұмбағындай тылсым, аспан әлеміндей айшықты да өрнекті құбылыс» [5,26].

Жұмекен Нәжімеденовтың поэзиясына талдау жасай отырып, табиғат көрінісін ерекше құбылыстармен жан бітіріп, кейіптеу тәсілдері арқылы өрнекті ой түйе білгеніне көз жеткіземіз. «Поэзия тілі көркем мағына мен ассоциациялық-эстетикалық байланыстар жүйесіне, стильдік бояу-нақыштар мен музыкалы үнге құрылады. Поэзия тілі – бейнелі, мәнерлі, нұрдай таза мөлдір тіл» [5,33].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жарылғапов Ж.Ж. Қазақ прозасы: Ағымдар мен әдістер. – Қарағанды , 2009.
2. Нәжімеденов Ж. Алтын қалам.- Алматы: «Ән-Арыс» баспасы, 2010.
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна LLd» ЖСШ, 2010.
4. Нәжімеденов Ж. 2 том. – Алматы: «Жазушы», 2010.
5. Алпысбаев.Қ. Көркем шығарманы талдау. – Алматы,1995.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ АҚЫЛ-ОЙЫН ДАМЫТУДА МОНТЕССОРИ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Р.Е. Жандилдина
аға оқытушы, магистр
Қ.Жылқыбаева
студент
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық, Қазақстан

Аннотация. *Возможности педагогики Монтессории развивает ум детей дошкольного возраста. Педагогика Монтессории обеспечивает полную свободу детей в группе. Педагогику Монтессории важно разработать с раннего возраста. В системе образования Монтессории должны соблюдаться основные принципы.*

В педагогике Монтессории учитывается роль педагога.

Abstract. *The possibilities of pedagogy Montessori develops the mind of children of preschool age. Education Montessori obespeçïvaet polnwyu svobodw children in the group. It is important to develop an early age Montessori pedagogics. Stored in the basic principles of the Montessori educational system. The role of pedagogy Montessori teacher.*

Ұрпақ болашағы – тәрбие мен білімде. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халыққа Жолдауында «Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретіндегі мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн және бұл сатыны олардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға арналған тиімді бағдарламалармен қамтамасыз ету қажет. Әрбір балалардың білім алуға, еңбекке және қоршаған ортаға бейімі, қарым-қатынасы нақ осы кезеңде қаланатынын естен шығармауымыз керек» - деп айтылған [1.65б.].

М.Монтессори педагогикасы негізінде ақыл-ойды дамыту – баланың жасына, тәжірибенің молаюы мен тәрбиелік ықпалдардың әсеріне байланысты ойлау әрекетінде пайда болатын сан және сапалық

өзгерістердің жиынтығы. Мектепке дейінгі шақта білімнің қорлануы шапшаң қарқынмен жүргізіледі, таным процестері жетіледі, бала ақыл-ой әрекетінің қарапайым әдістерін меңгереді. Мектепке дейінгі баланың ақыл-ой дамуын қамтамасыз етудің оның барлық кейінгі іс- әрекеті үшін зор маңызы бар.

Баланың ақыл-ойын дамыту әлеуметтік ортаның ықпалымен жүзеге асырылады. Ол айналадағылармен араласу процесінде тілді, сонымен бірге қалыптасқан ұғымдар жүйесін меңгерді. Соның нәтижесінде мектепке дейінгі бала тілді меңгеріп алатындығы сондай, оны қарым-қатынас құралы ретінде еркін пайдаланады.

Мектепке дейінгі баланың акыл-ойының амуы алғашында қарым-қатынаста, заттық әрекеттерде, ал сонан соң оқу, еңбек, өнімді жұмыс (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) процесінде жүзеге асырылады.

Ақыл-ойдың неғұрлым тиімді дамуы оқыту және тәрбиелену ықпалымен жүргізіледі.

Қазіргі М.Монтессори педагогикасында ақыл-ой дамуының негізгі көрсеткіштері – білімдер жүйесін игеру, олардың қорын жинау, шығармашылық ойды дамыту және жаңа білімдер алуға қажетті кызмет әдістерін меңгеру деп есептейді.

М.Монтессори жүйесі дәстүрлі педагогикадан мүлдем ерекшеленеді және ол ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына қайшы келмейді. Сонымен қатар, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» деп аталатын 5 білім беру салалары бойынша ортаны ұйымдастыру қарастырылған. Бұл білім беру салалары М.Монтессоридің әдістемесі бойынша ортаны ұйымдастыруымен үндес болып келеді.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» салаларымен тығыз байланысты.

М.Монтессори педагогикасының ерекшеліктері:

- Монтессори педагогикасында ерте жастан дамытудың маңыздылығы ескерілген;
- М.Монтессоридің педагогикалық әдісін түсіну және қолдану ерекшелігі;
- М.Монтессоридің педагогикалық жүйесінің негізгі қағидаларының сақталуы;
- М.Монтессори педагогикасындағы педагогтың ролі;
- М.Монтессори педагогикасында арнайы дамытушы аймақтарының құрылуы және дидактикалық материалдарды пайдалануы;
- М.Монтессори педагогикасының топта балаларға толық еркіндікті ұсынуы.

«Бар жақсы балаларға дей отырып», М.Монтессоридің қалдырып кеткен дәйек сөзін еске аламыз: «Жас ұрпақтан мықты, күшті тұлғалар тәрбиелеп шығаруымыз міндет, ал мықты адамдар деп − біз өзіне сенімді, тәуелсіз тұлғаны айта аламыз». Өз-өзіне сенімді, тәуелсіз, өзін сыйлайтын

тұлға тәрбиелеу М.Монтессоридің алға қойған мақсаты. М.Монтессори педагогикасының ерекшелігі балаға деген көзқарас пен қарым-қатынас. Қайталанбайтын өзіндік көзқарасы, алға қойған мақсат-мүддесі бар тұлға ретінде қарау. М.Монтессори өзінің педагогикалық жүйесін бала табиғатына байланысты құрды. Баланың өсіп жетілуіне не қажет? Оның қажеттілігі өзіне қызмет атқаруға деген ұмтылыс екендігінде екені өзі ашқан мектептерінде дәлелдеп берген. Монтессоридің пікірінше,бала анасының көкірегінен ажыраған күнді өзіндік қызметке көшудің басы, - деп есептейді. Сондықтан сол өмірге бейімдеу Монтессори ортасында іске асады.

Монтессори әдістемесі әрбір тәрбиеленушіге деген даралы тәсілдемеге негізделген.Бұған сәйкес, балдырғандар мен бүлдіршіндер дидактикалық материалдар мен ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті ұзақтығын әрдайым өздері таңдай отырып, өзіндік ағыммен ырғақта дамиды. Ең бастысы М.Монтессори педагогикасының ерекшелігі − бала өзінің қызығушылық саласын өзі таңдайды. Ата-аналар мен педагогтар бұл үрдісте қараушы рөлін ойнайды, сезгіш және ықыласты болады, олар жас зерттеушіні түсіну үшін лайықты шарттар жасау керек [2.74б.].

Мектепке дейінгі ұйымда баланың әртүрлі іс-әрекет салалары тек қана балаларда емес, олардың ата-аналар алдында үлкен танымалдығын білдіреді. Мектеп жасына дейінгі баланың еркін жұмыс жасауы санау, оқу, ойын әрекеттерінде көрініс табады.

Әрине, балабақшада балалар тек қана күнде жаңа материалмен таныса бермейді. Балалардың қатысуларымен өте қызықты мерекелер, ойын-сауық кештері ұйымдастырылады. Бірақ, еңбек пен балалардың ойын әрекеттерін ажырата алған жөн. Айтар болсақ, балабақшадағы тәрбиешілер өте тәжірибелі педагогтар, олар мектеп жасына дейінгі балаларды үнемі жаңа нәрселерге үйретеді, өздері әртүрлі мерекелерді ойлап табады, балалармен жұмысты қызықты формаларда жүргізеді.

М.Монтессори педагогикасында балалар өз ойын білдіру саласында барынша көп еркіндік алады, мектепке дайындық мерзімде жеңіл өтеді. Ең бастысы, олар өздік түрде білім алады және олардың құмарлықтарын тоқтата алмайсың. Әрине, мұнда ең маңызды рөлді тәрбиешілер мен ата-аналар ойнайды, олар баланың ерекшілігін қабылдау үшін тілектестік атмосфера жасаулары қажет. Баланың ерекшілік қасиеттерін бастапқылыққа қойып нақты тұлғаны тәрбиелеуге болады [3.41б.].

Мария Монтессори италияндық дәрігер әйел. Бұл жүйені осыдан 100 жыл бұрын сол ойлап тапқандықтан, соның атымен аталады. Қазіргі кезде Монтессори жүйесін 146 мемлекет қолданады. Бұл жүйе бойынша 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар зейінін, шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін, есте сақтауды, сөйлеуді, елестетуді, қимылды дамытады. Оның негізгі қағидасы – «оқы, оқы» деп күштеп емес, ойын арқылы оқыту және баламен дербес тіл табысуға негізделген жаттығуларды таңдап алу. Мұнда бала дидактикалық материалдар мен сабақ уақытының ұзақтығын өзі таңдайтын болғандықтан оқытудың ерекшеліктері бар. Сондай-ақ олар өз қателіктерін өздері көріп, соны өздері түзеп отырады. Монтессори әдістемесінің маңызды ерекшелігі – баланың жеке қабілетін көрсете

алатын және көрсеткісі келетін арнайы ортаны құру. Бұл Монтессори ортасы деп аталады. Бұл ортада психологиялық жайлылық, таңдау еріктілігі және тәрбиешінің сабырлы адамгершілігі салтанат құрады.

М.Монтессори педагогикасы арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ойының дамытудың *мақсаты* – балалардың зейінін, ойлау, зерде үрдістерін дамыту, қиялдарын ұштау, тапқырлыққа жетелеу, қызықты ойындар мен тапсырмаларды орындауға қызығушылығын арттыру.

Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту жұмысы балабақшада өтілетін барлық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде (көркем әдебиет, сауат ашу, сурет, қарапайым математика, музыка, дене шынықтыру және т.б.) баланың жасына қарай жүргізіледі. Мысалы, «Жазда балабақша ауласында», «Жайлауға саяхат», «Шопан ата қонақта», «Ыдыс дүкені», «Мектеп», «Мұғалім», «Дәрігер» және т.б. шығармашылық ойындар өткізіледі. Бұл ойындарға қажетті материалдарды тәрбиешілер дайындап, балаларды қатыстыра отырып, өздері жасайды. Олар әзірленген түрлі-түсті кәмпит, нан, тоқаш, құрт, ыдыс-аяқ, «Жайлау» ойыны үшін жасалған киіз үй, үй мүліктері, төсек-орын, көрпе жастық, кілем, алаша − балалардың бұрын үйренген сөздердің дұрыс айтуға, бір-бірімен сөйлесіп, пікір алысуға, бір-біріне әңгімелеп беруге мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Мектепке дейінгі балалардың ақыл-ойын тәрбиелеуді дұрыс ұйымдастыру үшін олардың ақыл-ой дамуының заңдылықтары мен мүмкіндіктерін білу керек. Осыларды ескере отырып, ақыл-ой тәрбиесінің міндеттері, мазмұны, ұйымдастырылуы мен әдістері белгіленеді. Кеңестік психология мен педагогика ақыл-ой тәрбиесі міндеттерін тиімді шешу жолдарын бір жағынан, баланың мүмкіндігін барынша пайдалану және екіншіден, ағзаны жалпы қажытатын тыс міндеттер жүктеуді болдырмау үшін мектепке дейінгі шақтағы ақыл-ой дамуының мүмкіндіктері мен заңдылықтарын зерттеумен шұғылданады.

Монтессори әдісінің мәні − баланы өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі оқыту, өзін-өзі дамытуға бағытталған. Бұл педагогикалық жүйеде адамның еркіндігі мен қадір қасиетіне деген көзқарас бала кезінен маңызды болып келеді. Тәрбие үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі – баланың рухани еркіндігіне құрметпен қарау. М.Монтессори үшін адамның рухани дамуы оның психикалық және физикалық дамуымен тығыз байланысты. Монтессори саналылық пен ойлаушылық қабілетінің дамуы үшін сезім мүшелері қабылдауының, қозғалыс дамуының маңыздылығын үнемі көрсетіп отырды.

Жас ұрпақ тәрбиесі сияқты үлкен міндетті шешуге мектепке дейінгі қоғамдық тәрбиенің орны ерекше. Олар өмір есігін жаңа ғана ашқан жас буындар денесінің, ақыл-ойының, сана-сезімінің дамуына, адамгершілік қасиеттері мен эстетикалық талғамның қалыптасуына жағдай жасайды.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің алғашқы буыны болып табылатын мектепке дейінгі кезеңде балалардың ақыл-ой қабілетін жан-жақты дамыту және тәрбиелеу мәселесіне ерекше мән берілуде, себебі осы кезеңде балалардың ақыл-ой қабілетін дамыту мүмкіндіктері мол.

Жас ұрпаққа мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру − бүгінгі күннің басты талабы екені бәрімізге белгілі. Баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңеюі балабақша қабырғасында басталатыны сөзсіз

Қай кезеңде болмасын балабақшада Монтессори әдісі еш уақытта орнын жоғалтқан емес. Бала табиғатында білуге құмар, тумысынан-ақ өсуге, жетілуге ұмтылысы басым. Сондықтан да қарқынмен дамып бара жатқан мына заманда балабақшадағы педагогтардың ұлттық қалып, ұлттық мінезді сақтай отырып, бала тәрбиесінің әдістерін тынбай ізденіп, жиі жаңартып отыруы заңды құбылыс[4.12б.].

М.Монтессори технологиясы мектеп жасына дейінгі балаларға жауапкершілікті сезінуге, өздігінен шешім қабылдауына, топта да, жеке де жұмыс жасай алуына, таңдау жасай алуына, өз уақытын ұйымдастыра білуіне, өзіне сеніммен қарауына мүмкіндіктер береді.

Әр заманның ұсынары бар және қалай болғанда да заман ағымынан қалмай, ілгері жүру − ұлы мұрат. Қазіргі заманда білім беру әлемдік құрылымның маңызды элементінің біріне айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР МЖМБС №499 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. - Астана қ., 2016 ж.
2. Баймұратова Б.Б., Сәтімбекова М.С., Жұмабекова Ф.Н. Балбөбек бағдарламасы.- Алматы: Шартарап, 2000.
3. Методика раннего развития Марии Монтессори. От 6 месяцев до 6 лет: Дмитриева В.Г. − Санкт-Петербург: Эксмо, 2008 г.
4. Учим буквы по методике Монтессори: Мари-Элен Пляс − Санкт-Петербург, Клевер-Медиа-Групп, 2014 г.

БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫ АРҚЫЛЫ ҚҰЗЫРЛЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Б.Е. Бәйкен
магистр,
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық, Қазақстан

Аннотация.*Формирование компетентности через познавательных интересов детей. Опыт ребенка постепенно пополняется и развивается разными видами знаний. Задача компетенции: развитие детского саморазвития. Будущее поколение является активным членом общества в будущем. При компетентности ребенок усваивает навыки, умение и знания.*

Ключевые слова. *Компетентность, позновательный интерес, индивидуальная способность.*

Abstract. *Competence through the formation of cognitive interests of children. Childrens' experience postepenno popolnyaetsya and razvïvaetsya raznımï vïdamï knowledge. Task Competence: Development detskogo samorazvïtïya. Future generation GX aktïvnım çlenom society bwdwşçem. When kompetentnostï rebenok wsvaïvaet navıkï wmenïe and knowledge.*

Keywords. *Competence, cognitive interest, the individual's ability.*

Қазіргі педагогтардың ойынша өмірлік маңызы бар құзырлылықтардың әр адамға болуы оларға қазіргі қоғамда бағдар жасауға көмектеседі, тұлғаның қазіргі уақыт талабына сай әрекет ету қабілеттерін қалыптастырады.

«Құзырлылық» ұғымы жайлы Құдайбергенова К.С. «Құзырлылық табиғаты – тұлғаның өзіндік дамуында» атты еңбегінде былай деп көрсетті: «Құзырлылық ұғымы соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субьектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым.

Құзырлылықтың латын тілінен аудармасы «competens» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» десе, бұл жайлы Б.А.Тұрғынбаева «Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту» еңбегінде «...өзінің практикалық әрекет арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, ресей ғалым Н.В. Кузминаның көзқарасы бойынша «Құзырлылық дегеніміз – педагогтың басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы деді.»

«Құзырлылық» түсінігі – бұл оқыту үрдісінің тұлғаның басты (базалық, негізгі) және пәндік құзырлылықтарының қалыптасуына бағдарланған. Бұл үрдістің нәтижесі ретінде адамның жалпы құзырлылығының қалыптасуын айтуға болады, ол басты құзырлылықтарының жиынтығы, тұлғаның кіріктендірілген сипаттамасы болып табылады[1.22 б.].

Құзырлылыққа бағдарланған тәсілдері: Танымдық құзырлылық: оқудағы жетістіктер; интеллектуалдық тапсырмалар; оқи алу білігі және білімді пайдалана білуі.

Тұлғалық құзырлылық: жеке қабілеттері мен талантын дамыту; өзінің күшті және әлсіз жақтарын білуі; рефлексия жасау қабілеті; білімнің үдемелілігі.

Өзіндік білім алу құзырлылығы: өзіндік білім алу қабілеті, өзін-өзі оқытудың өзіндік тәсілдерін ұйымдастыру; жеке білім алу қызметінің деңгейіне жауаптылығы; тез өзгеру жағдайында білім, білік, дағдыларды пайдалану икемділігі; үнемі өзіндік талдау, өз қызметін бақылау.

Құзырлылық міндеті: балалардың дамуына, өзіндік дамуына жағдай жасау;

өнімді білім, білікті игеру; бүкіл өмір бойына өз білімін толықтыруға деген қажеттілікті дамыту. Оларды орындауда тәрбиеші төмендегі келтірілген ережелерді есіне сақтау керек:

Белсенділікті қалыптастыру үшін уақытты да, күшіңізді аямаңыз. Бүгінгі белсенді бала – ертеңгі қоғамның белсенді мүшесі.

Мектепалды даярлық топтарында сабақтың өн бойы ойын әрекерін ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Себебі, 5 – 6 жасар бала сабақ оқығаннан гөрі ойын ойнағанды қалайды, зейіні тұрақсыз, бір іспен ұзақ

уақыт шуғылдана алмайды. Бала ойынмен өседі. Ойында баланың қарым – қатынасы кеңейіп,таным қабілеті өседі, мінез – құлық қалыптасады. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық, мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Көп ойнаған адамның дүниетанымы кең, жаны таза,жүрегі нәзік сезімтал тұлға болмақ.

В.А.Сухомлинский «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы жоқ және олай болуы мүмкін емес. Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспеттес, ол арқылы баланың рухани байлығы жасампаз өмірмен ұштасып айналадағы дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз – ұшқын, білуге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты» деген.

Ойын барысында балалар өздеріде байқамай әр түрлі жаттығуларды орындай бастайды. Ойын баланы іздену жолына бағыттайды, жеңіске деген қызығушылығын оятады, ал осыдан шыға келе олар жылдам, жинақы, шапшаң, тапқыр болуға, ойын шартын сақтап отырып тапсырмаларды нақты орындауға тырысады.Ойындарда, әсіресе топтық ойындарда жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттері, жауапкершілік толық сезімдері қалыптасады, тәртіп, күш жігер, мінез – құлық тәрбиеленеді. Көрнекіліктердің әдістері, сұрақтың қызық та, тиімді түрлері, жұмбақтар, әзіл есептер, ахуал жағдайлары,сайыстар балалардың белсенді ойлау әрекетін дамытуға көмектеседі. Ойын барысында бала ойы үнемі дамып, жетіліп отырады, ұшқырлана түседі[2.41б.].

Даярлық топ балаларының білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану және оларды оқу үрдісінде үздіксіз дамытып отыру сабақ барысында алған білімдерін тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін сабақтарда ойын элементтерін пайдалану.

Кей бала ойында шынайы өмірді бейнелесе, кей бала ішкі сезімін білдіреді. Мағжан Жұмабаев: «Ойын – баланың өз ісі. Баланың ойынына кірісуші болма. Баланы бір нәрсе бүлдірмес үшін тек шеттен бақыла.»

Ойын тек әрекет емес, балалардың да, үлкендердің де қызығушылық ермегі адамды рахат пен қанағат сезіміне бөлейтін іс – әрекет. Бала тұрмақ, үлкен адамдар да әлі күнге дейін ойнайды, әрине ойынның түрлері де, мазмұны да сан алуан. Оның өзгеріп отыруы балалардың жас және дара ерекшеліктеріне байланысты.

Балаларды бір – бірімен, үлкендермен жағымды қарым – қатынаста, ұйымдаса ойнауға, өзгенің пікірімен санасуға, тәртіпті болуға, жеке өз бетінше әрекет етуге, емін – еркін демалуға тәрбиеленеді.

Мектепке дейінгі баланың танымдық қызығушылығы ерте басталады. Бірақ бұл танымдық қызығушылық тұрақты болып немесе жоғалып кетуі мүмкін. Ересектер баланың білімге құмарлығын мадақтап, білімге деген қажеттілік тәрбиелеуі керек.

Мектепке дейінгі балалардың танымдық қызығушылығы екі бағытта жүреді:

1. Баланың тәжірибесін біртіндеп байытып, осы тәжірибені түрлі білімдермен толықтырып отыру. Балаларға қоршаған орта жан-жақты көрінсе, оның танымдық қызығушылығы пайда болып беки түседі.

2. Бір саланың ішінде баланың танымдық қызығушылығын тереңдету және кеңейту.

Баланың танымдық қызығушылығының дамыту үшін ата-аналар баланы қызықтыратын жағдайды білу керек, сонан соң оны дамытуға ықпал ету қажет.

Баланың тұрақты қызығушылығының туындауы үшін баланы қызметтің жаңа саласымен тек таныстырып қана қоймау керек. Оның жаңаға қызығушылығы сезімі болуы керек. Ересектер бір пайдалы жұмысты немесе сүйікті сазды тыңдауды ұсынады. Ересектер әлемінің осы жағдайына қатысты болуы баланың осы жұмысқа қызығушылығын арттырады. Балаға оның ойлау қабілетін арттыратын сұрақтар қою керек.

Тәжірибе, білімді жинақтау – ойлаудың шығармашылығын дамыту. Егер адам өз білімін қолдана алмаса, міндеттерді шығармашылықпен шешпесе, білім пайдасыз, жүк болуы мүмкін. Ол үшін өз қызметінде жиналған ақпаратты қолдана білу тәжірибесі керек.Өнімді шығармашылық қиял образдардың бай және өздігінен ерекшеленеді. Қиялдың маңызды қасиеттерінің бірі - ойын керекті арнаға бағыттау.Ойын басқара алмау, өз мақсатына бағындыра алмау, жақсы ойлардың іске аспай қалуына әкеледі. Сол себепті мектеп жасына дейінгі балаладың қиялын дамытудың маңызды жағы – бұл қиялдың бағыттылығы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың кішілерінің қиялы аяқталмаған сипатта. Ересектер балалар қиялын дамытуға өз ойларын жүзеге асыруға, аз болса да кішкене ойларын іске асыруға көмектеседі. Осы мақсатта ата-аналар рөлдік ойындар ұйымдастырып, осы ойынның барылқ жақтарымен танысуы қажет. Ұжыммен ертегі құрастыруды ұйымдастыруға болады; ойынға қатысушылар бір-бір сөйлемнен айтады, ал ересектер керекті бағыт беріп ойлағандарын аяқтауға көмектеседі[3.58б.].

Мектеп жасына дейінгі баланың дамуы әр жақтылығымен және қарқындылығымен ерекшеленеді.Мектеп жасына дейінгі кезеңде бала дамуының түрлі бағыттарында маңызды өзгерістер орын алады – іс-әрекет түрлері жетіледі, тұлға дамуында өзгерістер байқалып, танымдық іс-әрекет мазмұны тереңдей түседі.

Танымдық қызығушылықтарды қалыптастыруда балалардың жалпы эмоционалдық көңіл-күйіне және олардың белсенділігіне сүйенеді, алайда түрлі әрекетте белсенділік танымдық қызығушылыққа, бала тұлғасының таным үрдісіне және білім мазмұнына деген бағыттылығына айналады.

Баланың алғашқы танымдық қызығушылықтары ойын және практикалық іс-әрекетпен байланысты. Әдетте, ойын және практикалық іс-әрекет барысындағы танымдық қызығушылық танып-білуге итермелеуші күш ретінде саналы сезілмейді. Бала не нәрсені танып-білу үшін емес, практикалық іс-әрекетті жасау үшін ойнайды, әрекет жасайды. Оқыту кезінде біртіндеп қызығушылықтар қалыптаса бастайды. Мектепке дейінгі жастың

соңында қызығушылықтар саналы сипатқа ие болып, танымдық қызығушылық кейіннен оқу іс-әрекетінің ынталандырушы күшіне айналады.

Танымдық қызығушылықты қалыптастырудың негізгі педагогикалық шарттары:

- әр жақты іс-әрекетті ұйымдастыру (нәтижелі іс-әрекет, ойын, оқу іс-әрекеті, қарым-қатынас);

- білімдерін кеңейту және тереңдету;

Қазақстан Республикасының «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына № 499 бұйрығына сәйкес құрылған және мектепке дейінгі балалардың танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға, психикалық дамудың келесі кезеңіндегі ойын іс-әрекетіне сәтті өтуге ықпал етеді[4.39б.].

Педагог-тәрбиешінің балалармен бірлескен ойын іс-әрекеті барысында тұлға қасиеттерінің және психикалық үрдістерін дамыту кешенді бағыты алынып, баланың танымдық қызығушылықтарын, қажеттіліктерін және қабілеттерін дамыту, тәжірибе негізінде өз бетімен ізденіс жасау іс-әрекетін дамыту болып табылады.

Міндеттері:

- танымдық үрдістерді дамыту (қабылдау, есте сақтау, зейін, қиял, ойлау) және жас ерекшелік нормасына сәйкес ойлау операцияларын дамыту (талдау, біріктіру, салыстыру, жалпылау, топтастыру және т.б.);

- қызығушылықтарды анықтау және оларды қолдау үшін, балалардың өз бетімен танымдық белсенділігін көрсете алу үшін жағдай жасау;

- коммуникативті құзіреттілік дағдыларын, дербестікті және тілдік құзіреттіліктерін дамыту;

Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық құзыреттілігін кеңейтуге, олардың ақыл-ой мүмкіндіктерін және қабілеттерін қалыптастыруға, өз біліміне сенімділік сезімін ұялатуға, танымға деген қызығушылықтарын оятуға бағытталған. Қорытындылай келе, балалардың белсенді іс – әрекеті дамытудағы ойындар, жаттығулар, еркін ойындар, танымдық тапсырмалар арқылы балалардың бастамашылығын, байқампаздығын, белсенділігін, даралығын, дарындылығын, қабілетін, шығармашылығын дамыта отырып бала бойына құзырлылықтарың қалыптасуында: мейірімділік, инабаттылық, сұлулық, жақсылық, еркіндікке дағдыларын таба білу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К.С.Құдайбергенова Құзырлылық білім сапасының критерийі:әдіснамасы және ғылыми теориялық негізі. А.,2008.
2. Жас ерекшеліктеп педагогикасы. ҚР Б және ғылым министірлігі С.А. Мусаева, Т.Б. Бегалиев «Фолиант» баспасы Астана-2006.
3. Мухина Б.С. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы- А. 1987.
4. Жумабекова Ф.Н., Н.Нурғалиева, Психология (мектепке дейінгі)Астана2015 ж

ЖӘНЕ КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЕҢБЕК ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Р.К. Жунусова
аға оқытушы, магистр
Ж.Мажен
студент
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық қ., Қазақстан
ryskul_zhunusova@mail.ru

Аннотация. *Трудовое воспитание в детском саду- одно из самых важных средств воспитания. Через трудовое воспитание у детей развиваются умения и навыки труда, наблюдательность, внимательность, интерес к окружающей среде, а также формируются нравственные и деловые качества.*

В данной статье раскрывается значение понятия «Трудовое воспитание», делается обзор научным исследованиям педагогов и психологов о трудовом воспитании детей предшкольного возраста и младших школьников.

Ключевые слова: *трудовое воспитание, предшкольный возраст, трудовая деятельность, младшие школьники.*

Abstract. *Labour education in childhood sadu- one of the most important means of education. Through labor education of children develop skills and work skills, observation, attention, interest in the environment, and also formed the moral and professional qualities.*

This article deals with the meaning of "Labour education", an overview of research teachers and psychologists of labor education of children of preschool age and younger students.

Keywords: *labor education, pre-school age, work, junior high school students.*

Жас ұрпақты еңбекке тәрбиелеу- маңызды педагогикалық үдеріс. Өйткені, болашақ қоғам азаматтары өздерінің адамгершілік қасиеттерін, абыройын, өмірден алатын орнын тек қана еңбек арқылы ғана ақтай алады. Еңбекке баулуда бала күнделікті өмірге қажетті дағдылар мен ептіліктерді меңгеріп қана қоймай, еңбек баланың ақыл-ойының дамуына әсер ететіндей, бастаған ісін соңына дейін аяқтауына, оның әсем де әдемі болуына назар аударту көзделеді.

Жас баланың еңбек дағдылары отбасында қалыптаса бастайды. Тіпті екі-үш жастағы балалардың шешініп, киінуіне де, ойыншықтарын жинап қоюына да еңбек үдерісінің элементтері бар. Мектепке дейінгі бала үй-ішіне қолғабыс тигізеді, үй сыпырады, гүлге су құяды, үй жануарларына жем береді т.б. Осы айтылғандардың бәрі- еңбек үдерісінің нақты көріністері. Баланың жасы өскен сайын, еңбек дағдылары да қатая түседі, оның шеңбері кеңіп, мазмұны тереңдейді.

Балалар бақшасындағы еңбек тәрбиесі- тәрбиешінің ең маңызды құралы. Еңбек тәрбиесі арқылы баланың әдет-дағдысы және ынталығы, байқампаздығы, қоршаған өмірге қызығушылығы дамиды, адамгершілік қасиеттерімен бірге іскерлік, еңбекке мәдениеттілік қасиеттері қалыптасады. Мектепке дейінгі педагогика балаларды еңбекке тәрбиелеудің мынадай негізгі міндеттерін бөліп көрсетеді:

- Ересектердің еңбегімен таныстыру және оған құрметпен қарауға тәрбиелеу.

-Қарапайым еңбек іскерлігі мен дағдыларын үйрету.

-Еңбекке деген қызығушылығын және дербестікке тәрбиелеу.

- Еңбекті қоғамдық бағыттау, ұжымды және ұжым үшін еңбектене білуге тәрбиелеу [1, 8].

Ғылыми әдебиеттерде "еңбек тәрбиесі" ұғымы әртүрлі тұрғыда түсіндіріледі. А.И.Кочетовтің "еңбек тәрбиесі- білім, білік және дағдылардың өзара байланысы негізінде еңбек етуге дайындығы, тәжірибесін, қолданатын, әртүрлі әрекетте рухани әлемін жүзеге асыра алатын, күші мен қабілеттерін дамытатын жеке тұлғаның қалыптасу үдерісі" деген анықтаманы қолдаймыз [2, 78].

Мектепалды және кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек іс-әрекетінде есі танымдық сипатқа ие болады. Л.Ф. Обухова: «Баланың ес үдерісіндегі өзгерістер мнемикалық міндетін сезіне бастағанда пайда болады. Мектепке дейінгі балаларда есте сақтау үдерісін бақылау нәтижесінде еріксіз есте сақтаудан ерікті есте сақтауға және естіген, көргенін жеткізуге бірте-бірте көшетіндігі туралы тұжырым жасады. Еріксіз зейіннің өнімділігі артып, қызықты мәтінді есте сақтау көлемі артуымен байланысты, бірте-бірте есте сақтау саналы түрге айналады. Мектепалды балаларды саналы түрде есте сақтау тәсілдерін қолдана алады. Нені есте сақтау керектігін ойланады, қайталайды. Есте сақтаудың екі түрі де - еріктісі және еріксізі- кіші мектеп жасында сапалық өзгерістерге ұшырап, соның нәтижесінде олардың өзара алмасуы орныгады. Балалар есте сақтаудың әр түрін тиісті жағдайда дұрыс пайдаланады. Кіші мектеп жасындағы балалардың еріксіз есте сақтау қабілеті басымырақ және нәтижелі болады. Есте сақтау мүмкіндігі есте сақталатын еңбектің мазмұнына, іс-әрекет сипатына, қызығуына, әрекеттің ізін есте сақтау және қайта жаңғырту тәсілдері мен әдістерінің деңгейіне байланысты»,- дейді [3, 125].

А.Н.Леонтьевтің пікірінше, балалардың есте сақтауын жеңілдетуде сурет құралдарын пайдалану керек. Әрі қарай суреттер азырақ қолданып, айту құралдары арқылы есте сақтау орындалады. Осындай балалардың психикасындағы өзгерістерге қарай мектепалды және кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек іс-әрекеті субъектісі ретінде тәжірибесін қалыптастыру үшін келесі алғышарттар пайда болады:

- механикалық есте сақтауға қабілеттілік пайда болады, бала өзіне таныс заттармен салыстыра отырып, қажетті еңбек іс-әрекетінің тәжірибесін меңгере және есте сақтай алады;

- есте сақталатын материалдың көлемі ұлғаяды, қарапайым еңбек іс-әрекетін орындауда әрекет кезеңдерін есте сақтауға қабілетті бола бастайды;

- түрлі-түсті көрнекі материал есте сақтауды жеңілдетеді, еңбек іс-әрекетін лайықты, жеңіл қабылданатын көрнекі материал қолдану қажет[4, 307].

Белгілі психологтар мектепалды балаларының зейінінде, ерік-жігерінде көптеген өзгерістер кездесетіндігін ескертеді. Мектепалды балалары ойын қызық болса, үш-төрт сағатқа дейін зейінін шоғырландырып ойнай алады. Сол сияқты құрастыру, жапсыру әрекеттері қызықты болған жағдайда зейіні тұрақталады. Балалар қызықсыз заттарға зейін қоя білуге қабілетті болып, қабылдау техникасын меңгере бастайды: қарауға, естуге, негізгісін ерекшелеуге, заттарың көптеген бөлшектерін байқай білуге үйренді, қабылдау мақсатқа бағытталған басқарушы үдеріске ұласады. Бұл орайда еңбек іс-әрекеті зейінді тәрбиелеудің ең жақсы құралы. Өйткені азғантай еңбектің өзі зейіннің бір жерге жиналуын, дәлдікті күш салуды қажет етеді [5, 147].

Сонымен қатар еңбек іс-әрекеті баланың ерік-жігерін дамытуға септігін тигізеді. Мектепте барлық іс-әрекеттің сипаты ерікті болып табылады. Дей тұрғанмен, осы жастағы балалардың зейінін және ерік-жігерін ұйымдастыра білуге ересектердің көмегі қажет. Соның бірі еңбек іс-әрекетін қалай орындау жолын түсіндіргеннен кейінгі баланың жоспарлауы баланың зейінін тұрақтандырады.

Кіші мектеп жасындағы балаларға кез келген жаңа, жарқыраған, ерекше нәрсе қатты әсер етеді. Бала әлі өз зейінін басқара алмайды, сондықтан көбіне сыртқы әсердің билігінде болады. Тіпті зейін қойғанның өзінде оқушылар бастысын, маңыздыны байқамауы мүмкін. Бұл олардың ақыл-ойының ерекшеліктеріне байланысты. Ақыл-ой әрекетінің көрнекі-бейнелі түрі балалардың бар зейінін жеке заттар мен олардың белгілеріне бағыттайды. Сонымен, мектепалды және кіші мектеп жасындағы балалардың зейінін және ерік-жігерін дамытуда еңбек іс-әрекеті субъектісі ретінде тәжірибесін қалыптастырудың алғышарттары:

- зейіні тұрақталып, ерік-жігерін салып орындалған еңбек іс-әрекетінде бала субьекті ретінде тәжірибесі де тұрақты болады және кейінгі дамуына негіз болады;
- балаларды қызықты және олардың өміріне жақын еңбек іс-әрекеттер, сызбалар зейінін аударады;
- балалардың жас және жыныстық ерекшелігі ескеріліп ұйымдастырылған еңбек іс-әрекеті қызығушылығын тудырады және мінез-құлқын реттейді [6, 85].

Өскелең ұрпақты еңбекке баулуды болашағына меңзеп жүргізу бүгінгі күннің қажетті мәселесі. Қазіргі кезеңде біздің елімізде еңбек тек ересек адамдардың ғана меншігіне тиіп, балаларды тәрбиелеудегі маңызы төмендеп кеткені белгілі. Бұл баланың санасында еңбекке деген немқұрайдылық көзқарас тудырып, еңбекке икемсіздігін, төзімсіздігін байқатуда. Осыған орай бүгінгі күннің негізгі мәселелерінің бірі болып балаларға ұлттық негізде тәрбие беру қажеттігі туып отыр. Балалардың өмірге бейімділігі, олардың іскерлігі көптеген жағдайда отбасында, мектепте еңбек тәрбиесін ұйымдастыруына, жүргізілуіне байланысты.

Әр ата-ана өзінің баласын тәрбиелей отырып, өзінің қоғам алдындағы жауапкершілігін еш уақытта да ұмытпауы тиіс. Егер әр ата-ана

өзінің баласын саналы, адамгершілігі мол, рухани, жағынан жетілген, еңбекке бейім қолының әр түрлі өнер келетіндей етіп тәрбиелесе, онда біз егеменді еліміздің болашағы жарқын деп айта алар едік. Кейбір ата-аналарымыз қиыншылықтан қорғап, барлық жағдайлар жасап,"не киемін, не ішемін " деп ойландырмай, өсіргеннің арқасында көптеген жағдайларда мансапқор, өзімшіл, қолынан еш нәрсе келмейтін, соның салдарынан әр түрлі қылмысқа баратын балалар тәрбиеленеді. Еңбек тәрбиесіне көңіл бөлмеген жанұяда балалар бос уақытын бекер өткізіп, қызық қуумен болады. Біздің халқымыздың басқа халықтардан ерекше қасиеті баланы еңбекке, дағдыға, шеберлікке, адамгершілік пен имандылыққа тәрбиелеген. "Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер" деген даналық сөз бекер айтылмаған. Өз ұрпағының өнегелі еңбек сүйгіш болып өсуін армандаған ана-қыз баланы үй сыпыру, төсек жинау, ыдыс-аяқ жуу, шай қою, ас пісіру, су әкелу, өрмек тоқу, іс тігу сияқты жұмыстарды үйреткен. Ал, әке-ұлын мал бағуға, құлын ұстауға, ағаштан, темірден әр түрлі бұйымдар жасауға дағдыландырған. Осыдан келіп "Анасын көріп-қызын ал", "Әкесін көріп қызыңды бер"- деген ұғым қалыптасқан. Кімде-кім баласын жастайынан еңбекке үйретсе, ол өмір бойы қиналмай бақытты өмір сүреді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ЖұмабековаФ.И. Мектепке дейінгі педагогика. - Астана, 2008ж.
2. Мектепке дейінгі білім журналы. - 5 (59), қазан 2015ж.
3. Обухова Л.Ф. Детская психология: Теория, факты, проблемы. – М., 1995.
4. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. - М., 1981.
5. Жарықбаев Қ. Психология негіздері. - Алматы, 2005.
6. Жиенбаева С.Н. Мектепалды балаларының еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастырудың теориясы мен әдістемесі. -Алматы, 2016.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ МУЗЫКА САБАҒЫН ОҚЫТУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

А.А. Дуйсекова
аға оқытушы,магистр
Г.Д. Ділдәбек
студент
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ,
Арқалық, Қазақстан
asel_duisekova@mail.ru

Аннотация.. *В статье рассказывается о значении преподавании музыки в начальной школе с опорой на различные концепции исследователей музыки.*

Ключевые слова: *метод, творческий, инновация*

Abstract.*The impottance of teaching music in an elementaty school with contribution on dibbetent concerts of music reseatchers.*

Keywords: *Method, creative, innovation*

Қазіргі қоғамды дамытудың ғаламдық факторы білім мен ғылым болып табылады. Ал, сол ғылым мен білімнің ішіндегі музыкалық білім беру жүйесі жас ұрпақты мәдениетті, білімді, ақылды да сымбатты болып өсуі үшін ең жоғары мүмкіндіктерді қолдануды мақсат тұтады. Еліміз егемендік алып, өз шаңырағымызды тіктеген тұста ұлттық өнерімізді, мәдениетімізді, білімімізді жаңғыртып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу міндеті қойылды. Әсіресе бастауыш мектеп оқушыларының өз елінің, халқының соның ішінде өзі мекен ететін аймақтың мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне деген сезімдік-эстетикалық қарым-қатынасын қалыптастырудағы музыка өнерінің маңызын айқын көруге болады.

Бастауыш мектептерде музыка сабағын оқуту жүйесіне көптеген өзгерістер, жаңалықтар енгізіліп, авторлық бағдарламалар, әдістемелік жинақтар шығармашылық ізденіспен дамып келеді. Музыка саласындағы дәстүрлі халық музыка байлығын, Қазақстан сазгерлері шығармаларын насихаттау жаңа қырынан алға қойылып, жаңартылған музыка бағдарламалары жасалуда. Дегенмен бұл әдістемелер мен бағдарламалар әлі күнге дейін ғылыми тұрғыда зерттеліп, оны бастауыш мектепте толығымен қолға алынбағандығына көз жеткіздік.

Музыка теориясын жасаған Шығыстың ұлы ойшылы оның басты нысаны — өнердің өкілі болып саналатын музыканың мән-маңызын зерттеу деп есептеген. Ал музыканың тарихи заңдылықтарын зерттеген Әбу Насыр әл Фараби: «Оның дүниеге келуіне табиғи және сезімталдық қасиеттер әсер етті», — деп жазады. Ол бұл қасиеттерге адамның музыканы жазу мен жасауға қабілеттігін, ауыр еңбек бүтіндей тартып әкеліп, шаршаудан серпіліп, демалуға ұмтылуды жатқызады.

Осылайша Әбу Насыр әл-Фараби халық шығармашылығының бастауы болып саналатын – музыкамен поэзияның қызметін былайша айқындайды: ***біріншіден***, тыныңу – адамдар ән тыңдау арқылы демалумен қатар рахатқа бөленеді; ***екіншіден***, әсерлі сезімді шығармашылық — өз тәнінің жағдайына әсер еткісі келеді: оның бойындағы белгілі бір жағдайдан, үрей – қорқыныштан жұбату, одан серпілту немесе бірдеңені ұмыту; ***үшіншіден***, белсенді шығармашылық — ән шырқау арқылы өзінің айтқан ауызекі сөздеріне белгілі бір мән-мағына беріп, тыңдаушыны әсерге бөлеп, оның көз алдына терең түсіністік жағдайын елестету [1,167].

Демек, Шығыстың ұлы ойшылы музыкалық мәдениеттің проблемаларын зерттей отырып, тұлғаның рухани жаңаруын, яғни оның педагогикалық мүмкіндіктерін бөлшектеп оқып – білу музыканың негізі боларлықтай міндеті деп есептейді. Музыканың дүниеге келуін қарастырған ол вокальдық және аспаптық музыканы бөле-жара қарап, ән-жыр өнеріне басты маңыз береді.

Бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық талғамын қанағаттандыра отырып, олардың музыка өнері жөніндегі түсінігін кеңейтуде, ой-өрісін дамытуда заман талабына сай құрылған музыка сабағының маңызы зор. «Балаға білім бергенде, алыстан жақынға, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек»-деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, оқыту процесіне жаңа көзқараспен қарау керек. Осы бағыттарда мектептерде музыкадан теориялық және тәжірибелік білім беру жүйесінен біраз тәжірибелер жинақталған, солай бола тұрса да, музыка сабағын жүйелі оқыту, әсіресе қазақ мектептерінде ұлттық сазды әуендерге бай музыкалық мұраларымызды молынан пайдаланудың жолдарын ғылыми тұрғыда зерделеу, оны оқушылардың санасына сіңіру қазіргі таңдағы мұғалімдердің төл міндеті.

Басты міндет-оқыту мен тәрбиелеу. Өз пікірінде көрнекті педагог В. Сухомлинский «Өнер — өнегелі, ақылды адамдарды тәрбиелейтін құрал» - деп тәрбие үрдісінде өнерге аса көңіл аудару қажеттілігін қысқа да түсінікті түрде атап көрсетті. Сырлы да сазды әуендерді бүгінгі күн әуендерімен, классикалық музыкамен ұштастыра, шығармашылықпен тақырыпты аша түсіп, оқушыларды музыка әлеміне қызықтыра білу музыка мұғалімінің өз ісінде шеберлігін талап етеді [2,12].

Оқуға ынтасы барды да, ынтасыздарды да, тәртіптілер мен тәртіпсіздерді де музыка әлеміне қызықтырып, оқушылардың рухани бейнесі, танымын қалыптастыра отырып, қоғамның саналы азаматы етіп шығаруда музыка пәнінің маңызы зор. Өйткені Музыка ырғағы кез келген оқушының сана түйсігі арқылы ойлау, қиялдау, елестету сынды психологиялық үдерістерді дамытуына өз септігін тигізері хақ.

Ал, Плотон мен оның ізбасарлары музыканың дүниеге келуінің қайнар көзі ретінде оны тек құдайдан ғана берілген қасиет деп айтса, ал Әбу Насыр әл-Фараби мен оның ізбасарлары жеке тұлғалық және қоғамдық қажеттілік «Музыка жайлы үлкен кітабында»: «Адам өмірдің сан алуан жағдайларына орай музыканы: ***біреулерге*** шаттық пен қуаныш үшін,

екіншілерге қайғы-мұң үшін, ***үшіншілерге*** жұбаныш үшін, ***төртіншілерге*** ақындық сұхбат жүргізу үшін таңдай білуі тиіс»,- деп жалпы мәдениеттің, соның ішінде, музыканың пайда болуымен дамуының табиғи және қоғамдық-рухани қажеттіліктері оның негізгі ерекшеліктерін айқындайтынын айтады. Халықтық музыкалық мәдениеті, оның «жыр», «толғау», «жоқтау» және тағы басқа түрлері мен мазмұны деп осы ойдың дәлдігін айғақтайды [3,79].

Өмірге енді ғана қадам басып келе жатқан бастауыш сынып оқушысының жүрек қалауы оның бойына сазды әуен арқылы сіңеді. Сонымен қатар оның музыкадан тәрбие алуының да мүмкіндіктерін айырықша атап өтуіміз тиіс. Халық тәрбиесіндегі балаға тәлім-тәрбиенің қайнар көзі ретінде ананың әуезді сыңғыр үнімен берілетін әлдиін орны ерекше. Бала тал бесіктен әлди арқылы естіген тәрбиелік ұғымдарды санасына құйып өсті. Сол арқылы бой түзеді және сол әуендер бойына тарап, жан дүниесі музыкаға жақын болып өсті. Осыдан бала бастауыш сыныпқа келгенде музыканың жоғарғы деңгейдегі өнердің бір саласы ретінде танып терең ұғынады. Ал, осы кезеңде музыка пәні өз деңгейінде оқушыға берілмесе онда оқушы дүниетанымында әр қилы көз-қарастар пайда болуы әбден мүмкін.

Бастауыш мектептің музыка пәнінде жаңа әдістерді пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми-педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу қажеттілігі туындайды. Осы адами қасиеттерге тәрбиелеуде ұлттық халық музыкасының алатын орнын көптеген ғалымдар өз ғылыми еңбектерінда зерделеген. Ғылыми еңбектерге талдаулар жасаған кезімізде әрбір ғалым өзінің ғылыми жұмыстарында ұлттық музыканың мектеп оқушысына берер тәрбиесінің мол екендігін баяндаған. Осы тұрғыда бастауыш сынып оқушысына музыка пәнінің оның тәрбиесіндегі ролі мен маңызы айқындалмақ.

Бастауыш сынып оқушыларына эстетикалық тәрбие беріп, олардың бойына туған өлкесіне, халқына деген адамгершілік пен сүйіспеншілік сезімдерін сіңіруде ұлттық музыка мәдениетінің алатын орны ерекше екендігі белгілі. Осы мәселелерді қайта жандандыру мақсатында оқушыларды қабілетіне қарай – жыраулық өнерге, терме айтуға, шешендікке тапқырлыққа, айтыс өнеріне үйретуде – ән-саз пәнінің алатын орны орасан зор. Олай болса, оқытумен тәрбиелеудің ой елігінен өтетін әдіс-тәсілдерін жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып білім сапасы арттады.

Бастауыш мектеп оқушыларының білім алуында ерекше орын алатын пән музыка өнері болып табылады. Өйткені, әдемілік пен

көркемділік адамның күнделікті өмірінде зор роль атқарады. Адамның қоршаған ортасы неғұрлым көркем болса, соның өзі адамды көңілдендіріп, еңбек пен өмір шабытын тудырады. Осы аталған әдемілік пен әсемдік әлемінен сыр шертетін әуезді ән өнері, кез-келген оқушының пәнге, сабаққа, өнерге деген қызығушылығын арттырып, көркемдік ой-өрісін дамытып, сұлулық әлемінен тәлім-тәрбие алуына септігін тигізетін ғылым саласының бірі. Сонымен қатар, ән-саз өнері оқушылардың рухани дүниетанымын молайтып, өнер құндылықтарын бағалай білуге де септігін тигізері хақ. Ән-саз өнеріне ден қойған оқушының бойында қатыгездік, тәртіпсіздік, бұзақылық сияқты келеңсіз қасиеттер кездесе бермейді. Өйткені оқушыны сезімталдыққа баулиды. Осы негізде ән-саз өнерінің салаларын жеке-жеке зерттеп, оқыту мәселелерін қарастыруымыз қажет. Зерттеу жұмысымыз өнердің соның ішінде ән-саз өнерінің жекелеген түрлерін зерттеп, олардың бір-бірімен байланысын, ерекшеліктерін, заңдылықтарын егжей тегжейлі даралап, салаларға бөліп ажыратып оны оқушылардың бойына сіңіру қажет деп тұжырымдауға негіз болды.

Қорыта айтқанда бастауыш мектептегі музыка сабағы оқушыларды әсемдік әлемінің таңғажайып сырын терең түсініп, көркемдік атаулыны шынайы сезінуге, одан рухани ләззат, әсер алуға, өмір жайлы ой толғауға, ізгілікті мұрат мақсаттарға жетелеп, өнегелі істерге баулыйды. Музыка – құдіретті күш, жан дүниені ерекше әсерге бөлеп, адамды сәулелі өмірге жетелейтін сиқырлы өнер. Осы тұжырымдар бастауыш мектепте музыка сабағын оқытудың маңызын айқындай түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аль Фараби. Трактат о музыке./Аль-Фараби. Избранные трактаты. - Алматы: Ғылым,1994.
2. Сухомлинский А. Балаға жүрек жылуы. – Алматы, 1976.
3. Қазақтың музыкалық фольклоры: болмысы, өзіндік ерекшелігі, тәрбиелік мазмұны мен заманауи өміршеңдігі. Оқу құралы. -2-ші басылым.-Алматы: Триумф Т, 2007.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ М.МОНТЕССОРИДІҢ ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ САУСАҚ БҰЛШЫҚЕТТЕРІН ДАМЫТУ

А.А. Муханбетжанова
оқытушы, магистр
А.Бекетова
студент
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық, Қазақстан
ardak_86.01@mail.ru

Аннотация. *В статье рассматриваются цель и задачи системы М.Монтессори. Важная особенность методики Монтессори–формирование специальной среды, где каждый ребенок может показывать свои индивидуальные способности. А также дает возможность детям работать, самим выбирая дидактические материалы и долготу урока.*

Ключевые слова: *Система, моторика, ребенок, воспитатель.*

Abstract. *This article discusses the purpose and objectives of the system Maria Montessori. An important feature of the Montessori method forming a special environment where every child can show their individual abilities. As well as giving children the opportunity to work, by choosing teaching materials and lesson longitude.*

Keywords: *system, motor skills, the child's teacher.*

М.Монтессоридің педагогикалық жүйесі және оның маңызы. Монтессори педагогикасы немесе Монтессори жүйесі XX ғасырдың бірінші жартысында итальяндық педагог, ғалым әрі ойшыл Мария Монтессори тарапынан ұсынылған тәрбиелеу жүйесі. Монтессори әдістемесі әрбір тәрбиеленушіге деген даралы тәсілдемеге негізделген. Бұған сәйкес, балдырғандар мен бүлдіршіндер дидактикалық материалдар мен сабақ ұзақтығын әрдайым өздері таңдай отырып, өзіндік ағым мен бала – ата-ананың көз қуанышы, көңіл жұбанышы. Кез-келген ата-ана баласы үшін өмір сүреді деп ойлаймын. Халқымыз «Балалы үй базар» деп тегін айтпаса керек, отбасылық өмірдің мәні мен сәні сәбимен бірге кіреді. Үлкен адамдардың өміріне соншама қуаныш пен шаттық сыйлайтын сәбилер кейде, керісінше, ата-анасының көңіліне уайым мен алаңдаушылық ұялатып жататыны да қоғамымыздағы белгілі жәйт.

Монтессори әдістемесінің маңызды ерекшелігі- баланың жеке қабілетін көрсете алатын және көрсеткісі келетін арнайы ортаны құру. Бұл Монтессори ортасы деп аталады. Бұл ортада психологиялық жайлылық, таңдау еріктілігі және педагогтің сабырлы адамгершілігі салтанат құрады.

Монтессори жүйесінің мақсаты:

- балаларды еркін тәрбиелеп, қимыл-қозғалыста болу;
- өмірде өз мақсаты бар екенін қалыптастыру;
- балалардың өзінің үйреніп, өзін дамытуына жаңа мүмкіндіктер беру. Монтессори ұстазының міндеттері:

- балаға өз жұмысын басқаруға көмектесу;
- негізгі түстерді айыра білуге үйрету;
- зейінін тұрақтандыру;
- тәртіпке үйрету;
- ұсақ мотористаны дамыту.

Осы міндеттердің ішінде кеңінен ашып қаралатын мәселе ұсақ моторика түсінігі. Ұсақ моторика дегеніміз не? Физиологиялық тұрғыдан айтқанда ол қолдың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысы көздің бақылауымен жүзеге асады. Бала қозғалысы қоршаған ортадағы заттарды танып-білу барысында қалыптасады. Ересек адам нақты бір әрекет жасағанда біздің білегіміз әр түрлі бағытта қозғалу арқылы, қол қимылын жеңілдетеді. Ал балаға білегін айналдыру әлі де қиынға соғады. Сондықтан қозғалыс жасау кезінде оның қолының иықтан төмен барлық жері қозғалады. Яғни қарапайым қозғалыстың өзі баланың көп энергиясын кетіреді. Неліктен баланың ұсақ моторикасын дамытуымыз керек? Адам миының сөйлеуге және қолдың ұсақ қозғалысына жауап беретін аумағы өте жақын орналасқан. Яғни ұсақ моторикаға стимул жасау арқылы біз сөйлеу әрекетінің белсенділігін арттырамыз. Ұсақ моторика баланың өсе келе киініп шешінуіне, сурет салуына, жазуына көмектеседі.

Ұсақ моторикаңы дамытудың баланың жалпы дамуында да алатын орны ерекше. В.А.Сухомлинский бала қабілетінің қайнар көзі оның саусақтарының ұшында екенін жазған. Бала қолының қозғалысы қаншалықты епті болса, соншалықты ойлауы, сөйлеуі жақсы дамиды. Яғни бала қолымен көбірек жұмыс жасаса, ақылы да сонша өседі.

Ұсақ моторикаңы дамыту жұмыстарын бала туылған кезден бастау керек. Кішкентай сәбидің қолына массаж жасау арқылы біз алақандағы ми қыртыстарының жұмысын жақсартатын аймақтарды басамыз.

Ұсақ моторика дамуының бала жасына байланысты ерекшеліктері:

- 3-6 айда – Бала қолын аузына апарады. Қолдың қимылын көзбен қадағалайды. Көрген затына қолын созады және алады.
- 6-12 айда – Бір қолындағы затты екінші қолына ауыстыра алады. Қасықты ыдысқа, текшелерді қорапқа сала алады.
- 1-2 жаста – Шимайлар мен сызықтар сала алады. Ыдысты қолына алып, көтеріп іше алады. Төртбұрышты төртбұрышқа, домалақты домалақ ыдысқа сала алады. Кітаптарды парақтайды.
- 2-3 жаста – Үлгіге қарап қарапайым пішіндер сала алады. Қайшымен қиюды біледі. Қақпақтарды аша алады. Ірі моншақтар тізе алады.
- 3-4 жаста – Қаламды дұрыс ұстай алады. Нүктеленген суреттерді бастыра алады. Қағазды бүктей алады
- 4-5 жаста – Қарапайым пішіндерді бояй алады. Негізгі әріптердің баспа түрін жаза алады. Бау байлай алады.
- 5-6 жаста – суреттерді жиектеп, ұқыптап қия алады. Әріптер мен сандарды жаза алады.

Бала жоғарыда аталған әрекеттерді жасай алмаса не істеу керек?

Балалардың ұсақ моторикасын дамытуда тақпақпен бірге жасалатын саусақ жаттығуларының орны ерекше. Данышпан қазақ халқымыз да осы мәселеге де ерекше назар аударған. Мысалы, «Қуырмаш», «Санамақ» т.б. ойындарды ойнатудың баланың ұсақ моторикасын, көру-қозғалыс тепе-теңдігін сақтауда, зейін қою, есте сақтау, санау қабілеттерін дамытуда маңызы зор.

Саусақ жаттығуларының мағынасы кітаптарда аз жазылған жоқ. Қол саусақтар жаттығулары есте сақтау және назар аудару қабілетін дамытатындығын психологтар айтып кеткен. Тақпақты саусақтар жаттығулары ырғаққа ілесіп қимылдауына және баланың сөйлеу ырғағының қалыптасуына көмектеседі. Саусақ ойындары сөйлеу лексикасының, сөздердің өзара байланысының (диалогты дұрыс жүргізуге, түсінік айтуға,т.б.) шыңдалуына себепші.

«Қомағай» саусақ жаттығуы.

Әр қатысушы бет орамалдың ұшынан ұстайды да, біртіндеп жұдырығына жинайды. Бұл кезде баланың екінші қолы көмектеспеуі керек.

Қарным менің қомағай,
Бәрін-бәрін жұтады.
Қомағайдың карны енді,
Сусиырдай болып кетті.

Жаттығу екінші қолға да жасалады. Содан соң екі қол бірге қатарласа жасайды.

Қорыта келе баланың тек қана қимыл-қозғалысына мән беріп қоймай, ақыл-ой және дене еңбегінің барлық түрлеріне де, баланы болашаққа қоғамдық іс-әрекетке даярлауда, оның сезімдік қабілетін дамыту қажет, яғни, түстерді, пішіндерді, дыбыстарды дәл және дұрыс айыра білуге үйрету, қоршаған ортадағы құбылыстардың өзіндік қасиеттерін дұрыс қабылдау қажеттігін меңгертеміз. Сәбилік шақта айналадағы қоршаған ортаның үдемелі дамуы өте маңызды мәнге ие болады. Дәл осы шақта баланың психологиялық дамуының негізі қаланатынын ұмытпауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Иржанова Ә. Тәрбие құралы. - 2010ж. - №5.
2. .Құлжанова Н. Мектептен бұрынғы тәрбие еңбегі.
3. .Меңжанова М. Мектепке дейінгі педагогика.

ЖАСТАР АРАСЫНДА ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Б.А.Елеусов
аға оқытушы
Т.Б. Бошыбаев
аға оқытушы, магистр
Ж.Б. Мырзалиева
мұғалім
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ

Аннотация. *В данной статье излагается проблема о важности формирования толерантности среди молодежи в условиях современного обществаи пути его достижения.*

Ключевые слова: *толерантность, общество, молодежь, человек*

Annototion. *The article reported about the importance of formation of tolerance among young people in today s society and pointed out the best ways to achieve it It describes the key aspects in the process of formation of tolerance among young people.*

Keywords: *tolerance society youtk persons*

Қазақстан Республикасы өз Егемендігін алып, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен соңғы жылдардан бергі жүргізілген демократиялық реформалар арқасында «ашық қоғамды» зайырлы мемлекетке айналды.

Еліміздің болашағы, әрине, жастар. Қоғамда әлеуметтік қарым-қатынастың жаңа, толеранттық түрін қалыптастыру үшін жас ұрпақты тек қана жоғары білім негіздерін игерген маман ретінде ғана емес, патриотизмге, бойында өзгеге төзімділіктің мәдениетін жан-жақты игерген жеке тұлға ретінде тәрбиелеу мәселесінде де үкімет көптеген игі шараларды іске асыруда. Оларды жалпы адамзаттың рухани-өнегелілік құндылықтары дәстүрінде тәрбиелеуге мектептерде, жоғары оқу орындарында да аса зор көңіл бөлініп отыр. Бұл жерде, әсіресе, қоғамдық-гуманитарлық пәндердің алатын орны ерекше.

Қазіргі таңда жас ұрпақ тәрбиесі көпұлтты, көпконфессиялы Қазақстанда ғана емес, әлемдік озық өркениетті қоғам алдындағы да үлкен мәселе ретінде қойылып отырғандықтан, адамдар санасында төзімділіктің жалпы мәдениетін тәрбиелеуге бағдарланған, шетелдік кейбір белгілі ғалымдардың ой-пікірлеріне қысқаша шолу жасай кету жөн.

Қазіргі кезеңдегі әлемде кейбір орын алып жатқан мемлекеттер аралық күрделі саяси шиеленістер, әр жерде пайда болып жатқан соғыс ошақтары, ұлт-аралық, діни қақтығыстар жаңа ғасырда жер бетінде бейбітшілікті сақтау үшін әлемдік қоғам алдында өскелең және болашақ ұрпақты жаңаша тәрбиелеу көзқарастарын қалыптастырып жатыр. Олар: тұлға аралық қарым-қатынаста төзімділікті санадағы, зорлық-зомбылықсыз, барлық нәсілдер мен олардың мәдениетіне сыйластықпен

қарайтын, жыл өткен сайын артып келе жатқан мемлекеттер, халықтар мен ұлттардың өзара байланысы мен бір-біріне тәуелділігін түсіне білетін, өз жеке басының құқын ғана емес, өзгенің алдындағы да міндеттемелерін білетін жаңа ұрпақты тәрбиелеу. Бұл үшін халықаралық ынтымақтастық пен бірлестіктің қажет екенін, өзгенің құқын сыйлау жер бетіндегі сол бейбітшіліктің кепілі екенін сезіне білетін, қоғамдағы саяси, экономикалық және т.б. мәселелерді шешуге белсенділікпен араласуға даярлық сана-сезімді жеке тұлғалардың бойына сіңіру қажет. Бұл мәселелерді іске асыруда көптеген елдердің ғалым-зерттеушілері полимәдениеттік білім беру мен ұлт аралық толеранттықтың көптеген бағдарламалары мен нұсқауларын жасап, практикалық тұрғыда іске асыруға ұсынуда. Әлемдік ірі халықаралық қоғамдық ұйымдар БҰҰ мен ЮНЕСКО құжаттарында да адамдарды бейбітшілік мәдениетіне үйрету деп еркіндікке, әділеттілікке, демократияға, төзімділік пен бірлестікке негізделген әлеуметгік қарым-қатынастарды құру мен оны дамытуды, зорлық-зомбылықтың қай түрінен де бас тартуды керсетеді. Әлеуметтік қарым-қатынастардың бұл түрі шиеленістердің пайда болып, күшеюінің бастапқы кезеңінде оларды тудырған себептерді сұхбаттар мен келіссөздер жүргізу арқылы басып, шешіп отыруды немесе азайтуды көздейді.

Енді әрқилы мәдениеттегі көпұлтты Ресейдегі кейбір зерттеуші-ғалымдардың ой-пікірлерін қарастырсақ, полимәдениеттік білімді жас ұрпақтың бойында қалыптастыру үшін білім беру жүйесінде тұтастай жаңа реформалар жүргізу керек. Бұған астар болған себеп, олардың ойынша, қазіргі кезде бүкіл әлемде Ағарту дәуірінде тұжырымдала негізделіп, қалыптасқан, осы кезеңге дейін мәнін онша өзгертпей жеткен адам, қоғам мен табиғатқа деген көзқарастар туралы түсініктерді сын көзімен қайта қарастыру үрдістері байқалады. Бұрынғы тұжырымда әлемнің дамуы мен тіршілік ету үрдісінің өзіндік объективті заңдары бар, сондықтан оларды танып-білу арқылы адамдардың игілігіне жарату керек деп саналған. Бірақ дәл қазіргі кездегі қоғамдық санада, техногендік өркениетген антропогендікке өту кезеңінде, бұрынғы Ағартушылық дәуір тұжырымдамаларының қазіргі кезең шындығына сәйкес келмей қалғаны туралы түсінік пайда болды. Классикалық ғылымдар мен ілімдердің бұрынды-сонды болмаған дәрежеде құнсыздану процессі басталды; қоршаған әлем кенеттен езінің бұрынғы айқындығын, мөлдір-тұнықтығын, анықтығын жоғалтты. Гуманитарлық пен әлеуметтік қана емес, жаратылыстану ғылымдары да өз үрдістері жүйесіне айқынсыздық, белгісіздік үрдістерін енгізуге мәжбүр болды, ал әлеуметтанушылар қоғамды бейнелеу мен түсіндіруде оның үздіксіз күрделене түсуі себепті үлкен қиындықтарға тап болды.

Айқынсыздық дағдарыстың өсуі, дайын идеялардың, шешімдердің жоқ болуы, бола қоюы да мүмкін емес жағдайда, лайықты шешімдер тауып, ол үшін жауапкершілікті де мойынға алуға тура келген бұл кезең адамдардың өмір тіршілігін күрт өзгертті. Сондықтан, - деп санайды ресейлік ғалым В.А. Лекторский, - шығармашылыққа үйрету мәселесі,

өзіндік жан-жақты дамыған, өзі шешім қабылдап, оның жауапкершілігін де өзіне алатын, сыни тұрғыда ойлай білетін, негізделген пікір-талас жүргізе алатын, қарсыласының да негізделген пікірін ескеретін жеке тұлғаны тәрбиелеу, білім беру жүйесінде ең алдыңғы қатарлардың біріне шығарылуы керек. Айқынсыздық принципінің күрделенуі толеранттық принциптердің де қоғамда жедел маңызының өсуін қамтамасыз етті, себебі басқа адаммен, қоғаммен, табиғатпен өзара сұхбаттарға түспей келелі шешімдер табу мүмкін болмайтын жағдай туды.

Ал АҚШ-та полимәдениеттік білім беруді жүргізу тәжірибесіне бірнеше ондаған жылдар болды. Сондықтан, өзіндік этникалық, ұлттық, діни, және басқа да белгілері арқылы бір-бірінен айрықшаланатын адамдардың мәдениет аралық қарым-қатынастарында, өзгеге қатысты төзімділікті қалыптастыруда бұл тәжірибе нәтижелері құнды көмекші құрал болуға жарайды. Бұл американдық ғалым зерттеушілер К. Ситарам мен Р.Когделлдің ұзақ жылдар жүргізген тәжірибесінің нәтижелері. Олардың пікірінше, мәдениетаралық қатынаста «бөтенге» төзімділікті қалыптастыратын Әдеп Кодексінің кейбір негізгі баптары төмендегідей:

1.Әлемдік стандарттарды «тек оның» белгілеп, қалыптастырмай-тынын ұғыну;

2.Өз ұлтының мәдениетін қалай сыйласа сұхбаттастың мәдениетіне де сондай сыйластықпен қарау;

3.Өз құндылықтары тұрғысынан қарап, өзгенің құндылықтарын, көзқарастарын, салт-дәстүрлерін сынамау;

4.Бөгде құндылықтардың мәдени астарын түсінудің қажеттілігін ешқашан естен шығармау;

5.Өз діні өзгенің дінінен жоғары тұр деген пікір ұстанбау;

6.Өзге дін өкілдерімен қарым-қатынасқа түскенде олардың дініне түсіністікпен қарап сыйлай білуді үйрену;

7.Басқа кейбір халықтардың өзіндік ерекше қажеттіліктері мен тағамдық қорлары түріне сәйкес қалыптасқан, ас-ауқат дайын-дап, тамақтану дәстүрін түсінуге тырысу;

8.Басқа мәдениетгердегі киім кию үлгілерін, дәстүрін сыйлау;

9.Үйреншікті емес иіс-қоңыстарды басқа мәдениет иелері жағым-ды деп санап тұрса, өз жиіркенішін сездірмеу;

10.Терісінің түсіне қарай қарым-қатынастың негізі «табиғи түрде» солай болу керек деп есептемеу;

11.Егер сөйлеу мәнері, дауыс екпіні сенікінен өзгеше келсе, ол адамға шекеңнен менсінбей қарамау;

12.Әрбір мәдениеттің, қандай кіші болмасын, әлемдік құндылықтарға қосары бар екенін, ал бәрінің үстінде тұрып, әлемде өмірдің бар саласын жекешелендірген мәдениетгің жоқ екенін естен шыгармау;

13.Өз мәдениетіңнің мәдениеттер сатысының жоғарғы тұғырында тұрғанын пайдаланып, мәдениетаралық байланысқа түскенде өзге мәдениет иелерінің мінез-құлқына үстемдік әсер етуге тырыспау;

14.Ешқандай ғылыми зерттеулер қорытындысы бір этникалық топтың екіншісінен артық екенін дәлелдей алмағанын ешуақытта есіңнен шығармау [1, 315-322].

Бұл айтылғандар тәрбие мәселесінде көңіл аударуға тұрарлық құнды пікірлер екені анық.

Барлық халықтардың, ұлттардың бір-бірімен қарым-қатынасындағы төзімділікті сөз еткенде, ең негізгі көңіл аударатын мәселе, олардың өзара діни төзімділік мәдениеті.

Мемлекет пен қоғам өмірінің демократиялануы елімізде діни жағдайларға да игі әсерін тигізді. Еліміздегі тарихи қалыптасқан жағдайлар мен оның ерекшеліктерін, яғни әрқилы конфессиялы, көп ұлтты республика екенін ескере отырып, ішкі саяси тұрақтылықғы, ұлтаралық, дінаралық бейбіт қарым-қатынасты қамтамасыз етудегі негізгі мәселелердің бірі болып, мемлекет алдында оның еліміздегі әртүрлі діни бағыттар мен ағымдарға деген көзқарасы мен олармен қарым-катынастағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру тұрды. 1992 жылдың 15 қаңтарында «Дін ұстану бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Ол діни бірлестіктер қызметін құқықтық жағынан реттейді. Адам құқы мен бостандығы ең жоғарғы құндылық екені еліміздің Ата заңында көрсетілген.

Дінге сенушілер көптен күткен бостандықтарын алып, діни өмір жандана бастады.

Дін – ежелгі дәуірлерден бері қарай қай қоғамның да саяси өмірінде орасан зор орын алған. Оның халықтың санасын тәрбиелеуде құдіретті күш екенін қай заманда да білген. Ғасырлар бойы бүкіл адамзаттың мәдениетін, адамгершілік қарым-қатынас, көзқарас, кейбір салт-дәстүр, әдеп қағидалары мен ережелерін, тұжырымдарын қалыптастырудағы негізгі діңгек - дін болған деп айтсақ, еш артық емес. Дүниежүзілік белгілі діндердің қай-қайсының да қағидалары адамзатты татулыққа, бір-біріне деген мейірімділікке, қайырымдылыққа, сүйіспеншілікке баулып, тәрбиелеген. Осы уақыттағы «ағарған қоғамға» да діннің тигізетін ықпалы - оның адамға өмірлік мән-мағына беретін құндылықтарында.

Қазақстан аумағында қазір дүние жүзіне азды-көпті белгілі барлық дерлік діндер қауымдастықтарының орын теуіп, орналасқанын бйқаймыз. Бір Алматы қаласында 1991 жылдан бері діни қауымдастықтар, діни неше түрлі ағымдар мен жылғалардың саны 12 есе өскен.

Дінге сенушілер қалаған дінін ұстап қарық болып жатқан ашық қоғамымызда, дегенмен де, өскелең ұрпақ тәрбиесінде көңіл аударатын кейбір маңызды мәселелердің бар екенін айтпай кетуге болмайды.

Халқымыздың көз жетер жердегі өткен тарихына көз жіберсек, алдымен патшалық Ресейдің отарлық езгісінде, кейіннен кеңестік тоталитарлық жүйенің құрсауында болған халқымыздың бүгінде сол батырларымыз қол бастап, азаттық үшін аянбай күрескен, ақын-жырауларымыз бен би-шешендеріміз, Алаш азаматтары аңсап, мұрат еткен Егемендікке қаншама зар-заманалар мен қилы кезеңдерді артқа тастап

жеттік. Тәуелсіздік алу оңай іс болған жоқ, қаншама құрбандықтар беріп, ауыр-ауыр жолдардан өткен күрделі тарихы болды. Енді міне, Құдайға шүкір, тарих сахнасынан жоғалып кеткен көп халықтар мен ұлттарға қарағанда өзіндік ұлттық бет-бедерін, болмысын, ділін, дінін, ғасырлар бойына қалыптасқан басқа да ру-хани құндылықтарды сақтап, осы заманға жеттік.

Ал қазіргі батыстық құндылықтар тасқындай еніп, өмір-тіршілігіміздің барлық саласында орнығып жатқан кезенде сол ұлттық рухани құндылықтардың, болмыс-ділдің жағдайы болашақта қалай болар екен деген ой келеді.

Өзінің ділін, тілін, үлттық рухани терең құндылықтары, ерекше-ліктері мен мен қасиеттерін көзінің қарашығындай сақтап, сүйген халық қана өзін өзге ұлтқа сыйлата алады, сондай өзгені де сыйлай-ды емес пе?

Халқымыздың рухани байлықтарының негізгілерінің бірі – оның діні. Негізі Исламның суннитгік бағытындагы сопылық ағымды ұстанған, дала перзенттерінің сан ғасырлық тарихы қатпарында қалған басқа да діндердің, (мысалы, Тәңіршілдік, зороастризм, т. б.) кейбір элементтерін бойында сақтап, кейде Исламның «таза» қағидаларымен қабыспай жатса да халықтың өзі дүниетанымы, дүниесезімі, өзіндік ұлттық болмысы, салт-дәстүрлерімен астарластырып, көшпелі тұрмыс салтына сәйкестеп қалыптастырып алған, тарихтың талай қысталаңында арқа сүйер тірек болып, ұлттық ділді сақтап қалуға көмектескен өз діні. Ол бұрынғы патша үкіметінің шеткі аймактағы басқа ұлттарды шоқындыру саясатына, кейбір «шоқынды» атанғандар болмаса, бел бермеуге тірек болган, кешегі кеңестік кезендегі бірнеше ұрпақтың өмірін қатаң атеистік рухта тәрбиелеген тоталитарлық идеологияның қысымында да әркімнің санасынан толық өшпеген өз сенімі десек болады.

Бүгінгі күні мектеп оқушыларын толеранттылыққа тәрбиелеудің фундаментальды концепциясы дайындалмағаны мен ғылымдағы бай тәжірибеге сүйене отырып (А.А. Боданаев, Л.И. Божович, В.В. Бойко, Б.З. Вульфов, А.Г. Ковалев, А.Г. Козлова, И.С. Кон, А.Г. Кирпичников, Б.В. Куприянов, А.Н. Лутошкин, А.С. Макаренко, В.Г. Маралов, А.В. Мудрик, В.Н. Мясищев, Р.С. Немов, С.Д. Поляков, В.В. Рогачев, М.И. Рожков, В.А. Ситаров, В.А. Сухомлинский), біз бұл үдерісінің технологиялық және әдістемелік мәселесін шешуді теориялық негіздей отырып, практикалық тұрғыда сауатты келе аламыз. Мектеп оқушыларын кейбір адами әлсіздіктерге шыдамдылыққа тәрбиелеу және оны түсіне білу мәселесі В.А. Сухомлинский еңбектерінде қарастырылған. Ол шыдамдылықты адамгершілік тәрбиесі арқылы көрініс табатынын оқушы тұлғасының рухани-мәдениетінің маңызды элементі деп таниды. Оның ойынша, оқушылар ең бірінші қарттарға, жалғыз басты және науқас адамдарға қатысты шыдамдылық көрсетуге үйренуі қажет. Бірақ оның пікірінше, шектен шыққан мейірімділік пен шыдамдылық бәрін де кешіруге әкеп соқтырады. В.А. Сухомлинский мұндай жағдайды болдырмау керек деп есептейді [2, 242].

Қазіргі студент жастар арасында жүргізілген сауалнамалар мен пікір алысулардан байқалған жағдай, жастардың дін тақырыбына деген қызығушылығының жоғарылығымен қатар діни сауаттылығының тым үстіртін екендігі.

Өз дінімізді жастарға үйретпесек, оларға дінді үйрететін басқа топтар мен ұйымдар толып жатыр. Оның мысалын көшеде діни кітаптарға толы қап арқалап, өзге діннің үгіт-насихатын жүргізіп жүрген. Олардың ішкі рухани дүниесі мен сана-сезімдерінің кандай өзгерістерге түскенін кім біледі? Өзге жерден арнайы келіп, жергілікті ұлтты өз дініне кіргізбекке белсене жұмыс жүргізіп жатқан миссионерлер іс-әрекетінде қандай саяси астар жатыр? Міне, миссионерлердің іс-әрекеті күшейіп тұрған қауымда қауіп басқада емес, осында жатыр.

Тіліміздің қолдану аясы толыққанды дәрежеге әлі де жетіңкіремей жүргенде, өзге дінге кету оның өз ділінен, ұлттық болмыс қадір-қасиетінен біржола айрылу деген сөз емес пе? Мен білетін «таза орыс тілді» ағайындарымыз, дегенмен, өзінің қазақ екенінен, ұлттық салт-дәстүр, сана-сезімдерден епте «хабары» бар болса, ділін жоғалту, ұлттық қасиет, ұлттық ерекшеліктен біржола ада болған рухани мүгедектікке апарып соғады. Осының салдарынан елдің берекесі шайқалып, ішкі алауыздықтар тууы әбден мүмкін.

Осындай жағдайда, ең болмаса, жастардың діни сауаттылығын көтеруге шаралар қолданудың еш артықтығы жоқ сияқты. Ол үшін жоғары мектептерде жалпы діндердің пайда болуы, тарихы мен өзіндік ерекшеліктерін тереңдей оқытатын, нақтыланған бағдарламасымен «Дінтану» пәнін негізгі пәндердің бірі ретінде енгізіп, оны білікті, сауатты ұстаздардың жүргізуі қажет сияқты. Діни сауаттылығы жоғары жас - өмір-тіршіліктерінде кездесетін кейбір қиыншылықтар тусында «қамқор қолын» созған жат секталардың қармағына ілініп кетуден сақ болар еді деп үміттенеміз. Сонымен қатар үкіметтік деңгейде жастар мәселесіне көбірек көңіл бөлініп, олардың әлеуметтік жағдайын, тұрмыс-тіршіліктерін жоғары көтеру үшін молынан жұмыспен қамтып, баспана алуда жеңілдіктер жасап, қамқорлық көрсету де оларды өмір жолындағы көптеген қателіктерден сақтар еді [3, 106].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Найля Бесимова. Жастар бойында діни төзімділік мәдениетін тәрбилеудің кейбір өзекті мәселелері // Меж. науч. конф. Духовность и толерантность как стабильности общества. – Алматы, 2007. – 315-322 сс.
2. Сухомлинский В.А. Павлышская средняя школа: Обобщение опыта учебно-воспитательной работы в сельской средней школе. – М.:Просвещение, 1979. – С -393.
3. Ситарам К., Когделл Р. Основы межкультурной коммуникации // Человек. - 1992.-№ 5. – С.106.

ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ СОПЫЛЫҚ ІЛІМ: ҚАЛЫПТАСУ, ДАМУ ТАРИХЫ

Б.А., Елеусов
аға оқытушы,
А.Р Ахмет
студент
Е.Б.Қанатбаев
студент
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ

Аннотация. *В данной статье излагается проблема становления и развития суфизма в казахской истории. А так же роль и значение учения суфизма Ахмета Ясави в духовной жизни казахов.*

Ключевые слова: *Ахмед Яссави, религия, учение о суфизме*

Annototion: *In this article Ahmed Yassavi doctrine developed in Kazakh histori and its current spiritual aspects of the move. Sufi doctrines outlined in the development of today.*

Keywords: *Ahmed Yassavi, spiritual aspects, sufi doctrines*

Адамзат тарихы өз дамуының әрбір кезеңінде өткені мен бүгінін саралап, құндылықтар жүйесін қайта қарап отырады. Үшінші мыңжылдыққа аяқ басқан бүгінгі әлемдік қоғам да осы үрдісті бастан кешіруде. Тәуелсіздіктің жиырма жылын еңсерген Қазақстан жұртшылығы қазір тарихи құбылыстарды жаңаша сараптауда біршама орныққан көзқарастарға ие болды.

Адамзат қоғамы мен бірге жаралып, бірге жасасып келе жатқан, адам болмысымен табиғаты етене, көнермейтін рухани құндылықтар жүйесі бар. Бұл жүйенің негізі әрі басты реттеуші күші – дін. Дін тек сенім мәселесіне ғана емес, мораль (ахлақ) мәселесіне де тікелей қатысты. Моральдың негізі ұстаным болса, ұстанымның тірегі - сенім. Адамзат баласы өз тіршілігін сенімге негіздемей өмір сүре алмайды. Сол сенімнің бірегей көріністерінің бірі- Ислам діні.

VII ғасырда тарих сахнасына шыққан Ислам діні VIII-IX ғасырларда Орта Азия жеріне дендеп ене бастады. Ислам дінінің түркі – қазақ даласында он екі ғасырлық тарихы бар екені белгілі. Осы кезең ішінде Исламның шариғаттық негіздері түркілік дүниетанаммен біте қайнасып кетті. Түбі бір түркі халқының бір бұтағы – қазақ халқы Ислам діні аясында ұлт болып қалыптасты. Ислам діні мен қазақ салт- дәстүрлері арасында ғасырлар бойы орныққан ашық сұхбат бар. Осы сұхбаттың қалыптасуы мен дамуында тарихи роль атқарған құбылыс – сопылық тариқаттар болатын[1., 20.].

Ортағасырлық ислам тарихы сопылық іліммен тікелей байланысты. Иррационалдық тәжірибеге негізделген сопылық таным адамзат тарихындағы күрделі де көп қырлы, қабылдануы қиын құбылыстардың бірі болды. Сопылық ілім Ислам шеңберінде тұтастыққа ие болып, кемелдік тұғырына көтерілді. Дегенмен Ислам дінінің нақты қағидаларға негізделген шариғат жолын ұстанушылар мен тариқатшы сопылар

арасында белгілі бір дәрежеде түсініспеушіліктер де орын алды. Екі бағытты бітімге келтіру мақсатында Исламның бір қатар ғұламалары іргелі ізденістер жасады.

Орта Азияның Исламдану процесінде тарихи роль атқарған сопылық тариқаттардың аталмыш аймақтың рухани өмірінде елеулі орны бар екенін жоққа шығару мүмкін емес. Қазақстандағы сопылық тариқаттардың соңғы жиырма жылдық кезеңде қайта жандана бастағаны белгілі. Орта ғасырларда ықпалды діни-әлеуметтік факторға айналған сопылық ағымдардың қазіргі қайта жандану құбылысы да белгілі бір заңдылықтың әсері деуге болады.

Кеңестік кезеңде әртүрлі діни қозғалыстармен қатар, сопылық тариқаттар да мемлекет тарапынан елеулі қысымға ұшырап, өз әрекеттерін барынша шектеуге мәжбүр болғаны айқын. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінен бастап, ресми Ислам өкілдерінің өз қызметін жүзеге асыруына юелгілі бір дәрежеде мүмкіндік берген кеңестік билік органдары тариқат өкілдеріне қатысты басқаша саясат ұстанған . Олар ресми Ислам өкілдерінің көзқарас-ұстанымдарын тариқатшылыларға қарсы пайдаланып, олардың арақатынасын үнемі назарда ұстады.

Кезінде кеңес одағында сопылық қозғалыстардың біржола жойылғаны жөнінде мәлімдемелер айтылған болатын.Бірақ сопылық тариқаттардың түрлі формаларда өмір сүруін жалғастырып келгенін қазіргі жаңғыру үдерістері айқындайды. Бұл үдерісте Орта Азияда кеңінен таралған яссауийа және нақшбандийа тариқатының өкілдері ерекше белсенділік танытуда. Қазіргі яссауийа және нақшбандийа тариқаттарының іс-әрекетінде классикалық мәніндегі сопылықпен үйлесетін де,үйлеспейтін де тұстар бар. Бұл үйлесімділік дәрежесі әр бағытта түрліше деңгейде көрініп отыр.

“Қазақстандағы сопылық: бастаулары, тарихы, қазіргі жай-күйі” атты сараптамалық шолудың мақсаты Қазақстандағы сопылық тариқаттардың шығу негізін, қазақ даласына таралуын, орта ғасырлық қазақ қоғамындағы даму ерекшеліктерін айқындап, “сопылық’’ атауымен танылып отырған қазіргі сәйкес құбылыстарға сәйкес болып табылады [2, 45.].

Осы бағытты біз сопылық тариқаттар белсенді іс-әрекет жүргізген тарихи орта- Оңтүстік Қазақстан обылысындағы мемлекеттік өңірлік және облыстық мұрағаттарда жұмыс жүргізіп, тариқаттар тарихына қатысты бұрын белгісіз болып келген бір қатар мәліметтерді жарыққа шығардық. Сопылық тариқаттардың бірқатар пір - ұстаздарының туған жерінде болып, олардың отбасы мүшелерімен, көз коргендерімен, шәкірттерімен сұхбаттастық. Аталмыш құбылысты ішкерлер зерттеу мақсатында олардың ресми оқу орны болып табылатын медреселердегі арнаулы курс бағдарламаларымен, теориялық материалдарымен және тәжірибелік әдістерімен толығырақ танысуға тырыстық. Аталмыш бағытта жинақталған мәліметтер мен жүргізілген жұмыс нәтижелері сарапталып, шолу жұмысына енгізілді. Шолу соңында бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отырған сопылық қозғалыстардың іс-әрекетін бағалау мен бақылауға қатысты бірқатар ұсыныстар берілді .

Қазіргі Қазақстандағы діни қозғалыстардың бір бөлігінің тарихы туған топырақтан бастау алады. Солардың ең негізгілері – сараптамалық жұмыста шолу нысанына алынып отырған сопылық тариқаттар. Діни қозғалыстардың қазіргі жай-күйін, ұстанымдарын, табиғатын дәлірек бағамдау үшін олардың тарихи тамырларын айқындап алу жөн болмақ . Бұл орайда мұрағат деректеріндегі көптеген мәліметтердің жарыққа шығарылмай, ғылыми айналымға енгізілмей жатқандығының елеулі кері салдары бар екенін атап айтқан жөн. Өткен ғасырлардағы рухани тарихымыздың шынайы зерттеліп, дұрыс жазылуының бүгінгі қоғам құбылыстарын орынды бағалауға үлкен септігін тигізетіні даусыз. Салауатты қоғам өкілдеріне лайық парасатты пікір қалыптастыру - бүгінгі зерттеушілердің тарихи міндеті болмақ .

Сопылық ілім мен тәжірибе бастаулары адамзат қоғамының алғашқы кезеңінен белгілі . Діни ілім негіздеріне сүйенсек , Алла жаратқан алғашқы саналы тіршілік иесі - Адам пайғамбардың өзі сопылық жолдың бірқатар сатысын өткерген . Сопылық барлық пайғамбарларға ұласқан рухани ілім болып табылады. Сондықтан пайғамбарлар арқылы уағыздалған барлық дінде сопылықтың белгілі бір көріністері бар .

Исламдағы сопылық өмір салтын ұстанған алғашқы тұлға – Мұхаммед пайғамбар. Пайғамбарымыздың өмір деректерінен оның сопылыққа тән бірқатар қағидаларды пайғамбарлықты қабылдағанға дейін де ұстанғаны белгілі. Пайғамбарлық кезеңінен бастап (610 ж.), бұл ілім өзінің кемелдену сатысына өтті.

Қазақ (түркі) даласына сопылық ілім исламның алғашқы кезеңінен – VIII ғасырдың соңғы ширегінен бастап таралды. Қазақ жеріне келген исламның өзі сопылық мәндегі ислам болып табылады. Қолда бар тарихи деректердің ішіндегі ең көнесі саналатын “Насабнама” , “Садр ад-дин шайх рисаласы”, “Тәзкире-и Бұғрахан ” шежірелерінде қазіргі Қазақстан аумағына дін тарата келген Ысқақ баб пен оның серіктерінің сопылық – хикмет ілімін уағыздап , таратқаны айтылады.Сопылық деген атау кейіннен шыққанымен заты әуел бастан болды. Қазіргі замандағы қоғам алдындағы негізгі түйіткілді мәселелердің бірі дін мәселесі. Өз кезегінде бұл жағдайға мемлекетте бей жай қарай алмайды, еліміз көп ұлтты, көп конфессиалы, зайырлы мемлекет. Ел конституциясында әрбір азаматқа діни еркіндік берілген. Толеранттылық қазақ қоғамының ажырамас бөлшегіне айналып отыр. Ел азаматтарының басым бөлігінің ұстанатын діні Ислам дінінің суниттік ағымы, Әбу Ханифа мәзһабы. Ислам дінімен бірге әр түрлі ағымдар қатар дами бастады. Соның ішінде Исламның діни-мистикалық ағымы-сопылық VIII ғасырда қазіргі Сирия, Палестина және Ирак аумақтарында пайда болды.

Сопылықтың шығу тегі туралы кесімді бір шешім жоқ. “Сопы” сөзінің шығуына байланысты екі жарым мыңға жуық анықтаманың бар екенін ескерсек, Сопылық ілімінің де жайдан жай атүсті қарайтын нәрсе емес екеніне көз жеткіземіз. Сопылық ілім Ислам дінінің шын мағынасындағы рухани мәні болып табылады.Оның жүйелі ілім ретінде қалыптаса бастаған бастапқы кезіндегі ең алғашқы өкілдері нағыз тақуалық өмір салтын

ұстанушылар,талап-тілекті қанағаттандырудан өзін-өзі мейлінше шектеп, фәни қызығын пенделік тіршілік қамын,жеке бас еркін тәрк етіп, бір ғана Аллаһқа жетуді мақсат етушілер,шариғат заңдары мен Пайғамбарымыз (с.а.у)-ның жолын (сүннет) қатаң сақтаушылар ретінде бой көрсетті.Қазіргі уақытта сопылық туралы әртүрлі пікірлер бар. Сондықтан Ислам дініне оппозициялық сипатта қалыптасқандықтан қоғамға кері әсерін тигізеді деген көзқараста болса, екінші біреулер сопылық – қазақ жеріндегі мұсылмандық дүниетанымның өзегі деген пікір айтады. Сопылық тарихын зерттеушілердің пікірінше , сопылық IX-X ғасырларда Таяу және Орта Шығыс елдерінде Солтүстік-Батыс Африкада кеңінен таралды.

Орталық Азияда сопылық тариқаттар XII-XVII ғасырлар аралығында пайда болған. Түркістан, Бұқара қалалары сопылық ілімнің түркі, парсы тілдес халықтардың арасында таралуында зор рөл атқарды.

Орталық Азияда сопылықтың Баха ад-дин Нақшбанд (Нақшбандия) Әбд әл-Қадир Жейлани (Қадария), Наджм ад-дин Кубра (Кубравия), Қожа Ахмет Йассауи негізін қалаған тариқаттар таралған. Сопылық Орталық Азия халықтарының мәдениетінің бөлігі болып табылады [3, 67.].

Исламның діни-мистикалық ағымы-сопылық VIII ғасырда қазіргі Сирия, Палестина және Ирак аумақтарында пайда болды [4, 32.].

Сопылықтың шығу тегі туралы кесімді бір шешім жоқ. “Сопы” сөзінің шығуына байланысты екі жарым мыңға жуық анықтаманың бар екенін ескерсек, сопылық ілімінің де жайдан жай атүсті қарайтын нәрсе емес екеніне көз жеткіземіз. Сопылық ілім Ислам дінінің шын мағынасындағы рухани мәні болып табылады. Оның жүйелі ілім ретінде қалыптаса бастаған бастапқы кезіндегі ең алғашқы өкілдері нағыз тақуалық өмір салтын ұстанушылар, талап-тілекті қанағаттандырудан өзін-өзі мейлінше шектеп, фәни қызығын пенделік тіршілік қамын, жеке бас еркін тәрк етіп, бір ғана Аллаһқа жетуді мақсат етушілер, шариғат заңдары мен Пайғамбарымыз (с.а.у)-ның жолын (сүннет) қатаң сақтаушылар ретінде бой көрсетті.Қазіргі уақытта сопылық туралы әртүрлі пікірлер бар. Сондықтан Ислам дініне оппозициялық сипатта қалыптасқандықтан қоғамға кері әсерін тигізеді деген көзқараста болса, екінші біреулер сопылық – қазақ жеріндегі мұсылмандық дүниетанымның өзегі деген пікір айтады. Сопылық тарихын зерттеушілердің пікірінше, сопылық IX-X ғасырларда Таяу және Орта Шығыс елдерінде Солтүстік-Батыс Африкада кеңінен таралды[5, 30.].

Орталық Азияда сопылық тариқаттар XII-XVII ғасырлар аралығында пайда болған. Түркістан, Бұқара қалалары сопылық ілімнің түркі, парсы тілдес халықтардың арасында таралуында зор рөл атқарды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.
2. Ислам энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2010.
3. Қожа Ахмет Иассауи. Диуани хикмет. – Алматы: Арыс, 2001. – 272 б.
4. Ислам. Сборник статьей. - Москва: Безбожник, 1931. – 173с.
5. Яссауи тағылымы. Ғылыми мақалалар мен жаңа деректер жинағы .– Түркістан: Мұра, 1996. – 152 б.

ОРАЛХАН БӨКЕЙ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

С.Ж. Тәшімбаева
аға оқытушы,
М.Е. Қарасай
студент
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
Ақтөбе, Қазақстан
mero.98@inbox.ru

Аннотация. *В статье говорится о первых шагах Оралхана Бокея в литературе и его становлении великим писателем из Алтая. Также автором затрагиваются такие литературные аспекты, как прозрачность и чистота внутреннего мира героев, их монологи и диалоги в его произведениях. Уточняется, что одна из главных тем в трудах Оралхана – это пейзаж Алтайского края.*

Ключевые слова: *повесть, герой, сюжет, композиция, научный стиль*

Abstract. *The article describes the first steps of Oralkhan Bokey in the literature and becoming a great writer of Altai. The author also addresses such literary aspects, transparency and purity of the inner world of the heroes, their monologues and dialogues in his works. It is specified that one of the main themes in the writings of Oralkhan - a landscape of the Altai Territory.*

Keywords: *story, hero, plot, composition, scientific style.*

Асқар Алтайдың асқақ жыршысы. Осылай атауға Оралхан Бөкей әбден лайық суреткер. Өйткені оның өз бітім - болмысына да, шығармашылығына да асқақтық тән. Оралхан есімінде үлкен бір сыр бар. Ол туған кез сұрапыл соғыс жылдары екен. Осы соғысқа адам күші жетпей әкесін Оралға еңбек майданына шақыртады. Осы кезде Оралхан дүниеге келеді. Әкесі тез оралсын деген ниетпен анасы баласының атын Оралхан қояды.

Оралхан Бөкей өзінің әр кейіпкерлерінің образын ашуда көбінесе сөзді өзінің тура мағынасынан көшіріп, ауыс мәнде жұмсауда жақсы танылады. Бұл метафора, перифраз, аллегория, символ тәрізді амалдармен жүзеге асады. О.Бөкей осыларды шығарма жанры мен сипатының тактісіне билете әсем пайдаланады. Метафора – затты не құбылысты өзіне ұқсас өзге зат немесе құбылысқа балап, солардың атымен ауыстырып атау болса, перифраз дегеніміз бір нәрсені немесе құбылысты сол нәрсенің бір білгісін, қасиетін көрсетіп, суреттеп атау. Соңғы стильдік тәсіл көбінесе поэзияда қолданылады. Осыны Оралхан жақсы қолданған. Ол ай сәулесін «уыз мұнар» деп, өмірді «ұлы жіңгір бәйге», қар басқан жер бетін «сүт дүние» т.б деп құбылта айтады. [1.130]. «Өліара», «Елең-алаң», «Мынау аппақ дүние», «Қар қызы», «Мұзтау», «Жетім бота» сияқты шығарма аттары да араласып берілген, метафоралар мен перифраздар. Қысқасы әдейі іздей берсек, мұндай троптардың небір үлгілерін көбейте беруге болар еді. Оралханның повесть, әңгімелерінде бұлардың тігісі жатық түскен, өйткені астарлап атаулардың қолданысы романтик, сезімтал, арманшыл кейіпкерлермен оларға үндес автор көзімен баяндалған лиризмге толы шығармаларда орныды да, заңды да.

Енді Оралханның жоғарыда айтылған шығармаларға тоқтала кетсек. Профессор Рабиға Сыздық «Қайдасың, қасқа құлыным» шығармасы жайлы мынадай пікір айтады. «Қайдасың, қасқа құлыным» бас кейіпкердің атынан, бірінші жақпен баяндалады. Шығарманың бүкіл өн бойындағы тілдік өрнек осыған орай құралған: кейіпкердің ой-толғауы табиғат суретімен астарласып, араласып жатады, өйткені табиғатты сезінбесе, ол адам романтик болар ма! Және ой қуалаған адамның түйсігінде табиғат тек танылып қоймайды, ол «тіріліп» кетеді. Жалпы, Оралханның көптеген туындыларында табиғат, Алтай табиғаты негізгі фон, кейде тіпті кейіпкерлермен жарыса жүретін образ иесі екенін аңғару қиын емес. Жазушы Оралхан Бөкей - туған өлкесі - әсем Алтайдың, асқақ Алтайдың жыршысы! Оның шығармалары Алтай өлкесінің гимні іспеттес. Табиғатқа жан бітіре, оған адамның қиял - әрекетін, қасиет – қадірін тікелей суреттеу – Оралханның тілінің өзіне тән бір белгісі [1.129]. Жалғыз «Қайдасың, қасқа құлыным» емес, О.Бөкейдің өзге шығармаларында да табиғат тірі жан иесі болып суреттеледі: «адырлар... ойға батып, бүк түсіп жатыр». Табиғаттың сын - сипаты, тұс - тұрпаты да адамдарға тән қасиеттермен берліген:*жат бауыр күз,аждаһа қыс, жетім тамшы, салдақы жел, тәкәппар тас, ойшыл орман, тоқ түлкі бұлт, т.с.т.* Мұндай «орынсыз» тұрған эпитеттердің жаттығы сезілмейді, керісінше, олар жалпы жазушы өрнегімен үндес келіп оның қолтаңбасының бір қырын таныта түседі. Демек, Оралхан ұсынған табиғат - адам тіршілігінің ажырамас компоненті, адам, рухани дүниесінің фоны, көңіл-күйінің аккомпоненті.

О.Бөкейдің көптеген повестері лиризмге толы туындылар. Мен, әсіресе «Қайдасың, қасқа құлыным» уыз жастықтың арманы, ізгілікке іңкәрлығы жайындағы поэма дер ем. «Елең-алаң» да – ересектікке қадам қойған мазасыз шақ жайлы лирика. Сондықтан автор табиғаттың поэтикалық образын жасаса, ол сол шығармалардың жанры мен тілінің сәйкестігі қабысу болып тұр. Демек, бұл- жазушы тіл өрнегінің бір қыры.

Келесі қырын бейнелеуіш (образдылық жасайтын) тәсілдерінен іздеуге болады. Көркем шығарма өзінің образдылығымен ерекшеленеді. Теңеу, метфора, эпитет, метонимия, синекдоха, әсірелеу, параллелизм т.б. сияқты поэтикалық құралдар тек өлең сөзге-поэзияға ғана емес, прозаға да тән екенін, оның ішінде лирикалық үнде келетін повесть, әңгіме, новеллаларда молынан қолданылатын суреткерлік амал екенін білеміз. Шығарма аттарын аллегория, перифраз тәсілдермен беру – көптеген жазушыға тән нәрсе. О.Бөкейдің «Қасқа құлыны» жас адамның арманы дегеннің аллегориясы.

Өлең сөздегі анафора, эпифора, рефрен тәрізді қайталамалар тек жеке сөздер мен сөз тіркестерінің аясында ғана емес, сөйлем копонеттері саласында да орын алады. Мысалы: *Ақсақалдар айтады:* «Биыл астықтың шығымы жақсы... табиғат жарықтыққа өпкеміз кәне» [1.134]. Диалог, монологтерді құруға келгенде, қаламгер шеберлігі мен қолтаңбасына қатысты және бір ерекшелігін атауға болмайды. Кейіпкерлерді әр қилы сөйлете білу – көркем әдебиеттің бір шарты көркемдікті құрайтын шарты.

Кейіпкер сөзі-образды ашатын, шығарманы шындыққа жанастыратын құрал. Осыны Оралхан жақсы сезеді. Ол кейіпкерлерін өз тілінде сөйлетеді (немесе ойлантады). Бұған жазушының «Қасқа құлында» төрт кейіпкердің монолог ойын төрт түрлі етіп ұсынғаны әдемі мысал бола алады. Қаршыға атты жас жігіттің, «көненің көзі», тіпті көненің өзі Сарқынды шалдың, «бір ұлы ойда, бір ұлы қырда» Бөкеш әкенің, қасқа құлынын жоқтаушы бас кейіпкердің монологтеріде байқалады. Сірә, О.Бөкей прозасы тіліндегі поэзия элеметтері дегенде осындай тұстарды атау керек болар.[1.136]

О.Бөкей ол ұштастырудың шебері, себебі қай шығармасын алып қарасақ та ол адам мен табиғатты ұштастыра суреттейді. Әсіресе. Алтай табиғатын, Алтайдың әр домалаған тасына, жүгірген аңына дейін жан бітіре, ерекше толғаныспен суреттейді, және шығармаларында диалогты қолдануы, әсіресе «Қайдасың, қасқа құлынымдағы» қолданысы оқырманды ерекше ой жетегіне ертіп, шығарманың өн бойына енгізуі.

Осы айтылғандарға қосыла отырып, Әбіш Кекілбайұлы «Поэтикалық асқақ леппен балладалық сиатта жазылған «Қайдасың, қасқа құлыным» повесінде қалада ғылым соңында жүрген жігіттің туған ауылына кеп өткізген бірір күн ғана сөз болады. Өз өлкесіне, сол өлкенің адамдарына көзсіз ғашық ақынжан жігіт өзі бұрын аңдамаған үлкен рухани драманың үстінен шығады, сол арқылы өзі бұрын да жақсы білем деп ойлайтын үш адамды жаңа қырларынан көреді, бұл жолы оларды біржолата қапысыз таниды. Сол арықлы пенде басындағы өрелі өмірге көтеретін рухани мазмұнның жай-жапсарына да қанығады. Повестің идеялық – көркемдік концепиясын барынша айшықты ашуда Сарқынды образының атқарып тұрған қызыметі орасан зор. Өзі сал, өзі сері, өзі батыр, парық пен парасатқа да табиғат сараңдық жасамаған.

Оралхан Бөкейдің дәл осы шығармасы бір кітап болап басылып шыққан. «Қайдасың, қасқа құлыным» енген шығармалардың қай – қайсысын да әлгіндей екі ұдай сезімнің үстінде отырып оқисыз. Бірақ, кітапты түгелдей оқып шыққан соң жаңағы өткінші әсер бірте – бірте сейіледі де оның жаңсақ екеніне көзіңіз қапысыз жетеді» - дейді.[4.34]

Оралханның шығармаларының ішіндегі орыны бөлегі осы. Өйткені «Қайдасың, қасқа құлынымда» бірнеше образ бірігіп жазылған. Онда туған жер табиғаты, да адамның жағымды, жағымсыз мінездері әсем суреттелген. Кейіпкерлердің образын ашудағы бір ерекшелігі, шығарманың басынан бастап өзі қатысып отырады. Кейде кейіпкердің өзін ойлантады. Осынысымен шығарма тарытымды.

Оралханның қазаққа таныс тағы бір туындысы «Сайтан көпір». Міне осы шығарма туралы жазушы Серік Қирабаев мынадай пікір айтады. «Жазушы өзінің «Сайтан көпір» деген повестінде өз геройларының азаматтық, ерлік тұлғасын, төзімділігін сайтан көпірдің тар қыспағына салып сынайды. Повестегі образдар психологиялық жолмен жасалған, басқа түскен қиыншылыққа қарсы ерлікпен күресе отырып, олар қуанышпен қайғының, күйініш пен сүйіністің алуан түрлі сәтін бастан кешеді, өз өмірі, айналасы, өткені мен болашағы жайында ойланады.

Сондықтан автор образды ашуға ішкі монологты көбірке пайдаланады. Шығарма сюжеті уақиғаны баяндау, әңгімелеуденгөрі герой бойындағы азаматтық тартыстың динамикасына негізделе дамиды. [2.118]

Сөз жоқ, қай жазушының болсын, сөз қолдансында өзі туып өскен ортаның әсері болады, оны жоққа шығару әділетсіздік болар еді. Дегенмен жазушы атанып, қолға қалам алған әрбір адам тек өз ауылының емес, бүкіл халықтың қайраткері екенін түсіну керек. Ал халықтық деген сөздің өз жауапкершілігі болады: халықтың әдеби тілдік нормасын зерттеу, сақтау, оны толықтыру, жетілдіру міндеттері алдында тұрады. Мұны Оралханның да есінке салып қою артық болмайды деп ойлаймын[2.123].

«Сайтан көпір» повесті Алтайдың тамаша табиғаттың суреттеріне толы. Оны автор геройлар өмірімен тіршілігімен тығыз байланысты көрсетеді. Алтай қаншалықты сұлу болса, оның соншалықты қатал табиғаты, қайырымды мінезін оны мекендеген адамдар бойынан көреді. Тау қазақтарының ешкімге жарамсақтанбай, білектің күші, найзаның ұшына сенетін бір беткейлігін, атасы болса да, айыбын бетіне айтатын өр кеуделігін паш етеді. Оралханның суреткерлік талантын да танытады [2.132].

Осы шығарма туралы жазушы Тұрлыбек Мәмсейіт «Оралхан Бөкей өз кейіпкерлерінің неғұрлым болмысы атқарыла ашылытын, мінез-құлқы, жан-қалтарыстары жарқырап көрінетін қилы ситуацияларға араластыруға ұмтылады. Содан барып өмір материалдарын қорыту арқылы оған философиялық-әлеуметтік салмақ қоса отарып, бірегей образ жасайды. Бұл айтқандарымызға бірден бір дәлел болатын шығарма «Сайтан көпір» атты повесі. Шығармада жоғарыда айтқан Жақсылық әлемінің көрінісі, үлгісі Аспан бейнесі арқылы берілсе, Жақсылық дүниесі – Жаңғырық, Айқай, Анау. Осы жерде мынадай бір ой келеді.

Жақсылықтың (адалдық, әділдік, шындық) қашанда беті ашық, жүзі жарқын, еңсесі биік, оны ешкім де, еш нәрсе де көлегейлеп, өшіре алмайды. Сондықтан да ол повесте нақты адам – Аспан бейнесінде көрініп отыр. Ал Жамандық жүзі қара, алпыс айлалы. Ол көбіне қылмысты жасыратын жол іздейді. Үстіне ешкім танымастай етіп үстіне қара шапан жамылып келіп, Жақсылықты арттан шалуға тырысады. [3.110]

Ендігі бір айта кететін мәселе - әңгімелеп отырған повестегі Қонқайдың «Сайтан көпірдегі» Анаулардың бір түрі екендігі. Мұныңда ойлайтыны – адам баласын тура жолдан тайдыру, адастыру, жамандық. Бірақ оның адамдарға өлім тілеген қара ниет ойы жүзеге аспады. Осыдан біз Қонқайдың, Қоңқайшылықтың заманы өтіп, күні өтіп бара жатқанын байқаймыз. Содан да осы егіс повестен идея ортақтығы аңғарылады. Бұлардағы жас замандастар бойынан тазалықты, романтикалық рухты, сезімталдықты көрер едік.осыған байланысты екі повестенгі лирикалық әуен, романтикалық сарын, символитикалық ишараның біріне – бірі жалғасып, бірін – бірі толықтырып жатқанында айрықша атаймыз. Бұл автор творчествосының өзіндік бетін танытатын бір ерекшелгі. Түйіп келгенде, бұл егіз повесте Адам мен ғалам сыры көркемдікпен бейнеленген. Мұндағы авторлық концепция, негізгі айтпақ идея –

ұмытылмасында, содан туған күш-қайрат, сенім-жігер, билеген ерлік күресінде, ой-сенімнің жасампаздығында дегенге меңзейді.[3.119]

«Сайтан көпір» повесінде бейнеленген екі егіз образды ашудың өзінде бір шеберлік бар. Мұндағы егіз деп отырғанымыз, ол жақсылық және оған қарсы жамандық, мейірімділік пен тасжүректілік бір-біріне қарама-қарсы екі қасиет. Жоғарыды айтылған сындардың барлығын тек адам емес табиғат бойынына сидырып суреттеу. Міне бұл шеберлікті Оралханның «Сайтан көпір» повесінде көркем бейнеленген. Ия осы ұлы өмірде «Сайтан көпірге» итермелейтін сайтан адамдар да көп. Әлемді бүлдіріп, былғайтын да солар. Ал егер осы өмірде Аспан, Аман, Ерңік сияқты ақ ниетті, ізгі жүректі адамдар болмаса жер беті Айқайға айналар еді-ау, деген ойға тірілеміз ау. Сонымен «Сайтан көпір» автордың тынымсыз ізденіс, философиялық үлкен ой айтуға бет алған творчестволық бағытын айқын танытатын айтулы туынды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыздық Р.Сөз құдіреті, - Алматы: Санат, 1997. 224б.
2. Қирабаев С. Бөкев повестері туралы. Талантқа құрмет. – Алматы: Жазушы, 1988. - 177-197 б.б.
3. Тұрлыбек М. Таным таразысы, -Астана: Нұра Астана, 2015. -103-121 б.б.
4. Әбіш Кекілбайұлы Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. - Алматы,2012

БІРТҰТАС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕГІ ТАЛДАП ОҚЫТУ ӘДІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Л.Қ. Ормаханова
мұғалім
Б.Қ. Арызғұлова
мұғалім
Ақтөбе, Қазақстан

Аннотация: *Особенности метода анализированного обучения.*
Ключевые слова: *личность, синтез, программа, технология, предмет.*
Abstract: *The article will talk about of the analyzed tes of the method of the analyzed training.*
Keywords: *personality, synthesis, program, technology, subject.*

Ұрпақ тәрбиесі – адамзат баласының асыл мұраты. Бүгінгі күндегі мектепте білім алушы бүлдіршіндер- ертеңгі қоғамның қозғаушы күштері, болашағымыз.

Сондықтан Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев халқымыздың алдына «XXI ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты, мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеу керек»,- деп жауапты міндет қойып отыр.

Міне, осы себептен мектептегі балаларға сапалы білім, саналы тәрбие беріп, өміртанудың басты шарты білімді азамат тәрбиелеу, еліміздің патриотын тәрбиелеу, міндет жан- жақты жетілген, үйлесімді дамыған – ең басты құндылықты тәрбиелеу, еңбек етуге даярлау.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпы міндетті білім беретін стандартына сай білім беру талаптарын өз деңгейінде орындау мақсатымен жаңа нәтижелі технологияларды зерделеп, игеріп оқушының жас мөлшері мен психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес оқыту әдістемесін, технологиясын таңдап, жаңа инновациялық элементтерді ендіріп сабақтарда қолдау арқылы сауатты, жан- жақты тәрбиелеген терең білімді, білікті маман даярлау. Сондықтан оқушылардың қисынды ойлауын, қиялын дамытуға, сөз қорын молайтуға ықпалдың тиімділігін сипаттап талдап оқыту әдістемесі жүйелі, жоспарлы жүргізуге тәуелді.

Дамыған елдерде оқытуда компьютерлер кеңінен қолданылып, бірнеше он жыл қызмет етіп келеді. Оның тиімділігінің басты бағыттары:

1) жеке пәндер бойынша: қазақ тілі, шетел тілі, орыс тілдерінің – үш тұғырлы қажеттілігі анықталған;

2) жалпы және арнаулы қабілеттерін дамыту – алға қойылған міндеттерді шешу, өз бетінше ойлау және талдап оқытуды жүзеге асыру.

Бағдарламалы оқытуда оқушының танымдық қызметі мен оқу материалдарын пайдалану маңызды. Оқыту, оқу, есте сақтауды арттыру амалдарының бірі – талдап оқыту әдістемесі. Талдап оқытудың дидактикалық ерекшелігі әмбебаптық, кез - келген оқыту әдістеріне тезірек ену, оның байланыстарына зейін аудару, тарихына көңіл бөлу, оқушылармен кері байланыс жасау, оқушылардың пікіріне талдау жүргізу, оңтайлы талдаулар, оларды синтездеу талдап оқытудың әдістемесін жетілдіруге, қорытындылауға жеткізеді. Бастауыш мектепте түсіндіру- иллюстрациялық оқыту қолданылады, атаудың өзі оның мәнін көрсетеді. Бұл оқытудың негізгі әдістемесі- түсіндіруді көрнекілікпен үйлестіру, ұштастыру, байланыстыру, негіздеу арқылы талдап оқытуды жүзеге асыру. Кіші жастағы оқушылардың жетекші қызметтерінің түрі- тыңдау, оқу, есте сақтау, зерделенгенде қатесіз қайта жаңғырту. Мұндай оқытуды дәстүрлі оқыту деп атайды, оның тарихы тереңде, уақыт өте жаңарып, жетіліп келеді.

Түсіндіру – иллюстрациялық оқыту әдісінің бірқатар маңызды артықшылықтары бар:

- ол уақытты үнемдейді;
- оқушылар мен мұғалімнің күшін жинақтайды;
- күрделі білімді қабылдауды жеңілдетеді;
- оқу- тәрбие үрдісін басқарудың тиімділігін қамтамасыз етеді;
- соңғысы оқу материалдарына терең, тиянақты талдау жасау, бағдарламалы оқулықтың, бағдарламалық материалдың, оқу құралының негізінде жасалған сұрақтар мен тапсырмаларды орындау дәрежесіне байланысты оқушының өзі-өзін таниды, өзіне талдау жасайды тиянақты, терең білім алуы үшін өзіне міндеттер қояды, тапсырма береді. Педагог оқушылармен жұмыс бағытын анықтайды, орын алған сәйкессіздіктермен өзі, бірлесіп талдау жасап, қайталау, пысықтау жүргізіледі.

Мектеп мұғалімдері бағдарламалы оқытудың элементтері арнайы жасалған, ойластырылып жетілдірілген, жаңартылған, жақсы нәтижелер есепке алынған талдап оқыту әдістемесімен карточка- тапсырмамен жұмыс жүргізіледі. Карточка – бағдарламалық жетілдірілген тексеру, жауап алу, жылдам сабақтарда тексерулер жасайды.

Әрбір оқыту әдістемесінде талдап оқыту мәнді, оқу материалдарын іздеуге ұмтылыс жасатады, ең маңыздысы ынта- ықыласын арттырып, оқу, оқыту, «оқы, оқы және оқы» ережесіне қалыптастырады. Компьютерлік білім беру Қазақстандағы білім беретін оқу орындарында компьютерлендіру, компьютерлік сауаттылық деңгейі артуда. Сонымен бірге қазіргі кезеңде бастауыш сыныпты бітіруге қатысты мемлекеттік аралық бақылауға даярлану, тестілеуге әзірлік, бағалау, басқару, қазіргі заман талаптарына сай іскерлік, дағдыларды арттыру жұмыстары компьютерлік оқыту арқылы жүзеге асырылады. Компьютерлік оқыту әдістемесіне кеңінен маңыз берілуде. Оның болашағы, мүмкіндігі мол.

Қарастырылған материалдар оқыту- тәрбие үрдісінде, әсіресе, қазіргі заманғы мектептерде: түсіндіру- иллюстрациялық оқыту, проблемалы оқыту, бағдарламалық оқыту қолданылады.

Талдап оқыту әдістемесінің мақсаты: оқы, оқы және оқы талабының мәнді, мағыналы жүруін қалыптастыру, оқу материалдарын терең, тиянақты білу үшін талдап оқу, оқуға үйрету, талдап оқыту әдістемесін дамыту.

Талдап оқыту әдістемесінің мақсаты- талдап түсініп оқуға жету, саралап оқу, зерделеумен игеру, ынта- ықыласын арттырып, үздіксіз оқу іскерлігін, дағдысын қалыптастырып, дамыту.

Оқытудың барлық түрлері тиімді болады егерде нәтижесін көздеп, олардың ең оңтайлы, тиімдісі таңдап алынып, оқытудың барлық түрін пайдалану барысында талдап, оны жазып, пысықтап, қайталауларда талдап оқып пысықталатын болса.

Талдап оқыту әдістемесінің мақсаты – білімдерінде болатын кемшіліктерді болдырмау, олардың даярлығын арттыру, даярлықтарындағы оң және терістерді «теңестіру», сапаландыру білім алуға қызығушылығын арттыру, үй тапсырмаларын жүйелі орындауға қалыптастыру, сынып жұмыстарын сапалы жасауға дағдыландыру, өз бетінше оқуға ынтасын арттыру.

Талдап оқыту әдістемесі сабақта мазмұнды өзгерту, қиындықтарды реттеу және кейбір тапсырмаларды орындаудың ұзақтығын оңтайландыру, оқушылардың оқуға мүмкіндіктеріне және оқуға даярлығына сәйкес әдістемелік көмек көрсету құралдары, амалдарын ойластыруды жүзеге асыруды міндеттейді.

Талдап оқыту әдістемесінде негізінен:

- Әрбір сабаққа мақсатына сай оқытудың нақты жобалауы, тікелей жүзеге асыру міндеттері белгілі болады;
- Нақты оқу материалын – сабақтың тақырыбына сай, мазмұнына қатысты, мақсатына орай балалардың жалпы оқу қызметіне даярлығын зерделеу және білу арқылы оқу материалын нақты қабылдау, игеруді есептеу;
- Жаңа сабақтың оқу материалдарын игеруде оқушыларда туындайтын қиындықтарды алдын- ала көру және оған қатысты амалдарды ойластыру;
- Сабақтар жүйесінде топтық және жеке тапсырмалар беруді пайдалану;
- Жекелей және саралап оқытудың тиімділіктеріне тұрақты талдау жасап нәтижелеріне сай ұтымды, қисынды ой көрсету;

- Келесі сабақ қалай өтілуі тиіс, оған даярлық қандай болуы ескерілуі жатады.

Талдап оқыту әдістемесінің тиімділігін арттыру әрбір сабақтың тақырыбына сай негізгі оқу материалын, көрсетілетін көрнекіліктерді дидактикалық материалдарды, үйге тапсырмаларды нақты анық білу, үйге берілетін тапсырмаға түсініктеме, оның үлгілерін көрсетудің толық нақты болуында жатыр.

Талдап оқыту жеке оқушыға қатысты болсын, топқа байланысты орындалсын, түгел сынып оқушыларына артылсын мақсат оқу материалын терең, тиянақты түсініп, біліп, зерделеп, толықтырып, пысықтап игеріп, қолдана білуге,негізгі дамытуға жеткізу, қалыптастыру.

Қазіргі заманғы сабақ сапалы болуы үшін жалпы талаптар ішінен келесілерін бөліп қарастырамыз:

1. Оқу-тәрбие үдерінде ғылымның жаңа табысты жетістіктерін, педагогикалық практиканың озық әдістеме, технология, инновациялық элементтерін пайдалану, сабақтың қамтылуын құрылымын оқу – ғылыми - әдістемелік ұсыныс, тәжірибе, Оқу-тәрбие үлгісінің заңдылықтары негізінде орынды, оңтайлы етіп орындау.

2. Барлық дидактикалық ұстанымдар мен ережелердің қатынастарын оңтайландыру.

3. Оқушылардың өнімді танымдық қызметтері үшін олардың мүддесін, қызығушылықтарын, икемділіктерін, қажеттіліктерін ескеріп қажетті мақсаттарды қамтамасыз ету.

4. Пән аралық байланыстарды орнату.

5. Бұрын зерделенген, игерілген білімдер, іскерліктер, дағдылар мен байланыстар, оқушының даму деңгейіне сүйену.

6. Тұлғаның дамуының барлық салаларына шама – шарқылары, себеп – салдарына және белсенділіктеріне қатысты дамыту жасау.

7. Оқу-тәрбие үдерісінің барлық кезеңінің қисынды жалғасуы.

8. Оқу-тәрбие қызметінде оқушылардың іс-әрекеттерін психологиялық педагогикалық талаптар негізінде басқару және оңтайлы әдістемелік талаптар, оқу жұмыстарын ғылыми негізде ұйымдастыру, өткізу.

9. Педагогикалық құралдарды тиімді пайдалану.

Сонымен, сабақ мектеп жұмысының басты формасы, олай болса әрбір сабақты өткізу мұқият дайындықты, ғылыми әдістемесін ойластыруды, мақсатқа сай жетілдіру жоспарына тиісті түзетулер жасау.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқының әл- ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты//Егемен Қазақстан. - 2008 жыл. - 7 ақпан.
2. Әбиев Ж.Ә., Бабаев С.Б., Құдиярова А.М. Педагогика. - Алматы: Дарын, 2004 - 448 б.
3. Әбілқасымов А.Е. Қазіргі заманғы сабақ. - Алматы, 2000.

ТАЛДАП ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Б.Жиенбаева
мұғалім
Ақтөбе, Қазақстан

Аннотация: *Дидактические особенности анализированного обучения.*
Ключевые слова: *дидактика, синтез, педагогика, технология, школа.*
Түйін: *The article will talk about the features of the analyzed didactic training.*
Keywords: *didactics, synthesis, pedagogy, technology, school.*

Дидактикалық жүйе тарихта өз ізін қалдырып отырады, олар уақыт талабына сай жаңаланады, дамуға қатысты жетілдіріледі.

Бұрынғы оқыту жүйелерінің ұтымды бөліктерін алып Я.А.Коменский «Ұлы дидактика» атты еңбек жазды, оның элементтерін И.Г.Гербарт дәстүрлі дидактикаға айналдырады. Ал, Дж.Дьюн дидактикасы дәстүрлі дидактикаға негізделіп, дамуға ие болады. Бұл әрбір теория мен практиканың дамуының жалпы заңдылығы, оқыту үрдістерінде де осылай жалғасуда.

Әрбір дидактикалық жүйе оқыту үрдісіне өзінің ерекшеліктері және соған сәйкес технологиялар белгілі оқыту түрін (типін) туындатады. Оқыту түрі (типі)- оқу- тәрбие үрдісін ұйымдастырудың жалпы тәсілі. Оқыту түрі оның басты құрамдарына талдау жасау яғни,

а) мұғалім қызметінің басты сипаты арқылы;

ә) оқушыларды оқыту ерекшеліктері арқылы;

б) білімдерін іс- тәжірибеден қолдана білулерімен және т.б. анықталады.

Талдап оқыту жүйесінің маңызды принциптерінің бірі- теориялық білімнің жетекші рөлі. Бұл принципті балалардың теорияны жаттауы, терминдерді есте сақтауы деп түсінбеген жөн. Керісінше, оқыту барысында қарапайым бақылаулар, зерттеулер жасау арқылы, өмір заңдылықтарына көздерін жеткізу, қорытынды жасауға дағдыландыру.

1970 жылдардың басынан бастап жүргізген педагогикалық-психологиялық зерттеулер оқушылардың таным мүмкіндіктері туралы ескі түсініктерді мүлдем өзгертті. Оқушыда ойлаудың эмперикалық түрлерін тірек ете отырып, теориялық ойлауға өте алрлықтай мол әлеует бар екені дәлелденді. Заттар мен құбылыстардың тек сыртқы қасиеттері ғана емес, ішкі байланыстарын, заңдылықтарын меңгерту олардың танымын тереңдететіндігі анықталды. Бір- екі мысалмен түсіндіре кетейік: дәстүрлі сабақтарымызда жыл мезгілдері туралы сөз еткенде, біз ешқашан жазда жасыл болып жайқалып тұрған ағаш жапырақтарының күз түсе сарғайып, ал қыста мүлдем түсіп қалатындығының неге байланысты екенін тоқталып жатпаймыз. Тек жыл мезгілдерінің сыртқы белгілерін атаумен шектелеміз. Ал бұл тәсіл сабақтарда балалардың эмперикалық білімдерін пайдалана отырып, қоршаған орта мен өмір заңдылықтарына көздерін жеткізу, қорытынды жасауға дағдыландыру, олардың танымдық үрдістерін, теориялық ойлауын іске қосатын амал болып табылады.

Талдап оқыту жүйесі дидактикалық принциптерінің ішінде «Оқытудың тәрбиелік мәнінің болуы» жайлы ешнәрсе айтылмайды. Өйткені оқушылардың адамгершілік қасиеттерін, құқығын қалыптастыру арнайы жарияланбағанымен тұтас алып қарау ойластырылған.

Бұл жүйенің қағидаларын дұрыс түсініп, жүрегімен қабылдаған әрбір мұғалім өз сабақтарының дамушылық функциясын өз бетінше- ақ арттыра алары сөзсіз.

Л.В.Занков жүйесінде арнайы, жаңадан ойлап табылған әдіс- тәсілі жоқ. Өзіміз қолданып жүрген әдістер жаңа жағдайға бейімдей пайдаланылады. Сондай жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың мәні зор. Мысалы: дәстүрлі сабақтардағы сұрақ- жауап, әңгімелесу әдістері балалардан таныс нәрсені сұрап білуге негізделеді. Қазақ тілі сабақтарында тақырыптың мазмұны бойынша, материалдарды түсінгенін немесе түсінбегенін анықтау мақсатында сұрақ қойылып, жауап алынып жатады. Бір ғана жауабы бар сұраққа жауап та, тек бір сөзді қосып қайта айтып берумен қайтарылады. Мысалы: *Балалар қайда барады? Балалар мектепке барады.* түріндегі жауаптар. Талдап оқыту жүйесіндегі қойылатын сұрақтар проблеманы, ойлауды, пайымдауды қажет ететіндей етіп беріледі. Оқушы да ондай сұраққа өз ойын, өз пікірін білдіре, жауап беруге дағдыланады. Жауаптардың бірнеше вариантта болуы мүмкін екендігі қарастырылады. Мысалы: *«Әңгіменің кейіпкері жайлы не айта аласың?»* түріндегі сұрақтар.

Көрнекілік т.б. әдістер де осылайша жаңа мақсаттарға сәйкес өзгертіле, күрделендіре пайдаланылады.

Талдап оқыту сабақтарында жаңа материалды талдауға зор көңіл бөлінеді. Өйткені, талданбаған шығарма бала жүрегіне жетпейді деп есептелінеді. Талдау- бірлескен ізденіс. Ізденіс барысында мұғалім әр баланың көңіл- күйін бақылауға мүмкіндік алады. Интеллект деңгейін анықтай алады. Әсіресе оқу сабақтарындағы материалды талдау арқылы шығарманың айтар ойы, идеясы бала жүрегіне жетіп, талдау арқылы ар-ұят, қайырымдылық, әдептілік т.б. сияқты тамаша адамгершілік қасиеттер балалар бойына жұғысты болады.

Сондықтан оқытудың жалпы шама- шарқына оның бірнеше типі бөлінеді:

- түсіндіру- иллюстративті;
- проблемалы;
- бағдарланған;
- компьютерлі;
- он- лайын- тәсілінде.

Сонымен бірге бірнеше оқыту, оқу, білім беру түрлері бар және олар да кеңінен қолдануда. Қазіргі заманғы мектептерде бірнеше оқыту түрлері қолданылады.

Олар:

- түсіндіру- иллюстрациялық, оны дәстүрлі- хабарлаушы деп атайды;
- проблемалы оқыту әдісі;

- бағдарламалы оқыту әдісі және соның негізінде дамушы компьютерлік оқыту әдісі.

Аталып өткен әдістері ұтымды, орынды пайдалану дегеніміз- ол сапалы, оқыту- терең, тиянақты білім беру болып табылады.

Оның негізінде оқу материалдарын талдау, теориясын нақтылау, өтілген оқу материалдарымен байланыстыру, алда өтілетін оқу материалдарына қатыстыру, интергациялау-ықпалдастыру, түсіндіру-иллюстрациялау, дәстүрлі түрде хабарлау, инновациялар жасау, арнайы жаңа шығарылған баннэр, плакаттар, электронды оқулықтар, электронды ақпарат алу материалдарын, мазмұнын орынды, ретімен оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану, оқытуда талдау жасау амалдарын пайдалану, талдап оқыту әдістемесін қолдану, оқу пәндерінің оқу материалдарына қатысты проблемаларын туындату, оны баяндау, проблеманы қоя білу негізінде бірлесіп қарастыру, талдау жасау, ынтымақтасып шешу іс-әрекеттеріне кірісу жатады. Ол дегеніміз талдап оқытуды іс жүзіне асыру болып табылады.

Әрине, бағдарламалап оқыту оқу материалдарына алдын-ала бірнеше нұсқада қарастырып, жалпы тәжірибеге негізделген болуымен құнды, озық тәжірибелермен байланыстырылып, талдаулар жүргізілген. Бұл дегеніміз терең, тиянақты білім беруді көздейді.

Оқу материалдарын баяндау, бекіту, пысықтау, қайталау, үйге тапсырма беру, үй тапсырмаларын орындауда компьютерді пайдалану, компьютер көмегімен электронды оқулықтар пайдалану, электронды тасымалдағыштарды қолдану талдаулар арқылы іріктелінеді.

Бұл әдіс толықтырылып, түрленіп, қайта жаңарып, қатардан қалмай келеді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2009 жылдың 12 қаңтар күні Астанадағы тұңғыш Президенттің бірінші интеллектуалдық мектебі ашылуында сөйлеген сөзінде: «XXI ғасыр білім мен ғылым ғасыры болады», - деген болатын.

Олай болса, білім беру, тәрбиелеу, ең басты байлық- адам, біздің болашағымыз – болашақ жастарымыз, талдап оқыту әдістемесі жауапкершілік, қамқорлық жасау арқылы оқуды, есте сақтауды үйренудің жаңа тәсілдерін пайдалануға мән беруге жеткізеді.

Проблемалы оқытудың ерекшелігі қазіргі кезеңде оқу орындарында кеңінен қолдау тауып, атап айтқанда:

Біріншіден, оқушылардың оқу проблемаларын өздерінің шешулеріне сай қажетті білімдерді өздері іздестіреді, оқиды, жазады, көмек сұрайды, кеңеседі, қайталайды, пысықтайды;

Екіншіден, ең басты талап «оқы, оқы және оқы» ұстанымын жүзеге асырады;

Үшіншіден, іс-әрекеттерге өзі қатысады, ол дегеніміз шығармашылық ойлау және оқушылардың танымдық белсенділігінің көрсеткіштері артады;

Төртіншіден, маңызды мәселе, оқыту және тәрбиелеу барысында педагогикалық проблемалар, жағдаяттарды талдау арқылы, ынтымақтаса бірлікте шешу амалдары жасалады;

Бесіншіден, проблемалы оқыту технологиясы бірқатар міндетті кезеңдерді орындау қажеттілігін көрсетеді.

Олар:

- зерделенген білімдерден жағдаяттан шығу жолын іздестіру;
- іс-тәжірибеде іскерлік дағдысын дамыту;
- күрделі проблема, жай проблема мәнін анықтап жүйелей білу, гипотезаларды тексеру, нәтижелері бойынша кері байланыстармен талдап оқыту әдістемесін пайдаланып оқытуды, есте сақтауды, үйренуді жаңа тәсілдермен толықтыру. Бастауыш сыныптан оқу материалдарына мән беру, ойлау амалдарын жасай білу, салыстырулар арқылы жақсы мен жаманды ажырату күнделікті оқу сабақтарына жүйелі, жоспарын мерзімінде сапалы даярлау.

Проблемалы тапсырмалар, сұрақтар алдын- ала ойластырылып, оған қайтарылатын жауаптардың нұсқаларын болжау, талдап оқытудың маңыздылығын көрсетеді. Олар:

- бастауыш сынып оқушыларының білім деңгейі жас ерекшеліктеріне сәйкес және ойлау қызметіне қажеттілігі;
- кіші жастағы оқушылардың білім қоры, іскерлігі, дағдысы және интеллектуалды мүмкіндіктерінің ескерілуі- талдау жасап негіздеме, ұсыныс ендіру.

Проблемалы оқытуда проблема мәнін баяндау арқылы шешілу амалдары карастырылады, оған бірнеше топқа жіктеу бойынша жарыс үлгісінде, қатарға бөлу, мақсат қиындықтан шығуға жауап беру, қажет болса толықтыру, жазу, сурет салу, сызбасын сызу және т.б. оқу,жазу, есептеу жұмыстары жүргізілуімен мәнді.

Мектептерде проблемалы оқытудың мынадай элементтері қолданылады:

- проблемалы сұрақ есебінде беріледі;
- проблеманың мәнін баяндау;
- проблеманы талдау- бірлесіп жұмыс істеу бағытында.

Талдап оқыту әдістемесінің артықшылықтары:

- шығармалық қызмет негізінде білімді іздестіру, зерделенгенін пайдалана білу;
- оқу жұмысына қызығушылық;
- сенімді ойлау қызметін дамыту;
- оқытуды табысты әсерлеуі.

Бағдарламалы оқыту «программа» терминінен шыққан, сабақтастықтан іс-әрекеттер (амалдар) жүйесін білдіреді, оларды орындау жоспарланған нәтижеге жеткізеді. Бағдарламалы оқытудың негізгі мақсаты- оқыту үрдісін басқаруды жақсарту. Бағдарламалы оқыту оқушының әрбір білім алу жолындағы қозғалысын бақылаудың технологиясын жасап, оқу үрдісінде оған дер кезінде көмек береді.

Бағдарламалы оқыту теориялық тұрғыдан толық зерделеніп, оқу-әдістемелік бағытта іс-тәжірибелермен толықтырылса көптеген қиындықтардан жеңіл арылып, теріс ықпалдар кеміп, әлсіреп, сабаққа ынта- ықылас артып, оқу үрдісін бақылау, басқару жақсарып, талдап оқыту әдістемесі жүзеге асырылады.

Бағдарламалы оқытудың ерекшеліктері: оқу материалдары жеке бөліктерге бөлінеді, оқу үрдісі оқу материалдарын игеруге қатысты тізбекті қадамдардан тұрады, олар білім бөліктері – мазмұны және ойлау амалдарын орындауды қажет етеді, әрбір тізбекті жұмыс бақылаулармен (сұраққа жауап, тапсырманы орындау және т.б.) аяқталады.

Оқушы бақылау тапсырмасын дұрыс орындағанда жаңа материалдық порциясын алады, оқытуда келесі қадамды жасайды: тапсырма жауабы қате болса, онда оқушы көмек алады және қосымша түсіндіруге ие болады, талдап оқытудың әдістемесінің мәні осында, келесі оқыту, оқуға өздігінен білім алуға қол жеткізіледі, ол есте ұзақ сақталады, осылай берік, тиянақты білім алынады, оқу материалдары игеріледі, әрбір оқушы өз бетінше жұмыс істейді, ол өзінің шамасына қарай қарқынды оқу материалдарын игереді, барлық бақылау жұмыстары мен тапсырмаларының орындалу нәтижелері тіркеледі, олар оқушылардың өздеріне белгілі болады (ішкері байланысты), педагогқа мәліметтер анық беріледі (сыртқы кері байланыс), педагог оқу үрдісін ұйымдастырушы және қиындықтарда көмекші (кеңесші) және жеке шешімдер ынтымақтастық, пікір алысу, талдау жасалады, оқу үрдісінде оқытудың техникалық құрамдары кеңінен қолданылады (бағдарламалық оқу құралдары, тренажерлер, бақылаушы қондырғылар, оқыту мәселелерді, матрицалық дидактикалық үлестірмелер және т.б.).

Олар қойылған мақсатқа байланысты мұғалімдер таңдап, ұтымдылығы есепке алынып қолданылады. Әдетте алда тұрған міндеттерді ең тиімді шеше алатын оқыту әдісі таңдап алынады. Әрине барлық әдістерге талдап оқыту әдістемесін пайдалану тиімділігін арттыратындығын тәжірибе көрсетеді.

Пайдаланылғани әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. XXI ғасыр білім мен ғылым ғасыры болады // Егемен Қазақстан. 13 қаңтар, 2009 жыл.
2. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика. – Алматы: Заң әдебиеті, 2006. - 288 б
3. Дайрабаев Е., Дайрабаева А. Педагогика негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2005.

БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ЖҰМБАҚ ЖАНРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Қ.Ә. Қарабаева
аға оқытушы
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
Ақтөбе, Қазақстан
Girl_9a@mail.ru

Аннотация. *В данной статье рассматривается один из жанров детского фольклора, история возникновения загадок. Этот жанр исследовался отечественными и зарубежными учеными. А значит, признание и изучение этого народного фальклора являются одной из важных научных задач.*

Ключевые слова: *детский фольклор, жанр, загадки, игровой фольклор, устное народное творчество, народные игры*

Abstract. *This article is written about one of the genres of children's falklora, namely about riddles.In the study of this genre are worked a lot of local scientists.This means that the recognition and study of national falklora is one of the most important scientific problems.*

Keywords: *children's folklore, genre, riddles, gaming folklore, oral folk arts, folk games*

Халық мұрасының танымдық, тәрбиелік мәні - шексіз, шектеусіз терең дүние. Бала тәрбиесіне бағышталған, сәбидің жан-дүниесінің қалыптасуына, рухани марқаюына негізгі ұйытқы болатын шығармалар ауыз әдебиетінде көрініс тапты. Мұны фольклор ілімінде «балалар фольклоры» деп атау қалыптасқан.

Балалар фольклоры – балалар психологиясын, көркемдік талғамын, шығармашылық мүмкіндіктерін танытатын халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл мұрасы. Ол өзінің бала қабілетіне лайықтылығымен, логикалық жүйелігімен, тілінің нәрлілігімен, ақ пен қараның жігін айқын ажыратқан тәрбиелік маңыздылығымен, эстетикалық талғамдылығымен бағалы. Баланың жас ерекшелігіне орай дүниетанымы ересектер көзқарасымен қаншалықты сәйкес келмейтін болса, оның күнделікті тірлігі, өзіндік өмірлік мұраты, қиял, арманы мен ойы өмірге соншалық керек. Міне, балалар фольклоры – сол қарапайым да, нәзік, күрделі де, қызық әлемнің көркем дүниесі. Фольклор термині «халық ауыз әдебиеті» деген ұғым шеңберінен ұлғайып, халық ойындары сияқты салаларын толық қамтитын кең өріске ие болып отыр.

Ғалымдар арасында «балалар фольклоры» терминінің ауқымына қандай шығармаларды сыйғызуға болады деген сауал төңірегінде бірқатар пікір бар. Бірқатар ғалымдар балалар фольклорына тек балалар өздері айтып, өздері орындайтын, бүлдіршіндер арасында ғана өмір сүретін шығармаларды енгізейік десе, бірқатар зерттеушілер (соңғы кезде басым көпшілігі) балалар фольклорына тікелей бала тәрбиелеуге қатысты барша шығармаларды жатқызу шарт, сондықтан оған үлкендердің балаларға арнап айтатын туындылары да енеді деген пайымды көлденең тартады.

К.Ісламжанұлы «Рухани уыз» атты еңбегінде: «Тұтастай алғанда балалар фольклорын іштей топтап, жанрлық түрлерге саралауға біржолата

қалыптасқан, айнымас ұстам әзірге жоқ. Бұл жалпы, бүлдіршіндер мұрасының өзіндік табиғатының аса күрделілігінен болса керек»,-дей келе, «Қазақ балалар фольклорын мынадай топтарға қарай жіктеп, ішкі жанрлық түрлерге бөлуге болатын тәрізді.

I. Әлпештеу поэзиясы: Бесік жыры. Сәбилік ғұрып жырлары. Мәпелеу жырлары. Уату-алдарқату жырлары.

II. Жеткіншектер поэзиясы: Маусымдық жырлар. Арнау-тілек өлеңдері. Балалар өлеңдері:тақпақ, сұрамақ. Қызықтама. Өтірік өлең. Мазақтама.

III. Ойындық фольклор: Тәжікелесу. Жаңылтпаш. Жұмбақ.

IY. Ойынға байланысты жырлар: Ойынға шақыру. Қаламақ. Санамақ. Драмалық ойындар»,-деп көрсетеді [1, 22-23].

Қазақ ауыз әдебиетінде салмақты орын алған және ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму, өсу үстінде келе жатқан жанрдың бірі – жұмбақтар.

Қазақ халық жұмбақтары да ғалымдар назарына ерте ілініп, арнайы зерттеліп келеді. Оның көне жазба үлгілерін қыпшақ тілінің ескерткіші (XIVғ.) «Кодекс куманикус», М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ат түрік» сияқты кітаптарынан да кезіктіреміз. Кеңестік кезеңге дейін қазақ жұмбақтарын жинауға М.Иванов, М.Ибрагимов, А.Лютш, П.М. Мелиоранский, А.Алекторов, Ә.Диваев сияқты ғалымдар да ат салысқан. Жұмбақтарды жинау, қамтылған тақырыптарына қарай бір жүйеге келтіру, бастыру XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қолға алынды. Бұл жөнінде алдымен Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, С.Көбеевтің еңбектерін ерекше атауға болады. Қазан қаласында жұмбақтарға арналған кітаптар XX ғасыр басында шыға бастады.

Қазақ жұмбақтарының толық жинағы 1959 жылы ғана жарық көрді. Жұмбақтардың қыр-сыры С.Сейфуллин, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин еңбектерінде кеңінен сөз етіледі.

Жұмбақтың балалар әдебиетінен алатын тылсым күші жөнінде толғана келіп Джани Родари былай дейді: «Жұмбақты балалар соншалықты неге сүйеді?» – деп сұрақ қояды да, былайша жауап береді: «Ақиқатына көшсек, басты себебі мынада: жұмбақтар жинақы, тіпті символикалық формада балалардың шынайы өмірді танудағы тәжірибесінен танылады. Бала үшін әлем жұмбақ дүниелерге, түсініксіз оқиғаларға, қол жетпес нәрселерге толы. Өмірге келген балаға қадам сайын түрлі сұрақтарды көлденең тартып, құпиясын шешуді талап ететін беймәлім дүниенің бәрі жұмбақ және бұл процесс – таным процесі, ол көпшілік жағдайда тосыннан ашылып, жұмбағын кездейсоқ қызық формада шешіп отырады.

Оның бар қызығы да, баланың ізденуден, тосын қызық шешімінен алатын ләззатында, ойын кезінде бала соған жаттығып жатқандай» [2, 38].

Халық ауыз әдебиетін зерттеудің негізін салушылардың бірі – ғалым-жазушы М.Әуезов жұмбақтың өмір танытқыштық, тәлім-тәрбие берерлік маңызын көрсете келіп: «Сырт қарағанда соңғы уақыттарда жазба

әдебиеттің күшеюімен қатар, жұмбақ азайған шығар, жаңадан жасалмайтын шығар деген ойлар болушы еді. Анығында, бұл теріс боп шықты. Жұмбақтар қазақ халқының арасында да және барлық басқа халықтарының арасында да әлі тыңнан туып, молайып, дамып келеді. Олай болса, халықтың жұмбақ деген фольклор қорын жинап басып, тексеріп тану – ғылымдық зор міндет болады» ,-дейді [3, 3].

Мәлік Ғабдуллин жұмбақ туралы: «Халық шығармасының жұмбақ түрін зерттеген ғалымдардың айтуына қарағанда, жұмбақ ертедегі адамдардың, бүкіл коллективтің еңбек-кәсіп ету, тұрмыс-тіршілік құру тәжірибесінен туған. Алғашқы кезде адам баласының дүниедегі заттардың, жаратылыс құбылыстарының барлығы, олардың сыры, неден жасалатындығы мәлім болмаған, жұмбақ болған.

Бертін келе, адам баласының ой-өрісі, дүние танымы, білім көлемі ұлғайған кезде, жаратылыс дүниесінің және заттардың шығу сырын анықтап, аңғарған кезде жұмбақтар алғашқы қалпынан өзгере бастайды.Бұл кезде шығарылған жұмбақтарда адамға таныс заттардың немесе жаратылыс құбылыстарының сыртқы белгілері ғана алынады, соған қарап жұмбақ шығарылады. Жұмбақ заттың өзін айтпай, оның түр-түсін, сыртқы белгілерін, жұмбақ болып отырған затқа ұқсас жақтарын сипаттайды, ал заттың өз атын жасырын ұстайды. Атақты ғалым Аристотель жұмбақты: «Жан-жақты жымдасқан метафора»,-деп көрсетеді. Сондықтан да *ойға алған нәрсенің өзін айтпай, оның сырт көріністерін, сыртқы белгілерін қысқаша сипаттауды, солар арқылы жұмбақ етілген затты табуды* жұмбақ *дейміз* » ,-дейді»[4 ,88-89].

Қазақ жұмбақтарының айтылу тарихы өткен ұзақ дәуірлерді қамтиды. Қазақ жұмбақтары да бір белгілі салт-дәстүрлерге, немесе көбірек ойын-сауыққа байланысты айтылған. Қазақ халқының тарихындағы қай кезеңде болса да, жұмбақ жанры барлық уақыт халықпен бірге жасап, оның қамқоршысы есебінде қызмет істеп келген. Қыс қыстауда малдарына шөп салып, суғарып болған соң, қолдары қалт етіп босағанда,бір үйге жиналып әңгіме-дүкен құрумен бірге дастан, қыссалар оқып, екі топқа бөлініп ауық-ауық жұмбақтар айтатын болған. Жаз жайлауда отырған кезде де көпшілік жиналып ән салып, күй тартып көңіл көтеріп отырғандардың ойыны сөз тапқырлыққа, шешендік сөздерге, жұмбақ шешуге ұласатын болған.

С.Сейфуллин: «Жастар бас қосқан жердегі көбірек айтылатын ойын-күлкі, сөз – жұмбақ айтысу. Жұмбақ айтысу - хат жаза білмеген көшпелі елдің жастарының, балаларының жас басынан өз әлінше зейіндерін тапқыштыққа үйретіп безейтін, тәрбиелейтін, тілін шеберлейтін, сөзді үйлестіріп, ұйқастырып айтуға жаттықтыратын сабақ тәрізді болған. Мал баққан көшпелі елдің жұмбақ айтыса білмейтін жасы болмаған.Сөзді үйлестіріп, ұйқастырып айтуға төселген жастар жұмбақты ойынан да шығарған»,- дейді [5, 40].

Жұмбақ адам баласы санасының даму процесінде әр алуан өмір құбылыстарын түсініп білуге, ойды жетектеу, талпындыру, әсіресе жастардың ой-өрісін, қиялын кеңейтуді көздеген мақсатта туған. Жұмбақ жастардың логикалық ой-өрісінің дамуына әсер еткен. Оларды тапқырлыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарған. Академик М.Әуезов: «Жұмбақ – халық шығармашыларының ішіндегі ең ескі түрінің бірі. Жұмбақ - өткір, ұшқыр ой түйінін топшылаған, поэтикалық қасиеті күшті, тәрбиенің тамаша құралы. Ол бүгінгі біздің дәуірімізде де өзінің керектілік қасиетін жойған жоқ»,- [3, 149] деген болатын.

Жұмбақтарды қазақ балалар фольклорынан үлкен орын алатын жанр ретінде қарастырушылардың бірі ретінде Ш.Ахметов жұмбақтың танымдық, тәрбиелік мәні жөнінде бағалы пікірлер айтады. Жұмбақтар туралы айта келіп: «Жұмбақтар өмірде кездесетін шаруашылық кәсіпке байланысты, тіршілік тірекке көмек тиянақ болатын, адам көңілін аударатын қажетті заттардың бәрін қамтиды. Бәрінде алғаш жұмбақ, соның сыр-сипатын, құпиясын ашып беруді қажет етеді. Бұл – іске, әрекетке баулитын, соған қызықтыра түсудің бір тәсілі.

Жұмбақтар баланы байқағыштық, әр нәрсеге зер салғыштық қабілетке үйретумен қатар, ой-қиялға шоматын, ойландыратын жаққа қарай баулиды. Жас буынға мұның ең пайдалы жақтары осында », - дейді [5,41].

Жұмбақтардың негізгі мақсаты – белгісіз бір нәрсені белгілі бір нәрсеге ұқсата, салыстыра отырып, белгісізді табу. Осы әдіс арқылы ертедегі адамдар өзін қоршаған дүниені тануға тырысқан. Жұмбақтарда жаратылыс дүниесі, табиғат жайы, еңбек құралдары, жан-жануарлар мен өсімдіктер, адам және оның өмірі, өнер, білім, техника т.б. жайы астарлы түрде беріледі.Жұмбақ негізінен тапқырлыққа құрылады.Сөзі ұйқасты, тілі орамды, айшықты келеді. Бұл жағынан ол өлеңге де, мақал-мәтелге де ұқсайды (Әуеден күбі түсті, күбінің түбі түсті. Шешуі: найзағай). Кейде жұмбақ бірнеше сөйлеммен де айтылады. Мысалы:

Төбелбайдың төрт ұлы,
Төбелесіп келеді.
Ерубайдың екі ұлы
Ерегісіп келеді.

Алдындағы Аңғарбай
Шөпшек теріп келеді.
Артындағы Артықбай
Шыбын қағып келеді.

(Түйе.)

Бұл тәрізді жұмбақтар халық кәсібімен, күнделікті тұрмысымен де етене байланысып жатқандығын танытады.

Жұмбақ кілең бейнелі сөзге негізделіп құрылады..Көркемдік суреттеу құралы болып табылатын теңеу, метафора жұмбақтарда көп қолданылады. Бір нәрсені екіншісіне теңеп, салыстыра отырып образ жасайды. Мысалы, шегірткені:

Ат басты,
Арқар мүйізді,
Бөрі кеуделі,
Бөкен санды, - деп суреттейді де, көз алдыңа оның кескін-пішінін елестетеді.

Қазақ жұмбақтарының ерекшелігі жайында М.Ғабдуллиннің зерттеуге сіңірген еңбегі өте зор. Жұмбақтарда дыбыс үндестігі, дыбыс қайталаушылық, сөйтіп барып айтайын деген ойға тыңдаушының көңілін бөлушілік көп кездесетіндігі туралы («Жаралғанда жабысқан» (адамның не заттың аты), «Ти десем тимейді, тиме десем тиеді» (ерін), «Тақиям толған тары» (жұлдыз), «Өлсең де өлмейді, өлмесең де өлмейді» (Адамның есімі) сияқты жұмбақтардан); жұмбақ құрылысы жағынан теңеулік және шешім деген екі бөлімнен құралатындығы туралы (Мұндағы теңеу – жұмбақталатын заттың қасиеті, ерекшелігі, ал шешімі – жұмбақтың шешуі болып табылады. Ой қазығы бұл екеуінсіз жұмбақ болмайды.) оз ойларын білдіреді. Мысалы:

Шидиген ұзын сирағы,
Тастай керең құлағы.
Сөйтіп жүріп көп жерге
Аспалы тор құрады. (Өрмекші.)

Кейбір жұмбақтар қарсы мәнді теңеу, салыстырулар арқылы жасалады.Мысалы:

Тілі бар да, үні жоқ.
Өзін адам түсінген,
Жүрегі бар да қаны жоқ,
Сөйлей туған ішінен. (Кітап.)

Жұмбақта дыбыс ұйқасы (ассонанс, аллитерация) жиі кездеседі.

Айдалада ақ отау,
Аузы-мұрны жоқ отау. (Жұмыртқа.)

Ғалым С.Садырбаев еңбектерінде жинақталған жұмбақтардың қара сөз түрінде келетіндері туралы мол мысалдар келтіреді. Мысалы:

Бір ұзын ағаш, ағаштың үстінде он екі ұя, әрбір ұяда төрт-төрт тұқым, әр тұқымда жеті балапан бар. (Бір жыл, он екі ай, төрт жұма, жеті күн.)

Сондай-ақ есеп түрінде келетін жұмбақтардың да ауыз әдебиетінде көптеп кездесетіндігін атап көрсеткен. Мысалы:

«Бір топ қаз ұшып барады екен, бір қаз кез болып:
-Ай, жүз қаз, амансыз ба?- дейді.

Сонда бұлар айтады: Біз жүз емеспіз, біз мыншадан мынша, бұл екі мыншаға екі мыншаның ширегін қосып есеп қылып, оған бір мыншаның ширегін қосып және өзіңді қоссаң, жүз боламыз.

Сонда: *әлгі топ отыз алты қаз екен. Екі отыз алты жетпіс екі болады, жетпіс екінің төрт бөлген ширегі – он сегіз, бәрі- тоқсан болды, тоқсанның үстіне бір мыншаның ширегі тоғыз, оны қосса тоқсан тоғыз, енді келген жалғыз қазды қосқан соң жүз болады*» [6 , 123-124].

Жұмбақтардың қамтымайтын тақырыбы жоқ. М.Әуезов сөзімен айтсақ: «Жалпы жұмбақты сөз образының кілті есебінде тануға болады. Жұмбақ ақындықтың ұрығы – дәні тәрізді» Онда дыбыс ұйқасын (ассонанс, аллитерация), теңеу, метафоралық тіл көркемдігін жиі кездестіруге болады. Қазақ жұмбақтары мынадай тақырыптарға топталады: 1) жаратылыс дүниесі мен табиғат, 2) адам анатомиясы және іс -әрекеттері, 3) жан-жануарлардың тіршілігі, 4) еңбек құралдары мен үй заттары, 5) өнер-білім, 6) техника т.б.

Балалар жазушысы Ә.Табылдиевтың құрастыруымен 1985 жылы «Жалын»баспасынан «Жеті жүз жұмбақ» атты жинақ жарық көрді. Осы жинаққа халық жұмбақтарымен қатар, қазақ ақын-жазушыларының бес жүздей жұмбақ өлеңдерінің енуі – жұмбақ жанрының өміршеңдігінің айғағы. Сонымен қатар, 1994 жылы Әли Ысқақбаевтың «777 жұмбақ» атты кітабы жарық көріп, қалың оқырман қауымына ұсынылды .

«Сонымен, табиғат пен болмысты тануға, жас жеткіншектің ойы мен тілін дамытуға құрылған қысқа өлең-фразаларды *жұмбақ* дейміз»,-деп көрсетеді Ә.Қоңыратбаев [7 , 66-67].

Жұмбақ жанры ана тілінің нәрлі,бейнелі сөздеріне қызықтырып, баланы халық поэзиясы әлеміне баурайды, оған эстетикалық ләззат береді. Баланың ойлау қабілетін дамытып, ой-өрісін, танымын кеңейтеді.

Қорыта айтқанда, жұмбақ жанры өміршең жанр, оның әлі де зерттелер тұстары баршылық, бірақ ол өскелең ұрпақтың еншісінде. Жұмбақ баланың тағылымы мен танымын өсіруге, поэзияны сүюге тәрбиелейтін бүгінгі күн үлкендер репертуарынан балалар арасына біржола көшкен ойын өлеңдерінің ерекше маңызды формасы.

Бүгінгі жаңарған өміріміздің ұлы өзгерістерін бейнелейтін жұмбақтардың түрі көп. Жұмбақ тапқырлықты, білімділікті керек етеді. Ол айналадағы өмірді тани білуге үйретеді. Сондықтан оның балалар үшін білімдік, тәрбиелік маңызы орасан зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ісламжанұлы К Рухани уыз .-Алматы,1995. - 144 бет.
2. Д.Родари. Грамматика фантазии. Сказки по телефону. Алматы, 1962.
3. Әуезов М. Жұмбақтар туралы. – Алматы, 1959.
4. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті. – Алматы,1974. -176 бет.
5. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 1974. -320 бет.
6. Садырбаев С. Қазақ халық әдебиеті.-Алматы,1990. -240 бет.
7. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы, - Алматы,1991. - 288 бет.
8. Әдебиеттену. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев) – Алматы,1998. - 384 бет.

АҚТАН ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ҚҰРАЛ-ТӘСІЛДЕР

Ж.Ш. Мурзекенова
аға оқытушы
"Өрлеу" БАҰО АҚ филиалы ҚР Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын республикалық институты
Алматы, Қазақстан
Zhanar.6921@mail.ru
Ж.Ж. Ахметова
мұғалім
Ақтөбе, Қазақстан
zhanna77-1@mail.ru

Аннотация. *В этой статье представлены ранне не изученные произведения местного поэта Актан Керейулы. Его поэмы анализированы с теоретичекой стороны.*

Ключевые слова: *Поэт, философская мысль, наследие.*

Abstract. *In this article were written about not investigated works of Aktan Kereiuly. His poems were analyzed with theoretical sights.*

Keywords: *Poet. Philosophical thought. Heritage.*

Қазақтың ұланғайыр сайын даласы, кең байтақ өрісі қай кезеңде де ақын-жыраулarға кенде болмаған. Ақынын ардақтаған қалың жұртының арасында «Мен бір шапқан жүйрік ат, бір желіксем басылман» — деп (Шал ақын) шалқақтап өткен шайырлар қаншама?

Солардың бірегейі Ақтан ақын. XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүріп, есімі Алашқа танылған, жырларын жұрт жатқа соққан арқалы ақынның өмір жолы, өнер мұраты туралы толғанбақпыз. Өнегелі өмірін өлеңмен өрнектеген өршіл атамыз, азат халқы, аманатшыл ұрпағы барда жоқтаусыз қалмасы хақ.

Халқының арманы мен мүддесін жырлап, тілдіге тосқауыл бермеген, қамшы салдырмас хас жүйрік, Адайдың арда ұланы Қашаған ақын, өзінен он шақты жас кіші Ақтанды үлгі тұтып, қадірлеп өткені белгілі.

Көзім көрген адамда,
Абыл, Нұрым, Ақтаным,
Осылар еді тақтағым,
Осылай деп маған үйреткен,
Тарихтың ескі ақпарын, — дейді Қашаған [3]. Қашағанның өзі тайпалған жорға, сарқылмас мұхит, тұңғиық, сұмдық ақын. Сөйте тұра Ақтанды өзінен биік қояды. Өнердегі ұстазым деп таниды. Бұл Қашағанның өресінің биіктігінің, өнерге деген адалдығының айғағы.

Егеменді елдің өміріндегі оң өзгерістерге орай қазақ әдебиетінде есімі аталмай, еңбектері насихатталмай жүрген көптеген ақын-жазушылар шығармашылығы қайта жаңғырды. Дегенмен әлі де зерттеуін күтіп жатқан тың дүниелер бар. Солардың бірі өз жерлесіміз – Ақтан Керейұлы.

Ақтан Керейұлының шығармалары аз жиналса да, маңызын жоймаған, ұрпағына ұран болғандай өнегелі сөздері қалған, ел жадында ұмытылмаған өлең-жыр боп төгілген жырлар жазған.

Халықтық өнерпаздық дәстүрді жалғастырушы, бойға ұялаған талант арқасында өз жырларын тау суындай тасқындатқан ақпа ақын, асқан дарын иесі Ақтан Керейұлы өзінен бұрынғы ақын, би-шешен, жыршы-жыраулар ізімен талай жырды жарыққа шығарды. Ол ойлы сөз тапқыш, суырып салма дарын иесі.

«Адайдың бес жүйрігі» атанған жыр дүлдүлдерінің бірі Ақтан Керейұлы 1850 жылы Маңғыстауда дүниеге келіп, Ақтөбе өңірінде өмір сүрген, Атырау облысының Сағыз ауданы Шибұлақ деген жерде дүниеден өткен. Руы Адайдың Жеменей Кенжесі, Өз әкесі Керей еңбегімен күн көрген кедей шаруа ғана. Ақтан үш ағайынды екен. Ағасы Жамансары ділмар-шешен, інісі Тұрғанбай ел сыйлар азамат болыпты [4].

Қазіргі таңда Ақтан Керейұлының 28 шығармасының біршама толықтырылған нұсқалары белгілі болып отыр.

Ақтан ақын жырлары көбінесе, философиялық мәнді термелер, толғаулар мен ерлікке, патриоттық сезімге шақыратын дастандар. Сондай-ақ оның арнау өлеңдері де бар. Ақтан адамшылық қасиет, адалдықты, («Біразырақ сөйлейін», «Замана жайында», «Тыңдасаңыз сөзімді») өз шығармаларына арқау етіп, ел, халық мүддесі үшін күрескен батырларды («Ерлік жыры») жыр еткен [2].

Ақтан Керейұлы сол кездегі «зар заман ақындары» айтып кеткен заман шындығын, «өткенді аңсау»идеясын жырларына арқау еткен. «Қазақтың салты» толғауында елдің кешегісі мен бүгінін салыстыра отырып, кешегіні аңсайды:

Кешегі бір кең күнде,
Біз қазақ деген ел едік,
Маң дала мен мақпалдан
Бешпент-шалбар салдырған.
Термелі - жаулық, ақ көйлек,
Сусынын шұбат қандырған.
Мырза жігіт сыпайы
Ағыйма шекпен, жадағай,
Атлас, мақпал, түрменің
Талайын киіп қызықтап,
Жүрген де жерін таң қылған,- деп толғайды [3].

Қазақтың бүгінгісі «тар заман» дей келе:

Тар заманның шағында
Тебіреніп көңіл жата алмай
Көкірегім менің шайылған.
Шайылмай жүрек не қылсын-
Айрылды байлар қайырдан [3].

Жыраулық болмыстың бір сипаты – әулиелік екенін ескерсек, XIX ғасырда өмір сүрген Ақтан жырау өзінен екі ғасыр кейінгі «жаңа қазақтың» болмысын болжаған.

Алдағыны болжасам-
Қара бұлт төніп келеді..
Тыныш тұрған еліме
Ақырдың бұлты төнеді.
Төнген күні, ағайын,
Жақсыны жаман жеңеді [3].

Жырау «қазақтың ертеңін» бірыңғай «жаманшылық» фонында болжайды. Қазіргі қоғамның дертіне айналып отырған «парақорлық», «маскүнемдік» сияқты жаман әдеттерді «Болжау сөзінде»:

Жазылмас дерттер көбейіп,
Шомылып ұрық себеді.
Төрелік айтар билердің
Ақша болар керегі.
Өсірген қыз бен келінің,
Ойламас ата-енені, - [3].

деп өрнектейді. Ақтан өзіне дейінгі басқа ақын-жыраулар тәрізді ел-жұртты әдептілік пен адалдыққа, өршіл талап пен қанағатшылдыққа шақырады. «Адал жүріп, шын сөйле» өлеңінде:

Адал жүріп, шын сөйле-
Асығың түсер алшыдан.
Мақтанғанмен аса алмас,
Өзіммін деген жігіттер,
Кем болса, қатар шарқынан, - [3].

деп, немесе «Әдептен құр қалмассың, Үлкенге сәлем бергенің» - деп сәлем беруді мәні терең әдептілікке бағалаған. Құнарлы ойдың қанатын «Билік пенен жыр басқа» толғауында ер жігітке қойылар талаппен сабақтастырады:

Билік пенен жыр басқа
Өнердің түрі әр басқа
Ортаға сөзді салайын,
Сағыңыз бізден сынбасқа.
Жігіттің қайтар базары
Өнерін білген бұлданып,
Шығарып жүрсе қымбатқа [3].

«Біріншіден не жаман?» деп басталатын ұзақ толғауында Ақтанды мақалдап, нақылдап жыр төгетін нағыз жыршы тұлғасын көреміз. Бұл толғауда жақсылық пен жамандық ұғымы жан-жақты таразыланып, өмірдің қарама-қайшы тұстары, адамдық қасиет пен биік парасат турасында ой салады:»

Біріншіден не жаман?
Білімсіз болған ұл жаман.
Екіншіден не жаман?
Ананың тілін алмаған
Қасарысқан қыз жаман. [3].

Ел арасында кең тараған Ақтан «Той бастарларының» да негізгі өзегінде адамгершілік, ізгілік идеясы жатады. Ақынның ерекше назар аудара жырлайтыны – қыз ата-тегінің байлығы мен мансабы емес, оның адамгершілік мінез-құлқы, көркі, сипаты.

Ақтан Керейұлы өзінің «Ерлік жырында» Ер Тарғыннан бастап, Адайдың Шабай, Бердәулет, Жоламан, Атақозы, Иса, Досан,т.б. шектінің Ерназар, Бекет, Шеркештің Асау, Тарлан, беріштің Исатай, Махамбет, Есентемір Мыңбай, Сұлтангелді, Көктаубай, тағы басқа батырларды жырға қосады. Ерлік пен елдікті аңсаған ақын-жырау өз руынан шыққандарды ғана жырына өзек етпейді, оған рулық туысқандағы емес, ел қорғаған батырлардың бәрі өз бауырындай жақын. «Арыстан ханды өлтірген, Ерназар мен Бекет бұл шықты, Жоғарғы Шекті қалыңнан» – дей келе, «Патшамен Өтен қас болып қала өртеп, ояз өлтірген Иса, Досан бұл шықты [5].

Ақын шығармаларының тақырыбы сан қырлы. Тойбастар, жоқтау, риторикалық сұрау, философиялық ойға құрылған, ақыл-нақыл мәнерімен сомдалған толғаулар, батырлардың ерлік істерін дәріптеген жырлар. Осының бәрі кестелі сөз, көркем теңеу, шымыр шумақпен тілге жеңіл, жүрекке жылы тиеді. Ақын жырларының көркемдік құрал-тәсілдеріне зер сала қарасақ, мұндай образ құрайтын теңеулер мен метафоралардың не бір үлгісін көреміз.

«Мен сүргінің сойымын», «Мен - ақ бауыр кер жорға», «Жымиып жатқан даламын», «Жоғарыдан аққан жайықпын» деп метафоралар қолданса, теңеулер де шоқтанып тұрады. «Алысқа шапқан жүйріктей», «Сұрағаның сөз болса, қатты жауған жаңбырдай», «Бұлдыраған таудаймын» десе, оның «Қаражан қызға» деп аталатын өлеңі тұнып тұрған теңеу: «Мөрлеген ақ қағаздай мәнеріңіз», «Сұңқылдап бір жан едің ұшқан құстай» , т.б.

Ақтанның «Жайық деген жанды су», «Айт десеңіз, жарандар», «Тойбастар» деген өлеңдерін жарлай арнауға жатқызуға болады.

Жансызға жан бере суреттеу де Ақтаннан қағыс қалмайды: Домбыраны суреттегені керемет!

Он екі перне, екі ішек,
Бауырына тығылып,
Қоянға қосқан тазыдай
Бүктетіліп тазыдай - деп теңеуді де араластырып жібереді [1].

Ақтан Керейұлының шығармаларының негізгі тақырыбы XIX ғасырда өмір сүрген барша ақын-жазушылар қамтыған – әлеуметтік теңсіздік. Тағдыры да ұқсас. Ақын өз заманының көрінісін жырлаған. Тек өзге жыраулардан ерекше бір тұсы, адам жан дүниесі мен табиғат бейнесін ұштастыра білген. «Аққулар көркем көрінер» өлеңінде көлдің ерке құсы аққудың көркемдігінің, қыз баланың көркемдігінің қалай ерекшеленетінін ыңғайластыра көркем суреттеген.

Терме, толғаулардың шебері – Ақтанның «Аяғына қан түссе», «Кәріліктің белгісі», «Біріншіден не жаман», «Мамығын төгіп қаз бен қу» термелері ақыл-нақылдық, өмірдің мәні туралы философиялық ой, өнегелі, ғибрат сөздерге толы. Ақтан сөзі тыңдар құлаққа арналған. Сонысымен ойлы, сәйкесінше халықтық шешендік дәстүрдің жалғасы іспеттес. Бұған дәлеліміз Ақтан Керейұлының халық кеудесіне қонған, санасына сіңген ауызша жеткен төмендегідей тіркестері бар.

Адал жүріп, шын сөйле,
Асығың түсер алшыдан.
Шешендіктің белгісі,
Халық жиналған алқада,
Дұрыстап жауап шығармақ.
Жүйріктіктің белгісі,
Бәйгеге қосқан тұмарлап.
Сақилықтың белгісі,
Халықтың қамын көздеген.
Әкімдіктің белгісі,
Тентекті жиып жөндеген.
Қаттылықтың белгісі,
Халықтың көңілін көрмеген.
Жамандықтың белгісі,
Қаумаға басы енбеген.
Шешендерді сынаған,
Тізелескен жау болар.
Ер жігітті сынаған,
Қарсы шапқан жау болар [3].

Ақтан жырларында бір сөзді бірнеше рет қайталау арқылы бір нәрсеге, яки құбылысқа ерекше мән беріп, назар аудару сияқты тәсілдер де кездеседі.

... Кәріліктің белгісі,
Көңілдің қошы көрмеген,
Жарлылықтың белгісі,
Жанын қинап өлмеген.
Жалғыздықтың белгісі
Өзіне-өзі сенбеген [1].

Осылайша толғаған ұшқыр ойлы, алқымды сөз зергері, өзінің отты да бейнелі, өткір де өміршең толғауларымен ел санасынан өшпесі анық.. Заманында шұрайлы сөзімен, шынайы өнері, шалқар шабытымен елге танылып, даңқы жайылған әйгілі жүйріктің соңына қалдырған мұралары қазақ әдебиеті тарихы үшін бағалы дүниелер екеніне еш талас жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ай, заман-ай, заман-ай... - Алматы: Қаз ССР РББ, 1991.
2. Б:Нұрдәулетова Көне күннің жыр күмбезі. –Алматы: Жазушы,2007.
3. Бес ғасыр жырлайды. Том-3. Құрастырушылар: М.Байділдаев. М.Мағауин. – Алматы: Жазушы,1984.
4. Маңғыстау энциклопедиясы. - Алматы,1997.
5. Ә.Қоңыратбаев Қазақ әдебиетінің тарихы – Алматы: Санат, 1994.

БАЛАНЫ ЕҢБЕК ДӘСТҮРІНДЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Е.А. Әлимұханов
мұғалім
Елек орта мектебі
Ақтөбе, Қазақстан
Girl_9a@mail.ru

Аннотация. *В этой статье рассматривается о том что трудовое воспитание занимают важную роль в воспитании. В школах трудовое воспитание являются сложной работой для учителей. В статье говорятся о важности развитие физического труда с детство.*

Ключевые слова: *труд, трудовая воспитание, трудовое культура, вера, хвала, этнопедагогика*

Abstract. *In this article sayed about labor education. It always had taken important part of breeding. At schools' labor education offer hard works for teachers. In this article considers about engaging physical works power since childhood will be important.*

Keywords: *Labor, labor education, compliment, belief, labor culture, folk education*

Балаларды жаңа заманға лайықты білімді де білікті, өнегелі де өнерлі, салауатты да еңбекшіл етіп жан-жақты тәрбиелеу міндеті қазір мектеп, отбасы шарасынан асып, қоғамның назарын аударып отырған іске айналды. Қоғам мүшелерінің саналылығы неғұрлым жоғары болса, олардың шығармашылық белсенділігі неғұрлым толық және кеңінен өрістетілген болса, біз жан-жақты жетілген, қоғамның қойып отырған талабынан шығатын азаматтарды тәрбиелеуге мүмкіндігіміз бар.

Адамның іскерлік қабілеті, күш-қайраты, мінез-құлқы, ар-намысы, еркі мен жігері, ақыл-ойы еңбек үстінде шыңдалып қалыптасатындығын педагогика ғылымы өмірдегі тәжірибемен дәлелдеп отыр. Сонымен бірге адам еңбек еткенде дене және рухани күш-жігерін жұмсаумен қатар өзін де жетілдіре түседі.

Адамның өзі қоғамдық еңбектің арқасында ғана адам болып қалыптасқандықтан, ол барлық уақытта қоғамның шеңберінде дамып, барлық уақытта оның бір бөлігі болып келеді. Қоғамнан, қоғамдық қатынастардан тыс адам жоқ, болуы да мүмкін емес.

Адам еңбектің арқасында жануарлар дүниесінен бөлініп шықты, сондықтан да адамның қалыптасуында еңбектің ролі зор. Тек еңбектің арқасында ғана адам жеке басын қалыптастырып, өмірде өз орнын тауып, өмірін жалғастыруға мүмкіндігі бар. Сондықтан да қоғамдық құрылыста еңбек тәрбиесі – тәрбие жүйесінің негізгі бір саласы болып табылады. Ал еңбек тәрбиесінің мақсаты, міндеттері және мазмұны нақтылы қоғамдық-тарихи жағдайға байланысты анықталып, жетіліп отырады.

Бүгінгі күні еңбек көп қырлы, тиімді ұйымдастырылып, адамгершілік құндылықтарымен бірге байланыстырылса, онда оның нәтижелі тәрбие құралы болатындығы дәлелденді. «Педагогтың міндеті - бала еңбегіне рух беру, оны жасампаз, шығармашыл ету, оны өз өмірінде

адал еңбек пен биік жетістіктерге жеткен адамдарды сыйлауға құрмет тұтуға тәрбиелеу. Басқаларға жәрдем беруге, риясыз көмек көрсетуге, қайырымдылық жасауға тәрбилеу. Еңбек баланың маңызды қажеттіліктерін дамыта және жүзеге асыра алған жағдайда ғана жақсы, қоғамға пайдалы тәрбие алушының қоршаған ортаны дұрыс меңгеруіне бағыт береді» [1.14].

Педагогика ғылымында еңбекке тәрбиелеу мәселесін Н.К. Крупская А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский, Я.А. Коменский, И.Г. Пестоллоции, К.Д. Ушинский, М.И. Скаткин, және т.б. еңбектерінде айрықша атап көрсетіп, өз заманындағы мектептерде еңбек тәрбиесінің алған орны мен даму жолдарына үлкен мән беріп, зерттеп, құнды идеялар айтқан болатын.

Ең бастысы балаларды еңбекке даярлауды 1-сыныптан бастап, ал отбасында сәбилік кезден бастау қажет. Оларды еңбек түрлеріне қатыстыра отырып, еңбектің адамды қайратты және бақытты ететіндігіне сенімін қалыптастыру.

Атақты кеңес педагогы А.С. Макаренко балаларды 2-3 жасынан еңбекке тәрбиелеу керек деген пікірін айта келе, бала ойыншығын шашса, жинасын, дәм үстінде ата-аналарына қасық пен ыдыс әкелуге дағдылансын. Бес жасында өзі киінсін, жеті жасында төсегін өзі жинағаны дұрыс деген-ді. Бұл айтылған ойдан баланың өзіне-өзі қызмет істеу қабілеті дамитындығын байқаймыз.

Өз заманында Л.Н. Толстой қозғалыссыз және дене еңбегінсіз ақыл-оймен бас көтермей жұмыс істеу, барып тұрған қасірет екендігін айта келіп, бір күн ішінде өзінің аяғымен жүрмей, қолымен жұмыс істемейінше, кешкілік ешнәрсеге жарамай қалатындығын: оқи алмай, жаза алмай, тіпті басқаларды ықыласпен тыңдай алмайтындығын, басы айналып, көзінде белгісіз жұлдыздар пайда болып (көзі қарауытып) және түнді ұйқысыз өткізетіндігін айтқан болатын. Дәл осындай ойды К.Д. Ушинский де айтқан. Олай болса, еңбексіз өмірдің мәнсіз екені анық.

«Еңбек – практикалық өндірістік әрекет ретінде адамның дене құрылысының дамуына жағымды әсер етеді.

Еңбек – адамның ақыл-ой қабілетін, оның зеректігін, шығармашылық тапқырлығын дамытады.

Еңбек тұлғаның адамгершілік тәрбиесінде маңызды орын алады.

Еңбектің маңызды қызметі оқушыларда қарым-қатынасты, ұжымшылдықты және өзара талап етушілік қасиеттерін қалыптастырады.

Еңбек тәрбие факторы ретінде тұлғаның өмірлік бағытын анықтауға және мамандығын дұрыс таңдауға әсер етеді» [2, 93-94].

Олай болса, оқушыларды еңбек дәстүріне тәрбиелеуде қандай әдістермен, қандай жолдармен, қандай құралдармен тәрбиелеуге болады, қайткенде оларды ертеңгі қоғамның тамаша азаматы етіп тәрбиелей аламыз деген заңды сұрақ туады.

«Мектепте еңбекке тәрбиелеудің басты міндеттері:

1. Еңбекке сүйіспеншілікпен еңбек адамдарына құрметпен қарау;

2. Оқушыларды халық шаруашылығының салаларындағы еңбектің түрлерімен таныстыру, еңбек іс-әрекетінің барысындағы олардың дағдысы мен іскерлігін қалыптастыру;

3. Мамандықты таңдауға дайындау.

Жасөспірімді еңбекке тәрбиелеудің жалпы міндеттері бірнеше жеке міндеттерді орындау арқылы іске асырылады.Олар: балаларды еңбекке психологиялық және практикалық тұрғыдан даярлау: оқушылардың еңбек дағдыларын қалыптастыру; еңбек мәдениеті дағдыларын дарыту, оқушылардың ынтасын және қабілетін дамыту» [3, 131].

Еңбекке психологиялық дайындық тәрбие ісі жүйесінде қалыптасады, ол келесі міндеттер негізінде шешіледі:

1. Еңбек мақсаты мен міндетін түсіну;

2. Еңбек мотивтерін тәрбиелеу.

3. Еңбек дағдылары мен біліктерін қалыптастыру [4. 107].

Мектепте еңбек пәнін оқытуда еңбек етуге қалыптастыру арқылы оқушының жеке басының тұлғасын дамытып, тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Бірнеше міндеттер жүктеледі. Бұл мақсаттар мен міндеттер сыныптағы сабақ үстінде, сабақтан тыс және сыныптан, мектептен тыс жұмыстар барысында жүзеге асырылады. Оқушыларды еңбекке әдеттендіру жұмыстары барсында істелетін жұмыстардың түрлері көп.

Оқушының еңбекке деген ықыласын арттыруда қолданылатын тиімді әдістің бірі – мадақтау. Әдетте жасөспірімдерді отбасы мүшелері алдында немесе өзінің құрбыларының көзінше мадақтап, іске тиянақтылығы мен талабын атап көрсетіп отырса, олар еңбекке құлшынып, бастаған ісін ұқыпты орындауға жігерленеді. Өз күшіне сенімі артып, құлшыныс сезімі пайда болады.Әрине, мадақтау пайдалы екен деп, баланы кез келген ісі үшін көрінген жерде мадақтап, көтермелей беруге де болмайды. Егер баланы үнемі мақтап көтермелей барсеңіз, тең құрбымның ішінде менен асқан жан жоқ, сүттің қаймағы мен ғана екенмін деп түсініп, менменшіл, тәкаппар, өркөкірек болып өсуі мүмкін. Сондықтан мақтауды орынды жерінде қолдану керек.

Балалардың еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыруда ата-аналар мен отбасы мүшелерінің өзара әңгімелесуінің де ролі зор. Ата-ана өндірістегі өз жұмысын, еңбектегі және еңбек озаттарының табысын айтып, әңгімелеп отырса, бала көңілінде еңбек жайлы ұнамды ұғым пайда болып, оларға үлгі болады.

Кейбір ата-аналар еңбек тәрбиесіне мән бермей, еңбек пен оқуды қарама-қарсы қойып, балалардың міндетін тек оқуда ғана деп түсінеді. «Сау қолға жұмыс табылады, әзірше оқуыңды оқып, ойынын білсе болғаны» деген пікірде болады.Ондай ата-аналар, тіпті балаларының мектепте еңбекке тәрбиеленуіне қарсы болып жатады. Кейде мектептке келіп, сынып жетекшісіне, мектеп әкімшілігіне дөрекі сөздер айтып, балаларын еденді сыпырып, жуу жұмыстарына, кейде көпшілікпен істелетін сенбілік жұмыстарына қатыстырмауын талап етеді. Әрине, баланың денсаулығына байланысты болса, мұндай талап орынды. Ал дені сау балаларын «қара» жұмыстан алшақтатпақ болуы – теріс тәрбие.

Халқымыз еңбекті отбасында баланың жас ерекшелігіне қарай ұйымдастырған. Баланың үлкенінің кішісін киіндіріп, тамақтандырып, ойнатып, қамқорлық жасауын талап етуі отбасында орларды бауырмалдыққа тәрбиелеуден туған. 6-7 жасар қыз баланың ыдыс-аяқ жууы, үй сыпырып, төсек жинап, от жағу ісімен айналысуы, ұл баланың қозы-лақ, бұзау қайырып, мал жайлауы, 13-14 жаста отын әкеп, қой бағуы, ал қыз балалардың іс-тігіп, ас пісіруге үйретілуі – олардың физиологиялық өсу ерекшелігін ескергендік. Бұл еңбек түрлері ауылдық жерлерде әлі күнге дейін өз орнымен пайдаланып келеді, дегенмен қала балалары үшін мұндай еңбек түрлерінің мүмкіндіктері бола бермейді.

Алайда, отбасында ер балаларға үй сыпыртпау, ыдыс-аяқ жуғызбау, су әкелтпеу, ине ұстатпау- осының бәрі тек қыз балаға тән жұмыс деп қарау – теріс көзқарастан туған ой-пікір.

Қазіргі күні қала балаларын еңбекке үйретуде өзіміз көріп жүргендей ешқандай да физиологиялық жағынан дамуына еңбектің тигізіп жатқан түрі жоқ деп айтсақ, артық айтқаендық емес. Балалар компьютер не телефондағы әртүрлі сайттарды қараумен күндерін өткізуде. Этажды үйдің есігі алдындағы қарды біреу күрейді, дүкенге ата-анасымен бірге машинамен барады, т.б. Атап айтқанда, денеге еңбек күшін түсіретін жұмыс түрлерін табу қиын.

Кезінде есті ата-аналар ағаш, темір шеберлерінің, тігінші, оюшы, және т.б. адамдардың қасына апарып, олардан өнер үйренуіне зер салған немесе өзінің бойындағы өнерін балалары мен немерелеріне үйретіп кеткен. Қазіргі кезде де осындай ата-аналар балалға осы тәрізді еңбек түрлерін неге үйретпеске?!

Еңбек етуге әдеттену – бұл жай ғана еңбекке үйрену емес, бұл адамгершілікті адам тәрбиесінің жоғары деңгейі, еңбек процесіне құштарлық, еңбек етуге әзірлік, жұмысты істей білу, демек өз күшіңді және басқалардың күшін және жұмыстың барлық жағдайын есептей білу.

Біз көбіне оқушыны жақсы, жаман деп бағалағанда бірден сабақ үлгеріміне көңіл аударамыз. Ал оның жолдастарымен қарым-қатынасы, ата-анасының тілін алуы, мектептегі қоғамдық жұмыстарға қатынасы, еңбекке деген көқарасын мүлдем назарымыздан шығарып жібереміз.

Әр сынып оқушыларына олардың жас ерекшеліктеріне байланысты кәсіптік бағдар беру ісін жүргізу мектеп мұғалімдері үшін өте маңызды. 1-4-сыныптар үшін негізінен насихаттау жұмыстары: еңбектің адам баласы үшін маңызы, еңбек нәтижесі, еңбек адамдарының беделі, кәсіптің қай түрінің болмасын тұрмысқа, қоғамға қажеттігі жөнінде түсініктер жүргізілсе, 5-9-сыныптар үшін түрлі мамандықтармен таныстырып, сол мамандықтар бойынша жеңіл-желпі жұмыстар істету, яғни еңбектің, мамандықтың әліппесін үйрету. Шеберханаларда керекті заттар мен саймандарды жасатқызып, өз істеген еңбектеріне ынталарын арттырса, 10-11-сыныптарда өндіріс орындарымен байланыс жасап, мамандық түрлерінен мамандар шақырып, ардагерлермен кездесу кештерін өткізудің маңызы зор. Еңбек дәстүріне тәрбиелеуде мектептен тыс жүргізілетін жұмыстардың да өзіндік орны бар. Қазіргі өмірге ене бастаған салт-

дәстүрлердің тамаша түрлері де бар. Мәселен, егіншілер, малшылар тойын өткізу, әр түрлі мамандық мейрамдарын (мұғалім, дәрігер, ауыл шаруашылығы қызметкерлері күні) атап өту, еңбек ардагерлерімен дидарласып, олардың өз аузынан өмір жолдары жайында әңгімелер есту, оларға арнап газет, альбом дайындау, викторина өткізу, әдеби кештер дайындау, сондай-ақ әртүрлі тақырыптарда ғылыми-практикалық конференциялар өткізу сияқты дәстүрлер.Кәсіптік бағдар беруге мұқият даярлықпен өткізілген мұндай жұмыстар оларға үлкен ой салады, өмір жолын дұрыс табуға көмегін тигізеді.Конференцияға өз мектебінде оқып бітіріп, өмірге жолдама алаған, халық шаруашылығының әртүрлі саласында еңбек етіп жүрген әртүрлі мамандық иелері шақырылады. Оқушылар әр түрлі мамандық жөніндегі ой-пікірлерін ортаға салып, ән, тақпақтар айтып, әдеби шығармалардан үзінді немесе өлеңдер оқып берсе, пайдалы болған болар еді. Өкінішке орай, мектеп өмірінде мамандық таңдау, кәсіптік бағдар беру мәселесі жүйелі, жоспарлы түрде үздіксіз жүргізілмей, мектеп бітірушілердің еңбек ардагерлерімен бір-екі рет кездесуімен ғана шектеліп келеді. Ал бұл кездесулерде өмірде кездесетін қиындықтар сыры ашық айтылмайды. Сондықтан мектеп бітірушілер мамандық таңдауға қалай болса солай жауапсыз қарап, үлкендердің айтуымен өзі сүймеген мамандықты таңдап, кейін оған өкініш білдіретіндер немесе әлденеше жыл оқып бітіргеннен кейін оны кететіндер де болады. Мұның бәрі мектептегі, отбасындағы еңбек тәрбиесінің, кәсіптік бағдар беру ісінің шалалығынан деп қарауымыз керек.

Қорыта айтқанда, адамның жан-жақты және үйлесімді дамуында еңбек -шешуші факторлардың бірі. Ал халық педагогикасында еңбекті бүкіл тәрбие жүйесінің күре тамыры деп қарастырады.

Баланы отбасында еңбекке тәрбиелеудің жолдары, біріншіден, баланың жас ерекшелігін ескере отырып, шама-шарқына, күшіне қарай лайықты тапсырма беруден басталса, екіншіден, еңбек тәрбиесін үздіксіз жүйелі түрде жүргізу, үшіншіден, бала еңбегін бағалап, қорытынды жасап отыру, жақсы атқарған ісін мадақтап, ал шала істеген ісі болса, кемшілігін айтып, оның екінші қайталанбауына зер салудың пайдасы зор.

Адам еңбексіз дамымайды, кері кетеді, азады. К.Д. Ушинскийдің сөзімен айтар болсақ, тәрбие адамның тек ақылын ғана дамытуды және оған белгілі бір мөлшерде мағлұмат беруді міндеттемейді, сонымен бірге оның өмірінде лайықты, бақытты бола алатын дұрыстап еңбек етуді аңсауды тәрбиелеу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұхамбетова С.Қ., Қожаева С.Қ. Тәрбие теориясы: Оқу құралы. – Астана, 2007.-188 бет.
2. Әбенбаев С.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы: Дарын,2004. - 152 бет.
3. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2002. -384 бет.
4. Әбиев Ж., Бабаев С.,Құдиярова А. Педагогика: Оқу құралы.-Алматы. 2004. - 448 бет.

ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУ ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ АҒЫМДАР

Г.Б. Қожантаева
оқытушы,
«Атырау инженерлік-гуманитарлық институтының» колледжі
Атырау, Қазақстан
gulshara_26_76@list.ru

Аннотация. *В докладе делается особый акцент на научной теории современных литературных тенденций. Изучение реформы в области развития и процветания литературы. Пути формирования и развития литературной науки.*

Ключевые слова. *Литература, методология, познание, воспитание, художественные, национальный научно исследования.*

Abstract. *The report places particular emphasis on the scientific theory of contemporary literary trends. The study of the development of reform and prosperity of literature. The way of formation and development of literary science.*

Keyword. *Literature, methods, knowledge, training, picture, national science research.*

«Әдіснама» грек тілінен аударғанда «әдіс туралы ғылым» деген мағынаны берсе, ал «Метод» «әдіс» термині туралы ғылым болып табылады. Сондықтан да, бұл ілім жалпы әдіснама, ғылыми ұғымның, теориялық негізі, ретінде дамиды. Осы ретте қазіргі әдебиеттану ғылымының теориялық дамуы мен жетілуі жаңғыру үстінде.

Әдебиеттанудың өзі – көркем әдебиетті, көркем әдебиеттің түп-төркіні мен мән-мағынасының даму үрдісін зерттейтін ғылым.

Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңіндегі қиын-қыстау жолындағы талқыдан өткен, әдеби-тарихи, әдеби-теориялық, сыншылдық-эстетикалық ой-пікірді өркендетуде білімі мен біліктілігі, ғылыми сауаттылығы мен табандылығы жоғары әдебиетші, сыншы ғалымдар шоғыры пайда болды. Олар өздерінің туып, қалыптасу кезеңін толық аяқтап, 1970 жылдан бастап даму кезеңіне қадам басқан. Қазақ әдебиеттану ғылымының алдына заман тартқан күрделі де көкейтесті мәселелерді шешуге жұмыла кірісті. Әдебиеттің тарихи бағыттары мен жекелеген жанр түрлері қазақ әдебиетінде өсіп-өркендеуде.

«Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары» (1995) аталатын оқу құралында қазақ халқының әдеби мұрасының XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ғылыми тұрғыда жиналып-жариялануы мен зерттелуі жан-жақты сөз болады. Бұл кезең — ғасырлар бойы қазақ ұлтының фольклорда және жазба жәдігерлерде сақталып келген әдеби мұрасын шын мәнінде ғылыми тұрғыда саралауға жол ашқан өте бір күрделі мезгіл болса, осы еңбегінде автор ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге Алаш Арыстарының қосқан үлесін алғашқылардың бірі ретінде саралады. Еңбекте ұлттық әдебиеттану ғылымында маркстік-лениндік методологияның орын тебуі нақты деректермен дәлелденеді.

Қазақ әдебиетінің тарихын жасауда күні кешегі тәуелсіздік алғанға дейін «ақтаңдақ» болып, шешімін таппай келген кезең – XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті болатын.

Әдебиет тарихын жасау, оны дәуірлеу мәселесі әдебиетті зерттей бастаған кезден келеді. Сырт қарағанда, онда тұрған не бар, тарихты кезең-кезеңдерге бөліп, жаза берсе болмай ма деуге де болатын сияқты. Сөйтіп те келдік. Десек те заман өзгерді, заманмен бірге адам да жаңарды; қоғамдық сана өзгеріп, ғылым мен мәдениет дамыды. Осының барлығы әдебиеттің, оның ғылымының алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Соның бірі – әдебиеттің тарихын жаңаша дәуірлеу, тың деректер мен пікірлермен толықтыра түсу, бүгінгі таңдағы қоғамтану ғылымының жетістіктерімен қаруланған, XXI ғасырдың жаңа адамының талғамын қанағаттандырып, толғандырар сұрақтарына жауап бере алатын толыққанды әдебиет тарихын дамыту. Қазақ әдебиеті тарихының әлемдік әдебиет процесіндегі орны, мазмұндық және көркемдік жетістіктері жағыда жоғары. Өткен мәдени мұраны пайдалану жөніндегі түрлі заңдылықтар қазіргі заманғы қазақ әдебиетінің дамуы және өркендеуі болып табылса, өзге ұлт әдебиеттерімен шығармашылық байланысы мен қарым-қатынасы әсер етуде.

Қазақ әдебиетінің сыны мен әдебиеттану ғылымының өркендеу жолдарының бастамасы Абай Құнанбаев шығармашылығын зерттеуші ғалымдардың еңбегінің маңызы зор. Айталық, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Қ.Жұмалиев, М.С.Сильченко, Б.Кенжебаев, З.Ахметовтердің еңбектері көркем шығарманы ғылыми-теориялық тұрғыдан саралап, түсіну және оның көркемдік-эстетикалық даму жолдарын пайымдаудағы маңызы зор. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі әдебиеттану ғылымының теориялық-әдіснамалық мәселелердің қайнар көзі туралы жалпы түсінік беру әдеби байланыстар туралы мағлұматтар, зерттеулер, еңбектер жинау, әдебиеттің даму заңдылықтарын айқындау болып табылады. Ұлы Отан соғысына арналған, соған қатысты оқиғаларды бейнелейтін романдар, әңгіме-повестер. 1946-1960 жылдардағы қазақ әдебиетіндегі прозаның, дармалық шығармалардың дамуы мен 1946-1960 жылдардағы қазақ әдебиетіндегі поэзияның дамуын, қазіргі қазақ прозасының әдеби тұрғыдан алар орнын айқындай отырып, қазақ прозасының дамуын, қазіргі роман, повесть, әңгіме жанрларының өзіндік табиғатын ерекшелеу.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында абайтану ғылымының бір тармағы болып абайтану тарихы да өрісін кеңейтіп келе жатыр десек те артық етпес. Әдебиеттану және басқа қоғамдық ғылымдар идеологиялық қатаң қағидалардың тар шеңберінен шығып, кең құлаш жаюға мүмкіндік алған жағдайда абайтану ғылымы жаңа белеске көтерілуі тиіс. Абай шығармасының танымдық, көркемдік, тәрбиелік мәнін жаңа қырларынан қарап, терең ашып көрсететін еңбектер ғана абайтану ғылымын байыта түсері сөзсіз.

Осылардың бәрін тек әдебиет теориясын терең білген адам, сол арқылы өз дәуірінің талабы дәрежесінде өзінің әдептілік талғамын қалыптастырған адам ғана істей алады. Бұл ретте, әдебиет теориясы көркем шығармашылықтың психологиясы мен ерекшеліктеріне қатысты нақты мәліметтер берері даусыз. Сонымен, әдебиет теориясын білмей,

қандай да болса әдеби құбылысты нәзік түсіну, шынайы сөз өнерінің шындық өмірге қарым-қатынасын білу, әдебиеттің өсіп-өрбуіндегі заңдылықты ұғу, сайып келгенде, күллі ілгерішіл адам баласының жалпы көркемдік дамуындағы сыр-сипатты тану мүмкін емес.

Түйіндей келе, профессор Жандос Қожахметұлы Смағұловтың зерттеу нысанасын басты бағытқа алатын болсақ, ол – ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихы мен әдіснамасының мәселелері. Қазақ халқының сыншылдық-эстетикалық, әдеби-теориялық, әдеби-тарихи көзқарастардан құралатын ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірінің туып-қалыптасу жолдарын ғылыми таразылады. Демек, «Әдебиеттану әдіснамасы» (2014) атты монографияда әдебиеттану ғылымы әдіснамасының негізгі мәселелерін зерттеп-зерделеу басты нысанаға алынған. Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әлемдік әдебиеттану әдіснамасындағы ғылыми мектептер мен зерттеу әдіс-тәсілдерін меңгеру бағытындағы бастан өткерген тарихи жолы сараланған. Ұлттық әдебиет туралы ғылым жеке сала ретінде туу, қалыптасу жолындағы әдіснамалық ізденістері мен іркілістері, жетістіктері мен кемшіліктеріне қазіргі кездегі өскелең талап деңгейінде баға берілген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 240 б.
2. Мұқанов С. Қазақтың XYШ-XIXғ. Әдебиетінің тарихынан очерктер. - Алматы: Арыс, 2002. - 272 б.
3. Смағұлов.Ж.Қ. XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы. Оқулық. – Қарағанды, 2014.
4. Смағұлов Ж.Қ, Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы.- А.: 1999.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ТАЛДАУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Г.К. Мұқатаева
мұғалім, эксперт
ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі,
Өскемен, Қазақстан
mukataeva_g@ukk.nis.edu.kz

Аннотация. «Особенности анализа художественного произведения»
Методическая статья рекомендовано учителям литературы, работающим по интегрированной программе, в качестве вспомогательного материала. Надеемся, предложенные активные методы обучения при анализе художественного произведения помогут повысить интерес учащихся к предмету.

***Ключевые слова**: анализ, литературный анализ, художественная литература, новые технологии, методы.*

Abstract. Topic «The ways of analyzing fiction literature»
This study guide is recommended for the literature teachers who are working by integrated curriculum as a support material. We hope, that suggested active methods of teaching will be helpful in analyzing literature and improve the interest of the students to subject.

***Keywords**: analysis, literary analysis, imaginative literature,new technologies, methods.*

«Талдау», оның ішінде «әдеби талдау» дегеніміз не? «Талдау» сөзінің ең алғашқы терминологиялық мағынасы - зат пен құбылысты аңғарып танып- білу жолдарының бір көрінісі. Көркем шығарманы зерттеп біле отырып, ол қалай және қандай амал-тәсілмен жазылса да, оның көркемдік тұтастығын әрқашан ой-санамызда берік ұстауға тиіспіз. Көркем шығарманың ең шағын деталін, оның әрбір құрамдас бөлігін қарастыра аламыз. Әдеби талдау өзінің нағыз, дұрыс мағынасында – әдеби шығарманы кез келген бөліктер мен бөлшектерге бөлу емес, тек осылай талдау шығарманы терең түсініп білге көмектеседі. Суреткер ойы шығармада ешқашан анық көрінбейді, тереңде "жасырынып жатады".

Шығармаға талдау жасай отырып, біз оқушыны суреткердің ой-мақсатын ашуға бағыттап үйретуіміз керек. Шығарманы терең меңгеруге негізделген жағдайдағы талдаудың дұрыс қолданылған амал-тәсілдері көркемдік тұтастыққа алып келетіні сөзсіз. Кез келген талдау өзінің алдына көркем туындының көрінбей жасырын тұрған жақтарын болжай түсуді мақсат етіп қойған жағдайда ғана ол проблемалық сипатқа ие болады. Әдебиет пәні шәкіртті өнер туындысын тануға үйретеді, оны ой көзімен пайымдау үшін қажетті біліммен қатар, дағды қалыптастырады. Бұл орайда шығарманы үстірт оқумен шектелмей, ондағы кейіпкер тағдырына ортақтасып, мазмұн мен түп бірлігін, көркемдік деңгейін, сөз астарын, түрлі деталь қызметін, мәнін аңғара білуге тиіспіз. Осыдан келіп шығармамен жұмыс істеуде әдеби талдауды жетік меңгерудің қажеттігі туындайды. Оқушының көркем шығарманы қызыға оқуы жазушының стиліне,шеберлігіне тікелей байланысты. Ондағы сомдалған кейіпкерлерге өзіндік баға беруге машықтандыру, жазушының ұстанған бағытын, шығарманың идеясын, көркемдік деңгейін танып-біліп, салыстыра отырып және таңдай алатын талғампаздыққа жетелеу, дағдыландыру, көркем туындымен жұмыс істеудің басты міндеттері болып табылады. Оқылған шығарманы мазмұн мен пішін бірлігінде талдау өзекті мәселе. Ол үшін эстетикалық талдау әдістерін - проблемалы талдау, тақырыптық талдау, образ бойынша талдау әдістерін шығарманың жанрлық, көркемдік ерекшелігіне орай қолданған жөн. Көркем шығарманы оқыту адам өмірі, оның өмір сүріп отырған ортасы, заман ағымы, тіпті табиғи мекен-жайымен тығыз байланысты десек, осының бәрін оқушы санасына жеткізе білу-сыншы Белинский айтқандай "Ақын образбен сөйлейді, ол шындыққа сай дәлелдемей, көзге елестетеді" деген қағиданы жүзеге асыру деген сөз. Демек кейіпкер тұлғасы- кез келген өнерде негізгі буын, ең негізгі түп тамыр. Әдеби шығарманы үйретуде оқушылардың қоршаған орта туралы түсінігін қалыптастыру, қоршаған ортаның әлеуметтік мәселелерін алып көрсетуде жеке кейіпкерлер тұлғасын таныта білу- әдебиетші-ұстаздың басты міндеті екенін ұмытпағанымыз абзал. Осы орайда көркем шығарманың бүкіл композициялық құрылымы мен идеялық түйінін ашуда сюжеттік желі ерекше орын алатынын, ол тағы да көркем бейнеге келіп тірелетінін есте ұстау қажет. Талданылатын көркем туындының мазмұны таныс болуы керек.

Авторлық мақсат шығарма мақсатына байланысты түпкі нысанаға жетелейді. Кейіпкер портреті шығарма ішінде бір ғана оқиғамен ашыла салмайды. Автор айтып отырған "өзге кейіпкер" - шығармадағы басты тұлғаны ашуға себепші болатын образдар. Шығармадағы кейіпкер монологі, өзіндік толғанысы, іс-әрекеті оның көркем бейнесін сомдайтыны анық. Көркем шығармадағы кейіпкерлердің ірілі-ұсақты әрекеті,өмірге көзқарасы, қоршаған дүниені қиялдауы, басқалармен қарым-қатынасы, ой-пікірі, тіпті сөз сөйлеуі - кейіпкерлердің бейнесін ашатын негізгі детальдар. Кейіпкерлер жүйесін қарастыру үшін романнан іріктеліп алынатын үзінділер, дәлелдеулер дұрыс таңдалғаны жөн. Текске жүгіну, көркем шығарманың өзіне терең үңілу - ой мен логикалық-психологиялық жағынан қолдануға тиіс кейіпкер тұлғасын ерекшелейтін детальдарын нақты таба білу деген сөз. Шығарма талдауда жазушының тіл шеберлігін зерттей отырудың мәні зор. Шығарма тілін жазушы тілі және кейіпкерлер тілі деп бөлуге болады. Көркем туындының бүкіл өн бойы осы тілден, тілді құрайтын сөздерден туады. Сондықтан тілдің мәні, атқаратын қызметі үлкен. Көркем шығармадағы кейіпкерлердің орнын, ой-мақсатын оның сөйлесу тілі арқылы айқындауға болады. Тілдік ерекшеліктерді талдауда жазушының жекелеген сөз қолданыстары мен сөйлемдер контексіне, түрлі бейнелегіш тәсілдері мен автордың өзіне тән мәнеріне назар аударылуы тиіс. Көркем шығармадан алынатын цитата, үзінділер жазушы жасаған көркем бейнелердің ішкі жан- дүниесін, тұлғасын, образ жасау үшін романдағы алатын орнын айқындауға сөзсіз көмегін тигізуі шарт. Әр образға талдау жасау, баға беру үстінде оқушы кейіпкер бейнесін оның өскен ортасымен, қоғамдық сипатқа сай, сол дәуірмен байланыста айтып бере білуі қажет. Әр шығарма өзінің мазмұны мен формасы жағынан әр басқа болатыны сияқты, оны талдау да алуан түрлі тәсілді талап етеді. Талдауды бірыңғай сызбаға құруға болмайды. Алайда көркем шығарманы талдау барысында айтылар ойды негізгі мәселелердің төңірегінен өрбітіп отыратын жүйелілік қажет. Бүгінгі таңда Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқу бағдарламасына кіргізіліп, 7-12-сыныптарда оқытылып жатқан кіріктірілген жаңа оқу бағдарламасындағы әдебиет пәнінің маңызы ерекше. Кіріктірілген жаңа оқу бағдарламасындағы әдебиет пәнінің мақсаты: ана тілін қадірлейтін,қоғамдық мәнін түсінетін, тіл нормаларын сақтап қолдана білетін, еркін сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету арқылы дара тұлғаның тілдік, шығармашылық қабілетін дамыту.

Әдебиет пәні бойынша төмендегідей дағдылар қалыптастырылады:

- Түсіну және жауап беру
- Анализ және интерпретация
- Бағалау мен салыстыру анализдері.

Оқушы бойында осы дағдыларды әдеби көркем шығармаларды жете түсініп, талдау арқылы сіңіре білуіміз қажет. Әдеби шығармаларды тілдік ерекшелігіне талдауды қалыптастыруда белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін жүйелі пайдалану оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырады. Оқу үрдісінде жаңа бағыт, жаңа технология қарқын алуда.

Әдебиет пәнін оқытуда осы жаңа технологияны саралап қолдана білу, көркем шығарманы оқытуда оның идеясын, тілдік ерекшеліктерін жете түсінуге көп көмегін тигізеді. Төмендегі ұсынылған оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері арқылы әдеби шығармаларды талдауда нәтижелі жетістіктерге жетуге болады.



Сурет 1. «Фишбоун» белсенді әдіс-тәсілі

Пайдалану мақсаты: Шығарманы талқылауға арналған жаттығу. Орындалу барысы:басы – тақырыптың мәселесі, үстіңгі сүйектері тақырыптың негізгі түсініктері, астыңғы сүйектері – себептері, құйрығы мәселенің шешімі. Қаңқадағы жазулар қысқа болу керек. Олар тірек сөздерден немесе тақырыптың негізгі ойын ашатын фразалық сөздерден болуы мүмкін.

«Шың» белсенді оқыту әдісі

Пайдаланатын мақсаты:шығарма кейіпкерлеріне талдау жасауға, мінездеме беруге арналған. Тақтада, флипчартта немесе әр оқушының дәптерінде шыңырауға апаратын жол бар. Биік шыңның суреті салынады. Шыңырау жаман адам/кейіпкер, ал Биік шың – мінсіз адам/кейіпкер болып табылады. Өтіліп жатқан шығарманың кейіпкерлерін осы суретте нүкте арқылы белгілеу керек. Шығарманың бірнеше кейіпкерін алатын орнына, маңыздылығына қарай шың басына не шыңырауға орналастыруға болады. Сонымен қатар, шығармадағы кейіпкерді суреттеудегі автор қолданған көркем бейнелеуіш сөздерді жазып отырады.

«Қар кесегі» белсенді оқыту тәсілі

«Қар кесегі» белсенді оқыту арқылы – оқушы оқып жатқан шығармадағы автор қолданған көркем сөздердің тізімін жасайды. Үзіндіден ең көп троп түрін тапқан оқушы өз тізімін сынып оқушыларына оқиды, ал басқалары өздерінде жоқ бейнелі сөздерді тізімдеріне қосып жазып алады.

Классикалық шығарма себеті

Классикалық шығарма себетін құрудың мақсаты: ұсынылған шығармадағы жазушы қолданған көркемдегіш сөздерді тауып, өз пікірімен байланыстыра отырып, кейіпкерге мінездеме беру. Жазушының стильдік ерекшелігін ашу.

«Жазбаларды толықтыру» тәсілі

Оқушылар топқа бөлініп шығармадағы эпитеттерді, метафораларды табады, содан кейін басқа топ мүшелерінің жазбаларымен ауысады, оны өздерінің тарапынан толықтырып жазады. Шығарманы жұппен тілдік ерекшелігіне талдайды.

«Пирамидалық талқылау» стартегиясы

Топтағы оқушылар шығарма тілі, стильдік ерекшелігі туралы өз пікірін жеке жазып, талқылап, ортақ пікір қалыптастырады. Топтағы оқушылар саны 4 баладан аспауы керек. Әр топ таратылған флипчарт қағазға тапсырмаға байланысты жеке өз ойларын жазады. Қағазды бұру арқылы бір-бірінің жауабымен танысады. Жауаптарымен танысып, ортақ пікірді қағаздың ортасына жазып, ойларын талқылайды.

«Пирамидалық талқылау» стратегиясы



Сурет 2. «Пирамидалық талқылау» стратегиясы

«Адамға тән бір жақсы қасиет – өзін қоршаған әлемнің әсемдік сырларына үңілу, содан рухани нәр алу, өзінің нәзік сезімін образдар арқылы паш ете алу» деген екен ұлы ғұлама Әл Фараби. Ендеше біз оқушы бойына бұл қасиеттердің дәнін әдеби шығармаларды сүйіп оқуға тәрбиелеу арқылы еге аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алпысбаев Қ. Көркем шығарманы талдау жолдары.
2. Т.Ақшолақов. Әдеби шығармаларды талдау.
3. Кіріктірілген жаңа оқу бағдарламасы.

АҒЫТАЙ АҚЫН МҰРАСЫ ЖАЙЫНДА

Б.Ж. Сағынтаев
Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайы
Арқалық, Қазақстан
arkalykmuseum@rambler.ru

Аннотация.*Данная статья описывает жизнь и творчество Тургайского поэта, певца - импровизатора Ағытай Әлсүгіруλы.*
Ключевые слова: *Поэт, импровизатор, Ағытай.*
Abstract.*This article describes the life and work of Turgai poet, singer–improviser Agytai Alsugirov.*
Keywords*: poet, improviser, Agytai.*

Ағытай Әлсүгіруλы – Торғай өңіріне кеңінен танылған ақындардың бірі. Торғай атырабында Ағытай жайлы сөз бола қалса, «Е, қарамойын Ағытайды Айтамысың?! Ол «Он екі үйрек» әнін нақышына келтіріп айтатын жан еді ғой» деп тамсана айтатын көнекөздер әлі де болса кездесіп қалып жатады. Дегенмен ақын шығармашылығына әлі де болса зерттеу жұмыстары жүргізілген емес. Біздің бұл мақаланы жазуымыз кезінде де Ағытай ақын жайлы деректерді азар дегенде қолға түсірген жайымыз бар. Ақын жайындағы алғашқы деректі біз 1944 жылы шыққан Қостанай облыстық «Коммунизм жолы» газетінен таптық. Мұнда белгілі ақын Сырбай Мәуленов «Құмкешудің жазығында» атты мақаласында Ағытайдың бірнеше шумақ өлеңін келтіреді. Сонымен қатар осы «Коммунизм жолы» газетінің 1957 жылы шыққан №216 санында Бақыт Имановтың Ағытайдың 1916 жыл жайында айтқан естелігінің негізінде жазылған «Көкшулан» атты очеркінде ақынның көтеріліс кезіндегі іс-әрекеттері туралы баяндалған. Одан кейінгі дереккөзіміз Қазақстан Республикасының оқу ісінің үздігі, өзі де ақын Қабден Байқасыновтың «Құмкешулік ақындар» атты мақаласы болды. Ақынның ұлы Қалқаманның да бізге берген деректері өз септігін тигізді.

Ағытай Әлсүгіруλы 1883 жылы Торғай өңіріндегі Құмкешу атты мекенде дүниеге келген. Ел ішінде өзінің шыққан руымен қарамойын Ағытай атанған. Ақынның бала кезінен ән-жырға әуес болып, қызығушылығын оятқан оның әкесі Әлсүгір болған. Себебі Әлсүгірдің өзі де Торғай өңіріне белгілі ақын болған кісі. Ол 1856 жылы дүниеге келген. Өзі өмір сүрген аймақта беделімен аты шығып, кезінде болыс сайланған. Тобыл-Торғай өңіріне аты шыққан Нұржан Наушабаев, Аяп Ермекұлы секілді ақындар Ағытайдың бала күнінінен танып-біліп, үлгі-өнегесін көрген ақын-жыраулары. Аталған ақындар Әлсүгірдің үйіне жиі ат басын бұрып, сауық-думан қылып жүрген. Дегенмен өлеңді суырып салып айтқан Әлсүгірдің шығармалары сақталмаған. Халық арасында Наушабайдың Нұржанының Әлсүгірге айтқан өлеңі сақталған. Онда былай делінеді:

Атақты ақын Нұржан Наушабаев Торғай елімен жиі араласып, келіп тұрған. Мұнда оның таныстары, достары көп болғанға ұқсайды.

Қарамойын Әлсүгір ақын Нұржанмен құрдас екен. Бір кездескенде әзіл арасында «қалың қалай, қартайған жоқсың ба?», - дейді. Сонда Нұржан былай жауап береді:

Бұрынғыдай бола алмай жүр Нұржаның,
Кеміп барады күн-күн санап ыржаңым.
Қартайдың деп қатын ақыл айтқанда,
Тер шығады, шықпай қалад құр жаным [1].

Осындай әкеден тәлім алып өскен Ағытай жас шағынан ақындыққа ден қоя бастайды. Әсіресе жоғарыда аталған Аяп ақыннан көп үлгі алады. Ақынның сүйіп айтатын «Он екі үйрек» әні осы Аяп ақынның туындысы. Бұлардан басқа Торғай өңіріне белгілі Шаңдаяқ, Өсіп секілді ақындармен бірге көп жүрген. Олармен талай өнер бәсекесіне түскен. Торғай жәрмеңкесінде Өсіп ақынмен айтысқан. Аталған Торғай жәрмеңкесі ақынның көп өнер көрсеткен жері. Осы жерде кейінгі жас ақындар Ағытайдың өнерінен үлгі алған. Мысалы Ғабду-Жәлел Қарабала өзінің Нұрхан жайында жазған мақаласында ақынның Құмкешуде Ағытайдың жақын қарындасымен кездескендігі туралы былай деп жазады: «Осы ауылда Аманкелді батырдың заманында болған бір адамға жолықтық. Бір ғажабы, Нұрекең, қарт әйелге бар ынтасымен көңіл бөліп, әңгімесін тыңдады. Ақын осы кісіден болашақ шығарманың арқауын тапқандай болды. Сол жылдары ол Аманкелді дастанын көлемді етіп жазу толғанысында еді. Қарт әйел:

- Қарақтарым, менің жасым жетпістен асты. Көп әңгіме білмеймін. Ал туысым өздеріңе белгілі Ағытай деген осы елден шыққан ақын кісі... – дегенде, Нұрекең, таңданағандай қалыппен:

- Міне, қызық, сіз Ағытай ақынның жақынысыз ба? Әңгіменің додасы сізде болды ғой. «Қыпшақтың Қарамойын ақынымын, Бәкірдің Қауменұлы жақынымын» деп кешегі Торғай жәрмеңкесінде Ақаң ат үстінде ән салатын. Біз бала кезімізде оның соңынан қалмай жүретінбіз, – деді де Нұрекең бұрынғыдан да ынтыға түсіп, сұрақтарын жалғастырды [2, 171 б].

Нұрхан кейін өзінің Аманкелді дастанында Ағытай ақынның 1916 жылғы көтеріліске қатысқан кезінде елдің рухын көтеруге үлес қосқандығын, сарбаздардың бел ортасында жүргендігін жеткізеді.

Ағытай тастады елді әнге көміп,
Көрген жоқ топта Шеге бір бөгеліп.
Жөнелді Жұмабай да желдей есіп,
Жорғадай кәрі тарлан дөңгеленіп [3, 171 б].

Бұдан біз Ағытайдың елдің азаттығы жолындағы күреске белсене араласқанын көреміз. Ақынның сол тұстағы ерліктері туралы Бақыт Иманов та облыстық «Коммунизм жолы» газетіне жазған болатын. Дегенмен Нұрхан секілді кейінгі ақындар Ағытай мұрасын жинағанымен, оның көпшілік мұрасы әлі күнге дейін белгісіз болып жатыр. Оған ақынның көптеген жылдар сыртта жүруі себеп болса керек.

Отызыншы жылдарда қуғын-сүргін басталғанда Әлсүгір әулеті болыс тұқымы, бай баласы ретінде қысым көре бастайды. Ағытай ағасы Болтай қызылдардың қолынан қаза тапқаннан кейін, бас сауғалап, шекара асып Ресей жеріне барып паналайды. Тек өмірінің соңғы кезеңдерінде ғана туған жеріне оралып, 1959 жылы өзі туған Құмкешу ауылында өмірден өткен.

Ағытайдың бізге келіп жеткен шығармалары санаулы ғана. Көпшілігі үзік-үзік қалпында. Мысалы, ақынның Торғай жәрмеңкесінде Алтыбас Өсіппен болған айтысының бірнеше шумағы ғана сақталған. Біз мұны Ағытайдың ұлы Қалқаманнан жазып алған болатынбыз (19.01.2017).

Бірде Алтыбас Өсіп ақын Торғай жәрмеңкесінде сырнаймен ән айтып отырғанда, жәрмеңкенің екінші шетінен Ағытай келіп ән шырқай жөнеледі. Оның әншілігі Өсіптен басым болса керек, жиылған халық сол Ағытай тұрған жаққа ауып кетеді. Өсіп ақынның көзі зағип екен. Өзінің несібесін жәрмеңкеде өлең айтып тауып жүрген оған Ағытайдың мына қылығы қатты батып, өлеңдете жөнеледі:

Торғайдың жәрмеңкесі екі көше,
Аман бол, Ағытайжан, мен көргенше.
Соқырдың бір олжасын тартып алдың,
Жағаңда екі қолым өле-өлгенше.

Сондағы жауап ретінде Ағытайдың айтқаны мынау:

Торғайдың дуанасы әлденеше,
Өзіңде хош есен бол мен көргенше.
Ешкімнің мен олжасын алғаным жоқ,
Әркімнің несібесі теріп жесе.

Ағытаймен айтысқан осы Өсіп ақын туралы да кейінгі кезеңде мүлде айтылмай жүр. Іздеушісіз, зерттеусіз жатқан ақындардың бірі. Сөз ұстар деген көне көздерден сұрасаң оның да алақұйын ақындығы болғандығын, өлеңді сырнаймен айтатындығын айтып заулата жөнеледі. Тіпті осы Ағытаймен айтысын ел ішінде өз мақамдарымен айтатын жыршылар (мысалы Ғазиз Әбдірахманов) болғандығын айтады. Өсіп сонымен қатар белгілі халық ақыны Сәт Есенбаевпен айтысқа түскен. Мұны да келтіре кеткен артық болмас. Бұл айтыс 1914 жылы Өмірбеков Өтеулі болыстың үйінде болған. Өсіп көзі көрмегендіктен басқа кәсіппен айналыса алмай, нәсібін тіл құдіретімен, сөз күшімен тапқан. Оның сол жиында Өтеулі болысты мақтап айтқан сөзі мынау:

Болыс болып Өтеулі,
Бөтен деп елді білмедің.
Ерегескен адамды,
Қайыстай басып иледің.
Аруағың артып халықтан,
Тақымыңда сүйредің.
Патша қолдап сөзіңді,
Хандар қолдап өзіңді.
Қатарыңнан артылып,
Болып тортқа(?) кеудеңді.

Сонда Өсіптің Өтеулі болысты мақтаған сөзіне Сәт былай депті:

Мақтамаймын болысты,
Әділдігі болмаған.
Нашарларды жылатып,
Мықтыларды қолдаған.
Орынсыз өкім, күш қылып,
Кедейлерді қорлаған.
Құлдыққа жұмсап баласын,
Аюандай қинап қорлаған.
Айыратын болыңдар,
Жақсы менен жаманды,
Бір ұстаса адамды,
Ақылменен айырып,
Адал менен арамды.
Азғантай асқа қызығып,
Адамдары табанды.
Тура тапсақ кәламды,
Осылар болар данам-ды.
Осылай ақыл ойлай біл,
Керек те емес парашыл[4].

Біз Өсіптің бұл өлеңін Алматы қаласындағы Орталық ғылыми кітапханаңың сирек кітаптар мен қолжазба қорынан алдық. Осы қолжазба қорында біздің мақаламыздың негізгі тақырыбы болып отырған Ағытай Әлсүгірұлының да бір дастаны сақталыпты. Ақынның «Обыр қатын» деп аталатын бұл хикая-дастаны 1946 жылы Қостанай фольклорлық экспедициясы кезінде жазып алынған[5]. Ағытайдың бұл жыры нәзира дәстүрімен жырланған. Сюжеті «Мың бір түн» хикаяларынан алынған. Дәл осы оқиға желісімен жырланған Базар жыраудың «Әмина қыз», Сейдахмет Бейсеновтің «Жігіт пен әйелі», Кете Жүсіп Ешинязовтың «Сұрмерген» атты дастандары бар. Мейрам Жанайдаруұлының 1895 жылы «Дала уәлаяты» газетінде жарық көрген «Мың бір түн хикаясы» дастанында да осы оқиға кездеседі. Қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінің құрамында осы сюжетпен үндес «Ақбай» атты ертегі де бар. Жырдың оқиға желісі мынадай: «Мейрам патшаның заманында өмір сүрген бір жігіттің өзіне біткен малдан жалғыз байталы болады. Жігіт оны өзімдікі екен демей әбден қинайды. Ақын оны былай суреттейді:

...Қинайды күнде шауып сол байталды,
Қызыл жоқ қырып алар қоң мен жалдан.
...Қараңыз мына сөздің мәнісіне,
Қыс болса байлап қояд қар үстіне.
Қинайды қысы-жазы сол байталды,
Малым деп жабу жаппас және үстіне.

Мұны ел сол елдің патшасына жеткізіп, ол жігітті шақырып алып, бұл ісінің мәнін сұрайды. Егер жазықсыз қинаған болса жазаға тартпақ болады. Жігіт өз басынан өткен оқиғасын айтады. Жасынан жетім қалған жігіт шаһар аралап жүріп, бір сұлу қызды ұнатып, үйіне әкеліп некесін қиып,

өзіне жар етеді. Бірақ жігіттің үйленген қызы өзінің күйеуімен бірге отырып ас ішпейтін болады. Мұның себебі неде екендігін білмекші болған жігіт өзінің таңдап алған жарының түнде қала шетіндегі молаға барып, өлген адамды жегенін көреді. Жарының обыр екендігін біледі. Келесі күні қызметшісіне тағам дайындатып, әлгі обыр әйелге береді. Оның астан алмағанына ашуланып:

Бұл тағам кісі етінен арам ба деп,

Жегенде адам етін көрден алдың, – деп қамшымен салып қалады. Әйелі бұған ашуланып, сиқырлап итке айналдырады. Итке айналған жігіт үйден қашып шығып, базардағы нан сатушының жанына еріп жүреді. Бір күні нан сатушыға келген алаяқтың «фалшы» (жалған) ақша бергенін танып, елге «жалған ақшаны айыратын» ит бар деп аты шығады. Солай жүрген шағында оны бір кемпір келіп ертіп әкетіп, үйіндегі шәкірт қызына алып барады:

Сені мен оқытым ем он жеті жыл,
Шырағым осы иттің анығын біл.
Дүниядан жақсы да өтер, жаман да өтер,
Болмасын азып жүрген бір қызыл гүл, – деген кемпірдің сөзіне Қыз айтты:

- «Мен білемін адам, - деді,
Жөндеуге келер ме екен шамам, - деді.
Бар еді бұл шаһарда бір обыр қыз,
Бір болса бұған залал сонан, - деді.

Бұл қыз жігітті қайтадан адам қалпына келтіріп, оның обыр әйеліне қарсы сиқырды үйретеді. Жігіт сол қыздың көмегімен өзінің обыр әйелін сиқырлап байталға айналдырады. Өзі кемпірдің қызын алып бақытты ғұмыр сүреді».

Жалпы адамның аңға, құсқа, айналуы «Мың бір түн» желілерінде жиі кездесетін сюжеттердің бірі. Бірақ олар аңға айналғанымен адамдық ойлау жүйесін, санасын сақтап қалады. Әдетте адамды аңға айналдыратын кейіпкерлер әйел бейнесінде болады. Олардың негізгі құралы – су. Суды дуа оқып, шашады.

Жоғарыда аталған дастандар (оның ішінде Ағытайдың дастаны да бар) «Мың бір түндегі» Нұғманның басынан өткен оқиғаны сөз қылады. Оны дуахант әйелі итке айналдырып жібереді. Барлық ит жабылып қуған соң, ет сататын қасапшының үйінің жанына тастаған сүйек-саяғымен күн көреді. Бір күні нан сатып алған әйелдің берген ақшасының ішінен жалған ақшаны таныған иттің осы қасиетін естіген бір әйел оны үйіне ертіп әкеліп, адам екенін сезініп, қайтадан дуа оқыған суды шашып, қалпына түсіреді.

Ағытайдың, Базар жырау мен Сейдахметтің дастандарында бұған қосымша өз оқиғасын айтқан жігіт патшаның уәзіріне айналады. Мейрам Жанайдарұлында оқиға қысқа қайырылып, қасапшының қызы дуахант болып шығады да, адамға айналып, сол қызға үйленеді. Ары қарай «Мың бір түннің» «Киік жетектеген жігіт» атты бөлімі кіргізілген. Бұлардың барлығы әлі қиссалық шарттардан арылмаған. Тек Кете Жүсіптің «Сұрмерген» дастаны ғана қазақ өміріне жақындатылып, аралық дастанға айналған.

Ағытай дастаны жайлы тағы бір айта кетерлік жай оның кейбір шумақтарының Сейдахметтің туындысымен бір екендігі. Ағытай бұл дастанды 1914 жылдан бастап жырлап жүрген. Шамасы, ақын мұны өзінен бұрын жазған Сейдахметтен алып, жаңаша жырласа керек. «Обыр қатындағы» өлең жолдарының көпшілігінің Сейдахмет дастанына ұқсас келуі осыған меңзейді. Дегенмен бұл өз алдына жеке шығарма. Ағытай дастанындағы интерполияцияның болуы оның туындысының да көлеміне әсер еткен. Ағытай дастанының көлемі 210 жол. Сейдахметтің дастаны 186 жолды құрайды. Сонымен қатар ақынның «Дала уәлаяты» газетіне шыққан Мейрам Жанайдаруұлының дастанымен таныс болуында жоққа шығармаймыз. Себебі дастанның бастапқы шумақтарында:

...Бір жігіт адам білмес іс қылыпты,
Мейрамның патша болған заманында, – деген жолдар

кездеседі. «Мың бір түн хикаясы» дастанының авторын сол дастанның ішіне енгізуі, анықтай айтқанда, сол дәуірде өмір сүрген кейіпкер ретінде көрсетуі ертеде өмір сүрген халық ақындарының шығармашылығында жиі кездесетін шығармашылық құбылыс. Мәселен мұндай құбылысы қазақ арасында кең таралған «Евгений Онегин» дастанында кездеседі. Мұны жырлаған бірнеше ақын оның негізгі авторы Пушкинді сол жырдың кейіпкерлерінің бірі етіп жіберген. Сондықтан мұндай құбылыстың Ағытай шығармашылығында кездесуі де тосын жай емес. Жалпылай алғанда «Обыр қатын» дастаны Ағытай Әлсүгіруұлының шығыс әдебиетімен де жақсы таныс болғандығының дәлелі ғана емес, оның желілі дастандарға да қалам сілтеген кең тынысты ақын екендігін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, Ағытай-Торғай өңірінен шыққан белгілі ақындардың бірі. Оның шығармашылығын бір мақалада ғана қамтуға болмайды. Бұл жазып отырғанымыз - Ағытайды көпшілік қауымға, ғылыми ортаға таныстыру ретіндегі еңбегіміз. Әлі де болса ақынның айтыстарын, өзі шығарған әндерін, дастандарын іздестіріп, тауып, оларды ғылыми айналымға түсіру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қостанай облысының мемлекеттік мұрағаты» мемлекеттік мекемесінің филиалы, «Аманкелді аудандық мемлекеттік мұрағаты», № 100 қор.
2. Қарабала Ғ.Ж. Үш аша. – Астана: «Зерде» баспасы, 2011. – 308 б.
3. Ахметбеков Н. Таңдамалы шығармалары. Т.2. – Қостанай: «Шапақ». 2010. – 300 б.
4. Орталық Ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазба қоры: ОҒК: Ш. 743, №2.
Айтыс секілді төл өнеріміздің жоғалып, жойылып кетпей ұлттың игілігіне, халықтың қазынасына айналуына еңбек сіңірген, біріншіден, ғалымдарымыз, ақын-жазушыларымыз сияқты зиялы қауым өкілдерінің қажыр-қарекеті, екіншіден атымтай жомарт демеушілеріміздің, кәсіпкерлер мен меценттарымыздың қаржы-қаражаты. Ал осы екі топты да қозғап, қимылға келтірген, ретін тауып жүзеге асырған, бүкіл саналы ғұмырын айтысқа арнаған, ұлттық құндылықтарды дәріптей білген – Жүрсін Ерман болатын. Отбасыда адал жар, үш балаларына мейірімді әке ретінде отбасының хақысын, поэзиясы кемел жазба ақын ретінде шығармашылық қуатының хақысын айтыстың көшін сүйреуге берген Жүрсін Молдашұлы бүкіл айтыс ақындарының рухани әкесіне, ұлағатты ұстазына, барша айтыс көрерменнің, жырқұмар қазақ жұртының адал қызметшісіне, ұлтының сүйікті перзентіне айналды. Осылайша Жүрсін қазақ айтыс өнерінің арна басына асығын алшысынан тігіп, алты алаштың ықыласына бөленіп, төл өнердің анти қаһарманына айналды.

Ойымызды айтыскер ақын, ф.ғ.д., доцент Балғынбек Имаштың сөзімен тұжырымдайтын болсақ: «Ширек ғасырымызда, тұғыры биік тәуелсіздігіміздің 25 жылында жүзден озған жүйріктерге мындаған бәйге тігіп, мыңнан тұлпар шыққан мықтыларға жүлде ретінде жүздеген темір тұлпарлар мінгізіп, миллиондаған көрерменге рухани – эстетикалық ләззәт сыйлаған, сөз өнерінің құдіретіне тамсандырған талай – талай айтыстар өтті. Айтыс Тәуелсіз Қазақстанның шекарасынан әрі асып, көршілес Моңғолия, Қытай Халық Республикасы, Қырғызстан, Өзбекстан Республикаларын айтпағанның өзінде, Түркияның Анкара, Стамбул шаһарында, Ресей астанасы Мәскеуде, тіпті, Батыс Еуропа еліндегі Франция астанасы Париж төріне де, күмбірлеген домбыраның үні естіліп, сахналарында салтанат құрып, ондағы қандастарымыздың рухын жігерлендіріп, мерейін аспандатты. Демек, бұл ұлттық төл өнеріміздің өзіндік бір ерекше құдіреті, халықтың бір ажырамас айнымас бір бөлшегі деп танысақ болады. Шет мемлекеттерде де айтысымыздың жандануына өзіндік үлес қосқан Жүрсін Молдашұлының да еңбегі ерен» [2.].

Айтыс өнерінің арна басында алаңсыз емес, аптығып жүрген, қасқырдай қайтпас мінезімен, алты алаштың ортасында елдің, айтыстың тағдырына алаңдап жүрген Ерман немересі, сөздің қадірін ерекше бағалаған. Оны арқадан шыққан азулы ақын мына өлең жолдарында мысалға келтіріп кетеді.

Сөздің баптан салмағын сездің бе, ұлым?
Әр сөз өзі кеседі өз кіндігін.
Көздің құнын сұрама – сұрамасаң,
Сұрау керек алайда, сөздің құнын [3.], - деп он күнәнің тоғызы тілден екендігі, тілдің жаманы сөзден болатындығын, аяғы жаман төрді былғайды, аузы жаман сөзді былғайтындығы айтылады.

Адамды кейбір орталарға ұсақ болып көрсететін, дау тудырып ушықтаратын мәселелер сөзден болатындығы екені мәлім.

Айтыстың жанашыры деп жұрт Жүрсінді бүгін ғана ойлаған жоқ. Отыз жылдан астам айтыстың басы-қасында жүр. Кезінде, осыдан оншақты жыл бұрын қазақ мәдениетінің үлкен абыздарының бірі, марқұм академик Рымғали Нұрғалиев «Егемен Қазақстанда» жарық көрген мақаласында да былай деп жазған болатын: «Жүрсін Ерман айтысты қалпына келтіруші Рестоватор және дамытушы реформатор», - деп. Осыны бүгін айтпағанда қашан айтыста айтамыз деп жазған екен. Ол қолынан келгенше пешенесіне таңылған осы өнерді дамытуға, жанашыр болуға, ұйымдастыруға мүмкіндігінше ат салысып келе жатыр деген болатын [4.].

Жүрсін Ерман – қазақ руханиятындағы саусақпен санарлықтай реформаторлардың бірі! Қара танымаған көшпелілердің көкірегінде сарқырап қайнап, өзегіне өрт боп түсіп, өмір сүру тәсіліне айналған Айтыс жаһандану заманында осы Жүрсін Ерманның шыр-пыр болуымен қайтадан атқа қонды! Орыстар мұндай тұлғаларды «Подвижник нации» дейді. Қазақша баламасын таба алмай отырмын. Образға орап айтқанда, өзінің қу қарақан басына қарамай, ұлты мен ұлысын ғана ойлайтын азамат дегенге келіңкірейді. Олар атақты Третьяков галереясын ашқан көпесінен бастап, сутегі бомбасын жасап, кейін өз ісіне өзі өкінген диссидент, академик Сахаровты, тіпті, орыстың халық хорын құрған хормейстріне дейін осылай атайды. Айтысты аман алып қалған Жүрсін Ерманның есімі де қазақ үшін осындай тұлғалардың қатарында тұруға тиіс!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ Энциклопедиясы. - А., 2009.
2. Имашшев Б. Ел бірлігін сақтаған татулықты айт. ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған айтыс ақындарының базасы
3. Белгібайұлы І. Шарайна Сәтбаев қалалық газеті. // 02.05.2014 ж.
4. Qamshy.kz ақпараттық сайты. 11.08.2014 ж.

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР ЖЫРЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

А.Б. Анасова
магистр
Б.Б. Есенғазина
магистр
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты
Қостанай, Қазақстан
Mail.bela@mail.ru
anasova_ainash@mail.ru

Аннотация: *В данной статье рассматривается вопрос об историчности казахского эпоса "Кобыланды батыр" и об использовании эпоса как исторического источника*

Summary: *In this article the question of historicity of the Kazakh epos "Kobylanda the batyr" and about use of the epos as historical source is considered*

Түйін сөз: *Жыр, эпос, қазақ-қызылбас қақтығысы, «Алам ара-ий Сефеви» жазба ескерткіші*

Халықтың жады мен зердесін таразылайтын рухани қазыналарында ел тарихының ізі сайрап жататыны хақ және бұлардың берер мағлұматтары, шынына келгенде, сырттан келген жиһанкез тарихшының сөзінен гөрі де шынайы болуы әбден мүмкін. Ал бұл тұрғыдан келгенде, осы ортада өмір сүрген, оның қуанышы мен сүйінішіне ең алдымен өкінетін де, сүйінетін де жыраулар мен ақындар шығармаларында сөз болар оқиғалар мен тарихи мағлұматтардың қадір-қасиеті тіпті ерекше. Бәлкім, халқының мерейі үстем тұсын бұл адамдар көтеріп айтатын шығар, бақыты қайтқан кезеңін еңсесі түсе отырып баяндайтын болар, бірақ соған қарамастан осы мұралар өзіне айрықша назар аударуды керек етеді.

Қазақ халқының ертеден келе жатқан мұрасы - «Қара қыпшақ Қобыланды батыр» жыры.

Бүгінгі таңда жырдың түрлі нұсқаларының тарихқа қарым-қатынасын, қоғамдық-әлеуметтік, ой-сананың көрінісін жан-жақты талдау міндеті тұр. Бұл мақалада «Қобыланды батыр» жырындағы тарихи мәселелерінің бірі Иран хандығы мен қыпшақтар арасындағы тарихи кезеңді сөз өткелі отырмыз.

«Қобыланды батыр» жыры - халықтың ел қорғау, ертедегі ру тәуелсіздігі үшін күресу тілегінен туған және осы жолда асқан ерлік жасаған ер- азаматтардың батырлық істерін жырлауды нысана еткен жыр. Бұл бір ғана ғасырдың жемісі емес. Ол өзінің қалыптасу, даму бойында халықтың тұрмыс-тіршілігіне қоғамдық өміріне және әр алуан таптық тілектерге сәйкес көптеген өзгерістерге ұшыраған әрбір тарихи кезеңнің, қоғамдық ой- сананың түрлі көзқарастардың әсерін бойына жинай отырып, біздің заманымызға жеткен жыр.

Жырдың Марабай, Мергенбай, Біржан, Құлзақ, Досжан айтуындағы нұсқаларында Қобыландының алысатын жаулары қызылбастар болып келеді. Бұл ойдан шығарылған жау емее, тарихи шындық. Жыр оқиғасы сол шындықтан алынған.

Жыр әңгімелерінің негізгі жемісі Қобыланды бастаған қыпшақ батыр- ларының қызылбастармен күресін суреттеуге құрылады. Қазан хан ноғайлы қазақтың Қырлы қала, Сырлы қала дейтін екі шаһарын оп-оңай басып алады.

Бұл хабар елден-елге тарап кетті. Қазанның қарақшылығын естігенде қырық мың қияттың батыры Сейілұлы Қараман өзінің қарауындағы қырық мың әскер қол жинап, күндік жердей айналысы ат шаптырым айтақырға шатырын тікті. Сол кекті қайтармақшы болып Қараман, Аққозы, Қарақазы, Қосдәулет аттанды.[1,177б]

Қаланың бекіністерінің қандай екенін біліп, Қараман, Қарлыға, Қобыланды, Орақ төрт батыр бас қосып, шабуыл салады, елді жаудан босатып, Қараспан тауына қайта қондырады.

Бұл жыр тек әдебиеттік мұра емес, қазақ халқының өткендегі тұрмысынан, экономикасынан, қоғамдық тарихтық болмысынан, шаруашылығынан бағалы деректер бере алатын құнды материал. Әрине, тарихи мәліметтерге ел-қиялы қосқан қоспа жайлар да араласады. Шындық өмір елесімен қатар ертегілік әсерлеу де басым болады. Соған қарамастан, қазақ тарихының кейбір мәселелерінен құнды деректер алуға болады.

«Қобыланды батыр» жырындағы оқиғалар қыпшақтар мен қызылбастар, қалмақтар арасында болды. Келтірілген эпостағы жер аттары, қыпшақ елі, бәрі де тарихи деректер. Демек, бұл жағынан жыр мен тарих арасында еш қайшылық жоқ. Бұл жырда аталған кез, ондағы оқиғалар шындыққа сәйкес келеді.

Олай деуімізге бірнеше дәлел келтірейік: «Қобыланды батыр» жырының Марабай, Мергенбай, Біржан, Досжан жырлаған нұсқалары қыпшақтар мен қызылбастардың арасында көне заманға созылған қарым-қатынастарды, алыс тартыстарды көрсетеді. Қыпшақтардың Қобыланды бастаған батырларының шетелдік жау қызылбастарға қарсы жүргізген ерлік күресі суреттеледі. Сонда қыпшақ еліне бірінші болып ұрынатын қызылбастың Қазан ханы болады. Мысалы, жырдың Мергенбай айтуындағы нұсқасында:

«Қызылбасты елінен,
Қазан деген ер шықты.
Жан білмеген жер шықты.
Ноғайлының көп елін,
Ол жалап шауып *жаншыпты.*
Бағынбаған адамын
Қырып-жойып таусыпты...» [2,78б] - делінеді. Бұл келтірілген үзінді де аталған Қазан қызылбастардың ханы Қазан болуы мүмкін. Жырдағы Қазан ұрыншақ, көрші елдерге шабуыл жасап оларды өзіне бағындырып алу үшін күреседі. Оның бұл

әрекеттері көрші елдердің жерін, малын олжалап алуы және олардың «бағынбаған» адамын қырып-жойып жіберуін тарихи факті деуге болады. Бұған қарап жырдағы қазанды қызылбастардың жаулық әрекетін көрсетуге болады.

Тарихи Қазан ханның өз тұсында неше түрлі әдемі сарайлар, мықты бекіністер салдырғанын, Шнәб қаласының ертеден келе жатқан «Шнәб» деген атын Қазан қаласы деп өзгертіп аталуы тарихи жазуларда кездеседі. Бұл фактілер «Қобыланды батыр» жырында байқалады. Мәселен, Қазан салдырған қаланың сыртқы көрінісін Біржан:

«Алты қабат қала екен,
Жеті қабат ор екен»... деп суреттейді [3,114б]. Ал осы қаланың маңына Қазан ханның қандай қорғандар жасағаны Нұрпейіс жырында:

«Кім темірші ұстаға
Түрлі қару соқтырып.
Айналаға шаһарының
Жебеден құрды аранды»... - делінеді [4,115б]. Қазан салдырған қала, қорғану бекіністері жайында жырда берілген осындай сипаттамалар тарихи фактілердің сәулесі сияқты.

«Қобыланды батыр» жырының қазақ-қызылбас қақтығысы туралы мәліметі «Алам ара-ий Сефеви» жазба ескерткіші арқылы беки түседі деп айтуға болады. Бұл жыр қазақ халқының тарихы басқа жырлардың қайсысынан болса да толығырақ, айқынырақ қамтиды. Жыр жемісі қиял жемісі ме, әлде ел басынан өткен тарихи шындық па деген сауалдар көңілді күпті қылғалы қашан? Обалы нешік, ғалымдарымыз бұл бағытта аз терлеген жоқ, ізденіс қорытындысына айналып келіп Қобыланды болған дегенге саяды. Себебі Қобыланды бейнесі халық көкейінде күні кешедегідей тірі. Оның үстіне арғы тегін Қобыланды, Қарлығаштардан тарататын аталар да бар. Қобданың бойында Қобыланды бейіті жатыр. Қобыланды атына байланысты мазаң Сарысу өңірінде де бар.

Сонымен, Қобыланды батыр жыры - қазақ тарихының келелі кезеңдері оқиғаларынан хабар, дерек бере алатын рухани қазына.

Әдебиеттер.

1. Аманжол Күзембайұлы. История дореволюционного Казахстана. Алматы 1992. с.177.
2. Қобыланды *батыр.* Казахский героический эпос. Москва. Наука. 1975. с.78.
3. Қобыланды батыр. Москва. Наука. *1975*. 114бет.

ЭФФЕКТИВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЭКРАНИЗАЦИЙ НА УРОКЕ ЛИТЕРАТУРЫ

А.М. Кабенова
бакалавр филологии,
Назарбаев Интеллектуальная школа
химико-биологического направления.
Усть-Каменогорск, Казахстан
kabenova_a@ukk.nis.edu.kz

Аңдатпа: *Мақалада мектептегі әдебиет сабағындағы көркем мәтіндердің экранға шығарылуын талдау мүмкіндіктерін тиімді қолдану жолдары қарастырылады. Автор салыстыру дағдысын жетілдіру мен эпизодты талдауды қорытындылау мақсатында эпизодтардың және киноэпизодтардың салыстырмалы талдау әдістерін ұсынады. Көркем әдебиет туынды авторының және кинофильм режиссерінің көзқарастарын салыстыруына аса назар аударылады.*

Түйін сөздер: *өнер, көркем әдебиет мәтіні, экранға шығару, эпизодты талдау, автор көзқарасы, режиссердің түсінігі, кейіпкер, кино кейіпкері, әртістің орындауы, сөз, көркемдік тәсілдер.*

Abstract: *The article considers the effective use of the film version of literary texts in literature classrooms. The author offers techniques for the comparative analysis of a scene in the book and the film scene in order to improve the skills of comparison and summarizing. Particular attention is given to both the author and the film director'sposition.*

Keywords: *art, literature, screen version, scene analysis, the author's position, the interpretation of the director, hero, acting, film character, word, the artistic methods.*

Мир искусства многообразен и представляет собой систему многих искусств, и каждое из них своими художественными средствами на своем материале образно отражает мир. Литература – первооснова очень многих искусств, это универсальное искусство, которое работает всеми возможными образными средствами, не отступая от своих специфических средств. В.Г. Белинский так охарактеризовал литературу: «И звук, и картина, и представление».

Почему же сегодня на уроке литературы так востребованы экранизации классики? Учителя литературы справедливо считают, что сравнение литературного образа и его интерпретации кинорежиссером развивает интеллектуальные навыки, речь, расширяет кругозор учащихся. Но популярны экранизации сегодня главным образом потому, что современному школьнику все труднее прочитать полностью, без сокращений литературный текст. И лишь очень мотивированные ребята «одолевают» «Преступление и наказание» Ф.Достоевского, не говоря уже о четырех томах «Войны и мира» Л.Толстого.

Популярность киноверсий у учащихся психологи объясняют преимуществом восприятия видеоряда перед массивом художественного текста. Более того, многотомные сочинения литературы будто бы «страшат» сегодняшнего подростка. Все больше ребят ограничиваются чтением так называемых кратких пересказов.

Поэтому учителю литературы ничего не остается, как применять киноверсии на своих уроках. Но педагог как никто другой понимает, что кино – это абсолютно другой вид искусства и приемы воздействия кино на зрителя совершенно иные, чем воздействия слова на сознание читателя.

Тем не менее, упускать такой мощный по силе воздействия ресурс, как кино, все-таки не стоит. Тем более, что Интегрированная образовательная программа по литературе предполагает сравнение художественного текста с другими видами искусства. В частности, киноверсии программных произведений литературы призваны помочь учащимся лучше понять конфликт произведения, образы героев, эпоху, в которой происходит действие. Но, конечно, главной, приоритетной, на уроке литературы остается работа с художественным текстом.

И здесь очень важно внушить учащимся, что герой книги – лицо вымышленное и ни в коем случае нельзя воспринимать его как реального человека. Автор с помощью определенных инструментов создал художественный текст, воссоздав эпоху, её духовные ценности, героев. Инструменты эти в литературоведении называются «художественные средства и приемы создания образа-персонажа». Автор оставил «шифр», и наша задача как читателей этот шифр разгадать.

Определение границ эпизода, его анализ, роль конкретного эпизода для понимания всего художественного текста – важные составляющие изучения каждого литературного произведения. Сравнение художественных средств изображения психологического состояния героя и киногероя в ключевом эпизоде позволит лучше понять образ, дать качественную характеристику. Изображая психологический портрет персонажа, автор описывает выражение глаз, мимику, жесты. Известно, что и речь героя – одно из важнейших средств характеристики, индивидуализации героя. После вдумчивого чтения художественного текста полезно посмотреть соответствующий фрагмент из кинофильма или телеспектакля. Актерское исполнение поможет учащемуся составить более четкое представление о герое, его характере, жизненных принципах.

Например, ключевыми эпизодами для определения конфликта произведения Ф.Достоевского «Преступление и наказание», по мнению литературоведов, являются встречи Раскольникова и Порфирия Петровича, психологическая «дуэль» противников. Для эффективного анализа эпизода художественного текста задаются вопросы: С помощью каких литературных приемов Ф. Достоевский изображает психологическое противостояние героев? Можно ли назвать их идейными противниками? Каково отношение автора к рассматриваемой проблеме? Какова роль данного эпизода во всем художественном произведении? Докажите примерами из текста.

Как же на уроке использовать кино эффективно, чтобы не просто заинтересовать ребят, а подтолкнуть к чтению, анализу и оценке всего художественного текста?

После просмотра киноэпизода, на наш взгляд, будут уместны вопросы: Как, по-вашему, совпадает ли трактовка режиссера

Л.Кулиджанова и игра актера Г.Тараторкина с позицией Ф.М.Достоевского? Охарактеризовать динамическую композицию эпизода (его экспозиция, завязка, кульминация, развязка) романа сравнить с соответствующим отрывком из кинофильма. Совпадают ли акценты, расставленные автором романа, с трактовкой кинорежиссера?

Учащемуся, чтобы ответить на вопрос, придется перечитать эпизод художественного текста и попытаться его проанализировать.

При изучении второй главы романа М.Булгакова «Мастер и Маргарита» читатель и кинозритель являются свидетелями конфликта других идейных противников – Понтия Пилата, жестокого прокуратора Иудеи, которого в народе называют чудовищем, и бродячего философа Иешуа, считающего, что «злых людей нет на свете». Очень важно сравнить внешние портреты, речь героев, проанализировать пространство эпизода, местоположение героев в этом пространстве. Познавательным будет в группах сделать графический рисунок, схему, в которой обозначить местонахождение героев, отметить окружающие предметы. Это поможет учащимся лучше понять, какая пропасть разделяет героев: социальный статус, нравственные ориентиры, душевное состояние, отношение к людям – нет людей более различных, чем эти двое. Каждая художественная деталь приблизит читателя к разгадке характеров героев. Нет ничего случайного. Как ласточка, залетевшая во дворец Ирода Великого, которая подчеркнёт одинаковую абсолютно несвободу обоих героев: и, казалось бы, могущественного прокуратора, и арестованного бродячего философа. Драматизация позволит составить более полное представление о героях. Когда проведена такая колоссальная работа над эпизодом художественного текста, рекомендуется посмотреть соответствующий фрагмент фильма. А как кинорежиссер организовал пространство? Каково местоположение героев? Как говорят актеры? Совпало ли Ваше представление о героях с трактовкой режиссера/актера? Ещё более интересным представляется сравнение эпизодов из двух киноверсий разных лет с литературным источником. Скажем, этот же эпизод допроса Иешуа в фильмах Ю. Кары и В Бортко. Какой Пилат, в исполнении К.Лаврова (режиссёр В.Бортко, 2005) или М. Ульянова (режиссер Ю.Кара, 1994), показался Вам убедительнее? Почему?

Игра какого актера, Н. Бурляева или С. Безрукова, на Ваш взгляд, более соответствует литературному образу Иешуа? Почему Вы так думаете?

При изучении драмы рекомендуется сравнивать текст со спектаклем, а не киноверсией драмы. Различия между театральной постановкой и киноверсией очевидны, поэтому следует осторожно подходить к сравнению текста драмы и кино. Тем более, что пространство и время, которые так существенны для понимания драмы, в кино могут претерпеть значительные изменения. Но игнорировать совсем киноверсии драмы мы не можем. Скажем, фильмы Э.Рязанова «Жестокий романс» и «Отпуск в сентябре» В.Мельникова - очень яркие интерпретации пьес А.Островского «Бесприданница» и А.Вампилова «Утиная охота», которые усиливают эмоциональность восприятия художественного текста старшеклассниками, помогут понять конфликт драмы, мотивы действующих лиц.

Анализируя эпизод встречи Ларисы и Паратова (Действие второе, явление восьмое), учащимся можно предложить посмотреть фрагменты из телевизионного фильма-спектакля К.Худякова «Бесприданница» 1974 года (в главных ролях Т.Доронина и В.Гафт) и художественного фильма Э.Рязанова «Жестокий романс» 1984 года (Л.Гузеева и Н.Михалков). Или сравнить финальную сцену в обеих экранизациях. Интересно, что актерские интерпретации совершенно различны, хотя экранизировалось одно и то же произведение. Притом, что оба режиссёра очень бережно отнеслись к тексту Островского. Очень интересно сравнить, как выстроена мизансцена. Думается, здесь не менее важно акцентировать внимание на актерской игре. Интонации, логические ударения, жесты, мимика. Какая интерпретация произвела большее впечатление? А которая, по вашему мнению, больше соответствует авторской позиции?

Т.Рыжкова, автор многочисленных статей об использовании кино на уроках литературы, считает, что анализ эпизода нужно начинать с выяснения того, что осталось за кадром, «чем вызвано купирование и можно ли согласиться с решением режиссёра». Действительно, по «выброшенному» режиссером тексту можно сделать вывод об его понимании замысла автора художественного произведения.

Многие подростки после просмотра фильма берутся за чтение книги. Так было после премьеры многосерийного фильма «Мастер и Маргарита» В. Бортко, когда с полок книжных магазинов были буквально «сметены» все экземпляры романа М.Булгакова. И если кино пробуждает интерес к чтению, это здорово. Тем более, что советско-российский кинематограф обладает прекрасной коллекцией экранизаций русской классической литературы, которую просто грех не использовать на уроках.

И все-таки главным на уроке литературы остается слово, и задача учителя-словесника (!) – научить считывать всю «информацию», хранящуюся в слове. Именно слово, язык как специфический, духовный, «материал» словесного искусства придает своеобразие самой литературе. Благодаря особому свойству динамичности язык отражает движение мысли и, тем самым, создает «инобытие» реального мира (В. Кожинов).

Использованная литература:

1. В.Г. Белинский, Эстетика и литературная критика в двух томах. Том I
2. М.А. Булгаков. Мастер и Маргарита. М.: «Милосердие», 1991.
3. Ф.М.Достоевский. Преступление и наказание. «Астрель», 2010
4. В.Кожинов. Как пишут стихи. О законах поэтического творчества. «Алгоритм», 2001
5. Т.Рыжкова. «Мастер и Маргарита»: роман и фильм на уроках литературы»

«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ДІЛДӘ БЕЙНЕСІ: ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЕШІМ»

Қ.Бажикеев.
оқытушы, магистр,
С.Ермеков
студент
Қарағанды экономикалық университеті
Қарағанды, Қазақстан
kurmet_enbek@mail.ru

В статье рассматривается образ Ділды из романа «Абай жолы» («Путь Абая»). Сравнивается с ее образом в жизни. Описывается с точки исторической реальности и художественного решения.

Ключевые слова: *роман-эпопея «Абай жолы», образ Дилды, исторический реальность, художественная реальность, социалистический реализм*

In the article character of Dilda is examined from a novel Abai zholy. It is compared to her character in eise, from the point of historical reality and artistic decision.

Keywords:*an epic roman Abai zholy, character of Dilda, historical reality, artistic reality, socialistic realism*

Өмір өзгеріп, таным-түйсігіміз, көзқарасымыз жаңа арнаға бет бұрған уақытта келіп жетті. Егемен еліміз өз тәуелсіздігін алып, саяси, экономикалық, рухани дамуында, оның ішінде қазақ әдебиетінде кеңестік дәуірдегі әдебиеттегі орын алған олқылықтарды өз орнына қойып жатыр. Ықылым заманнан бастау алған алған бай әдеби мұрамыз кеңестік кезеңде тоталитарлық режимнің тұсауына,советтік идеологияның бұғауына мойынсұнуына тура келген болатын. Ары-беріде өткен талай тарихи қаһармандарымыз осы бір тұста тар қалып, аядай шеңбердің ішінде қамалып, өз ұлтымен басқаша тұрғыда, өзгеше бейнеде қауышып жатты. Әлі күнге дейін бүгінгі ұрпақ танымында,біздің ойымызда әдеби қаһармандарымыз бейнесі сол дәуірде жазылған көркем шығармалар бойынша қалыптастып келеді. Ал шындығында қалай? Соцалистік реализм дейтін тар қалыпқа белгілеп берген әдебиетті, ұлттық қаһармандарымызды жарыққа шығарудың амалы тіпті қиындап кеткен болатын. Осындай «тар жол,тайғақ кешуде» бір-ақ жол бар еді. Ол тарихи шындықты көркемдік шындық арқылы бүркемелеу. Сол бүркемелеу арқылы ұзын арқан, кең тұсауда әдеби геройды жарыққа шығару мақсатында басты кейіпкер айналасындағы образдарды мүлде бөлек,өзгеше тұрпатты, соны кейіпте бейнелеу, және сол бейнелеуі бойынша шығармаларынан орын беру үрдісі қалыптасты. Яғни басты қаһарман жолында талайларды құрбандыққа шалу мәжбүрлігі туды. Осы арқылы ғана шығарма көпшілікке жол тауып, тарихи тұлғалар халқымен қауышып жатты. Бұл-лажысыздың,амалсыздың ісі болатын. Десекте көркемдік шындықты тарихи шындықтан бөліп алуды өте тапқыр әрі ұтымды пайдаланған жазушыларымыз да болды. Сондай

жазушылардың бірі ретінде ұлы суреткер М.Әуезовті де атауға болады. Дегенмен заңғар жазушының әйгілі «Абай жолы» романында да тарихи шындық пен көркемдік шындықтың алшақ кететін тұстары да көпшілікке белгілі. Біз бұл шағын мақаламызда «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Ділдә образы мен шынайы өмірдегі Ділдә бейнесінің ара жігін айқындап көрмекпіз. Ендеше, бірден тақырыбымызға ойыссақ.

Біз бұл баяндамамыз арқылы заңғар жазушы Әуезов шығармаларына сын айтудан,баға беруден аулақпыз. Тек тарихи шындық танымынан Ділдә бейнесіне баса назар аудармақпыз. Көк байрағы желбіреген қазақ елінің киесі, рухы, ұлттық кемеңгер, ұлы ақын, философ Абай данышпандығын танып-білуіміз осы романнан бастау алады десек, романда суреттелген қазақ тарихында өшпес, өлмес ана бейнесі болып енген Зере мен Ұлжан, ақын махаббаты мен сүйіспеншілігінің қайнар көзі, бастауы болған Тоғжан мен Әйгерім бейнелері терең де мәнді көрсетілген. Ал дана Абайдың адал жары бола білген Ділдә кім және роман-эпопеяда және өмірде қандай адам болған деген сауал тұрғысынан ой қозғап көрсек.

Абайдың бәйбішесі – Ділдә Жүсіпқызы. Руы-Қаракесек-Бошан-Таз-Бұлбұл-Шаншар. Шаншар бабамыздың Әйбике,Нұрбике деген әйелдері сонау XYII ғ. Ташкентті билеген қатаған Тұрсын ханның қыздары болса керек. Әйбикеден тараған ұрпақты-Әйбике Шаншар, Нұрбикеден- Нұрбике Шаншар деп атаған. Абайдың анасы Ұлжан осы Нұрбике шаншардың ұрпағы. Ал біз сөз етіп отырған Ділдә Айбикеден тарайды. Яғни Айбикенің төрт бегінің үлкені Келдібек, одан атақты Қаз дауысты Қазыбек, одан Тіленші би, одан Алшынбай би. Алшынбай биден Жүсіп мырза туады. Ал Ділдәнің 1844 жылы туғаны жайлы осы Жүсіп Алшынбаевтың архивінен табылған анкетасында көрсетілген.

Ендеше, бірден көзге түсетіні –Ділдәнің тектілігі. Арғы атасы қалың қазақты ауызына қаратқан Қазыбек би, бергі атасы Алшынбай бидің өзі болса, Ділдә әжеміздің тектілігінің қаншалық екендігі айтпаса да түсінікті. Ақылбайдың өз нағашылары туралы:

Нағашым Ер Қазыбек әулие өткен,
Пәниден уақыт жетіп ол да кеткен.
Сасқан жан жер түбінен «бабам» десе,
Әруағы күңіреніп келіп жеткен, - дегені бар [1]. Ақылбайдың ақыл-парасаты, ақындық қарымына тәнті болған Абайдың: «Ұлым-ау Қазыбек сенің ғана нағашың ба, менің де нағашым ғой» деуі де тегін емес болса керек. Осы тұста Ділдәнің әкесі Жүсіппен бір туған Бәпиден атақты әнші,сазгер Мәди Бәпиұлының туғанын атап өтсек, Ділдә тектілігінің тамырын одан әрі тереңдеткендей. «Абай жолы» романында «Оның ата-тегі бар Тобықты, бар Қарқаралы «қаракөк» деп атайды, Алшынбай белгілі би Тіленшінің баласы, қалыңдығы Ділдә тіпті бір үлкен, аскақ жердің қызы тәрізденді» делінеді. [2, 117]. Бұдан бөлекте де романда Ділдә бейнесі өте солғын, тек қысқа көріністер арқылы ғана сомдалады. Байшылдық, феодалдық дәуірді, ескілікті аңсау деп желеу таққан заманда Әуезовтың солай етуі де түсінікті еді. Бірақ сол шағын дүниелер арқылы да

Ділдә бейнесін танып-білмекпіз. Роман-эпопеяда: « Ділдәнің Абайдан екі жас үлкендігі болғанымен, әйгілі әулеттің қызы тым тәкаппар, өр көңілді, кесек сөйлеп, кергіп басады. Ал Тоғжанға деген маздақ сезім жүрегінде мәңгі жанған Абай Ділдәмен дәм-тұзы жарасқанымен, ол оның сүйіп алған жары емес еді. 15 жасында отау йесі атанған Абай тұңғышы Ақылбай дүниеге келгенде де өзін әке ретінде сезіне алмады» делінген [2, 145]. С.Жүнісовтың М.Әуезов дәрісінен айтылған естелігінде « Құнанбай бай-ауыл сыртындағы елдердің қыздарында әпереді. Бірі-жер, бірі-әкімшілік яки т.б мәселемен болып жатады. Осы құдалық, осы айттыру Абайдың басында да болып, Ділдәға үйленеді» дейді. Бұдан түсінгеніміз алысты аңдайтын, көреген әке Құнанбай қажы Абайдай ұлына лайықты жардың осы Ділдә боларын бұрыннан сезгендей-ақ. Қазақтың от ауызды, орақ тілді әділ билерінің соңғысы саналатын Алшынбайқызы Ділдә романда бірбеткей, тым тәкаппар Әйгерімге қарсы бейнеде сомдалып көрінгенімен, Ділдәнің солай етерліктей жөні бар десекте болады. Ақылына парасатына көркі сай Ділдә бейнесіне романның өзінде-ақ жауап даяр. «Майбасардың Ділдә ауылына барып қайтқанын ойлап, Абай ең алғаш рет өз қалыңдығы туралы құпия, бір ыстық сезімді сезгендей еді. Бармады. Бірақ көргісі келуші еді...Қандай екен? «Иегі ителгінің тамағындай» деп Майбасар суреттеген Абай көз алдына ителгі, қаршыға, тұйғын сияқты қырандардың сұлу мойындарын келтіріп, шынымен сондай нәзік, ақшыл тамақ, иектердің болатынын ойлады, бір бүгін емес мұның алдында бірнеше рет Ділдәнің жайын өзгеше бір толқынмен ойлаушы еді.» [2, 163]. Иә, айтқандай-ақ бұл Ділдәнің сұлулығына берілген баға. Бұдан тәкаппар Ділдәнің сұлулықтан кенде емес екендігі байқалады. Ендеше, аққудың асқақ кірпияздығындай сұлуда сырбаздықтың, кербездіктің болуы заңды құбылыс. «Қалыңдықтың отырысын, түсін Ербол айтқысы кеп еді. Ол өзі Ділдәнің ажарына қатты ырза Бірақ Абай айтқызбады» [2, 164]. Абайдың Ділдәні өз көзімен көруге деген ынтықтығы осы жайттан сезіледі. Абайдың ұрын келуінің соңына ала болатын оқиғада: «Қарлыңқырап шыққан дауыспен қалыңдық:-«ары жатшы»-деді Талай күннен бері сан ырымды жасап, мәпелеп, аялап келген екі жардың ең алғаш тіл қатысқаны осы еді. Қазірде Абай көңілі қандай салқын болса, Ділдә да сондай жалынсыз» [2, 171]. Бұл не қылған салқындық? Ынтыққан Абай көңілінің сууы неде? Кейінде М.Әуезовке айтқан бір сөзінде Ділдә: «Біздің ел (қаракесектер) Тобықтыдан мәдениетті, күшті ел болған соң, Абайды менсібеген едім алғашқыда» деуі бар. Демек бұл романдағы «Ал,еркем,күйеу қалай екен, ұнаттың ба?-дегенде,-Қайдан білейін, бір жуан қара ғой» деп қомсынғанына сай келіп тұр. Сонда бұл не қылған менсінбеушілік? Біздің ойымызша, бұл шын тектінің өзіндей бір тектіге берген жауабы. Қыран қыранды алыстан таниды десек, сен Құнанбайдың ұлы болсаң, мен Алшынбайдың қызымын деген өр көңілінен Ділдәнің тектілік тұрпатын біржола айқындағандаймыз. Бірақ романда қос текті атаның ұл-қызының осы жайы болашақтағы Абай-Әйгерім махаббатына апарар этюд ретінде я болмаса Ділдәнің Әйгерімге қарсы образ жайында танылуының бастамасы ретінде көрініс береді

Тектілігінің үстіне Ділдә Абай үшін жалпы Құнанбай әулеті үшін аяулы ана, асыл жар бола білді. Ел аузындағы әңгімелерден кейбір істерде Абайдың өзі Ділдәдан ақыл сұрағаны айтылады. Ал Абай мен Ділдә арасындағы салқындық сызы, алшақтық Абай Әйгерімге қосылған тұстағы роман сюжеттерінен білінеді. Романда Майбасардың: «Ділдә сенің жарың емес пе? Мені теріс айтты деп отырмысың?!»-дегеніне Абайдың: «Ділдәға менің керегім жоқ. Ол маған кек пен ызадан басқа көңілден ажыраған. Ол –балаларымның анасы. Жақсы анасы болса, жақын досым. Оған қанағат қылмаса, бетінен жарылқасын. Жолы болсын! Сөз осы-ақ»-дейтіні бар [2, 218]. Соншалық бір-ақ күнде Ділдәдан бас тартатындай ол нендей құдірет деген ой келеді. Бұл кертартпа кезеңдегі ұлы суреткер М.Әуезовтың Ділдә түгіл Абайдың өзі феодал ақын деп мінелген тұстағы «шаш ал десе бас ал» дейтіндерге көрсетілген жауабы тәрізді яғни Әуезов бұл тығырықтан тек Ділдә арқылы ғана жол таба алатын еді. Себебі бұл тұста бидің немересі, байдың қызы деп суреттелетін Ділдә бейнесі арқылы ғана Абайды жарыққа алып шығу мүмкін болатын. Рас Ділдәнің Абай мен Әйгерім махаббатына қарсы болуы, қызғануы, Әйгерімді кедей қызы деп менсінбеуі оған паңдықпен қарауы, Абайдың көбінеки Әйгерім отауында болуы тарихи шындық десекте, Абай өз балаларының анасы, сүйікті бәйбішесінен оңай бас тартады деу қисынсыз. Абайға өзінен өзгені тең көрмеуі Әйгерімді төмен санауы расымен болғанмен бұл жоғарыда аталған Ділдә тектілігінің бір белгісі іспетті. Әйтпесе кезінде 1864 жылы Абайдың Ділдәдан туған Әкімбай деген баласы 9 жасында қайтыс болғанда соған арнап шығарған жоқтауында Абайдың:

Ата – тегі мұндағы,
Орта жүздің ұлығы.
Ана тегі мұндағы,
Өзен судың тұнығы.
Екі асылдан қосылған,
Сом алтынның сынығы, - деуі көп нәрсені аңғартса керек [3]. Мұндағы «Ана тегі мұндағы, Өзен судың тұнығы» деуі Ділдә тектілігіне, ағын судай тазалығына Абай көзімен берілген баға. Романда Әйгерімге қарсылығы қатаң түрде бағамдалғанымен ата салтын ардақтаған асыл жар Ділдәнің Әйгерімнен туған Абайдың ұлы Тұрағұлды бауырына салып, «бай – онықі болса, бала менікі» деп еш бөгелместен жас нәрестені бауырына алуынан-ақ оның ізгі ниетін байқауға болады. Романдағы Әйгерім мен Ділдә теке тіресіне қарсы жауапта осы.

Романдағы біз білетін Ділдә он саусағынан өнер тамған Әйгерімдей сұлуға қарсы үй шаруасына олақ, аурушаң, тым нәзік сапада бейнеленеді. Ал шындығында Ділдәда бармағынан бал тамған, өнерлі һәм қолынан іс келетін жан болғаны анық.

Ақылбайдың:

Алшынбай одан туған орны басқа,
Ешбір жан сөз сөйлемес жүйрік қасқа.
Біреуді егер сұлтан қоям десе,
Теріс деп. бұза тартып шайқалмас та.

Одан соң мырза Жүсіп нағашы атам,
Сөзімді сөкпеңіздер болса қатам.
Арғы –бергі атасын түгел айтып,
Апама осы өленді тонға сатам,- дейтіні бар. Бұл өленнің айтылу себебі неде дегенге тоқталсақ: Ділдә он қара тоқтының терісін илеп, Шыңғыс тауының зердей жылтыр қызыл-сары қынасына бояп, адам қызығарлық тон тігіп болып отырса, оған көзі түскен Ақылбай: «Маған беріңіз» деп жата жармасады. Ал, Ділдә одан нағашыларын жырға қосуды айтады. Осы жерде Ділдә еңбекқор, ісмер әйел бейнесінде көрінеді. [3]. Халқымыздың «Өленшінің сөзі алтын, өнершінің қолы алтын» деген нақыл сөзі Ділдәға арналғандай, оның еңбекке, ісмерлікке ден қойғаны, бос отыруды сүймейтіндігіне дәлел осы. Осы сюжетті одан әрі өрбітсек: «Өзі шешем деп білмейтін Ақылбайды паң мінез Ділдә бауырына тартуды мін санады. Өзімнің бауыр балаларымның біріне берем, саған тон табылмай ма ары жүр»- деп тонды бермепті. Бұл жолдардан Ділдәнің табиғатындағы бірбеткейлік өрлігі байқалады. Ақылбайдың өленінен кейін Абай отырып: «Тонның құны жетерлік болды, Ділдә!»-деген сөзінен Ділдә көзіне жас алып Ақылбайды құшақтап, маңдайынан иіскеп, тәу етіп, тонды өз қолымен кигізеді. Бұл жолдардан Ділдәнің баласына деген ерекше махаббаты байқалады [3].

Асыл жар, ардақты бәйбіше, өнерлілігімен қатар Ділдә Абай балаларының анасы. Текті, аяулы Ұлжан ана тәрбиесін көрген Ділдә да ардақты ана бола білді. Абайдың Ділдәдан алты баласы болды: Ақылбай, Гүлбадан, Әбдірахман, Мағауия, Әкімбай. Романда: «Ділдәнің бар баласы рең жағынан Абайға тартпай шешеге тартып келеді. Бәріде ақшыл сарғыш»,-делінетін тұс бар. [2, 193]. Демек, ата қанынан бөлек ана сүтімен сан алуан қасиеттерді бойына дарытқан Ділдә балаларының Ділдәнің өзі сияқты болуы заңды еді. Ділдә апамыздан Абайдың өзі айтқандай «жақсы балалары» Ақылбай, Әбдірахман, Мағауия туды. Кезінде Ұлжан ана Абайдай ананы дүниеге әкелсе, Ділдә апамызда сол ұлылықтың жалғасындай етіп Абайға ақыл –парасатымен, көрік- келбетімен бірінен-бірі өткен балаларды сыйлағаны мәлім. Абай болашағына мол үміт күткен Әбдірахмандай ақылына өнері келіскен ұлы, Мағауиядай түріне мінезі қабысқан баласы, Ақылбайдай аңғал әрі ақылды перзенті бар Ділдә қандай бақытты ана десек, сондай Ділдәдай балаларының анасы бар Абай да бақытты әке, бақытты жар. «Абай жолындағы» Ділдәнің Әбдірахманға лайықты жар іздеуі, кезінде өзін Құнанбай қалай дәл таныса, Ділдә да Әбдірахмандай асылына Мағрипадай жарды лайық деп тануы, оны алып беруі өмірден ерте озған сүйікті Әбіші, ұлдары Мағауияны мәңгілік жоқтауынан оның қаншалықты қамқор, мейірбан ана, үлкен жүректі жан екендігін бағамдағандаймыз. Ақылбай, Әбіш, Мағауия Абай үшін тек төл перзенттері ғана емес, оның болшаққа жағылған нұрлы жұлдызы, асқақ арманы, сөнбес сәулесі Абай ақындығын арындатып, қалам қарымын қалыңдатқан, көзінің нұры, үміті, һәм шам-шырағы еді. Олар Абай салған сара жолды жалғастырушы, тектілігін тереңге жіберуші, Абайдың өнердегі

ізбасары әрі шәкірті, кемел келекшекке ұмтылған Абай нұрының шашылған шуақтары еді. Ал солардың басында шам-шырағы болған Ділдә бейнесі жарқырап көрінеді. Демек Ділдәні «ұлылықтың ұлы анасы» десек артық емес.

Сонымен қорытындылай келсек, Ділдә апамыз айбарына ақылы сай, аймаққа абыройлы бәйбіше, адал жар, ізетті келін, аяулы ана екендігі даусыз. Бүтін бір әулеттің ұйытқысына айналған қарт кейуана Абай қайтыс болғасын да бүтін Абай шаңырағына ие болып,бар Абай ұрпағын бауырына басып 1826 жылы дүниеден озған болатын. Қайым Мұхамедханов деректерінде1824 делінеді. Өмірден озғанына ғасыр жуықтаған текті әжемізге лайықты бағасын беретін кезде келіп жеткендей. Осы баяндама арқылы біз де ой қозғап көрдік. Десекте Абайдай данаға асыл жар болған Ділдә ананың өзіне лайық шын бағасын алатын күн де алыс емес. Ділдә Қарқабат пен Нүрилла, Зере мен Ұлжан, Айғаным сынды ардақты аналар қатарында көрінуге лайық бірден-бір тарихи тұлға.

Әдебиеттер

1. http//www.abai.kz. // З.Тайшыбай. «Абайдың нағашылары мен қайын жұрты».
2. Әуезов М. «Абай жолы» 1-4 том. Алматы: «Жеті жарғы», 1997.- 319 б.
3. «Қазақстан мектебі» журналы 1994 ж №2
4. «Жұлдыз» журналы. 1999. №5 // Ищағы Жағыпарқызы: Санамда жаңғырады бейнелерің.

Мазмұны

1.	**С.Б. Қуанышбаев**	Алғысөз.....	3
2.	**Ж.Ә. Аймұхамбет**	Қаһармандық эпос және миф: Кейіпкерлер жүйесі.....	4
3.	**К.Қ. Есіркепова**	Символдық мағынадағы ғаламның тілдік бейнесі.....	8
4.	**Қ.Қ. Сарекенова**	Қазақ тіліндегі көнерген тұрақты тіркестер…….....	14
5.	**Б.С. Қорғанбеков**	Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің әдеби-көркемдік мәні.....	19
6.	**D. Baidrakhmanov**	Some factors which enable and prevent Kazakh students at university……..	27
7.	**Ә. Әбділманатқызы**	Қазіргі әдебиеттанудағы құрылымдық талдау әдісі……..	34
8.	**З.Ш. Колдасбаева**	Языковая личность в лингво-дидактическом ракурсе коммуникативного образования…..……..	41

І СЕКЦИЯ

«Қазіргі әдебиеттану ғылымының теориялық-әдіснамалық мәселелері»

9.	**С. Ысқақұлы**	Қытай таяу заман қазақ әдебиетіндегі фольклорлық үлгі……...	47
10.	**А.Ф. Үтәев**	Хәҙерге башҡорт шиғриәтендә мөхәббәт лирикаһы…….....	53
11.	**Ф.А. Аккужина**	Обучение аннотированию …….....	58
12.	**А.С. Türikpenova Bilge Özkan Nalbant**	Kazak edebiyatının kurucusu Abay Kunanbayev'in Kara sözlerindeki (nasihatlar) felsefi düşünceler.....	62
13.	**Ж. Смағұлов**	Ұлттық әдебиеттану ғылымының Әдіснамалық мәселелері	68
14.	**С.Б. Жұмағұл**	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихының зерттелуі (1980 жылдардағы зерттеулер негізінде).....	76
15.	**А.Д. Әлтай**	Қазіргі айтыстағы көкейкесті мәселелер.....	83
16.	**Қ.М. Байтанасова**	Көркем мәтін архитектоникасы (Ғ.Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейне» хикаяты бойынша).....	87
17.	**Б.М. Айтбаева Ә.М. Мәуленова Б. М. Мәуленова**	Қазақ батырлық жырларындағы тілдік құралдар.....	92
18.	**С.Ш. Айтуғанова**	Өмір шындығы және көркемдік*(«Ай мен Айша» романы бойынша)*.....	96
19.	**Л.А. Серғазы**	Қазіргі қазақ тарихи трагедиясы.....	101

20.	**К.Т. Медеубаева**	С.Торайғыров шығармаларын Сыныптан тыс сабақтарда интербелсенді әдістермен оқытудың педагогикалық маңызы.....	110
21.	**Е.С. Касенов,**	Құлагер» поэмасының түпнұсқасы мен аударма тілінің көркемдігі.....	115
22.	**Ж.М. Искакова Н.Т.Тырнахан**	Ә.Тәжібаев шығармашылығы.....	120
23.	**Л.Н. Навий Д.К. Омарова**	Мектепке дейінгі мекемелердегі мультимедиялық бағдарламалар.....	126
24.	**А.О. Тоқсамбаева А. Е. Болесова**	Үш тілде білім беретін мектептерде Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік негіздері.....	130
25.	**Р.М. Мұқажанова А.Х. Қиықбаева**	Атамекендегі атом бомбасының зардабы хақындағы шығармалар.....	133
26.	**Н.Қ.Тлебалдина Е.А. Насыров**	Шерхан мұртазаның шығармашылық ғұмырнамасы	137
27.	**Ғ.Р.Акманова А. Альбекова**	Абай Шәкәрім идеяларының үндесуі.....	141
28.	**Ж.С. Сұлтанғалиева**	Ақын Б.Тәжібаев поэзиясындағы ел-жұрт, туған жер көріністері.....	146
29.	**Ш.А. Валиханов**	Баламер Сахариев Ғабиден Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романы туралы.....	152
30.	**А.К. Қалиев**	Жігіттің сұлтаны еді-ау Әбдіғапар немесе 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің ақиқаты.....	154
31.	**А.Е. Дүйсебекова**	Жоғары оқу орны студенттеріне балалар әдебиетін оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану.....	161
32.	**Ш.А. Шортанбаев**	Шернияз – ерлік пен елдіктің ұраншысы.	165
33.	**А.Б. Анасова Д.С. Сапанова**	Қазақ эпостарының тарихилығы.....	170
34.	**Қ. Бажикеев Р. Абдирова**	Тәуелсіздік кезеңі және Абай Құнанбаев мұрасының зерттелуі.....	174
35.	**Ә.Ж. Ұлықпанова**	Қ.Жұбанов зерттеулеріндегі фольклордың синкреттілік сипаты туралы ой-тұжырымдар	178
36.	**Г.К. Тәңірбергенова Ш.О. Құдасова**	Асқар Алтай – проза жанрының шебері...	183
37.	**Г.К .Тәңірбергенова Е.К. Ажбенов**	Ә.Тарази әңгімелеріндегі елтану және ұлттық мәселелер	187
38.	**С.О. Тәжіғалиева**	М.Мақатаевтің «Райымбек, Райымбек» поэмасының тарихилығы».....	192
39.	**Ж.Е. Есполова**	Creativity of james fenimore cooper in criticism.....	197

40.	**А.А. Абдуллина**	Ақанның ақындығы.....	200
41.	**А.А. Абдуллина**	Қазақ жоғын жоқтаған.....	205
42.	**К.М. Шакирова**	Қ.Сатыбалдин шығармасындағы суреттеу	209
43.	**Г.К. Айдарова**	Студенттердің өзіндік жұмысы арқылы кәсіби педагогикалық білімін қалыптастыру	213
44.	**Б.А. Таутина**	Жұмекен Нәжімеденов поэзиясындағы кейіптеу тәсілдерінің қолданылуы.....	217
45.	**Р.Е. Жандилдина** **Қ.Жылқыбаева**	Мектепке дейінгі баланың акыл-ойын дамытуда монтессори педагогикасының мүмкіндіктері.....	220
46.	**Б.Е. Бәйкен**	Балалардың танымдық ызығушылықтары арқылы құзырлылығын қалыптастыру.....	224
47.	**Р.К. Жунусова** **Ж.Мажен**	Мектепалды және кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек іс-әрекетін ұйымдастыру	229
48.	**А.А. Дуйсекова** **Г.Д. Ділдәбек**	Бастауыш сыныптардағы музыка сабағын оқытудың мүмкіндіктері.....	233
49.	**А.А.Муханбетжанова** **А. Бекетова**	Мектепке дейінгі балаларды М.Монтессоридің жүйесі арқылы саусақ бұлшықеттерін дамыту.....	237
50.	**Б.А. Елеусов** **Т.Б. Бошыбаев** **Ж.Б. Мырзалиева**	Жастар арасында толеранттылықты қалыптастырудың маңызы.....	240
51.	**Б.А. Елеусов** **А.Р. Ахмет** **Е.Б. Қанатбаев**	Қазақ жеріндегі сопылық ілім: қалыптасу, даму тарихы.....	246
52.	**С.Ж.Тәшімбаева** **М.Е.Қарасай**	Оралхан Бөкей повестеріндегі көркемдік ерекшеліктер.....	250
53.	**Л.Қ. Ормаханова** **Б.Қ. Арызғұлова**	Біртұтас педагогикалық үрдістегі талдап оқыту әдісінің ерекшелігі.....	254
54.	**Б. Жиенбаева**	Талдап оқытудың дидактикалық ерекшеліктері.....	258
55.	**Қ.Ә. Қарабаева**	Балалар фольклорындағы жұмбақ жанрының зерттелу тарихы.....	263
56.	**Ж.Ш. Мурзекенова** **Ж.Ж. Ахметова**	Ақтан жырларындағы көркемдік құрал-тәсілдер.....	269
57.	**Е.А. Әлимұханов**	Баланы еңбек дәстүрінде тәрбиелеудің маңызы.....	274
58.	**Г.Б. Қожантаева**	Қазіргі әдебиеттану теориясындағы ғылыми ағымдар.....	279
59.	**Г.К. Мұқатаева**	Көркем шығарманы талдау ерекшелігі	281
60.	**Б.Ж. Сағынтаев**	Ағытай ақын мұрасы жайында.....	286
61.	**Г.Н. Тасқалиева**	Ұлт жадындағы психолог ақын.....	292
62.	**А.С. Джаналиева** **Ш.Ф. Биккулов**	Образ портрета в романе О.Уайльда «Портрет Дориана Грея».....	295

63. Р.Р. Мусина **Ф.А. Аккужина**	Хәҙерге повестарҙа герой психологияһын һүрәтләү үҙенсәлектәре.	301
64. Б. К. Олжабаев **М.Р. Балтымова**	Әбіш Кекілбаевтың тарихи романдарындағы тұлға концепциясы.....	305
65. А. Тлеужан **Ә.Ж. Ұлықпанова**	Жүрсін Ерман – айтыс өнерінің арна басында (ұлттық төл өнер хақында).....	309
66. А.Б. Анасова **Б.Б. Есенғазина**	Қобыланды батыр жырының тарихи негіздері.....	312
67. А.М.Кабенова	Эффективное использование экранизаций на уроке литературы.....	315
68. Қ. Бажикеев. **С. Ермеков**	«Абай жолы» роман эпопеясындағы Ділдә бейнесі: тарихи шындық және көркемдік шешім».....	319

«ҚАЗІРГІ ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР»
халықаралық қатысуымен республикалық
ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
I бөлім

23 ақпан 2017 жыл

МАТЕРИАЛЫ
республиканской научно-практической конференции
с международным участием
«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННЫХ ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ»
I часть

23 февраля 2017 года

Компьютерлік беттеу: Г.Қ. Төлебаева
Басуға 22.02.2017 қол қойылды. Гарнитура Times New Roman
Пішіні 29,7х21½. Көлемі 20,76 ш.б.т
Таралымы 100 дана. Тапсырыс №1010

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының
редакциялық-баспа бөлімі

110300, Арқалық қаласы
Әуелбеков көшесі, 17
e-mail: arkgpi@mail.ru